Мажжан ЖУМАБАЕВ

энциклопедия

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Алматы
2018

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Бас редакторы

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ

Редакциялық алқа мүшелері:

Жабайхан ӘБДІЛДИН
Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ
Серік НЕГИМОВ
Бекет ТҰРҒАРАЕВ
Абай ТАСБОЛАТОВ
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ
Рашид КАРЕНОВ
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ
Кәрібай МҰСЫРМАН
Гүлтас ҚҰРМАНБАЙ
Сабыр ҚАСЫМОВ
Раушан КӨШЕНОВА
Серікқазы ҚОРАБАЙ
Ақмарал ИБРАЕВА
Жаксыбай САМРАТ
Ербақыт АМАНТАЙ
Нұргүл ОҚАШЕВА

ӘОЖ 821.512.122.(35)
КБЖ 83.3.(5қаз)я2
М12

М12 МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ. – (Бас ред. Ж. Сүлейменов). – Алматы, «Асыл кітап» баспасы, 2018. – 486 бет + 44 бет түрлі жапсырма.

ISBN 978-601-7962-03-6

Энциклопедия парасат-пайымы, ой-санасы бүкіл түркі әлеміне нұрын шашқан ұлтымыздың ұлы ақыны, ірі қоғам қайраткері Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың (1893 – 1938) өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған. Басылымда ақынның өскен ортасына, артына қалдырған әдеби-мәдени мұрасына, қоғамдық қызметіне қатысты деректер кеңінен қамтылған.

559295

ӘОЖ 821.512.122.(35)
КБЖ 83.3.(5қаз)я2

ISBN 978-601-7962-03-6

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

© Ж. Сүлейменов, 2018
© «Асыл кітап» баспасы, 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Төрткіл дүниедегі кай халықтың болмасын, әдебиеті мен өнері сол жұрттың мәдениетінің кайнары, тереңге бойлаған рухани тамыры екені акикат. Осынау мәдениетті ұлттың ұлы тұлғалары калыптастырып, айналасындағы ірілі-ұсакты арналарды өзіне тартып жататын шалкар дария тәрізденеді. Ойшылдар, ғұламалар мен кемеңгерлер ұлттық өзектен тамыр тартса да, бүкілғаламдық өркениетке барып косылады.

Ағылшындар үшін Шекспир мен Байрон, немістерге – Гете мен Гейне, италиялыктарға – Данте, үндістерге – Тагор, орыстарға Пушкин мен Лермонтов каншалыкты ардакты болса, казак әдебиетін Абай мен Мағжансыз көзге елестету мүмкін емес. Бұлардың бәрі де өз ұлтының ғаламдағы жаратылысын, рухани танымы мен тұлғасын тұтастырып тұрған, мысалы, бір асыл заттың касиетін танытатын айрыкша белгілері іспетті.

Абай мен Мағжанды каншалыкты зеректілікпен зейіндеп танитын болсак, біз соншалыкты дәрежеде өз ұлтымыздың ұлылығына бойлай түсеміз. Тереңге үнілмей тұрып, тұңғыктың сырын аңдау мүмкін емес. Оны аңдататын құдірет – көркемсөз. Осынау рухани байлык аркылы алдымен Абай, одан соң Мағжан ұлтымызға ұлағат дарытып, екеуі де өздері ғұмыр кешкен заманнан асып, болашакка бойлап кетті. Бұл орайда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толкынында» кітабында «Құрманғазының ғажайып күйлері, Мағжанның мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың эпикалык көркем прозасы, Шоканның барша әлемді таңғалдырған жаңалыктары, ұлы Абайдың философиялык толғаулары ынта-ыкылас койған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анык» деген даналык лебізі, жастарды ұлтымыздың бағына жаралған толағай тұлғалардың мұраларын терең игеруге шакыруы осы біз айтып өткен ойды накпа-нак түйіндейді.

Адамның бойынан жанның сәулесін іздеп, соның жоғына кынжылған, барына куанған акын ғана өзінің жырынан өзіне жан рахатын табады. Ол сол сәулемен рухтанады. «Мағжан – рухшыл акын» дейтіндер, тегінде, бұл лебізді осыған сүйеніп айтса керек. Рухшылдык – романтик ұғымын білдірсе, дүниенің шындығын лирикалык күш-куатпен суреттеуге пәрменінің жететіндігі емес пе? Бұл ретте Мағжан шығармашылығына ең әуелгі баға бергендердің бірі Мұхтар Әуезов Мағжанның сөзінің болашакка анык жететіндігін,

өз елерінікі күмәнді екендігін (солардың ішінде ол өзін де айтады) тілге тиек етсе, көркемсөздің шебері, прозадағы лирик Жүсіпбек Аймауытов « ...ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылыкка, жауынгерлікке карсы, күншығысшыл акын» деген шынайы толғанысын танытады.

Ұлылар тәнімен ғасырлар бойы ғұмыр жасамаса да, олардың жаны мәңгілік. Қандай бір замандарда тірлік кешпесін, ұлыларға неше түрлі киястыктар карсы тұрған, соншалыкты пәрменде киянат жасалған. Алайда, тарихтың өзі оларды тағдырдың талапайынан аман-есен алып шығып, атак-даңкын халкына кайтарып беріп отырған. Тумысында таптың акыны емес, ұлттың акыны болып жаратылған Мағжан ой-пайымын орак пен балғадан жоғары ұстап, өзі бнікке, мәселен, ғаламдык мәдениетке өзге кандай да бір калам ұстағандардан озык көтеріліп кеткені үшін оның канатын кесу колға алынды. Соны өзі сезген ұлы акын ең киналған тұстарында тірі ғұмыр кеше жүріп, «жанпида» жырлар жазды. «Мені де, өлім, әлдиле», «Жан сөзі», «Мен жастарға сенемін», «Ләззат кайда?», «Зар», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Қараңғы дауылды түн», «Бостандык», «Түркістан», тағы да көптеген өлендері ұлт болашағы, өз ұлтының тап болған күні, оны буындырып отырған темір құрсаудың пәрмені, бұл пәрменді бұзып-киратып, кыспактан шығарар күштің әлсіздігі руханн жырларының аркауына айналып кеткен.

Мағжан толғампаз акын екенін, оның әр толғанысы ұлттың келешегіне көңіл көзін салудан туатынын жыр тұлпарымен катар ғұмыр кешкен тұстастары аңдамай, аңғармай калған жок. Айыбы – олар Мағжанша толғана алмады. Оған өрелері мен дәрмендері жетпеді. Қызғаныш оты осыдан лаулады. Мағжанға тағылған кінәнің зоры – осы қызғаныш. Содан соң оған «түрікшіл», «ұлтшыл» деген айыптар тағылды. Ал, керісінше, Мағжанның «түрікшілдігі» мен «ұлтшылдығы» оған – әдебиет әлемінде орнатылатын мәңгілік ескерткіштің іргетасы болып шыкты.

Ұлы акын жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын атап енгеннен-ак өзімен бірге ұлтымыздың тарихын ерте келді. Гүндерді, Еділді, Тұранды, Түркістанды, ер түрікті, Аксак Темірді, Абылайды, Кенесарыны ұлттың жүрегіне дарытпак болды. Оның «Батыр Баян» дастаны аркылы Абылайдың колбасшыларының бірі кайта жаңғыртылды. Тіпті, әдеби кейіпкердің тарихи тұлғаға айналып кетуінің мысалын іздесек, оған батыр Баян айғак бола алады. Әдебиет тарихында ұлы каламгерлердің туындысы жүздеген тарихшылардың тірнектеп жинаған деректерінен әлдекайда асып түсетінінің айғағы да – осы Мағжан сомдаған Баян батыр.

Таптык идеологиядан кашык жүргендер мұны жүректеріне кондырды. Міне, солар Мағжан атын мәңгілік етуге жол салды.

Біз жоғарыда айтканымыздай, ұлы тұлғалардың жаны – мәңгілік. Акынның өзі сенген жастардың көңілі – ояу, көкірегі – сергек, жүрегі нұрлы болып шыкты. Акынды тәуелсіздік заманы тарихтың кыртысынан аршып алды.

Мағжанды «Жоғалтып тындық, көзін құрттық, келмеске жібердік» дегендер жаңылды. Бүгінгі таңда біз ұлы ақынымызды өміріміздің бір зор өлшеміне айналдырдық. Мәселен, «Осы бір ісімізге Мағжан не дер еді?!» дегендей рухани пайым пайда болды. Оның ән-жырымен әлдиленіп аяқ баскан бөбек қана емес, бозбала, жас азамат жетерлік. Ұрпақтары ақынды аялау үстінде. Қазақтың мәңгілік мекені – Ұлы Дала ғана емес, оның кіндік каны тамған топырағы – біздің Солтүстік өніріміз ақын акталғаннан бері каншама зор істерді тындырды десенізші?! Бүгінде оның алтын бесігі – Сарытомар мен «Сасыккөл» Лев Толстойдың «Ясная полянасынан» кем емес. Атын ауданға берді. Оның іңгәләп өмір босағасын аттаған жерінде мұражай шаңырақ көтерді. Аудан орталығында өзінің де, әдеби кейіпкері Баян батырдың да ескерткіштері тұғырға конды.

Өзі окытушылық кызмет атқарған Қызылжардағы гуманитарлық колледж ақынның есімімен аталады. Өнірдің бас каласындағы ең лайықты әрі орталықтағы көшелердің бірі ақынның атымен аталынып, күннен-күнге көркейе түсуде және оның өзі сенген жастар көп жүретін сол орамда ескерткіші ашылып, жыл сайын ақынның туған күніне арналған мүшәйралар өткізілетін касиетті орынға айналды.

Сол сиякты, каламыздың конактарын алдымен карсы алатын вокзал алаңына ақынның есімі беріліп, көз тартатын орынға айналды әрі осында Мағжанның тамаша ескерткіші ашылып, осы салтанатка Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев катысты.

Туыстарының нұскауымен Петропавлдың көне корымынан ақынның әкесі Бекен кажы мен анасы Гүлсімнің зираттары табылып, бастарына мәрмар тастан құлпытастар койылып, коршалды, маңына гүлзар егілді.

2011 жылы тұңғыш рет Қызылжарда Мағжан жырларының республикалық бірінші фестивалі өткізіліп, ақынның ізбасарлары және өнер жұлдыздары сынға түскен еді. Биылғы осындай фестиваль ақынның туғанына 125 жыл толуына арналып өткізілмек. Онда кең-байтак еліміздің жыр жампоздары өнер сайысына түседі. Бұл үрдіс, біздің рухани калауымызға айналып кеткен дәстүр үзілмейтініне, мазмұнын кеңейтіп, жаңаша бейнелермен түрленіп, аумағы жайылып, жалғаса беретініне сеніміміз зор.

Мағжанды тануға, оның мұрасын зерделеуге деген құлшыныс зор. Ол академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазакстан мемлекеттік университетінде «Мағжан Жұмабаев шығармашылығының әлемдік әдеби үдерістегі алатын орны» деген такырыпта өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында да анык анғарылды. Осы жиында тоғыскан Қызылжар жұртшылығы мен алыстан келген меймандар Мағжан шығармаларының көркемдік кырлары, казіргі казак поэзиясына тигізген әсері туралы байсалды талдаулар мен тың тұжырымдарын ортаға салды. Алаш кайраткерлерінің ұлт бакыты мен азаттығы үшін күрес тарихын тебірене толғады.

Ұлт мактанышына айналған ұлы ақынның шығармашылығын насихатта-

уда осыдан он бір жыл бұрын алғашқы саны жарық көрген «Мағжан» әдеби-көркем қоғамдық саяси журналының да зор маңызға ие болып отырғанын айту біз үшін зор сүйініш.

Ұлы ақынның туғанына 120 жыл толуы қарсанында да ел көлемінде көптеген шаралар жүзеге асырылды. Солардың кейбірін тілге тиек етсек, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2013 жылғы 28 мамырдан бастап нейзильбер қоспасынан жасалған номиналдық құны 50 теңгелік М.Жұмабаевтың 120 жылдығына арналған ескерткіш монетаны айналыска шығарды. Осындай шаралар биыл да қолға алынып отыр. Сол сияқты, солтүстікказақстандықтар «Тұран-фильм» студиясы түсірген аяулы жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың өмірін, шығармашылығын, азаматтық ұстанымын бейнелейтін кинотуындыны да жылы қабылдады. Фильмнің сценарий авторы әрі режиссері Марат Қоныров бастаған шығармашылық топ Қызылжарға арнайы келіп, қойылымның тұсаукесеріне қатысты.

Оқу орындарында жыл сайын «Мағжан оқулары» өтуі дәстүрге айналған. Бұл сайыстарда қазақ жастары мен бірге өзге ұлттардың өкілдері де Мағжан өлеңдерін оқуда көзге түсіп жүр.

Тоқсан ауыз сөзді түйіндей келгенде, бүгіндері қай ұлттың азаматы болмасын: «Бұл – Мағжан!» деп жаңылмай, жатырқамай айтатын заман орнықты. Мағжан өзінің әдебиеттегі Пайғамбар екендігін мойындатты. Ол келді. Оның:

«Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар!» – дегеніне бас ұмеске лажымыз жоқ.

Алдағы уақытта да «Ұлылар мекені» атанған өніріміздің мәдени-рухани құндылықтары мен ұлы дәстүрлерін сақтап қана қоймай, одан әрі дамытуға күш саламыз, жыр пайғамбары атанған ұлы жерлесіміздің бай мұрасын кеңінен насихаттау ісін жүйелі түрде жалғастырмақшымыз. Соның бір айғағы – бүгін қолдарыңызға тиіп отырған «Мағжан Жұмабаев» энциклопедиясы.

Бұл бағытта атқарылып жатқан және алдағы уақытқа белгіленген шаралардың бәрі де жүзден астам ұлт пен ұлыстар өкілдері ғасырлар бойы ынтымақтаса өмір сүріп жатқан облысымыздағы қоғамдық бірлікті одан әрі нығайта түсуді көздейді.

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Ташкенттегі қазақ студенттеріне өтілген баяндама

Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз, толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек.

Кеңінен толғамай, шұғылдан істелген жұмыс өнсіз, үстіртін болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, нокатын, тәститін қалдырмай тәптіштеп карап шығуға көп уакыт, көп дерек (материал) керек. Акынның акындығын үстінен карап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу (изучать ету) керек. Бұл жағынан да емін-еркін бола алмадық.

Мағжанды тексергендегі тағы бір киыншылык мынау: кандай өнерпазды, акынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен карап, баға беру – шетін нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жаксылардың кадірін жұрт өлген соң біледі. «Алтынның колда барда кадірі жок» дегендей, замандастар, тұстастар әділ болу киын, өйткені не заманнан каймығады, акынды заман өлшеуішімен өлшейді: сыншылардың көбі не акынды жактаушылар, не жамандаушылар, не быксыған күншілдер, не сол акынды ат кылып мініп алып, әбүйір-атак іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін. Біз де сол көптің біріміз. Не заманға күйлеп, не баска бір максатпен бір жағынан ағып өтіп жүрсек, ғажап емес. Міне, сондыктан біз бұл баяндамамызда Мағжанның бар табысын толық тексеріп, жете сынап, ұшығына шыға алмаймыз (таза зерттеу үшін баяндама жетпейді, аз болса калыңдығы бір елі кітап жазу керек болады). Бұл баяндаманы Мағжан сөздері туралы азды-көпті көңілге перне түсіріп, пікір алысу деп карау керек.

Әйтсе де, мұндай баяндамалар пайдасыз да болмайды. Орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды акындары бар заманда атакты социалистический сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жок деп кайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге косатын атты жаратып, құйрык-жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе, әдебиетті сынау біз сыкылды жұртка керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жок, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы каткан жок, әдебиетті тәрбі-

елей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз санатқа қосылады.

Мағжанның өлеңдерін аса құнттап, бұлдап, шарыққа шығаратын мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қыскасы, Мағжанның қасы да, досы да бар; мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр? Оны тексеру біздің максатымызда жоқ. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде біз ғылымның жолын тұтынуымыз керек. Мәдениетті жұрттар жазушыларын, ақындарын қай жолмен тексеріп сынаса, біз де сол жолды қолдануымыз керек.

Ғылым жолы да әртүрлі:

«Дүниені рух билейді, тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі – рух идея (пікір) жүру керек; дене, зат (материя) – рух пен идеяның құлы» дейтін идеализм жолы бар. Бұл – Гегельдің жолы. Гегельдің жолын қолдансақ, жеке адамды өлгенше дәріптейміз, әлеуметтен де басшыға артық мағына береміз, ақын, ілім, өнер не тілесін, не шығарсын, әлеуметті теріс жолға бастасын, олай жазбадың, бұлай жаздың деп мін таға алмайтын боламыз, ендеше, ол жолды біз тұтына алмаймыз.

Біздің ақынды тексергенде карайтын тұрғымыз: идеализм емес, материализм, марксизм мұнарасы болу керек. Өмірге, тұрмыска, шындыкка қабысатын тура жол – Марксты жолы. Бүгінде Марксты жолын, белін басып, Гегельдің етегінен ұстай алмаймыз. Егер олай етпекші болсак, онымыз не желөкпелік, не болмаса тарпандык болып шығар еді.

МАРКС НЕ ДЕЙДІ?

Бәрінізге мәлім: «Сананы, пікірді тұрмыс билейді» дейді. Бұрынғылардың «тұрмысты сана билейді» деген пікірін Маркс мансұк еткен. Марксше кандай адам болсын, мейлі аскан данышпан, мейлі терең ғалым, мейлі көмейі жок ақын – бәрі де өз заманындағы әлеумет катынастың, өз табының жемісі, өз ортасының ұлы болу керек. Әлеумет әсері тимейтін, әлеуметтен құрык алып шығып кететін ешбір адам болмак емес. Олай болса, ол заманның ақыны сол замандағы әлеуметтік тұрмысы мен әдет-ғұрпымен, максатымен, рухымен, салт-санасымен суарылып, әлеуметімен біте қайнап өсіп шыкпакшы.

Ақын кандай әлеумет ортасында туып, кандай ортада жүріп, тәрбие алды? Кандай тұкымнан, кандай таптан жаралды? Оның пікірі де сол әлеуметтік құрылысына байланысты. Әлеумет құрылысының негізі не? Негізі – адамның тіршілік ететін кәсібі, шаруа түрі. Шаруа түрі деген сөзді түсінікті кылып айтсак, бір әлеумет аншылыкпен, екіншісі бакташылыкпен, үшіншілер диканшылыкпен, төртіншілер фабрик-зауыт кәсібімен күнелтеді, міне, шаруа түрі деп осыны айтамыз. Әрине, бір жұрттың шаруа түрі түгелімен бір-ак түрде бола бермейді, кейде мал бағумен, егін салу аралас; кейде егіншілікпен өндіру кәсібі аралас болатын жұрттар бар. Бірак әлеуметтік шаруа түрі деген

де көпшіліктің кәсібін еске алу керек. Мәселен, Ресейді диканшы мемлекет десек, казакты мал бағушы халық деп айтамыз. Адамның пікірі кай уакытта өзгереді? Әлеумет құрылысы, әлеумет ортасы өзгерсе. Сонда әлеумет ортасы кашан өзгереді? Әлеуметтік шаруа түрі, күнелту кәсібі жана калыпка түскенде өзгереді. Мәселен, казактың шаруа түрі – мал бағудан шығып диканшылыкка, не кен карау, фабрик, зауыт кәсібіне айналса, казактың бүгінгі әдет-ғұрпы, салт-санасы мүлде өзгеріп кетеді.

Шаруаның билемейтіні жок. Әлеумет ішіндегі адамдардың өзара катынасы да содан туады. Әлеумет түгіл, үй ішінің де, ерлі-зайыпты адамдардың тұрмыс-жайы да шаруаға тіреледі. Шаруа түрі ел билеу жұмысына да, саясат құрылысына да ыкпал жүргізеді. Дінді, дүниені калай ұғыну, өнерлі, ғылымды болу-болмау, салт-сана түрі – бәрінің бас нетін кожасы – шаруа.

Олай болса, әр адамның, әр акынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші нәсіліне (тұкымына) байлаулы. Акын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұнын жоктамаска, тілегін орындамаска әдді жок.

Өзгелерден гөрі әлеуметтік мұнын баса жоктайтын акын болуы керек, өйткені акын – карапайым тырна катар топас мүшесі емес, өзгелерден сак құлакты, сезгіш жүректі, сара акылды, өткір киялды мүше. Акын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламаганын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының катарга кіріп ержеткені, кейін калып, кер кеткені өзгеден гөрі акынга артығырак батады, акынның жүрегі өзгеден гөрі көбірек толкиды, көбірек толганады. Өзгелер салкын канмен карайтын нәрсеге акын күйіп-пісіп калады.

Көл корыган кызгыштай, «Ел камын жеген Едіге-мысып» акын куә болып жүргені. Күшті акын – әлеуметінің тіл камшысы, сайламаса да табиғатымен сайланып шыгарылган уәкілі, мұнын-зарын айткызатын елшісі. Өз әлеуметін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті акындардың әсері тиген, әлі де тимекші.

Луначарский айтады: «Юнан жұртында «Солонның» данышпан атағы шыккандығы халыкка жағымды заң шығарғандығымен де емес, күшті элегия – поэма жазып жұртка әсер берген акындығымен еді», – дейді. Акынды пайғамбарга теңеген сөз ежелгі Рум жұртынан калган. Акындар өздерін пайғамбарга, періштеге, әділ казыга теңеп сөйлесе, онысында шындык жок, бекер деуге болмайды, бір шакадай болса да шындык бар.

Акын бір жағынан өз табының, әлеуметінің жогын жоктап, мүддесін көксеп жүрсе, екінші жактан оның бір артыкшылығы өзгеден тәжірибешілдігінде, өзгеден өмірді анык, жете білуінде.

Өзі өмірді анык, жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, каранғыны жарык, бұлдырды ашык көрсете алмаган акын – акын емес. Сондыктан акын жалғыз ғана таптың пайдасын көздеп, сойылын соға бермейді, өмірді анык танып, кемшілікті түгел көріп тұрган соң акын кейіде тап көлемінен шығып, жал-

пы шындыкка, жалпы адам баласының камына да құлаш ұрып кетеді. Кейде көңілдегі ойы шыкпай, баска нәрселерге де көшіп кетеді.

Луначарский айтады: «Акын бірнеше таптың, бірнеше топтардың елегінде болуы мүмкін. Акын тетігі көп машина тәрізді. Тургеневті аксүйектердің акыны, солардың уәкілі деуге бола ма? Болмайды. Тургеневтің тұсындағы барып тұрған аксүйектер адам құлданып, құлдың еңбегін жеп, дәурен сүргенді дұрыс деп білетін еді. Тургенев мұжыкты құлдануға карсы болды. Ол туысы аксүйек болса да, еркіндікті сүйетін аксүйек еді. Акынның кім екенін ұғу үшін оның шығармаларын тексеріп, зерттеу керек. Зерттесек кейде бір тап емес, әлденеше таптың мүддесін көксеген акындарды да табамыз.

Нағыз сырлы әдебиет бар. Мәселен, Лермонтовты, Шекспирді алсак, олар бір белгілі үгіт айткан ба? Таптың жырын жырлаған ба? Жок, оларға сырлы, көркемсөз шығару, айкын перне түсіру мақсұт болған. Олар бір әдемі суретті, болмаса адамда болатын бір сезімді, болмаса белгілі адамдардың жанында болған тартысты алады да княлына келген нәрсені суреттейді».

Міне, акынға тарайтын Маркстың, марксшілдердің көзі осы. Акынның пікірі, акынның сөзі әлеуметіне байлаулы. Акын әлеуметтің жасап шығарған құралы болса, Мағжан да өз әлеуметінің ұлы екен гой. Мағжанды жасап шығарған әлеумет кандай? Соны кыскаша шолып өтейік.

Бәрімізге белгілі, Мағжанның туып-өскен, тәрбие алған әлеуметі – казак. Мағжан тұсындағы казактың әлеумет құрылысы калай еді? Ата, анаға, руға бөлініп, руды аксакал би, болыс, тілмаш билеген, орысша айтсак, «патриархат» құрылыс еді. Арғы заманда казак еркін жүріп, ен жайлап, өзінен шыккан хандары, батырлары, билері, шешендері болып, онда да бір кісінің аузына карауды әдет кылды. Жан-жағынан жау кысып, ішінен ала ауыздык шығып, казак берекеден айрылып орыска карады. Орыска бағынгапмен де казактың бұрынғы әлеумет калпы өзгере койған жок, әлі де хандардын, билердің аталы ауылдың тұкымы билейтін болды. Солар – дуан бас, солар – советник, солар – казы, солар болыс, би болды. Олардың «ак дегені – алғыс, кара дегені – карғыс», карсы келер, бас көтерер жан болған жок. Қарабұкара, кедей сөзге, катарға алынған жок. Әлеуметшілік, жұртшылык деген нәрсе болған жок. Елдің тағдырын ру басылар, аксакалдар, болыстар кесіп-пішті. Әлеумет құрылысы өзгерген жок: казактың кәсібі, шаруа түрі мал бағу болса, әлі де мал бағуда келе жатты. Кәсібі мал баккан, әлеуметі ру басыға бағынған жұртка тап жігі, байлар, кедейлер табы деген нәрсе ашык болмайды.

Міне, Мағжанның туып-өскен ортасы, ұяда көргені осы.

Мағжан бала кезінде ел ішінде есейген соң шетке барып, Үпідегі (Уфа ред.) татар медресесі «Ғалияда» окыды. Міне, Мағжанның екінші тәрбие-тәлім алған дүкені. Медресе «Ғалияның» окытушылары Мысырдан, Ыстамбұлдан окып шыккан татар зиялылары болған. Өздері ислам бұлағынан су ішіп, мұсылманшылдык, түркішілдікпен уланған татар окытушылары шәкірттерін де сол рухпен тәрбиеледі. Ұлтшылдык, түрікшілдік, кала берсе исламшылдык

туын көтеріп, медресе «Ғалия» өз заманында қазақ, татар, башқұрт, уақ ұлттардың жасына недәуір сезім кіргізді. Россия қол астындағы түркі баласын оятып, жауыз патшаның арамза саясатына қарсы тұрғызбақ болды. Бұратана атанған уақ ұлттарға ондай сезім, ондай ояным, әрине, тұрмыстың туғызған нәрсесі еді. Патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты кімнің болса да аркасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер таратты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орыска бас иігізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау (штат) деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырды, кыркыстырды. Полиция, стражник, урядник, казак-орыстың камшысы казак даласын жайлады. Қазақтың бұрынғы елдегі берекесі кетті, партияға кіруге, азуға, тозуға айналды; ұлыкка жағынып, шен алуға, кектескен жауын мұкатуға ел билеген жуандардың аяған құралы болған жок. Өтірік, өсек, шағым, ұрлық-зомбылық, айдату, байлату кабындады. Партияның оң көзі боламын деген соғылғандар тыншылыкка жазылып, елдікті, жұрттыкты шен-шекпенге сатты. Қазақтың басына туған осындай кара күндерді көзі каракты азамат көрмеске, сезбеске, кайғырмаска болмады; көрді, кынжылды, жанға баткан соң ашынды, ұлт сезімі ояна бастады.

1905 жылғы өзгерістен былай казактың камын ойламаймын деген азаматтар ұлт мұнын сөйлеп, ұлт мәселесін колға ала бастады.

Ол өзгерістің арты государственный думаға уәкіл жіберуді шығарды. Қазак азаматтарының бас косуына, мұнын сөйлеуіне аз да болса еркіндік берілді. Қазак баласын окуға беруі көбейді, казактың баспасөзі, газет, журналдары шыға бастады. Казактың «жаксы» боламын деген жасы ұлтшылдык сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да косылады.

Медресе «Ғалиядан» шыккан соң Мағжан орыстың учительский семинариясында окиды. Бұл 12-13-ші жылдың шамасы болса керек. Ол орыстың әдебиетімен танысып, солардан үлгі ала бастады. Ол кездегі орыстың әлеумет құрылысы, ескі аксүйектер дәуірі шөгіп, капиталистер дәуірі үстемдей бастаған дәуір еді. Көпшілік құл есебінде саналып, өмірге жеке адам кожалык еткен заман еді. Орыстың жаксы деген зиялылары патша өкіметіне карсы болып, кара бұкараны жактап, «бұкарашылык» туын көтерген шак еді. Капиталға негізделген әлеуметте кім пысык, кім купакы, кім өнерлі, кәсіпшіл болып сауда кылса, фабрик, зауыт жүргізсе, жердің жүзін шарлап, ысылып, көпті көрсе, сол кара бұкарадан мойны аскан үздік болып саналған. Сауда капиталының дәуірлеу себебінен Колумб Американы тапкан, сауда капиталы математика ғылымын күшейткен. Сауда мәдениеттің, пәннің, әдістің, «техникалык» өркендеуіне Архимедтің бакканы тәрізді ыкпал жүргізген. Саудагердің алапаты өзгеден арткан, буржуйлар табын тудырған, адамға табыну, адамға бас ию, өзімшілдік сыкылды пікірді майданға шығарған. Сондыктан капитал дәуіріндегі акындардың, жазушылардың көбі дарашыл (индивидуа-

лист) болған. Әлеуметті былай қойып, жеке адамды суреттегіш, кейіпкер (тип) шығарғыш болған. Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, Максим Горький, Александр Блок сынды жеке адамды дәріптегіш, дарашыл акындарға мүрит болған, солардан тәлім алып соларға еліктеген. Ол акындардың бәрі идеализм жолын тұтынған болатын.

Бір жағынан үй іші – әкеге, әлеумет ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген казак ішінде туып-өскен болса; екінші – татар медресесін окып, түрікшілік, исламшылдык рухында тәрбиеленсе; үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдык зардабы казактың ұлтшылдык сезімін ояткан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының каймағы бұкарашыл, халыкшыл болып жатканын сезіп білсе; бесінші – Батыстың, кала берсе орыс акындарының санашылдык (идеализм), дарашылдык школынан сабак алса, енді Мағжан кай пікірдегі акын болып шығу керек? Сөз жок, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл акын болып шығу керек. Олай болып шыкпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының заманының жағдайы солай.

Мағжанның ұлтшылдык, түрікшілдік өлеңдері «Ғалияда» шәкірт болып жүрген кезінен басталады.

Сол күнде-ак «Туған жерім «Сасыккөл» деген өлеңінде, патшаның отаршылдык саясатына карсы жаза бастайды.

«Айдын көл, атаконыс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымак түгел шакта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
Білмеймін не боларын, кайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп карашекпен келіп конса,
Басыннан құсың ұшып кетер сенің», – деп туған жерінің зарын зарлайды.

«Анама», «Жаздыгүні калада», «Есімде тек тан атсын», «Жауынгердің жыры», «Орал», «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма» деген өлеңдері ұлтка деген сезімінің ояна бастағанын көрсетеді. Бірак әуелгі кездегі өлеңдерінде бұл сарын аса күшті көрінбейді; казактын ауыр халіне, ғайыбына кайғыру, болмаса кекету, табалау сыкылды үстіртін жеңілірек болып келеді. 11-жылы жазылған «Орал» деген өлеңі:

«Екі дүние – күн мен түн, өмір – өлім,
Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің.
Бала болып жата бер бесігінде,
Сар даланың еркесі – казак елім», – деп аякталады.

Адамның денесі кандай мыскалдап өсіп, жетілетін болса, сезім де, пікір де сондай, бірте-бірте жетіліп өркендемек; адам туа ұлтшыл, туа адамшыл бола бермейді, ұлттык сезімде сол сыкылды әуелі үй ішінде, одан кала берсе туған

ауыл, туған жерден бастап жоғары өрлейді. Туған ауылын, жерін сүймеген адам ұлтшыл да бола алмайды, Мағжанның ұлт сезімі де жақыннан алысқа қарай тереңдейді. Мағжанның алғашқы кезде ұлтшылдығы нағыз жүректен қайнап шықпай, сол кездегі ұлтшыл азаматтарға еліктеп, солардан жұқтырып алғандығы сезілді.

«Міндік, міне, біз қайық.
Есен-сау өтсек…
Тілекке жетсек,
Сонда біздің шын айт…» –
деген өлеңдерінің:
«Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ[1]», – деген сөздерімен сарыны бір.

Қазақтың халі қандай ауыр екенін сезсе де, ол күнде Мағжанда келешектен үміт күткендік сезіледі. Бұл қалыпта заман тұра бермес, бізде де жарық сәуле күн туар дегендей жұбаныш болады, неғұрлым отаршылдық, жауыздық күшейе берсе, соғұрлым қазақтың жанына батар, ашындырар, ашынған ел қорғалай бермес, қарсы бас көтерер деп сенеді:

«Мезгілше мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын!
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрерлік төңіректі тек таң атсын!».

Патша өкіметіне қарсы екендігі, келешектен үміт күткендігі мынау өлеңнен тағы көрінеді:

«Қараңғы дауылды түн.
Тұрса да қара бұлттар көктен төніп,
Соқса да жел долданып өршеленіп.
Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ –
Жылтырап жанған боп тұр қалмай сөніп.
Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,
Жарығы болмаса да жан таңғалар.
Сәулелі аспанда алтын күміс нұрлы,
Айбынды күн мен айға дәл пара-пар».

(1913 жыл).

Бұл өзінің өлеңі туралы деуге де болады. Бірақ Короленконың «От» деген әңгімесіне де келеді.

14-15-ші жылдардан бастап оның ұлтқа деген сезімі жетіле бастайды. Ол бұрынғыдан гөрі қаттырақ зарланады, күштірек налиды. «Тәңірі» деген өлеңінде осынша өнер-ғылымнан, бақ-дәулеттен сорлы қылатын өгей балаң біз бе едік? Басқа жұртқа жолбасшы, көсем жіберіп жатқандай көзіннің қырын бір салмайтын қазақтың не жазығы бар еді? Түйе баққан жалаңаш араб құрлы көрмегенің бе? – деп құдайға тілі тиеді.

[1] *Соңғы Ахмет өлеңі (автор).*

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА

559295

Қазақтың газет-журналдары шығып тұруы казак жастарының жұмыла оқуға кіріскені, олардың әр калада мәдениет ағарту ұйымдарын ашып, кеңес құрып, ұлт мәселесіне, баспасөзге араласуы Мағжанның ұлтка деген сүйіспеншілігін күшейтеді. Жастардың жігері, талабы Мағжанды да жігерлендірді; ол жастарға сенеді, жастардан таудай үміт күтеді. «Балапан канат какты», «Мен кім?», «Тез барам», «Мен жастарға сенемін» деген жалынды, күшті өлеңдерін шығарады.

Акынның каснеті – заманга жаңғырык, әлеумет тұрмысындағы зор окиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) калдырып отыруында. Бұ жағынан Мағжанның кемшілік жерлері бар: акынның мұндай кемшілігін айтып өтпеске болмайды.

16-шы жыл казақтың басына кара күн туған тарихи ауыртпалық жыл еді. Патша өкіметінің 25-ші июньде шығарған жарлығы бойынша казак сыкылды бұратана халыктар соғыс майданындағы кара жұмыска айдалды. Қазак шаңырағы тенселді, казак даласы кан жылап күніренді. Елдің келесіне келген мұндай зор селебені, ауыр кайғыны акын терең сезіп, айкын суреттеу керек еді. Бұл туралы Мағжанның бізге «Орамалдан» баска берген еңбегі көрінбейді. Ұлттың ыстығына күйіп, суығына тоңам деп жүрген акынга 16-шы жылғы тарихи окиғаны жалғыз «кестелі орамалмен» желпіп өткеніне көңіліміз жарымайды.

Бірак бұл кемшілік талай зор уакыттарда болған. Атакты Пушкин өз заманындагы окиғаларды түгел суреттей алмаған, кайта Гоголь әлеумет мінін көбірек көрген. Қазіргі орыстың төңкерісшіл акыны Клочков төңкеріс туралы бір ауыз өлең де жаза алмаған. Ондай көрмей кету үлкен акындарда да болады. Қазак өмірін айнаға түгел түсірмегеніне карасак, Мағжан да солардай акын. 17-ші жылғы февраль төңкерісі казак азаматтарына ұлт сезімінің көтерілуіне зор себеп болды. Ауылда сөйлеп жүрген ұлт камы, ұлт мұны іс жүзінде жарыкка шығатындай көрінеді, казак азаматы мәре-сәре болды. Төңкерістің болғанына, бостандык туғанына карык болып кенелді. Әлеумет жұмысына араласа бастады. Мағжанның өсіп келе жаткан бостандык тамырына Сібірді алған патшашыл жандарал Калчак (Колчак – ред.) балта шапты, патша заманының кара күні кайта туды. Казак, орыс атамандары Сібірдегі казак даласын шарлап, казактың басына әңгіртаяк ойнатты. Мағжан бостандыкты жырлады. «Жаралы жан» да казактың басына түскен ауыр күндерді суреттеді. Сонда да Мағжан бетінен танған жок. «Азамат, анау казак каным десен» деп азаматты елін корғауға шакырды. Осы бағытпен келе жаткан Мағжанның мандайына Октябрь төңкерісі так ете түсті. Ұлт ұранын көтерген алашордашылар кашты, пысты. Саясат майданынан табаны ауды. Мағжан бұрынғы сенімнен, бұрынғы жолынан айрылып дағдарып калды. Баяғыдан бергі имандай ұйып, жүрегіне сіңіріп, каснетті деп жүрген идеалы, максаты бір күнде тас-талкан болды. Мағжан мініп келе жаткан «ұлтшылдык» дейтін атынан айрылып, жаяу калды. Не кыларын білмеді, іштен тынды, дағдарды, састы. Қайтсе де ол халде калуға

болмайды, бір шара, бір жол іздеу керек болды. Қарманғанда қолына түскені алдамшы түрікшілдік бола кетті. Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол «Ғалияда» жүргенде түрікшіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша оқуға кіріскеннен бұлай ол пікірін жарыққа шығара қоймайтын. 19-шы жылдарға шейін Мағжанның түрікшілдік рухын жамылған өлеңдерін білмейміз. Колчактың кер заманы, одан қала берсе, ұлтшылдыктын аузына какпак салған кенес заманы Мағжанның баяғы басылып калған түрікшілдік сезімін кайта оятты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панасына, түрік канатының астына коюды табады. Жеке ұлтшылдыктын өрісі тарылғандығын көріп, түрік тұкымды жұрттармен әдебиет жүзінде өзінше одак жасаған болады. Бара-бара Мағжанға түрікшілдік те тар ауданды көрінеді: ол күншығыстың – Азияның акыны болып, Европамен, Батыспен «араздасады», Ресейде болсын, Мағжанның түрікшіл, азиятшыл болу себебі, оның өз киялынан болмаса, оның осылай болайын деген тілегінен деп ұғуға болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен, күншығыс халыктарын алсак, бәрі де Батыстың, Европаның жемі, азығы, атып жейтін аңы болып келе жатыр. Үндістан, Ауғанстан, парсы жұрттарын, түрік, араб жұрттарын кашаннан бері ағылшын сорып, канап келеді. Қытай, Жапония сыкылды мемлекеттер – Европадағы мәдениетті озбыр жұрттардың кыркысып, таласып байлығын немденбек болып көз тігіп отырған жерлері. Ресей кол астындағы түрік тұкымдары патша өкіметінің отары болып келеді. Батыстың мәдениетті жұрттары өнерсіз, ғылымсыз Шығыс жұрттарын жеуге ынтасы құрып, мойнын созғалы талай жылдар, ғасырлар өтіп барады. Европадағы талай канды соғыс, капитал соғысы көбінесе күншығыска кожа болу үшін шығып келген. Азия – құл, Европа кожа есебінде үкім істеген. Бұл саясатты азияшыл шығыстың жұрттары білетін. Батыстың жауынгерлік торынан құтылуға талпынатын. Бірак торды үзіп шыға алмайтын. Міне, шығыстың осы халін акын да білген, ойлаған.

«Күншығысты батыстың капитал бұғауынан азат ету керек» деген Кенес өкіметінің ұраны акынның жүрегіне жылы тиеді де, енді ол шығыс жалауына жабысады. Шығыстың ұранын шакырады. «Күнбатысты караңғылык каптады, түн баласы канға какалып түнеріп өлуге айналды, адамдыктан безді, Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «пайғамбары» күншығыстан шығуы керек» деген пікірге келеді. Бұл пікір тууға, әрине, «Европаның сөнуі» деген Шпенглер сыкылды ғалымдардың кітабын оку да себеп болады. Бұл пікірге ауғаннан бері Мағжаннан «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Аксак Темір», «Түркістан», «Жер жүзін топан басса екен», «Окжетпестің киясында», «Қойлыбайдың қобызы» сыкылды өлеңдерді көреміз. Төңкерістің алғашкы алапыран дәуірі казак слінс катаң тиді. Казак даласы актар кашып, кызылдар куған соғыс майданы болды. Азамат соғысында ел катты шығындады, онын үстіне разверстке шыкты. Әуелгі кездегі милиция, агент, тағы баскалардың ланы косылды. 21-ші ж. зор ашаршылык, дүние тапшылыктан сауда токталғаннан шыккан жаланаштык – осының бәрі ұласып ел казағына зор

ауыртпалық болды.

Төңкерістің түпкі максатын түсінбеген, төңкеріске даярланбаған казак жұрты күнбе-күнгі шығынын есептеп, алғашкы кезде Кеңес өкіметіне де көніл орнықпады. Большевик деген сөзді құбыжык көріп жүрді. «Бейнеттен кашсаң дөңбекке» дегендей, кайда барсак та, кімге паналасак та «Коркыттың көрі» дегендей, калың бұкаранын әркімі-ак «көй-көйді» тартты. «Коркыттын» кобызын колына алып, елмен бірге «көй-көйді» Мағжан да тартты. Казак ашаршылык-ауыртпалыкты көтере алмай, жоғалып, құрып кете ме деген кауіп туды. Табан тірейтін нәрсе калмады, жалғыз сенетіні кызмет басындағы казак азаматтары болса, акын олардың кызметтеріне де канағаттана алмайды. Сөйтіп сары уайымға, кайғы-зарға салына берді.

Февраль өзгерісіне шейін Мағжан өз басынан алыстап, әлеумет мұнына артык беріле алмады. Сөзінің көбі табиғатты, әйелді, махаббатты суреттеуге арналды. Өзгерістен бұлай ұлтка кызмет етуге керек болды. әлеумет жұмысы майданға койылғаннан бұлай Мағжан өленінің көбін елге арнап жазатын болды. Бұрынғы істеріне өкінгендей, жастык, мастыктан бойын токтаткандай, «еліме есебімді не деп берем?» деген сөз аузына кіреді. «Кінәні маған койма, жүрекке кой!» деп әлеуметтен кешірім сұрайды. Бұрын Мағжан айға, жұлдызға көзі түсіп кетсе, желді жырласа, бұлбұлмен сөйлессе, кесте тігіп отырған кызды көрсе, шолпының сылдырын естісе, альбомға сөз жазса – айналып келіп өзіне бір сокпай кетпейтін, өзін алдына койып сөйлейтін, өзімшіл акын болатын. Әлеумет мұнын колға алғаннан бері Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздык, Аксак Темір, Коркыт, Койлыбай, Баян сыкылды хандар, батырлар, акындар болса да, акынның өз максаты көрінбесе де, енді ол елдің уәкілі болып, елдің аузымен сөйлейді. Бұрын Мағжан әлеуметтен кашык жүрген өзімшіл акын болса, енді ол елінің азаматы, акын болуға айналады. Енді ол азамат міндетін көрсетеді. Жайда ұлттың бас камы үшін жүрген азаматты «койды каскырға жегізген Сәрсен отағасының төбетіне» салыстырады. Азаматка ұран салады. Кызметке шакырады:

«Азамат, анау казак каным десең,
Ұжмактың суын апарам жаным десең,
Болмаса ібіліс бол да у алып бар,
Токтатам, тұншыктырам зарын десең».

Азамат болсаң казағына пайда тигіз, үйтпесең «ібіліссің» деп ауыр міндет артады. Азаматка сын тағады. Казак азаматы саясат жүзінде пікірі шыныкпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас камын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді:

«Біреуіне» сен тәнірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлын деп сағынад,
«Біреуіне» садака бер деп жалынад,
«Біреуіне» құйрык болып тағылад.
Ылғи сорлы сағым куып сабылад,

Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад,
Қазағы – қой, артынан оның ағылад.
Азаматқа қонақтық қой табылад».

Қазақ қой сықылды, кім бастаса, соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол казакка «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүрегіңмен тура бастап, адал қызмет ет дегені. Азамат ақын заманға, тұрмыска жарымайды, зарланады, күніренеді, өмірдсн, тіршіліктен мағына таппайды. Келешектен күшті үміт күтпейді. Өленнің жалпы рухында үмітсіздік, сары уайымның, қайғы-зардың ізі бар. «Қысқы жолда» сар далада адасып, суық кейіп жамылып қалу суреті көзіне елестейді. «Жазғы жолда»:

«Төрт жағым дала – жер де көк,
Дала – өлік, жоқ бір үн…
Жер де жатыр тұншығып…» – деп көзіне жас келеді.
«Жарына бал береді де, өледі,
Өледі, толқын тынады…
Көк бір дария қара көк,
Жұлдыздан әлі хабар жоқ,
Іште – жалын, жүрек – шоқ,
Дариға жаным өледі…».

Қалың қара тұман басынан айықпайды, қараңғылық қоюлана береді, пеш ішіндегі сөнген шокты бала үреді, шок үстінен кішкене ұшқын ұшып сөнеді. Бала сөнген шокты үрлесе, ақынның көзіне мөлт-мөлт жас келеді. Бұ не? Мұнын бәрі өзі ме? Өзі деуге болмайды. Анау боранда бақайынан сүріпіп, қалғыпшұлғып, қара көгі босаңсып, суық кебін жамылатындай қалтақтап келе жатқан кім? Оны ақынның өзі деуге болмайды. Ақын олай жүрген емес. Оның айтып отырғаны белгілі – қазағы. Сар далада мәдениет сәулесінен аулақ, табиғаттың тілсіз апатына құрбан болған, тұншығып жатқан қазағы. Мағжан мәдениетті елді көреді, қазағын көреді. Екеуін салыстырса, арасы жер мен көктей, казақ қашан ел болар, қатарға кірер, табиғаттың апатына шыдай алмай, жапан түзде суық кебін жамылып кала ма? Әлде мәдениетті елдің аузына түсіп жұтылып кетер ме? Мәлім емес, казактың келешегі қараңғы. Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, кезіне жас келеді. Мұндай сорлы жұрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия «Аспан қара көк дариядай баяғы калпында, жұлдыздан әлі хабар жоқ» дегені – казак әлі баяғы калпында, мәдениет жұлдызы, ел болу нысаны әлі сезілмейді дегені. Сөнген шоктың ұшқыны желдетіп қайта сөнеді, келген үміт көріне түсіп жоқ болып, жүректі өртейді. Әрине, казактың халі ақынды сонша зарландырғандай ауыр деп айтуға болмайды. Төңкерістен кейіп жұртшылыкка кірісіп, азаматы қызмет істеп, казактың жастары лек-легімен окып жатыр. Аз да болса келешектен үміт бар ғой. Осынша қайғырып, зарлануға бола ма? Жетектеуге көсемдік көрсете, қайрат-жігер бере жазғаны дұрыс қой. Бұ жағынан қарасақ, Мағжанды уайымшылсын деп кінә коюға болады. Бірақ

оның табиғаты осындай нәзік: болмашы нәрсе оны жабықтырады, болмашы нәрсе қуантады.

Оның сезімді жүрегі, ұшқыр қиялы «ұжмақ» сынды сәулетті, идеальный өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмыска, сұр өмірге қанағат етпейді. Сондықтан ол торыққан ақын болып шығып отыр. Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс, әлі орнықпаған көшпелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңаның жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосансып, түсіне алмай, жаңа заманның адамы бола алмай, көп тайқалақтайды. Ақсүйектер дәуірі күйреп, капитал дәуіріне көшерде ақсүйек ақындарында да торығу, ескіні жырлау болған. Өйткені, ескі өмірдің жақсы жақтары көңілде сайрап тұрады, жаңаның не боларына көзі жетпейді. Міне, осындай көшпелі дәуір басталарда адам ескіге көзін сүзіп, жабыққан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр. Ол жалғыз ақынның сезімі емес, елдің де арманы, көңілі. «Әттең, баяғы дәуреніміз бола ма?» дейтін ер ел ішінде де аз емес. Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады.

Мағжан қала тұрмысынан жиренеді, қалаға қанағат ете алмайды, табиғатты, даланы жақтайды. Қала өнер-білім қайнаған жер, жемісі, қызыл гүлі жайнаған жер болса да, ақынның «тәні ракат, жаны шат» болып жүре алмайды. Өйткені, қаланың жыбырлаған жаны, дем ала алмайтын шаңы, еркіндікпен жүргізбейтін жаны бойын жаздырмайды. «Кең далада, қалың орман, ну тоғай, шалқар көл, самал жел, сары қымыз, сұлу қыз» есіне түседі. Өмірдің сұлуы – «дүниенің ұжмағы» дала сияқты көрінеді, Сәрсенбайға атты айдатып шу-шулап қаладан шыққанша асығады. Қала бір жатқан дәу пері.

«Айнала тұман, түн,
Дем алысы – от, түтін,
Жарық-жұрық етер көздері.
Қаланың әйелдері күнде сүйгіш, опасыз.
Жүздерінің қаны жоқ,
Көздерінің жаны жоқ,
Еріктері – «перілер».
Оларда отты жүрек жоқ,
Тамақтан басқа тілек жоқ,
Сәрсенбай-ау, сен неге
Шырқап бір ән салмайсың?!» – деп кеңдікке, еркіндікке шығып сая табады. Мағжанның көп өлеңдері табиғатты суреттеуге арналады. Табиғатты Мағжаннан көп, одан артық суреттеген қазақ ақыны кем де шығар. Мағжан табиғат қойнында туды, ендеше табиғат анасының бауырында өскен жіптің бір ұшығы сол табиғат сырымен жалғаулы. Романтик ақын табиғатты дәріптеген соң оның қойнындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба? Қазақтың

өткендегі өмірі мінсіз, кірсіз, идеальный өмір көрінеді, оған бұрынғы өткен карттар да, байлар да, батырлар да, ақындар да, бақсылар да бұ заманда болмайтын жат адам болып көрінеді. Нағыз өмір, нағыз дәуреп соларда болған «адам» деп, «ер» деп ауыз толтырып айтуға солар жарайды. Бүгінгілер немене? Адамгершілік, ар-ұяты жоқ «қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар»... сықылды көрінеді.

Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяктануға Мағжан көмек көрсетті деуге болады. Бұрын Мағжан өлеңдерінде орыстың түрлі ақындарына еліктегіштік көрініп тұрса, казактың ақындарымен танысканнан кейін Акан сері, Шәнгерейлерді жинаганнан былай, Мағжан өлеңінің бетін ескілікке қарай бұрады. Енді казактың ескі ақындарын дәріптейді. Қазактың ескі заманын жырлайды. Ертегі, Коркыт, Баян – Мағжанның романтизмі күшейгендігіне дәлел.

Қаладан жиреніп дала кашса да, Мағжан каланың мәдениетінен каш деп айта алмайды. Жек көрген кала – мәдениет ошағы, жаксы көрген елі – надандыктың ұясы. Бір жағынан еркіндікті сүйсе, екінші жағынан ол өмірдің тұрақсыз екенін ойлайды. Сондыктан Мағжан казактың бұрынғы акындарының (Абай, Ахмет, Мыржакыптың) ізін куып, халыкты өнер-білімге шакырады. Мағжан сондыктан мәдениетшіл романтик болып отыр.

1912-ші жылдарда:

«Заман түлкі, тазы бол!» –

десе, 15-ші жылдарда:

«Баска жұрт балалары оку куған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған,
Ішіп-жеп боска жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер-жүзіне не үшін туған?!» –

дейді.

1917-ші жылдарда:

«Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіне», – деп ескілікпен ат құйрығын үзеді. «Зура деген кыз түн сайын жылап «құдайға» жалынып жүріп, түрлі жұлдыз болған екен. Сен де окып, казакка жұлдыз болып нұрынды шаш!» – деп Ғазиза карындасына ақыл айтады.

Мағжан – еліктегіш акын. Еліктеу акынға мін емес, кандай күшті акындар алдынғы акындарға еліктемей жаза алмаған.

Пушкин мен Лермонтов Байронға, Шекспирге еліктеген. Толстой сыкылды әлемге аты шыккан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған: Леонид Андрей, Чехов, Рысбашев, Сологов сыкылды акындар Достоевскийге еліктеген, Максим Горький, Пушкиндерді жатка білген. Абай Лермонтов, Пушкинге еліктеп жазған. Бір акын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, казак, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі

көніліне жакса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжаннын алғашкы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сырткы түрінде орыстын бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауыктык (сентиментализм), романтизм болады. Сентиментализм әсері, әсіресе, әйел тендігіне арнап жазған өлендерінде ұшырайды. «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Шын сорлы», «Жас келін», «Алданған сұлу», «Тілегім» деген өлендерін окысаңыз, бәрінде де әйелдін халін өте ауыр көрсетіп, әйелмен мұндаскандай, әйелді аяғандай, есіркегендей, окушынын жанын ашыткандай мұн бар, зар бар:

«Жәмила, мұнша неге жүдедін,
Бетінде тамшы кан жок кой.
Сарғаймашы, бауырым», –

деп іш-бауыры елжіреп катты аяйды. Шыдай алмай, өзі де бірге жылайды, окушынын да жүйесін босатады. Акынныи кірісі сондай, бос әйел көрсе жыламай коймайды, сүйген жары құшағында бола ма? Әлде айрылып кете ме? Куана ма, күйіне ме, әйтеуір, көзінін жасын тия алмайды. Екі сөзінін бірі – сүйсійін де өлейін, күйейін де өлейін. «Бота көзім, өлтіріп кет колыннан, тірі тастап кетіп мені не етесін?». Әйелді аяй есіркеу, орыстын бейнешіл акындарына еліктегендігі Мағжанныи бар өлеңдерінде көрінеді. Жазу жолында бейнешілдердін негізгі әдісі – ишарамен, бейнемен түсін бояп, көленкелеп жазу, олар төніректегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір ұйкастык іздейді. Сөздін ішкі маныызына, көбінесе сырткы ұйкасына, тізіліміне, ырғағына көбірек назар салады. Олардын сөзі акылдан гөрі жүрекке артығырак әсер беріп, сезімді билейді. Бүгінгі өмірді онша керек кылмау, өзінен өзгені жактамау, өнерді өте жаксы көру, әйелді сүю, махаббатты жырлау – бейнешілдердін тұтынған жолдары. Сондыктан бейнешілдердін өлені құлакка жағымды, үнді, әуезді, күйлі, зарлы келеді. Дыбыстардын құрылуы сурет туғызады. Өленнін тілге жеңіл, құлакка жылы тиісін Абай да іздеген. Абайда сөздін ішін мәнерлі, топын сұлу кылуға тырыскан, бірак дыбыспен сурет жасауға, сөздін сырткы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен казак акыны жок. Өленнін сырткы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен, кейде Мағжан өлендерінін ішкі маныызы кем болып шығады. Шу дегенде ермек үшін катарлап жиып койған баланын куыршағы тәрізді көрінеді. Бірак жұмбак та болса, тіпті мағына шыкпайтын өлені жок. Бәрінде де мағына бар. Мәселен, мынау өленін алайык:

«Сап-сары бел, еседі, жел еседі,
Еседі жел, көшеді жел, көшеді.
Дала тұйык, бала тұйык екі үнсіз,
Дала жұмбак, бала жұмбак шешусіз.
Сап-сары бел, еседі жел, жел есед,
Дала жұмбак, бала жұмбак кім шешед?».

Карапайым казак осы өленнен не ұгар еді? Түк ұгуға болмайды. Карапайым адам түгіл, осы өленді өзіміз калай ұгамыз? Бәріміз бірдей осы жұмбакты шеше алар ма екеміз?

Сыртынан қарағанда, «сап-сары бел, еседі жел, еседі. Көшеді жел, көшеді» дегендерді қайта-қайта айта берген бір түрлі сөздер, пәлендей мағына жоқ тәрізді. Бірақ анығында мағына бар. Мағынасыз сөз, сөзсіз мағына болмайды. Мағжан тағы жазады:

«Өтеді өмір, жүрекке шер байланды.
Өтеді өмір, жүрек көмірге айналды.
Өтеді өмір, бітеді жыр, жүрек – күл,
Жырсыз жырау, тиіп қырау, солды гүл».

Мейірімді ана жас бөпесін ұйықтатарда: «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем, кой-кой бөпем жылама» – деп қоңыраулатып, қоңыр әнге салады. Сол тәрізді Мағжан өлеңдерін оқығанда адамды әлдилеген, тербеткен сипаты, біресе мұң-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды; жаныңды билеп, көзге әлденелер елестейді; алдыңда ұшы-қиыры жоқ, бір белден ассаң, бір бел, толқынды сары дала тұрғандай боласың, екі жағына кезек теңселіп ырғаң-ырғаң басып қаркарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғаңдап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласың; кейде ақ сандықта ақ көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап, бел асып бара жатқан әйелдерді көргендей боласың.

«Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Сыбырға айналды сылдыр.
Жүректі өртеді құрғыр»-ды

оқығанда, маңайыңның бәрі сылдырлап кеткендей боласың. Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді. «Сап-сары бел» деп заман өтіп бара жатқанда күпісіне оранып, бұйығып жатқан қазақ елін жырлайды.

Бейнешілдердің өлең жазу әдісін Мағжан қазақ әдебиетіне кіргізеді. Кей жерде Мағжан символистер өлеңінің сырткы түріне еліктесе, кейде ішкі мәнісін де алып жібереді. Бальмонт 22 жасында өмірден торығып, әлеуметтен қол үзіп: «Әлдиле, өлім, әлдиле» десе, Мағжан да Бальмонтшілеп, жас басынан торығып, өлім шақыруды шығарды. Мағжанның еліккен орыс ақындары көп, оның бәрін санап өтудің қажеті жоқ. Осы да жетер.

Мағжан татар ақындарына да еліктеген. «Н-ның альбомына» деген өлені Гокаевка еліктегені көрінеді, «Көңілді ашар», «Сәуле», «Нұр сипатты қарындас», «Күз», «Өткен күн» деген өлеңдерінде Абай сөздері ұшырайды. Мысал үшін мына бір өлеңін салыстыруға болады. Мағжанның күзі:

«Көрік жоқ қырда, ойда шығып жүрсең,
Естілмес құс, құрт даусы құлақ түрсең,
Қактанған, жамыла түсіп, от маздатып,
Көресің кемпір-шалды үйге кірсең».

Абайдың күзі:

«Кемпір, шал күржең каккан, бала бүрсең,
Көңілсіз кара суық қайда кірсең.

Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап қайда көрсең».

Мағжан жазады:

«Сылдырап аққан өзенге
Үй тігіп дереу қонысып,
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп сынқылдап,
Жас келіншек, жас қыздар
Кереге жайып, уық байлар».

Абай жазады:

«Сылдырлап жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап
Ақ білегін түріпіп,
Сыбырласып, сынқылдап».

Абайға еліктеуі ең алғашқы кезде болған. Ол кезде жалаң Абай емес Ахметке, Міржақыпқа да еліктеп жазған, мәселен Мағжанның:

«Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Қара балуан Жәнібек...» –

деген сөздері Ахметтің «Тілек батам» деген өлеңіндегі:

«Қара балуан Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған жұртына,
Кім тиянақ қазық ед?» –

сөздерінен бөтені жоқ.

Бастапқы кезде Мағжан орыс әдебиетінен көбірек үлгі алған болса, соңғы кезде Мағжан басқаша көрінеді. Бұрын сөз кестесін орыс ақындарынан алатын болса, енді ол үлгіні қазақтың ескі ақындарынан іздейді. Орыс ақындарының ықпалынан шыққан жері Мағжан өлеңдері қазақ рухында, қазақ ұғымына жақындап жазылады. Мағжанның ақындық күші де соңғы кездегі өлеңдерінен көрінеді. Мағжанның сөз кестесі қазақтың ескі әдебиетіне қарай ауғандығына мысал үшін мына бір өлеңді алайық:

«Еділде»

Бүктетіліп жатқан бел,
Сүтке тойған маркадай
Бұйра қою қарағай
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай.
Арнада өзен қылықты,

Қылмаңдаған калкадай.
Түсте толкын тулап ед,
Ойнактаған тайлактай,
Кешке толкын тынып тұр,
Қоңыр-іңір бей уактай,
Тізілген толкын меруерт
Бір-біріне тағылып,
Шұбырған толкын шуменен,
Ағыткан койдай ағылып.

«Коркыт», «Баян» сыкылды поэмалар – Мағжанның нағыз өз тумасы, орыстан я баскадан жұктырып алды деуге келмейді.

Мағжанды еліктегіш акын дегенде көбінесе өзінен бұрынғылардан алған орнегін айтып отырмыз. Болмаса барлық өлеңдері ылғи еліктеумен шыккан деп айтпаймыз. Ол еліктесе сыртқы түріне, тонына еліктейді, ішкі мазмұны, ішкі сыры өзінікі болып отырады.

Енді Мағжанның өлеңдерінің ішкі жағына, дүниеге көзқарасына азырак токтап өтейік. Әр акында өзінше дүние тану, өмірге, табиғатка баға беру деген нәрсе болады. Мағжанның пікірі кандай екен? Оны білу керек. Алдымен ол өмірге, тіршілікке калай карайды? Жоғарыда айтып өткенбіз, Мағжан тұрмыска көңілі жарымаған, өмірден түңілген, өткенді жырлап, мұң-зарға салынған уайымшыл акын дегембіз. Олай болған соң өмірден кажыған, жабыккан акын өмірді жаксы деп, тіршілікте кызык, рақат бар деп сенбейді. «Алдамшы өмір, ку ғұмыр, сұм жалған...» деп карайды. Сөзімізді дәлелдеу үшін бірнеше өлеңдерінен мысал келтірейік:

15-17-жылдарда:

«Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз,
Айрылармыз, сүйген жардан күйерміз».

Болмаса:

«Жасаған, тез алатын ажал жок па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр окка», –

деп, өмірге тойып, өлім шакырып жазса, сол пікірі 22-23-ші жылдарда да айтылады.

«Ду өтер, сорлы адамды әуре етер,
Көз ашып-жұмғанынша жок боп кетер.
Қылғанша әуре-сарсаң сорлы құлды,
Тәңірі ием жаратпасаң, сонда не етер?!».

Ойтпесе:

«Өмір сөнед, үміт өлед, не калды?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді».

Бұл сөздерде өмірден мағына, тіршіліктен максұт, келешектен үміт күтпегендігін көрсетеді. Адам сүю, күю үшін, азап шегу үшін жаралады екен. Өтпейтін нәрсе жок, бәрі өтеді. Канша кенелгенмен, жас болдым, жар сүйдім,

қызмет қылдым дегенмен – бәрі опасыз, аяғы барып өлімге саркады. Тіршілік деген бір әурешілік: өмір, өлім мәселесі талай ойшылдарды, акындарды терең киялға батырған, не үшін жасау керек, өлетін болған соң осы әурешілдік бәрі не керек деген каралы сұраулар жалпылама адамның басына келе бермейді. Не өте сезімі ауырған, не ажал босағасына таянған адамның ойына келеді.

Акын тұрмыска өмірде канағат етпесе, оның алданышы не болмак? Не үшін жасамак? Әрине, адамда аз да болса бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек? Адам – алдағыш, адам – жауыз, өмір – азап, келешек – каранғы, бәрі – өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза каснетті нәрсе не? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік, міне, кашаннан бері акындардың жырлап келе жаткан, бас иген құдайы. Жабыккан жанына ем болған даруы. Сол заңға Мағжан да – құл болған акын. Ол да табиғатты табиғаттың койнында жырлайды, тыным алады, жаны сая табады. Мағжан табиғатты дәріптейді. Оған еш нәрсені теңгермейді. Теңгерсе, аса кадірлі, каснетті нәрсені теңгереді. Кіршіксіз таза махаббат кімде болу керек? Баласын сүйген анада болу керек. Сүйген ғашык жарда болу керек. Жүректі елжіретіп, ерітетін, өлгенді тірілтпесе де, өшкенді жандыратын өмірдің кызығы, ләззаты – осылар. Бұларсыз өмірде мағына жок, бос куыс. Мағжан табиғатты сондай көреді. Табиғатты жазса айнымас анаға, нәресте балаға, болмаса сүйген жарға теңеп жазады. Ол табиғатка жан салады, құшактастырады, сүйістіреді.

«Көкке тиген биік тау
Құшактасып тұманмен.
Акырын ескен жылы жел,
Маужыратып тербетіп», –

деп тау мен тұманды ғашык жарларша құшактастырып, желге анаша баласын тербеттіреді.

«Сылдыр-сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын, бірі ұрлап,
Толкынды-толкын куады», –

деп толкынға жан бітіреді.

«Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей шыдап кім калар!» –

деп жазғытұрғы жырлардың жаркын жүзін суреттейді.

«Періштем деп айналып,
Алтын айна күн жүзер», –

деп күнді мейірімді анамен салыстырады. «Жел сыкылды тентек бала болып сұлулардың бетінен сүйем», – деп желді де боз бала жігіт кылып кояды. Акын махаббатка сенеді: жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыкка, зарыкканда, талыкканда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жаралайтын тікенек! Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі,

махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы жүрекке махаббаттай күшті әсер бере алмайды», міне, ақынның махаббатқа көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға да мүмкін деп қарайды.
«Сүю мен жек көрудің арасы – бір-ақ аттам» деген нақыл – өмірден, тәжірибеден алынған сөз. Сондықтан ақын:

«Алдағаным жоқ, арбағаным жоқ,
Сен сөзіме, сұлу қыз.
Тап сол сағат сүйгенім-ақ,
Куәсіне көп жұлдыз», –

деп махаббаттың өзгеретіндігін айтады. «Ақын – көбелек, балыннан татса, тастап кетеді» десе де, біржола махаббатқа беріліп кеткендігін «Г... ге» деп жазған өлеңдері ашып береді.

«Сүйдің мені, басқа жанды көрмедің,
Жасың төктің, қадірінді білмедім.
Мөлдіреген шын меруерт жасыннан
Садаға боп, сорлы неге өлмедім?» –

деп өкініп зарланады. Сүйген жаны болмаса оның өмірі де, ақындығы да сөнетін тәрізді:

«Болса гүлсіз, бұлбұл үнсіз,
Үнсіз бұлбұл, бір сұр құс.
Үнсіз өмір – сөнген көмір,
Отсыз жүрек – бос куыс...».

«Гүл болмаса бұлбұл сайрамайды, ақын жырламайды; бұлбұл сайрамаса, бір сұр құс; жырламаған ақын – жабайы адам, сүйе білмеген жүрек – куыс кеуде». Ақын шын сөйлеп, таза сүйеді. Бірақ өзінше сүйе білетін адамды көп көре алмайды, көбінікі қолдан жасаған бояма, күнделік есеп екенін біліп, ақын тез суынады. Мағжанның махаббат туралы күшті өлеңдері: «Айрылғанда», «Тірілдім», тағы басқалар. Басқа жағынан Мағжан идеалист болса да, махаббатқа идеализм көзімен қарамайды. Ол «бұлай ғана» сүю болады демейді. Жан-тәнімен тұтас сүйгенді махаббат дейді. Жалпы әйелді ғарыштан, нұрдан жаралды, періште деп көрсе де, өзі сүюге келгенде «жар» деп, еріктің «жарымын» деп қарайды. «Шолпы», «Сүй, жан сәулем» деген өлеңдері махаббатқа Абайша, қазақша қарайтындығын көрсетеді. Бұл жағынан келгенде ол – материалист (затшыл).

Ал енді жалпы әйелге көзқарасын алсақ Мағжанның пікірі қазақша емес, қазақ әйелді «еркектің сол жақ бұғанасынан» жаратады; «байтал шауып бәйге алмайды» десе, Мағжан олай демейді, ол әйелдің теңдігін көксейді. Әйелді азаттыққа, мәдениетке шақырады.

«Жаратты тәңірі әйелді
Бастасын деп бар ерді,
Туралық сындық жолына», –

деп әйелді еркектерге басшы қылмақ болады.

«Матриархат» заманын еске түсіріп, әйелді туралық, шындыққа бастайтын пайғамбар қылып көрсетпек. Әйелді күн орнына ұстап, мал орнына сататын, еріккенде ойнап, ермек ететін еркектерге:

«Бұл ісінді коймасаң,
Әйелмен ылғи ойнасаң,
Жүрмесін көп бұл күнің», –

деп, оларға кіжінеді. «Әйелін күн қылған сл сл болмайды» деген пікірді айтады.

Төнкеріс болып, бостандық заманы туғанда әйелдің теңдік алғанына қуанып, жігерлі сөздерін сөйлейді:

«Мынау ту кімнің туы? Әйел туы,
Енді әйел азат ұшқан көлдің куы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.
Анау таң, кімнің таңы? Әйел таңы.
Бүгінгі күн шын азат, әйел жаны.
Сокыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан!
Басар сені төгілген әйел каны».

Құрт аурудай жайлап, әйелдің енсесін көтертпей, тұншықтырған доңыздай сасық ескі ғұрыптың пердесін жыртып, атып келе жаткан жаңа таң сенікі деп әйелдерге ұран салады.

Өзі де сол әйелдер тобының ішінде жүргендей «жанымызды улаған» деп әйелдің қасіретіне де, куанышына да ортақ екенін сездіреді.

Кейбіреулер Мағжанды ескішіл дегеннен тудырып, діншіл деп ойлап калуы мүмкін. Олай ойлауға да жеңіл-желпі себеп бар. Мағжан екі сөзінің бірінде «Алла, жасаған, пайғамбар, періште, иман, Құран, ғарыш, ұжмақ, ібіліс...» деген сөздерді келтіреді. Осындай сөздеріне байланысып, діншілдікпен айтады десек, ол тым сыңаржактык болады. Қандай діншіл акын болса да сөзді күшейту үшін, халыктын ұғымымен есептесу үшін дін лұғаттарын алудан кашпайды. Казактын, кала берсе, мұжыктың акыны боламын деген кісі «құдай, әулие, пайғамбар...» деген сыкылды күшті сөздерден кашып құтыла алмайды. Өйткені, бұкараның екі сөзінің бірі құдайсыз келмейді.

«Құдай біледі, мен сенің құдайыңмын», «сен құдайдың баласы ма едің?» деген сөздердің орнына құдайды алып тастағанда кандай күшті нәрсе табарсың? Егер Мағжан «өзім тәңірі, сөзім Құран» десе, өлеңі сондай күшті, сондай бойлауык болар ма еді? Әрине, жок. Ол екеуінен күшті казак ұғымында сөз жок. Казак діншіл емес, құдай деген сөзді ойыншык есебіне колданады. Діп, Құран козімен карасак (ләмиәлид, уәләм, пуләд), құдай ешкімнен туған да емес, бала тудырған да емес. «Құдайдың баласы бар десең, кәпір боласың» деген шариғатты күнде каксап жүрген молданың тілін кім алып жүр? Жаны кысылған кезде дін былай калмак. Сол сыкылды Мағжанның «құдай» деген сөзі де, халыкты не діншіл, не дінсіз кылуға түк септігі жок. Шеген дейтін кісі

өлгенде келіні жоктап, дауыс кылыпты:

«Аспанда ұшар лашын,
Лашын жаяр құлашын.
Әтекемді алған құдайдың
Келіні мендей жыласын», –

деп. Соны айткан катынның аузын кім жұлып алды дейсіз? Қазақ ішінде кожа, молда, бір жағынан діншілдікті ексе, екінші жактан дінсіздікті сгуші тентектер де аз емес.

Және дін сөздері, «құдай» деген ұғымдардың калмау себебі: тұрмыстан, шаруадан болады. Табиғаттың терең сырын, ішкі заңын білмеген, тіршілігі, өмірі табиғаттың құбылуына байланысқан табиғаттың құлы болған диканшы, бакташы халық бір зор күш бар деп білмек. Ол күшке бағынбак. Табиғаттың мұрнын тесіп, мінін алған жұрт сондай күшті зат бар деп білмейді. Өйткені, табиғаттың бар сырына акылы жетіп отыр. Сондыктан «құдай» деген сөз көп жылға дейін калмайды.

Орыстың мұжығынан шыккан төңкерісшіл акындар төңкеріс өлеңдерін Ғайсасыз, Жебірейілсіз, Мекелісіз, әулие Николасыз жазып отырған жок.

Ол акындардың сөзіне алғашкы кезде құлағы тосаңсыған марксшілдер болса да, соңғы 3-4 жылдың ішінде ондай сөзді шұқылауды койды, бір ауыз сөзге емес, жалпы мағынасына, пікіріне карап төңкеріс әдебиетіне жаткызатын болды.

«Дін, мешіт, құдай» деген нәрселер құлкын, тамак үшін тұтынатын байлар мен молдалардың құралы екенін ашык айтады:

«Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым!
Ерігіп куған болып ата заңын,
Анда-санда домалап бармау үшін
Салдырған өзіне арнап, жуан карын,
Бұл мешіт – көк үйі емес, карын үйі,
Көргің келсе, көріп кел, мал базарын».

Мағжан – идеалист. Дүниені рух, пікір билейді, тұрмысты сана билейді, тарихта әлеумет маңызды емес, жеке адам маңызды дейді. Сондыктан ол хандарды, батырларды мадактайды.

«Тәңірі бар бір ғана киял аты» деген пікірі – идеалистердің пікірі, бірак оған карап діншіл деуге болмайды. Екеуінің арасында айырма бар. Осымен Мағжанның дүниеге көзкарасын токтатып, енді оның акындык күшіне келейік.

«Мағжан акын ба, акын емес пе?» – деген сурауды коюда мағына жок. Оны акын емес деп таласушы бола коймас. «Жалғыз-ак акындык күші кандай?» деген сурауды кою керек. Бұл сурауға Мағжанды күшті акын деп жауап береміз. Несімен күшті? Тыннан тапкан жас пікірімен бе, болмаса, терең ой, терең пәлсапасымен бе, әлде казактың өткен-кеткенін, бүгінгі өмірін айнаға түсіргендей көрсетіп, келешекті болжап, пайғамбарлык еткендігімен бе? Жок,

бұлардың бірі де емес. Мағжан терең ойдың акыны емес, ол заманды суреттеуге шебер емес. Ол келешекті болжап, жұртты соңына ертетін пайғамбар акын да емес. Магжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті.

Мағжан – алдымен сыршыл акын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсак, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез казактың бұрынғы акындарында болған емес. Ол жүректің кобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен каны аралас шыккан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Окушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғак өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма, бәрінде де акынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көнілінің кірбіні көрініп тұрады. Қай өлеңін окысаң да, не акынмен, не өз жүрегінмен, не ел жүрегімен сырласкандай боласың. Акынның өзі көрінбейтін өлеңдерін окысаңыз да, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде ояткызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді.

«Шер батса кім іздемес туған елін?
Тұлпар да көздемей ме туған жерін.
Арканың ардагері калын алаш
Тұран да біле білсең, сенің жерің!» –

деген тәрізді сөздер еріксіз бір сезімді туғызады. Мұндай кыздырма сөз Мағжанда толып жатыр. Акынның ұлттығы осындай сөздерінен көрініп тұрады. Акын салкын канды болса, сөзі канатсыз, желсіз болмак: жалынды сөз жалынды жүректен шығады. Мағжанның кейбір жалынды сөздері Максим Горькийдің сөздеріне ұксайды. Ауыз толатын айбынды аскак сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі кытыктап, жыбырлатып кана коймайды, түбімен суырып, мейірінді кандырады. Еркін балуан кан майданда жарк еткізіп шалып сокканда «Па, сабаз-ай!» деп отырған жұрттың айызы канбай ма?! Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде сен де: «па, сабаз-ай!» дегің келеді (әрине, көркемсөзден ләззат алатын болсаң).

Суретті, кестелі көркемсөз Магжаннан табылады. Мағжанды акындык жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге тенеуге ауыз барады. Міне, ашуланған батырдың суреті:

«Түкті кабак жауып түскен көзіне
Ұшкын шашып, от ойнатып тұр көзіне.
Қырлы мұрын, кырмызы ерін, кап-кара
Тікенектей түк шығып тұр жүзіне».

Міне Көкшетау суреті:

«Көкшені күндіз, түнде мұнар баскан,

Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан».

Мұндай айқын сурет қазақ ақындарында болып көрген жоқ. Пушкин 5-6 ауыз сөзбен толық сурет туғызады десе, аз сөзбен көп сурет шығару Мағжанда да бар.

«Келеді маң-маң басып Окжетпеске,
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін», –

деген сөзбен бұл келе жатқан қандай кісі екенін, жүрісін, киімін, мінезін – бәрін көз алдына алып келеді.

Қазақ ақындарында Шәңгерейдің суретшілдігі, сөз күші Мағжанға жақын келеді.

«Құйрық атып күлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қаранды үзіп барасың,
Бізден де қайран дүния!» –

деп болжайды Шәңгерей. Өтіп бара жатқан өмірді бұдан күшті қалай суреттеуге болады?

«Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті», –

деп суреттейді Мағжан. Мұндай суреттер толып жатыр. Бәрін тере берсек, көп орын алады. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы», «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге – бише, батырға – батырша, ханға ханша баға беріп, әркайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, сұлуды, махаббатты, батырды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. «Баян» – қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіресе, «Баяннын» басқа бөлімінде сурет, шешендік, толғау, күй төгіліп кеткен. Соңғы бөлімі солғындау шыққан. Соған қарағанда Мағжан алыска шабатын сылпылдақ жүйрік емес, шыға салма, ағыншыл жүйрік деп айтуға болады.

Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, соңынан шәкірт ертеді, әдебиет жүзінде жаңа жол (школ) ашады. Мағжан да – күшті ақын. Күштілігі еліктеткенінен көрінеді. Осы күнгі өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің не сырткы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды. Кім өлең жазса, Мағжан сөзінен бірдемені алмай коймайды. Алайын деп алмаса да, еріксіз, өзі байқамай алып кояды. Неге? Кестелі, ырғақты, күшті даяр сөз, даяр түр ауызға түсе кетеді. Сондықтан Мағжанды жек көретін өлеңшілер де Мағжан өлеңінің түріне, әдісіне (техникасына) еліктеп жүр. Санап тексеріп карасақ,

Мағжанға қарсы жазып жүрген ақындарымыздың бәрі Мағжан өленінің даяр түрімен жазып отырғанын көресіз. Жеңіл-желпі өленшілер былай тұрсын, бір кезде күшті болған ақындарымыз, Мағжанға ұстаз болған ақындарымыз бұл күнде өлең жазса, баяғы шәкіртіне еліктейтін болыпты. Бұл сөздерімнің бәрін дәлел келтіріп, әр ақынның өлеңдерін жазуыма болады. Бірақ орын тар болғандықтан, жазуды артық көріп отырмын. Түбінде еліктегеніміз жоқ деп таласушылар болса, еліктегендігін өленімен көрсетіп, жұрттың алдына тартамыз.

Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, школ (мектеп) ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан, Мағжан тыннан 8-9 жаңа өлшеу туғызды. Бәрін бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары бел», «Бір әзпетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс», тағы басқа өленді рі Абай өлшеуінде жоқ.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өленді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты.

Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын. Әлі де болса оның ақындығы еңбегі алдында. Ол – күшті ақын. Күшті ақын өмірінде талай өзгеріске жолығады. Пікір жүзінде жаңалықтар табады. Мағжан да өзгеруге мүмкін.

Мағжан – терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол – кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасындағы қиянатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Ол түрікшіл, санашыл, уайымшыл, өзімшіл ақын, бұ жағынан карасақ, ол – ескі пікірлі ақын.

Жақсы жағын санасақ, ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылыққа, жауынгерлікке қарсы күншығысшыл екен.

Мағжанның ақындығы туралы азды-көпті байқағанымызды айттық. Қалғаны болса, оқушылар жеткізе жатар деп сөзімізді бітірдік.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.
(«Лениншіл жас» журналы, №5 1925 ж.)

АБАЙ (Ибраһим) Құнанбаев (22.8.1845, қазіргі Шығыс Қазақстан обл., Абай ауд. Қасқабұлақ жайлауы – 5.7.1904, сонда, Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебайда) – қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, ағартушы, ұлттық реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан: Айдос, Қайдос, Жігітек есімді үш ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы елге айналған. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай деген төрт ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

«Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым, Токпақ жалды торайғыр Көтібағым, Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым, Сірә да оңбас торғайым...», – деген сипаттама берген (М.Әуезов Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А., 1985, 26-б.)

Анасы айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар», – деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады. Құнанбай – төрт әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. А-дың «Атадан – алтау, анадан төртеу едім», – дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз-ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған.

А. әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, он жасқа толған соң үш жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, киссаларымен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарының

еңбектеріне ден қояды. Медресенің үшінші жылында А. Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі үш жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады. А-дың басқа балалардан алғырлығын аңғарған өз заманындағы атақ-даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған, патша өкіметі XIX ғасырдың ортасындағы бір сайлауда Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен әкесі Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп он үш жастағы А. ел ісіне араласады.

А. әке қасында болған жылдарда аткамінер би-болыстардың кулық-сұмдықтарын, қазақ даласына ыдырай бастаған феодалдық қатынастардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриархалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсінді. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен паракор орыс әкімдерінің, жергілікті би-болыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиіркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күресуге бел буды, «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деген тұжырымға бекіді. Осы мақсатпен болыс сайлауына түсіп жеңіп шығады да, 1876 – 1978 жж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары А. өз қолындағы

Құнанбаев Абай

билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салды. Әлсізге зорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатты жазаға тартып, халық қамқорына айналды. Оның ел басқарудағы бұл бағыты халықты қалауынша езіп-жаншып жүрген шонжарлар тарапынан қатты қарсылыққа тап болады, үстінен оязға жалған арыз айтушылар көбейді. Соның бірі Үзікбай Бөрібаевтың «Таймаккөл деген жерімді тартып алды», – деген жалған арызы бойынша көтерілген іс он жылға созылып, ақыры Е.П. Михаэлистің көмегімен аяқсыз қалды. П.В. Маковецкий бұл істі 1884 ж. 27 тамызда жалған жала деп тауып, қысқартып тастады. Ақын үстінен жазылған «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел қорлады», – деген бір топ шонжар дұшпандарының арызынан да түк шыққан жоқ.

Ақын саяси қызметі үшін 1870 жылдары Петербургтен Семейге айдалып келген Михаэлиспен, орыс демократтары Н.И. Долгополов, А.А. Леонтьевпен танысады. Бұл озық ойлы азаматтардың А-дың саяси-әлеуметтік көзқарасына игі ықпалы болғаны сөзсіз. Бірақ ол орыс мәдениетімен, әдебиетімен, демократтық көзқарастарымен осы кісілер арқылы та-

ныcты деу ағаттық болар еді. Бұл тұста Мұхтар Әуезовтің «Ал кейін орыс тілін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған Абай өзгын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтың мұраларын окып, терең тәрбие алды. Абайдың классик акын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсак, әрі Абайға, әрі орыс халкының ұлы мұрасына және ұлы даналарына киянат сөз айткан болар едік», – деген тұжырымын келтірсек те жеткілікті (сонда, 51-52-б.). А. осылайша Европаның Гете, Байрон сиякты акындарын, Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сынды ғұламаларының туындыларын окыды. Сөйтіп, Әуезовтің сөзімен айтканда, «1884 жылдары, жасы кырыкка таман ілінгенде ол дүниеден коп мағлұматы бар кісі болды» (сонда, 54-б.). А. осы тұста, 1886 ж. досы Михаэлистің ұсынысымен Семей облыстык статистика комитетінің толык мүшесі болып сайланды.

1885 ж. мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің генерал-губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына карайтын бес уездің 100-ден астам би-болыстары бас коскан төтенше съезд өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған А-ға «Семей казактары үшін кылмысты істерге карсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылады. А. бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені үш күн, үш түнде әзір етті. Бұл казак кауымында ежелден калыптаскан кертартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің халыкты канаушылыкка, зорлык-зомбылыкка негізделген заңына да ұксамайтын, өзгеше құжат еді. Оның, әсіресе, ұрлык, кылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірак А-дың атак-даңкын осынша көкке көтерген Қарамола съезінен кейін оның дұшпандары тіпті еліріп кетеді. 1891 ж. Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұкыр сайлауындағы жанжалға, Абай өміріне кастандыкка әкеп соктырады. Акын бұл жанжалдың барша жиренішті сырын, өзінің ак екендігін Сенатка хатында барынша айғакты деректермен дәлелдеп береді.

А. өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе куған...») бастаса, өз өлеңдерін шығаруды, шамамен, 1880 – 1997 жж. аралығында көбірек колға алған. Өлеңдерін әркімдердің атымен таратып, Көкбай атынан бастырған акын жазған өлеңдерін «жинауды» шәкірттеріне 1896 ж. ескерткен. Ал карасөзбен жазылған ғаклия-өсиеттерін 1890 – 1898 жж. аралығында колға алған.

А. үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдадан: Акылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен: Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайыл, Кенже деген жеті ұл, үш кыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпак көрген жок.

А. акындык шығармаларына казак халкының әлеуметтік, коғамдык, моральдык мәселелерін аркау еткен. Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Біркатар әлем

ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қарасөздері» тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық терендігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

А. өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруді тек 80-жылдардың орта кезінде қолға алды. Ақынның осы тұста (1882 – 1886) жазған өлеңдері – идеялық және көркемдік жағынан өте жоғары, терең ойлы. Бұл ұзақ та өнімді ізденістерінің нәтижесі еді. Осы кезеңдегі шығармаларында тұжырымдалған идеялар мен тақырыптардың өрісі негізінен ақынның соңғы жиырма жылдағы бүкіл шығармашылығына арқау болып, үнемі тереңдеп, дамып отырды. А. қазақтың жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салды. Оның ақындығы сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге ойшыл ақын. А-дың кеменгер ойшылдығы оның қарасөздерінен, әсіресе, дінге қатысты, Алланың болмысы иманды лық туралы терең толғаныстарынан айқын аңғарылады. А. поэзиясы өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді. Бірақ ақын шығармалары жарты ғасырды қамтитын дәуірді танытады деу аз. А. поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын да танып-білуге үлкен септігін тигізе алады.

Кәкітай Ыскақұлы жазып, ақынның 1909 жылғы жинағына енгізілген мақаладағы деректер (Әлихан Бөкейханов та А. өмірі туралы алғашқы мақалаларын соларға сүйеніп жазған) кейін бірте-бірте толықтырылып келді. Мұхтар Әуезов осыларды және өзі жинап қосқан материалдарды негізге алып, ақынның өмірбаянын кеңейтіп, жүйелі түрде жазып шықты. Ал Ахмет Байтұрсыновтың 1913 ж. «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы ақынның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын анықтап берді. Осы мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп А-ды аса жоғары қояды. А-дың әдебиеттегі орнын анықтап, шығармашылық мұрасының танымдық, тағылымдық, көркемдік мәнін бағалау мәселесі өткен кезеңдердегі, әсіресе, 1920 – 1930 жж. идеологиялық талас-тартыстармен байланысты болды. Одан кейінгі кезде де (50-ші басы) идеологиялық қатаң қағидаларды желеу қылған әртүрлі жансақ пікірлер бой көрсетіп жүрді. А-дың өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі 1940 – 1950 жж. кең көлемде жүргізіліп, жаңа белеске көтерілді. Абайтанудың өз алдына дербес ғылым саласы болып қалыптасуына М.Әуезовтің көп жылғы зерттеу еңбегі негіз, тірек болды. Ақынның өмірі мен шығармашылығын кең қамтып, тереңдеп ұғып түсінуге, бірнеше арнада ғылыми-зерттеулер жүргізуге М.Әуезовтің кейін тұтаса келе төрт томдық үлкен эпопея болып шыққан романдарының 1942 – 1957 жж. арасында бірінен соң бірі жарық көруі елеулі әсер етті.

А. шығармашылығын қазіргі көзқарастар деңгейінде талдап, тереңдеп

түсінуге соңғы кездегі іргелі зерттеу еңбектер айтарлықтай үлес косты. А-дың 150 жылдық мерекесі біздің елімізбен катар ЮНЕСКО-ның арнайы шешімі бойынша алыс-жакын көптеген елдерде аталып өтті, шығармалары ондаған тілдерге аударылды. Қарағанды облысында кала, Шығыс Қазақстан облысында аудан, Семейде, Каркаралыда, Жидебайда әдеби-мемориалдық мұражайлары бар. Алматы, т.б. калалардағы театрларға, көшелерге акын аты берілген.

А-дың шығармашылық дәстүрлерін дамытып, жалғастырған ізбасар акындардың бірі – казак поэзиясының біртуар аса көрнекті кайраткері Мағжан Жұмабаев. Ол теңдесі жок лирик акын ретінде А-дың өз көңіл-күйін және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдык шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырды. Ж-тың азамат, акын ретінде калыптасуына 1909 ж. Петербургте жарык көрген А-дың өлеңдер жинағымен танысуы ыкпал еткені сөзсіз. Ж. он сегіз жаска келгенде 1911 ж. «Атакты акын, сөзі алтын Абайға» деген өлең жазды. Өзінің тұңғыш жинағында жарияланған осы өлеңінде ол:

«Шын хакім, сөзің асыл –
баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе
дәмі кетпес.
Карадан хакім болған
сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес», –

дей келіп, ай өтер, жыл өтер, дүние көшін тартып кете берер, ал ел-жұрттың көзін ашып оянған сайын сенің кадірін артып, каснетінді халкың ұккан үстіне ұға түсер деп ой түйіндеуі – «казактың бас акынын» тұп-тура казак зиялыларының көсемі Ахмет Байтұрсыновша түсініп, кемеңгер А-дың кайталанбас талантына бас июінің, акындардың акынының каламгерлік жолына түсуінің айкын айғағы. Сөйтіп, Мағжан Абай үлгісімен өзінің шығармашылык ортасында акындык келбетін айкындап, шеберлігін шыңдай бастады. Алғашкы акындык сапары басталғанда оның алдындағы адастырмас Темірказығы А. болды. Жас акын алғашкы тырнакалды өлеңдерін А. үлгісімен жазды. А-ды ұлы ұстаз, дана ғалым, философ хакім деп бағалайды. А. өлеңдеріндегі кейбір оралымдарды құбылта пайдаланады. «Тыныш ұйыкта кабірінде, уайым жеме», «кор болды кайран сөзім боска деме» деген жолдардың төркіні белгілі, ұлы акын сөзі мәңгі жасайтынына ерекше сенім бар.

А-дың поэтикалык мектебінің тағылымдарының ізі Ж. жырларында сайрап жатыр. Казак өлеңіне А. әкелген жана өлшем, үлгілерді, соны образдарды, сөз тіркестерін жас акын кеңінен колданады. Ең терең жакындык – акындык, көркемдік мұраттардың туыстығында. А. барған мәңгілік такырыптарға Мағжан да барған, өз талантына, өз заманына лайык жаңаша көркемдік игіліктер жасаған. Осылай Ж. казак әдебиетінде А-дан кейінгі дәуірде табиғат, махаббат, философия лирикасының ең үздік үлгілерін тудырды.

Ж. шыккан аса бинк эстетикалык тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. А. дәстүріндегі жыл маусымдарына ка-

тысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибеге ден коя отырып, жаңа көркемдік ізгіліктер жасады. Бұл топтағы жырларда кескін өнерінің тәсілдері, сәуле мен көленкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, әртүрлі ракурс, этюд, түрлі астастыру принциптерін пайдаланғанын байқауға болады. А-дан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Ж. Ол тыннан 8-9 жаңа өлшеу туғызды. Бәрін бірдей санаудың кажеті жок. «Сап-сары бел», «Бір әзпетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс», тағы баска өлеңдері А. өлшеуінде жок.

Қазак лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе, Европа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыракка батыл да еркін енгізген Ж. А. тағылымдарын жаңғыртып, эпикалық жанрда поэманың ыкшам түрлерін калыптастырды. Олардың катарында «Қойлыбайдың кобызы», «Коркыт», «Түркістан», «Окжетпестің киясында», «Батыр Баян» шығармаларын атауға болады. Ж. – ұлы А-ды бұрынғы-соңғы казак әдебиетшілері ішінен, Ә. Бөкейхановты айтпағанда, ең алдымен жырлаған акын. Мағжан да, Жүсіпбек те, Шәкірім де А-ды пір тұтты. Ж. А-ды пір тұтып каңа койган жок, оган катты еліктеді. А-дан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, школ (мектеп) ашкан күшті акын – Мағжан. Ол шәкірттеріне А. өлеңдерін окытып-үйретеді, олармен бірге А-дың жаңа жыр жинағын талдайды. Ж. осылай А-ды жүрегімен ұғынған. Олардың жырларындағы үндестік те осыны дәлелдейді. Қазак үшін А. калай қайғырса, Ж. та солай капаланады. Өзінің ұлттық таным-тағылымы жеткен биікке ол өз халкының да орнығуын тілейді, ботадай боздайды, аңсайды, армандайды, әйтеуір, өзінің ұлтын сол асқаралы заңғардан көргісі келеді. А-дың бүкіл өлең-жырлары, соларға коса карасөздері ұлтты өзгелермен терезесі тең, тіпті, олардан биік өрге шығаруды көксеуден туса, осындай ойлар Ж-тың да жүрегіне от береді, оны лаулатады, күш-қайрат пен ерік-жігердің кызуымен қайнатады. Ол да ағартушылық арнада жазылған өлеңдерінде надандыкты түйрейді, халкын өнер-білімге шакырады. Мағжан А-дың: «Ұстаздык еткен жалыкпас, үйретуден балаға», – деген өлең жолдарын жиі еске алады екен. Дәрігерлер Гиппократ антын калай сактаса, ол да Абай сөзін солай сактайтын. Осы себепті де ол өзінің «Педагогика» сиякты тамаша еңбегін «Ұстаздык еткен жалыкпас» деп аяктайды.

Ж. Әбділдин:

«АБАЙДАН СОҢҒЫ АҚЫНДАР» – Мұхтар Әуезовтің макаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында жарияланған. Кейін «Қазак әдебиеті» газетінде (1990, 10 тамыз), «Жұлдыз» журналында (1997, №9), шығармаларының 50 томдык толык жинағының 1-томында (1997) басылды. Макалаға «Екеу» (Ж. Аймауытовпен бірге жазған) деп кол койған. Мұнда Абайдан соңғы кезең-

де әдебиетімізде өлең жазушылардың көбейіп, халықтың сана-сезімі оянып, жаңаша сипат ала бастағаны сөз болады. Оған «бірінші – Абай, екінші – «Қазақ» газеті, үшінші – жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды», – дейді. А-дың қазақтың қоғамдық тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеп, мінезін, мінін, сырын терең ашып, халықты ілгері жетектеп, оянуына, ойлануына себепші, түрткі болғандығы туралы «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласындағы ой-пікірлерін жалғастырып, дамыта түседі. «Бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды» деп қазақ әдебиетінің тақырып, мазмұн, түр жағынан байып, мән-мағынасының тереңдей түсуіне идеялық бағыт-бет нұсқап, жол ашқанын атап көрсетеді. А-дан соңғы қазақ ақындарын биік талап тұрғысынан саралап, негізгі үш топқа бөліп жіктейді. Бірінші топқа «сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер» жазатын сыршыл (лирик) ақындарға: Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовті жатқызып, өлеңдеріне көркемдік талдаулар жасайды. Екінші топтың өкілдері ретінде «халықшыл (народник) ақындар»: Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөненталев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуовті атайды. «Бұлардың өлеңі сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті» деп олардың сөзінің алғашқы топтағыларға қарағанда халыққа бір атасының жақын тұратынын, өлеңінің сезім мен киялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығының мол екенін, олардың әркайсысының өзіндік өрнектерін қысқаша, дәл сипаттау арқылы ашып көрсетеді. Үшінші топқа «ескі өлең, жыр, такпақтарға еліктеп, желе жортақтатып, құбажондатып кететін» ескінің саркыты Омар Қарашевты жатқызады. Бұл аталған ақындардың жетістік жақтарымен қатар кемшілік жайларына да тоқталып, әлі де көп ақындарымыз да шын «ақындықтан» гөрі «өленшіліктің» басымдау екенін атап айтады. Өлеңге қойылатын негізгі шарттарды айқындай келіп, ақындық өнері кем кісілердің «өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін» екенін ескертеді. Әдебиеттің күшеюіне өленнен өзге түрлерімен де, «қара сөзбен қызмет етуге де болады», «тегінде әр жақты болмай, бірбеткей, сыңар жақ болу да кәте деп білеміз» деген тұжырым жасайды.

К. Сыздықов.

АБАҚТЫ – қылмыс істеген немесе күдікті деп танылған адамды уақытша қамауға арналған орын. Түрме деп түсінуге де болады. Сот жазасын өтеу үшін қылмыскерді бас бостандығынан айырып, бұрынғы қауіпті қылықтарын одан әрі өрістетуіне жол бермеу мақсатымен оны басқа адамдардан, қоғамнан оқшаулап, абақтыға қамаған. Байырғы қазақ тұрмысында қылмысты, жазалы адамды уақытша қамау қажет болса, қолын артына байлап, кісе белдігін, баскиімін шешіп (әйелмен бірдей

болды дегенді білдіреді), тізерлетіп, бетіне күйе жағып киіз үйдің керегесіне немесе үлкен арбаның доңғалағына таңып тастаған. Қасына күзетші қойған. Сондай-ақ, уақытша қамаудың киіз туырлыкка орап таңып тастау тәрізді тәсілдері де болған. Жазалы, қылмысты адамды қауымнан оңашалаудың мырзақамақ түрме деген түрлері қазақ жерінде XIX ғасырдан тарала бастады. Ертеде көшпелілер арасында болмаған, кейінгі кезде пайда болған орыс отаршылдығымен бірге келген бұл «құбылысты», қазақтар тосыркап қабылдағанын Аркадағы әнші Мәдидін:

«Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жаксы-жаман толады екен.
Ішіне сол шіркіннің кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен»,
– деген өлеңінен байқауға болады.

Ж. абактының дәмін ерте татты. Алғашында Омбыда окып жүргенде «Үш жүз» партиясының жаласымен абактыға жабылса, кейін 1929 ж. «Алка» атты жасырын ұйым құрды деген айыптаумен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алғанымен, 1937 ж. Алматыда кайтадан камауға алынады. Акын абактыда отырған жанның халін былайша суреттейді:

«Күн түсірмес мейірімі жок кара тас,
Ағармай ма мұндай үйде кара шаш?
Жанында жок жаны ашитын
жакы жүз,
Тасбауырлар ынғайына карамас».

Ж. Есенгелді.

«АБАҚТЫ» – кітап. Авторы – Д. Досжанов. А., «Қазақстан» баспасынан 1992 ж. жарық көрген. Көлемі 288-бет. Таралымы – 20000 дана. Бұл кітапта А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің сталиндік зұлматка ұшырауы, істі болу тарихы Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының мұрағат деректері аркылы баяндалған. Автор 60 жыл бойы құпия сакталып келген құжаттарды зерттеп, шындыкты ашуға көп енбек сіңірген. Бес арыстың көрген корлығы, тартқан азабы окушыны бейжай калдырмайды. Көпшілік окырман қауымға арналған.

Ж. Есенгелді.

АББАСОВА Қарлығаш (3.1.1985, Алматы обл., Үшарал а.) – әнші. 2011 ж. Қызылжар (Петропавл) каласында өткен акынның шығармашылығын насихаттауға арналған «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған!» деп аталатын фестивальда композитор Жоламан Тұрсынбаевтың Ж-тың сөзіне жазылған «Сарыарка – сайран жерім-ай» әнін орындап, бас жүлдені женіп алды.

Н. Оқашева.

АБДУЛЛИН Хамза (10.2.1919, Солтүстік Қазақстан обл., Мағжан Жұмабаев (бұрынғы Булаев) ауд. – 2001, Алматы к.) – акын, аудармашы. 1932 – 1936 жж. Омбы каласындағы ауыл шаруашылығы жұмысшылар факультетінде окиды. Оны тамамдағаннан кейін Қызылжарда облыстық халық ағарту бөлімінде кызмет істеген. 1937 – 1940 жж. Алматыдағы Коммунистік журналистер институтында окып, оны бітірген соң «Социалистік Қазақстан» (казіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, Солтүстік Қа-

зақстан облыстық газетінде, «Жаңа фильм» журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1941 ж. әскерге алынып, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысады. Соғыстың алғашқы жылдарында тұтқынға түсіп, концлагерь таукыметін тартады. Кейін Мұстафа Шоқай ұйымдастырған Түркістан легионының қатарында болады.

А-нің алғашқы өлеңдері, очерктері, әңгімелері мен фельетондары 1936 жылдан бастап баспасөз бетінде жарық көре бастаған. 1940 ж. бүкілқазақстандық әдеби конкурсқа ұсынылған «Шойын жолда» атты дастаны бірінші бәйгеге ие болды. Ақын шығармашылығының негізгі саласы – көркем аударма. Солардың елеулісі – грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» дастаны. А. Жұмабаевтар әулетіне құда болып келеді. Ол Мағжанды көрген. Ақын Алматыда тұрғанда үйіне барып жүрген. Өзі Ж-тың өмірі мен шығармашылығы жайлы «Мағжан – жыр жұлдызы», «Жолдыөзек жазығы», «Сұм өмір абақты ғой саналыға» («Мағжан әлемі», А., «Асыл кітап», 2009, 84-92 б.), «Магжан» («Музы Прииртышья» журнал, 1989, тамыз-қыркүйек, 2-3 б.), «Свеча в ураганной ночи: О творчестве каз. поэта М. Жумабаева» («Нива», 1991, №1, 33-36 б.), «Если народ разбужу я стихами...» («Северный Казахстан», 18.1. 2008 ж.) т.б. көптеген мақалалар жазды. 1993 ж. Қайыржан Қасеновпен бірге «Мұстафа мен Мағжан Тұран елінің даналары» деген кітап құрастырып шығарды. Өмірінің соңғы жылдарында ақын өміріне қатысты кейбір деректерді бұрмалап, Ж-тың жары Зылиханы қаралаған материалдар жариялады («Қазақ әдебиеті», 11 қаңтар 1991 ж.).

З. Құсайынов.

АБЫЛАЙ (Әбілмансұр) (1711 (Ресей деректерінде 1713) – 23.5.1781, Оңтүстік Қазақстан обл., Арыс жағасы) – ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат. Арғы тегі – Жошы, бергі бабалары – Әз-Жәнібек, одан кейін Есім хан. А. – Салқам Жәңгір ханың бесінші ұрпағы. Ол «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Бұл, Ш.Уәлихановтың айтуынша, А-дың 13 жасар кезі болса керек.

А. ел өміріне ерте араласты. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, ол жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың А-ға «Сен жиырма жасқа жеткен соң Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің», – деуі – осының дәлелі. Ел әңгімелері, тарихи жырлар Сабалақ әуелде Бөгенбай жасақтарының құрамында жорық-жортуылдарға қатысқанын айғақтайды. Тарихи деректерден Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында 1730 – 1731 жж. бірнеше үлкен ұрыстар болғаны белгілі. 1732 ж. жоңғарлардың 7 мыннан астам әскері Орта жүздің шығыс шетіндегі ауылдарына шабуыл жасап, тегеу-

рінді тойтарыска тап болады. Дәл сол жылы казак пен калмак арасында үлкен майдан болганы кытай деректерінде атап көрсетілген. А-дың әскери кайраткерлігі, колбасылык кабілеті 1730 – 1740 жж. шайкастарда ерекше көрінді. Ол соғыска А-дың канды көйлек жолдастары: Қаракерей Қабанбай, Канжығалы Бөгенбай, Шакшак Жәнібек, Қарақалпак Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. казактың белгілі батырлары тізе коса катысады. Бұл да А-дың жауға карсы казак халкының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады.

1738 – 1741 жж. А. бастаған казак колы жоңғар баскыншыларына бірнеше мәрте соккы берді. 1742 ж. тұткиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың колына түскен А. Қалдан Серенде екі жылдай тұткында болды. Онымен бірге Жолбарыс сұлтан отырды. Ол Қ. С-мен тіл табысты. Осы жылғы күзде оларды (30 кыркүйекте) өз елдеріне жіберді. Жоңғарлардың тұткынынан келгеннен соң А-дың абыройы тіпті жоғары дәрежеге көтерілді. Енді үш орданың хандары, билері де онымен санасты.

А. өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандыктарына карсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765 – 1767 жж. А. колының Кокан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент калалары кайтадан казактардың иелігіне өтті. Ташкент алым төлеп тұратын болды. А. көреген саяси кайраткер бола отырып, калмактармен аса ауыр соғыстардан калжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялык жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да баска 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «камкорына» кіруге келісім береді. Сонымен бір мезгілде казак халкының тұтастығын сактау максатында Шың империясымен де карым-катынасын сактай білді. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара кайшылыктарын казак хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. А. 1745 ж. Қ. С. дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының так таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери куатынан айрыла бастауын және жоңғар-кытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі Ойраттардың уакытша билігінде калған казак жерлерін кайтаруға, елдің дербестігін толық калпына келтіруге барынша күш салды. А. казак елінің тәуелсіздігіне нұксан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сырткы саясат ұстанып өтті. Саяси ахуал тұракталған шакта А. казак жерінің бүтіндігіне кол сұккан баскалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754 – 1755 ж.ж. және 1764 ж. кыргыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып, Жауғаш, Көкжал Барак пен Шынкожа батырлар бастаған әскерлерді Аксу, Коксу және Шу бойында талкандайды. Осы себепті А. 1755 – 1765 жж. Кыргыз ұлысына карсы жорык жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, казак пен кыргыздың Нарынколдан Кордайға тартылған, күні бүгінге дейін сакталып отырған шекарасын аныктайды. 1771 ж. Әбілмәмбет хан кайтыс болған-

Абылай (Әбілмансұр)

нан кейін үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда А-ды хан көтерді. А. іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды. Ол Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Ж. «Батыр Баян» дастанында А-дың саясаткерлігін былай суреттейді:

«Алыстан орыс, қытай –
ауыр салмақ.
Жақыннан тыншытпайды
қалың қалмақ.
Артында ор, алдында көр,
жан-жағы жау
Сол кезде елге қорған болған Абылай
Көп жаудың бірін шауып,
бірін арбап».

А. өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. А-дың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Ж-тың кезінде және одан кейін де А-ды ұлттық типтік деңгейге көтере жырлаған ақындар кемде-кем. Ж. «Түркістан», т.б. өлең-дастандарында Алаштың А-ын ұлтымыздың бостандығының қайнары, ел тірегі, ұлт ұйытқысы деп батыл жырлаған. Оның «Батыр Баян» дастаны толығымен А-ды дәріптеуге арналған. Бұл – әдеттегі құр дәріптеу, дәрежелеу емес, ұлы ханның нағыз тарихи тұлғасын жырмен, өлең тілімен кескіндеу.

«Күндерде сонау – қара тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол кезде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз канша тауап моласына»,

– деген төрт жол өлеңінің өзі ғана ұлы ақынның ұлы ханға тағзымын ұқтырмай ма?! Ж. шығармаларында А. – кең-байтақ сахара жұртын біріктіруші, зор дауды бітістіруші, елдің тәуелсіз дербестігін сақтаушы ретінде сипатталады. Ақын А-дың бейнесін өлең сөзбен өрнектеді, оның көркем әдебиеттегі өлмес образын жасады. Сол арқылы ұлы тұлғаның ардақты есімін халық жадында мәңгі қалдыруға тырысты.

З.Тайшыбай.

АВТОНОМИЯ – белгілі бір мемлекет аумағында жинақы, топтасып өмір сүретін әлеуметтік қауымдастыққа берілетін ішкі өзін-өзі басқару, мемлекеттік билікті өзінше жүзеге асыру, жеке мемлекет болу, мемлекеттік құрылым құрамында конституциямен бекітілген, салыстырмалы түрде тәуелсіз саяси субъектілердің өзінше қызмет ету құқығы. Әдетте, тілдік, тұрмыстық және экономикалық ерекшеліктері бар аймақтарда жүзеге

асырылады. Көп этносты мемлекеттерде автономия – ұлт мәселесін шешудің мемлекеттік-құқықтық тәсілі ретінде жиі пайдаланылатын әрі белгілі аумақ шегінде қалыптасып, дамитын мемлекеттік құрылым. Кеңес өкіметі патша заманында бұрынғы езілген халықтардың бәріне автономия береді, әр халық өз тағдырын өзі шешуге ыктиярлы деген ой Алашорда басшыларын қуанышқа бөлеген. 1917 ж. желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда 2-ші бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайы өткізілді. Құрылтайдың күн тәртібіне енгізілген негізгі мәселелердің бірі қазақ-қырғыз автономиясын жариялау еді. Дегенмен, бұл мәселенің күрмеуі киын болып шықты. Ұзакка созылған айтыс-тартыстан кейін 1920 ж. Қазақ кеңестік автономиялық социалистік республикасы құрылды. Қазақ КАСР-ы орнағаннан соң ғылыми және практикалық білімнің жиынтығын бойына сінірген халық қана айбарлы да бай болады деп санаған Алаш қайраткерлері жас ұрпакка тәлім-тәрбие беруде, халкын мәдениетке сүйреуде жан аямастан кызмет етті. Қазақ КАСР-ның қазақ-қырғыз білім комиссиясының жұмысына Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанбек Қожанов, Жаһанша Досмұхамедов, Нәзір Төрекұлов, Жүсіпбек Аймауытов, Иса Токтыбаев, Санжар Асфендияров, Халел Досмұхамедов, т.б. бірге Ж. та белсене катысты. Комиссия қазақ даласында медресе мен мектептердің аздығын, қазақ тілінде окулыктардың жетіспейтінін алға тартып, ұлттық мектептер жүйесін құруды колға алды. Осы мәселе бойынша құрамы 5 адамнан тұратын бастауыш және орта мектептерге арналған қазақ тілінде окулық жазатын комиссия құрылды. Комиссияға окулыктан баска да ұлттық мектептерге арналған бағдарламалар, мұғалімдерге арналған нұскаулар, бала тәрбиесі жөніндегі кітаптар, барлық кырғыз-казак мектептерінде халықтық білім беру іс-шараларының ережелерін жасау, қазақ тілінде жазу үлгілерін енгізу, пайдалы кітаптарды, брошюраларды қазақ тіліне аудару, т.с.с. жұмыстар жүктелді. Сөйтіп, комиссия құптамаған окулыктар басылымға шығарылмайтын болды.

С. Сеңкібаев.

«АВТОНОМИЯ КІМДІКІ?» – Ж-тың мақаласы. «Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында «Жәжеке» деген бүркеншік атпен жарияланған. «Алаштың» құрылуы Ж-тың да жүрегіне қуаныш болып құйылды. Орынборда өткен алғашкы құрылтай съезіне Акмола облысынан катыскан екі делегаттың бірі Мағжан оку комиссиясына мүше болып сайланған-ды. Алайда, үміт акталмады. Бас басына би болғысы келгендер айтыс-тартыстың жетегінде кетті. «Автономия кімдікі?» деген шағын макала осындай сәтсіздіктерді қозғайды. Ол ел болу бағытындағы шалыс кадамдардың сырына үңіледі, окыған азаматтардың автономия ісіне жұмыла кірісе алмағанына, олардың арасындағы алауыздыктың жойылмағанына өкініш білдіреді. «Кеше, 17-18-19 жылдарда «автономия» деп атка мінген азаматтардың біразы казір автономияға үмітсіз, салкын карайды. Кіріскісі келмейді,

«тілегенің осы емес пе, неге кіріспейсің?» десең, «бұл – біздікі емес, жолдастікі» дегендей. Қазіргі халдің қожасы кейбір жолдаска жолыксаң: «Автономия – менікі, мен болмаған кісі аулақ жүрсін» дегендей. Мұның аты-ұғыспау, ұқпау ғой», – деп жазады. Ж-тың түсінігінде, ұлт ұйыспай ел болу жоқ. Бірлі-жарым жолдастың бостандығы Алаш елінің бостандығына кепілдік бола алмайды, бостандық дәмін тұтас ел татканда ғана автономия саясаты салтанат құрады, Алаш туы биік желбірейді. Демек, автономия «айлы, күнді, канды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін тоқесі, шаруасы бар – казактікі. Жүз жылдар орыс аксүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, құрығын найзадай таянған, ку толағай жастанған «Ер казактың автономиясы бұл!». Акын осылай Қазак автономиясы ашка, топка, руға бөлінбеген казактікі, біздің ұлттың игілігі деп жар салды.

Ж. Сулейменов.

«АДАСТЫМ» – акынның өлеңі. Алғаш рет 1922 ж. жинағында жарык корген. «Алаш» партиясын ұйымдастырып, казак елін дербес мемлекет етіп құрамыз деген зиялылар максаттарына жете алмағаннан кейін ертеңгі тағдырының не боларына көздері жетпесе де, казак халкы орыс тоқкерісшілерінің соңына еруге тиіс деп ұйғарды. Бұл бодандыкка өз ерікпенімен мойын ұсыну еді. Ендігі жерде бұл бұғаудан халкының жуык арада шыға алмайтынына көзі жеткен Мағжан осы өлеңін жазады. Ж. бұл шығармасына өзінің жеке басындағы жағдайды емес, ұлтының басына түскен ауыртпалыкты өзек етеді, «адастым» деп, анығын айтканда, «адастың» деп халкына ой салмакка ұмтылады. Алайда, бұл сөз сол кезде әлі саяси сауаты төмен елдің санасына жетпейді. Ел арасы бүлінеді. Бұрын сүттей ұйып отырған халыктың тоз-тоз болып кетуі ұлтым деп соккан акын жүрегін жаралайды. Ол тағдыры басқаларға ұксамайтын халкына бөтен елдің арман-максаты күштеп таңылып отырғанын: «Әлдекайдан шу шыкты, Кып-кызыл кан ту шыкты. Жердің жүзін түн басты. Шегір көзді сары шаш, Бәрі тырдай жалаңаш. Жан-жағымды жын басты», – деп бүкпесіз білдіреді.

Т. Зікірия.

АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКА – лирикалык поэзияның коғамдык-саяси өмірдің өзекті мәселелерін козғайтын үлкен бір саласы. Казак әдебиетіндегі азаматтык лирика көне түркі дәуіріндегі «Күлтегін», «Тонькөк» жазбаларынан бастау алып, XV ғасырдағы жыраулар поэзиясында биік белеске көтерілді. XIX ғ-да ұлы Абай шығармашылығы аркылы барынша тереңдей түсті. XX ғасырдың бас кезіндегі бұл сарын А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров шығармаларында әр кырынан көрінді. Казак поэзиясына өзіндік ерекшелігімен, дарынды болмысымен келген Ж. әуелде лапылдап тұрған сезімін, ынтыға үзіліп тұрған махаббатын жастык жалынымен жандырып жіберердей леппен жеткізуге ұмтылса, бірте-бірте

ой есейгендігін танытып, азаматтық лирикаға қарай ойысады. Мұнда да ол зарлы да өкінішті ой сезімдерін ерекше құдіретпен, шыңғырған жан даусының қуатымен жеткізіп, ішкі мұңы мен ашу кегін табиғи байланыстырып жіберді. Ақын өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үңіледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды.

Азаматтық лирикаға жататын күшті жырлар Ж-та өте мол. Оларының көбі – тек қана патетикалық асқынған сөздерге ғана құрылмай, ақынның ішкі мұңы мен ашу-кегіне табиғи байланысып отыратын бояулы, әуенді өлеңдер. «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін», «Айда атыңды, Сәрсембай», «М.Д. абактыдан шыққанда», «Өткен күн» сияқты өлеңдерін мысал ретінде алуға болады. Барынша қуатты, жігерлі жазылған «Орал», «Орал тауы», «Түркістан» сияқты өлеңдер де осы циклға жатады.

Р. Нұрғали.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ОТРЯДТАРЫ – кулактардың басы артық астығын алу, кенеске қарсы көтерілістерді басу, ауылда саяси сауаттандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған құрылым. 1918 – 1921 жж. кеңестік Ресейдегі жұмысшылар мен шаруалардың азық-түлік отрядтары РСФСР Азық-түлік өндірісі халкомының азық-түлік реквизициялық армиясына кірді. Іс жүзінде астық халықтың барлығынан алынды, бұл Қазақстанды ашаршылыққа ұшыратты. Алғашқы азық-түлік отрядтары матростар мен жұмысшылардан құрылып, 1917 ж. қараша айында елдің астықты аймақтарына аттанды. Олардың көмегімен тек 1918 ж. қаңтар айында ғана Ақмола губерниясынан Петроград, Мәскеу, Иванов және өзге өнеркәсіп қалаларына 580 мың пұт астық жөнелтілді, ал ақпанда – 1967 мың пұт, наурыз айында – 3 309 мың пұт. Тұтастай Қазақстан бойынша 1918 ж. «ақ чехтардың көтерілісіне» дейін Азық-түлік отрядтары 20 млн. пұттан астам азық-түлік өнімдерін жіберді. Азық-түлік отрядтары 1921 ж. жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) келуімен таратылды. Ж. осы солақай саясаттың зардаптарын жоюға тікелей атсалысты.

В. Трусов.

АЙБАСОВ Бірмұхамбет (Біркей) (12.9.1895, бұрынғы Ақмола обл., Атбасар у. Ұлытау бол. – 28.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Қазан төңкерісіне дейін білім алған алғашқы қазақ зиялыларының бірі. Ақпан буржуазиялық және Қазан төңкерістеріне белсене қатысушы. Орыс-қазақ бастауыш мектебін бітірген. А.1917 – 1921 жж. Сібірдегі кооператив ұйымының басқарма мүшесі. Кир республиканың Сибревкомдағы өкілі болды. 1920 ж. РКП (б) қатарына өткен. Азамат соғысы аяқталған соң Солтүстік Қазақстан губерниялық жер

басқармасының меңгерушілігіне (1922 – 1925) тағайындалады. А., шын мәнінде, Солтүстік Қазақстан облысының тұңғыш бас агрономы болды. Жағдайдың күрделілігіне қарамастан, А-тың басшылығымен тұңғыш ауыл шаруашылығы кооперативтері, ұжымшар, кеңшарлар, ауылдар құрылды.

А. 1921 – 1927 жж. Ақмола губернялық аткару комитетінің ауылшаруашылық бөлімін басқарған, РКП (б) Қарқаралы уездік комитетінің хатшысы, «Қосшы» одағының төрағасы. 1927 – 1933 жж. Семей губернялық жер басқармасының бастығы, Мәскеудегі қызыл профессорлар институтының тыңдаушысы. 1933 – 1937 жж. – Қазақстан Саяси баспасының бас редакторы. А. 1937 ж. тұткындалып, сол жылы атылды. 1957 – 1958 жж. ақталды А-тың есімімен Алматыда, туған жері – Жезказғанда көшелер аталады.

А. – сан қырлы тұлға. Өлеңдері «Айқап» журналында жарияланып тұрды. Қазөлкекомның тапсыруымен қазақ әдебиеті хрестоматиясын құрастырды. «Кедей сөзі» газетіне редакторлық етті (Омбы қ.,1920 – 1921).

А. Омбыда оқыған, «Кедей сөзі» газетінде қызмет істеген жылдары Ж-пен жақын араласқан, пікірлес, мұдделес болған. А. 1913 – 1917 жж. Омбы ауылшаруашылық мектебінде оқи жүріп, «Бірлік» мәдени-ағарту одағының хатшысы болғанда Ж. осы одақтың жеке басылымына редакторлық етті.

Қ. Мұқанов.

«АЙҒА» – ақынның 1910 ж. жазған өлеңі. Көлемі әркайсысы 4 тармақтан тұратын 12 шумақ. Татардың әйгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимов өзінің 1911 ж. жарық көрген «Қазақ қызы» деген романына осы өленнің:

«Кең дала, көресің ғой анау жаткан,
Жібектей жасыл шоптер
бетін жапқан,
Аскар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан», – деген шумағын эпиграф етіп алған. «Шолпаннан» басқа жинақтарының барлығына енген.

«АЙДА АТЫҢДЫ, СӘРСЕМБАЙ» – Ж-тың 1910 ж. жазған өлені. Мамыр айында Мағжан Бекмұхамед Серкебаев (КСРО халық әртісі Е. Серкебаевтың әкесі) екеуі Қызылжар қаласындағы Мұхамеджан Бегішев ұстаздық еткен медресені бітіріп, елге оралады. Оларды алып келуге Мағжанның әкесі Бекен Сәрсембай деген көшірін жібереді. Бұлар ауылға келген соң Бекен қой сойып, конақасы береді. Тамақ піскенше Мағжан өлеңді жазып та тастайды, дастарқан басына жиналған ауыл кісілеріне оқып береді. «Шолпан» және 1992 ж. шыққан кітабынан басқа жинақтарының бәрінде бар.

Ақын бұл өленінде ауқымы кең проблемаларды қозғайды. Аталған өлең қала мен даланы салыстырудан туған сезімдерді сөйлетеді. Адамның адамша өмір сүруі үшін қала жақсы ма, жоқ әлде дала жақсы ма? Ақын бұл сұраққа үзілді-кесілді сипатта сыңаржақ жауап қатпайды. Қаланың елге әкелген жақсылықтарын мойындай келе жайсыз тұрмыс-салтын, тамақтан басқа тілегі жоқ доңыздығын, ауыр, сасық пісін, тұрақсыз әйел-

дерін шенеп, істен алғысыз етеді. Бұдан соң лирикалық кейіпкер даланы есіне алады. Жібек желді, тәтті, кәусар көлді, жан шырағы Сарыаркасын сағынып, қаладан тез шығуға, еліне тезірек жетуге асығады. Сәрсембайды да «айда атынды» деп асықтыра түседі.

Ж. Көкбас.

«АЙҚАП» – демократиялық-ағартушылық бағыттағы қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911 – 1915 жж. арасында Троицк қаласында алғашында айына бір рет, кейін айына екі рет шығып тұрған. 1-2 мың данамен 88 нөмірі жарық көрген. Алғашқы редакторы – демократ жазушы М.Сералин. «А.» қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Журналда қазақ ауылдарындағы оқу-ағарту жұмыстары, әйел теңдігі, отырықшылық өмір салтына көшу, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға қатысу жөніндегі саяси мәселелер көтерілді. «А.» журналының 1911 ж. 2-санында Ж-тың «Жатыр», 9-санында қазақ қызының басынан өткен қайғылы оқиғаға құрылған «Шын сорлы» деген өлеңдері басылды. Акын бұдан кейін де басылыммен байланысын үзген жоқ. Ж-тың осы басылымда жарияланған «Күз күні», «Жазғытұры», «Дала, қала», «Бұлбұл», т.б. өлеңдері оның атын аз уақытта жалпақ елге жайды.

К. Мұқанов.

«АЙҚАП» – энциклопедия. Құрастырушылар – Ү. Сұбханбердина, С.Дәуітова. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы дайындаған. Бас редактор – Р. Нұрғалиева. «А»., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көлемі – 368 бет. Таралымы – 3000 дана. Энциклопедия «Қазақ баспасөзі тарихынан», «1911 жыл», «1912 жыл», «1913 жыл», «1914 жыл», «1915 жыл», «Айқап» журналының белгілі авторлары» атты тараулардан және «Айқап» журналына басылған мақалалар мен хат-хабарлардың мазмұндалған библиографикалық көрсеткіші» мен «Авторлардың алфавиттік көрсеткішінен» тұрады. 1917 жылға дейін қазақ жерінде бірнеше газет-журналдар шыққан. Солардың бірі – қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайы, тарихы, мәдениеті мен оқу-ағарту ісі, тілі мен әдебиеті хақында келелі сөз қозғаған, шығармаларының денін ғылыми әрі көркем туынды түрінде жариялаған «Айқап» журналы. 1911 – 1915 жж. аралығында 88 саны ғана жарық көрген «А-тың» бетінде А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, М. Дулатовтың алғашқы шығармалары жарияланған. Бір ерекшелігі, мұнда басқа да көптеген танымдық материалдармен қоса қазақ шежіресі, көне жыр-дастандар мен ертегі, жұмбақтар, қазақ хандарының өмірі туралы деректі мақалалар, халықтың әдет-ғұрпын баяндайтын небір қызықты мағлұматтар беріліп тұрған.

С. Арғынғазин.

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889, қазіргі Павлодар обл., Баянауыл ауд. Қызылтау атырабы – 1931, Мәскеу қ.) – акын, жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, әдебиет зерттеуші, публицист, ұстаз. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дән-

Аймауытов Жүсіпбек

дебай мен Қуан – текті, дәулетті, атақ-абырой біткен, ел арасындағы беделді, білікті кісілер. А. жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген. 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі сыныптық мектепте, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауылшаруашылық мектебінде, екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады. 1911 – 1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 ж. Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны 1918 ж. тамамдайды. 1919 – 1922 жж. Республикалық Халық ағарту комиссариатында алқа мүшесі, Семей губерниялық оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы. 1922 – 1924 жж. Қарқаралыда мұғалім, 1924 – 1926 жж. «Ақжол» газетінде әдеби қызметкер (Ташкент), 1926 – 1929 жж. Шымкент педагогикалық техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. кенестік қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. атылды. Алмағайып заманда өмір сүрген А. өзінің қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырды. Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды.

А. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның педагогика, психология және әдістеме саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) сияқты т.б. ғылымның бастауында тұрған ірі еңбектер бар. А. әдебиет, эстетика, сын саласына араласты, сан алуан публицистикалық мақалалар жариялады: «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау» еңбектері – қазақ әдебиеті тарихында өлмейтін орны бар шығармалар. А-тың қаламынан туған мол мұраны М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зерделеп өткізіп, 1996 – 1999 жж. бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты. Ол – қазақ әдебиетінде көркем прозада алғаш лиризм әкелген, сондай-ақ, пейзаждың үздік үлгісін, психологизмнің терең иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер. А. қаламынан туған мұралардың қай-қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист

суреткерлігінің, жалтаксыз ұлтжандылығының жаркын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласкан қоғамның мұктажын өтеуге, оның ак-карасын парыктауға арналған. Ол драмалык шығармалар жазуға ертс талпынған. Семейде окыған жылдары жастардың ойын-сауык үйірмелеріне белсене катысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер койған, өзі басты рөлдерде ойнаған. 1917 ж. 17 желтоксанда Семей жастары «Ескі тәртіппен бала окыту», «Рабиға» атты бір перделі пьесаларын койған. Кейін автор шағын пьесалармен катар көппердели драмалык туындылар жазған. «Жас әскер» («Молодая гвардия») сиякты төңкеріс дәуірінде кең тараған күрес жырларын казакшаға аударған. Жазушының балаларға арнап жазған «Жаман тымак», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш кыз» атты суреттермен безендірілген кітапша ертегілері бар. Өмірінің көбін баспасөз маныда өткізген жазушы үлкен публицист ретінде де танылды. Сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде ол жазған макалалар, өткір фельетондар, хат-хабарлар көп. 1988 ж. акталды.

1923 ж. А. «Талап» қоғамы бағдарламасының аясында Ташкентте студенттер алдында «Мағжанның акындығы туралы» баяндама жасады. Ол бұл еңбегінде: «Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт еріткен, мектеп ашкан күшті акын, ол – түрікшіл, санашыл, дарашыл, уайымшыл, өзімшіл акын... Мағжан – нәзік сезімнің, тәтті киялдың акыны. Ұлт акыны!» – деп Ж-ка жоғары баға береді. Олар жиі кездесіп, пікір алысып тұрған, біріне-бірі сенген. Сондыктан да Ж. өзі жазған «Алканың» «Табалдырык» атты бағдарламасын алғашкылардың катарында сол кезде Ташкент каласында шығатын «Акжол» газетінде кызмет істеп жүрген А-ка да жіберген. Осыдан кейін А. өзінің әдеби бағыттардың ағымдарымен таныс емес екендігін айтып, Ж-тан осы мәселе турасында жазылған кітаптарды жіберуді өтінеді. Ж. оған «Символизмнен бастап Казан төңкерісіне дейін» деген кітапты жібереді. 1924 ж. 16 маусымында Жүсіпбек Аймауытов пен Молдағали Жолдыбаев Орынбордан Ж-ка жолдаған хаттарында былай деп жазды: «...Сен – акынсың. Күніміз де, көз алдымызда ұстайтын казак әдебиетінің «көгіне өрмелеп шығып, Күн болатын» үміткер акын сенсің. ...Сары уайымшыл болса да, бүгінде Байронды төңкеріс акыны деп санап отыр. Төңкерісшіл болмаған акынның өркені өспейді. Өркеніннің өсуіне тілектес болғандыктан да, дос-жараның сөз айтып, көңілдегі мүддемізді шығарып отырмыз...».

Е. Амантай.

АЙНАБЕКОВ Ержан (16.8.1966, Онтүстік Казакстан обл., Сайрам ауд. «Қайнарбұлак» кенш.) – мемлекеттік кызметші, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1991 – 1995 жж. Казак ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын, 1995 ж. Германияда экономикалык мәселелер бойынша білім жетілдіру курсынан өткен. 1996 ж. Онтүстік Казакстан

облыстық әкімдігі аппаратында аға референт, жетекші маман, бөлім бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық басқармасының өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік аға инспекторы болды. 2001 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сату департаменті бастығының орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық басқармасы бастығының орынбасары, бастығы, Мағжан Жұмабаев, Айыртау аудандарында аудан әкімі болды. Қазіргі уақытта ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінде департамент басшысы. А. Мағжан Жұмабаев ауданында қызмет істеген кезінде ақын шығармаларын насихаттауға көп еңбек сінірді, осы бағытта түрлі бұқаралық шаралар ұйымдастыруға ұйытқы болды.

А. Ысқақова.

АЙНАБЕКОВ Салық (т.к.ж.б.) – революционер. Гүлбаһрам Батырбеккызы Сейфуллинаның (С.Сейфуллиннің жары) немере ағасы. Қазақстан Советінің III съезінің делегаты, КирЦИК-тің мүшесі (1923) болып сайланған. Отыз жетінші жылдары, бірер жыл лагерьде отырып шыққан. Кезінде өте белсенді азамат болған. А.1929 ж. Қызылжарда кенес-партия мектебін басқарған. Ж-пен қызмет барысында араласып жүрген. Ол өзінің естелігінде «М. Жұмабаев алғаш рет 1929 жылдың 29 марты күні ұсталды», – деп жазды.

«АЙРЫЛҒАНДА» – Ж-тың Гүлсім Камаловаға арнаған көп өлеңдерінің бірі. Көлемі 4 тармақтан тұратын төрт шумақ. 1922 ж. өлең тақырыбындағы «Г-ге» деген жақша ішіндегі сөз болмаған. 1923 жылғы басылымда енгізіліпті.

АЙСАРИН Әбдірахман (1898, бұрынғы Ақмола губ., Петропавл у. Аққусақ бол. Шоға а. – 1938) – жазушы, публицист. 1916 – 1918 жж. Троицк қаласындағы «Уазифа» медресесінде оқып, ол жабылып қалған соң ауыл мұғалімдерінің курсын бітірген (1919). 1919 – 1921 жж. Орынборда шығып тұрған «Ұшқын», «Еңбек туы» газеттерінде, 1922 – 1923 жж. Семей губерниялық комсомол комитетінде, 1923 – 1926 жж. Петропавл уезінде халық сотында, 1926 – 1932 жж. «Бостандық туы», «Кенес ауылы», «Еңбекші қазақ» газеттерінде қызмет атқарды. 1932 – 1937 жж. Қазақстан Жазушылар одағының Петропавл бөлімшесін басқарды. Қазақ ауылының тыныс-тіршілігін, адамның бас бостандығын, сүйіспеншілік пен парасаттылықты бейнелеген «Болсаң, Болаттай бол», «Мәжен», «Той таркар», «Бәсекелестер жыны», «Жол айырығы», «Айжаннын азабы» (1924), «Мырзалар» (1927), «Жүрек жұмбағы» (1928), т.б. әңгімелері, «Алма өз түбінен аулаққа түспейді» (1927 – 1928), «Көн құрысса, қалпына барады» (1928) атты повестері жарық көрген. 1938 ж. қуғын-сүргін құрбаны болған, кейін ақталды. М. Жұмабаев 1919 ж. Омбыда педагогикалық курста дәріс оқығанда, оның шәкірттерінің арасында Ә. Айсарин де болған.

З. Әкімжанов.

АЙТҰЛЫ Несіпбек (22.9.1950, Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағы, Шәуешек ауд. Теректі а.) – ақын. Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев және Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденінің, халықаралық «Алаш» сыйлығының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1974 – 1984 жж. «Балдырған» журналы поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Жалын» баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші (1984 – 1994),. «Ақын» қауымдастығының директоры (1995 – 1996), «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі (1997 – 2001) болды. Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Президенттік Мәдениет орталығында қызмет істеген. Қазір «Алтын тамыр» журналының бас редакторы.

Алғашқы «Балалық» деген өлеңі 1965 ж. Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде, алғашқы топтамасы 1972 ж. Мұқағали Мақатаевтың сәт-сапар тілеуімен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, алғашқы кітабы 1974 ж.«Қозыкөш» деген атпен жарық көрді. «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали Желтоқсан», «Бәйтерек»; балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме» («Серебряный сундучок») «Қартаймайды күн неге?» атты кітаптары, «Ескендір қорғаны» (Ә.Науаи), «Игорь жорығы туралы жыр», т.б. аударма кітаптары шыққан. Түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміренің, қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цызюдың, француз ақыны Д.Родаридың, сондай-ақ, М.Исаковский, А.Барто, С.Михалков, С.Баруздин, В.Берестов, Т.Сыдыков, С.Жусуевтің өлеңдерін тәржімалаған.

А. 2017 жылы Қызылжар қаласында өткен дәстүрлі «Мағжан көктемі» фестивалінде қазылар алқасын басқарды.

Н. Оқашева.

АЙТХОЖИН Сабыр (29.3.1895, бұрынғы Ақмола губ., Көкшетау уезі – 19.2.1938, Шымкент қ.) – тұңғыш қазақ журналистерінің бірі. 1919 ж. Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін бітірген соң Көкшетау, Омбы, Орынбор қалаларындағы халыққа білім беру бөлімдерінде нұсқаушы болып жұмыс істеді. 1920 ж. Мәскеуде өткен бүкілресейлік ұлттық съездің жұмысына қатысты. Омбыда «Кедей сөзі» газетінде редактор, 1921 – 1922 жж. РКП Ақмола уездік комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болды. 1922 – 1925 жж. Петропавлда «Бостандық туы» газетінің редакциялық алқасын басқарды. 1925 жылғы қантарда Орынбор қаласында өткен Кеңестердің IV бүкілқырғыздық съезіне делегат болды. 1925 ж. Алматыда тұрып еңбек етті, «Тілші» («Жетісу») газетінің жауапты редакторы болып жұмыс істеді. «Қосшы» одағының төрағасы

Айтхожин Сабыр

қызметін қоса атқарды. БКП Жетісу губкомының бюро мүшелігіне сайланды А.1937 ж. Мирзоян қаласында (қазіргі Тараз) аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүргенде тұтқындалды. 1938 жылғы 19 ақпанда атылды. 1957 ж. ақталды. А. «Кедей сөзі», «Бостандық туы» газеттерінде Ж-пен қатар қызмет істеген. Ж. та осы жылдары өмірге белсене араласады, әсіресе, оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. 1920 жылдары қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жоктың қасы еді. Осы жағдайды ескерген Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынов 1921 жылғы 14 қаңтарда мәжіліс шақырып, Елдес Омаров, Әлихан Бөкейханов, Биахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Хайретдин Болғанбаев, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, Сабыр Айтхожин сияқты зиялылардың қатысуымен қазақ тілінде 1 және 2-ші басқыш мектептер үшін оқулықтар жазу мәселесін талқылайды. Б-тың баяндамасынан кейін қабылданған қаулы мәжіліске қатысқан адамдарды орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға, бұл жұмыска Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамет Кеменгеров, Жұмағали Тілеулин, Сейітбаттал Мұстафинді де тартуға міндеттейді. Қаулы бойынша Ж-қа қазақ тарихын, әдебиет теориясын және педагогика оқулығын аударып жазу тапсырылады.

АЙТЫС – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған. Солтүстік Қазақстан облысында Ж-тың мерейтойлық шаралары кезінде ақындар айтысын өткізу дәстүрге айналған.

АКБАШ Али – түрік ақыны. Ж-тың өлеңдерін түрік тіліне аударған. 2018 ж. ақпан айында Түркияның Кастомону қаласында Ж-тың туғанына 125 ж. толуына орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми конференцияда ақын шығармашылығы жайлы баяндама жасап, Ж-тың бүкіл Түркі әлеміне ортақ тұлға екенін айтты.

М. Сүлеймен.

«АҚ ҚАЛА» – Ж-тың 1927 ж. жарық көрген өлеңі. Көлемі 6 тармақтан тұратын 6 шумақ. «Балаларға тарту» атты жинаққа және 1989 жылғы кітабына енген.

«АҚАН СЕРІ» – Ж-тың мақаласы. «Сана» журналының 1923 жылғы 1-санында, 1924 жылғы 2-3-санда-

рында жарияланған.

АҚАН СЕРІ, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843, бұрынғы Көкшетау обл., Үлкен Қоскөлдің маңы – 1913, сонда) – ақын, әнші, композитор. А. с. әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген А.с. бертін келе серілік жолына түседі, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде А.с. жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралап, салдық құрады. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер А. с-нің ең жақын достары болған. Олардың бәрі А. с-нің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік – А. с. шығармашылығына тән басты-басты ерекшеліктер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына А. с-нің елуге жуық музыкалық-поэтикалық мұрасы енген. А.с. шығармалары поэтикалық тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтикалық және музыкалық тілінің шырайлылығымен, айрықша

Ақан сері

талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. А. с-нің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Тер қатқан», «Мақпал», «Балқадиша», «Сырымбет», «Майда қоңыр», т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды. Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. А. с. ақын, әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Көкжендет», «Құлагер» әндерінде А. с-нің ішкі жан дүниесіндегі бұрқыныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөлтілдеп тұрғандай. А. с. басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе, «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен баурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады. А. с-нің музыка туындылары

казак өнерінің өркендеуіне зор ыкпалын тигізді. Оның шығармаларын белгілі әншілер Ә. Қашаубаев, Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ж. Кәрменов, т.б. ел игілігіне айналдырды.

1923 ж. Ташкентте жарык көрген «Сана» журналының 1-санында Ж-тын «Акан сері» зерттеу макаласы жарияланды. Журналдың 2, 3-сандарында акын А.с-ге арналған еңбегін «Акан сері сөздері» деген такырыппен жалғастырды. «...Ұшы-киыры жок дариядай Сарыарканың ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың акындығының да ордасы болған жер еді... ...Акынның омірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпак жұртка жат өмір. Сондыктан біз Аканның алдымен омірін жазып, содан соң сөздерін тексереміз...», – деп жазды акын. Тіліне әдеби көркемдік, жазылу стиліне зерттеушілік сипат тән осы макалалардың мазмұнында ірі-ірі танымдык деректер тұтасып жатканын айту – ләзім. «Акынның өмірі, – деп жазады Ж., – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпак жұртка жат, жұмбак өмір» (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А., «Жазушы» 1989). Ж. талдауында Акан жүрегі де жалпак жұртка беймәлім, ессіз жүрек. А.с. өмірінің соңғы жылдарында бүкпалау, елден жырак өмір сүрген. «Ессіз» дегенді осы мағынада, жұрттан окшау білгенін істейтін еріктілік тұрғыда түсінуіміз керек. Аканның елден іргесін аулак салып, жапан түзгегі көлді сағалауы сері жанының, сапасының өшкенін куәландыра ала ма? Жок, олай дей алмайсың. Сері – өле-өлгенше сұлулыкка табынып өткен жан. Керек десеңіз, ол жасы ұлғайған шағында Жамал дейтін он алты жасар уыз аруға ғашык болып, «Сырымбет» атты әйгілі ән туғызған. Акан сері өмірден емес, «Сұлулығы жок былык тұрмыстан безген», – дейді акын.

Ж-тың осы еңбегі үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде зерттеуші акынның өмір сүрген кезеңіне, өскен ортасымен мекеніне, ол жөніндегі ел арасындағы аңыз-әңгімелерге шолу жасайды. Макалаға кіріспес бұрын автор А. с-нің көзін көріп, сөзін естіген, жырын жаттап, соны жазып берген тірі мұрагат көздеріне, яғни ел аксакалдарына деген алғысын жеткізеді. Мырзалыұлы Баялы, Шынғысұлы Қокыш, Бозайұлы Ысмағұл, Самыратұлы Қазы, т.б. сынды кариялардың білгендерін жазып алып, сол төніректе ой толғайды, өлендеріне сараптама жасайды. «Аканның өмірі» деген бөлімде оның окып, сауат ашуынан бастап, серілік құрып ән шығарып, жыр жаза бастағанын, өмірінде кездескен кілы-кілы тағдырға байланысты туған жыр толғауы жайында толык ғылыми деректер келтіріледі. Ал «Сөздері» (шығармашылығы деген мағынада) деген бөлімде акынның колда бар жырларын талдайды. Бұл еңбегінде автор А. с-нің «... сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді» максат тұткан секілді. Алайда, акынның жырлары түгел жиналмағандыктан, үш-төрт жүз жол өленімен шектеліп, сол бойынша оның акындығын шолуға тура келген. Ж-тын өзі де акын

болғандықтан, А. с. өлеңдеріндегі кемшіліктерді бірден байқайды, әсіресе, ол тіл тазалығы тұрғысынан келгенде кемшіліктер көзге ұрып тұрғанын бүкпесіз білдіріп, өзге елден енген сөздердің көптігін катты сынға алады. Оған акынды кінәламайды, сол кездегі тіл шұбарлығы, қазақ арасына орыс, араб, парсы сөздерінің көп енгендігінің кесірі екендігін дәлелдейді: «... Акан – заманның баласы... Біреуі – Бұкардан ишандардың, хазіреттердің, молдалардың, халфелердің шанырактай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, учительдердің какиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген орыс албастысы. Ол дәуір – осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі», – деп сол кездегі коғамдық құрылысты, өзге елдерден енген сөздердің әсерін катты сынға алады. «...Мынау шұбар тіл үшін, әрине, Аканға рахмет айтарлық ештеңе жок. Бірак Акан мын сол тарғыл тілді өлеңдерін адам ұғып окыса, тегінде суреттеуге шебер», – деп таланттың даралығын, сол шұбар тілдің өзін тігісін жаткыза өрнектеп, көркемдік өлшеммен, акындык шеберлікпен бере білгендігін атап көрсетеді. Бұл жерде акын А. с-нің туындылары шығыс классиктерінде кеңінен орын алған адамгершілік, махаббат сезімін жырлаған поэзиялык шығармаларға таза еліктеуден туғандығын тілге тиек етіп, серінің Аллаға, адамзатка ғашыктыкты байлык пен билік сиякты пендешіліктен жоғары тұратын кастерлі сезім ретінде жырлауды максат тұтатындығына терең мән беріп талдайды.

Ж. А. с-нің өлеңдерін талдағанда жай шолып кана өтпейді. Әрбір ой-пікіріне жауапкершілікпен карап, накты мысалмен дәлел келтіріп отырады. Ол А. с-нің шығармашылығын мазмұндык жағынан бес түрге бөліп карастырады: 1. Сыкак. 2. Ғашыктык. 3. Айтыс һәм мактау. 4. Сопылык. 5. Қазақ кайғысы туралы өлеңдер. Осы түрлерге жататын өлеңдерді талдай келе автор баска өлең түрлеріне карағанда ғашыктык өлеңдерінде шын шеберліктің шыңы көрінетінін, мұнда тіл мен мазмұн аныктығын ерекше бөліп атайды. Акынның махаббат лирикаларының теңдесі жок талантты және еуропалык лирика деңгейінде екендігін, бұл өлеңдердегі стильдік ізденістердің танымдык, суреткерлік, бейнелегіштік касиеттердің құндылығын ерекше атап көрсетеді. Ғашыктык өлеңдерінде Аканның әрбір сөзінен акындык исі аңкып тұрғандай, суретсіз сөз жок деуге болғандай:

«... Олардың мен ак иық кыран-дағы.
Сен сәулем – кызыл түлкі киындағы.
Кия тас кинына кетсен-дағы,
Қамшылап канатымды бұрам-дағы»,

– десе, ғашыктык өлеңдерінің ішіндегі ең құнарлы өлені деп бағаланған «Ак көйлектен» үзінді келтіреді:

«Етегі ак көйлектің ілмеленген,
Кастардың харіф мәттей
сүрмеленген.
Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл калка,
Іш-бауырым ғашык отпен
тілмеленген».

Ж. осылай А. с. туралы айтылып

келген жеңіл пікірге жаңа ой қосып, қазақ әдебиетіндегі ақынның тарихи орнын анықтап береді. Тағдыры күрделі ақынның даралық сипатын жоғары бағалап, ғылыми құнды пікірлер айтады. Ж-тың өзі де махаббаттың майталман жыршысы болғандықтан да, А. с-нің ғашықтық жырларын жүрегімен түсініп, өлең құру шеберлігін, ой-танымындағы тың көріністерді, жаңалыққа деген құштарлығын, ізденіс іздерін егжей-тегжейлі терендей талдап, жазады. Ғашықтық өлеңдер арқылы да өмірдің үлкен мәселелерін айтуға, символдық суреттеулермен тұспалдап тың ойлар, көркем образдар жасауға болатынын дәлелдейді. Адамзаттың барлық сезімі бір тәңірге ғана арналады деген философиялық негіздегі сопылық поэзиямен кезінде А. с-нің де сыркаттанғанын ескере отырып, оның қиялдағы емес, өмірдегі махаббат сезімін жырлағанын нақты өлең мәтіндері арқылы көрсетуге талпынады. Автор А. с-нің айтыс және сопылық өлеңдерінің қолына түспегенін, оларды оқып таныспағандықтан, ештеңе айта алмайтынын ескерте отырып, қазақ қайғысы туралы өлеңдерінің таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас теру жағынан басқа өлеңдеріне қарағанда әлдеқайда төмен екендігін айтады: «... Ол – өз өмірімен ереуіл жасаған, өз дәуіріне қарсылығын көрсеткен ақын. Және өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек», – дей келіп таза өнерді мойындаған адам ғана қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығып, тіршіліктегі пендешіліктен өзінің өресі жоғары екендігін мойындата алады. Табиғи талант өмірге таза келіп, таза кетеді. Алайда, қоғамнан тыс адамның болуы мүмкін де емес. А. с. – сол өзі өмір сүрген қоғамның құрбаны болған талант. Талантты танып, түсінбеушіліктің, бағаламаушылықтың салдарынан «жынды» атанған дарынның қайғылы өмір тарихы жайлы зерттеуші мынадай ой түйеді: «...Біздің міндетіміз – өткенді аударып, ішінен көрнектілерін аршып ала білу, кешегі милы қазақтың «Ескісіз жаңа болмайды» деген мәтелін киімнің қолтығына ғана қамап қоймай, балапан әдебиетімізге де қабыстыру».

Ж-тың осы зерттеу еңбегін әдебиетші, ақын М.Әлімбаев былай бағалайды: «...Мағжан зерттемесінен кейінгілер өз шығармашылығына нәр алғаны – әдеби бұлтартпас факті. Авторлары кезінде аузы барып атамаса да, атай алмаса да, Ақан сері жайында кейініректеу жазылған талай шығармалардың – поэма, повесть, роман, трагедия – бәрінің түпқазығы, төркіні Мағжанның осыншама толғанып, терең саралап, төгілтіп жазған зерттемесінде екенін бүкпесіз айту – әділдік» (М.Әлімбаев. «Толқыннан толқын туады» (Қазақ әдебиеті қайраткерлері шығармашылығына арналған зерттеулер, эссе, естеліктер), Алматы, «Қазақ университеті», 1992, 39-б.) Ақынның бұл еңбегі өзі ақталғаннан кейін орыс тіліне аударылып, «Простор» журналының 2003 жылғы №3 санында жарияланды.

К. Салықов.

АҚАНОВ Ахметден (т.к.ж.б.) – 1897

ж. Ж-тың кіндік каны тамған Сасыккөлде мектеп ашкан башқұрт азаматы. Болашак акын сауатын осы мектепте ашады. Зерттеушілердің жазуларына қарағанда, А-тың арнайы оқу бағдарламасы болмаған. Ол өзінің шәкірттеріне негізінен шығыс тілдері мен әдебиетін үйреткен. Демек, Мағжанның акындык жолға түсуіне оның алғашкы ұстазының да ыкпалы болғаны анык.

Т. Зікірия.

«АҚБОЗАТ» – орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Мамин-Сибиряктың осы аттас әңгімесінің аудармасы. 1926 ж. Мәскеуде жеке кітап болып басылып шыккан. Акынның 1992 жылғы жинағына және 1996 жылғы үш томдык шығармалар жинағына енген.

«АҚЖОЛ» – газет. 1920 – 1925 жж. Ташкент каласында шыккан. Түркістан Компартиясы мен Орталык аткару комитетінің органы. 1925 – 1926 жж. Сырдария губкомының органы ретінде Шымкент каласында аптасына 2 рет шығып тұрды. Алғашкы редакторы – С. Қожанов. Кейін газет шығарушы редакторлардың катарында Н. Төрекұлов, С. Оспанов, И. Тоқтыбаев, т.б. болды. 1925 ж. наурыздың екісінде РК(б)П орталык комитеті «Қырғыз (бірер айдан соң «казак» деп атала бастады.) баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралары туралы» каулы кабылдайды. Осы каулыда кайсыбір мерзімді басылымдардың («Акжол», «Сана», «Тілші») саяси бағытын аныктауда ұлтшыл, партияда жок интеллигенцияның ыкпалы бар екендігі атап көрсетілген. Арада бір ай өте, сәуірдің жетісінде РК(б)П орталык комитетінің баспасөз бөлімі «... Акжол» казіргі кезеңде бүкіл Киргизиядағы ең ұстамсыз газет» деп тағы да ескертеді. 1925 жылдың 29 мамыр күні Кремльден Киркрайком мүшелерінің атына Сталин кол койған хат жіберіледі. Көсем газет бетінде төзгісіз сын материалдары шығатынын сөге келіп, «дереу шара колданылсын» деп жазады. Осыдан кейін жергілікті большевиктер 10 маусым күні «Акжол» газетін жабады.

Ж. өзінің шығармаларын «Акжол» газетінде жариялап тұрған. Әсіресе, басылымның 1924 жылға дейінгі сандарында акынның өлеңдері жиі кездеседі.

Д. Қамзабекұлы.

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫ – Қазак автономиялык республикасын жариялаған Кеңестердің бүкілқазақстандык І-құрылтай съезінің (Орынбор, 4 – 12.10.1920) шешіміне сәйкес 1921 ж. 25 сәуірде құрылған жаңа әкімшілік-аумактык бөлік. Акмола губерниясының құрамына 233 болысты біріктірген Акмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавл (Қызылжар) уездері енді. Орталығы Петропавл каласы болды. Қазакстан кеңестерінің 6-съезінің (1927 ж., наурыз) экономикалык аудандастыруды жаксарту туралы каулысымен республикалык әкімшілік-аумактык бөлінісі үш буынды жүйеге (округ – аудан – ауыл) көшірілді. 1928 жылдың 17 кантарында Акмола мен Атбасар уездері 15 ауданды камтыған Акмола округі болып кайта құрылды. 1930 ж. Акмола округі Қарағанды облысы құрамына енді. 1939 ж. казанда Ак-

мола облысы құрылды. 1961 – 1992 жж. Целиноград облысы. 1992 жылдан Акмола облысы болып қайта аталды.

АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ 1917 ж. сәуірдің 25-і мамырдың 7-сі аралығында Акмола облысы қазақ комитетінің ұйымдастыруымен Омбы қаласында өтті. Съезге сол кездегі Акмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 өкіл, сондай-ақ, арнайы шақырумен Орынбордан М.Дулатов қатысты. Съездің төралқасы құрамына А.Тұрлыбаев (төраға), Е.Итбаев пен М.Дулатов (төрағаның орынбасарлары), М.Саматов, А.Сейітов және Е.Тоқабаев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне мемлекеттік құрылыс, қазақ комитеттерін құру, земство, дін, жер, оқу, сот ісі, құрылтай жиналысы, соғыс және әйел жайы секілді 17 мәселе қойылып, тиісті шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер мемлекеттік құрылыс жөнінде Ресей демократиялық, бір орталыққа қатаң бағындырылмаған республика болсын, ал бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан санына қарай депутат сайлансын, сайлауға әйелдер де қатыссын, жер мәселесі бойынша қоныс аудару тоқтатылсын, бұрын алынған жерлер кері қайтарылсын, облысқа земстволық басқару енгізілсін, мектептерде оқу ана тілінде жүргізілсін деген мазмұнда болды.

Ж. осы съезде 1917 ж. мамыр айында Мәскеуде өтетін жалпыресейлік мұсылман съезіне делегат болып сайланды. Съезде сайланған Акмола облыстық қазақ комитетінің құрамына 10 адам: Айдархан Тұрлыбаев (төраға), Сейілбек Жанайдаров (орынбасары), мүшелері – Асылбек Сейітов, Қазы Тұрсынов, Ермұхамед Тоқбаев, Төребай Нұралин, Сәдуақас Жантасов, Еркосай Мұқышев, Байсейіт Әділов, Мағжан Жұмабаев кірді. Ж-қа халыққа білім беру жүйесін жасау ісі тапсырылды. Осылай халық ағарту ісі Ж-тың ақындығымен қатар өмірінің мәніне айналды. Кейін Алашорда жайына қалса да, ол бұл саладағы жауапкершілігін ешқашан ұмыттқан жоқ. Бала оқытты, мұғалімдер курстарында сабақ берді, оқулықтар жазды.

С. Сеңкібаев.

АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ. 1914 ж. басталған дүниежүзілік соғыстың салдарынан Ресей империясы үлкен дағдарысқа ұшырады: бірінші – экономикалық, екінші – саяси дағдарыс. Соғыстың салдарынан елдің шаруашылығы кирады, өндіріс орындары тоқтады, темір жол қатынасы бұзылды, ауыл шаруашылығы күйреді. Бұл дағдарыс жұмысшылар мен шаруалардың өкіметке деген үлкен наразылығын туғызды. Ақыры ол 1917 ж. ақпан айында патша өкіметінің құлауына әкеліп соқтырды. Бұл оқиға Ақпан төңкерісі деген атауға ие болды. Осы төңкерістің нәтижесінде қос өкімет – жұмысшылар мен шаруалардың кеңесі және буржуазиялық Уақытша өкімет құрылды. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін Ресейдегі сияқты Қазақстанда да қос өкімет орнады. Ақпан төңкерісінен кейінгі өзгерістер күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жыл-

дың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша өкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. 1917 ж. Қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық), т.б. қалаларында өтті.

Ж. бұл төңкерісті өзінің ұлт-азаттық күрес жолындағы үлкен мақсаттарын іске асыру үшін қолайлы кезең деп біліп, нақты іс-әрекетке көшеді. Төңкерістен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облыстық қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпы қазақ съезінің шешімі бойынша бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болды.

З. Құсайынов.

АҚСАҚ ТЕМІР, Әмір Темір (1336, Түркістан қ. – 1405, Отырар қ.) – қолбасшы, мемлекет қайраткері. Ә. Т-дің арғы атасы Қаражер бек, одан – Ижил бек, Ижил бектен – Әйлеңгір бек, одан – Беркел бек, Беркел бектен – Мұхаммед Тарағай тарайды. Оның баласы Ә.Т. Ә. Т. алғашында Қашқадария уәлаятын билеген (1361). Осы

Ақсақ Темір

кезден бастап ол Моғолстан ханы Тоғлұқ-Темірмен, оның ұлы Қлияс Қожа және Балх пен Самарқан әмірі Хұсейнмен билікке таласып, 1370 ж. Мауереннахрды өзінің қолына алды. Жас кезінде Түркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақаттанған. XIV ғасырдың 70-жж. оның қолбасшылық дарыны толық ашылып, атақ-даңқы жер жүзіне тарады. Осман империясы мен Орталық Азия аймағында ол «Aksak Timur» (Ақсақ Темір), ирандықтарға Тимурленг, еуропалықтарға Тамерлан есімімен белгілі болды. Ә. Т-дің әскерлерінің тегеурінді шабуылдары арқасында Хорезм мемлекеті (1372 – 1388), Шығыс Түркістан (1376), Герат (1381), Хорасан (1381), Кандагар (1383), Сұлтания (Оңтүстік Әзірбайжан, 1384), Тебриз (1384), Иран және Ауғанстан толық бағындырылды. Бірнеше дүркін жойқын жорықтан соң Алтын орданы күйретті. Ә. Т. 1370 – 1390 жж. Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Дешті Қыпшақ, Ақ орда мен Моғолстанға 10-нан астам жойқын соғыс жорығын жасады. Ә. Т-дің Алтын орданы талқандауы Ресейдің тәуелсіздік алуына оң жағдай жаса-

Ақсақалов Құмар

ды. 90-жылдары Әзірбайжан, Дағыстан, Гүржістан (Грузия), Ирак Ә. Т. мемлекетінің құрамына енді. 1398 ж. Үндістан басып алынды. Сирия мен Лубнан (Палестина) мәмлүктері бағындырылды. Алдыңғы Азияның басқа мемлекеттері де Ә. Т-дің билігін мойындады. 1402 ж. жазда Ә.Т. Анкара шайқасында Осман империясының негізгі әскери күшін талқандап, түрік сұлтаны Илдырым Баязидті (Баязид) тұтқындады. Ә. Т-дің үздіксіз соғыстарының нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылды. Оның жалпы аумағы 14 млн. шаршы шақырымға жетті. Орталық Азиядағы бірқатар сәулетті ғимараттардың пайда болуы, қалалардың өркендеуі, шөл даладағы жер суландыру құрылыстарының салынуы, қолөнер мен сауданың дамуы Ә. Т. есімімен тікелей байланысты. Тарихи деректер оның қол астындағы аймақтардағы түркі, парсы, араб мәдениеті мен өнерінің өкілдері, ғалым-ойшылдары Ә. Т-дің тарапынан үлкен қолдау тапқандығын растайды. Ә. Т. қазақ жерінде мәңгілік өшпес ескерткіш – қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салып қалдырды. Сонымен қатар жаулап алынған елдердегі Ә. Т-дің шектен тыс қатыгездігі оны күрделі тарихи тұлға ретінде танытады. Темір әулетінен ұлы ғалым Ұлықбек (1394 – 1449), Моғол империясын құрушы Бабыр (1483 – 1530) сынды атақты адамдар шықты. Ә. Т. өлгеннен кейін мирасқорларының билікке таласуынан Темір мемлекеті ыдырап кетті. Ж. Ақсақ Темірге жыр арнаған, оны жер тәңірісіне теңеген.

«АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ» – Ж-тың өлеңі. 1922, 1923, 1992, 1993 жылғы жинақтарға енген «Ақсақ Темір сөзі» атты өлеңінде Мағжан А. Т-дің қабірінің басына қойылған көк таска жазылған сөзді жырға айналдырған. Онда көк тәңірісі Құдай болса, жер тәңірісі Темір деген ой айтылады. Өлең:

«Көк тәңірісі – Тәңірінің
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер тәңірісі – Темірдің
Тұқымы – түрік, заты – от!» –

деп аяқталады. Осындай сөздер үшін кезінде қарсыластары Ж-ты түрікшілсің деп айыптағаны белгілі.

АҚСАҚАЛОВ Құмар (24.8.1965, Қостанай обл., Ленинск а.) – мемлекет қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты. 1987 ж. В.П. Горячкин атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы өндірісінің инженерлік институтын инженер-механик мамандығы бойынша тамамдаған. 1987 – 1989 жж. Қостанай облысы Урицкий ауданы «Крыловский» кеңшарының бас инженері, 1989 – 1991 жж. Қазақстан ЛКЖО Урицкий аудандық (Қостанай облысы) комитетінің бірінші хатшысы, 1991 – 1992 жж. Қостанай облысы Урицкий ауданы «Маяк» кеңшарының бас инженері, 1992 – 1993 жж. Қостанай

облысы Қостанай ауданы «Новоселовка» мемлекеттік шағын кәсіпорнының директоры, 1993 – 1996 жж. Қостанай облысы Қостанай ауданы «Қостанай ғылыми – өндірістік бірлестігі» директорының орынбасары, 1996 – 1998 жж. Қостанай облысы Мендікара ауданының «Север» ұжымшарының төрағасы, «Север» ААҚ президенті болды. 1998 – 2002 жж. Қостанай облысы Мендікара ауданының, 2002 – 2004 жж. Қостанай облысы Таран ауданының әкімі, 2004 – 2006 жж. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы, 2006 – 2010 жж. Жамбыл облысы әкімінің орынбасары, 2010 – 2015 жж. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы орталық аппаратының басшысы, «Нұр Отан» партиясының хатшысы, 2015 – 2017 жж. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2017 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

«АЛ ІШІНДЕР, БҰЛ ҚЫМЫЗ» – Ж-тың өлені.1989 жылғы жинағына енгізілген.

«АЛАТАУ» – ақынның өлені. Алғаш рет «Ақжол» газетінің 1923 ж. 13 қыркүйектегі санында жарияланған. Мағжан 1923 жылдың жазында екі айдай Бішкектен 78 шақырым жердегі Ыстық-Ата демалыс үйінде болады. Осында жүріп «Алатау» циклін жазады. Ж. қырғызды алты алаштың қайсар перзенті дейді. Тарихын шолып, ер Манасының ерлігіне, ол туралы жырды көзіне жас алып тыңдайтын кәрі, жасына сүйсінеді. Өлең тарихи толғау стилінде жазылған. Халық ақындары алқа-қотан жұртқа айтатын жыр мәнерінде уа, бәрекелді, ерім, жерім дегізетін әуенде тамсандырады. Сол қырғыз бауырлардың сндігі халін сұрастырады, тілек айтады. Манасыннның моласына тауап қыл дейді. Сөйтіп, ауыз әдебиетіне тән аруаққа сиыну мотивін қозғайды.

«АЛАТАУДА» – Ж-тың «Ақжол» газетінің 1924 жылғы №409 санында жарық көрген өлені. Өзін еш қайталамайтын ақын бұл өлеңінде ұзақ сонар ерлік дастанын шертпейді. Қыска қайырылатын лирикалық өлең шағын этюд-суретке ұқсайды. Қырғыздың жырлау мәнеріне еліктеп:

«Жылытып жырмен мұздарын,
Күнірентіп таудың құздарын.
Қырғыздың ару қыздары
«Зекенбайды» ырлайды», – деп

көсілте, екпіндете жөнеледі. Ендігі бір этюдінде («Таудың толғауы») Айшөректей аяшың күн болып, күйіп солмасын, шанашың бозаға толсын деген ыстық тілек айтады. «Үйдің ері» жырында танабынды тырналай бер, бозан шалап болып кетіпті дей келе ел болу ойында болса, оқы деп кенес береді.

«Алатау» цикліне жататын бұл өлең 1989 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан жинағына енген.

АЛАШ (ежелгі түрік сөзі: бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөлінс коймаған кезде дүниеге келген ұғым. Алаш тарихта кездесетін ең көне ата-лардың қатарына жатады. Моңғол – татар – қазақ шежірелерінде Алаш

(Алаша) хан туралы айтылады. Алтай тауының Сібір жағында (Тува) Алаш атты өзен, тау сілемдері бар. Алаш атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қырғыз, казақ, ноғай, т.б. халықтардың есінде сакталған. «Алаш – алаш болғанда, Ала тай ат болғанда, Таңбасыз тай, енсіз кой болғанда» деп келетін сөздер осыған мензейді. Казак халкының басын құрайтын ежелгі тайпалардың көпшілігі Оғыз каганға бағынғанын ескерсек, «Алты Алаш» деген ұғымды оғыздың алты ұлына ерген ел деп те түсінуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда Алаш деген ортак түріктік атау Алтын Орда (Кыпшак мемл.) ыдырағаннан кейінгі кезде кайтадан жаңғырған бауырлас түрік халыктарының басын біріктіру ұраны, ортак атауы да болған сиякты. Ал енді кара казак шакыратын «Алаш» ұраны «алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда, бұл калмакка не кылмадык» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деу кисынға келеді. Бұл орайда Саккұлак би шежіресін, Ә. Диваевтың, Г.Н. Потаниннің, Ш. Уәлихановтың, А. Янушкевичтің, Ш. Құдайбердиевтің, М.Тынышбаевтың ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, күнделік жазбалары мен ғылыми макалаларын атаған жөн. Олардың бірінде – алапес болып туған бала, екіншісінде – алашаға отырғызып көтерген хан, үшіншісінде – Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, төртіншісінде – калмакты коркыту үшін «Алаш» сөзін ұран еткені айтылады. Соның кай-кайсысы да Алаштың хан болғандығын, кара халыкты соңынан ертіп, айбарының аскандығын дәріптейді. Ескі шежіре деректерінде Алаш атауы казак халкының синонимі ретінде келтіріледі. Мысалы, Кадырғали Жалаири өз еңбегінде казактың орнына Алаш атауын колданады. Шежірелердің бірінде Алашка өзбек, түрікмен, каракалпак, кырғыз, казак, ноғай жаткызылады. «Камбар батыр» жырында («Тамашаға жылсын, Алты Алаштың баласы»), Бұкар жыраудың Абылай ханға айтканында («Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсын колынмен»). Махамбеттің («Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінін берсе колыма») өлеңдерінде Алаш сөзі казак атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген казак халкы ұлттык тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі Алаш ұғымына кайта оралып, оны бостандык пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш козғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу казак халкының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына мензейді.

Алмағайып заманда Ж. та туған халкының мүддесі үшін күресті. Нак сол кезде «Міне, алашты халык десек, халыкты шын сүйген адам «жарты жанкасы» калғанша халык үшін кызмет істеуге тиіс», – деп жазды. Ол сонау 1919 жылдың өзінде казак елінің дербес, тәуелсіз мемлекет бола алатынына шүбәсіз сенді. Акын казак халкының арғы аталары гундер мен сактар, бергісі түрік бірлігі, Түркістан мемлекеті туралы жүрегінен жыр өрді. Бұл ретте «Түркістан», «Койшы бала мен күшік», «Ка-

заңым», т.б. өлеңдерінің де айтары аз емес. Ж. қазақ халқын ортақ атаумен «алты Алаш» деп атады.

Г. Мұқанова.

«АЛАШ. АЛАШОРДА» – энциклопедиялық кітап. Құрастырушылар – Ғ.Әнес, С.Смағұлова. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында «Алаш мұрасы» сериясы бойынша шығарылған. А. «Арыс» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Бұл кітапқа осы кезге дейінгі Алаш зиялылары туралы жарияланған барша еңбектер сұрыпталып, қорытылып, тиянақталып берілген. Кітап құрастырушылардың алғы сөзімен ашылып, 2 бөлімге («Алфавиттік бөлім» және «Қосымшалар») бөлінген. «Алфавиттік бөлімде» Алаш қайраткерлері туралы ғұмырнамалық мәліметтер, Алаш қозғалысына қатысты ұғым-түсініктер, Алаш басылымдары көрсетіліп, әліпбилік жүйемен қысқарту нұсқалары басшылыққа алынған. «Қосымшалар» бөлімінде Алаш қозғалысына қатысты басты-басты дереккөздер топтастырыла берілген. Еңбекте Ж-тың өмірі мен шығармашылық жолы да кең қамтылған.

«АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУЫ» – хрестоматиялық монография. Авторы – А.Ісімакова. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы аясында шығарылған. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынып, А., «Мектеп» баспасынан 2009 ж. және «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2017 ж. жарық көрген. Монография 2 бөлімнен («Қазақ әдебиеттануының бастау көздері», «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905 – 1930)» тұрады. Бұл еңбек қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлттық көркемсөз өнерін зерделеуге арналған. Кітапта қазақ көркемсөзінің көрнекті өкілдерінің ғылыми шығармашылық тұлғасы бүгінгі XXI ғасырдың әдебиеттанулық талаптары тұрғысынан қарастырылған. Сонымен қатар автор А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, С. Сәдуақасов, М. Жұмабаев, К. Кеменгеровтен басталатын Алаш әдебиеттануының шынайы келбетін әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқаннан таратып, ұлт әдебиетінің тарихи негізін ажырамас бірлікте жүйелейді. Кітаптағы әрбір әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемсөз құдіреті, олардың зерттеуге қосқан үлесі, ғылыми, әдеби-теориялық ой-тұжырымдары жан-жақты айқындалған.

С. Аргынғазин.

АЛАШ ӘДЕБИЕТІ – ұлттық қозғалыс кезеңінде туған әдебиет. Ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне ақын-жазушылардың қаламгерлік те, қайраткерлік те үлестері айрықша болды. Алаш қозғалысы дәуірі – Ұлт-

тық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның жан-жақты өрістеуі XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарына келеді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ы. Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, М.Ж. Көпейұлы, Нарманбет Орманбетов, т.б. жекелеген әдебиет өкілдерінің шығармалары мысал бола алса, келесі ғасырдың басында олардың саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптары – баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендете түсті. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ», т.б. газеттер көркем ойды мыңдаған оқырманға жеткізушіге айналды. Көркем проза, драма, әдеби сын жанрларының алғашқы үлгілері туып қалыптасуы ұлттық жазба әдебиетінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін аңғартты. Бұл бағытта Алаш қайраткері М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» туындысы тұңғыш роман болса, Алаш қозғалысы өкілдері Б. Серкебаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, Қ. Кемеңгеровтің драмалық туындылары осы жанрдың алғашқы үлгілері болғаны белгілі. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби үдеріске баға беруі – жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды. Сын жанрында Алаш көсемдері Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың мақалалары да осы жанрдың тұңғыш тәжірибелері еді. Алаш қайраткері Р. Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласы әдебиет тарихына арналған ең алғашқы еңбек болды. Абай шығармаларының тұңғыш жинағының жарық көруі де жазба әдебиеттің қалыптасуына игі ықпал етсе, Дулатовтың «Оян, қазағы!», Байтұрсыновтың «Масасы», Ғ. Қарашевтың «Бала тұлпары» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілдік ұрандарды күшейтті. Сөйтіп, бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып әкетті. Соның нәтижесінде Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби сын мақалаларын дүниеге келтіріп, өмірді бейнелеу тұрғысынан да, жанрлық жағынан да, көркемдік қырынан да осы кезеңде жазба әдебиеттің қалыптасу кезеңіне нық қадам басқанын байқатты. Шамасы он-он бес жылдың ішінде Алаш қаламгерлері ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңін қалыптастыра отырып, сөз өнерінің халық тағдырындағы рөлі мен маңызын, тарихи миссиясын көрсете алды. Бұл азаттық әдебиеттің беті мен екпіні, бағыты мен мазмұны Алаш қаламгерлері жазықсыз жазалана бастаған 1920-жылдардың соңына дейін жалғасты. Алаш қозғалысы кезеңінде туған әдебиетті «Алаш ұранды әдебиет» деп те атайды. «Алаш ұранды» деген тіркесті алғаш рет Абай «Бірер сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» атты тарихи очеркінде келтірген болатын. Осы тіркесті Алаш зиялылары еңбектерінде, әсіресе, «Сарыарқа» га-

зеттерінде қолданған. Алаш ұранды әдебиет өкілдерінің дәстүрлері 1920 – 1930-жж. да, одан кейінгі кеңестік кезеңде де жалғасын тауып жатты. 1980 жылдың аяғында есімдері мен еңбектері акталған Алаш қаламгерлері казак қоғамының мәдени-рухани болмысына айрықша әсер етіп келеді, мұндай ыкпал, әсіресе, казіргі әдеби үдерістен байкалады.

Д. Камзабекұлы.

«АЛАШ ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ» – зерттеу монографиясы. Авторы – Ш.Құрманбайұлы. А., «Елшежіре» баспасынан 2008 ж. жарык көрген. Көлемі – 240 бет. Таралымы – 2000 дана. Кітап кіріспеден, 3 тараудан («Алаш зиялылары және ұлттык терминкор калыптастыру міндеті», «Алаш зиялылары және ұлттык терминкордың калыптасуы», «20-жылдардағы терминографиялык жұмыстар»), корытындыдан, косымшадан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл монографияда ХХ ғасырдың басындағы казак терминологиясының дамуы мен калыптасуы карастырылған. А. Байтұрсынов, Е. Омаров, Х. Досмұхамедов, Ж. Күдерин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов сынды казак білімпаздарының терминологияны калыптастырудағы рөлі, терминжасам тәжірибесі жан-жакты талданған. 1910 – 1930 жж. аралығындағы терминологияның даму бағыты, сол кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетілген.

С. Арғынғазин.

АЛАШ ОҚУЛЫҚТАРЫ – бұл салыстырмалы түрде өте кең ұғым. Бұған Алаш тұсындағы оқу құралдары да (мыс., Тұрғанбайұлы М. Пайғамбар заманы. Бастауыш мектептің соңғы жылы үшін. Оренбург: Ғ.Ғ. Хусаинов уә ширкәсінің мәтбәгәсі, 1915.), Алаш қайраткерлері жазған оқу құралдары да кіреді. Мұның ішінде «Ғалия» медресесі шәкірттері жазған дүниелер де бар (Қазак уә кырғыз балалары үшін осул саутия илә жазылған әліппе яки төте оқу. Мөрәттиб уә нәшәрләрі: Мәдрәсә-и Ғалиядағы кырғыз уә казак шәкірттері. Құрастырған Ишанғали Арабаев пен Хафиз Сәрсекеев. Уфа, Шарк мәтбәғәсі, 1911.). Әйігілі Ахмет Байтұрсыновтың әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912 – 1925 жж. арасында 7 рет кайта басылып, ұлтка білім беруде үздіксіз кызмет етті. 1926 ж. ағартушы «Әліпбидің» жана түрін жазды. Қайраткер «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулығы арқылы казак тілінің табиғатын, құрылымын танытуды мектепте белгілі пән аркылы да үйретуге болатынын дәлелдеді. 1914 ж. Орынборда Міржакып Дулатовтың бастауыш мектептің екі жылдығына арналған «Есеп құралы» жарык көрді. Ал 20-жылдары кайраткердің «Есеп құралы: бірінші жылдык» (Орынбор, 1922), «Есеп құралы: екінші жылдык» (Қызылорда, 1927) атты оқулыктары жарияланды. 1920 – 1921жж. Байтұрсынов Халык ағарту комиссары (министр) болып тұрғанда оқулык жазу ісі біршама жүйеленді. Авторлар жок кезде «білікті окығандарға жаздырту» (тапсырыс) деген ұғым шыкты. Байтұрсыновтың, Кошке Кеменгеровтің – лингви-

стика, тарих, әдебиеттану, методика; М. Дулатовтың, Ә. Ермековтің, С. Қожановтың – математика; Ж. Аймауытовтың – психология; М. Жұмабаевтың – педагогика; Е. Омаровтың – физика, геометрия; Ж. Күдеринніи – биология; Х. Досмұхамедовтың – зоология, лингвистика, анатомия; З. Оспановтың – астрономия; Т. Шонанұлының – тарих, тіл; М. Әуезовтің – әдебиет; Ж. Тілеулиннің – медицина ғылымына байланысты оқу құралдары жарық көрді. Ә. Бөкейханов бастаған енді бір топ ғалым орыс тіліндегі дүниелік ғылымдарды танытатын оқулықтарды, ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аудара бастады. Айталық, К.Фламмарионның «Астрономия әліпбиін», Д. Гравенің «Дүниенің құрылысын» – Бөкейханов; Ю. Вагнердің «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелерін» - Әуезов; В. Вагнердің «Жануарлар туралы әңгімесін» – Абдолла Байтасов; Д. Кудрявскийдің «Арғы мәдениетін» Мырзағазы Есболұлы тәржімалады. Жоғарыда айтылған аударма еңбектер тізімі одан әрі де жалғаса береді. 1924 ж. Орынборда, 1927 ж. Ташкентте өткен қазақ білімпаздар жиынында оқулық мәселесі айрықша сөз болды.

Е. Сыдықов.

АЛАШОРДА – 1917 ж. ескіше күнтізбе бойынша 5-13 желтоқсанда, жаңаша күнтізбе бойынша 18-26 желтоқсан күндері Орынбор қаласында өткен жалпы қазақтық 2-ші съезде жарияланған Ұлт кеңесі – Алаш автономиясының үкіметі. Құрамында 25 мүшесі болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Осы съезде құрылған Алашорда үкіметінің басшылары – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, М. Шоқай, Х. Ғаббасов, Халел және Жаһанша Досмұхамедов, М. Тынышбаев сияқты ұлт зиялылары болған. Олар қазақ халқын төңкерісшіл орыстан бөліп әкетуді ойлады. Бұл туралы үкімет төрағасы болып сайланған Ә. Бөкейханов 1919 ж. ақпанның 11-де былай деп мәлімдейді: «Съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына (яғни, қазақтар үшін жат-таптық жіктелу) жол бермеу мүдделерінен туындады...» Алашорда азамат соғысы жылдарында Кеңес құрылысына қарсы күштер жағында болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен Алаш үкіметін таратты. 1918 ж. 1 сәуірде Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Мәскеуге барып, Кеңес өкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинмен кездеседі. «Алашорда» атты ұлттық автономиялық үкіметі құрылғанын, «Алашорда» үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханов екенін мәлімдейді. Бірақ «Алашорда» мемлекетінің қойған талап-тілектерін Кеңес өкіметі толықтай мойындамады. Дегенмен де, РКФСР-дің Ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында қазақ бөлімі құрылады. Алашорданың актармен бұл бағыттағы алғашқы байланысы, 1918 ж. 8 ақпанда большевиктер тұтқындаған Сібір облыстық думасының орнына құрылған Уақытша Сібір

үкіметімен болды. Алашорда жетекшілері атаман Дутовпен, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетімен (Комуч), Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен де байланыс жасады. Басталып кеткен азамат соғысы Алашорданың ұстанар бағытын айқындауды қажет етті. Сөйтіп, қазақ автономиясы өлкеде әлеуметтік-саяси негізі жоқ Кеңес өкіметіне қарсы күреске шығып, ақтарға қосылуға мәжбүр болды. Уақытша Сібір үкіметі Алаш қайраткерлерінің ел ішіндегі беделін өздерінің мақсаттарын жүзеге асыруға, мәселен, қажет кездерде әскер күшін жасақтау, соғыстың бүкіл салмағын халық мойнына арту, т.б. жағдайларға пайдалануды көзделі. Бұл үкімет Алашорданың белгілі бір үкімет органы ретінде дербес, белсенді әрекет жасауына келісе қоймады. Архив деректері, Сібір үкіметінің мүддесін жүзеге асырушы эмиссарларға Алашорданың батыл қарсылық білдіріп отырғанын айғақтайды. Мұның соңы қазақ автономиясының өзін ресми тану туралы мәлімдемесін Сібір үкіметінің «нағыз сепаратизмнің белгісі» деп айыптауымен аяқталды. Бұдан кейін Алашорда бүкілресейлік биліктен үміткер тағы бір үкімет – Самарадағы құрылтай жиналысы мүшелері комитеті (Комучпен) қарым-қатынаста болды. 1918 ж. 8 маусымда өмірге келген негізінен эсерлер басқарған бұл үкімет демократиялық принциптерге беріктігін бірден-ақ байқатты. Бұл олардың Алашордаға көзқарасынан-ақ байқалады. Тамыз айында Комуч құрылып жатқан басқа үкіметтердің қатарында Алашорданы да мойындайтындығын мәлімдеді. Бірақ бұл табыс та ұзаққа бармады. 23 қыркүйектегі кеңестің соңғы күнінде Уақытша бүкілресейлік үкімет – Директория жарияланды. Бірақ бұл Директория өзі жойылардан аз ғана бұрын 4 қарашада шыққан бұйрығымен, бөлінбейтін Ресейді қалпына келтіру үшін барлық облыстық үкіметтермен бірге Алашорданың орталық үкіметін таратып, онын облыстық, уездік ұйымдарын ғана қалдырды. Орнына мәдени-тұрмыстық мүдделерді басқаратын Бас уәкілдік қызметін енгізді. Бас уәкілдік мәселесі 18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде өзін «Жоғары билеуші» деп жариялаған адмирал Колчак кезінде қаралды. «Николайдың заманы мен тәртібі келген уақытта да» қазақ зиялылары көздеген мақсатынан таймады. Колчак үкіметі Бас уәкілдің міндеті туралы ережені талқылап, оған керекті материал жинау үшін қазақ даласына өз өкілдерін жіберді. 2 мамырда Семейге келген Ішкі істер министрлігінің өкілі Г. Малахов, аталған мекеменің Алашорда тағдыры туралы жоспарын бір топ қазақ интеллигенттеріне таныстырады. 1919 ж. 6 мамырда А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, Р. Мәрсеков, А. Қозбағаров, С. Дүйсембинов, Х. Ғаббасов өлкені басқару туралы жаңа Ережеге өз көзқарастарын білдіріп, Ішкі істер министрлігінің «Бұратаналар» бөліміне Семейден хат жолдайды. Онда ұлттық-территориялық автономия құру туралы шешім қабылдаған II жалпы қазақ съезі, 1917 жылдың өн бойында өткен облыстық съездердің қорытын-

дысы болғанын, сол съезд шешіміне қарай қажетті жағдайларда әрекет жасағандарын (Ресей мемлекетін қалпына келтіру үшін Кеңес өкіметіне қарсы ортақ күреске қосылғандарын) сондықтан да қазіргі ауыр жағдайда Ресей мемлекетін қалпына келтіруге кедергі келтірмес үшін ұлттық мүддені қоя тұрып, уақытша бүкілресейлік үкіметтің 1918 жылғы 4 қарашадағы бұйрығына көніп отырғандарын, бірақ бұл жарлықтағы қазақ өлкесін басқаратын арнайы органның құрылуы туралы ереженің кешігуі, қазақ халқын алаңдатып тұрғаны айтылды. Одан әрі хатта бұл мәселені шешуді жолсапарға өз өкілдерін жіберу арқылы емес, Омбыдағы үкіметпен келіссөз жүргізіп жатқан Алашорда өкілдері пікіріне жүгіну жолымен шешу дұрыс болатыны ескертілді. Сондай-ақ, хат пелері қазақ халқын басқару туралы Малахов әкелген жоспар-жобаға байланысты өздерінің Алаш автономиясын құрайтын қазақ облыстарын басқаратын Бас уәкілдік жекелеген бір министрлік өкілдігі болмауы керек, ол қазақ халқын ұлттық басқару органы болуы тиіс. Сондықтан Бас уәкілдік Ішкі істер министріне тәуелсіз болып, тек Министрлер кеңесіне ғана бағынуы керек. Сонымен қатар Бас уәкілдіктің жанында жолдастарымен (орынбасар) қоса, басқару ұлттық принципке негізделіп, облыстық әкімшілік және милиция басқармасы қазақ ұлттық басқару органына бағынсын, ол үшін облыс, уез, болыстарда тікелей Бас уәкілдікке бағынатын ерекше органдар құрылуы қажет, болыстардағы әкімшілік органы земство мекемелеріне қосылып, оның міндеті земстволық бір мүшесіне жүктелсін деген сияқты ұсыныстарын жеткізді. Алаш қайраткерлеріне бүкілресейлік орталық атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен кешірім жарияланса да, Кеңес өкіметі олардың өткенін еш уақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі айла-шарғымен бүркемеленген құдалау ақыры Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобаланнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді.

Ж. 1917 ж. Омбыда Ақмола облысы қазақтарының съезіне қатысып, бірінші бүкілқазақ съезіне делегат болып сайланды. Ақынның Алаш қозғалысына саналы түрде қатысуы осы кезден басталады.

Г. Мұқанова.

«АЛАШОРДА» – фотоальбом. Құрастырып, түсініктерін жазған Б. Мүрсәлім. «Нұр Отан» партиясының қолдауымен, «Орхон» баспа үйі 2012 ж. жарыққа шығарған. Көлемі 284 – бет. Таралымы – 1000 дана. Фотоальбом Алаш қозғалысының қалыптасу, саяси сахнаға шығу, Алаш автономиясын құру, Кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін кезеңдерін қамтиды. Жинақ тақырыптық-хронологиялық жүйе негізінде құрастырылған. Суреттер мазмұны мен түсу кезеңдеріне орай шартты түрде 6 бөлімге («Атқан таң», «Оян, қазақ!»,

«Алаш автономиясы». «Жанпида», «Абақты жолы», «Тағзым») топтастырылған. Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі (350 адам), соңында альбомның фотолары алынған қорлар, әдебиеттер, сайттар тізімі берілген. Фотоальбомда көптеген Алаш қайраткерлерінің жастық шақтарындағы, оқуда жүрген кездеріндегі фотоларынан бастап кейбір қайраткерлердің Кенес билігінің қолынан қаза тапқан сәттеріне дейінгі суреттері бар. Кітап-альбомда Алаш әскерінің офицерлері мен Алаш қозғалысына қолдау көрсеткен қазақ байлары мен аукатты қожалық иелерінің фотосуреттері жарияланған. Жалпы фотосурет саны – 362. Фотоальбомда Ж-тың да біраз суреттері берілген.

С. Арғынғазин.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ. Уақытша үкіметтің әлсіздігі мен тұрақсыздығы Ресей және оның құрамындағы отар елдерде әлжуаз саяси жағдай қалыптастырып, бүкіл империяны анархия, зорлық пен зомбылық жайлады. Ресейдің отаршыл күштері – атты қазақ әскері және переселендер, сонымен бірге соғыстан қайтқан солдаттар ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншуға, бейбіт елді тонап, талан-таражға салуға бейім тұрды. Елдегі, іргелес аймақтардағы қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, Алаш партиясының басшылары ұлттық автономия жариялап, біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым арқылы елді саяси, әлеуметтік, экономикалық апаттан құтқаруға болатынын түсінді. Ресей империясы құрамындағы бодан ұлттар мен ұлыстар 1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерістерінен кейін автономиялық мемлекет болатындықтарын жариялай бастады. 1917 жылдың 22 сәуірінде Закавказье, 13 маусымда Украина, қазан айында Польша мен Финляндия, 17-18 желтоқсанда Беларусь, желтоқсанда Литва мен Латвия, 1918 жылдың ақпанында Эстония өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады. Алаш қайраткерлері 1917 жылдың қарашасында «Ұлт кеңесі» деп аталатын үкімет пен ұлттық әскер құра бастады. Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған 2-жалпықазақ съезі 1917 ж. 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған Бөкей Ордасынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарынан, Фергана, Самарқанд облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездерінен, Закаспий облысындағы, Алтай губерниясындағы қазақ халқынан 82 өкіл қатысты. Съезде қазақ автономиясы Алаш деп аталсын, Алаш облыстары үшін «Ұлт кеңесі» құрылып, ол Алашорда болсын деді. Алашорда Ұлттық кеңесінің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә.Бөкейханов сайланды. Съездің күн тәртібінде он мәселе қаралып, бесінші мәселе ретінде оқу-ағарту ісі талқыланды. Бұл мәселе бойынша М. Дулатов баяндама жасап, бес адамнан тұратын комиссия құрылды. А. Байтұрсынов бастаған комиссия құрамына М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанұлы енді. Комиссияға қазақ елінде оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасау, сондай-ақ, қазақ мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындап, жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыру жұмыстары жүктелді.

Ш. Шарапатұлы,
М. Әбілжанқызы.

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ – кадет партиясының Қазақстандағы тобы ретінде 1905 ж. пайда болған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық саяси ұйымы (1917–1920). XX ғасырдағы қазақ тарихында терең із қалдырған «Алаш» партиясының өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық, саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп-жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда отарлық басқару жүйесінің терең дағдарыска ұшырағандығын көрсетті. 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съезд материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Съезд шешімдеріне сәйкес сол кездегі қазақ интеллигенциясы ғылыми жұмыстармен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қарекетімен де, шығармашылықпен де айналыса бастады. 1917 жылдың 14 қарашасында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы атынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына Қазақстан губернияларынан сайланған адамдардың тізімі басылды. Ақмола, Семей облыстарынан Әлихан Бөкейхановпен бірге Ж. та делегат болып сайланды. 1917 жылдың 18-желтоқсанында Омбыда «Алаш» партиясының комитеті ашылды. Ж. комитетке мүше болып сайланды. Бұл жөнінде «Қазақ» газетінде хабарланды. Арада үш ай өткенде Ж. Омбы кеңес аткару комитетінің қаулысымен «Алаш» партиясының мүшесі ретінде тұтқынға алынады. Бұл Ж-ты кудалаудың басы еді. Одан елдегі Чехословак ойраны кезінде босап шыққанмен Колчак үкіметінің қырғынына тап болады. Осыдан кейін елім, жұртым, ұлтым деп күніренген Ж-тың мұңына – мұң, зарына зар қосылады. Қызыл әскерлер ақтарды қуғаннан кейін Бүкілодақтық өкімет 1919 жылдың 4 сәуірінде «Алаш» партиясына кешірім жариялап, біраз кеңшілік бергендей болады. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов жаңа қоғамдық жүйеден ел игілігі үшін әжептәуір үміт күтіп, Коммунисттік партияның қатарына өтеді де Орынборда сайланған тұңғыш Қазақ үкіметіне мүшелікке кіріп, оның оқу-ағарту халық комиссары болып тағайындалады. Бұл тұста Ж. Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің редакторы болып істейді. Газетте жүрген кездерінде ол публицистикалық шығармаларға көп көңіл бөлді. «Бірінші май мейрамы», «Сайлау» сияқты шалқымалары біршама ақындық қуатпен, шабытпен жазылып, жарияланады.

Г. Мұқанова.

«АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТ» – Алаш партиясы, Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметіне қатысқан қоғам қайраткерлері, жазушылар тудырған әдебиет. Бастау көзін ғасыр басында (1909) шыққан А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев (1912), т.б. шығармаларынан алады. Ұзақ жылдар бойы жабық болып келген бұл тақырып 1986 жылдан кейін, әсіресе, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң айқындала бастады. 1988 ж. құрылған арнайы мемлекеттік комиссия тарихи құжаттармен, архив материалдарымен,

сот істерімен, нақты шығармалармен таныса келіп, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов есімдерін халыққа қайтару туралы ұсыныс жасап, үкіметтің арнаулы қаулысымен олардың бәрі де ұзақ жылдар бойы жабылып келген жаладан, жасалып келген киянаттан арылды.

Желісі үзілмеген жеке адамдар арасындағы ұстаздық-шәкірттік, ағалық-інілік, туыстық-бауырлық қарым-қатынастар қаншама: Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллиннің семинарияда қатар оқуы, Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің «Абай» журналында бірге істеуі, Смағұл Сәдуақасовтың Әлихан Бөкейхановка күйеу бала болуы, Ахмет Байтұрсыновтың Ісмет Кенесбаевты, Жүсіпбек Аймауытовтың Мәулен Балақаевты, Мағжан Жұмабаевтың Бейсембай Кенжебаевты оқытуы – Алаш қозғалысы рухын кейінгі ұрпақпен жалғастырған мың сан тамырлар. Мұнның үстіне мәдениет министрі Ілияс Омаровтың Мағжанды ақтауға күш салуын, Ахмет Жұбановтың жүрген жерлерінде Мағжан өлеңдерін жатқа айтып отырғанын, Әди Шәріпов Ахметтің «Әдебиет таныткыш», Бауыржан Момышұлы Ахметтің «Маса», «40 мысал», Бейсенбай Кенжебаев Жүсіпбектің «Психология», Ахметтің «Әдебиет таныткыш», Құрманбай Толыбаев Міржақыптың «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» кітаптарын сақтап келгендігін, оларды жасырын түрде кейінгі буынның оқығандығын қоссаңыз, ұлы арнаның үзілмегеніне әбден көзіңіз жетеді.

Ауыл мұғалімдігінен бастап бұлар істемеген қоғамдық-әлеуметтік жұмыс жоқ десе де болады: газет-журнал шығару, адам емдеу, сот болу, темір жол салу, жер өлшеу, Ресей Думасына мүше болу, ұлттық Алашорда өкіметін құру. Алаш қайраткерлері – табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Олар сол сөнбес отты нәрсіз іске, аз күндік мақсатқа, өткінші атақ-даңқ алуға, қайырсыз байлық-дәулет табуға емес, ұлтқа қызмет ету деп аталатын мәңгілік арманға жұмсаған. Күрес жолына шыққан кезде бұл ерлердің бес қаруы сай еді. Сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем сокпайтын, әртүрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді. Алаш қозғалысына қатысып, Алаш партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды бинік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту, жаңа татар әдебиеттеріндегі бірталай идеялармен сарындастық бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет, сапалар еді.

Бұл идеялар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үлгілермен қоса жаңа жанрлық формалар арқылы жүзеге асырылып, роман, драма, публицистиканың соны түрлері туды. Әлем әдебиетінің классикалық шығарма-

лары аударылды. Сөйтіп, әсіресе, Абай сабактарын нысана тұткан, бұрынғы озык дәстүрлерді жалғастырған жаңа сапалы Алаш ұранды әдебиет рухани тарихымыздағы ерекше кезең болып табылады. Бұл толкын өкілдерін түгелдей кырып тастағанмен, олардың шығармаларындағы рух, идея, нысана кейінгі әдебиеттен жалғасын тапты. Түгелдей большевиктер ыкпалында болған, кеңес саясатына әбден сенген Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің өзі басты шығармаларында («Аккудың айрылуы», «Көкшетау», «Күй», «Күйші», «Құлагер») Алаш ұранды әдебиетпен такырыптас кана емес, идеялык тұрғыдан сарындас, әуендес. Ж. өзінің отты жырларымен Алаш ұранды әдебиеттің серкелері Ахметпен, Әлиханмен, Міржакыппен, Жүсіпбекпен, Шәкәріммен иык тірестірді. Қазак поэзиясын бнік көркемдік деңгейге көтерді.

Р. Нұрғали.

АЛДАЖҰМАНОВ Кайдар (10.10.1942, Қарағанды обл., Каркаралы ауд.) – танымал ғалым, Казакстан ғылымына еңбегі сіңген кайраткер. А. 1964 ж. кеңес әскері катарында азаматтык борышын өтеп келгеннен кейін Киров атындағы Казак мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, оны 1968 ж. үздік бітіреді. Ұстазы Г.Ф. Дахшлейгердің ұсынысымен және жас маман ретінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына кызметке жіберіледі. Институт кабырғасындағы еңбек жолын Ұлы Отан соғысы тарихы бөлімінде кіші ғылыми кызметкерліктен бастаған білгір маман 1986 ж. аға ғылыми кызметкер, 1989 ж. Казакстандағы аграрлык катынастар тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1995-2007 жж. институт директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары кызметтерін аткарды. 2008 жылдан бері аталмыш институтта бас ғылыми кызметкер.

Казак және орыс тілдерінде бірдей жазатын ғалымның өзіндік ерекше кыры – ғылыми аударманшылыкты еркін меңгерген. А. Ғылыми ортада біркатар коғамдык-саяси және тарихи әдебиеттер басылымдарын казак және орыс тіліне аударушы және редактор ретінде де танымал.

А. Казакстандағы XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ұжымдастыру мен аштык себептерін зерттеумен айналыскан (1991 – 1992) мемлекеттік комиссия құрамында кызмет етті. Комиссия корытындысы негізінде «Жаппай куғын-сүргін құрбандарын актау туралы» ҚР Заңын (1993) дайындауға катысты. Ғалым – бес жүзден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің, макалалар мен сын пікірлердің авторы. Зерттеуші З. Келдібеков О. Исаевтың өмірі мен кызметіне катысты дерек жинап жүріп, арабша ғаріппен жазылған Ж-тың соңғы колжазбасына тап болады. «Азап пен мазак» атты акын туралы жаңа дерек тарихшы-ғалым Кайдар Алдажұмановтың түсіндірмесімен жарияланды.

«АЛДАМШЫ ӨМІР» – Ж-тың өлеңі. Акынның бес жинағына енген. 1922 жылғы басылымдағы: «Өмір сөнед. Үміт өлед. Не калды? Мөлтмөлт етіп көзге ыстык жас келеді»,

– деген жолдарды 1923 жылғы басылымда ақын «Өмір сөнед. Үміт өлед. Не қалды? Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді» деп өзгерткен. 1989 ж. шыққан кітапта өлең 1923 ж. басылымға сәйкестендірілген.

Н. Оқашева.

«АЛДАНҒАН СҰЛУ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Шолпан» жинағында «Әдемі қыз» деген тақырыппен жарық көрген. Кейінгі кітаптарының бәрінде бар. Өлең басылымдарында бірқатар текстологиялық өзгерістер кездеседі. 1912 жылғы «Шолпан» жинағында алты шумақ, екі жол болса, 1923 жылғы басылымда бес шумақ. 1989 ж. жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармаларында» да осылай басылған. Сондай-ақ бірінші шумақтың үшінші жолы – «Мап-майда, колға жұмсақ, мінсіз денен», үшінші шумақтың бастапқы тіркесі – «Ал, бүгін...», соңғы шумақтың үшінші жолы – «Күні-түн о да, бұ да соны айтар». Ташкент басылымында бұл жолдарды ақын өз қолымен өңдеген. «Таза ат, жақсы көрік бәрі кетіп» жолы (1912) Ташкент жинағында «Тап-таза ат, көркем көрік...» боп өзгертілген. «Ғұмырынша» деген сөзді «Өміріңше» деп түзеткен.

1995 жылғы басылымда «Өкіндің» сөзі «Өкіндік» деп жөнделіпті. «Шолпан» кітабындағы:

«Естілер бұл жаманат қосағына,
Қайнатар, кінә сақтар ошағында.
Шірірсің ғұмырынша тепкі астында,
Бір кірмес шын елжіреп құшағыңа.
От алып ұшқан жастық шақ,
Көздеймін соны – қайсы жақ?» –

деген алты жол 1923 жылғы басылымда жоқ. Басқа да бірқатар өзгеріске ұшыраған жерлері бар.

Н. Оқашева.

«АЛЕКСАНДР БЛОК» – Ж-тың өлеңі. Ақын бұл өлеңді 1921 ж. Б-тың қайтыс болғанын естіген күні жазған. Ж. Б-ты үлкен ақын ретінде құрмет тұтқан. Өлеңдегі «Әдемі әйел» – Б-тың «Прекрасная дамасы». Б. – орыс әдебиетіндегі ең күрделі тұлғалардың бірі. Орыс ғалымы Владимир Орлов Б-ты гамаюнға теңеп, осы аттас көлемді кітап жазған. Гамаюн – көне орыс әдебиетінде жиі кездеседі. Виктор Васнецовтың қыл қаламынан шыққан 220 суретте гамаюнның басы – адамның басы да, денесі – құстың денесі. Аныздың айтуынша, гамаюн – болашақты болжағыш пайғамбар – құс, адам – құс. Міне, осы суретке қарап отырып Б. 1899 жылғы жиырма үшінші ақпан күні, он тоғыз жасында «Пайғамбар құс гамаюн» атты өлең шығарыпты. Ж-тын: «Блок – бір бұлбұл, Блок – бұлбұл сайраған» деуі де сондықтан.

Н. Оқашева.

«АЛҚА» – ұлтжанды қазақ жазушыларының әдеби үйірмесі, 1924 – 1925 жж. ұйымдастырылған Пролетар жазушылары ассоциациясына (КазАПП) кірмеген өзіндік көркемдік-ұлттық бағыт ұстаған қазақ жазушыларының еркін ұйымы. Қазан төңкерісінен кейін көркем әдебиеттен де таптық принципті талап ете бастаған кезде қазақ қаламгерлерінің оған қарсылық, балама бағыт ретінде құрмақшы болған шығармашылық ұйымын Мәскеудегі әдебиет институтының студенті Ж. ұйымдастырып, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жазған. Ақын бағдар-

ламаны колдан көшіріп, 16 данасын пікір білу үшін сол кездегі көрнекті қаламгерлерге тараткан. «А-ның» бағдарламасын Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, С. Дөнентаев, Ж. Тілеуұлы, Е. Омаров, Ж. Сәрсенбин т.б. қазақ зиялылары, мәдениет әдебиет қайраткерлері қолдаған. С. Сәдуақасов бағдарламаны «Еңбекші қазақ» газетіне жарияламақшы да болады. «А.» ресми түрде тіркеуден өткен жоқ. «А-ға» қатысы бар ақын-жазушылар «ұлтшыл» ретінде қуғынға ұшырады. Сөйтіп, «А-ның» шығармашылық ұйым ретінде құрылып, жұмыс жасауына мүмкіндік берілмеді. Қолжазба күйінде сақталып қалған «А-ның» бағдарламасы «Әдебиетіміз», «Бұл күнге дейін төңкеріс һәм әдебиетіміз», «Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксшілдік һәм әдебиет. Не жазуға» деген негізгі бес бөлімнен тұрады. «Табалдырық» аталған кіріспесі «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол», – деген жолдармен басталады да қазақ әдебиеті қандай жолмен дамуы керек деген сауалға жауап іздейді. Автор «Қазақ әдебиетінің алыбы – Абайдың» ақындығын аса жоғары бағалап, қазақ әдебиеті өзінен үлгі алатын дәрежеге жеткен жоқ деген сияқты солақай пікірлерді теріске шығарады. Төңкерістің қазақ даласына сырттан әкелінгендігі, сол себепті де қазақ әдебиетінің төңкерісті жырлауына негіздің жоктығы «ұлттық әдебиет өз сокпағымен жүру керектігі» ашық айтылады.

Тергеушілерге берген жауабында Ж.: «А.» үйірмесін құруды студенттердің талқылауынан кейін ойыма алдым және оның «Табалдырық» атты бағдарламасын 1924 ж. желтоқсанның аяғында бастап, 1925 жылдың кантар айының басында жазып бітірдім. Бағдарламаны сол кездегі Мәскеу студенттері Сәрсенбин мен Сегізбаевка оқып беріп, талқылаттым, өзгертулер енгіздім. Содан кейін барып жан-жаққа тараттым», – деп жауап берген.

«А.» таза өнерді қолдап, таптық мүддеден гөрі көркемдік шеберлікті жоғары қойды. «Жалаң ұраннан арылып, саф өнермен сусындауды» (М. Әуезов) мақсат тұтып, «Сана» мен «Шолпан» журналына жариялау арқылы сол идеяларын жүзеге асыруды ойластырды. Сол мақсатқа орай шығармашылық бәсекеге түсті. Ж-тың «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», М. Әуезовтің «Көксерек», «Қилы заман», Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», «Ақбілек» іспетті кесек туындылары сол жылдары жазылды. Алайда, «А-ның» бағдарламасы – қиял, жұмысы жоба күйінде қалды. Жоғарыдағы екі журнал да («Сана» мен «Шолпан») көркемдік-идеялық жат ұстанымы үшін жабылып тынды.

Ж. Сүлейменов.

АЛМАТЫ – қала. Іргесі 1854 ж. қаланған. Республикалық мәртебесі бар. 1929 – 1997 жж. Қазақстанның астанасы болды. Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. Аумағы – 170 шаршы шақырым. 6 қалалық әкімшілік ауданға бөлінген. Жергілікті басқару

органы – Алматы қалалық әкімдігі. 1921 жылға дейін – Верный; орта ғасырларда – Алмату (Алмалы) деп аталған. Ж. өмірінің соңғы үш айы Алматыда өтті. 1937 жылдың желтоқсан айында Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың шақыруымен Алматыға көшіп келген ол көп кешікпей тұтқындалып, 1938 жылдың 18 наурызында атылды.

АЛТАЙ Аскар (12.02.1963, Шығыс Қазақстан обл., Зайсан қ.) – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан Жазушылар одағының Жастар арасындағы прозашылар форумының (1989, 1990), Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған. «Қыр мен қала хикаялары» атты повестер мен әңгімелер жинағы (1998), «Алтай новелласы» атты прозалық жинағы (2001), «Нарық накыштары» (2003) және «Қызыл бөлтірік» (2006) атты ұжымдық жинактарда прозалық шығармалары, «Казино» әңгімелер жинағы (2008) жарық көрген. «Қызыл бөлтірік» кітабы (повестер мен әңгімелер, 1997) Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесі – грантын жеңіп алған. А. Мағжанның шығармашылығы туралы «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» («Қазақ әдебиеті», 1993, 22 қазан) мақала жазған. Онда автор Ж-тың өз ұлтына деген сүйіспеншілігі төңірегінде әңгіме қозғап, осы тақырыптағы жырларын талдайды.

Т. Зікірин.

«АЛТЫН МҮЙІЗ» – мейрамхана. Ж. Омбыда тұрған кезде қаланың орталық Ленин көшесінде, бір кезде Ш. Уәлиханов оқыған кадет корпусына таяу «Алтын мүйіз» («Золотой рог») деп аталатын мейрамхана болған. Ақынның жазуына қарағанда, Омбыда оқыған, қызмет істеген қазақ жастары осында жиі бас қосып, көңіл көтерген.

АЛТЫНСАРИН Ыбырай (Ибраһим) (2.11.1841, қазіргі Қостанай обл., Қостанай ауд. Аркарағай а. – 30.7.1889, Қостанай қ.) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырайдың өз әкесі (Алтынсары) ерте қайтыс болады. Оны атасы Балғожа би тәрбиелеп өсіреді. Атасы Ыбырайды 1850 ж. Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға береді. Мектепті бітірген соң Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады (1857 – 1859). Кейін Орынбор облыстық басқармасына тілмаштық қызметке ауысады. 1860 ж. А-ге облыстық басқарма Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін мектеп ашуды тапсырады әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып бекітіледі. А-нің бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтік қызметі осылай басталады. Халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 ж. 8 қаңтарда салтанатты түрде ашады. Осыған байланысты үлкен той болып, сол күні мектепке 14 бала жазылады. Ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса А. басқа да жұмыстарды атқарды.

Алтынсарин Ыбырай

Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья (1868 – 1874), торғай уездік бастығының аға көмекшісі (1876 – 1879) болды. А. инспекторлық қызметке кіріскеннен бастап зайырлық мектептер ашуды қолға алды. Ең алдымен, ол уез орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашты, олардың бәрін қажетті кітаптармен қамтамасыз етті. Осыдан кейін ол болыстық бастауыш мектептер ашуға кірісті. Елдің көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін енгізу жөнінде ұсыныс жасады. Нәтижесінде, 1888 ж. 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс-қырғыз училищелерін жақсы бітірген жастар қабылданды. А. бұдан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлау ісіне ерекше мән беріп, колөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсады. Қайтыс боларының алдында Қостанайда ашылатын ауылшаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. А. Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштырды. Ол орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Мектеп оқуында, әсіресе, ана тіліне үйретуде К.Д. Ушинскийдің ойларына жүгінді. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде К.Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н. Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И. Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсын» оқу құралы ретінде ұсынды.

А-нің пікірінше, мектептерге арналып жазылатын оқу кітаптары өзінің идеялық мазмұны және нақты материалдары жағынан ана тілінің және халық даналығының бай қазынасына негізделуге тиіс болды. 1879 ж. оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және дидактикалық оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды.

А. сол кездегі қоғамдық-саяси өмірге сергек араласып, ғылым-білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның

көркем еңбектері қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады («Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыннан, Іздемей-ақ табылар»). Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен келетініне мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата-енең картайса, Тіреу болар бұл оқу. Картайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады («Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»). А., сондай-ақ, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, И. Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды. Қазақстан үкіметінің 1989 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен А-нің туғанына 150 жыл толуына орай мерейтойы өткізіліп, ұстаздың мұраларына арналған ғылыми, тарихи, педогогикалық еңбектер жарық көрді. Арқалық қаласында А-нің мұражайы ашылды. Тобыл бойындағы Ыбырай қыстауы жанында, мүрдесі қойылған жерде, оған күмбезді мазар орнатылды. Қазақстанда А. атында аудан, ауылдар, жоғары оқу орындары, шың, т.б. бар. Ж-тың шығармаларын, әсіресе, ағартушылық сипаттағы шығармаларын әңгімелегенде оның балалар әдебиетін жасауға ерекше көңіл бөлгені, өнер-білімді осы жастардан күткені ауызға бұрын ілігеді. Ақын балаларға арнап көптеген өлеңдер жазып, кітаптар шығарған. «Шолпан» жинағында «Балалық шақ», «Қарағым», «Сен сорлы» (Шәкірт зары) атты өлеңдерін жариялаған. Бұлар – ұлы педагог А-нің «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңімен үндес шығармалар. Ауылдағы ойын балаларына арналған. «Балалық шақ» өлеңінде Ж. оларға осы балалық шағынан бастап оқу-білімге көңіл бөлуге, бойға тек асылды ғана сіңіруге кеңес береді: «Жастық – алтын, Құрып кал салтын. Салты оның – үйрену! Өнер куып, Бел бекем буып, Надандықтан жирену! Тұрма, карғам, ұмтыл! Аты өшкірден құтыл!» «Аты өшкірден құтыл» дегені надандықтан құтыл деп отыр. Баланың құлағына жағымды «карғамды» колдана отырып, ақын өз ойын сәби санасына ұялатады. Осы өленге ұқсас «Қарағым» деген өлеңінде ақын: «Қарағым, оку окы, боска жүрме! Ойынға, құр ка-

ларсың, көніл бөлме. Окымай ойын куған балаларға жолама, шакырса да касына ерме! Кідірме, аялдама, алға ұмтыл. Алам деп көктен жұлдыз колың серме», – деп жас жеткіншектерді окуға, білім алуға шакырады. Міне, осының бәрі оның А. шығармаларымен ерте танысканын, ұлы ұстаздың тағылымын жүрекке мыктап түйгенін айғактайды.

Н. Мұқатов.

«АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА»

– Ж-тың өлеңі. Акын бұл өлеңін Ататүрік бастаған түріктің 1919 жылғы ұлт-азаттык соғысына арнаған. 1922, 1923, 1989, 1993 жж. жарык көрген жинактардың бәрінде де бар. Ешкандай текстологиялык өзгерістерге ұшырамаған. Ж. өлеңін түріктерге «Ата мирас алтын так Алтайға кайт», – деген үндеумен аяктайды.

«АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА»

– М.Жұмабаевтың түрік тілінде шыккан (Анкара, 2018) жыр жинағы. Аударған түрік акыны Али Акбаш. Жинакка акынның «Қазак тілі», «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Туған жер», «Мен кім?», т.б. өлеңдері енген. Алғы сөзін халыкаралык «ТҮРКІСОЙ» ұйымының бас хатшысы Дүйсен Касейінов жазған.

АМАНГЕЛДІ Әшірбек (22.8.1955, Онтүстік Казакстан обл., Келес ауд. бұрынғы Ғ. Мұратбаев атындағы кеңш.) – журналист. ҚазМУ-ді (1977), БЛКЖО ОК-нің жанындағы ЖКМ-нің журналистика бөлімін бітірген. «Казакстан пионері» (казіргі «Ұлан») газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болды. Республикалык «Горизонт»-«Өркен» газетінде редактордың орынбасары және редакторы болып кызмет істеді. «Зерде» журналының шығармашылык ұжымын баскарды. Еуразиялык экономикалык кауымдастыкта кеңесші болды. Казір «Зерде» баспасының директоры.

«Бакcылыкта құпия бар ма?» деген такырыппен «Білім және еңбек» (1982, №10) журналында макала жариялап, Мағжанның атакты Қойлыбай баксы туралы:

«Ертеде ел бар екен аты найман,
Қытайға калың найман канат жайған.
Калың найман ішінде – бағаналы,
Казакта баксы аскан жок
Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп,
пері мінген,
Астында жорғалаған шашты сайтан.
Қойлыбай кобыз алса-ак,
калбалактап,
Кокаман жетіп келер әлдекайдан», – деп басталатын поэмасынан үзінді бергені үшін журналдың бас редакторы кызметінен босатылған. А. осы жайында «Мағжанды жазып, жазыкты болып едік... немесе студент жігіттің сұрағына жауап» («Жас Алаш», 20.9.2011) деген көлемді макала жариялады.

Ж. Сулейменов.

АМАНЖОЛОВ Касым (1911, Караганды обл., Каркаралы ауд. – 1955) – акын, аудармашы. Ауыл молдасынан хат таныған. Семейдегі балалар үйінде тәрбиеленіп, сонда бастауыш білім алған, малдәрігерлік техникумын бітірген (1930). 1931 ж. Ленинградтың Орман шаруашылығы институтына түседі. Бірак денсаулығына байланысты оки алмайды.

АМАНЖОЛОВ

1931 – 1941 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, Орал облыстық театрында жұмыс істеген. Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен әскер қатарына шақырылып, 1946 жылға дейін майданда болады. Елге оралған соң біраз жылдар «Әдебиет және өнер» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. А-тың тұңғыш өлеңі Ораддың «Екпінді құрылыс» газетінде басылды. Тұңғыш жинағы – «Өмір сыры» 1938 ж. жарық көрді. Ақынның Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңдегі көркемдік сапасы аса биік туындылары – «Ақын», «Бірінші май», «Жолдас маршал», «Жалғыз жалау», «Дүниеге жар», «Орамал», «Мен – табиғат бөбегі» тәрізді өлеңдері. Соғыс кезеңі – ақынның әбден қалыптасқан, ең шоқтықты да өнімді тұсы. Бұл кезеңде қазақ өлең өнеріне мазмұн жағынан да, түр жағынан да мол жаңалық әкелген өлеңдері: «Байқал», «Оралым», «Подполковник Әпин», «Дариға, сол қыз». Ақынның «Мартбек», «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын Ғ.Мүсірепов қазақ поэмасындағы жаңа бетбұрыс деп бағалады.

Соғыстан кейін көркемдік сапасы жоғары лирикалық өлеңдермен қатар «Боран», «Біздің дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз» тәрізді үлкен эпикалық поэмалар жазды. Қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізіп, оны әбден тұрақтандырды. 1948 ж. баспадан шыққан «Дауыл» жинағы қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерген құбылыс болды. Әнін де өзі шығарған «Дариға, сол қыз», «Туған жер», «Өзім туралы», т.б. шығармалары халықтың сүйікті туындысына айналған.

Аманжолов Қасым

Қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына зор үлес қосқан А. А.С. Пушкиннің «Полтава», М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад», А.Т. Твардовскийдің «Василий Теркин», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, Т.Г. Шевченко мен В.В. Маяковскийдің өлеңдерін қазақ тілінде өзіндік нақышымен сөйлетті. А. шығармаларының әр жылдары үш томдығы, төрт томдығы жарық көрді.

2001 ж. «Жазушы» баспасынан таңдамалы лирикасы кітап болып шықты.

А. шығармашылығында Ж-тың әсері өте-мөте айқын көрінеді. Соған қарағанда ол Ж. шығармаларымен жақсы таныс болған, оған еліктеген. «Біздің дастан» поэмасында Ильичтің қазасын естігенде:

«Күректің сабы енгендей жүрегіне,
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне», – дейді А.
«Солдатша сымдай киініп,
Шинелі оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен» («Орамал»). Бұл – Ж-тың өлеңі. Майданның окобын казуға кетіп, қара жұ-

мыста жүрген казак жігітін сағынған жас келіншектің мұңы осылай өріледі. Осылайша Ж. әсері акын А. шығармашылығында өте-мөте айкын көрінеді.

Н. Оқашева.

«АНАМА» – Ж-тың шешесі Гүлсімге арнаған өлеңі. Акын бұл өленін түрмеде отырғанда жазған. Өлең акын жинактарының «Шолпаннан» баскасының бәріне енген.

АНТОНОВ Валерий Александрович (25. 4. 1933. Өзбекстанның Андижан к.) – акын. аудармашы. 1957 ж. Казак мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. Баспаларда. Казак радиосы редакцияларында кызмет аткарған. Казакстан Жазушылар одағы облысаралык бөлімшесінде әдеби кенесші болып жұмыс істеген. 1962 жылдан «Простор» журналы поэзия бөлімінің менгерушісі болған. Оның «Туған күн». «Жол айрығы». «Үндестік. тілдестік». «Көне асатаяк». т.б. жыр жинактары окырмандарға жаксы таныс. А. казак акындарының өлендерін орыс тіліне аударуда айтарлыктай енбек етті. Ол Ж-тың «Бұлбұл». «Жазғы таң». «Ет пен мысык». «Орамал». т.б. өлеңдерін аударып. акынның 2003 ж. Мәскеудің «Русская книга» баспасынан «Пророк» деген атпен жарык көрген тандамалы жинағында жариялады.

АРҒЫН – алты арыс Орта жүздің құрамына кіретін тайпа. А. Орта жүзде аға баласы атанған. ұрпағы көп жайылған, іргелі ел болған. А-нан атакты батырлар. билер. акынсерілер көп шыккан. Ертіс. Торғай, Нұра өзендерінің алкабын. Балкаш көлінің солтүстік жағалауларын мекендеген. Ж-тың шыккан тегі халык шежіресі бойынша А-ның екінші әйелі Момыннан тарайтын Атығайға жатады.

«АРХИМЕД» – Ж-тың өлені. Акынның бұл өлені «Акжол» газетінің 1923 жылғы 22 кыркүйектегі санында жарияланған. Бұл шығармасында ол канды кол сталинизмнің жаны неде екендігін тап басып айтады.

АРЫСТАНБЕКОВ (а.ж.б.) – Мемлекеттік кауіпсіздік комитетінің кызметкері.1959 жылдың 15 маусымында және сол жылдың 7 тамызында Ж-тың жары Зылиха жазушы Жайык Бектұровтың айтуымен Кенес өкіметінің басшысы Н.С. Хрущевтің атына бірінің артынан бірі екі хат жолдайды. Бұл хаттар тиісті нұскауымен Казак КСР прокуратурасына түседі де. одан Түркістан әскери округіне жіберіледі.

А. Казак КСР Министрлер Кенесі жанындағы мемлекеттік кауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары болып істеп жүрген кезінде 1959 жылғы 10 желтоксанда Ж-тың Казан төңкерісіне дейін және кейін жарык көрген шығармаларының. жырларының. макалаларының. очерктерінің және аударма шығармаларының идеялык бағыты туралы корытынды жасауды сұрап Казакстан Жазушылар одағына хат жолдайды. Осыдан кейін Казак КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты мен Казакстан Жазушылар одағы ғалымдар мен жазушылардан арнайы топ құрады. Осы топ 1960 жылғы мамырдың 19-ында «өте құпия» түрде Мемлекеттік кауіпсіздік комитетіне

былай деп хабарлаған: «Сіздердің өтініштеріңіз бойынша жазушылар мен әдебиетшілердің бір тобы 1938 ж. сотталған Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасымен үстірт танысып шықты... Артында қалған жырларына келетін болсақ, тұтас алғанда өзінің идеялық негізінде буржуазиялық-ұлттық, демек, контрреволюциялық сипатта болған». Осыдан кейін Ж. жырлары тағы да жиырма жыл жабулы күйінде қала берді.

Ж. Сүлейменов.

АСАН ҚАЙҒЫ Сәбитұлы (XIV ғасырдың соңы IV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі Асан Қайғы мазары делінеді. Оның өмір сүрген тұсы Алтын Орда және қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді. А.қ. шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін аркау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады. А. қ-ның шығармаларын жинап, зерттеумен Ш. Уәлиханов, Г.П. Потанин, М.Ж. Көпеев, С. Сейфуллин, М. Әуезов, т.б. айналысты. Жыраудың ақындық мұрасын бастыру XIX ғасырдың соңында басталды. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, А.қ. қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған «дала философы». Осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін «қайғы» сөзі қосылып аңызға айналып кеткен. Шежіре-аңыздардың айтуынша, А.қ-ның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болса керек. Ол баласын ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген А.қ. жас кезінен-ақ туған халқының қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақындық-жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел дауын, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем

боп шыға береді.

А.қ. заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпенділер философы» (Ш. Уәлиханов) атанған А.қ. «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.Әуезов).

АСҚАРОВ Әлібек (24.1.1951, Шығыс Қазақстан обл., Қатонқарағай ауд. Екіаша қыстағы) – жазушы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Алматы көркемсурет училищесін, ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1975 – 1986 жж. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының көркемдеуші редакторы, әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы болды. 1986 – 1992 жж. «Өнер» баспасының бас редакторы, 1992 – 1993 жж. ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті аппараты ішкі саясат бөлімінің аға референті, 1993 ж. ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары, кейін бірінші орынбасары, 1998 – 2005 жж. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспа және полиграфия департаментінің директоры болып қызмет істеді. ҚР Президенті әкімшілігі ішкі саясат бөлімінде сектор меңгерушісі, бас инспектор, бөлім меңгерушісінің орынбасары болды. Қазір ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры. «Құтмекен» (1979), «Тайга толғауы» (1981), «Жасыл әлемге саяхат» (1985), «Ерте түскен бозқырау» (1989), «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» (1998), «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсаймын» (2003), «Социализм әңгімелері» (2006), «Социализм хикаяты» (2007), «Шабанбайдай жер қайда» (2008), «Кешегі күннің хикаясы» (2008), «Тау самалы» (2009) кітаптарының авторы. «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» романы Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрген (2005). Әңгіме, повестері «Родники рождаются в горах» (2000), «Скрип соленого сердца» (2006), «Стон дикой долины» (2008), «И смех, и слезы, и любовь» (2009) деген аттармен орыс тілінде

жарық көрген. А. редакция алқасының мүшесі ретінде Ж-тың 3 томдық шығармалар жинағын құрастыруға (А., «Жазушы», 2003) белсене қатысты.

АСҚАРОВ Ерік (10. 1.1959, Солтүстік Қазақстан обл., Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауд. Ворошилов а. – 2003, Астана қ.) – ақын. Қазақстан Жазушылар одағының М. Мақатаев атындағы сыйлығының (1988), Қазақстан Жастар одағы сыйлығының (1990) лауреаты. 1983 ж. Алматы Көркем театр институтын бітіріп, режиссер мамандығын алған. Республикалық Қазақ телевизиясында режиссер, «Жазушы» баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағы әдеби қорының директоры болған, Көкшетау, Астана қалаларында қызмет атқарған. «Қарлығаш», «Жетіген», «Аққудың көгілдірі» атты жыр-жинақтарының, «Біржан сал», «Петропавловск – қызылдардың қаласы» атты пьесалардың авторы. Айтыскер ақын ретінде көптеген жыр сайыстарына қатысып, жүлдегер атанған. И. Гогольевтің «Наара суох», Л. Табукаиевилидің «Арманымның ақ құсы» пьесаларын қазақ тіліне аударған. Ж. туралы бірнеше зерттеу мақалаларын жазған.

А. «Батыр Баян» туралы бірер дерек» деген мақаласында «Жұлдыз» журналы, 1989, №8) былай деп жазды: «Мағжанның Ноян деп алғаны – Баянның шөберелес ағасы Сары батырдың баласы – Қыстаубай. Ел ішінде қалған әңгімеге қарағанда Қыстаубай, расында да, ауылдағы қалмақтың Лағыл деген қызын алып қашса керек. Баласының қылығына

Асқаров Ерік

С. б. катты ызаланады... С.: «Қыстаубайды қуып жетіп өлтір, киімі мен қару-жарағын көзімше көм, – деп Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп, бір қабат киімін алып, қозының қанына малып, Сарыға алып келеді. Қыстаубайды кіші жүздегі нағашыларына жібереді. Кейін бір соғыста кіші жүз әскерлерімен келген ұлын көріп, Сары Баянға катты ренжиді».

«АСЫҚ ИІРУ» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» газетінде (1924, № 415) жарияланған. 1989 жылғы басылымға енгізілген.

АСЫЛ МҰРА – Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы тарихи-мәдени, ғылыми-әдістемелік орталық. 2001 жылдың 1 ақпанында құрылған. Орталықтың негізгі міндеті – облыстың атақты адамдары туралы мәліметтер мен материалдар жинастыру. «А. м.» орталығы «Тоқсан би», «Қожаберген жырау», белгілі ақын-революционер Баймағанбет Ізтөлин туындыларын, көрнекті жазушылар С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мерейтойларына арнап шағын сувенирлік кітаптар шығарды. «Сегіз сері» шығармаларының екі томдығын, Шал ақын туралы кітапты (А., «Арыс», 2003 ж.)

баспаға әзірлеген. Ж-тың 110 жылдығы қарсаңында «Жыр жұлдызы» деген атпен ақынның өлеңдер жинағын құрастырды (2003ж.).

С. Жұмабаев.

«АТАҚТЫ АҚЫН СӨЗІ АЛТЫН ХАКІМ АБАЙҒА» – Ж-тың өлеңі. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде жазған. Алғаш рет 1912 жылғы «Шолпан» жинағында басылды. Бертін елеулі текстологиялық өзгерістерге ұшыраған. Мәселен, 1989 жылғы кітапта «Дүние қолын жайып енді күтпес», деген жол «Әлемнің құлағынан әні кетпес!» болып редакцияланған. Ж-тың алғашқы өлеңдерінің бірін «Алтын хакім Абайға» деп атауының өзінен ақынның ұлы А-ды ерекше құрмет тұтқаны сезіледі.

«АТАМҰРА» – полиграфиялық өнімдер-оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми, ғылыми-танымдық, көркем-әдеби, энциклопедиялық басылымдар шығаратын, кітап саудасымен айналысатын маманданған корпорация. 1992 ж. 21 наурызда құрылды. «А.» корпорациясы: «Атамұра» баспасы, «Атамұра» полиграфкомбинаты, транспорт компаниясы, мамандандырылған кітап үйлерінен тұрады. «Атамұра кітапханасы» сериясымен елге белгілі ақын-жазушылардың туындылары, қазақ әдебиетінің үздік үлгілері басылып шықты. Баспа 2002 ж. Ж-тың «Сүй, жан сәулем» деп аталатын өлеңдер мен поэмалар жинағын 3000 дана таралыммен (көлемі – 13,4 б.т.) оқырмандарға ұсынды.

АТУ ЖАЗАСЫ – ежелден келе жатқан ең ауыр жаза. Өлім жазасы қоғамдағы ауыр қылмыстармен күресу үшін енгізілген. Көне замандарда негізінен патшаның әмірін орындамаған адамды, иесіне қарсыласқан құлды, ұрлық жасаған адамды, бұйрықты орындамаған жауынгерді өлім жазасына кескен. Шыңғысхан әскерінде бір адам шайқас кезінде шегінсе немесе қашса, құрамына сол жауынгер кіретін бір ондық түгел өлтірілетін тәртіп болған. XIII ғасырда Еуропада басталған инквизиция католик шіркеуінің ілімінен дүниетанымы өзгеше адамдарға өлім жазасы (өртеу) қолданылды. Ислам елдерінде кісі өлтірушілер, зинақорлар осы жазаға кесілді. Қазақстанда кезінде өлім жазасы (ату) тек айрықша ауыр қылмыстар (ланкестік, геноцид, айуандықпен кісі өлтіру, т.б.) үшін тағайындалды. Алайда, Кеңес өкіметі кезінде бұл жазаның «халық жауы» деп елі мен жері үшін күрескен айтулы азаматтарға да қолданылғаны тарихтан белгілі. Ж. та осындай сұркия саясаттың құрбаны болды. Ол 1938 ж. атылып кетті.

«АУРУ» – Ж-тың өлеңі.1992 жылдан басқа жинактарының бәріне енген.

АХЕТОВ Амантай (1947, Көкшетау қ.) – ақын, журналист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1990). Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. ҚазМУ-ді (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) бітірген (1972). Еңбек жолын 1966 ж. Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Уәлиханов ауданындағы «Красное знамя» және «Қызыл ту» газеттерінде бастаған. 1977 – 1980 жж. осы газеттерде редактор, 1980 жылдан Қазақстан мемлекеттік

телерадиокомпаниясында, Қазақстан мемлекеттік баспасөз комитетінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық комитетінде, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жауапты қызметтерде болды. «Азия дауысы» және «Республика – 2000» республикалық газеттерінде бас редактор, «Юридическая газета» редакциясында бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. А. Ж. ақталғаннан кейін (1988) оған арнап «Постаменты» деген өлең жазды. Онда араға жылдар салып халқына қайта оралған ақынның жырлары да, өзі де мәңгі жасайтынына сенім білдіреді.

АХМЕТОВ Зәки (4.5.1928, Шығыс Қазақстан обл., Ұлан ауд. Ұзынбұлақ а. – 2002, Алматы қ.) – әдебиет зерттеуші, ғалым, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі (1983). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1978), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған (1985). 1948 ж. ҚазМУ-ді (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1948 – 1951 жж. КСРО ҒА-ның Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану институтында аспирант, 1951 – 1975 жж. Қазақ қыздар мемлекеттік педагогика институтында кафедра меңгерушісі, декан, 1975 – 1984 жж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында директордың орынбасары, директор, Қазақстан Ғылым академиясының академик-хатшысы, 1984 – 1986 жж. вице-президенті. Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселелеріне, қазіргі әдебиеттанудағы дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік шеберлік, поэтика, әдеби байланыстар проблемаларына арналған. Қазақ өлеңінің өзгешеліктері мен құрылымын зерттеудің ғылыми жүйесін жасады. А. Ж. шығармаларын текстологиялық, тарихилық қырынан зерттеген іргелі ғылыми монографиялар жазды (1987 – 1989 жж.). Ж. шығармаларын зерттеп, оны ақтау мәселесімен айналыскан комиссияның мүшесі ретінде де қалың жұрт ұзақ жылдар көз жазып қалған ақынның қайта оралуына үлес қосты. А. Ж-тың толық шығармалар жинағын (1989) дайындап, құрастырушы авторлардың бірі болды.

Ахметов Зәки

Қ. Хамидуллин.

АХТАНОВ Тахауи (25.10.1923, Ақтөбе обл., Шалқар ауд. Шетырғыз а. – 1994, Алматы қ.) – жазушы, драматург. Қазақстанның халық жазушысы. 1940 ж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. Екінші курста оқып жүргенде өзі сұранып майданға аттанады. Алғашқы әдеби көркем шығармалары өлең, очерк түрінде майдан газеттерінің бет-

Ахтанов Тахауи

терінде жарияланды. 1948 ж. әскер қатарынан босағаннан кейін әдеби еңбекпен айналысады. Көркем әдебиет баспасында редактор, бөлім меңгерушісі, киностудияда сценарий бөлімінің бастығы. «Әдебиет және искусство» – «Жұлдыз» журналының редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, көркемөнер бас басқармасының бастығы, республикалық кітап палатасының директоры сияқты жауапты қызметтер атқарды. Алғашқы өлеңдері «Жастар дауысы» деп аталатын ұжымдық жинақта жарық көрді. Осы кезде оның әдеби сын мақалалары жиі басылып, алғашқы монографиялық зерттеу еңбегі жарияланды. Әйтсе де, жазушының өнімді де жемісті еңбек еткен жанрлары – проза мен драматургия. Баспасөз бетінде алғаш жарияланған әңгімесі – «Күй аңызы». 1956 ж. «Қаһарлы күндер» атты романы жарық көрді. «Дала сыры» повесі үшін (өңделіп, толықтырылып, «Боран» романына айналды) авторға 1966 ж. Қазақ КСР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1968 ж. жазылған «Сәуле» драмасы, одан кейінгі «Боран», «Ант», «Әке мен бала» драмалары да қазақ сахнасының өміршең туындыларына айналды. А.Н. Толстойдың «Азапты сапарда» трилогиясын, М. Горькийдің әңгімелерін қазақ тіліне аударды. А. 1967 жылдың соңында Қазақ Мемлекеттік университетінде өткен жиында Ж-тың жазықсыз жазаланғанын айтып, ақынды ақтау, шығармаларын жарыққа шығару керек дегендер жағына шығып, сөз сөйлейді. «Өзі де қуғын-сүргінді көп көрген Т. Ахтанов ешкімнен қаймыққан жоқ», – деп жазды профессор Марат Барманқұлов «Новое поколение» газетінде (1994, 15 шілде).

АШТЫҚ – кең тараған азық-түлік өнімдерінің жетіспеушілігі. Қазақстан өлкелік партия комитетін 1925 – 1932 жж. басқарған Ф.И. Голощекиннің солақай экономикалық саясаты ақыры 1932 ж. халықтың жаппай ашаршылығына ұласты. Қолдан жасалған аштықтың салдарынан кейінгі жүргізілген деректер бойынша (М.Тәтімов. «Қазақ әлемі». А.,1993) голощекиндік зұлматтан 2 миллион 300 мыңдай қазақ құрбан болды. Сөйтіп, ұлт халқымыз 70 пайызға жуығынан айрылып қалды. Азамат соғысынан берекесі кетіп, күйреген Ресейдің халық шаруашылығын аяғынан тұрғызу қиын болды. Орталықтағы өндірістік аймақтарда азық-түлік тапшылығы асқына түсті. Қазақстан сияқты қиыр аймақтағы астық пен мал күшпен жиналды. Сақталған құжаттарға қарағанда, 1920 ж. Петропавл станциясы арқылы орталықтағы өнеркәсіп аймақтарына 2408738 пұт астық, 3119 пұт картоп, 28144 бас ірі қара мен 48679 қой, 168 мың пұт ет, 224 мыңнан аса жұмыртқа жөнелтілген.

1921 жылғы 7 тамыз күні Акмола губкомы жанынан Еділ бойында аштыкка ұшыраған халыкка көмек көрсету жөнінде төтенше комиссия құрылды. Бұл комиссияға Губревкомнан, Губпродкомнан, Губпрофсоветтен, Губобраз бен Губсоюздан бір-бір адам енгізілді. Оның төрағалығына губерниялық әскери комиссар Евдокимов тағайындалды. 1921 жылғы 9 желтоксанда Губпомгол төрағасы Егоров Орынборға жеделхат соғып: «Аш боскындардың саны күннен-күнге көбейіп барады. Петропавл және Атбасар уездерінде олардың саны отыз мыңнан асып кетті. Атбасар және Көкшетау уездерінде жергілікті 62 мың қазақ пен 30 мың орыс аштыкка ұшырады» – деп хабарлады. Жергілікті өкімет орындары Көкшетау уезінде 30 болыс елдің аштыкка ұшыраганын. Атбасар уезінде көшпелі халыктың көпшілігі 62 мыңдай казактын аш екендігін хабарлап, дабыл какты. Осы кезде Акмола губерниясы бойынша ашаршылыкка ұшырагандардың саны жарты миллионға жетті. Төтенше комиссияның ресми есебі бойынша 1922 жылдың басында аш-арык ретінде ресми түрде 417500 адам тіркелген. Колындағы азык-түлігі тартылып алынган жергілікті халыктың жағдайын сырттан толассыз келіп жаткан боскындар мүлде ауырлатып жіберді. Петропавл каласында 1922 жылғы кантардың алғашкы 25 күнінде 70 адам аштан өлді, 105 адам ісіп-кепті. «Көкшетау уезіндегі 65 болыста аш-арыктар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. «Еңбекші казак» газетінің бетінде 1922 жылғы 21 акпанда басылган макаласында Ғаббас Токжанов былай деп жазды: «Бұрын казактың үйінде мамыражай тыныштык болатын, кымыз сапырылып, казан кайнап, казы-карта дастарканынан кетпеуші еді. Табын-табын жылкы, келе-келе түйе, мынғырган кой мен сиыр даланың сәнін кіргізуші еді... Енді казір казак сорлының азығы шөп-шалам, құрт-құмырска. Олар иттің етін, тышканды азык кылып отыр...».

Елді жаппай ашаршылык жайлаган осы кезде Ж. Кырғыз өлкелік орталык аткару комитетінің 1921 жылғы 29 карашадағы ережесі негізінде ашыккандарға жәрдем беру максатында құрылган Акмола губерниялык төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары кызметін аткарды. Ол өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға жан-тәнін сала кіріседі. Осы ретте 1922 жылғы 4 мамырда Акмола губерниялык төтенше комиссиясының төрағасы Даниловтың жеделхатының козғалысын камтамасыз ету жөніндегі Петропавл-Көкшетау темір жол құрылысының бастығы Ильиннің атына жолдаган катынас хатынан да біраз жайды анғаруға болады. Жеделхатта: «Жергілікті тұрғындардың, сондай-ак, боскындардың темір жолмен және ат-арбамен ауа көшуі кең етек алып барады. Тұрғындар колда барын шығындап баска уездер мен губернияларға коныс аударуда. Аштыкка карсы күрес комиссияларына темір жол, сол, ат-арбамен өз беттерімен көшуге болмайтынын, мұндай жағдай ауыл шаруашылығының құлдырауына, тұрғындардың өлім-жітіміне әкеліп

соктыратынын түсіндіру жөнінде жедел шаралар колдану, мұндай көшіп-конуларға жол бермеу, тіпті қажет болғанда оларды жолда бөгеуден де тартыншактанбау ұсынылады», – деп жазылған.

Тарихи құжаттар, әсіресе, бұл кезде казақтардың жағдайы өте ауыр болғанына көз жеткізеді. Ж. осы жайларды ескеріп, аштыкка карсы күрес комиссияларының құрамына қазақ қызметкерлерін міндетті түрде енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. Іле, 6 мамыр күні Губерниялық ашыккандарға жәрдем беру жөніндегі комиссия аштыкпен күрес ісіне казактарды тарту максатында уездік ашыккандарға жәрдем беру комиссиясының құрамына жергілікті кырғыз кызметкерлерінің бір өкілін шұғыл түрде енгізуді ұсынады. Орындалуын тез хабарланыздар деген мазмұнда жеделхат жөнелтіледі.

Осы бір ауыр кезеңде Ж. кол қойған құжаттардың бәрінен де оның тиянактылығы, іске деген жауапкершілігі аңғарылады. Осылай 1922 жылғы маусымның 23-і күні Мәскеуге, аштыкка карсы күрес комиссиясының орталык комитетіне аш-жаланаштардың Петропавлға карай ағылуын токтату кажеттігін, мұндағы жағдай жай да өте күрделі екенін хабарласа, 29 маусымда Костанай губерниялык ашаршылыкка карсы күрес комиссиясына 5000 пұт астык жөнелту жөнінде нұскау береді. Осы жылдың шілде айында ашыккандарға көмекті күшейту максатында Ж-тың өзі де Петропавл, Көкшетау уездеріне іссапарға шығады. Осыған орай оған берілген мандатта Жұмабаев жолдаска ашыккандарға көмек корына түскен азык-түліктің накты есебін жүргізу, келеңсіздіктер байкалса оны жедел жою, аштыкка ұшырағандардың накты санын аныктау, оларды жағдайы біршама тәуір аудандарға бекіту, халыктан ерікті түрде жиналған мал мен азык-түлікті ашыккандарға бөлу, бұл іске жергілікті аксакалдарды тарту тапсырылады деп жазылған.

Осы сапарында Ж. көп жайға көз жеткізіп кайтады. Бұлардың бәрі оның сапардан оралысымен 20 тамызда жазып тапсырған есебінде толык баяндалған. «5 шілдеде Кияков жолдаспен бірге Петропавлдан аттанып кеттім. Маған Көкшетау және Петропавл уездеріндегі аштыкка ұшыраған казағы калың аудандардағы жағдайға каныгу, жағдайы тәуір аудандардан азык-түлік жинау және Көкшетау уездік аштарға көмек комитетінің жұмысын жолға кою жүктелді», – деп жазады ол. «9 шілде күні Көкшетауға келдік. Кияков жолдас сол жерден Атбасар мен Акмолаға жүріп кетті. 14 шілде күні мен кезектен тыс пленарлык мәжіліс өткіздім. Онда әрбір әкімшілік ауылынан бір малдан есептеп, казак ауылдарынан мал жинау және үштен бір бөлігін Петропавлға жөнелту, калганын жергілікті жердегі аштарға бөліп беру жөнінде каулы кабылданды. Сондай-ак, Көкшетауда тез арада казак балалары үшін балалар үйін салу мәселесі де шешілді. 16 шілдеде жағдаймен танысып, накты шаралар колдану максатымен Көкшетау уезінің аштыкка ұшыраған батыс болыстарына соктым. Шұнкыркөл, Караша, Мез-

гіл және Айыртау болыстарында болдым. Бұл болыстарда тұрғындардың жағдайы өте ауыр екен. 90 пайыздайы жеміс-жидекті талғажау етуде. Аштықтың салдарынан белен алған көптеген індеттердің куәсі болдым. Аталмыш аудандарда 10-11 күн болғанда аш-жалаңаштарға көмек ұйымдастырдым, оларға қыска дейін сауынға мал бергіздім». Осылай дей келіп, Ж. өзінің есебінде мемлекетке май тапсыру салығының онсыз да аш халықты тұралатып тастағанын жазады. Шілде айының соңында қайтадан Көкшетауға оралған ол уездік аштарға көмек комитетінің мүшесі мұхтасиб Айткожинмен бірге аштық жайлай коймаған шығыс болыстарды аралайды. Мұнда да халық айткан сөзден шыкпай, 70 ірі кара мен кой-ешкі және 150 әртүрлі тері жинап береді. Бұл малдың үштен екі бөлігі – Көкшетауға, калғаны Петропавлға жөнелтіледі. Петропавлға кайтар жолда Ж. губерниялық ашыккандарға көмек комиссиясының өкілі Жакыповпен бірге Жамантұз және Тереңкөл болыстарына соғады. Мұнда да аш-жалаңаштар көп. Дегенмен, аукаттылары Ж-тың аштарға көмек көрсету жөніндегі акылына құлак асып, Тайынша, Жамантұз болыстары 20 ірі карадан, 20 теріден Сарыайғыр болысы 7 ірі кара жинап береді. Ж. осының бәрін аштарға бөліп беруді Жакыповка тапсырады да, өзі 17 тамызда Петропавлға оралады. 19 тамызда іссапары туралы ссебін жазып тапсырады да Ресейдің Челябі каласы аркылы Ташкентке жүріп кетеді.

З. Тайшыбай.

АШЫҚ ХАТ. Ж. 1937 ж. 21 мамыр күні сол кезде Халық комиссарлар кенесінің төрағасы болып істейтін О.Исаевка Ашык хат жолдайды. Онда былай делінген: «Мені, контрреволюциялык алашордашыл кайраткер ретінде және төңкерісшіл ұлтшыл жазушы ретінде социализм құрып жатқан казак еңбекшілерінің ортасынан пролетарлык өкімет әділ шеттетті, сондай-ак, казіргі уакытта мені социалистік коғамнан аластатып ұстағаны да өте дұрыс. Біраз уакыт еңбекпен түзету мекемесінде болған кезімде, өзім тікелей атсалысқан социалистік алып құрылыстарда оның ізгі ыкпалын сезіне отырып, кенес мемлекетінің еңбекпен түзету саясатының әлемдегі бірден-бір ең сенімді және дұрыс саясат екеніне көзім жетті, сондыктан да мен өзімнің идеологиям мен бүкіл коғамдык-әдеби жұмыстарымды кайта тексеруден өткіздім, сөйтіп, барлык коғамдык-әдеби кызметімде мен ұстанып жүрген және басшылыкка алып жүрген ұлтшыл-алашордашыл идеологияның сөзсіз реакцияшылдығына және саткындык кылмыс екеніне бүтіндей сендім, ұлтшыл-алашордашыл идеологияның және алашордашыл ұлтшылдардың барлык саткындык әрекеттері казак еңбекшілеріне және бүкіл социалистік отанға дұшпандык кылмыс екеніне көзім жетті. Осы тексерісімнен, ұстанымымнан кейін өзімнің өткендегі барлык іс-әрекетімді, коғамдык және әдеби кызметтерімді айыптай отырып, өзімнің кылмысты өткенімнен, ұлтшылдыктан, ұлтшыл-алашордашылардан мүлдем және мәңгілік кол үземін, сөйтіп, калған өмірімді ешкандай

бұлтарыссыз тұтастай социалистік қоғамға сенген азамат ретінде, социалистік Отанның сенімді ұлы ретінде социалистік қоғамға қызмет етемін деп шештім. Осындай асыл арманмен, осындай бірегей максатпен мен осыдан бірнеше ай бұрын, тиісті мекемелердің рұксатымен, танғажайып өркендеу үстіндегі Қазақстанға келдім, қазақ еңбекшілерінің гүлденген өмірі менің және барлық ұлтшыл-алашордашылардың іс-әрекеттерінің сатқындық қылмыс екеніне толықтай көз жеткізді, өзімнің өткендегі контрреволюциялық ұлтшылдығымды және ұлтшылдарды революция мен социалистік отанға, қазақ халқына дұшпандық деп санап, олармен екі арамды ешқандай бұлтарыссыз және мәңгілік ажыратканымды, аса ауыр қылмыс жолынан толықтай арылуға бет алғанымды, Отанның адал ұлы ретінде қайта түлегенімді, сол үшін қалған өмірімді социалистік отанға қызмет етуге арнайтынымды мәлімдеймін. Бұл максатымды мен Сізге – кеңестік Қазақстанның үкімет басшысына, бақытты өмір құрып жаткан мұқым қазақ халқына ашық, шын жүрекпен және бұлтартпас сеніммен мәлімдейтінімді осы хат арқылы жеткізе отырып, менің өзімнің қайта түлегенімді, қайта түбегейлі шыңдалғанымды, социалистік отаныма шынайы берілгендігімді іс жүзінде, шығармашылық жұмысымда, соның ішінде әдеби шығармашылық қызметімде дәлелдеуім үшін (еңбектерімнің) Қазақстанда жариялануына, сол арқылы ұзақ уақыт бойы қылмысты реакциялық жолға, қазақ контрреволюцияшыларына қызмет еткен қаламымның кеңестік еңбекпен өтеу саясатының ықпалымен қайта шыңдалып, қайта тәрбиеленгеннен кейінгі социалистік отанға адал және өнімді еңбек етуіме мүмкіндік берулерінізді өтінемін. Менің шығармашылық жұмысымның соңғы үлгілері ретінде үш өлеңді осы хатпен қоса жолдап отырмын. Сонымен бірге дәл қазіргі кезде кеңестік-еңбекпен түзету саясатының әлемдегі ең дұрыс ұстаным екенін көрсететін жаңа тақырыпты көркем түрде игеру ісіне кіріскеніме Сіздің және мұқым социалистік қоғамның назарын аударамын, бұл поэмада екі қазақтың – тұрмыстық қылмыскер қазақ пен қылмыскер-ұлтшыл қазақтың өмірі, тәрбиеге көнетін және көнбейтін атышулы халық жаулары мен қоғамның шірінділарінің тәрбиелену жолы жарыстырыла суреттеледі. Сірә, бұл Ашық хат «Жалғанды жалғамалап әркім жүр ғой, Қыска жіп келмеген сон күрмеуіне» дегендей, шарасыздықтан жазылса керек.

О. Төлепбергенқызы.



ӘБДІКОВ Төлен (4.9.1942, Қостанай обл., Жангелдин ауд. Еңбек а.) – жазушы. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1965). «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі,

«Жалын» альманағында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1977 – 1979 жж. «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы, Қазақстан КП ОК-інде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, онан кейінгі кездері «Қазақ әдебиеті» газстінің бас редакторы, Қазақстан жазушылар одағының 2-хатшысы болды. 1994 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды. 1997 жылдан ҚР Президенті аппаратында ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. Ә-тің «Райхан» атты тұңғыш әңгімесі жас жазушылардың «Таңғы шық» әңгімелер жинағында (1964) жарияланды. Сонан бергі кезеңде «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақтар» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1980) атты әңгімелер мен повестер жинақтары, Қазақстандағы ұжымдастыру науқанының қасіретін суреттеуге арналған «Өліара» (1985), «Ақшокыда қыс қатты» (1987) романдары, таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарық көрді. «Біз үшеу едік» атты драмалық шығармасы Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар және жасөспірімдер театрында қойылды. «Ақиқат» атты кітабы орыс тіліне (1981), жекелеген әңгіме, повестері украин, өзбек, қырғыз тілдеріне тәржімаланды. Ә. Қазақстан Компартиясы орталық комитеті құрған Ж-тың шығармашылық мұралары туралы комиссияның мүшесі ретінде оның шығармаларын зерттеп, зерделеуге қатысып, ақынды ақтау туралы қорытындыны қолдап қол қойған.

Н. Мұқатов.

ӘБДІҚАДЫРОВ Қалмақан (15.4.1901, қазіргі Қызылорда обл., Шиелі ауд. Шиелі кенті – 30.4.1964, сонда) – ақын, жазушы, аудармашы. Алғашқы «Сырдария» деген өлені «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған (1925). Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен 1928 ж. жарық көрді. 30-жж. «Екпін», «Шахтер», «Өлеңдер» жинағын баспадан шығарды. Ақынның 1935 – 1951 жж. жазған «Май», «Батыр», «Сәтбаев», «Еділ-Дон», «Келес қызы» поэмалары нақты өмір шындығынан алынып, қазақ азаматтарының ерлігі мен өнегелі істерін бейнелеуге арналған. Ә-тың «Қажымұқан» повесі 1954, 1956, 1959 жж. қайта басылды, 1970 ж. орыс тілінде жарық көрді. «Алатаудың бауыры» (1935), «Амантай» (1936), «Тапқыш» (1937), «Тәтті қауын» кітаптары республикада балалар әдебиетін дамытуға қосылған сүбелі үлес болып табылады. «Серт» жинағына 1941 – 1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майданда жүріп жазған өлеңдері топтастырылған.

Ә. аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Шығыс әдебиетінің классиктері Фердоуси, Новаи өлеңдерін (1948), қырғыз А. Токомбаев, орыс жазушысы В.М. Кожевников шығармаларын аударған. Ол тікелей парсы тілінен тәржімалаған «Мың бір түннің» 4 кітабы үш рет – 1949, 1955, 1962 жж. қайта басылды. Ә. – КазАПП-тың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, дәуірлеп тұрған кезінде Ж-ты қаралауға күш салған қаламгерлердің бірі.

«Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға ұшып лаулап жанған
өрт екен.

Әбділдин Жабайхан

Сол ерінен айрылған
Алты алаштың жүрегінде дерт екен».
Ұлтының жоғын жоктап, мұнын мұңдаған Ж-тың осы өлеңіне байланысты Ә. «Сырты сұлу болғанмен, мазмұн жағы у» деп жазды.

ӘБДІЛДИН Жабайхан (16.2.1933, Павлодар обл., Май ауд. Майтүбек а.) – қоғам қайраткері, ғалым, философ, философия ғылымдарының докторы (1968), профессор (1970), Қазақстан ҒА-ның академигі (1983). Ә. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1984), ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығының (1994), қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1974) иегері. ҚазМУ-ді бітірген (1954). 1958 – 1984 жж. Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық институтының кіші, аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарды. 1984 – 1986 жж. Қазақстан ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы, 1986 – 1995 жж. ҒА-ның вице-президенті болды. 1990 ж. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланды. 1994 ж. ҚР-ның тұңғыш Парламентіне депутат болды. 1995 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Сенаттың Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

Ә-нің негізгі ғылыми жұмыстары материалистік диалектика және логика, таным теориясы, философия теориясы, философия тарихы мәселелерін зерттеуге арналған. Оның басқаруымен диалектикалық логиканың категорияларын, заңдарын, принциптерін жан-жақты зерттеуге арналған ұжымдық монографиялар жарық көрді. Ә. 1987 – 1989 жж. Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларын зерттеп, оларды ақтау мәселесімен айналысқан комиссияларды басқарды. Ә. сол кездің өзінде Алаш арыстарын ақтауға қарсылардың болғанына қарамастан, өзіне жүктелген міндетті зор жауапкершілікпен атқарып, әділдіктің салтанат құруына күш салды.

Ж. Сүлейменов.

ӘБДІРАХМАНОВ Абдолла – Атырау облысының тұрғыны. Магадан түрмесінде Ж-пен бірге отырдым деп бірнеше газетке сұхбат берген. Ешқандай нақты деректерге негізделмеген оның бұл мәлімдемелері қоғамда екіұдай пікір туғызды.

«ӘБУБӘКІР АҚСАҚАЛ ДИБАЕВ» – 1924 жылғы Түркістанның баспасөз таратушы мекемесі Ташкентте Әбубәкір Дибаев жинаған халық әдебиетінің үлгілерін «Тарту» деген атпен (құрастырған – Ж.) жеке кітап етіп шығарады. Мақала осы жинаққа алғы сөз ретінде жазылған. Алғы сөздің аяғында «Қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі Мағжан Жұмабайұлы. 1923 жыл, 30 май.

Ташкент» деп көрсетілген.

ӘДЕБИ БАҒЫТ – әдеби үдерістің көркемдік-эстетикалық ұстанымдарын құрайтын түсініктер. Әдеби ағымдармен әдеби мектептердің бірімен-бірі пікір алмасып, дамуы әдеби үдерістің заңдылығы болып саналады. Ә. б. ағымдар мен мектептерге тән ортақ рухани мазмұндағы көркем ұстанымдардың негізгі шарттарын қамтиды. Көбіне аталған терминдер синоним ретінде де қолданылуы мүмкін. Ә. б. көбінесе көркемдік әдіс, стиль орнында қолданылады. Еуропалық әдебиет тарихындағы болған белгілі бағыттар: ренессанстық реализм бағыты, барокко, классицизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, романтизм, сыншыл реализм, модернизм, соцреализм постмодернизм. Натурализм, символизм, маньеризм, рококо, импрессионизм, экспрессионизм, экзистенциализм әдеби ағымдар болып саналады. Аталған бағыттардың ұлттық әдебиеттерде орын алуы – мойындалған тұжырым. Әр бағыттың өзіне тән стилі болады. Әртүрлі ұлттық әдебиеттерде Ә. б-тардың бірдей алмасуы олардың нақты жүйе ретімен қалыптасқанын дәлелдейді. Әдебиеттің ұлттық арнасы шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. «Бағыт» деген түсінік алғаш рет Белинский, Чернышевский, Добролюбов еңбектерінде қалыптасты. Ә. б-пен қатар әдеби ағым түсінігі синоним ретінде қолданылып келеді. XX ғасыр басындағы әдебиеттануда стиль ұғымы кең қолданыла бастады, кейінірек «дәуір стилі» деген ұғым орнықты. Кенес кезіндегі бағыт пен ағым түсініктері қатар қолданылды. Ең кең тараған көзқарас бойынша, бағыт – бір шығармашылық әдіс біріктіріп тұрған кең көлемдегі әдеби-шығармашылық құрылым. Модернизм кенес әдебиеттануында ауызға алынбай келді, тек теріс бағыт ретінде аталды. Әр бағыттың өзіне тән мазмұнды негіздері бар. Сонымен қатар ол бірден үзілмейтін дәстүр. Мысалы, романтизм бірден үзілмей жалғасып жатты.

Қазақ жазба әдебиетінде реализм Абайдан бастап қалыптасты. Реалистік бейнелеу тәсілдері жыраулар поэзиясында да орын алғанын ескерсек, қазақ сөз өнерінің о бастан реалистік бағытқа жақын екені белгілі. Жыраулардың толғауларындағы нақтылық пен өмірдің шынайылығын баяндау қазақ әдебиетінің басты көркемдік бағыты болып табылады. Әдеби ағым – әр бағыттың ішінде орын алатын әдеби құбылыс. Басты ерекшеліктері эстетикалық, идеологиялық негіздерде болуы ықтимал. Мысалы, романтизм революциялық және консервативтік ағым түрлерінде қарастырылып келді. XIX ғасырдағы Ресей әдебиетінде реализмнің психологиялық және социологиялық түрлері шықты. Соцреализмнің әдеби ізденістерге бейім және таза идеялық бірнеше ағымдары болды. Реализм мен модернизмнің көптеген ағымдары мен мектептері өмірге келді. Модернизм ағымдары: барокко, натурализм, маньеризм, рококо, импрессионизм, экзистенциализм, футуризм. Батыс әдебиеттануы бағыт пен ағымдардың бар екенін ескермейді. Әдебиет теоретиктері бұл

түсініктердің нақты емес, бір жерден шыкпайтынын алға тартады. Бірақ бірдей әдеби бағдарламалардың бар екенін ескере отырып, мұның орнына олар ұлттық әдебиеттердегі кезеңді – дәуір түсінігін колдануды нұскайды. Абай жыраулардың тарихи шындыкты батыл баяндау дәстүрін жазба әдебиетке әкелді. XX ғасыр басында А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, М. Әуезов ұлттық әдебиетте реализм бағытын орныктырды. С. Сейфуллин, С. Мұканов, Х. Есенжанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов, З. Шашкин, т.б. соцреалистік ағымның әдісін өз шығармаларында іске асырды.

А. Ісмақова.

ӘДЕБИЕТ (арабша – асыл сөз) – сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы. Мазмұнына карай саяси, ғылыми, техникалық, көркем әдебиет болып бөлінеді. Ә. атауы көбінесе, көркем әдебиет мағынасында колданылады. А. Байтұрсынов оған «бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері», «Сөз өнері» деп баға берген. Ә. – жалпы өнердің бір саласы. Бірақ ол коғамдық сананың ерекше түрі есебінде шындыкты логикалык ойлау жүйесімен емес, көркем тіл аркылы, сөз өнерінің күшімен суреттеп көрсетеді. Көркем бейнеңін сырткы сұлбасымен бірге ішкі мазмұнын, сырын окырман тұшынып сезіне алатындай етіп ашады, адамның жан дүниесі мен ішкі сезім байлығын көзге елестету аркылы коғамдык санаға әсер етеді. Онын «өнер атаулының ең киыны және күрделісі» (Бальзак), «Өнердің ең жоғарғы түрі» (В. Белинский) болатыны да осыдан. Қазак та «Өнер алды – кызыл тіл» деп тегін айтпаған. Ә-тің суреттейтіні – адам. Оны жалпылай емес, нақты, тұлға (образ) дәрежесіне котере даралап көрсетеді. Адам кашан да бір ортада өмір сүреді, еңбек етеді, сол ортада өзін жан-жакты таныта, көрсете біледі. Сондыктан ә. адамды «коғамдык карым-катынастардың жиынтығы» (К.Маркс) ретінде, өз ортасының шындығымен жан-жакты байланыста бейнелейді. Дара тұлға айналасындағы тіршілікпен тұтастыкта ашылады. Адам бейнесін жасауда жеке бір адамға тән мінез-құлыкты да, көпке ортак сипаттарды да жинактау тәжірибесі пайдаланылады. Типтік бейне кашанда жинактау жолымен жасалады. Өмірде сирек ушырасатын не жиі кездесетін деректердің кайсысы болса да типтік бола алады. Ең бастысы – шындыктың адам табиғатына сыйымдылығы және нанымдылығы. Сондыктан да ә. нақты адаммен бірге сол адам өмір сүрген дәуірдің шежіресі, көркем тарихы болып табылады. Қазак әдебиетінің тарихы – белгілі мөлшерде казак халкының тарихы да, онда халык бастан кешкен әркилы дәуірлер мен оның адамдарының бейнесі жасалған, ой-арманы бейнеленген. Осының бәрін көркемдікпен суреттеп танытуда ә. тілінің маңызы үлкен. Ол – жазушылык шеберліктің негізгі. «Әдебиетші... каламымен ғана жазбайды, сөзбен сурет салады, адамды бір калыпта ғана суретке түсіретін сурет өнері сиякты емес, үнемі козғалыс, әрекет

үстінде, таусылмайтын кездесулер мен қақтығыстардың жағдайында... суреттейді» (М.Горький). Ә. адамның өмірді тануына, оның эстетикалық ұғым-түсінігін, сезімін байытуға қызмет етеді. Оның тәрбиелік мәні зор. Жарқын жасалған жақсы тұлғаларға оқырман елігеді, оған ұқсауға тырысады. Халық өмірінің жан-жақты бейнеленген суреті мен оның көрнекті өкілдерінің бейнесін жасаған, азаттық, тәуелсіздік жолындағы арман-тілегін суреттеген ә. халықтық болып саналады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын да оның халықтық сипаты белгілейді. Өмірді тану мен оны көркем бейнелеудің ғасырлар бойғы тәжірибесі ә-тін өзіндік ерекшеліктерін туғызған. Ол тегі жағынан эпос, лирика, драма болып бөлінеді. Олардың әркайсысы іштей бірнеше түрден (жанрдан) тұрады.

Шындықты танып, көркем бейнелеудің әдісі де әртүрлі. Олар белгілі бір дәуірдің өзгешеліктерінен туады. Әлем әдебиеті классицизм, романтизм, реализм сияқты шығармашылық әдістерді басынан өткерген. Солардың ішінде шындықты шынайы бейнелеуі, өмір құбылыстарын нақты адам тағдырына байланыстырып терең ашуы жағынан реалистік өнер ә. дамуының ең биік сатысы саналады. Ә. – ұлттық категория. Ол алдымен ұлттық түрде, сол халықтың дәстүрлері мен тарихи дамуының ерекшеліктері негізінде жасалады. «Әдебиеттің мазмұны оның халқының өмірі береді» (В.Г. Белинский). Көркемдік ізденісте ол әлем әдебиетінің озық үлгілерінің тәжірибесін пайдаланады. Оның дәстүрмен байланысы, жаңашылдығының да сыры осында. Сөйтіп әр халықтың өзіндік ә-нің үлгісі жалпы адамзатқа ортақ мұраны құрайды. Ә. ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті болып бөлінеді. Қазақ әдебиетінің көшпелі дәстүрде туған, ауызша шығарылып, халық жадында сақталған ә-і – ауыз әдебиеті (фольклор). Оның түрлері де сол шыққан дәуірі мен жанрлық ерекшеліктерінен туындайды. Оларда тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөз өнері, айтыс, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, эпостың түрлері (батырлық, ғашықтық, дастандар түрінде), тарихи жырлар кең дамыған. Олар өз кезіндегі қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесін анық танытады. Жазба әдебиет (тарихи әдебиет) қазақтың ұлт болып құралып, мемлекеттілігінің тууына байланысты өркендеген. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігінің суреттері мен дербес болуының идеясы жырланған. Елді осы жолда бірлікке шақыру, көрші елдердің отаршылдық саясатына қарсылық кең көрінеді. Ал қазақтың дүниежүзі дамуындағы орнын түсініп, ә. арқылы ағартушылық, демократиялық көзқарасты насихаттау XIX ғасырдың II-жартысында Абайдың, Ы. Алтынсариннің, Ш. Уәлихановтың шығармаларында көрініс тапқан. Осы тұстан бастап ә. халық өмірінің қайшылықтарын көркем бейнелеген қуатты құралға айналды. XX ғасырдың басында Ресей отаршылдығының астында езілген халықтың жан ашуын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, т.б. батылдықпен көтеріп, ағартушылық, демокр. ә. дәстүрін тәуелсіздік жо-

лындағы күрес идеясымен ұштастырды. XX ғасырда, кенестік дәуірдің қайшылықты саясатына қарамастан, қазақ әдебиеті Еуропа әдебиетінің жанрлық түрлерін игеріп, шын мағынасындағы көркемдік биігіне көтерілді. Оның озық үлгілері әлемдік деңгейде танылды. Қазақ әдебиетінің бұл тұстағы табыстары М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, Қ. Жансүгіровтің, Б. Майлиннің, С. Мұкановтың, Ғ. Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің, А. Токмағамбетовтің, Т. Жароковтың, Ғ. Ормановтың, Қ. Аманжоловтың, Ә. Тәжібаевтың, Ж. Молдағалиевтің, С. Мәуленовтің, Ә. Нұрпейісовтің, Т. Ахтановтың, О. Сүлейменовтің, Ә. Кекілбаевтың, М. Мағауиннің, С. Жүнісовтің, Ш. Мұртазаның, Т. Молдағалиевтің, Қ. Мырзалиевтің, т.б. шығармашылық өнерімен байланысты. Заманның қайшылықты сипаты да, ә. дамуының қиыншылықтары да осылардың өмірі мен еңбегінен көрінді.

С. Қирабаев.

«ӘДЕБИЕТ АЛЫПТАРЫ» – кітап. Авторы – Д.Ыскақұлы. ҚР Ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылған. Аст., «Фолиант» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көлемі – 304 бет. Таралымы – 1000 дана. Бұл кітапқа автордың қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қарастыратын мақалалары енгізілген. Әдебиет әлемінде өзіндік ерекшеліктерімен жарқырай көрінген алыптарымыздың (М.Ж. Көпейұлы, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин) өмірі мен шығармашылық жолдарына жаңаша көзқараспен шолу жасалған.

С. Арғынғазин.

«ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫ» – журнал. Әдеби-бұқаралық, қоғамдық-саяси басылым ретінде 1932 – 1939 жж. шықты. Қазақ жазушыларының көркем шығармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, әдеби сын туындылары, публицистика, очерктер жиі жарияланды. Басылымның қалыптасуына С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов көп еңбек сінірді. Ж. та басылымға үзбей мақала жазып, журналдың көркемдік сапасын арттыруға мол ықпал етті.

«ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ» – «Пошан» деп қол қойған автордың «Ақжол» газетінде (25.5.1925) жарияланған мақаласы. Автор былай деді: «Мағжанның өткен заманға құлаш ұра беретін себебі, өзінің өмірден тез сүйініп, тез қуанатын ойнақы жүрек романтиктігі. Романтик ақын қай уақытта болса да, көрікті көңілге қоңыр өмір үйлеспеген соң аласұрып, сұлу қиял әуенімен әуреленеді. Мағжанның іздегенде тапқаны қазақтың ескі заманы болды. Оның романтиктігін қоздырып жіберген, әсіресе, төңкерістің алғашқы кезі болды. Кенеттен болған ұлы өзгерістің самалы күшті ақынның жүрегіне үлкен әсер беріп, өмірді тұрақсыз біліс, атты алыска айдап жіберді».

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» – А. Байтұрсыновтың 1926 ж. жарық көрген зерттеу еңбегі. Кітапта өлең сөздің теориясын түсіндіруге мысал ретінде Ж-тың 14 өлеңі, кейбірі толық, кейбірі үзінді күйінде алынған.

«ӘДЕМІ ҚЫЗ» – Ж-тың ағартушылық бағыттағы өлеңдерінің бірі. Ақын бұл шығармасында оқуға, білімге үндеумен ғана шектеліп қалмайды, ауыл бойжеткеніне моральдық тазалықты сақтай білу қажеттігін ұғындыруға тырысады.

ӘДІЛОВ Байсейіт (1887, бұрынғы Ақмола обл., Ақмола уезі – 1928, Сарысу ауд.) – қоғам қайраткері. Ақмоладағы бастауыш училищені, Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. Омбыда, Ақмола уезінде кеңселерде хатшылық қызмет атқарған. 1917 ж. сәуірде Ақмола облысы қазақ комитетінің мүшесі болып сайланды. «Жас қазақ» ұйымын құрушылардың бірі.1917 – 1918 жж. аралығында Ақмолада Кеңес өкіметін орнатуға қатысып, уездік депутаттар кеңесінің алғашқы құрамына мүше, уездік милиция бастығы болды. 1918 жылдың жазы мен күзінде ақгвардияшылар тұтқынға алды. 1920 жылғы қазанда Қазақстан кеңестерінің құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің мүшесі болып сайланды. Кейінірек Кеңес өкіметінің әділетсіз саясатына наразылық білдіргені үшін қызметінен қуылып, тұтқынға алынды. Абақтыдан босатылғанымен, 1928 ж. желтоқсанда бұрынғы Сырдария округі, Сарысу ауданы ОГПУ жасағы тағы да тұтқындамақ болған кезінде қарсылық көрсетіп, оққа ұшты.

Ә. інісі «Үш жүз» партиясының мүшесі Дінмұхаметпен бірге 1928 ж. Сарысу аудандық милициясының бастығы Әбубәкіров деген кісіні өлтіреді. Бұлар осы оқиғадан кейін 17 желтоқсанда тұтқынға алынады. Біраздан кейін осы іс өзгере бастайды. Әділовтердің кісі өлтіргені «ұмыт» қалады да, іс кенеттен орасан зор саяси қылмыстық сипат алады. Әйтеуір, су түбіне кеттімге ұшыраған Ә.Д. Ахмет Байтұрсыновпен бірлесіп, Башқұртстанның бұрынғы басшыларының бірі, шетелге қашып кеткен Валидовтың хатын оқыған болып шығады. Байтұрсынов жауабында Валидовпен 1919 ж. Мәскеуде кездескенін жасырмайды, бірақ кейін еш хабарласпағанын, хат алып, хат беріспегенін, Ә-пен ешқандай хат оқымағанын айтады.

1929 жылғы 6 шілде күні Ж. Қызылжардағы үйінде ұсталды. Ұстала салысымен ол Алматыға жөнелтілді. Онымен бірге ОГПУ-дің Петропавлдағы бөлімі мынадай құжатты қоса жіберді: «№6333 2 ПП ОГПУ по КССР ВО г. Алма-Ата, 1929 жылғы июль. Үстіміздегі жылғы 6 шілдеде тұтқынға алынған белгілі ұлтшыл қазақ ақыны Жұмабаев Мағжанды сіздерге жіберіп отырмыз. Пәтерінде тінту кезінде оның ішінара өмірбаяны жазылған жалпы дәптерден өзге ештеңе табылмады... Байтасов Абдолла Петропавловск қаласы шеңберіне көзге түспеді». Алматыда ОГПУ-дің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары Саенко көмекшілерімен бірге алты-жеті күннің ішінде (алғашқы жауап 14 шілдеде алынады) айыптау қаулысын шығарып үлгіреді. Бұл құжат бойынша талай жыл Мәскеуде, Қызылжарда жүрген Ж. кенет Сырдария округі Сарысу ауданында әрекет жасаған ағайынды Ә-тер бандасымен астыртын байланыста болып шыға келеді.

Л. Жанысова.

«ӘЖЕ» – Ж-тың өлеңі. Тұңғыш рет «Акжол» (1924, №404) газетінде жарияланған. 1989 жылғы жинакка енген.

«ӘЙЕЛ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш 1922 жылғы жинакта басылған. Одан кейінгі 1923, 1989, 1993 жж. жинактарда да бар.

ӘЙНЕКОВ Марат (22.6.1941, Қарағанды обл., Балкаш к.) – суретші-монументші, мүсінші. Қазакстанның, Ресейдің Суретшілер мен мүсіншілер одактарының, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық суретшілер қауымдастығының мүшесі. Қазакстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Тас мүсіндеме бойынша халықаралық симпозиумның алтын медалімен (Ороньск қаласы, Польша, 1986), КСРО Суретшілер одағының, биеннале (Баку қаласы, 1983) Құрмет грамоталарымен марапатталған. Тас мүсіндеме бойынша халықаралық симпозиумда 1-ші орынды пеленді (Хойесверде қаласы, Германия, 1989).

Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін (1994), мүсінші, окытушы мамандығы бойынша көркемөнер академиясын (Ленинград к., 1973), мүсінші-суретші мамандығы бойынша тамамдаған. Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінің арнайы пәндер окытушысы. 1978 – 1988 жж. – Қазакстанның бас суретшісі. 2009 жылдан бері – Т. Жүргенов атындағы казак ұлттык опер академиясы мүсін кафедрасының доценті. Ә. – Ж-тың Петропавлдағы (1994), Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы – Булаево қаласындағы ескерткіштерінің, Түркияның Анкара қаласындағы «Мағжан Жұмабаев» естелік тактасының авторы.

Е. Амантай.

ӘЙТИЕВ Әбдірахман (21.3. 1886, Орал обл., Кароба бол. Сүгірбай а. (казіргі Теректі ауд.) – 16.11.1936) – мемлекет қайраткері. Кароба орыс-казак мектебін бітірген (1901). 1917 – 1920 жж. Батыс Қазакстандағы Казан төнкерісі окиғаларында және Азамат соғысы кезінде кызылдарды қолдады. 1920 – 1921 жж. Кеңестердің құрылтай съезін өткізуге, Қазак автономиясының солтүстік шекарасын белгілеуге белсене араласты. Акмола губкомының төрағасы болды. Осы кызметте жүргенде 1921 жылдың 5 мамырында Омбыға жеделхат соғып: «...Мағжан Жұмабаевты баспа жабдыктарымен Петропавлға тез жіберуді» сұрайды. Осыдан кейін Ж. Қызылжарға келіп, «Бостандык туы» газетінің редакциясында кызмет істей бастайды.

Қ. Мұқанов.

ӘКІМЖАНОВ Зейнолла (1.07.1951, Солтүстік Қазакстан обл., Жамбыл ауд. Амангелді а.) – акын, журналист. Қазакстан Жазушылар одағының мүшесі. 1974 ж. Қазак мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1975 – 2017 жж. Солтүстік Қазакстан облыстык «Солтүстік Қазакстан» газетінде кызмет істеді. Тілші, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болды. «Жерұйык» (1993), «Мизамшуак» (2001) атты жыр жинактары жарык көрді.

С. Есенин, т.б. орыс акындарының өлеңдерін, әңгіме, повестерін казак

тіліне аударды. Ә. – Ж. туралы көптеген әдеби зерттеулердің авторы. Ол ақын ақталғаннан кейін алғашқылардың қатарында «Қазақ жырының пайғамбары» деген мақала жазып, оқырмандар назарына ұсынды. Ж-қа арнаған өлеңдері жинақтарға енген.

Т. Зікірин.

ӘЛІМЖАНОВ Әнуар (12.05.1930, Талдықорған обл., Андреев ауд. Қарлығаш а. – 1993, Алматы қ.) – жазушы, публицист, Қазақстанның халық жазушысы. 1954 ж. Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Шығармаларын орыс тілінде жазды. Оның алғашқы әңгімелері, очерктері, публицистикалық мақалалары 1952 ж. жариялана бастады. Ә. мағжантану мәселелеріне де ден қойып, көптеген мақалалар жариялады. Ол 1988 ж. «Дружба народов» журналының 12 санына Ж-тың орысшаға аударылған бір топ өлеңін және 1969 ж. башқұрт жазушысы Сайфи Құдаштың Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевтың атына жолдаған хатының орысша нұсқасын алғы сөз жазып бастырды, Ж-ты ақтау туралы мәселе көтерді. «Мен оның кітаптарын Стамбұл мен Мәскеуде көрдім» деп осы мәселеге Қазақстандағы орыс әдебиетінің күндеріне делегацияны бастап келген көрнекті жазушы Л. Соболевтің назарын аудармакшы болады.

Ж. Есенгелді.

ӘЛІМЖАНОВ Баянғали (1954, Ақмола (бұрынғы Көкшетау) обл., Степняк қ.) – ақын, жазушы, драматург, киносценарист. Қазақстанның

Әлімжанов Әнуар

еңбек сіңірген қайраткері. Манастың мың жылдығына арналған Халықаралық манасшылар конкурсының арнайы жүлдесінің иегері. Қырғызстан Мәдениет министрлігі мен композиторлар одағы тағайындаған А. Малдыбаев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты (1995). ҚазМУ-дің филология факультетінің түлегі (1977). Алматыдағы С.Мұқановтың мұражайында, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Кітап жаршысы» газеттерінде, «Қазақфильм» киностудиясында, «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарында, «Көкшетау правдасы» газетінде, Еңбекшілдер аудандық мәдениет бөлімінде, Ш.Құсайынов атындағы Көкшетау облыстық қазақ драма театрында қызмет істеген. «Пан Нұрмағамбет» киностудиясын ұйымдастырып, оның жұмысына жетекшілік жасаған. 1984 жылдан бері республикалық, облыстық деңгейде өткен айтыстарда сайысқа түсіп, жиырма рет бас жүлдеге ие болған. «Қиқыматтың хикаялары» (1982), «Ұя» (1985), «Жынды Қаратайдың қасиеті» (2000), «Қиқыматтың қиссасы» (1989), «Ауылдың ақ самалы» (2003), «Алаш пен Манас» (2004), «Әзіл шуағы» (2004), «Деген екен»

Әлімжанов Баянғали

(2005) атты кітаптардың, «Құдалық», «Қожанасыр», «Қайран кемпір-шалдар-ай», «Еркегі бар болғыр», «Жолбарыс пен Пони», «Алтын нокта», «Қазақы сайлау», «Жас казак», «Қазаннан келген қызғалдак» атты пьесалардың авторы. «Жыраулар», «Асылдың сынығы», «Палуан» атты деректі фильмдердің, «Ән мен анаша» атты көркем фильмнің сценарийін жазған. Ә. – көптеген ән текстерінің авторы. Ә. Ж-тың мерейтойлары кезінде ұйымдастырылған ақындар айтысына үзбей қатысты, ақиық ақынның ұлылығын жырға қосты, рухын асқақтатты. Ақынның 110 жылдығы (2003) құрметіне ұйымдастырылған республикалық сайыста белгілі айтыс ақыны Айбек Қалиевпен ақтық бәсекеге шығып, бас жүлдені жеңіп алды.

Е. Амантай.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (ҚазҰУ) – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны. 1934 жылдың 15 қаңтарында шаңырақ көтерген. 1937 ж. қыркүйекте төртжылдық оқу жүйесіне негізделген тұңғыш гуманитарлық шет тілдері факультеті ашылды. Бір жылдан кейін 120 студенті және құрамында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және француз тілі тәрізді үш кафедра бар филология факультеті (оқу мерзімі 5 жылдық) ашылды. Кейіннен шет тілдері факультеті де осы құрылымға косылды. Университетте соғыс карсаңында және соғыстан соңғы жылдары 23 кафедрасы бар үш жаратылыстану (биология, физика-математика, химия) және екі гуманитарлық (филология мен журналистика) факультет жұмыс істеді. Университет 1942 ж. 257 физик, химик, математик, биолог, журналист, филолог, сондай-ақ, Батыс Еуропа тілдерінің мамандарын даярлап шығарды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанға Кеңес одағының еуропалық бөлігінен: Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск және т.б. ғылыми орталықтардан аса ірі ғылыми ұжымдар мен лабораториялар көшірілді. Бұл жылдары университетте КСРО ҒА академиктері И. Мещанинов, Н. Акулов, корреспондент-мүшелер В. Догель, А. Думанский, профессорлар А. Михлин, М. Розенберг, Н. Пакуль сияқты көптеген әйгілі ғалымдар еңбек ете бастады. ҚазҰУ-дің қабырғасында Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханов, Әлкей Марғұлан, Д. Сокольский тәрізді аса көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері дәріс оқыды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін университет көптеген ғылыми бағыттар бойынша дамып, жетіліп, халықаралық деңгейге көтерілді. Университетте екі мыңнан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, соның ішінде 1000-нан астам ғылым докторы мен кандидаты, 100

академик пен елу философия докторы бар. Университетте білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі. Аталмыш университеттің оқытушылары мен студенттері Ж. шығармаларын зерттеуді әдебиеттану саласында басты бағыттардың біріне айналдырған. Мұнда Ж-тың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми конференциялар жиі ұйымдастырылады. Университетте өздерінің ғылыми ізденістеріне Ж. тақырыбын таңдап, диссертациялар қорғаған ғалымдар аз емес.

Г. Мұқанова.

ӘЛІМБАЕВ Мұзафар (29.10.1923, Павлодар обл., Шарбақты ауд. Маралды а. – 26.11.2017, Алматы қ.) – ақын. ҚазМУ-ді бітірген. Ә. – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996), Қазақстан Республикасы Әнұранының авторларының бірі.

Тырнақалды өлеңі он бес жасында Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарық көрген. Шығармалары соғыс жылдарында республикалық, облыстық және майдандық газеттерде басылып тұрды. Әскер қатарынан оралған соң (1948), «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарды. 1956 – 1958 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары. 1958 ж. «Балдырған» журналы ашылған күннен 1986 жылға дейін журналдың бас редакторы болды. Алғашқы кітабы – «Қарағанды жырлары» 1952 ж. басылып шықты. Содан бері ондаған

Әлімбаев Мұзафар

кітабы, бірнеше дүркін таңдамалылары шықты. Ә-тың көптеген еңбектері шетел халықтары тілдеріне аударылды. Жүз сексен әнге өлең жазды. 64 төл тума және аударма кітаптардың авторы. Ә. 1988 жылдан кейін Ж. шығармаларын насихаттауға белсене атсалысты, «Мағжанды махаббатпен оқығанда» («Мағжан әлемі», А., «Алтын кітап», 2009) деген эссесінде Ж. жырларының ұлтқа деген сүйіспеншіліктен нәр алатынын баса айтқан.

О. Төлепбергенқызы.

ӘЛКЕБАЕВА Дина (6.2.1961, Алматы обл. Шелек (қазіргі Еңбекші қазақ) ауд. Қаратұрық а.) – тіл білімі маманы. Филология ғылымдарының докторы (2007).

ҚазМУ-ді бітірген (1984). 1984 – 1990 жж. Шелек ауданында қазақ тілінің мұғалімі, 1990 – 1993 жж ҚазҰУ-де аспирант. 1993 ж. осында қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, доцент, профессор. ҚР ҒА-ның мүшесі М.Сергалиевтің жетекшілігімен «М.Жұмабаев поэзиясының тілдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. «Ана тілі» газетінің 2013 жылғы 17 қазандағы санында Ж-тың тіл туралы толғаныстарын арқау ете отырып, «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім»

деген макаласын жариялады.

А. Ысқақова.

ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ – 1933 ж. қазақ фольклоры мен әдебиетін, музыкасы мен бейнелеу өнерін зерттеу мақсатында құрылған ғылыми мекеме. 1961 ж. Әдебиет және өнер институты болып құрылып, сол жылы маусымда Әуезов есімі берілді. Институтта бес сектор (әдебиет тарихы, қазіргі әдебиет және әлем әдебиеті, фольклор және колжазба, әуезовтану, өнертану) жұмыс істейді. Онда белгілі ғалымдар: ҰҒА-ның академиктері, филология және өнертану ғылымдарының докторлары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаттары, т.б. қызмет етеді. Институттың баспа органы ретінде екі айда бір рет «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы» журналы шығарылады. Институт көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ әдебиеті мен өнері тарихы мәселелері, әдебиет, фольклор, музыка, театр және кино, бейнелеу өнері, мәтінтану (текстология) мен библиография теориясы бойынша зерттеулер жүргізіп, қазақ әдебиеті классиктері шығармаларының академиялық жинақтарын, ұжымдық ғылыми еңбектерді, сериялық басылымдарды шығарады. Институтта мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» (100 т.), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 т.), «Қазақ музыкасының антологиясы» (7 т.), «Қазақ өнерінің тарихы» (3 т.), т.б. сериялы кітаптар жарық көрді. Институт ғалымдарының қажырлы еңбегінің арқасында Ж-тың 3 томдық кітабы оқушылар қолына тиді. Осы институтты басқарған кезінде филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Елеуқенов «Мағжан» деп аталатын зерттеу кітабы үшін (1998) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

С. Қорабай.

ӘУЕЗОВ Мұхтар (28.9.1897, бұрынғы Семей уезі, Шынғыс бол. Қаскабұлақ деген жер – 1961, Мәскеу қ.) – жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің классигі, әдебиетші-ғалым, абайтанушы. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның академигі (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957), Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты.

Семей қаласында медреседе, одан соң бес сыныптық орыс мектебінде, ал 1915 – 1919 жж. мұғалімдер семинариясында білім алған. 1917 ж. семинарияда оқып жүрген кезінде халық аңызы бойынша «Еңлік-Кебек» пьесасын жазады. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Қаламгер осы пьесасы мен 1921 ж. жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі арқылы өзінің жазушылық ерекше дарынын айқын танытты. Сол жылдарда Семейде, Орынборда әртүрлі қызмет істей жүріп, Алаш партиясының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, басқа да белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен жақындасады. «Абай» журналын шығаруға атсалысады. «Оян, қазақ!»

деп ұран тастаған қозғалыс, олардың демократиялық идеялары Ә-тің өмірлік мақсат-нысанасын белгілеуіне тірек болды. Алашорда қайраткерлері үкімет орындарынан, ресми саясаттан ығыстырыла бастаған соң 1923 жылдан бастап көркем әдебиет саласына бар күш-қуатын жұмсап, өнімді еңбек етуге кіріседі. 1923 – 1926 жж. «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімесін жазады. 1923 – 1928 жж. Ленинград университетінде оқып, тіл мен әдебиет факультетін бітіреді. Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) оқыған соңғы екі жылында «Қараш-Қараш» пен «Көксерек» повестерін жазды. Ондаған жылдар бойы оған ұлтшылдық, байшылдық идеяларды жақтаушы деген кінә тағылып келді. Қудалау көріп, 1930 – 1932 жж. қамауда болды, тұтқыннан құтылу мақсатымен ашық хат жазды.

Ә-тің тарихи тақырыпқа баруының тамыры тереңде жатыр. Тұңғыш көркем туындысы «Еңлік-Кебек», одан кейін «Хан Кене» мен «Қилы заман», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» драмалары да осыны аңғартады. Бұлардың кейбіреуі ел арасында кең тараған, бұрыннан белгілі сюжетке құрылса, «Хан Кене» мен «Қилы заманға» тарихта болған нақтылы оқиғаларды арқау еткен. Өткен ғасырдың 30-жылдарында Абай мұрасына әркилы баға беріліп, одан кейін де қым-қиғаш пікірлер айтылып жүргенде Абайды тереңдеп, кеңінен тануды өзіне өмірлік мақсат ету ол кезде біліктілік, даналық қана

Әуезов Мұхтар

емес, үлкен ерлік те еді. 1936 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Татьянаның қырдағы әні» дейтін прозалық еңбектен үзінді жарияланды. Бұл болашақ романның бір тарауы еді. Осыдан соң 1940 ж. Л. Соболевпен бірлесіп «Абай» трагедиясын жазды.

Ә. «Абай жолы» атты өзінің 4 томдық даңқты тарихи роман-эпопеясын он бес жыл бойы жазды. Туындының «Абай» аталған бірінші кітабы – 1942 ж., екіншісі 1947 ж. жарық көрді. Көркем тәржіме жұмысына белсене атсалысып, И. Тургеневтің «Дворян ұясын» аударды, Ә. қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын даярлау ісіне көп еңбек сіңірді. Абайтану ғылымының негізін салды, көптомды «Қазақ әдебиеті тарихының» қазақ фольклорына арналған томының (1960) негізгі авторы және редакторы болды. Қырғыздың «Манас» эпосы туралы монография жазды.

1961 ж. 27 маусымда қайтыс болғаннан кейін Республика үкіметінің қаулысымен Қазақ КСР ҒА Әдебиет және өнер институтына, Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Ә-тің есімі берілді. Жазушының әдеби-мемориалдық музейі ашылды, Алматы қаласының бір ау-

даны, біркатар мектептер, көшелер қаламгер есімімен аталады. Туғаына 100 жыл толуына орай мерекесі ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті. Шығармалар жинағының 50 томының 36 томы жарық көрді (1998 – 2008).

Ә. Ж-пен көп араласкан. Ж. 1925 жылдың басында Ә-ке пошта арқылы «Алка» үйірмесінің өзі жазған «Табалдырық» деп аталатын бағдарламасын жолдап, партияда бар және партияда жоқ 6-7 адамнан тұратын топ жария түрде «Алка» әдеби үйірмесін құрғандығын, бұл туралы пікір білдіруін, егер де бұл үйірмені қолдайтын болса, онда соның құрамына кіруін өтініп, тілек білдіреді. Бұл кезде Ә. Семейде болатын. Ж. Ә-тен бағдарлама (платформа) туралы баспасөз бетінде пікір білдіруді сұрайды. Ә. Ж-қа жауап хат жазып, әдеби мектептің өмір сүруі аса қажетті, көкейкесті мәселе екенін атап көрсете келе, «Алқаның» талап-тілектерін қостайтынын білдіреді. Ж. екеуі бұдан кейін де хат жазысып тұрады, кездеспек болады. Олар ел тарихындағы ең бір жойқын да күрделі кезеңде тарихи-әлеуметтік құбылыска сыншыл көзбен карап, өзінше баға берген, ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте білек біріктірген тағдырлас жандар. Ә. Ж. каламынан шыккан туындыларға әр кез зер салып жүреді. Ж. «Ертегі», «Окжетпестің киясында» дастандарында Кенесары ханның тұлғасын сомдаса, акылдылығын, алғырлығын, кеменгерлігін жырласа, Ә. «Хан Кене» атты пьеса жазып, оның болмыс-бітімін, ел тарихындағы рөлін аша түсті. Олардың пайымдауынша, хан Кененің тағдыры ХХ ғасырдың басындағы казак халкының касіретімен тығыз сабактас, үндес. Осылай кос арыс казакты калың өрттен кайтсем құткарам деген тілек үшін жанын құрбан стуге даяр Кенесарыны биікке көтеріп кана коймайды, империялык санаға, бодандык санаға карсы күресте бірлесіп шеп құрады.

Ә. Ж-ты Абаймен катар атап, сөзі болашакка жететін ең үздік, заманынан озған жүйрік акын санады. «Мағжан – мәдениеті зор акын. Сырткы кестенің келісімі мен күйшілдігіне караганда бұл бір заманның тегінен аскандай, сезімі жетілмеген казак кауымынан ертерек шыккандай, бірак түбінде әдебиет таратушылары газетпен косакталып, күндегі өмірінің теренін терген акын болмайды, заманынан баса озып, ілгерілеп кеткен акын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айкын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жок. Сондыктан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, арткы күнге анык калуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан баскамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» (М. Әуезов. «Өз жайымнан мағлұмат», 1929 ж., ғинуар, Ленинград, ӘӘММ.П.№382, 9-б.) – деп жазды ол. Бұл Ж-тың шығармашылығына берілген баға, өсер елдің баласының сөзі ғана емес, азапты жолда жүрген акынға ашыктан-ашык ара түсу, өз басын окка байлағанмен бірдей нағыз ерлік еді!

Ғалым Б. Кенжебаев Ж.пен Ә-тін аракатынасы туралы былай дейді:

«Қырқыншы, елуінші жылдары бірге жүргенімізде, кей сөз арасында Мұхаң (Мұхтар Әуезов) айтар еді. Баяғыда біз Мағжанға: атың – қыздың аты, мінезің – қыз мінезді, сен қалай қыз болмағансың? – деп қалжыңдаушы едік, – дер еді» («Лениншіл жас», 1989, №2). Абайтанушы Қ. Мұқаметханов: «1940 ж. Алматыда Мұхтардың (Әуезовтің) үйінде ұзақ уақыт болған кезінде Мұхаң Мағжан туралы қызықты көп әңгіме айтып еді. Сонда Мағжанның «Батыр Баянды» қалай, қай кезде жазған тарихын және поэманы жазуға бір жағынан Шоқан Уәлихановтың тарихи зерттеу еңбектерінің себеп болған жайын баяндап, бұл тарихи поэма деген еді. Мұхаңның сол сөзі ойымда жүретін», – деп еске алады (Қ. Мұқаметханов. «Абай мұрагерлері», А., 1995, 153-бет). Ал «Октябрь өркені» атты мақаласында Ә. революция қарсаңында, оның алғашқы жылдарында Ж. сиякты махаббат сыршылдығын жырлаған ақындардың «қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат эклектизм (әркімге еліктеушілікті), декадентті етпек болғанын» сынайды. Мағжанның: «Мен желмін, желдей есемін», «Мені де, өлім, әлдиле», «Дала, дала, сар дала, бейне өлік айнала» тәрізді көркем тіркестерін мысалға келтіріп, идеялық жағынан өмірден түңілудің, шындықтан бет бұрудың үлгісі деп айыптайды. Бұл ұлы суреткердің саясаттың ығына қарай амалсыздан айтқан пікірі болса керек.

С. Қорабай.

Әуезов Мұрат

ӘУЕЗОВ Мұрат (1.1. 1943, Жамбыл обл., Меркі ауд.) – мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің баласы. 1965 ж. Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Шығыс тілдері институтын қытай филологиясы мамандығы бойынша тамамдаған. М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының аспирантурасын 1969 ж. «Проблемы национального своеобразия современной казахской литературы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаумен аяқтайды. Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында, республикалық Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамында жұмыс істеді. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы болды, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы елшісі, Халықаралық «Сорос» қоры қазақ бөлімшесінің төрағасы, Ұлттық кітапхананың директоры болды. «Дни своей долгой-долгой жизни» деген мақаласы «Дружба народов» журналының (1968, №8) сыйлығын

Әшімов
Әкім

алған. М. Әуезов Ж. жырларымен ерте танысқан. Анасы Фатимамен дос, сырлас болған Ж-тың жары Зылихаға жазушы Ғаббас Қабышевтың сұрауы бойынша ақынның өлеңдерін мәшіңкеге бастырып, түптеуге көмектескен.

ӘШІМОВ Әкім (Әкім Тарази) (9.9.1933, Алматы стан.) – жазушы, драматург, сценарист. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1999). ҚазПИ-ді бітірген. Жамбыл облысының Шу ауданында мұғалім (1956 – 1958), «Ара» журналында фельетоншы (1958 – 1959), «Қазақстан пионері» газетінде жауапты хатшы (1962 – 1970), «Қазақфильм» киностудиясында сценарийлік редакциялық алқа мүшесі, бас редактор, 1970 – 1971жж. «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша тілшісі, 1971 – 1980 жж. Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының 1-хатшысы болды. 1986 – 1991 жж. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1991 – 1993 жж. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кеңесшісі, 1993 – 1995 жж. «Қаржы-қаражат» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1995 жылдан Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының доценті.

Ә-тің алғашқы кітабы «Құйрықты жұлдыз» повесі 1966 ж. шықты. «Үлкен ауыл» (1968), «Асу-асу» (1970), «Көкжиек» (1980), «Басынан Қаратаудың» (1984) повесть-әңгімелер, «Қыз махаббаты» (1982) пьесалар жинақтары, «Бұлтқа салған ұясын» (1978), «Тасжарған» (1980), «Кен» (1986), «Жаза» (1998), «Шер» (2000), «Махаббат жыры» (2001), «Қиянат» (2002) романдары жарияланды. Сондай-ақ, ол «Күлмейтін комедия» (1966), «Жақсы кісі» (1968), «Жолы болғыш жігіт» (1972), «Қос боздақ» (1985), т.б. пьесалардың, «Тұлпардың ізі» (1964, режиссері М.Бегалин), «Арман – атаман» (1965, режиссері Ш.Бейсенбаев), «Қараш-Қараш оқиғасы» (1972, режиссері Б.Шөмшиев), т.б. кинофильм сценарийлерінің авторы. Бірқатар кітаптары орыс, венгр, чех, неміс тілдеріне аударылған.

Ә. Қазақ Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылған Ж-тың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің сахналық нұсқасын жасаған. Ол, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен 2009 ж. өткізілген Ж-тың махаббат жырларына арналған «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің мүшесі болды.

ӘШІРБЕККЫЗЫ Гүлсім (т. ж. б. – 1944, Петропавл қ.) – Ж-тың анасы. Г. – Қызылжарда тұрған керей Әшірбек деген саудагердің қызы. Ж-тың бойындағы серілік, ақындық қасиеттер

әкеден болса, жүрегінің жұмсақтығы, нәзіктігі, достыкка калткысыздығы, қайырымдылығы шешесінен дарыған. Г. ренжу, кеюді білмейтін, бар сөзі «Жан балам!» дейтін сөзден ғана тұратын мейірімді жан болыпты. Сол үшін ақын перзенті «Жаным анам – жібек тілді ақ көңіл» деп жырлаған. Ақын оған «Анама», «Ана» деген өлеңдерін арнаған. Мағжанның әкесі Бекен бертінде Гүлсімнің үстіне Қалима деген тоқал алған. Қалимаға қыз кезінде ғашық болған екен. Басқа біреуге айттырылып, қосыла алмаған. Осыған катты қайғырған Бекен алғашқы махаббатын ұмыта алмаса керек. Күндердің күні күйеуі қайтыс болып, Қалима жесір қалады. Осыны естіген Бекен оны жасамыстығына қарамай, үйіне алып келеді. Онысымен қоймай: «Бұл менің қымбатты адамым!» – деп отырады екен. Оған келіндері кейде күліп, кейде атасын сөгіп ренжісе, Г.: «Қарияға ұнаса қайтесіңдер, тиіспеңдер!» – деп басу айтып отырыпты.

Бекен Г-нен жеті ұл, екі қыз көрген. Олар: Әбәмүсілім, Күләндам, Қаһарман, Мағжан (Әбілмағжан), Мұхаметжан, Сәлімжан, Күлбарам, Қалижан және кенжелері Сабыржан. Балаларының бәріне хат танытқан, оқытқан.

Б

БАЗАРБАЕВ Мүсілім (15.5.1927, Қызылорда обл., Сырдария ауд. Кекірелі а. – 11.11.1995, Алматы к.) – әдебиеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Филология ғылымдарының докторы (1971), профессор (1993). ҚазМУ-ді (1948), СОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын (1956) бітірген.

Б. Ж-тың шығармашылығы жөніндегі зерттеу еңбегінде былай деп жазады: «М. Жұмабаевтың ақындық табиғаты Абайға да, одан кейінгі ақындарға да ұқсамайды. Оның қайталанбас қолтанбасы өзіндік екені даусыз. Әрине, Абайды білген, оның ақындық тәжірибесіне сүйенген. 1923 ж. Ташкентте жасаған баяндамасында Жүсіпбек Аймауытов Абай мен Шәңгерей Бөкеевтің кейбір өлең жолдарын ара-тұра салыстырады. Мұны түсінуге болады. Өйткені, қазақ топырағында арасы қашық емес мезгілде өмір сүріп, қалыптасқан адамдардың өмірді түсініп, ұғынуы біртектес болуы мүмкін. Бірақ Шәңгерей Бөкеевке қарағанда Абайда әлеуметтік, рационалдық уағыз басым. Шәңгерейде әдемілік, сұлулық, келістілікті суреттеу күшті... М. Жұмабаев творчествосы, әрине, олардан мүлде бөлек. Әлеуметтік, эстетикалық, талғам, талабымен айрықша жазылған дүние. Әдебиетімізді ай-

Базарбаев Мүсілім

рықша байытқаны да содан. Сондықтан оның өлеңдерінен өне бойы құпия-сыр ұққандай боласыз да тұрасыз, өмірдің өзіндей сан салалы, сан қырлы поэзия...» Б. Ж. толық ақталғаннан кейін жарық көрген «Мағжан Жұмабаев шығармалары» (1989) жинағының редакция алқасының мүшесі ретінде де едәуір еңбек сіңірді. Кейін Б-тың басшылығымен Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Қазақсовет әдебиеті бөлімі ақын шығармаларының жаңа, кеңейтілген басылымын әзірледі. Б-тың айтуынша, Мағжан – өмір бойы өзін іздеген ақын. Сондықтан да оның өлеңдерін оқығанда өзіңді сиқырлы әлемге енгендей сезінесің («Казахстанская правда», 1989, 1 ақпан).

БАЗАР ЖЫРАУ (1842, қазіргі Қызылорда обл., Қармақшы ауд. – 1911, Өзбекстан, Тамды ауд. Жалпақтау деген жерде) – жырау. Руы – шөмекей ішіндегі Балқы, сондықтан ел арасында Балқы Базар аталып кеткен. Болашақ жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленеді. Тоғыз жасында Тәспен би оны өз қолына алады. Тәспен би ауылына сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңіріне белгілі жыраулар жиі келіп, апталап-айлап жатады екен. Бұл Б-дың жыраулық жолға түсуіне бірден-бір себеп, үлкен мектеп болады. Б.Ж. 15-16 жасында бала жырау атанады. 1858 ж. Тәспен би Қызылқұмдағы игі жақсыларды шақырып, ұлан-ғайыр той жасап, Б.ж-ға жүйрік ат мінгізіп, үстіне шапан жауып, жыраулық жолына сәт-сапар тілейді. Б.ж. осы кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа жағын жырау ретінде аралайды. Осы төңіректе кеңінен жайылған Ноғайлы дәуірінің қиссаларымен танысып, оларды жаттап, халық арасында жырлайды. Хорезм жағында болған кездерінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім дастандарды («Көроғлы», «Жүсіп – Ахмет», т.б.) қазақ тілінде жырлап, Сыр бойына таратады. Сонымен қатар шығыс аңыздарының ізімен «Әмина қыз», «Айна-тарақ» дейтін шағын дастандар да шығарады. 1907 ж. Б. Қазан қаласынан баспадан шыққан «Айман-Шолпан» жырын қайтадан жаңғырта жырлайды. Кейіннен «Қыз Жібек» жырына да көп өзгеріс енгізіп, қайта жырлап, ел арасына таратады. Мұның өзі Б. ж-дың нәзирашылдық жолды ұстанғанын байқатады. Жыраудың сол кездегі шығыс және ислам философиясымен жақсы таныс болғандығы анық. «Әр кемелге – бір зауал», «Тіршіліктің түрлері», «Керқұлан», «Кермиық», т.б. іргелі толғауларында ол өмірдің мән-мағынасына көз жүгіртеді, тіршілікте кездесетін жақсылық пен жамандық, адамшылық пен зұлым-

дық хақында тереннен ой толғайды. Оның жырлары афоризмге толы, жырау ел аузында айтылып жүрген мақалдарды ой елегінен өткізіп, қайтадан түрлендіріп, әрлеп, кейде тіптен басқаша мағына беріп, аскан шеберлікпен қолданады. Лұқпан хакім, Қорқыт бабалардың да өнегелі сөздерін ретті жерінде жырға қосып отырады. Жыраудың жастық шақ, табиғаттың әртүрлі маусымы, туып-өскен жер, т.б. жайлы шығарған толғау-термелері де көп. Сараң байларға, киянатшыл әкімдерге, арнаған сын-сықаққа толы, қазақтың ауызекі поэзиясындағы арнау-эпиграмма жанрында шығарылған бірқақпайлары да жетерлік. Б. ж. домбыраны өте жақсы тарткан, Сыр бойында таралып жүрген көпке ортақ әуендерді өз даусына лайықтап, өлеңінің ырғағына орай өңдеп, өзгертіп қолданған. Жырау көзі тірісінде, әсіресе, картайған шағында құрдасы әрі туысы Нұрымбеттің Төремұрат деген оқыған баласына ауызша айтып отырып, көп толғау-жырларын, дастандарын хатка түсірткен. Жыраудың өз айтуымен хатка түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сакталған. Б. ж-ды көзі тірісінде-ак Сыр бойының жыраулары мен шайырлары өздеріне ұстаз тұткан, оның өнегесін ұстанған. Б. ж-дың өлендері XX ғ-да ғана баспа бетін көре бастады. 1925 ж. Ташкенттен шыккан «Терме» жинағына, 1931 ж. жарык көрген «Қазақтың әдебиет нұсқалары» атты кітаптарға енді. Оның шығармаларына Ж. аса жоғары баға беріп, Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы

Базар жырау

деп таныған және Ә.Диваев, С.Сейфуллинмен бірге әдеби мұраларын жинауға белсене катысқан.

Н. Оқашева.

«БАЗАР ЖЫРАУ» – Ж-тың мақаласы. 1923 ж. «Ақжол» газетінің 374-санында жарияланған. Ж. Б. ж-дың колда бар 4-5 өлеңін талдау аркылы «сөзге жүйрік, ойлы ақын» Б. ж-ды әдеби айналымға енгізді. Базардай қазақы сөзге шебер ақынның ұмытылып кетпеуіне жанашырлық пен жауапкершілік танытқан автор бұл мақаласында әдебиетті дәуірлеуге деген өз көзқарасын білдіреді: «... Осы күні біздің оқушыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі ақындарды ғана көреді. Әдебиетті білсе де, ақындарды білмейді», – дей келе ол ақындардың туындыларының кітап болып басылмағандығын, ел арасында насихатталып, баспасөзде сын жазылмайтынын айтады. Және Абайға дейінгі ақын-жыраулардың өмір деректері мен шығармаларының ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, жиналмағандығы мен баспа бетін көрмегендігі болмаса, олардың ақындық шеберліктері мен сөз өнерін жасаудағы білім деңгейлері жоғары екендігін ескертеді. Айталық: «... әлде болса да ауызда аман қалған әдеби-

етіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендеген емес» – деп орынды ой қозғайды. Өз ойын нақты тарихи мәліметтер арқылы дәлелдеуге тырысатын зерттеуші: «... Шынында, сол өткен ақындардың көбінен жаңа ақындар әлі озып кете алды ма? Өзгені қоя тұрайық, жұрт келемеж қылатын Шайхысламұлы Жүсіпбектің «Қыз Жібегіндей» кім не нәрсе жазды? Ол ойланатын әңгіме» деп ХХ ғасыр басындағы әдеби үдерістегі көкейкесті әрі күрделі мәселені күн тәртібіне қояды. Сол кезеңдегі әдебиетке деген біржақты тапшыл көзқарасты, яғни ескі әдебиеттің бәрі байшыл, ұлтшыл әдебиет деген даулы пікірлерді осылай қатты сынға алады.

Ж-тың жоғарыда аталған еңбегі ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес. Әдебиет тарихы, әдеби мұра, оны жинаушылардың ерен еңбегін бағалау және жеке ақын-жыраулардың өмір деректері мен шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан танып, зерттеп, ғылыми жүйеге түсіру, т.б. жөніндегі теориялық тұжырымдары, ойлы пікірлері, сөз жоқ, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін құнды.

Б. ж. өнерпаздығына барлау жүргізген Ж. ақынның кешегі өткен Хан Кененің ер ұлы Сыздықтың патша өкіметіне қарсы күресе жүріп, Шөмекей ішіне барғанда шығарған «Кенеден туған ер Сыздық» деген өленіне талдау жасайды. Аталған өлең толғаудың мағынасын ашып көрсетуде Ж-тың тәуелсіздік идеясы да Б. ж. ойларымен қабаттаса көрініп қалып отырады. «... Оның да іздеген бағыты болатын. Жете алмаған, қажыған. Жеңдім деген, алданған... Осыларды жырлаған Базар. Бірақ шерлі елдің баласы ғой Базар. Өз шерін толғап отырып, елдің шеріне түсіп кетеді», – дейді Ж.

Н. Оқашева.

БАЙҒАСКИН Есім (1893, бұрынғы Ақмола обл., Көкшетау уезі, Артакшилар болысының 2-а. – 1937, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1919 – 1923 жж. кеңестердің Ақмола облыстық атқару комитетінде қызмет етті. 1924 ж. Ташкенттегі Ортаазиялық университетке оқуға түсті. 1925 – 1937 жж. «Ақжол» газетінде редактор болды. 1937 ж. саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Алаш қозғалысына қатысқан, отандық баспасөз және оқу-ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі. Ауыл молдасынан хат таныққаннан кейін 1914 – 1918 жж. Омбы гимназиясында оқиды. Осында жастардың «Бірлік» ұйымының жұмысына, төңкерістер уақытында 1918 ж. 5-13 сәуірде Омбы қаласында өткен алашшыл жастардың тұңғыш съезіне қатысады. Жанадан өсіп келе жатқан М. Жұмабаев, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров сынды қатарлас қайраткерлермен достық байланыста болады. Ол аталған съезде құрылған «Жас Азамат» ұйымына кірсді. Алаш қозғалысы қарқын алған жылдары Ақмола облыстық Алаш комитеті жұмысына атсалысады. Кеңес билігі толық орнағанда Ақмола облыстық

аткару комитетінде кызмет аткарған. Қазак секциясының нұскаушысы, халык ағарту бөлімінің кызметкері болды. 1924 ж. Түркістанға коныс аударып, Ташкенттегі Орта Азия университетінің экономика факультетіне окуға түседі. Оны 1928 ж. бітіріп шығады. Осында жүріп, «Акжол» газетімен, Қазак халыкка білім беру институтымен тығыз байланыс орнатады. Аталған екі мекеменің бірінде журналист, бірінде окытушы болды. 1925 ж. Мәскеуден Қ.Кеменгеровтің жетекшілігімен шыккан «Қазакша-орысша тілмаш» сөздігін құрастыруға катысады. Окуын тамамдаған соң «Средазбюрода», аудандык аткару комитетінде жауапты кызметтер аткарды. 1932 ж. Шымкентте жұмыс істейді, ал 1934 ж. Алматыға коныс аударып, зооветеринарлык институттың директоры кызметін аткарды. 1937 ж. казан айында тұткынға алынып, кешікпей атылды.

БАЙДІЛДИН Әбдірахман (1891, казіргі Солтүстік Қазакстан обл., Аккайың ауд. – 1931, Мәскеу к.) – әдебиетші, журналист, партия, кенес, коғам кайраткері. Кызылжарда Кенес өкіметін орнатуға белсене катысты. Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген (1917). «Бірлік» ұйымының мүшесі әрі оның хатшысы болды. 1917ж. Акпан төнкерісінен соң Акмола облысы Қазак комитетін ұйымдастыруға атсалысты. 1919 ж. Алашорда делегациясымен бірге Уфа мен Самарада өткен кенестік билікке карсы күштердің мәжілістеріне катысады. Б. РК(б)П комитетінің мұсылмандар семинариясының төрағасы (1920), Орынборда Қазак АКСР Жер комиссариатының алка мүшесі (1921 – 1922), «Еңбекші казак» газетінің редакторы, Орал облыстык партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің кызметкері, «Кызыл ту» газетінің редакторы (1923), Мәскеуде Орталык баспаның казак секциясының кызметкері (1923 – 1925), Қазак өлкелік БК(б)П комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі (1925 – 1926), республика оку-ағарту кызметкерлері кәсіподағының төрағасы (1926 – 1928), ҚазМУ-дің окытушысы (1929) болды. Б. «Алдымыздағы максатымыз» (1926), «Окытушылар мен кәсіпшілер козғалысы» (1927), «Оку кызметкерлеріне жолбасшы», «Жана әліппе» (1928) деген еңбектер жазды. 1929 ж. басталған куғын-сүргін кезінде камалып, 1931 ж. ату жазасына кесілді. Тергеу барысында тұраксыздык танытып, Алаш зиялыларына карсы көрсетулер берген. Мысалы, Б. тергеушіге: «Алканын» бар екенін мен жаксы білдім. Алғаш рет, шамамен, 1925 жылдары білдім. «Алка» ұлтшыл Жұмабаевтың бастауымен Москвада ұйымдастырылған. Бұл әдеби үйірмені бүркемелеген астыртын ұйым болатын... Семейден рабфакка окуға келген Ыдырыс Мұстамбаевтың туысы Смағұл Нұрпейісовтен ұйым туралы сұрадым. Ол көпке дейін жасырып айтпады... Акыры Смағұл өзінің Аймауытовпен, Байтасовпен, Кеменгеровпен байланысы бар екенін, олардың мұны да өз катарларына тартканын айтты. Оның бастаушысы Жұмабаев екенін білдім. 1927 жылдары Аймауытовтың, Кеменгеровтің, Әуезовтің, Байтасовтың арасында хат аркылы

пікір алысулар болыпты. Жұмабаев Москвада, калғандары Шымкент пен Ташкентте тұратын», – дейді.

Б.1925 ж. «Енбекші казак» газетінде «Көркем әдебиет туралы» мақала жарияланып, сол кездегі дөрекі социологизм жаттандыларын кайталады. Б. – «Әдеби энциклопедиядағы» (Коммунистік әдебиет, 1930, 202-203-б.) «Жұмабаев Мағжан» мақаласының авторы. Шағын хабарламада Мағжанға такпаған айыбы жок. Тіпті «Токсанның тобы» поэмасын да төңкеріске жапкан жала байлар мен буржуазияны корғау максатында жазылған деп тапты. Сөйтіп, ол «бұрынғы Мағжан мен «токсандағы» Мағжанның айырмасы жер мен көктей» деп ертерек айткан пікірінен тайып шыкты. Б. кезінде Алашорда үкіметінің бастығы Әлихан Бөкейхановтың адъютанты болған. Мағжанның «Толғау» өлеңінде «Ел бастаған ағаға «Атутан болып ермедім» дегендегі адъютант осы Байділдин.

Ш. Елеукенов.

«БАЙДЫҢ ТОЛҒАҒЫ» – С.Мұкановтың мақаласы. 1927 ж. «Еңбекші казак» газетінің 223-224-сандарында жарияланған. М. бұл мақаласында Ж-ка сенімсіздік білдіреді. «Жакында ғана баспада жарияланған акынның: «Ал мен токсанға косылам, кедейшіл болам, нанбасаң байды ит-шошка, жуан карын, пасык, арамтамак деймін (Бұлай десе баяғыдан бері кайда калды екен? – С.М.). Маған калай сенбейсің, мен де кенесшілмін» деген сөзі казак байының бояма пікірінің нағыз өзі. Мағжанның бұл боямасы казак байының өліп бара жатканын сипаттайды. Бірак Мағжан осы оймен жазды ма, болмаса, «дәм-тұзымызға» еріксіз келді ме, ол арасы әлі талас мәселе...», – деп жазды ол.

Т. Зікірин.

БАЙЖАНОВ Сапар (19.11.1930, Жамбыл обл., Жамбыл ауд. Шайкорык а. – 1999, Алматы к.) – жазушы, мемлекет және коғам кайраткері. Филология ғылымдарының кандидаты (1974). Казакстанның еңбек сінірген кайраткері.

Казак мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген (1952). Еңбек жолын 1947 ж. Алматы облысы, Кеген ауданының Жаланаш ауылындағы орта мектепте мұғалім болып бастаған, содан кейін Кеген аудандык халык ағарту бөлімінің инспекторы болып жұмыс істейді. «Лениншіл жас» (казіргі «Жас Алаш») газетінің әдеби кызметкері (1950 – 1958), жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары болып істеді. «Мәдениет және тұрмыс» (казіргі «Парасат») журналының жауапты хатшысы, редактордың орынбасары, бас редактор (1958 – 1965), Казакстан Компартиясы орталык комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұскаушысы, баспасөз секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1965 – 1973) кызметтерін аткарды. «Социалистік Казакстан» (казіргі «Егемен Казакстан») газетінің редакторлығына тағайындалды (1973). Бұл кызметте 11 жыл істеді. 1974 ж. оның «Үш киян – үш данғыл» очерктер кітабы КСРО Журналистер одағының сыйлығына ие болды. Өмірінің соңғы жылдары көбінесе архивтік зерттеу-

лермен айналысып, көптеген тарихи мәліметтер мен құжаттарды ғылыми айналымға ендірді. Б. Ж-тың шығармашылық мұрасын зерттеумен айналысқан Қазақстан Компартиясы орталық комитеті комиссиясының мүшесі ретінде ақынның толық ақталуына өз үлесін қосты.

БАЙМАҒАМБЕТ (БАТАЙ) – Мағжанның атасы Жұмабайдың ұлы. Баймағамбет ағып тұрған өленші екен. Өмірі қыска болыпты. Қалындығы Тайғұл дегеннің қызы екен. Сол қалындығын төркінінен әкеле жаткан жолда катты сыркаттанып, үйіне жетісімен төсек тартып жатып қалады. Содан тұрмайды. Жағдайының кнын екенін сезіп, әйеліне жоктауын өзі жазып қалдырыпты.

БАЙТАСОВ Абдолла (1901, Акмола губ. Петропавл уезі Ортакшылдар бол. – к.ж.б.) – қоғам қайраткері. 1917 ж. Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген. Алаш козғалысын колдап, Қазақ комитеттерін құруға атсалыскан. Петропавл каласында «Бостандык туы» газеті редакциясында (1921 – 1923), Ташкенттегі жұмысшы факультеті мен Қазақ халық ағарту институтында (1923) қызмет етті. 1924 – 1927 жж. Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің студенті. 1928 ж. «Акжол» газеті редакциясының ғылым мен техника бөлімін баскарды. Ж-пен бірге «Алка» әдеби ұйымын құруға катысты. Б. сол жылдары Ж-пен жиі араласып, М.Әуезовпен хат жазысып тұрған. 1924 ж. 12-қыркүйегінде Жүсіпбек Аймауытовка жолдаған хатында: «...Мағжанға жолыктым. 15 күндей бірге болдық. Ол саған катты разы... Мұхтар оған: «Түбінде жалғыздар тобы жасайды, біз жалғыздар тобының құрамасымыз», – деп жазады екен. Бұл пікірді Мағжан да куаттайды. Екпіні күшті калам, сикырлы сөз негізі берік пікір түбінде алып та, шалып та жығады деп ақын шалкып-ак жүрген көрінеді», – деп жазады. 1929 ж. куғын-сүргін кезінде тұткындалып, 1930 ж. 4 сәуірде ОГПУ «үштігінің» ерекше қаулысымен Архангельскіге жер аударылды. Б. өз заманының білікті каламгері болды. «Жас алаш», «Жас қайрат», «Еңбекші казақ» газеттерінің белсенді авторы ретінде танылды.

БАЙТҰРСЫНОВ Ахмет (28.(15).1.1873, казіргі Костанай обл., Жангелдин ауд. Сарытүбек а. – 8.12.1938, Алматы к.) – акын, түркітанушы, әдебиет зерттеуші, публицист, педагог, аудармашы, казак халкының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттык козғалысы жетекшілерінің бірі, коғам қайраткері. Атасы Шошак немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл аксакалдарынан бата алып, азан шакырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптык орыс-казак мектебіне береді. Оны 1891 ж. бітіріп, Орынбордағы 4 жылдык мектепке окуға түседі. 1895 – 1909 жж. Актөбе, Костанай, Каркаралы уездеріндегі орыс-казак мектептерінде окытушы, Каркаралы каладык училищесінде меңгеруші кызметін аткарады. Б-тың саяси кызмет жолы 1905 жылдан басталады. 1905 ж. Коянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам кол койған Каркаралы петициясы

Байтұрсынов Ахмет

(арыз-тілегі) авторларының бірі болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыруды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Б.1909 ж. 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше кеңесі 1910 ж. 19 ақпанда Б-ты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Б. Орынборға 1910 ж. 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Ол осы қалада 1913 – 1918 жж. өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ зиялыларының колдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Б-тың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Б.1917 ж. революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ» газеті арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Б. Алаш партиясы бағдарламасын дайындаған шағын топтың құрамында болды. Б. пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру, жүзаралық алауыздыққа байланысты Алашорда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алашорда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Б-ты бекітті. 1919 ж. наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Б.1919 ж. наурызда Алашорда өкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық комиссарлар кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Б-тың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес өкіметінің кешірімі жарияланды. Б. бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікір-

де болды (ҚР ҰҚК архиві. 78754-іс. 6-т., 44-п). 1920 ж. В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябі облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920 – 1921 жж. Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың. 1922 – 1925 жж. Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды.

Б. түрлі мемлекеттік қызметке атсалыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921 – 1925 жж. Орынбордағы. 1926 –1928 жж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті. мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 ж. Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты.

1929 жылдың 2 маусымында 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Б. ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылдың қаңтарында 10 жылға концлагерьге ауыстырылса. 1932 жылғы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1933 жылдың мамырында денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 ж. М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Б. отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмыска қабылданбай, түрлі мекемелерде қыскамерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылғы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды.

Шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» деген атпен 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы автор қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер қайратын, білімін жұмсайды. Ақын Крылов мысалдары негізінде жазған әр туындысының соңына өзінің өзекті ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық,

шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді шенейді. Коптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы толғамды ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. «Қазақ салты», «Қазақ калпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек-батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ», т.б. өлеңдерінің мазмұны – осының айғағы. Кітаптың ішкі сазы мен ой-өрнек, сөз орамы казак поэзиясына өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жарыкка шығаруда зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашкы зерттеуі – «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыккан «Қазақтың бас акыны» деген көлемді макаласы. Қазақтың эпостык жыры «Ер Сайынды», алғы сөз бен түсініктемелер жазып, 1923 ж. Мәскеуде шығарды. Қазак ауыз әдебиетінде молынан сакталған жоктау жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоктау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Қазак әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі – «Әдебиет таныткыш» (1926). Мұнда Б. көркемсөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жакты сөз козғай отырып, Ж. шығармашылығына да токталады, талдайды. Ұлы ұстаз тілші ғалым ретінде казак тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, казак тілін окыту әдістемесі туралы макалалар жазды. 1926 ж. Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодактык I съезіне катысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген такырыпта баяндама жасады. Қазак балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы максатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты окулыктар мен ғылыми еңбектер жазды. Сөйтіп, казак тіл білімін XX ғасырдың бас кезінде калыптастырып, оның іргетасын калады. Араб графикасына негізделген казак жазуының реформаторы болды.

Ол калдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Орыс классиктерінің шығармаларын казак тіліне аударып, көркем казынаның бұл саласын байытуға мол үлес косты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын казак тіліне аударып, төлтума туынды ретінде жинак етіп бастырды. И.И.Хемницердің «Ат пен есек», А.С.Пушкиннің «Балыкшы мен балык», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик акыны С.Я.Надсонның өлеңін казак тіліне аударған.

Б. 1988 ж. казак халкының біртуар ұлдары Мағжан Жұмабаевпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Міржакып Дулатовпен бірге акталды. Сол ж. «Жалын», «Жазушы» баспаларынан кітаптары («Ак жол», «Шығармалары») шыкты. Оның атында көшелер, оқу орындары, ҚР ҰҒА Тіл білімі институты, әдеби-мемориалдык мұражай-үйлер бар, ескерткіштер орна-

тылған. Ұлт ұстазының туғанына 125 жыл толуы егемен елімізде кеңінен аталып өтілді.

Ж. оқу-білімсіз халықтың ертеңі бұлдыр, көкжиегі тұман екенін ерте сезген. Оқу-білімге қол жеткізген халық қана асылды жасықтан ажырата алады деген пікірге тоқтайды. Ақынның бұл кездегі шығармашылығы, негізінен алғанда, қалың ұйқыда жатқан елін маса болып шағып оятуға ұмтылған Ахмет Байтұрсынов идеясымен үндесіп, сабақтасып жатады. Ж-қа А. шығарған «Қазақ» газетінің ықпалы өте зор болады. Өзі де оның жұмысына белсене атсалысады. Ақмола комитетінен Торғай облыстық съезіне қатысуға Ж. жіберілді. Съезд төралқасының төрағасы болып ел ағаларының бірі Ахмет Байтұрсынов сайланды.

БАҚБЕРГЕНОВ Қайрат (1.3. 1953, Алматы қ.) – ақын, аудармашы. 1975 ж. Мәскеудегі Жазушылар одағының М.Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген. «Қазақстан», «Жазушы» баспаларында редактор, «Қазақфильм» киностудиясының мультипликация бөлімінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының Көркем аударма және әдеби байланыс бас редакциясы алқасының орыс бөлімінің меңгерушісі, «Простор» және «Жұлдыз» журналдарының компьютерлік орталығының жетекшісі, 2002 – 2009 жж. ҚР Тұңғыш Президенті қорының Халықаралық экономика және саясат институты мен ҚР Президентінің Стратегиялық зерттеулер институтының баспа бөлімінің бас маманы болды. Қазақтың басқа ақындарымен бірге Ж-тың да шығармаларын аударған. Олардың біразы «Пророк» деген атпен 2003 ж. Мәскеуде басылып шыққан жинаққа енген.

Т. Зікірин.

БАЛА – орыс жазушысы Всеволод Ивановтың «Дите» деген әңгімесі. Ж. аударып, қазақ оқырмандарына ұсынған. «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 9-10-санында басылған.

«БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ» – Ж-тың 1926 ж. жарық көрген кітапшасы.

«БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш рет «Шолпан» жинағында жарияланған. 1989 жылғы басылымда түпнұсқа елеулі өзгерістерге ұшыраған. Құрастырушылар ақынның «Ала алмас оны бағалап» деген сөзін «Тіл жетпес оны бағалап» деп, «Мейірімі көп, етек – кең!» де-

ген жолды «Мейірімі көп, өзі – кең!» деп, «Жұртыңа мақтаулы, сыбаға сақтаулы» деген мақалды «Жұртына ол мақтаулы, сыбаға үлкен сақтаулы» деп өзгерткен.

«БАЛАНЫҢ ҚАБІР ТАСЫНА» – Ж-тың өлеңі. Ақынның жас нәресте Гражданның өліміне арналған өлеңінде «күңірену» әуені мүлде естілмейді. Өлең жанашыр жұртқа «қайғырмаңдар!» деген өтініштен басталады («қайғырмаңдар бұл бөбекті өлді деп»). Өлең осы алған бетінен жазбайды. «Өлгені емес, жерді тастап кеткені, Шын бақытқа ерте бастан жеткені» деп, жаннат төрін аңсау арманымен тынады. Яғни, «өмір күйі – тәтті күй» сарыны жеке басына қатысты қайғылы фактіні еске алғанда да қайталанып отыр. Өлең қазақтың қазаға қайғыратын жоқтау дәстүріне мүлде ұқсамайды.

«БАЛАПАН» – Омбыда құрылған «Бірлік» жастар ұйымының 1916 – 1918 жж. шығып тұрған колжазба әдеби журналы. Редакторы – Қ. Кемеңгеров. Ж-тың «Балапан» қанат қақты» атты аллегориялық әңгімесі осы басылым туралы. Бұл журнал жөнінде С.Сәдуақасов: «Бірыңғай беллетристика жариялайтын басылым», – деп көрсетеді. Қ.Кемеңгеровтің «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде «Балапанның» 1917 ж. 5-санынан үзінді келтірілген. Мұнда қоғамның ауыр халі ашы сыналады. Бұл журнал Алашқа тыныс болған жас толқынның қалам тәжірибесін шыңдаған мектеп болып тарихқа енді.

«БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ». Ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде (1916) «Балапан» атты колжазба журналдың жұмысына белсене қатысады. Қарасөзбен жазылған бұл өлең осы журнал туралы. Ақынның барлық жинақтарында бар. Ж. мұны 1922 ж. Қазан қаласында шыққан жинағына енгізгенде, «Балапан» журналына арналып қарасөзбен жазылған өлең деп ескертіпті.

БАЛАУБАЕВ Сәлкен (1902, Қарағанды обл., Осакаровка ауд. – 1972, Қарағанды қ.) – әдебиетші, педагог, алғашқы қазақ психологтарының бірі. Орта Азия мемлекеттік университетін (Ташкент) бітірген (1929). Қазақпедагогика училищесінде (Ташкент), Қазақ педагогика институтында (Алматы) оқытушы, Орта Азия еңбек қорғау ғылыми-зерттеу институты лабораториясында, Қазақ АКСР Оқу халық комиссариаты жанындағы әдістемелік кеңесте



ғылыми қызметкер болып істеді. Көп жыл тұтқында, лагерьде болған. Қызылжарда шәкірт ретінде Ж-тың алдын көрген. «Мағжан өлеңдері казак халкының дербес ұлт болу дәрежесіне жеткендігінің белгісі еді», – деп жазды ол өзінің естелігінде.

БАЛЬМОНТ Константин Дмитриевич (3.(15).6.1867, Владимир губерн. Шуй уезі Гумниши п. – 23.12.1942, Нуази-ле-Гран, Франция) – символист ақын, аудармашы, эссе жазушы, орыстың Күміс ғасыры поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – отбасындағы жеті ұлдың үшіншісі. Ақынның атасы теңіз офицері болған. Әкесі Дмитрий Константинович Бальмонт (1835 – 1907 жж.) Шуй уездік соты мен земствода қызмет істеген. Бастапқыда коллеж тіркеушісі, бітістіруші сот қызметтерін атқарған ол уақыт өте келе уездік земство басқармасының төрағасы қызметіне тағайындалады. Анасы Вера Николаевна Лебедева әдебиетті сүйетін және онымен кәсіби түрде айналысатын генерал отбасынан шыккан. Ол жергілікті басылымдардың қызметіне араласып, әдеби кештер мен әуескойлар спектакльдерін ұйымдастырды. Сондай-ақ, болашақ ақынды музыка, әдебиет, тарих әлеміне жетектей отырып, «әйел жан дүниесінің сұлулығын» сезінуді өзі арқылы үйретіп, оның өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді. Болашақ ақын бес жасында өздігінен хат тани бастайды. Анасы ұлын поэзияның үздік үлгілерімен таныстырады. «Мен алғаш рет халық әндерімен, сонымен бірге Никитин, Кольцов, Некрасов, Пушкин сынды ақындар туындыларымен таныстым. Барлық өлеңдердің арасынан Лермонтовтің «Горные вершины» өлеңін жаным жақсы көреді (Гете емес, Лермонтовтікін)», – деп жазды ақын. Б. университетте де, ярославтық Демидов Заң ғылымдары лицейінде де оқуын жалғастыра алмады. 1890 ж. ол лицейден шығарылып, өзінің «қазыналық білім алуға» деген талпынысын доғарады. Тарих, философия, әдебиет және филология саласындағы білімінің молдығына өзінің жігер-қайраты мен философиямен айналысатын үлкен ағасының арқасында жетті.

1890 жылдары Б. бір жерде тұрақтай алмады. Оның негізгі жүріп-тұратын бағыттары Санкт-Петербург (1898 жылдың қазаны – 1899 жылдың сәуірі), Мәскеу және Подмосковье (1899 жылдың мамыр – қыркүйегі), Берлин, Париж, Испания, Биарриц және Оксфорд болды. Ж. бейнешілдердің өлең жазу әдісін қазақ әдебиетіне кіргізді. Кей жерде ол символистер өлеңінің сырткы түріне еліктесе, кейде ішкі мәнісін де алып жібереді. Б. 22 жасында өмірден торығып, әлеуметтен қол үзіп: «Әлдиле, өлім, әлдиле» десе, Мағжан да бальмонтшілеп жас басынан торығып, өлім шақыруды шығарды. Бұл тақырыптас көркемдік шеңберлік, тапқырлық жағынан айрықша бөлек дәрежеде көрінетін хрестоматиялық өлеңдер – үлкен бір сала. Бұл салаға «Қыскы жолда», «Жазғы жолда», «Қайын», «Жаз келеді», «Сен», «Жазғытұрым» сияқты толып жатқан әсем өлеңдер кіреді. Ақынның жаратылыспен біте қайнасуы казак поэзиясындағы тың

бетбұрыс. Жанағы аталған өлеңдер катарында оның «Жиіленді кара орманы» да тұр. Тәнірмен тілдесуге талаптанған акын.

«Ұйықтасам мен орман боп,
Тәтті-тәтті түс көріп,
Беттен тұрса жел жүріп,
Әпсүн окып үшкіріп», – дейді. Ж. бұл дәрежедегі жана жырларымен ХХ ғасырдың бас кезіндегі символистер деп аталған, орыс поэзиясын жана биікке көтерген Мережковский, Андрей Белый, Бальмонттармен және ХХ ғасырдағы француз акындарымен тең түсіп, ортак такырыптарға жарыса косылып жырлап жатты. «Мені де, өлім, әлдиле» деген цикл өлеңдегі такырыпта түркітілдес халыктардан жырлар жазған екі акын бар. Оның бірі – татар акыны атакты Дартманд та, екіншісі – казак акыны Ж.

«...Өлім күйі тәтті күй,
Балкиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле... ».

Алайда, символистермен сабактас болып, Европа, орыс поэзиясының көркемдік жағынан ашкан жана биігіне еркін көтерілген жана өнер, жана шеберлік сырларын меңгерген акын өз өмірінің, өз халкының шындығынан кол үзген жок.

Ш. Елеукенов.

БАРМАНҚҰЛОВ Марат (10.2.1937, Алматы обл., Талғар к. – 9.5. 2000, Алматы к.) – тележурналист, отандык тележурналистика саласының негізін калаушылардың бірі әрі осы саланың көрнекті теоретигі. Филология ғылымдарының докторы (1981), профессор (1982). ҚазМУ-ді бітірген (1950). Бесінші курстан бастап Алматы телестудиясының репортері, содан кейін жастар спорт бөлімінің жауапты редакторы болып жұмыс істеді. 1961 – 1965 жж. Мәскеу университеті журналистика факультетінің аспиранты. ММУ-дің бригадасымен бірге студенттік құрылыста «Молодой целинник» газетінің негізін калады. Б. – «Планета целины» кітабы авторларының бірі. 1965 ж. ҚазМУ-ге ассистент болып орналасып, журналистика факультеті деканының орынбасары кызметін аткарды. 1991 ж. «Казахстанская правда» газеті редакторының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Сол жылдан бастап өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-дің телевизиялык журналистика кафедрасының меңгерушісі, Әлем әдебиеті және журналистика университетінің бірінші проректоры кызметін аткарды. Б. – «Весь мир в вашей квартире», «Журналистика для всех», «Сравнительный анализ жанров», «Жанры печати, радиовещания и телевидения», «Искусство современной информации», «Телевидение: деньги или власть?», «Хан Иван», т.б. оку құралдары мен монографиялардың, көптеген ғылыми макалалардың авторы.

Б. «Новое поколение» газетінде (1994, 27-30 сандары) жарияланған «Битва за Магжана» деп аталатын көлемді макаласында акынның халкына кайта оралуының киын жолдары жайлы әңгімелей келіп, бар шындыкты жайып салған еді. «Мағжанды біржола актап, жырларын жарыкка шығармак болған ҚазГУ-дің Ғалымдар кенесінің ұмтылысы сәт-

сіздікке ұшырады. Бастамашылардың өздері қуғындалып, бастарын әзер арашалап қалды», – деп жазды ол.

БАРТОЛЬД Василий Владимирович (3.11.1869, Ресей, Санкт-Петербург қ., – 19.8.1930, сонда) – ғалым, шығыстанушы. 1891 ж. Санкт-Петербург университетінің шығыс тілі факультетін бітіріп, сонда ғылыми және оқытушылық қызмет атқарды. Орталық Азия және қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғылыми мәні зор. Бұл еңбектерін жазуда ол араб, парсы және жергілікті авторлардың материалдарын пайдаланды. Б. «Мир ислама» (1912 – 1913), кейін «Мусульманский мир» (1917) журналдарын шығарушы әрі редакторы болды. 1918 ж. Орыс археология қоғамының шығыс бөлімінің меңгерушісі, Ресей ғылымының Антропология және этнография музейі жанындағы Радлов үйірмесінің төрағасы болды. 1921 ж. Азия музейінің жанынан құрылған Шығыс зерттеушілері алқасын және оның «Записки коллегии востоковедов» атты баспасөз органын басқарды. КСРО-дағы мұсылман халықтарының әліпбиін араб әрпінен латын әрпіне көшіру жөніндегі комиссияның жұмысына, Орта Азия университетін құруға, шығыстану кітапханаларын ұйымдастыруға, шығыс колжазбаларын жинауға қатысты. Б-тың көптеген еңбектері ағылшын, француз, неміс, түрік, араб, парсы, т.б. тілдерге аударылған.

Академик хундар б.з.б. IV ғасыр тұсында 24 тайпадан құралған күшті мемлекет атанғанын айта келіп: «Хундар империясы көне түркі мемлекеті болып табылады», – деп ертеректе тұжырым жасаған болатын. Бір ғажап жайт – осы мәңгі тозбайтын түркілік рух, одан туған аса маңызды ойды Ж. жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде тілге тиек етеді. Оған акынның «Пайғамбар» атты туындысындағы:

«Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық кара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.
Қайғыланба, сокыр сорлы,
шекпе зар.
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры
бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар» , – деп жазған жыр шумағы дәлел. Осы туындысының соңында Ж. «Гун – түріктің арғы атасы», – деп еске салады.

«БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІ» – Ж-тың кітапшасы. 1923 ж. Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасында жарық көрген. Бұл еңбекті акынның «Педагогика» деген оқулығының жалғасы десе де болады. Акын Омбының мұғалімдер семинариясын үздік бітіргеннен кейін ағарту жүйесінің негізі – бастауыш мектептің мұғалімдеріне арнайы жәрдемге келіп, акыл-кенесін айтуға бел байлайды.

Ж. бұл әдістемелік құралды жарыкка шығаруымен үлкен ғалымға тән айрыкша касиеттерін таныта түсті. Оның зерттеушілік тамаша касиеті – белгілі бір жүйелеп ойлайтындығында, колға алған такырыбының тарихи һәм теориялык бүге-шігесін

барынша терең білетіндігінде. Бұған Мағжанның құдай берген кеменгер алғыр ойын, ұшқыр сезімін қосыңыз. Сонда «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінің жан-жақты ойластырылған, бас-аяғы жинақы, сындарлы жүйемен жазылуы әбден заңды екендігіне көзіңіз жетеді.

Автор жалпы қазақ мектебі жағдайына көз жібереді. Нақтылы тақырып аясында қалып қоймай, сол кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерді қарастырады. Мұның өзі кітаптың құрылымын ойластырудан бастап көрінеді. Әңгіме негізгі үш сала бойынша өрбіген. Кеңестер елінде және Қазақстанда мектеп ісінің бұрынғы және қазіргі жайы, революцияның ағарту мекемелеріне қоятын талабы. Бұл – бірінші мәселе, екіншісі – ана тілінің мектеп қабырғасындағы орны. Сондай-ақ, бастауыш мектепте ана тілінен сабақ беруді жолға қою жолдары сөз болады, нақты әдістемелік нұсқаулар беріледі.

Ж. ескі мектеп пен жаңа мектепті салыстыра отыра, өз ойын ортаға салады. Ол ескі мектепті іске алғысыз етіп сынайды. Мұның жөні бар. Бұрын бастауыш мектеп хат таныту рөлін ғана атқарған. Білімнің басқа тарауларын оқытпаған. Халық ағарту ісінің сол тұстардағы жүйесіздігі. Әсіресе, жаңа бататыны - қазақ тіліндегі бастауыш мектептердің қазақ балаларын оларға араб тілінде оқытып келді. Осы өрескелдікке, әбестікке байланысты Мағжанның аузына «жетім» деген сөз түседі. Бұрынғы ескі мектептерді ана тілінен, демек, анасынан айырылып жетім болып қалған мектептер деп сипаттайды.

Сөйтіп, Мағжан «Ұлт тілі ұлт мектебіне ана болуға тиісті» деген ой айтады. Төңкеріс «ескі мектептің орнына «еңбек мектебін» құр десе, Мағжан мұны теріс көрмеді. «Еңбек мектебі» деген ұран мектеп пен тұрмысты қосу үшін, бірін-біріне басқыш қылу үшін салынған» деп тұжырымдады. Бұл - Мағжанның жаңалық атаулыға зор ілтипатпен қарайтындығын көрсететін мықты дәлелдердің бірі.

Баланы қалай оқыту керек? Автор оқушы жүрегіне ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек деп кеңес береді. Мұндайда бала біреудің айтқанын, жазғанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайырып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейді.

С. Сеңкібаев.

«БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІН ОҚЫТУ ЖОЛЫ» – Ж-тың мектеп мұғалімдеріне арнап жазған кітабы. Бұл еңбек Ж-тың үлкен методист (әдіскер) болғанын көрсетеді. Кітаптың «Ішкі сезімдердің біреуі – іш пысу, яки зерігу» бөлімінде ол: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан-ұзақ соза берсе шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төпеп түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады», – дейді.

С. Сеңкібаев.

«БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӨНІ» – Ж-тың 1923 ж. Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасында жарық көрген «Бастауыш мектепте ана тілі» кітабының аудармасы. Аталмыш кітапша 1925 ж. Мәскеу қаласында Қара Қырғыз автономиялық облысы ревкомының тапсырысы бойынша қырғыз тілінде басылып шықты. Кітапшаға алғы сөзді «Сөз басы» деген атпен қаламгер П. Арабайұлы жазыпты. Қырғыз қаламгері кітапшаның «Төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілі» деген бөлімінен бастап аударған. Кітапша таралымы қазақша нұсқасы секілді үш мың данамен жарыққа шықты. Сөйтіп, алты алаштың бір бұтағы - қырғыз балаларының тілін сындырып, ұлт мектебін ашуға да Мағжанның зор шарапаты тиген.

С. Сеңкібаев.

«БАТҚАН КҮН, АТҚАН ТАҢНЫҢ ЖЫРЫ» – Ж-тың өлеңі. «Шолпан» және 1992 жылдан басқа жинақтарының бәріне енген.

«БАТЫР БАЯН» – Ж-тың поэмасы. Тұңғыш рет 1922 ж. Ташкентте шығатын «Сана» журналында жарияланды. М.Әуезов оны тарихи поэма деп жоғары бағалаған. Поэма аса көркем деңгейде, ерекше шабытпен жазылған. Сезім де, махаббат та, батырлық та, жан күйзелісі де дастанда жыр болып өріледі. Поэмадағы батыр Б. тағдыры ешкімді де бейжай қалдыра алмайды. «Қанайым, ойың удай, тілің шаян. Амал не, келген жок кой батыр Баян. Көп жаудың албастысы, ел еркесі, Баянның батырлығы алашқа аян. Баянның әруакты құр атынан, Көп калмак болмаушы ма ед коркак ноян? Наркескен, өрттей ескен кайтпас болат. Баянсыз канатымды калай жаям?! Би Канай! Аттанбайды хан Абылай, Келмесе кандыбалак батыр Баян», – деген А. сөзінен батырдың хан ордасындағы орны мен беделін байкайсыз. Б. батыр ел рухы мен батыр рухының биіктігін барлық құндылыктан жоғары кояды. Елдің мүддесі Б. үшін қымбат, халкының тағдыры жау табанына басылмауы жолында жан аямай күрескен Б.Б. – ерліктің, отаншылдыктың үлгісі. «Б.Б-ның» прологындағы акыннын күйзеліс үстіндегі табиғи сезім күйінің шыншылдығы кім-кімді де тәнті етеді. Ол халкының кешегі аумалы-төкпелі дәуіріндегі ертектей ғажап қаһармандык рухына сыйынады. Болашак күндерге де халык үшін ертедегідей бірлік, елдік ұғымның жоғалмауын аманат етеді.

«Б. Б.» – Ж-тың акындык алып құлашын, куатты суреткерлік талантын мейлінше таныткан поэма. Ұлттык эпостык һәм лирикалык дәстүрді жаңа көркемдік типтендіру құралдарымен байыткан бұл поэма акынның поэтикалык мәдениеті барынша толысып, еуропалык дәрежеге еш талассыз көтерілгенін айрыкша паш етті.

Акын Көкшетаудың ғажайып дидарына көз суарып, кызыктап, біраз айналсоктағанда, сол өлкені сұлулығы үшін ғана жырлап отырған жок. Кезінде Пушкин орыс поэзиясы аспанының астына Кавказдың көрікті табиғатымен бірге оның жауынгер жұртының өр бейнесін коса енгізсе, казак акыны сұлу Көкшені Абылай,

Кенесары, Баян сиякты ел қорғандарына коныс болғаны үшін жырлайды. Сөйтіп, табиғат ұлттық болмыстың бір бөлегіне айналады. «Ат айналып қазығын табады» дегендей, Ж. бұл тұста да өзінің ежелгі әніне басады. Ол – ұлттық тақырып, қазақ дейтін елінің ғасырлар бойы көксеген арманы. Поэмада дәріптелетін экология идеясы да елім деп еңіреген перзенттің кеудесін жарып шыққандығында шүбә жоқ. Күні кеше бұғы, маралы қойдай өрген өлке неліктен асау, ерке аңдарынан жұрдай? Мәселе оның төл несінен айрылып қалғандығында емес пе екен?

Поэма көкжиегі біртіндеп кеңи береді. Уақыты осы заманнан өткен тарихқа ауысады. Ж. «мені» орнына үшінші жақ келеді. Оның мәні бастапқысынан өзгеше. Тарих боп сөйлейді. Көкше бір сәт қазақтың ығайы мен сығайы бас қосқан өлкеге айналып, жайнап сала береді.

Поэма жаналығы Б. бейнесін сомдауында. Б-нан өзге батырының бәрі қасына жиылса да, Б-сыз жорыққа аттанбаймын деп А. сынды ел ағасының Көкшетаудағы ордасында сарылып жатып алуының өзі-ақ басты қаһарман бағасының қандайлық жоғары екенін көрсетіп тұрған жоқ па? Б.Б. – тарихта болған кісі. Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында Б-ды А. ханның аса қадір тұтып бағалайтындығы айтылған (5 томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы, 1961, 221-222 б.). Ақылы ерлігіне сай, бар батырым бір төбе де, бұл бір төбе деп отыратын болса керек. Сондай ерліктің бірін шегініс кезінде көрсеткен. Қаша соғысып, төніп келген жауды жібермей тоқсауыл жасап, негізгі күштердің қуғыннан аман құтылуын қамтамасыз еткен. А-дың сыйлық береміз деп сауға сұраған қалмақтардың сыйлығын алып алайық та, содан соң соғысайық деген шешіміне қарсы шыққаны, қалмақтар бізді алдап соғайын деген ниетте дегеніне А-дың құлақ аспауы, айтқандарын екеуінің екі рет қайталағаны, ақыры Б-ның айтқаны келіп, қалмақтардың алдап Қытай асып кеткені Шоқан мақаласында толық жазылған. Поэмада бұл оқиғаның ұзын-ырғасы толық сақталған. Тек Б-ның жауды мың адам қолмен қуып кеткені, қайтар жолда ауызсудан ұшынып, қайтыс болғаны поэма сюжетіне кіргізілмеген. Б-ның өлімі басқаша суреттеледі.

«Б. Б.» поэмасы – жалғыз Ж-тың ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының рухы, көркемдік шоқтығы биік поэмаларының бірі. XX ғасыр басындағы орыс төңкерістерінен, алаш арыстарының Кеңес өкіметі басшыларынан ел тәуелсіздігін алу үміті өшкен, «жаны күйіп», рухани жұтаған кезде ақын елдің еңсесін көтерер тақырып деп ұлтымыздың өткен тарихынан демеу іздеген сәтте осы поэманың туғаны байқалады. Ол поэманың алғашқы он жолдық шумағынан анық аңғарылады.

Ш. Елеукенов.

«БАТЫР БАЯН» (өлеңдер мен поэмалар) – Ж-тың шығармалар жинағы. «Қазақ поэзиясының алтын қоры» айдарымен шыққан тұңғыш кітап. Астана қаласындағы «Елорда» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. 327

б. Кітапқа көптеген толықтырулар енгізілген. «Орал», «Жер жүзін топан басса екен» өлеңдері осы кітапта тұңғыш рет жарияланды.

БАЯН БАТЫР, Баян Қасаболатұлы (шамамен 1710/15 – 1757) – батыр. Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған Б. батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, Б.Б. атанған. Б. жөнінде деректерді Ж-тың «Батыр Баян» поэмасынан, жыраулар шығармаларынан, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен кездестіруге болады. Қазақ батырларының елдікті сақтап қалудағы ерлігі Үмбетай мен Тәттіқара толғауларында жақсы баяндалған. Үмбетай жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» атты толғауында былай делінген: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сары, Баян мен Сағынбай, Қырмап па еді жауынды, Қуантпап па еді қауымды, Ұмыттың ба соны, Абылай». Бұл толғаудан Б-ның А. х-ның тірегінің бірі екені байқалады. Шоқан Уәлихановтың «Исторические предания о батырах XVIII века» атты мақаласында Б. жайлы мағлұматтар бар. Мұнда да Б-ның ержүректілігін, ақылдылығын А.х-ның жоғары бағалағанын айтады. А. х. «Үш жүздің батырларының ішінде кімдерді ерекше бағалайсыз», – деген сұраққа екі батырды ерекше атайды. «Бәсентиін Малайсары батыр байлығымен, батырлығымен, мінезімен ерекшеленсе, Уақ Баян ақылдылығымен, батырлығымен, ержүректілігімен ерекшеленеді», –

Баян батыр

деп жауап берген екен. Шоқанның бұл мәліметтері Б-ның айбынды қолбасшы және ержүрек жауынгер болғанының дәлелі. Ж. «Батыр Баян» деп аталатын поэма жазды.

Әдебиеттанушы Б. Қанарбаева Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының тұрғыны, Б. ұрпағы Зейнолла Олжабаевтың аузынан батырға қатысты шежірелік дерек жазып алған (Б. Қанарбаева. Кандидаттық диссертация, 1994, 41-42-б.). Сол дерек бойынша, Б. Уақ руының Шоға деген тайпасына жатады.

З. Тәнібаева.

БАЯРЛИН Азат (12.03.1952, Целиноград (қазіргі Астана) қ.) – белгілі мүсінші. 1968 – 1972 жж. Алматыдағы Н.В. Гоголь атындағы көркемөнер училищесінде оқыған. 1979 ж. Ленинград кескіндеме, мүсін және архитектура институтын тамамдаған. КСРО Суретшілер одағының мүшесі, профессор. Түркістан қаласындағы ақын есімімен аталатын №15 мектептің алдына қойылған (2017) Ж-тың ескерткішінің авторы.

БӘЙГЕ – ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркітектес басқа халықтарда да бар. Мысалы, Бәйге өзбектерде «пайга», қырғыздарда «чабыш» деп аталады.

Кейбір деректер бойынша XV ғ-дың 70-жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығын құрғанда Шу өзенінің жағасында, Тұлпарсаз деген жерде бәйге ұйымдастырған. Осы кезден бастап бәйге қазақ халқының алқалы жиындарының (тойлардың, астардың, т.б.) ажырамас құрамдас бөлігіне айналған. Бұрын бәйгеге қосылған аттар түстік, күндік жерге, ұзақ қашықтықтарға шабатын. 1957 ж. Қазақстанда қабылданған ереже бойынша құнан бәйге 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 м, дөнен бәйге – 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 м., ат бәйгесі 5000, 8000, 10000 м. қашықтықтарда өткізіледі. Ж. ақталғаннан кейін өткізілген мерейтойлардың да көркі бәйге болғанын айту жөн. Мысалы, ақынның 115 жылдығы құрметіне өткізілген бәйгеде белгілі қоғам қайраткері, әншi-жырау Бекболат Тілеухан баптаған сәйгүлік бірінші орын алды.

БӘРМЕНБАЙҚЫЗЫ Нұржәмила (т.к.ж.б.). Мағжанмен қатарлас Уфада «Ғалия» медресесінде оқыған. Екеуі сонда танысады. Жасынан өнерге құштар болып өсіп, әншілік, ақындық қабілетімен елге танылған Н-ны ұлдары болмаған ата-анасы еркек балаша киіндіріп өсіреді. Бәкен деп атайды. Көркіне ақылы сай алғыр қызды бір байдың баласына атастырып қойған әкесі екі жылдан кейін оны алып кетуге келеді. Бірге оқып жүрген жастар онымен кимай қоштасады. Әсіресе, бұл жай Мағжанға қатты батады. М. ауылға оралғаннан кейін Н-ның ұзатылып кеткенін естиді де, әйтеуір бір кездеспек болып саудагерлерге ілесіп жолға шығады. Ретін тауып Н-ға жолығады, өзінің алып қашпақ ойы бар екенін жеткізеді. Бірақ «Елді шулатып қайтеміз, сенің болашағына кесірі тиіп жүрер», – деп қыз көнбейді.

БЕГІШЕВ МЕДРЕСЕСІ – мұсылмандық орташа дәрежелі білім беретін оқу орны. Оны белгілі татар зиялысы, Қызылжар қаласының атақты байы Ыстамбұл қаласындағы Түрік университетін бітіріп келген, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен Мұхамеджан Бегішев деген ағартушы ұйымдастырған. Бұл оқу орнын жергілікті тұрғындар «Шалақазақ медресесі» деп те атаған. Мұнда араб, парсы, түрік тілдері негізгі сабақ ретінде жүрді. Сонымен бірге түрік халықтарының да тарихы терең зерттелді. Мағжан 1905 ж. осы медресеге келіп түседі де бес жылдай оқып, 1910 ж. барлық пәннен «бес» деген бағамен бітіріп шығады. Ж. медресіде Бегішевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді.

БЕЙСЕНОВ Мұхамеджан (т.к.ж.б.) – қоғам қайраткері. Петропавл губернялық аткару комитетінде, халық ағарту бөлімінде қызмет аткарған және Қазпедтехникумда сабақ берген. Губернялық аткару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған кезінде Алаш қозғалысының белсенділері Әуезов, Тоғжанов, Жұмабаев, Қияковтармен жиі кездесіп, қалыптасқан ахуалды бірге талқылаған.

БЕКЕНҚЫЗЫ Күләндам (1885,

к.ж.б.) – Мағжанның апасы. Ташмұхамбетов Құсайын деген азаматка тұрмыска шыккан. Олардан Мәруар, Шарипа, Күлзипа, Резхан, Ғалым, Мағзұм атты 6 бала туған. Резхан атты ұлынан – бір ұл, бір кыз. Ғалым деген ұлынан 2 ұл, екі кыз өрбіді. Күләндамның Күлзипа деген кызы көп жыл Қызылжар каласында кызы Римма (жоғары білімді дәрігер) мен күйеу баласы Жаксылык Ғалиевтің колында тұрып, 80-нен асып дүние салды.

Қ. Мұқанов.

БЕКЕНҚЫЗЫ Күлбарам (1908-к.ж.б.) – Мағжанның карындасы. К. Бекен әулетінің еркесі болып өсіпті. Ол Бекежан деген жігітке тұрмыска шыккан. Екеуі бірін-бірі сүйіп косылыпты. К. әрі әнші, әрі домбырашы, әрі гармоньда да жаксы ойнаған. Б. да әнші, күйші, сері жігіт екен. Бұл екеуі отбасын құрғаннан кейін Әбәмүсілім ауылына көшіп барып орнығыпты. Екеуі де сәнімен әдемі киінеді екен. Бірак олардың бұл кызыкты да сәнді өмірі ұзакка созылмаған. Кәмпескеден кейін екеуі де ауыр азап шегіп ауруға шалдыккан. Олар үш ұл, бір кыз өсірді. Соларды асырау үшін Б. ауруына карамастан, Солтүстік Қазакстан облысының Булаев (казіргі Мағжан Жұмабаев) ауданындағы Медвежка ауылында орыстардың малын бағып, жерін жыртады. Бұрын мұндай ауыр тұрмыс кешіп көрмеген екі жас ұзак өмір сүре алмады, бірінің артынан бірі көз жұмды. Олардың артында Ыбырай, Смағұл, Решат атты үш ұл және Ғазизабану атты бір кыз калды. Олар да ата-аналарының жолын куып әнші, күйші – өнерпаз болды.

Қ. Мұқанов.

БЕКМАХАНОВ Ермұхан (15.2.1915, Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 6.5.1966, Алматы к.) – тарихшы, ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазак КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі. 1937 ж. Ресейдің Воронеж каласындағы педагогикалык институтты бітіргеннен кейін Қазак КСР Халык ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми-зерттеу институтында еңбек еткен. Отан соғысы жылдарында республиканың Халык ағарту комиссариатының баскарма бастығы болған. Сонымен катар Алматының жоғарғы оқу орындарында ұстаздык кызмет аткарған. 1946 – 1947 жж. Қазак КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, 1947 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазак мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазакстан тарихы кафедрасын баскарды. Б-тың ғылыми мұрасы оның такырыптарының алуан түрлі болуымен, тарихи мәселелерді кең камтуымен және оларды байыпты шешуімен ерекшеленеді. Оның негізгі еңбегі 1947 ж. Алматыда орыс тілінде жарык көрген «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазакстан» атты монография болды. Осы такырыпта 1946 ж. Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлык диссертация корғаған. Асыра сілтеу, бұрмалау және күдікшілдік бел алған осы тұста бұл еңбекке пікір айтушылардың кейбіреулері оны Кенесары Қасымов бастаған козғалыстың тарихын актау тұрғысынан көрсеткен

Бекмаханов Ермұхан

деп бағалап, оған буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген кінә тақты. Б. еңбегіне байланысты пікірталастар 1947 жылдың екінші жартысында өрши түсті. Б. бірақ айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен К.Қ-тың батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аяусыз жазалады. Ол 1951 ж. университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды. Біраз уақыт Алматы облысы, Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 ж. 5 қыркүйекте тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 ж. 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының үкімімен Б. 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айрылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерьлерінің біріне айдалды. 1954 ж. 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты. Б. өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын жазды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Б-тың басты еңбегі – «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары «Қазақ университеті» (қазіргі «Санат») баспасынан жарық көрді. Түрмеде отырған ағасын іздеп 1931 ж. Ленинградқа барған жерінді ұсталып, сотталған Ж-тың інісі Сәлімжан жазасын Бекмахановпен бірге өтеген.

Ж. Әбділдин.

БЕКТҰРОВ Жайық (15.11.1912. Ақмола обл., Целиноград ауд. Қызылағаш а. – 30.3,1998, Қарағанды қ.) – жазушы, саяси қуғын-сүргін ауыртпашылықтарын басынан өткерген қазақ зиялысы. 1928 ж. Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсын, Алматыдағы Жоғары коммунистік ауыл шаруашылығы мектебін (1934), ҚазМУ-ді (1955) бітірген. 1930 – 1931 жж. Қарағанды облысы Нұра ауданында мұғалім болған. 1934 – 1937 жж. Қазақ өлкелік, Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Мақтаарал аудандары комсомол ұйымдарында жауапты қызметтер атқарды.1937 – 1938 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті редакторының орынбасары, 1937 – 1942 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде тілші, Жамбыл облысы «Еңбек туы» газетінде редактор болды. 1942 жылдың

мамыр айында Б. қамауға алынып, КСРО НКВД-нің айрықша кеңесінің шешімімен РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-бабымен сырттай он жылға кесіліп, Солтүстік Оралға жер аударылды. 1955 ж. бұл үкім ҚазКСР Жоғарғы сотының төралқасының шешімімен күшін жойып, 1989 ж. толық ақталды. Б. елуінші жылдары педагогикалық қызметте болды. 1958 жылдан бастап 1989 жылғы қыркүйекке дейін ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Қарағанды облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы қызметін атқарды.

Б-тың алғашқы әдеби сын мақалалары, эсселері, өлеңдері 1928 жылдан баспасөз беттерінде жариялана бастады. Көркем аударма саласында да қалам тартты. Д.Дефоның «Робинзон Крузо», А.Чапыгиннің «Степан Разин» романдарын, Л.Пантелеевтің әңгімелер жинағын, Д.Львович, Ш.Петефи, Г.Серебрякова, Я.Гашек шығармаларын қазақ тіліне аударды. Б.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Г.Потанин, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Ә.Марғұлан, т.б. тұлғалар туралы естеліктер, әдеби портреттер жинағының авторы. Б. XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін шындығын ашық жазып, қоғамда әлеуметтік әділдік принципінің орнығуына ықпал етті. Жазушы Ж-тың адал есімін халқына қайтаруға көп еңбек сіңірді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары Солтүстік Қазақстан облысына сан мәрте келіп, Мағжанның жары Зылихамен кездесіп, қолынан келген көмегін аямаған. «Мағжанды іздестірдіңіз бе? Жоғарғы жаққа арыз жаздыңыз ба?» – деп сөз бастап кеттім. «Жаздық қой. Жазбаған жеріміз жоқ. Ештеме шықпады», – деді Зылиха. Мен ол кісіге: «Сіз Н.С. Хрущевке жазыңыз. Күйеуім ақын еді, жұрт ұлтшыл десті. Бірақ ол ешқандай басшы жұмыста болған жоқ еді. Кеңес өкіметіне қарсы ешбір теріс әрекет істеген адам емес. 1930 ж. ұлтшылсың деп бір соттады. Одан лагерьде жазасын өтеп келіп, болмашы қызмет істеп жүргенде қайта қамалды, жоқ болып кетті» деп жазыңыз» дедім» «Бес арыс» (А., «Жалын», 1992). Жазушы осыдан кейін өзі де қарап отырмайды, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Ж-ты ақтауға көмектесуін сұрайды. Ж-пен Уфадағы «Ғалия» медресесінде бірге оқыған Қ. 1969 ж. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа хат жолдайды. «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы» деп аталатын бұл хатында башқұрт әдебиетінің ақсақалы Қазақстанның көптеген қалаларынан, оның ішінде Қарағандыдан да Ж-қа ара түсуін сұраған өтініштер келгенін жазады. Б. 1987 жылдың бас кезінде Ж. туралы 1961 ж.

Бектұров Жайық

жазған көлемді макаласын Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы О. Сүлейменовке тапсырады.

Е. Амантай.

БЕЛЬГЕР Герольд Карлович (28.10.1934, Саратов обл., Энгельс к. – 7.2.2015, Алматы к.) – жазушы, қоғам қайраткері. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1987). Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының лауреаты (1992). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған (1994 –1995). Қазақстан Жазушылар одағының Б.Майлин атындағы сыйлығының (1994), Қазақстандағы ПЕН клуб сыйлығының (1996), «Алтын самұрық» сыйлығының (2007) иегері. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1958). 1958 – 1960 жж. Жамбыл облысының «Байқадам» кеншарындағы орта мектепте мұғалім, 1960 – 1963 жж. Абай атындағы ҚазПИ-дің аспиранты, 1963 – 1964 жж. «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1964 жылдан шығармашылық жұмыста болды. 1992 жылдан неміс тілінде шығатын «Феникс» альманахы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Неміс, орыс, қазақ тілдерінде жазды. «Ауыл шетіндегі үй» (1973), «Даладағы шағалалар» (1976), «Алты асу» (1977), «Тас өткел» (1988, орыс, қазақ, неміс тілдерінде), «Бауырластықтың жанды бейнесі» (1981), «Созвучие» (1982), «Уақытпен бет-пе-бет» (1985, неміс тілінде), «Мотивы трех струн» (1986), «Гете и Абай» (1989), «Родство» (1991), «Земные избранники» (1995) атты зерттеу еңбектері шыққан. Б.Майлин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Д.Досжанов, т.б. қазақ жазушыларының шығармаларын қазақшадан орыс тіліне, А.Раймген, Э.Кончак, Н.Ваккер, т.б. неміс жазушыларының жекелеген туындыларын неміс тілінен орысшаға аударды. Жиырмадан астам жинағы бар. Б. «Парасат» журналында жарияланған (2012 ж. №11) күнделігінде: «Қазақ поэзиясының шыркау бағінде тұрған алтаудың атын айтайын, олар мыналар: Абай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев», – деп жазды.

К. Мұқанов.

БЕРДІБАЕВ Рахманқұл (2. 12. 1927, Оңтүстік Қазақстан обл., Түркістан ауд. Ашысай к. – 2012, Түркістан к.) – әдебиет зерттеуші, жазушы, сыншы. Филология ғылымдарының докторы (1970), профессор (1983), Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі (2003), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1984). Түркістан педагогика училищесін, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, Қызылорда педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін (1949) бітірген. Ашысай кентіндегі орта мектепте мұғалім, 1949 – 1953 жж. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақ орта мектептерінде директор, аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1953 – 1954 жж. ҚазМУ-дің аспиранты, 1955 – 1959 жж. республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қыз-

меткер. сын бөлімінің меңгерушісі болған. 1968 – 1970 жж. ашылған Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты хатшысы, 1995 жылдан өмірінің соңына дейін Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде профессор қызметін атқарды. Ғалымның қаламынан «Қазақ эпосы», «Саркылмас казына», «Кәусәр бұлақ», «Эпос – ел казынасы», «Жыршылық дәстүр», «Айтыс әлемі» секілді еңбектер туды. Оның сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түріктанушылық саласындағы ізденістері 42 кітап, мыңнан артық мақала түрінде жарыққа шықты. Б. Ж. ақталғаннан кейін ақынның туған жерінде өткен салтанатта: «Есімі мен еңбегі қауымға қайтарылып отырған сандық санаткерлердің бел ортасында қазақ өлеңінің дүлділі, теңдесі жоқ лирик, жаңашыл эпик, романтикалық поэзияның өшпес үлгілерін салған Мағжан Жұмабаевтың аты аталады. Оның есімі мен еңбегі алтын әріптермен хатқа түсетін болады. Шын асылдарды тот баспайтыны секілді М. Жұмабаев мұрасының халқының қолына қайта тиетінін көргенімізге бақыттымыз», – деген еді.

«БЕРНИЯЗҒА» – Ж-тың «Ақжол» газетінде (1923, 22 ақпан) жарияланған өлеңі. XX ғасырдағы қазақ поэзиясына өзіндік үн қосқан Бернияз Күлеев – Ж-тың ақын шәкірттерінің бірі. Қазақ Автономиялы Кеңес Республикасы Халық ағарту комиссариатында жауапты қызмет істеген білімді жас жігіт. Сонда жүріп Ж-тың өлеңдер жинағын (1922, казан) бастыртып шығарған. Б. поэзияға революция жылдары келеді. Қазақстанның астанасы – Орынборда тұрған кезде қазақ үкіметінің Қазан қаласындағы баспа істері жөніндегі төтенше өкілі қызметінде болады. Өзінің баспа орындары жеткілікті дамымаған Қазақстан кітаптарының Қазан баспаханасында сапалы басылып шығарылуына басшылық жасайды. Әттең, ғұмыры қыска болды. Сүйген қызымен қосыла алмай, өмірін кияды. «Әдебиетіміздің берік бағанасы болады» деп үміт артып жүрген ақын інісінің қазасына Ж. қатты қайғырып, некролог жазады. «Күнә сенікі емес, көптікі. Жаның тыныш болғай еді, жас ұлан», – деп аяктайды казанамасын. Бұл хабар жалғасын тауып, «Бернияза» атты өлеңнің шекесіне эпиграф боп қонады. «...Ұлан өлді батып канға, Тыныштық тапты асау жан да», – деп дерткен мұңмен тебіренеді. Осы бетпен камшы басканда, сөз жок, кыршынынан қиылған жас акынның асыл касиеттерін жаркырата жырлап, сұм ажалға кылар кайран жок екенін мойындап, бел кайыстырып аңыратын жоктау жанрының бір шығармасы дүниеге келетін еді. Алайда, «Бернияза» өлені күтпеген жерден жоктаудың дәстүрлі сокпағынан ажырайды. Қазақтың бұл тұрмыс-салт жырында ешқашан кезікпеген кеңес бастайды. Кеңес иесі карт адам бұған дейін құлак естіп, көз көрмеген ғажайып дүние суреттерін көз алдына келтіреді. Дарияның асты. Алтын уык жібек баулы алпыс ак отау елестейді су толкынына сәл тербеліп тұрған. Солардың әркайсысынан естілген ару кыздардың шыркаған

әндері, сиқырлы күміс күлкілері шерлі жүректі жас ақынның құлағына жетеді. Ақын – бөбек. Нәрестe пәк, аңғал. Өмір көбігін шын ағысынан айыра бермейді. Су астынан естілген әлдиге бөбектейін елтіген шерлі жүрек дарияға күмп беріп қойып кетеді. Сол бойда өлім мен өмірдің қанды айқасына тап болып, садақ тартады. Аткан оғы таска тиіп қайта ыршып, өзіне қадалады. Мұны көрген мәңгілік кас дұшпан – өлім мен өмір ішек-сілелері катып күліп, мазақ етеді. Дәл осы тұста Мағжан ақын – өлең авторы өзі үн катады. Ақын інісін кан майданға неге кірдің деп сөкпейді. Өзіне-өзі кол жұмсаған ауыр күнәсін кешеді. Албырт, арбалғыш, алданғыш ақын ісіне өкінеді. Өкініш үстінде және бір тосын ойларға беріледі. Ол ойлары әдеби ағым – символизмге байланысты өрбиді. К. те кезінде символизмге ден қойған. Жаңа такырыпка өзі де калам тербеп көрген. Бірак казақ поэзиясы үшін мүлде соны ағым сырына толық қанып үлгермеген-ді. Ж. өкінішіне күдік сұрактары араласады. «Бернияз, айналайын, сен түсініп жетпеп пе едің символизмнің қыр-сырына? Өмір мен өлім хакында толғау дегеніміз – ажалға сұрану деп саған кім айтып жүр? Одан да көз жасына шомылып жырласаң, тұңғиық түбіндегі тамаша өзі-ак көшіп келмес пе еді касына?», – деп катты толкиды ақын. «Өмір, өлім – мәңгі аңдыскан екі жау,
Екі жауды бауыр кылар жыр бар-ау.
Сол жыр тыңдай, садак тартпай,
сабыр ғып,
Кан майданда күніренсең еді,
сор бала-ау!».

Міне, бұл тұста символист казак ақыны тіптен шыркап, бас айналар биіктерден табылады. Шешілуі мүмкін емес, киямет проблемаларға бой ұрады. Өлім мен өмір, күн мен түн, мұз бен от, махаббат пен зұлымдық секілді мәңгілік керікар күштер ымыраға келуші ме еді? Ж. өленінің астарындағы бұл сұракка жайшылықтағы сана (обыденное сознание) бас шайкайды. «Жок!» деп үзілді-кесілді жауап кайтарады. Ал бейсаналыктан сыр тарткан, Арсыға көтеріліп, Тәңірімен тіл катысатын поэзия олай күрт кетпейді. Өлең сөз құдіретіне берік сенім өзгеше түйін түйгізеді. «Жыр иесі күніренсін, канды жасын ағызсын, барын сарыксын – сонда жан балкытатын күй табылып, адам жүрегінде мәңгі аңдыскан кас дұшпандар ымыраға келеді», – дейді Ж.

К. Кемеңгер.

«БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ» – ақынның мақаласы. «Акжол» газетінің 1923 жылғы 22 кантардағы санында жарияланған. Ж. бұл еңбегінде небәрі 23 жыл өмір сүріп, келер ұрпакка толымды тарту, кастерлі казына калдырып үлгерген албырт жас, аса дарынды өнер иесі К-тің әдеби мұрасы туралы сөз козғайды. К.1920 жылдан өмірінің акырына дейін, негізінен, Казан каласында тұрады. Онда Казакстан Халық ағарту комиссариатының кітап бастырушы өкілі кызметін аткарды. Мектептерге арналған оқулык, хрестоматиялардан баска Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Мағжанның, Сәкеннің жинақтарын бастыртып шығаруы – туған халкының мәдениетіне жасаған үлкен камкорлығы.

Дара дарын, нәзік сырды сызылтып өлең өзегіне ұялаткан албырт жас К. 1923 ж. қаңтардың 29 жұлдызында баки дүниеге көшкен.

К-тің қазақ өлеңіндегі өзіндік орнын, ешкімге ұқсамайтын ашық даусын, суреткерлік қолтаңбасын жазбай танып, жас қалам иесінің болашағынан зор үміт күткен Ж.: «Ә деп ол қалам ұстап шыққанда оянған үмітіміз біржола бекіп еді. Бернияздың әдебиетіміздің берік бір бағанасы болуына сеніп едік. Бағытты бір қылып, таспик болып тізіліп келе жатқан аз ғана жазушыларымыздың қатарына жас Бернияз да келіп тізіліп еді. Бірақ, не лаж, таспиктан сол тас үзіліп түсті. Бернияздың өз өмірін өз қолынан бітіруіне қандай себеп болғаны бізге мағлұмсыз. Алайда, жастықпен, әсіресе, тәртіпті дұрыс тәрбие алмаудан туған бір себеп болуында шүбә жоқ. Олай болса, жас жанның мұндай жолға түсуіне өзінен бетер әлеумет айыпты. Түзу жолға сала білмеген, дұрыс тәрбие бере білмеген әлеумет. Аласұрған жас жанның қолына мылтық беруші сол. Осыны ұғыну керек. Үмітті жасымыз неге ерте кетті деп емес, неге ерте кетірдің деп ренжу керек». Мұсылмандыққа қарсы іс болғанын мойындап отырған Алаш әдебиетшісі айыпты заманға тірейді – «дұрыс тәрбие бере алмаған». К-ті қазақ өлеңінің іргелі өкілі ретінде танып-білген Ж. ақын өміріндегі алапат оқиғаны жеке бастың трагедиясы деңгейінде қарастырмай, бүтін бір ұлттың мәдени ұмтылысында кездескен орны толмас ауыр қайғы ретінде қабылдаған. Ондай биік түйін жасауға К-тің мөлдір сезім мен кенсулі ойға құрылған, жаратылыстың өзіндей әрлі де нәрлі поэтикалық мұрасы әбден лайық.

Қ. Кемеңгер.

«БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ» – Ж-тың әдебиеттануға арналған зерттеу еңбегі. Мұнда автор өзінің замандасы әрі әріптесі, жаңа танылып келе жатқан талантты ақынның өмірбаяны, қызметі, небәрі 20-ақ жасқа келген қысқа өмірінде отты, жалынды жырларымен аты шыққаны туралы жазады. Ол К-тің ақындық табиғатын былай береді: «...Ұшқын бетінде жарыққа шыққан жас Бернияз әдебиетіміздің сол табиғи жолымен шықты. Бірақ екпін тым күшті еді. Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалған еді. Екпіні зор еді». Ж. жаркырап келген екпінімен елді елең еткізген ақынның өзі көзі тірісінде аз жариялағанын, тек 1922 жылдарда «Еңбекші қазақ», «Өртеңде» бірнеше өлеңдері мен «Қызыл Қазақстанда» бір поэмасы басылып, К-тің ақын болып қалыптасып қалғандығын, өлең құрылысы мен жалпы қисынын меңгеріп, шеберлігі шыңдалғанын айтады, осындай отты, талантты ақыннан тосыннан айрылып қалғанына күйініш білдіреді.

Қ. Кемеңгер.

«БЕС АРЫС» – кітап. 1992 ж. Алматыдағы «Жалын» баспасынан 30000 таралыммен шыққан. Құрастырған Д. Әшімханов. Жинаққа әдеби, ғылыми, публицистикалық мұралары ұзақ жылдардан кейін ғана жарық көруге жолдама алған Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан

Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржакып Дулатов өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған тарихи очерктер, әдеби зерттеу мақалалар, естелік-эсселер енгізілген. Кітапқа жазушы Сәкен Жүнісов пікір жазған. Ж. туралы бұрын-соңды жазылып жүрген мақала, эсселердің біркыдыруы осы жинақта жарық көрді. Бұлардың ішінде Ж. Аймауытовтың «Мағжан Жұмабаевтың ақындығы туралы» көлемді мақаласы, ақынның шығармашылық шеберлігі жайлы М.Әуезов, Б.Қожанұлының пікірлері, С. Құдаштың, Б. Кенжебаевтың, Ғ. Қаһармановтың Ж. жайлы естеліктері бар.

Т. Зікірия.

«БЕСІК ЖЫРЫ» – Ж-тың өлені. Алғаш ақынның «Педагогика» (1922) атты ғылыми еңбегінде жарияланған. Ақын жас нәрестенің болашағына сенім артып: «Сен еріме Жас бөріме Қарсы кім тұрар?» – деп ұрпақтың келер күндеріне көз тастайды. Барлық жинағында бар.

БИЖАНҰЛЫ Сүлейімбек (1892, Семей обл., Қаркаралы уезі – к.ж.б.) – Ж-тың замандасы. Омбыда училищенің соңғы курсында оқып жүрген ол өзіне жабылған жалаға шыдай алмай, 1916 ж. қараша айының үшінші жұлдызында өзін-өзі атып өлтіреді. Б. училищенің ауылшаруашылық бөліміне 1912 ж. 1 қыркүйекте түседі. Қабылдау емтихандарына жіберілген 97 адамның ішіндегі жалғыз казак еді, тізімде бесінші көрсетілген (Омбы облысының тарихи архиві, 65-кор, 1-тізім, 27-і.). Б. «Бірлік» ұйымының мүшесі болды. Онымен семинарияда оқыған Ж. та араласты және орын алған трагедия шығармашылығына әсер етті деуге негіз бар. Ақынның екі жылдан кейін «Жаннан қымбат оларға ар» деп жазатыны – Б-на арналған сөз еді.

БИТІЛЕУОВ Дамолла (т.к.ж.б.) – қоғам қайраткері, қуғын-сүргін құрбаны. Ж. «Алқа» атты жасырын, ұлтшыл ұйірме құрды деген айыппен РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-статьясының 4, 11-тармағына сәйкес – жазаның ең ауыр түріне кесіліп, кейін ол жазасы 10 жыл концентрациялық лагерьде өтеу туралы үкіммен алмастырылады. Қазақ КСР-нің Жоғарғы соты 1988 жылғы 4 қарашада КСРО Халық Комиссарлар советінің жанындағы ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың) IV алқасының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржакып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім, т.б. жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын деген шешім шығарады.

БЛОК Александр (16.(28)11.1880, Санкт-Петербург қ. – 7.8.1921, сонда) – орыс ақыны. Аксүйектер отбасында дүниеге келген. Б. Санкт-Петербург университетінің тарих-филология факультетін бітіреді. Б-тың алғашқы өлеңдері 1903 ж. Санкт-Петербург

символистері Д.С.Мережковский мен З.Н.Гиппиустің «Новый путь» журналында жарияланады. Шығармашылық жолын символист ақын ретінде бастаған ол 1904 ж. «Асыл ару» кітабын шығарады. 1903 – 1904 жж. өлеңдерінде қалалық пейзаждар пайда бола бастады. Бұл салада ол В.Брюсовке еліктегенмен, әлеуметтік әуендері мен ырғақтарында өзіндік өрнек бар екендігі байқалады. «Қазіргі орыс символизмінің жағдайлары» (1910) атты әдеби сын және публицистикалық шығармаларында осы ерекшеліктері айқын көрініс береді. Оны орыс интеллигенциясының тағдыры толғандырды. Б. – орыс әдебиетінің ірі лиригі, қилы заманның шырғаландарын бойына сіңіре білген, XX ғ. поэзиясына айтулы ықпалын тигізген жаңашыл ақын. Оның өлеңдері көптеген шетел тілдеріне, соның ішінде «Он екі» поэмасы, біркатар өлеңдері қазақ тіліне аударылған.

Ж. бірінші тұтқыннан босағаннан кейін Мәскеуде Б-пен, т.б. ақындармен араласқан. Ол Б-ты «Александр Блок» деген өлеңінде сұлулықтың тәңірісі деп бағалады.

БОЛҒАНБАЕВ Қайретдин (1894, Ақмола обл., Қорғалжын ауд. – 21.10.1937, Ташкент қ.) – журналист, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Түркістан автономиясын құруға атсалысқан. Орынбор қаласындағы «Хұсния» медресесінде оқып жүрген кезінде «Қазақ» газетінің редакциясында жұмыс істейді. 1917 – 1918 жж. М. Шоқай, С.Қожановпен бірге «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысты.

Блок Александр

1918 – 1919 жж. Ташкент қаласындағы педагогикалық курста оқыды. 1919 – 1921 жж. Түркістан халыққа білім беру жүйесінде, Орынбор қаласында мемлекеттік «Қазақстан» баспасында сарапшы болып қызмет істеді. 1921 ж. Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың тапсырмасы бойынша Бұхарадағы басмашылар қозғалысына Энвер пашамен бірге жетекшілік етіп жүрген Зәки Уәлиди Тоғанмен кездеседі. 1922 – 1923 жж. Ақмолада, 1924 – 1927 жж. Петропавлда халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 1928 ж. ОГПУ шешімімен «халық жауы» ретінде 5 жылға сотталып, Батыс Сібірге жер аударылды. 1934 ж. Алматыға келіп, кейіннен қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданына қарасты Қапланбек ауылында тұрған. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, атылды. 1958 ж. 26 ақпанда ақталған. «Бортаң бала», «Кәрі тай» деген бүркеншек аттармен жазған. Қызылжарда қызмет істеген жылдары осындағы совет-партия мектебінде сабақ беріп жүрген Ж-пен таныскан. Ж. ұсталғанда оны да бірге әкетеді. Кейін екеуі бірге ақталды.

Д. Қамзабекұлы.

«БОЛСА ГҮЛСІЗ» – Ж-тың өлені. 1922 жылғы басылымда «Үнсіз бұлбұл бір...», «Отсыз жүрек...» болса, 1923 жылғы басылымда көп нүктелердің орнына сөз қойыпты: «Үнсіз бұлбұл – бір сұр құс», «Отсыз жүрек – бос қуыс». 1922 жылғы басылымда өлең тақырыпсыз берілген. Бұл өлең де «Күзді күні» сиякты шерге толы өксігін баса алмаған жүректен туған.

БОЛЫС – казак жерінің патшалық Ресейдің кол астында болған кезіндегі аумактық әкімшілік бөлінісі, оязға (уезд) караған әкімшілік аймак, аумактық құрылым. Казактың «болыс» деген сөзі орыстың «волость» деген сөзінен алынған. Казакша колдануда және Абай шығармаларында «болыс» деп әрі әкімдік бөлікті де, әрі соның басында тұратын әкімді де атаған. Ресей империясы казак даласындағы хандық билікті жою және отарлық билікті күшейту максатында 1822 ж. «Сібір казактары туралы» жарғы негізінде Ресейге шекаралас және шекараға жакын орналаскан Орта жүз казактарының коныстарын ауылға, болыстыкка, округтерге бөлген. 1824 ж. «Орынбор казактары туралы» жарғы кабылдап, бұл жүйе Орынбор өлкесінде де жүзеге асты. Казактардың саяси баскару институтын жою отарлау саясатының ең басты міндеттерінің бірі еді. Жарғы бойынша ауыл – 50-70 түтіннен, болыс – 10-15 ауылдан, уезд 15-20 болыстан тұрды. Сонымен катар патша үкіметі жүргізген 1867 – 1868 жж. реформаға сәйкес болыстардың құрамына әркайсысы 100-200 түтіннен тұратын шаруашылык ауылдар кірді. Мұндай ауылдардың саны 1000 түтіннен 3000 түтінге дейін барды. Бұл әкімшілік органдар казак даласындағы дәстүрлі баскару жүйесін және оның саяси және идеологиялык кеністігін бірте-бірте ығыстырды. Жаңадан орнаған билік жүйесінің басына жоғарыдан патшалық режім сайлаған сұлтандар келді, ал ауылды старшындар (ауылнай) биледі, осылайша, баскарудың жаңа жүйесі пайда болды. Болыстардың әкімшілік аймак ретіндегі болыс шекарасы калыптастырылып, халык оның ережелерін сактап отырды. Болыстык шекарасының сакталуына уезд басшылары – аға сұлтандар, болыстар бакылау жасап отырды. XIX ғасырдың соңында Казакстанда 300 болыс болған, ал әр облыстағы саны бойынша Орал облысында – 44, Торғайда – 43, Акмолада – 50, Семейде – 74, Жетісуда 89 болыс болған. Болыстыктың көлемі ауыл көлеміне карай әртүрлі болды. Мысалы, 1868 ж. Илецк уезінде – 8 болыс, 41 ауыл, Ырғыз уезінде – 7 болыс, 34 ауыл, Николаевск уезінде – 8 болыс, 51 ауыл, Торғай уезінде – 5 болыс, 23 ауыл, т.б. Болыс кызметі Кенес өкіметінің алғашкы жылдарында әкімшілік саяси өзгерістерге байланысты жойылды. Мағжанның әкесі Бекен болыс болған.

«БОЛЬШЕВИК БАЛАСЫ» – орыс жазушысы П.Дороховтың «Сын большевика» атты әңгімесінің аударма сы. Алғаш «Әйел теңдігі» журналының 1927 жылғы 3, 4-сандарында басылды, кейін 1992 жылғы жинакка және 1996 жылғы үш томдык шығармалар жинағына енді. Мәскеудегі Кенестер одағындағы елдердің кіндік баспасында 1927 ж. араб тілінде

жарық көрген. Көлемі – 40 б. Таралымы – 4 000 дана.

«БОСТАНДЫҚ» – Ж-тың өлені. 1923 жылғы Ташкент жинағына енген осы өленге ақынның өзінің «Сібірде реакция дәуірінде жазылды» деген ескертпесі бар. Соған қарағанда, бұл өлең Омбыны чехословактар мен Колчак үкіметі басып алған кезде жазылса керек. Жинақтарының 1992 жылғысынан басқасына енген. Мұнда Қазан төңкерісі мифологиялық бейнеде суреттелген. Дегенмен, өлеңде бұлдыр ештеңе жоқ. Шындық дүние келбеті көмескіленбеген. Не туралы сөз болып отырғаны айқын. Әңгіме 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі ірі-ірі оқиғалар туралы болып отыр. Дүниежүзін қан сасытып жіберген империалистік соғыс толастар емес. Уақытша үкімет халық үмітін актамады. Соғыс өртін басады десе, лаулатып өршітіп жіберді. Міне, осы уақытта нағыз бостандық таңы атты. Ұлы Қазан социалистік төңкерісі жеңді. Бейбітшілік ұранын көтерді. Бұл қәусар жібек сөзге қуанысып күліскен, әрине, өмірінде сәуле көрмей зар шегіп жүрген «аш-жалаңаш сорлылар» еді. Алайда, «қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар» бір сәттен соң қайта бас көтереді. Бостандықты елемей, баяғысын бастағысы келеді. Қасиетті қонақтың ақ қанатын кірлетеді. Ақын осынау дәуірдегі қатыгез ақиқат сырын ашына суреттейді. Ақын бостандық «жұмақтың» өзі емес, «ізгі» де болса, «елшісі» ғана екеніне назар аударады. Екі аяқтылардың арасындағы имансыздардан қорлық сөз естіп, «ақ қанаты кірлеген» «ізгі періште» – бостандық қайтадан кері ұшуға даяр тұр. Кедейдің бәрі адал, момын ба? Байдың бәрі топас, қайырымсыз ба? Төңкеріс дәуірдің қатыгездігі мен қаталдығы, зорлықшылдығы – анық. Ақын осы бір уақыт жарасын тез аңғарып, жаңы түршіге түніледі. Өлеңнен Ж-тың аумалы-төкпелі жылдардағы барша идеялық-эстетикалық мақсат-ансарын толық танып-білуге болады. Ақынның мұнда айтайын дегені – мен Қазан төңкерісіне қарсы емеспін, мен Колчакқа қарсымын, өлеңді Колчактан монархия иісі аңқыған соң жаздым дегені. Бостандық – қасиетті құс. Ол зорлық-зомбылықты көтермейді. Қандай диктатураға да ол шыдай алмайды. Ғарышқа қайта ұшып кетеді. Ал бостандықтан айрылғаның бақыт-берекеңнен айрылғаның. Өлеңді оқығанда осындай қорытындыға келесің. Келесің де, ақынның әулиелігіне, сәуегейлігіне қайран қаласың.

«Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышқа
Ақ қанатын қомдап тұр», – деп кектенді Мағжан. Кектеніп қана қойған жоқ. Қауіп ойлады. Ақынның жай адамнан айырмашылығы ол сезімтал келеді ғой. Кенес халқына төніп келе жатқан қайғы-қасіретті ол қалай сезген десеңізші?! Осыған қарамастан Ж-тың сыншылары, солардың бірі Ғаббас Тоғжанов «Бостандық» өленін Қазан төңкерісіне «тіл тигізгендік» деп сәуегейсіді.

Ш. Елеукенов.

«БОСТАНДЫҚ ТУЫ» – («Знамя свободы») – газет (1921–1928). РКП (б) Акмола губкомының және губаткомының органы. Алғашқы кезде Омбыда, кейін 1920-1921 жж. Омбыдағы «Кедей сөзі» («Слово бедноты») газетін алмастырып. «Бостандық туы» газетінің бірінші саны Омбыдағы Қазақ өкілдігінің, яғни Қазақстан Республикасының атынан Петропавлда шықты. Колчак қуылып, өкімет тізгінін большевиктер партиясы алғаннан соң «Алаш» үкіметі таратылады. 1919 жылғы 4-ші сәуірде Бүкілодақтық аткару комитеті (ВЦИК) «Алаш» партиясының басшыларына кешірім жариялады. Нак осы кезде Ж. Акмола губерниялық «Бостандық туы» газетіне қызметке тағайындалады. Ж. редакция алкасының мүшесі болды. Акын жаңа өмірге белсене араласты. Өлең-жырмен шектеліп калмай, өмірдің әр саласын камтитын макалалар жазды. «Бостандық туы» газетінде оның «Бірінші май мейрамы», «Сайлау», «Жазылашак оку құралдары һәм мектебіміз», т.б. макалалары жарык көрді. «Б.т» халык арасында беделге ие болды. Қазақстанның солтүстігінде елге индустрияландыру мен ұжымдастыруды жүргізуде, ауыл кооперациясын дамытуда, патриархалдык саркыншактарды жоюда, казак кедейлерінің санасын көтеруде үлкен рөл аткарды. Газетте казак әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Мұканов, Ж.Сыздыков, Ж.Саин, А.Токмағамбетов, С.Омаров, Ш.Хұсайынов кызмет істеген. Газет 3 мыңдай данамен шықты.

З. Құсайынов.

«БОТАМДЫ КӨРДІМ ТҮСІМДЕ» – Ж-тың 1931 ж. айдауда жүргенде жазған өлеңі.

БӨДЕШҰЛЫ Жәркен (15.5.1944) – акын. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Түркітілдес елдер поэзиясы II фестивалінің лауреаты. Дүниежүзі казактарының кауымдастығында бөлім меңгерушісі болған. Мерзімдік басылымдарда және мемлекеттік Кітап палатасында жауапты кызметтер аткарған. «Көкше құрак», «Қос канат», «Зейін», «Аспан даусы», «Нұрлы бояулар», т.б. өлеңдер мен поэмалар жинактарының авторы. Б. 2011 ж. Қызылжар (Петропавл) каласында өткен Ж-тың шығармашылығын насихаттауға арналған «Қазак елі, бір ауыз сөзім саған!» деп аталатын фестивальда жазба акындарының арасында бас жүлдеге ие болды.

А. Ысқақова.

БӨКЕЙХАНОВ Әлихан (25.03.1866, бұрынғы Семей обл., Каркаралы уезі, Токырауын болысының 7-а. – 27.09.1937, Мәскеу к.) – коғам және мемлекет кайраткері, ұлт-азаттык және Алаш козғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы. Б. Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ататегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен оны әкесі Каркаралыға алып барып, жергілікті молданың колына окуға береді. Бірак ол бұл окуды канағат тұтпай, каладағы үш сыныптык бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879 – 1886 жж.

БӨКЕЙХАНОВ

Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886 – 1890 жж. аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1890 – 1894 жж. аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелерінің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Б. Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Б-тың саяси көзқарасының пісіп-жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсылықтан туған қозғалысқа қатысып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905 ж. Б. Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені, Б. Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургке жеткенде, Дума патшаның өкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Б. да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербур сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 ж. Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқар-

Бөкейханов Әлихан

ды. 1909 – 1917 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911 – 1914 жж. «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сінірді.

XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі – Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі, негізінен, Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Екінші ағымның басында Б. бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрды. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Б. та тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самара қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1916 ж. жер аудару мерзімі аяқталып, Самарадан Орынборға келген Б. бірдеп қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының бюро мүшесі болды.

Б. Акпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазақка автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Б. қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланып, Б. сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады. 1919 ж. большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Б. қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 ж. екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Б. Мәскеуге жер аударылады, зор

беделінен корыккан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй камауында отырған Б-ты 1937 ж. тамызында қайыра тұткындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Б. Ж. алғаш рет түрмеде отырғанда оның босап шығуына қол ұшын берген. Ол Ж-тың зайыбы Зылихаға арыз жазып беріп, оны М.Горькийге және оның әйелі, Қызыл крест қоғамының төрайымы, актриса Екатерина Павловна Пешковаға жолыктырған. Түрлі мекемелерге кіргізген. Қаржылай көмек көрсетіп, кешірім жасалуына дәнекерлік еткен. Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова ол туралы: «(түрмедегілер)... 1922 жылдан бері Мәскеуде «жіпсіз байланып», еш жакка шығуға рұксаты болмаған, сондыктан адресі белгілі Әлихан аркылы кімнің кайда жүргенін біліп, өзара байланыс жасап, хат алыса бастайды. Ешкімнен сескенбейтін ержүрек Әлихан окта-текте Бутыркаға барып, тұткындарға аукат жеткізіп тұрған. Ахмет, Мағжандардың кызыл крест меңгерушісі Екатерина Павловна Пешковаға жиі жазған арыздарын кадағалап, нәтижесі тезірек болуы үшін Пешковаға жиі барып, көмек көрсетуін өтінеді. Көп ұзамай арыздары бойынша екі арысымызға жеңілдік жасап, берген үкім мерзімін кыскартып, елге кайтарған. Елге жету үшін жол каржысын Пешковадан алып берген де сол Әлихан атам», – деп жазды.

С. Аққұлұлы.

БРЮСОВ Валерий Яковлевич (1.12.1873, Мәскеу к. – 1927) – орыс жазушысы, драматург, әдебиетші, аудармашы, әдеби сыншы және тарихшы. 1893 ж. Б. Мәскеу университетінің тарих-филология факультетіне окуға түсіп, әдебиет тарихшысы Владимир Саводникпен бірге окиды. 1899 ж. университетті бітіріп, өзін әдебиетке арнайды. Бірнеше жыл П.И. Бартеневтің «Русский архив» журналында істейді. 1890 ж. француз ақындары жайлы бірнеше мақала жазады.1894 – 1895 жж. (Валерий Маслов деген бүркеншік атпен) «Русские символисты» атты үш жинағы жарық көреді. 1893 ж. Б. Мәскеу университетінің тарих-филология факультетіне окуға түсіп, әдебиет тарихшысы Владимир Саводникпен бірге окиды. 1900 ж. «Скорпион» баспасынан К.Д. Бальмонтке арналған «Tertia Vigilia» жинағы жарық көрді.

Ж. Б. жетекшілік ететін әдебиет-өнер институтында окиды (1924 – 1925). Оған Мемлекеттік ғылыми кеңес төрағасының төмендегі хаты себеп болады: «Түркістан Республикасының Мемлекеттік ғылыми кеңесі Түркістанның жергілікті тұрғындарын мәдени каруландыру және олардың мәдениеті мен тұрмысын жаксартуға жағдай жасау максатында кыр интеллигенциясын өзінің айналасына топтастыруда. Соның бірі осы хатты тапсырушы, Мемлекеттік ғылыми кеңестің жанындағы Қазак ғылым комиссиясының кызметкері, өзінің білімін жетілдіру үшін, соның ішінде ақындык шығармашылыкты тереңдеп оку үшін Мәскеуге бара жаткан М.Б.Жұмабаев жолдас. Қазак ғылым

Брюсов Валерий

комиссиясының мінездемесіне жүгінсек: М.Жұмабаев – таланты енді ғана ашылып келе жатқан қазақтың ең белгілі ақыны, егер де оның талантының толық жетілуіне мүмкіндік жасалса, келешекте одан аса көрнекті ақын шығуы мүмкін. Қазақ ғылыми комиссиясының төрағасы Х.Досмұхамедов оны: «Біздің болашақ Пушкиніміз», – деп бағалады. М.Жұмабаевтың жоғарыда аталған сала бойынша талантының ұшталуына тиісті жағдай туғызу мақсатында Мемлекеттік ғылыми кеңес Сізге әдебиет институтының жетекшісі ретінде хабарласып: М.Жұмабаевтың шығармашылық жұмыстарына назар аударып, оның Сіз басқарып отырған институтқа қабылдануына көмек беруіңізді өтінеді». Сол сапарда этнографиялық көрмені сәтті өткізген Ж. оқу мәселесін де оңтайлы шешіп келеді.

Ж. Қадыров.

БУДАК Фейзуллах – түрік ақыны. 1995 жылдың басында Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетіне Түркия жағынан проректор болып тағайындалған. «Түркістанға келіп, жұмысыма кіріскен алғашқы күндердің бірінде Есім хан алаңындағы ректораттың үлкен залында бір жиналыс болды. Жұмыстың қауырттығына байланысты жиынға кешігіп барған едім. Залға кіргенімде Түркиядан келген жас мұғалім бір керемет өлең оқып тұр екен. Қазақстанға келердің алдында қазақшаны жақсылап үйренгенмін. Сондықтан оқылған өлеңнің әр сөзін анық түсіндім және ол сөздер менің жүрегімді қатты толқытты. Бұл өлеңде менің жас күнімнен сеніп келген идеяларым, өз ойларым жүргендей етене жақындықты сездім. «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің Тәңірі берген несібі ғой. Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен. Тұранның тарихы бар толқымалы, Басынан көп тамаша күндер кешкен». Өлеңді бастан-аяқ тебіреніп, сүйінішпен тыңдадым. Өлеңнің ортасынан бастап тыңдағандықтан, авторын біле алмай отырдым. Кеш соңында өлең оқыған мұғалімнің жанына барып, кімнің өлеңі екенін сұрадым. Мағжан Жұмабаевпен алғаш сол кезде танысқан едім», – деп жазды ол. Ж-тың 120 жылдық мерейтойына ақынға арнап фильм түсіруге ұйытқы болған. Б. Ж. өлеңдерін аударған. Қазақ ақынын өз жұртына таныту үшін үш кітап жазған.

М. Сүлеймен.

БУЛАЕВ – қала, М.Жұмабаев атындағы ауданның әкімшілік орталығы (1928). Облыс орталығы – Петропавл қаласынан шығысқа қарай 90 км. жерде орналасқан. Іргесі 1894 ж. қаланған. 1940 ж. кент, 1969 жылдан аудандық бағыныстағы қала. Қалада

элеватор, «Нан зауыты», «Май жасайтын зауыт» АҚ-тары, құрылыс және автокөлік кәсіпорындары, әртүрлі аудандық ұйымдар мен мекемелер жұмыс істейді. Одан басқа орталық аудандық аурухана, дәріхана, санитарлық эпидемиологиялық станса, 4 орта мектеп, Мәдениет үйі, 3 кітапхана бар. Б. арқылы Транссібір темір жол магистралі және Мәскеу – Петропавл – Булаев – Омбы автотрассасы, сондай-ақ, Булаев – Молодогвардейский – Конюхов, т.б. автожолдар өтеді. Петропавл – Есіккөл (Ресей, Омбы обл.) электр пойызы жүріп тұрады. Қалада Ж-тың ескерткіші, Батыр Баян атындағы мектеп бар.

БУРАБАЙ, Боровое – коныс, Сарыарканың інжу-маржаны. Көкшетау қыратында орналаскан. Б. сұлулығымен таңғалдырады. Ғажайып тау шыңдары, қарағай мен қайыңдар, Окжетпестің, Жеке батырдың, Жұмбақтастың көк мұнар басқан экзотикалық шың-құздары, кәусар тау ауасы – бәрі тұңғыық табиғат іспетті. Осындай сұлу өңірде көгілдір тостағандай тұнған ғажап Шортанды, Шабақты, Қарасу, Бурабай, Айнакөл, Қатаркөл (Қотыркөл), Жасыбай көлдері жатыр. Көлдердегі су өте таза және мөлдір. Тау мен қылканжапырақты орман, бұлақтар мен көлдер Б-да үйлесім тауып, мекенге ерекше климаттық жағдай жасайды. Флора мен фауна бай, биші қайыңды тоғай шоғырлары кездеседі. Жабайы таңқурай, бүлдірген, қойбүлдірген, шие, итбүлдірген, саңырауқұлақ, т.б өседі. Орманда бұғы, марал, кабан, слік, каскыр, түлкі, коян, ак тиін мекендейді. Құстың 200-ге жуык түрі бар, көлдері балыкка бай. Б. кентінде көпшілікке танымал табиғат мұражайы ашылған. XIX-ғдың ортасынан бастап Б. белгілі курорт саналады. Тұмса табиғат, таза ауа, күн, колдер, қылканжапырақты орман, минералды сулар, емдік балшык, дертке дәру кымыз бен шұбат – осының барлығы демалып, емделуге колайлы. Б. өңірінде 20-дан астам санаторий, емдеу мекемесі, демалыс үйлері мен лагерьлері жұмыс істейді. Көкшетау өңірі аумағында үш курорт аймағы – Зеренді, Айыртау және Арыкбалык орналаскан. Осы корык аймактары негізінде мемлекеттік ұлттык «Көкшетау» саябағы құрылды. Саябактың орман коры аумағы – 120 мың гектар, көл айдынының а. 12,3 мың г-ды құрайды. Жыл бойындағы бұлтсыз шуақты күндер суға түсу маусымының ұзақтығы, судың орташа жылдык температурасы жөнінен Көкшетаудың курорттык аймактары Орталык Ресейдің және Балтык жағалауының көптеген атакты курорттарынан кем емес. Б. өңіріне Акан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров жырларының небір шоктыкты-шабытты жолдары арналған. Ж. 1922 ж. жаздын күні Көкшетауға барып, Бурабайды аралайды. Осы сапардың әсерімен біраз өлеңдер, Акан серінің өмір тарихынан материалдар жинап, «Окжетпестің киясында» атты поэмасын жазады.

«БУТЫРКА» – абакты. Ж.1929 ж. Петропавлда ұсталып, Мәскеудегі «Бутырка» абактысына камалды. Он

жылға сотталып, Карелияда еріксіз жұмыс істеді. 1935 ж. М. Горькийге хат жазып, абактыдан босанып, елге келді де облыс орталығындағы Пушкин атындағы №7 орыс орта-ша мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабак берді. 1937 жылдың 18 наурызында Ж. Сәкен Сейфуллиннің шакыруы бойынша Қызылжар каласынан Алматыға жүріп кетті.

Қ. Әбуов.

БУХАРИН Николай Иванович (1888 – 1938) – большевиктер партиясының кайраткері. Қызылорда каласында өткен партия активі жиналысында ол Ж-тың «Шойын жол» өлеңі туралы мынадай пікір айтыпты: «Мен бұған дейін казактардың арасында Түркістан-Сібір темір жолына карсылар бар дегенге сенбей келіп едім. Міне, енді өлеңді окып, ондайлардың бар екеніне анык көз жеткіздім», бұл олардың буржуазияшыл «теріс түсінігі шырмауынан шыға алмай отыруларынан деп есептеймін» («Алматы ақшамы» газеті, 1990, 17 тамыз).

«БҰЛБҰЛ» – Ж-тың өлеңі. Бірінші баспа жүзін көруі – 1912 ж., «Айкаптың» осы жылғы 7-санында жарияланған. Одан соң «Шолпанда» (1912), Ташкент (1923), Алматы (1989), Анкара (1993) жинактарында басылған. Бұл өлең туралы Қошке Кеменгеров былай деп жазды: «Мағжанның акын болатындығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңінде көрінген» («Еңбекші казак», 1926, 1 желтоксан) «Шолпан» мен 1923 жылғы кітаптағы нұскалар арасында айырмашылык бар. Мысалға: «Шолпандағы» «Суытасың, денені ысытасың» деген жол 1923 жылғы басылымда «Денені суытасың, ысытасың» болып түзетілген. Сондай-ак, «Анык білдім баскадан еш пайда жок» деген жол «Баскадан, анык білдім еш пайда жок» болып, ал «Ашындырып сойле оған менің жайым, Елжіретпей көңілін канат какпа?!» деген екі жол 1923 жылғы жинакта «Сөйле оған ашындырып менің жайым, Көңілін елжіретпей канат какпа?!» деп берілген. «Шолпандағы» «Суындыр, жата алмастай кыл төсегін» деген жол 1923 жылғы басылымында мүлдем өзгертіліп, «Өртенсін, кызыл жалын кыл төсегін» деп берілген. Соңғы шумактың бірінші жолындағы «өткір тілдім» деген тіркес «сикыр тілдім» болып өзгертілген. Дұрысы 1923 жылғы нұска болуы керек.

«БҮГІНГІ КҮН ӨМІР, ӨЛІМ – МЕНІКІ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңнің соңғы шумағының екінші жолы 1989 және 1992 жылғы басылымдарда: «Жындандырад мені сұлу нұр көркі» болса, 1922, 1923, 1993 жылғы жинактарда «Жындандырад мені сұлу көркі» болып басылған. «Не кылса да өлімнің өз еркі ...» деген жол «Не кылса да ол өлімнің өз еркі» болып өзгертілген. 2003 жылғы басылымда әуелгі нұсканы калпына келтірілген.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӨРМЕСІ 1923 ж. 11 шілде күні Мәскеу каласында ұйымдастырылған. Бүкілодактык ауыл шаруашылығы көрмесіне Қазакстаннан әртүрлі құжаттар, кітаптар, материалдар жинағы апарылды. Олардың ұзын саны – 100-ге жуык. Солардың ішінде Темірдің Түркістандағы Ахмет Яссауидің мешітін салу ту-

ралы жарлығы, Иса Токтыбаевтың «Түркістанның жағырапиялық очерктері», Тұрар Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» атты кітабы көрмені тамашалаушы назарына ұсынылды (Ташкенттегі тұңғыш қазақ институты, Ташкент, 2005 ж., 52-бет). Осы көрме аясында Қазақстан көрмесін ұйымдастыруға Ж. та белсене қатысты.

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ БІРІНШІ СЪЕЗІ 1905 ж. 15 тамызда Төменгі Новгород қаласында өтті. Съезд ХХ ғасырдың басында жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыстың өріс алған кезінде 1905 жылдың 8 ақпанында Санкт-Петербург қаласында өткен мұсылмандар мәжілісінің шешімімен шақырылды. Оған Түркістан өлкесінен, Сібір өңірінен, Қазақстаннан, Кавказдан, Қырымнан 150-ге жуық делегат қатысты. Съезде Ресей мұсылмандары өмірінің өзекті мәселелері талқыланды. Жергілікті үкімет орындарының рұқсат етпеуіне байланысты Ресей мұсылмандарының тұңғыш съезі жасырын түрде Ока өзенімен жолаушылар тасымалдайтын «Густав Струве» кемесінде өткізілді. И. Гаспринскийдің төрағалығымен өткізілген бұл съезде делегаттар патша үкіметінің отаршылдық саясатын, мұсылман халықтарының құқықтары жылдан-жылға шектеліп келе жаткандығын сынға алды. Олар бұдан былай Ресей азаматтарының тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына, жынысына қарамай, тең құқықта болуын талап еткен шешім қабылдады. Делегаттар Ресей мұсылмандарын өзара байланыстырып, іс-әрекеттерін бір ізге түсіріп отыратын саяси ұйым құру қажет деп тапты. Бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеу мұсылмандық қозғалыстың жетекшілері А.Топчибашев пен А. Ибрагимовке жүктелді. Съезде 5 тармақтан тұратын қарар шығарылды. Онда мұсылмандар отаршыл жүйемен күресте орыс және басқа да халықтардың демократиялық күштерімен бірлесіп әрекет етуінің қажеттігі аталып көрсетілді. Делегаттар бұл съезді Ресей мұсылмандарының өміріндегі тарихи оқиға деп бағалап, жыл сайын тамыздың 15-і күні мұсылман елді мекендерінде аталып өтілетін болсын деген қаулы қабылдады.

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАН СЪЕЗДЕРІ бүкілресейлік мұсылмандардың бірінші съезі 1905 ж. 15 тамызда Төменгі Новгород қаласында, бүкілресейлік мұсылмандардың екінші съезі – 1906 жылы 15 – 23 кантарда Санкт-Петербург қаласында, бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезі –1906 ж. 16 – 21 тамызда Төменгі Новгород қаласында, бүкілресейлік мұсылмандардың төртінші съезі – 1914 ж. 15 – 20 маусымда Санкт-Петербург қаласында, бүкілресейлік мұсылмандардың бесінші съезі – 1917 ж. 1 – 11 мамырда Мәскеуде өтті.

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІ 1917 ж. 1 – 11 мамыр аралығында Мәскеуде Ресей мұсылмандарының Уақытша орталық бюросының ұйымдастыруымен өткізілді. Съезге қазақ облыстарынан, Түркістан өлкесінен, Кавказдан, Қырымнан, Сібірден, Хиуа мен Бұқара хандықтарынан

830 делегат қатысты, олардың 200-ге жуығы дін иелері болды. Бүкілресейлік Мұсылмандар съезіне казак өкілдерін жіберу Орал, Торғай, Акмола облысы казак съездерінде каралып, өлкедегі коғамдык-саяси ұйымдар тарапынан да делегаттар сайланды. Олардың ішінде Ж. Досмұхамедов, К. Тоғысов, А. Теміров, М.Жұмабаев, У. Танашев, С. Жантөрин, т.б. кайраткерлер болды. Съездің күн тәртібіне: Ресейдің мемлекеттік құрылысы, жер, дін, әйел, жұмысшы және әскер мәселелері, оку-ағарту ісі, соғыска көзкарас, Құрылтай сайлауы кезіндегі мұсылмандар тактикасы, бүкілресейлік мұсылмандар кеңесін құру мәселелері енгізілді. Делегаттар мемлекеттік құрылыс мәселесін жан-жакты талкылап, Ресей мұсылмандарының федеративтік негіздегі демократиялык республиканы жактайтындыктарын білдірді. Съезд белгілі территориясы жок халыктарға ұлттык-мәдени автономия берілсін, ал барлык мұсылман халкы ұлттык-территориялык автономияны иемденсін деген шешім кабылдады. Құрылтай жиналысында жер мәселесі өз шешімін тапканға дейін шет аймактарға коныс аудару уакытша токтатылды. Съезде дүниежүзілік соғыс әділетсіз деп бағаланып, бұл соғыста мұсылмандар империализмнің құрбаны болып отырғаны айтылды. Діни істер мәселесін караған секцияның шешімімен Торғай, Орал, Акмола және Семей облысы казактарының діни істері Орынбор мүфтилігіне карайтын болды. Съезде Орынбор діни баскармасының құрамы сайланды, оған Ғ.Карашев таенді. Оку-ағарту ісі бойынша 23 тармактан тұратын карар кабылданды. Онда жалпыға бірдей міндетті және тегін білім беру, барлык мұсылман мектептерінде ана тілімен катар «ортак түркі тілін» окыту, т.б. мәселелер карастырылды. Бүкілресейлік Мұсылмандар съезінде Құрылтай сайлауын өткізу кызу талкыланды.

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ – 1917 жылғы Акпан төнкерісінен кейін Ресейде калыптаскан саяси жағдайға байланысты мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешу және баскару пішімін айкындау максатында шакырылған халык өкілдерінің жиыны. Оның накты заңды мәртебесі 2 наурызда Мемлекеттік Думаның Уакытша комитеті мен Санкт-Петербург кенесінің аткару комитеті келісімге келуі нәтижесінде жасалды. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына партиялык тізім бойынша 730 делегат белгіленді. Сайлау 17 кыркүйекте өтіп, жиналыс 30 кыркүйекте шакырылатын болды. Бірак Уакытша үкіметтің 9 тамыздағы шешімімен сайлау 12 карашаға, ал жиналыстың шакырылуы 28 карашаға калдырылды. Ресей империясы көлемінде 73 сайлау округі құрылды. Қазіргі Казакстан жерінде Жетісу, Сырдария, Орал және Дала сайлау округтері ұйымдастырылды. Казак зиялылары бүкілресейлік құрылтай жиналысына үлкен үміт-пен карап, халыкты сайлауға әзірлеу жолында колдан келген мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып калуға тырысты. «Казак», «Бірлік туы», «Сарыарка» газеттері аркылы халыкты сайлауда ауызбірлік танытуға шакы-

рды. Қазақ комитеттері үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халық арасына өз өкілдерін жіберді. 1-жалпықазақ съезінде бүкілресейлік Құрылтай жиналысына кандидаттар тізімі ұсынылды. Олар Алаш партиясының атынан тіркелді. Сайлау барысында Алаш партиясы барлық қазақ облыстарында ең көп дауыс алды. Бірақ Қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына келген кеңестік билік сайлау нәтижелерін мойындамады. 1918 ж. 5 қаңтарда Санкт-Петербургте «Барлық билік құрылтай жиналысына берілсін!» деген ұранмен көшеге шыққан халыққа большевиктер тарапынан қару қолданылды. 6 қаңтар күні ашылған бүкілресейлік құрылтай жиналысына қатысуға келген депутаттар күшпен қуылып, таратылды. Сөйтіп бүкілресейлік құрылтай жиналысының іске кірісіп, алдына қойған демократиялық мақсат-мүдделерді жүзеге асыруына мүмкіндік болмады.

«БІЗДІ КІМ БИЛЕП ОТЫР» – Верещагин деген автордың кітабы. 1927 ж. Мәскеуде жарық көрген. Аударған М. Жұмабаев.

БІЛӘЛОВ Берік (3.08.1963, Солтүстік Қазақстан обл., Булаев ауд. (қазіргі Мағжан Жұмабаев) Молодежный кеңш.) – ішкі істер органының қызметкері. Б. өзінің ішкі істер органдарындағы қызметін Солтүстік Қазақстан облысындағы Соколовка (қазіргі Қызылжар) ауданында учаскелік милиция инспекторы болып бастады. Бескөл аудандық ішкі істер бөлімі қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы (1993 – 1996), 1996 ж. ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы

Біләлов Берік

мектебін тамамдағанан кейін Бескөл ауданы бойынша мемлекеттік тергеу комитетінің бөлім бастығы, Көкшетау қаласы ішкі істер басқармасының криминалдық полиция бөлімінің бастығы, Петропавл қаласының ІІБ қылмыстық іздестіру бөлімі бастығының орынбасары, қылмыстық іздестіру басқармасының бастығы, криминалдық полиция қызметі бастығының орынбасары, Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі басқармасы бастығының бірінші орынбасары, Петропавл қалалық ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары болды. 2002 жылдың сәуір айында Б. Солтүстік Қазақстан облыстық ІІБ криминалдық полиция басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды. 2006 – 2009 жж. ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы, Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 2009 жылдың желтоқсан айында кадрларды ротациялау нәтижесінде Б. Ақмола облыстық ішкі істер департаменті бастығының бірінші орынбасары болып тағай-

Біләлов
Серік

ындалды. Бұдан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болды. 2011 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ТМД аумағындағы ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың басқа да түрлерімен күресті үйлестіру бюросының өкілетті өкілі лауазымына тағайындалды. 2013 жылдың мамыр айында Б-ке Президент Жарлығымен «полиция генерал-майоры» атағы берілді. 2013 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Штаб-департаментіне басшы болып тағайындалды. Б. – 2014 жылдың 12 қыркүйегінен Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің бастығы. Б-тің ұлы атасы Құрманәлі Мағжанның атасы Жұмабаймен бірге туған.

М. Балғашоқова.

БІЛӘЛОВ Серік (5.4.1958, Солтүстік Қазақстан обл., Булаев (қазіргі М.Жұмабаев атындағы) ауд. Сарытомар а.) – қоғам қайраткері. Целиноград ауылшаруашылық институтын (1983 ж.), Алматы экономика және статистика институтын тамамдады (1998 ж.), зооинженер, экономист. Еңбек жолын 1974 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Возвышен ауданындағы «Молодогвардейск» кеңшарында мал санитары болып бастап, кейін Бескөл ауданы «Андреев» кеңшары бөлімшесінің зоотехнигі болып жұмыс істеді. Солтүстік Қазақстан облысының кеңшарларында бас зоотехник, Совет ауданы (қазіргі Аққайың) «Аралағаш» кеңшарының директоры болды. 1992 ж. «Бескөл құс фабрикасы» АБАҚ бас зоотехнигі, одан кейін президенті болып істеді.1999 ж. бастап Солтүстік Қазақстан облысы Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев), Есіл, Қызылжар аудандарының әкімі. 2007 ж. сәуір айынан Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары лауазымын атқарған. Осы жылдың 9 қазанында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындалды. 2013 – 2016 жж. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болды. Қазір жеке кәсіпкер. Б-тің М.Жұмабаевқа туыстығы бар. Оның ұлы атасы Құрманәлі Жұмабаймен бір туған.

«БІЛІМ» БАСПАСЫ – жоғары, орта арнаулы оқу орындарына арналған оқулықтар, әдістемелер, ғылыми-танымдық, анықтамалық әдебиеттер шығаратын баспа. 1993 ж. 25 қарашада құрылған. «Білім» оқулықтар, ғылыми-танымдық, анықтамалық әдебиеттермен қатар әлеуметтік-саяси маңызы зор, өзекті тақырыпты қамтитын кітаптарды әзірлейді. Баспадан жыл сайын 40-қа жуық басылым жарық көреді. 1995 ж. «Білім» баспасынан Ж. шығармаларының үш томдығы жарық көрді.

«БІР БИГЕ» – Ж-тың жиырмасыншы жылдарда Қызылжарда адвокат болып істеген Ғалиолла Ғалымжановка арнаған өлені. Ақын бұл өленін Ғ-тың үйінде конакта отырып, үй иесінің қолка салуымен шығарыпты.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» – ұлттық әдебиетіміздің ең үздік туындысын оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ, жастарды кітап оқуға баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында 2007 жылдан бері өткізіліп келе жатқан шара. 2009 ж. республика кітапханаларында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Ж-тың махаббат лирикасы бойынша іс-шаралар өткізілді. Қазақстанның халық жазушысы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ф. Оңғарсынова жетекшілік еткен ұйымдастыру комитеті жаппай оқуға Ж-тың лирикалық шығармаларын таңдап, оқырмандар назарына ұсынды. Шара барысында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының мамандары Ж. шығармалары бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірледі. Ж-тың өмірі мен шығармашылығы жайлы көлемді мәлімет, библиография және ақын шығармашылығына арнап әзірленген «Жырымен жұртын ояткан» портреттік кеш сценарийі ұсынылды. «Олжас» баспасы акцияға арнап Ж-тың «Сен сұлу» атты өлеңдер жинағын шығарды. Бұл жинакка негізінен ақынның махаббат жырлары енгізілді. Марафонға қатысушылар «Ұлттық поэзия падишасы» электронды тұсаукесерін тамашалады. Әрі қарай іс-шара ақынның туған жері Солтүстік Қазақстан облысында жалғасты. Петропавл қаласындағы С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан ОӘҒК базасында Ж-тың шығармашылығына арналған «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Акцияға ҚР ҰАК кең көлемді кітап көрмелері жасақталып, мың данада көркемсуретті плакаттар шығарылды. Плакаттар Астанада орта және жоғары оқу орындарына, денсаулық сақтау мекемелеріне, кітапханаларға, әскери бөлімдерде және т.б. орындарда таратылды. Осы шара аясында республика кітапханаларында 2008 ж. 268 іс-шара ұйымдастырылса, 2009 жылғы акцияда жоспарланған 700-ден астам іс-шаралардың барлығы дерлік өткізілді. Іс-шаралардың өткізілуі сыни-талдамалы позитивті-суреттеу, ұсынысты-ақпараттық, кітапты тікелей ұсыну тәсілдерін, поэзия күні, оқу марафондары, фестивальдар, флэш-моб, байқаулар, радио ақпараттар, интернет-сайттар шолуы, т.б. түрлерін қамтыды. Барлығы 18 оқырмандар конференциясы, 16 «дөңгелек үстел», 9 Мағжан оқулары, 35 поэзия кеші, т.б шаралар өтті. Акция аясында еліміздің барлық кітапханалары мен оқу орындарында, мектептерде кітап көрмелері, әдеби кештер, зерттеушілер, әдебиеттанушылар, мәдениет және қоғам қайраткерлерімен, ақын-жазушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Акцияны өткізуге арналған шаралар мамыр айынан басталып, қыркүйек айының 21-25 аралығында қорытындыланды.

М. Сүлеймен.

«БІР КЕЗДЕ ІШТІК АРАҚТЫ» – Ж. шығарған дейтін өлендердің бірі. Қашан, кандай жағдайда дүниеге келгені туралы дерек жоқ, баспа бетін көрген-көрмегені де белгісіз. 1989 жылғы жинакка енген.

«БІР КҮНІ» – Ж-тың өлеці. Көзі тірісінде «Шолпан» жинағында ғана басылған. 1989 жылғы басылымда түпнұскадағыдай шумақтардың аражігі ажыратылмаған. Өленнің 1923 жылғы басылымдағы:

«Қыздырып Күн, ойлауға
ерік бермеді,
Мал шулап, ойлауымды еп көрмеді.
«Күшсіздер де тырыссын,
катар болсын,
Таста енді жоқ ойды!» – деген соңғы шумағы 1989 жылғы жинақта:

«Қыздырып күн, ойлауға
ерік бермей,
Мал шулап, бөлді ойымды,
ырық бермей.
«Күшсіздер де тырыссын,
катар болсын!» –
дедім де, жөнелдім мен колым сермей», – деп өзгертілген. 2003 жылғы басылымда түпнұска калпына келтірілген.

«БІРАЗ ФЕТШЕ» – Ж-тың өлені. Бұл өлең жөнінде сөз болганда, Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның акындығы туралы» макаласын айту парыз. Сол макалада: «Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған сон Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет ..., Александр Блок сынды жеке адамдарды дәріптегіш, дарашыл акындарга мүрит болган, солардан тәлім алып, соларга еліктеген», – деп жазган еді. Сол айткандай, Фет стиліндегі өлендердің бірі осы. Ырғағы, жазылу формасы өзгеше дүние. 1922, 1923, 1995 жылғы басылымдардағы төменнен санаганда алтыншы жолдағы – «Сылдыр» деген сөз 1989 жылғы жинакта «Белдер» болып кате басылған. Кате 2003 жылғы жинакта түзетілген.

«БІРЛІК» ҚОҒАМЫ – 1914 ж. Омбы каласында құрылған казак жастарының ұйымы. Оны А. Сейітов, М. Сейітов, М. Жұмабаев, С. Сәдуакасов, А. Баржаксин, Ш. Әлжанов, Б. Байділдин, А. Сейдалин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжанов, Д. Әділов, О. Темірбеков, т.б. ұйымдастырды. «Бірлік» ұйымы өзінің алдына казак халкының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру аркылы оның ұлттык санасымен сезімін оятуды максат етіп койды. Осы максатка жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін окулыктармен камтамасыз етуді, каражатка мұктаж окушыларга көмек ұйымдастыруды колга алды. 1916 ж. «Балапан» атты колжазба журнал шығарды. 1917 ж. 1-4 казан аралығында ұйымнын кеңейтілген жиналысы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына колдау көрсететіндіктерін білдіріп, халык арасында оның бағдарламасын насихаттауды өз мойнына алды. Дегенмен, оның мүшелері арасында Ш. Әлжанов секілді «Үш жүз» партиясын колдагандар да болды.

1918 ж. «Бірлік» ұйымы мүшелері барлык казак жастарын біріктіру үшін құрылган «Жас азамат» ұйымының құрамына енді. Ж. семинарияда окып жүріп, казак жастарынын білімін, мәдениетін көтеруге бағыт-

талған істерге белсене атсалысты. Ол «Бірлік» ұйымының белсенді мүшелерінің бірі болды.

Қ. Кемеңгер.

БІРІНШІ ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ – 1917 ж. 21-26 шілде аралығында Акмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан 20-дан астам қазақ өкілдерінің қатысуымен Орынбор қаласында өткен съезд. Ол Х.Досмұхамедовтың төрағалығымен, А.Байтұрсыновтың, Ә.Көтібаровтың, М.Дулатовтың, А.Сейітовтың хатшылығымен өтті. Бірінші жалпыказак съезінің күн тәртібіне сол тарихи кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатысты, атап айтқанда, мемлекет билеу түрі, қазақ облыстарында автономия құру, жер, оқу мәселелері қаралды. Съезд қабылданған қаулы бойынша Ресей «демократиялық федеративтік республика болып, қазақ облыстары коныс, ұлт жігіне карай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Делегаттар жер туралы мәселені аса кызу талкылап, 14 тармактан тұратын шешім қабылдады. Онда: «Қазақ халкы өзіне карасты жерге орналасып болғанша казак жері ешкімге берілмесін» деп көрсетіліп, бұрын казактардың пайдасынан алынып койған жерлерді кері кайтару талап етілді. Делегаттар «жер туралы казак өз алдына зан жобасын жасасын» деген ұсыныс білдіріп, бүкілресейлік құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат етіп 81 адамнан тұратын тізімді бекітті. Олардың ішінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ж.Акпаев, А.Тұрлыбаев, А.Сейітов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, С.Қадырбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ы.Жайнаков, С.Аманжолов, М.Шоқай, Ә.Кенесарин, Қ.Қожыков, Ғ.Оразаев, Б.Құлманов, У.Танашев секілді белгілі казак зиялылары болды. Сондай-ак, депутаттыкка кандидат ретінде ұсынылғандардың арасында Г.Н.Потанин, В.Чайкин, Т.Нарботабеков, Ә.Диваев сиякты басқа ұлт өкілдері де бар еді. Ж. бұл съезге катыспаса да оның калай өткенін ұзынқұлактан естіді, «Казак» газетінің 1917 жылғы 31 шілдедегі санынан окып білді.

Съезд делегаттары ен әуелі Ресейде кандай мемлекет болуға тиісті деген мәселенің басын ашып алды. Зиялылар Ресей демократиялық парламенттік республика болуы тиіс, Казакстан сол федерацияға автономия дәрежесінде енсін деген ұсынысты колдады. Бұл мәселе үкімет басына В.И. Ленин келгеннен кейін ғана оң шешімін тапты. Казак съезі жер жөнінде тек бір мәселені ғана нактылы шешті. Казак жерінен оның байырғы тұрғындарын айыру саясатына тыйым салу талабы койылды. Съезде халык ағарту мәселесі де жан-жакты талкыланды. Бұл жөнінде кабылданған шешімді өзін педагогпін деп есептейтін Ж. айрыкша ыждағатпен зерттеді. Съезд жалпыға бірдей сауаттану мәселесін дереу шешу керек деп міндет койған. Яғни, сауатсыз бір де казак болмасын дегені. Бұған Ж. білек сыбанып катысты.

Ж. съездің әйел мәселесі жөніндегі шешімдерін де колдады.

«Қайғыға салды кім сені,
Тыныштық жүзін керместей.
Өмір бойы бітпестей,
Зарың мәңгі сөнбестей?»
(«Зарлы сұлу».)

Енді карап отырса, казак әйелінің басына төнген кара бұлт сейілстіндей. Сейілмегенде ше? Съезд калынмал жойылсын депті. Кімге тұрмыска шығуын әйелдің өз еркі билейді. Молда неке киганда күйеу мен калыңдыктың екеуінің де келісімін алуға міндетті. Әменгерлікке тыйым салынады. Екі әйел алу үшін бәйбішенің рұксаты керек. Егер ол ризашылығын бермей, айырылысам десе, еркі. Бірак баска ерге шыканша бұрынғы күйеуі оны асырауға тиіс. Қазак жеті атаға дейін кыз алып, кыз беріспейді. Бұл дәстүр мыктап сакталуы керек. Ж-тың кеңілінен шыккан съездің тағы бір шешімі – аштыкка ұшыраган ағайындарға көмектесу шараларын карастырғандығы.

Съезде казактың өз саяси партиясын құру мәселесі каралды. Құрылмакшы партияның бағдарламасын жасау бүкілресейлік мұсылмандар съезіне тапсырылды. Алайда, бұл істің орындалуы сыныркуймышактана бастады. «Қазак» газетінің 1917 жылғы 5 казандағы редакциялык макаласында Шуран-Ислами комитетіндегі казактар жиналып алка-котан құра алмағанын, енді бұл істі бүкілказактык I съезд ұйғарымы рухында жедел колға алмайынша болмайтынын, арканы кеңге салуды казак елінің тағдыры шешілгелі тұрған казіргі уакыт көтермейтінін жазды. Редакция партия бағдарламасын жасауға байланысты маңызды ұсыныс енгізді. Болашак партияға «Алаш» нысписын беріп, арғы ата-бабамыздың калай аталғанын есте ұстасак депті.

«Казак» газеті 1917 жылғы 21 карашадағы санында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Елдес Омаров кол койган «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасын жариялады. Он параграфтан тұратын бұл бағдарлама «бісмілләсін» Ресей демократиялык федеративтік республика болуы керек деген I казак съезі шешімін кайталаудан бастайды. Болашак республиканы Құрылтай жиналысы, президент, Мемлекеттік Дума басқару көзделеді. Мемлекеттік Дума – заң шығаратын орын. Ол президент пен министрлер кенесін бакылау құкымен пайдаланады. Ресейдің барлык азаматтары шыккан тегіне, діни сеніміне, жынысына карамай сайлау құкына бірдей ие. Депутаттарды сайлау тікелей тең негізде және жасырын дауыс беру жолымен жүргізіледі. Қазак автономиясы Ресей Федерациясына баска халыктармен тең негізде енеді. Партия халык игілігі үшін кызмет етеді. Кедейлерді партия өз жолдастары деп біледі, обырларды дұшпаным деп есептейді. Ресей Федерациясында сөз, баспасөз, одактасу бостандығы жарияланады. Жеке адамның ісіне кол сұғуға жол жок. Біреудің хатын несінің рұксатынсыз оку жазаланады. Ешкім сотсыз тұткындалып, айыпталмайды. Дін мемлекеттен ажырайды. Қазактардың өз мүфтиі болуы тиіс. Халыкка корған әскер жасакталуы керек. Әскери міндетін азамат өз жерінде өтеуі ләзім. Салык алу тұрғынның табысына бай-

ланысты. Бай көбірек, кедей азырақ төлейді. Балаларды оқыту жөнінде жоғарыда айтылғанды қайталай келе, бағдарлама мектептің автономиялығын қамтамасыз ету талабын қояды. Үкімет мектептің ішкі ісіне араласпауы тиіс. Барлық мұғалімдер мен профессорлар қызметке сайлау жолымен тағайындалады.

І қазақ съезінде жер мәселесі айрықша талқыланды. Құрылтай жиналысы бұратаналарға әділеттілікпен қарап, жерін қайтарып беруі – міндет. Олардың мүддесі толық ескерілгенше, талаптары заңды түрде қанағаттандырылғанша, коныс аударушы келімсектерге жер бөлінбейді. Жер сатуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Жер байлығы – орман, өзен-су мемлекет меншігіне жатады. Міне ки, бағдарламаның ұзын-ырғасы осындай.

«БІРІНШІ МАЙ МЕЙРАМЫ» – Ж-тың «Бостандық туы» газетінің 1921 ж. 1мамыр күнгі 4-санында жарияланған мақаласы. «Жәжеке» деген бүркеншік атпен жазылған. Ақын бұл мақаласында халықты күреске үндейді. Қазақ елі адамзат тұрмысында өз бетімен жол салу дәрежесіне әлі жете қоймағанын, үміт келешекте екенін түсініп, жер жүзі пролетариатының бағы ашылса, қазақтың да бағы ашылатынына сенеді. «Қазақ, әділдік туын көтерген пролетариат қатарына қосыл! Оның қайғысы – сенің қайғың! Оның қуанышы – сенің қуанышың!», – дейді. Мақала 1989 жылғы басылымға және 1996 жылғы үш томдық шығармалар жинағына енген.



ВОЛОДЗЬКО А. (а.ж.т.к.ж.б.) – республика қауіпсіздік органының қызметкері. Өткен ғасырдың басындағы қуғын-сүргін кезінде біреуді қамауға алып тергеу үшін алдымен «справка», яки анықтама қағаз жазылған. Ж-ка байланысты анықтамада қай мекемеде жазылғаны айтылмаған. Анықтамаға соғылған бұрыштамаға қарағанда бұл құжат Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, майор А. Володзьконың қолына тиген. Анықтама 1937 ж. 26 желтоксанында Ж-ты пәтерінен ұстауға келуден төрт күн бұрын жазылыпты. Анықтаманы жазғандар НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының үшінші бөлімі бастығының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің аға лейтенанты Марсельский, сол органда істейтін лейтенант Латыпов. Аты-жөндері жазылмаған. Анықтаманың жазылу мәнеріне, ондағы ақпарлардың шындыққа еш жанаспайтындығына қарағанда М. мен Л-тың қазақ мәдениеті мен әдебиетінен еш хабары жоқ екені бірден байқалады. Анықтамада Ж. 1917 ж. «Бірлік» деген контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған делінеді. Мұның шындыққа қандай жанасымы бар? «Бірлік» атты қазақ оқушы жастарының Омбыдағы қоғамы 1917 ж. дейін ұйымдастырылғаны, оның «Балапан» атты журналының

редакторы Ж. болғаны мәлім. Қазан төңкерісінен бұрын құрылып, тарап кеткен ұйым қалайша Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым болмақшы?

Тергеушілердің одан әрі жазғандары тіпті сорақы. «Жумабаев в 1922 г. был завербован Байтурсуновым», – депті. Тергеушілердің Байтұрсынов есімін еске алуы шындық үшін емес, жала жабу үшін, өз құрбанын жексұрын етіп көрсету үшін қажет болған. Өйткені, осының алдында ғана, анықтама жазылардан 18 күн бұрын, 1937 жылдың 8 желтоксанында Б. НКВД түрмесінде о дүниеге аттандырылған болатын. Ол кездегі ұғым бойынша халық жауының қасына жолап кеткеннің бәрі – жау. Бұдан әрі қарай тергеушілер анықтамасында Ж-тың алғашқы сотталуы еске алынады. 1929 ж. контрреволюциялық ісі әшкереленіп, 10 жыл концлагерьде отыруға кесілгені айтылады.

Тергеушілер көз жұмбайға салынып, ойларына не келсе соны жаза берген. Ж. айдаудан келе салысымен білек сыбанып, контрреволюциялық жұмыс жүргізді деп жазған. Володзьконың күтіп отырғаны да сол емес пе? Әлде өзі анықтаманы солай жазып беріндер деді ме екен, кім білсін? Әйтеуір, ол тергеушілерінің анықтамасының сол жақ шекесіне «Арест.А. В. 28. XII» деп қол қойған.



ГАЙКОВИЧ (а.ж.т.к.ж.б.) – Ж-тың өлімі туралы актіні жасаған әскери қызметкер. 3881 нөмірлі қылмыстық істің ішінде НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының кіші лейтенанты Гайковичтің қолымен үкімді жүзеге асыру актісінен мынадай үзінді келтірілген: 1938 ж. 11 ақпан күнгі Мағжан Бекенович Жұмабаевты ату жөніндегі шешім (протоколы №377) 1938 жылғы 19 наурызда жүзеге асырылды («приведено в исполнение»).

ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІ – Түркияның Анкара қаласындағы жоғары оқу орны. Кемал Ататүріктің өкіміне сәйкес мұғалімдер даярлайтын институт ретінде 1926 ж. құрылған. 1982 ж. Анкара экономика және коммерция, Анкара мемлекеттік инженерлік-архитектуралық академияларының, т.б. бірнеше оқу орындарының қосылуы нәтижесінде университет болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта Гази университеті 25 факультетті, 18 зерттеу орталығын басқа да бірқатар құрылымдарды біріктіріп отыр. Университетте 50 мыңдай студент, оның ішінде Орта Азияның түріктілдес елдерінен 1 500 студент оқиды. 2018 жылдың 18 ақпанында Г. университетінде қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 ж. толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Онда Қазақстаннан, Қырғызстаннан келген және түркиялық

ғалымдар баяндама жасады.

ГЕЙНЕ Генрих (13.12.1797, Германия, Дюссельдорф қ. – 17.2.1856, Франция, Париж қ.) – неміс ақыны, публицист, сыншы. Орташа дәулеті бар еврей отбасында дүниеге келген. Француз оккупациясы кезінде Г. Дюссельдорф қаласындағы француз лицейіне оқуға барады. Ата-анасы болашақ ақынды сауда мектебіне береді. Г. 1819 ж. заңгер мамандығын игеру үшін университетке түседі. Бонн университетінде Август Шлегель лекцияларын тыңдайды. Содан кейін Геттинген университетіне ауысады. Берлин университетінің заң факультетінде оқығанымен, филология мен философия факультеттерінде өз қалауымен лекцияларға барып қатысып жүреді (1819 – 1825). Шығармалары 1820 ж. жариялана бастады. 1825 ж. Геттинген университетінде диссертация қорғап, доктор атағын алады. Осы уақыттар ішінде Г. атақты ақын болып үлгерді. Ол өзінің алғашқы өлеңін Гамбургтегі журналдардың бірінде 20 жасында жариялады. Г. өз заманының әділетсіз қоғамына қатты налыды. Германиядағы саяси тәртіптерді жек көрді. Ол тәртіптердің ұзақ жасамайтынына сенді. Г. өзін «азаттық үшін күрес жолындағы сарбазбын» және «революциялық толқудың дабыл қағушысымын» деп атады. Өмірінің соңына дейін әділетсіздікпен күресіп өтті. Қазақ ақындарының ішінен Г-ні тұңғыш рет ана тіліне әкелген Ж. Оған «Күннің батуы» деген Гейне өлеңінің қазақша нұсқасы дәлел. Ж.Г-ні жолма-жол қуаламай, орысша нұсқасының рухын барынша

Гейне Генрих

сақтап аударған. Бұл туынды бақталастықты, күншілдікті, жауыздықты сынайды. Әңгіме Ай мен Күннің қосылуы, сосын өсек-аян кесірінен ажырасып кетуі жөнінде сияқты болғанымен, адамдар арасындағы карым-қатынастарды меңзейді. Г. шығармасын негізгі қазық етіп алады да ақын өзінің көкірегінде шемен боп қатып жүрген ойларды, өкпе назды да ақтарып тастайды.

ГЕТЕ Иоганн Волфганг (1749–1832) – ақын, немістің жаңа заман әдебиетінің негізін салушы, ойшыл, табиғаттанушы. Ол өз ғұмырында 1600-дей лирикалық өлең, дастан, баллада, бірнеше роман, 54 драмалық шығарма, көптомдық өмірбаяндық кітап («Өмір және ақиқат»), дүниежүзінің барлық тілдеріне аударылған «Фауст» атты философиялық трагедия, 12 жыр кітабынан өрнектелген «Батыс Шығыс диуанын» жазып артына мол әдеби мұра қалдырды. Жас кезінен үйінде арнаулы жан-жақты білім алды, жеті-сегіз жасынан бірнеше көне және еуропалық тілдерді меңгерді, француз мәдениетімен жетік таныс болды. Лейпциг және Страсбург университеттерін бітірді. Г-нің рухани қалыптасуына Винкельман, Гердер және Шиллер

Гете Иоганн

үлкен әсер етті. «Гец фон Берлихинген» (1773) атты драмасында реформация кезеңіндегі бүлікшіл рыцарьдың бейнесін ашып көрсетті. Бұл шығармасында романтизм ықпалы байқалды. Ол өз ғұмырында 1600-дей лирикалық өлең, дастандар, балладалар, бірнеше роман, 54 драмалық шығарма, көптомдық өмірбаяндық кітап жазды. Ж-тың қазақ тіліне тамаша аударған шығармасы – Г-нің «Орман патшасы» деген өлеңі.

ГОЛОЩЁКИН Филипп Исаевич (9.3. 1876, Витебск обл., Невель к. – 18.10.1941). 1896 – 1900 жж. жазу қағазымен сауда жасайтын дүкенде приказчик болып, 1901 – 1903 жж. тіс дәрігері мектебін бітіріп, екі жыл тіс дәрігері қызметін атқарады. 1903 ж. Ресейдің социал-демократиялық жұмысшы партиясы (РСДЖП) мүшелігіне өтеді. Петербург, Кронштадт, Сестрорецк, Мәскеуде, сондай-ақ, Франция, Германияда большевиктер партиясының жұмысына араласты. Бірнеше рет ұсталып, айдауда болған. Қазан төңкерісін дайындау және өткізу кезінде Петроград революциялық соғыс комитетінің мүшесі болып, ішкі және сыртқы байланыс бөлімін басқарды. Тақтан тайдырылған император Николай II-ні және отбасын ату жазасын орындауға белсене қатысты. Азамат соғысы жылдарында Пермь, Екатеринбург губерниялық комитеттерінің және Урал облыстық комитетінің хатшысы, Урал облысының әскери комиссары, 3-армия саяси бөлімінің бастығы, БОАК және РКФСР ХКК-нің Түркістан істері жөніндегі комиссиясының мүшесі болды. 1922 – 1925 жж. Кострома губерниялық атқару комитеті мен РК(б)П Самара губерниялық комитетінің төрағасы болып істеді. Г.1925 – 1933 жж. Қазақ өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болды. Ол Қазақстанға келісімен «Қазақ ауылы үшін Кіші Қазан» ұранын көтерді. Осы ұран аясында ұжымдастыру саясатын жүзеге асыруда өрескел қателіктер жіберді. Мұның салдары ауыр болды. Жедел ұжымдастыру, отырықшыландыру, тіпті урбанизациялау саясаты жаппай ашаршылыққа әкелді. Қазақ зиялыларын жаппай жазалау саясаты күшейді. Осы кезде Ж та саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Мәскеудегі оқуын бітірген Ж. Қазақстан астанасына келгісі келіп, сол кездегі республика партия ұйымының басшысы Г-ге хат жазады. Ол хатты тексеріс органдарына жібереді. Ондағылар бұл Алаш партиясының белсенді мүшесі, ұлтшыл, байшыл деп сыбырлайды. Ж-қа ешқандай жауап болмайды. Г. 1927 ж. бүкілқазақстандық VI конференцияда: «Ескі интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сендер Жұмабаевтың «90» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі 90 жағында болғандықтан, 90 туралы жазады, ал көпшілік бұл сан шынайы

екен деп алданып калады. Олар 100 деп еді, жеңіліп калды, енді 90 деп күніренуде, бізге жаксы істерімен келсе, біз олардың аркасынан кағамыз, алайда, 90-ды баскалардың колдамауы кажет екенін анғарту үшін біз аркасын сипап кана коймай, бір мезгіл соккыға да жығып аламыз», – деп («Советская степь» газеті, 1927, 21 караша) кокан-локылык жасады. Ендігі уакытта оның айтканына көнбеген күнде сол алашордалыктардың кебін киетіндігі сөзсіз еді. Осыны түсінген М.Әуезов, Ә.Ермеков және М.Жұмабаев «ұлтшылдык» идеологиясынан бас тартатындыктарын баспасөз аркылы мәлімдеді. Ж. 1929 ж. 14-шілдеде: «Өзімнің ұстанымым бойынша, шамамен, 1911 жылдан бастап Москваға келгенге дейін, дәлірек айтсам, 1924 жылға дейін ұлтшылдык көзкараста болғаным рас. Ұлтымның аянышты тағдырына жаным ауыратын. Москваға келгеннен кейін көзкарасым елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазір коммунистік танымға бір табан жакындағаным рас, бірак ол ойымды дәлелдейтін накты дәйегім жок. Қайталап айтамын, менің ұлтшылдык көзкарасым тек кана ұлтшыл сарындағы шығармаларымда ғана көрініс берді, яғни менің ұлтшылдығым өлеңдерім мен макалаларымнан байкалатын, бұл туындыларым басылымдарда жарияланып, халыкка кеңінен таралды, олардың көңілінен шыкты. Мысалы, «Батыр Баян» атты поэмамда ұлтшылдык сарыны барынша айкын көрініс тапты...», – деп жазды. Казакстаннан кеткен Г. 1933 – 1937 жж. КСРО ХКК жанындағы бас арбитр болып істеді. 1937 ж. «халык жауы» ретінде тұткындалып, 1941 ж. бір топ әскерилермен бірге атылды.

ГОРЬКИЙ Максим, шын аты-жөні Пешков Алексей Максимович (28.3. 1868, Ресей, Нижний Новгород к. – 1936, Горки, Мәскеу маңы) – орыс жазушысы. Өз бетінше білім алған. 11 жасынан бастап жалданып жұмыс істеді: дүкенде, кемеде ыдыс жуушы, наубайханашы болды. Шеберханада икон жазуды үйренді. 1884 ж. Қазан университетіне түсуге талпынады. Марксшік әдебиет пен насихат жұмысымен танысады. 1888 ж. Н. Е. Федосеева үйірмесіне байланысты камауға алынды. Үнемі полицияның бакылауында болды.1888 ж. казан айында Дробинка станциясындағы Грязе-Царицино темір жолына күзетші етіп жіберді. 1891 ж. көктемінде ел аралап, Кавказға дейін жетті. 1892 ж. «Макар Чудра» атты алғашкы әңгімесі жарияланды. Нижний Новгородка оралып, «Волжский вестник», «Самарская газета» басылымдарында кызмет істеді. 1895 ж. «Челкаш», «Старуха Изергиль», 1897 ж. – «Бывшие люди», «Супруги Орловы», «Мальва», «Коновалов» деген еңбектер жазды. 1897 ж. казан айынан бастап 1898 жылдың кантар айына дейін Каменка поселкесінде (казіргі Тверь облысының Кувшиново каласы) өзінің досы Каменск кағаз жасау фабрикасында жұмыс істейтін және жұмысшылардың жасырын марксшік үйірмесін баскаратын Николай Захарович Васильевтің пәтерінде тұрады. «Дауылпаз туралы жыр» (1901) атты романтикалык сарындағы шығармалары оның суреткерлік карымын

Горький Максим

танытты. «Фома Гордеев» романында (1899) марксшілдік идеология насихатталады. Кейінгі шығармалары «Мещандар» (1901), «Шыңырауда» (1902), «Саябақшылар» (1904), «Тағылар» (1904), т.б. пьесалары да осы бағытта жазылды. Г. «Әлем әдебиеті» баспасын ұйымдастыруға, Кеңес одағы жазушыларының I съезін өткізуге (1934), ұлттық, әдеби мұраларды жинауға, ұлт зиялыларына қамқорлық жасауға ұйытқы болды. Оның зайыбы Пешкованың көмегімен кезінде Ж. лагерден босатылған. Ж.Г-дің бірқатар шығармаларын қазақшаға аударған. Солардың ішінде «Күн шығады да батады» және «Сұңқар жырын» ерекше атауға болады. «Сұңқар жырын» қазақ ақыны ыстық шабытымен былай аударған: «... Ерлердің ессіздігі. Тұрмыстың түпкі түйіні осы. Ер Сұңқар! Жауларыңмен қарсыласып қансырадың... Күн келер – сенің ыстық қаныңның тамшылары тұрмыс қараңғылығында ұшқындай жарқырап, талай ержүректерге жарық пен азаттықты аңсататын от берер! Өлсең өл! Сен бірақ ерлердің жырларында өлмессің? Жарыққа, азаматтыққа жөн сілтейтін айбынды үлгі боларсың? Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз!...». Ж. 1923 ж. өзі аударған Г-дің «Сұңқар жыры», «Ана» деген әңгімесін «Ақжол» газетінде бастырды. Ақын сол сияқты Г-дің «Жұртын сүйген жүрек» («Старуха Изергиль»), «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» әңгімелерін қазақшалаған.

Т. Зікірин.

«ГРАЖДАН» – Мағжанның ұлы. Азамат соғысына байланысты атын өзі қойған. Бірақ Граждан 9 айдан соң өкпесіне суық тиіп, қайтыс болады. Осындай ауыр қазадан кейін Мағжан өзін жұбатып, баласына арнап «Баланың қабір басына» деген өлең жазды.

ГУБАЙДУЛЛИН (а.ж.т.к.ж.б.) – әскери қызметкер. Қуғын-сүргін кезінде әскери округ өкілінің көмекшісі болған. Ол 1929 жылғы 6 шілде күні Ж. Қызылжардағы үйінде ұсталып Алматыға жөнелтілгеннен кейін онымен бірге ОГПУ-дің Петропавлдағы бөлімі жіберген құжатқа ОГПУ округтік бөлімі бастығының орынбасары В.Никеровпен бірге қол қойған.

«ГҮЛСІМГЕ» – жиырмасыншы жылдардың басында Қызылжар қаласында мұғалімдер курсында Мағжанмен бірге қызмет істеген Гүлсім Камалова деген татар қызына арналған өлеңдердің бірі. Жинақтарының бәріне енген. Ақын Г-ге «Гүлсім», «Сүй, жан сәулем», «Г... ге», «Гүлсім ханымға», «Жәмила», «Айрылғанда», «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» және т.б. жырларын арнаған.

«ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА» – Ж-тың Гүлсім Камаловаға арнаған алғашқы өлеңі. 1920 ж. Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер кур-

сында Ж. әрі директор, әрі мұғалім болып қызмет істейді. Сол кезде Мичурин деген аукатты кісі жақында ғана үйленген Гүлсім деген жас келіншегімен Башқұртстаннан Петропавлға көшіп келеді. Г. Ж. басқаратын курска математикадан сабақ беретін мұғалім болып орналасады. Г. курска келген күннен бастап асқан сұлулығымен, оның үстіне ерекше тәкаппар мінезімен жұрттың көнілін өзіне аударады. Ол ешкімге сәлем де бермей, берген сәлемін де алмай тіптік келіп, тіп-тік шығып кетеді екен. Бір күні акын оқытушылар бөлмесіне кіріп келсе, Г. үстелдің жанында жалғыз отыр екен. Кіріп келген директорға селт етіп қарамайды да, бұған таңғалған Ж. Г- қарама-қарсы отыра қалады. Бірдеңе айтқысы келіп оңтайлана бергенде үй сыпырушы татар әйелі кіріп келіп: «Гүлсім ханым, сізді телефонға шақырады!», – дейді. Г. шығып кетеді. Ж. Үстелдің үстінде қалып қойған Г-нің қалың дәптерін көреді. Дәптерді алады да оның бір бетіне табан астында шығарып 8 жол осы өлеңді жазып кетеді. Жинактарының бәріне енген.

ҒАББАСОВ Халел (1.10.1888, Семей к. – 1931, Мәскеу к.) – Алашорда үкіметінің Семей облысынан сайланған мүшесі, Үкімет төрағасының орынбасары, Алаш қозғалысының көрнекті жетекшілерінің бірі, публицист, 1901 – 1909 жж. Семей ерлер гимназиясында оқып, оның 8 сыныбын бітірген. 1910 – 1915 жж. Мәскеу университетінің физика-математика факультетінде білім алады. Ағылшын, неміс, француз тілдерін еркін менгерген. ЖОО бітірген соң Семейде уак-карыз серіктігінде инспектор болып қызмет атқарады. Патша үкіметі құлаған соң ол елдегі саяси өмірге, Алаш қозғалысына белсене араласады. Түркістан комитетінің мүшелігіне тағайындалады. Семей облыстық казак комитеті төрағасының орынбасары, облыстық земство басқармасының мүшесі, облыстық делегаттар жиналысының мүшелігіне сайланып бұл бағытта көп жұмыстар аткарады. Әртүрлі әлеуметтік саяси жұмыстарды ұйымдастыру-үйлестіру максатымен елді мекендерге шығып тұрады (мысалы, 1917 ж. Зайсан уезіне барды). «Қазақ» газетінен кейін Алаш үні – «Сарыарка» газеті редакторларының бірі болды. Онда ол ел-жұртты толғандырып, мазалап жүрген әлеуметтік-саяси жағдайды түсіндіріп, талдаған және большевиктердің озбырлық саясатын әшкерелеген өткір макалалар жариялап тұрады. 1917 жылғы шілдеде өткен Жалпыказақтық съезге бүкілрссейлік құрылтай жиналысының депутаттығына ұсынылады. Ғ-тың казак елі үшін еткен еңбегінің ең көрнектісі – оның 1917 ж. желтоксан айында өткен Жалпыказақтық съезге арнайы құрылған комиссия атынан Қазақ автономиясы, милиция және Ұлт кенесі туралы баяндама дайындап жасағаны. Осы баяндаманың не-

гізінде съезд «... жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға» деген тарихи қарар қабылдайды. Ғ. 1918 ж. қазан айында Том қаласында өткен жалпы Сібір съезіне қатысады. Съезге Сібір автономиясы мәселесі қаралған болатын. Ондағы мақсатты Ә.Бөкейханов жақсы түсіндіреді. «Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік, жіп жалғап, зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып, соңынан бөлінелік деп». Ғ-тың енді аткарған үлкен бір ісі – төраға Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен 1918 жылдың 20 наурызында автономия жөнінде И.В.Сталинмен телеграф арқылы келіссөз жүргізеді. 1918 жылғы сәуір айында Ә.Бөкейханов, Ә.Ермековтермен бірге Алаш автономиясын алу жөнінде телеграф арқылы В.И.Сталинмен тағы да сөйлескен. 1918 ж. 21 сәуірде РСФСР Халық комиссарлары кеңесі мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатына жолдаған жеделхатында Алашорда автономиясын дереу мойындау туралы талап кояды. Бірақ жауап болмайды. Кеңес тұсында саяси-қоғамдық істерден шет қалмаған. Семей облыстық кеңесі төрағасының орынбасары, Семей облыстық земство жанындағы жер комитетінің төрағасы, Қазақ революциялық комитетінің мүшесі (VIII.1920) және оның Семревлом жанындағы уақытша өкілі болады. Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан қарамағына алу жөніндегі Қаз ОАК-нің төтенше комиссиясының мүшесі (1921 – 1923), Семейдегі педтехникум оқытушысы, қазақ АССР-нің Мемлекеттік жоспарлау комитетінде және басқа да орындарда қызмет атқарды. 1930 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, 1931 ж. Мәскеу түрмесінде атылды.

ҒАЗИЗА – Ж-тың туған нағашысы Әшірбектің немере інісі Ғазизбайдың қызы. Ғ. қыздар гимназиясында оқыған. Сәбит Мұқановтың «Гөлайт-татып жүремін қарындасты» (1926) деген өлеңіндегі қарындасы осы Ғ.

«ҒАЗИЗАҒА» – Ж-тың өлеңі. 1917 жылғы 19 қазан күні Омбыдағы «Үш жүз» партиясының басшылары облыстық қазақ комитетінің мүшесі Ж-ты тұтқынға алады. Бұл өлеңді ақын сол «Үш жүздің» түрмесінде отырған кезде жазған. Өлең ақынның барлық жинағына енген. 1918 ж. әйелдер гимназиясының жетінші сыныбында оқитын Ғазизаға Қызылжардың екі бірдей жігіті – бірі Мағжан да, екіншісі – шынжыр балақ, шұбар төс тұқымы, Омбы ауылшаруашылық институтының студенті Асфендияр Шорманов ғашық болады. Көрікті, ақылды, сәнді киінетін жігіт. Заманының серісі, еркетотайы. Сол үшін Мағжан оны «граф» деп атап кеткен (Асфендияр мен Ғазизаның суреттері «Ана тілі» газетінің 1991 ж. 17 қаңтар күнгі санында жарияланды. Жариялаушы Шота Уәлиханов). Қыз Асфендиярды қалаған. Дегенмен, Мағжан графқа қай жағынан да есесін жібермейді.

«ҒАЛИЯ» – медресе. Татар ағартушысы Зия Камалидің басшылығымен 1906 ж. Уфада ашылған орта дәрежелі арнаулы мұсылман оқу орны. Медресе Еділ бойы, Орталық

Азия, Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ұясы болған. Онда дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, исламдық құқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, география, математикамен қатар орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары оқыды. Мұнда қазақ қыздары да оқыған. Медреседе жалпы саны 500-ден астам шәкірт оқыды. 1911ж. «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық жарық көрді. Медреседе оқыған қазақ жастары 1913 – 1914 жж. «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұрды. Медреседе оқыған жылдары Ж «Садақ» журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. Осында болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады.

О. Төлепбергенқызы.



ДАСТАН – (парсы тіл. – айту, баяндау, жырлау) – әдеби-эпикалық жанр. Фольклордың саласына жатады. Шығыс халықтары арасында кең тараған. Д. белгілі бір сюжетке құрылады. Құрылымында кейде өлен мен қарасөз араласып келе береді. Тақырыбына қарай қазақ дастандары батырлар жыры («Алпамыс»), тарихи жырлар («Бекболат»), ғашықтық жырлар («Қыз Жібек»), киссалар («Тотының тоқсан тарауы») болып бөлінеді. Д. тілі шұрайлы, онда бейнелі сөздер көп кездеседі. Ж. «Ертегі», «Окжетпестің киясында», «Жүсіп хан», «Қаныш бай кыссасы», «Өтірік ертек», «Толғау» дастандарын жазған.

ДӘРІМБЕТ Батырхан (5.12.1951, Қызылорда обл., Арал ауд. Ақбай а. – 7.6.2005, Алматы қ.) – ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. ҚазҰУ-ді бітірген (1977). 1979 жылдан Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері. «Жас Түркістан» журналының (1998) бас редакторы болған. «Тазару» (1991) деген кітабы жарық көрген. Смағұл Сәдуақасовтың тандамалы шығармаларын (1993) құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған. Д. Ж-тың 3-томдық шығармалар жинағының (1995 – 1996) жауапты шығарушысы. «Мағжан Жұмабаев. Тандамалы» жинағын құрастырған. Ол Ж. туралы «Жүрегі таза, ойы азат» деп аталатын мақала (Жалын. 1989. № 2.) жазды.

М. Сүлеймен.

ДӘУЛЕТБАЕВ Мәжит (1896, Петропавл қ. – 1938, Алматы қ.) – жазушы, ақын, драматург. 1904-1912 жж. медреседе оқыған. Татар, араб және орыс тілдерін меңгерген. 1918 – 1920 жж. ауылдық мектепте мұғалім, 1921 – 1922 жж. Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінің әдеби қызметкері. 1925 – 1928 жж. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтында оқыған. «Еңбекші қазақ» газетінде

әдеби кызметкер болып істеген. Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарған.

1920 жылдан бастап Д-ның өлеңдері, очерктері, фельетондары, сын мақалалары «Қызыл Қазақстан», «Еңбекші казак», «Бостандық туы», т.б. журналдар мен газеттердің беттерінде жариялана бастады.1923 ж. өлеңдерінің алғашқы жинағы, кейін «Шын жүректен» (1923), «Толқын жетегінде» (1933), «Социализм туралы поэма» (1933) жинактары шықты. 1933 ж. «Партизан Алпысбай» атты кітабы казак және орыс тілдерінде жарық көрді. «Қызылжар» роман-трилогиясының бірінші кітабы 1935 ж. окырман колына тисе, 2-және 3-кітаптары аяқталмай калды. Д. көркем шығармаларды аударумен де айналысқан. Шекспирдің «Гамлетін», Ремарктің «Күнбатыс майданы бір калыптасын», Лондонның кейбір әңгімелерін, Гогольдің «Үйленуін», Серебрякованың «Маркстің жастық шағын», Пушкин, Бедный, Маяковскийдің кейбір өлеңдерін аударған. Д. Ж-ты каралаушылар катарында болды. Ол «Әй, жылкы» («Қызыл Қазақстан» журналы, №5, 6.1924) деген өлеңін жариялап, «Жылкыны» өзіне каратып, оның акын өлеңін түсінбегенін бетіне басты. Оны «бағусыз кеткен жылкы», «боска бағып арамтер болған жылкы», «жүгенсіз кетіп жер тепкен жылкы» деп сөкті. «Орынсыз болсаң тебеген, орынды сыйың дайын гой» деп ескертті.

«Жүгенсіз кеткен өй, жылкы,
Немесе жылкы – құрбыжан,
Болғанша жылкы хам күлкі,
Жүгенді анык бол адам», – деп мал болғанша, ұятты, тәрбиелі адам болуға шакырды. Д. «Токсаннын тобын» оқи сап, «Таныды» («Еңбекші казак» газеті, 1927, 12 кыркүйек) деген өленін жариялады. Аға акынның советтік жолға келгеніне кол соға куанды. Сойте тұрып:

«Сонда да анык сенім жок,
Солай да бүгін көңіл ток.
Әр жағы әрі көмескі», – деп Ж-тың мұң-зарына күдік келтірді.

З. Құсайынов.

ДӘУЛЕТХАН Әлімғазы (15.9. 1943, ҚХР ШҰАР-ның Іле Қазак автоном обл., Күнес ауд. Түрген а.) – әдебиетші ғалым, жазушы. Тарих ғылымдарының кандидаты. Үрімжі каласындағы Шынжаң университетінің Қытай тілі – әдебиеті факультетінің түлегі. 1966 – 1968 жж. Қытайда жүрген «Мәдениет төңкерісі» барысында саяси кудалауға ұшырады. «Зиялыларды еңбекпен кайта тәрбиелеу» дейтін саяси наукан барысында Бұратала Моңғол автономды облысына карасты Арасан ауданына жер аударылып, оның Аккой фермасының 10-шы бөлімшесінде жылкы бағады. 1969 ж. 2 сәуірде бір топ жолдастарымен бірге Қазакстан шекара бекетіне кашып келіп, атамекеніне өтеді. 1997 жылдың кантарынан Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Ежелгі заман және Қазакстанмен іргелес елдер тарихы бөлімінде» кызмет істеп келеді. Бүгінгі күні жетекші ғылыми кызметкер.

«Жалын» баспасынан «Сырымды айтам» атты повестер жинағы жарық көрген. «Жұлдыз» журналында (1993, №2) «Тұтқын жолаушы» атты

әңгімесі жарияланды. Д. «Мағжан және қазақ поэзиясы» деген еңбегінде («Жұлдыз», 1994, № 5-6) ұлы ақынның шығармаларын талдап, оның ерекшелігіне тоқталды.

Ж. Самрат.

ДӘУІТОВ Сәрсенбі (1947, ҚХР, Шығыс Түркістан, Шыңжаң өлке., Шын Пэн Зи қ.) – филология ғылымдарының докторы (2001). Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері ҚазҰПУ-ді бітірген (1970). 1970 – 1971 жж. Қазақ телерадиокомитетінің редакторы, 1972 – 1973 жж. Талдықорған облыстық (казіргі Алматы облысы) «Октябрь туы» (казіргі «Жеруйық») газетінде, 1973 – 1974 жж. Фрунзе қалалық ішкі істер бөлімінде, «Лениншіл жас» (казіргі «Жас Алаш»), 1974 – 1975 жж. «Социалист Қазақстан» (казіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде қызмет аткарған. 1975 – 1998 жж. Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер. Т.Рысқұлов атындағы басқару академиясында, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында жұмыс істеген. 2002 жылдан Д.А. Қонаев атындағы университеттің профессоры.

Алғашқы өлендер жинағы «Сыбаға» деген атпен 1978 ж. жарыққа шықты. Д., сондай-ақ, «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983) «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (1988) зерттеу кітаптарын жазып шығаруға қатысты. Д-тің алғы сөзімен және құрастыруымен қазақ ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы алғаш рет жарық көрді (1990, 1991). Д. Ж. ақталғаннан кейін

Диваев Әбубәкір

оның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді іздестіруге белсене қатысқан.

Е. Амантай.

ДИВАЕВ Әбубәкір (19.6.1855, Ресей, Орынбор қ. – 5.2. 1933, Өзбекстан, Ташкент қ.) –ғалым, фольклоршы, этнограф, тіл зерттеуші. Ұлты – башқұрт. Қазақ, өзбек, қарақалпақ фольклоры мен этнографиясын жинап, зерттеген. Орынбор кадет корпусының Азия бөлімін бітірген (1876). Түркістан әскери губернаторы қарамағында тілмәш болды. 1833 жылдан бастап Сыр бойын, Әмудария бойы мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ертегілерін, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын, жыр үлгілерін жинады, әдет-ғұрпымен, тұрмысымен танысты. Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында және Орта Азия университетінің шығыс факультетінде дәріс бере жүріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1920 ж. Түркістан Халық ағарту комиссариатының Қырғыз (қазақ) ғылыми комиссиясының мүшесі ретінде Сырдария, Жетісу облыстарына шыққан экспедицияларды басқарды.

Д. ғылыммен шұғылданған елу жылдық (1883 – 1933) өмірінде қазақ

халкының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, күлкі-сықактарын, дастандарын, т.б. камтитын 100-ден аса еңбек жариялады. Ол, әсіресе, казактың эпикалық жырларын («Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Ер Сайын», «Едіге», «Бекет батыр», «Шора», «Қамбар», т.б.) жинап, баспаға әзірледі. Сырдария казактарының өмірінен көлемді этнографиялық материалдар жинады. Д-тың ғылымға сіңірген еңбегін П.М. Мелиоранский, В.А. Гордлевский, В.В. Бартольд, т.б. ғалымдар жоғары бағалады. Ж. ол туралы «Әбубәкір ақсақал – Диваев» деген макала жазды. Автор бұл еңбегінде «Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда, куаныш-кайғысы ортак болуда» деп казак-кырғыз елімен каны бір болмаса да жанын бір кылып, шамасы келгенінше еңбек кылған, кырык жыл бойында арымай, жапанда жаткан казак-кырғыз елін шет жұртка таныткан, кырык жыл казак-кырғыз елімен куаныш-кайғысын ортак кылған Әбубәкір ақсақалды басына көтере мактайды. «Қарлығаштың кымбаттығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында... Казак-кырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың адал еңбегін бағаламай қойған жок һәм коймак емес. Бағалаудың кымбаты –алдына айдап мал салу емес, шын көнілден разылык білдіріп, елдің оны «Сен – менің ұлым» деуі. Осы 1923 ж. 22 наурызда Ташкентте казак-кырғыз білім комиссиясының бастауымен казак-кырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың кырыкжылдык еңбегіне ұлы той (юбилей) жасап, өзінің шын разылығын білдіріп, Әбубәкір ақсақалға: «Ұлым...», – деді. Ердің еңбегін ел актады һәм актамак. Актағаны шын көнілмен мактағаны; елге ер кымбат, елге ердің адал жүрегі кымбат», – деп жазды Ж. Ол сонымен бірге Д-тың казак ауыз әдебиетінің айтулы үлгілерінен құрастырылған «Тарту» (Ташкент, 1923) жинағын дайындауға жетекшілік етті.

Ж. Сүлейменов.

ДМИТРИЕВ Иван Иванович (10.9. 1760, Казан губерн. Богородицкое с. – 3. 10. 1837, Мәскеу к.) – акын, мысал жазушы, мемлекет кайраткері. Үйде сауатын ашканнан кейін бірнеше жыл Симбирскідегі Ф. Ф. Кабриттің пансионатында окыған. 1774 ж. көктемінде он төртке караған шағында әскери кызметкер болу максатымен Петербургке келген Д. өлең жазуға ден кояды. Алғашқы өлеңдері Новиковтың журналында жарияланды. Д. Ломоносов, Сумароков, Херасков сиякты ақындарға еліктеді. Осында ол француз әдебиетінің көрнекті жазушыларының шығармаларын, француз тіліне аударылған грек классиктерінің еңбектерін окыды. 1783 ж. Николай Карамзинмен таныcты. Іле ол Державинмен де араласа бастады. 1791 ж. Карамзин шығарып тұрған «Москва журналында» Д-тің өлеңдер топтамасы жарык көрді. 1795 ж. Мәскеу университетінің баспаханасы оның тұңғыш өлеңдер жинағын басып шығарды. 1796 ж. басында капитан шенін алған Д. отставкаға шыкпак ниетпен демалыс сұрайды. Алайда, II Екатеринаның кайтыс болуына байланысты ол Петербургке оралады. Осында Павл I-ге кастан-

дық жасамақ болды деген күдікпен тұтқынға алынады. Кейін мәселенің анық-қанығы анықталғаннан кейін император оны (1797) министрлікке, кейін Сенаттың обер-прокуроры етіп тағайындайды. 1799 ж. соңында ол отставкаға шығып, Мәскеуге оралады және тұтастай әдебиетке беріледі. 1806 ж. Д. әскери қызметін жалғастырып, сенаторлық қызметін қоса атқарады. 1809 ж. граф Бутурлиннің Мәскеудегі үйінде жас Пушкинмен кездеседі. Кейін ол Пушкиннің лицейге түсуіне ықпал етеді. Ж. И.Дмитриевтің «Дәрігер» деген өлеңін аударған.

ДМИТРИЕНКО (а.ж.т.қ.ж.б.) – қауіпсіздік органының қызметкері. 1937 жылдың 27 желтоқсанында Ж. ұсталатын болып №1445 ордері толтырылып, оған Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары қол қояды. Ақынды тұтқындау, үйіне тінту жүргізу майор Дмитриенко мен сержант Ш. Қабылбаевқа тапсырылады. Бұдан кейін тінту протоколы жасалады. Оған Дмитриенко ғана қол қойған. «Тінту протоколында» Ж. ұсталған үйдің адресі бар. Лесная көшесі, 89-үй. Бұл көше Алматының терістік батысындағы осы күнгі ипподромның қасында орналасқан.1937 ж. желтоқсанның 30 күні НКВД Ж-ты қайта тұтқынға алды. Майор Дмитриенко анкета толтыртқан соң, мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Нұржанов дәл сол күні ақыннан алғашқы жауап алып, протокол жазады.

М. Сүлеймен.

«ДОМБЫРА» – Ж-тың өлеңі,1992 жылдан басқа барлық жинағында бар.

Досжан Дүкенбай

ДОСЖАН Дүкенбай (9.9.1942, Қызылорда обл., Жаңақорған ауд. Құланшы а. – 15.9. 2013, Алматы қ.) – жазушы. ҚР Мемлекеттік сыйлықтың (1996), М.Әуезов атындағы ұлттық сыйлықтың лауреаты (1987). 1964 ж. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ді үздік аяқтаған. 1963 – 1966 жж. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің әдеби қызметкері, 1966 – 1975 жж. Алматыдағы «Жазушы» баспасында аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1976 – 1984 жж. ҚР Баспа комитетінде аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1984 – 1991 жж. Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, 1992 – 1994 жж. «Жалын» журналында аға редактор, 1994 – 1996 жж. ҚР Авторлық және аралас құқықтар жөніндегі агенттіктің бөлім бастығы, 1996 – 2002 жж. ҚР Ұлттық банк мұражайының директоры болып қызмет еткен. 2002 ж. өмірінің соңғы күндеріне дейін «Мәдени мұра» – «Культурное наследие» журналының бас редакторы болды. Алғашқы өлеңі 15 жасында жарық көрген. Шығармашылық ғұмырында 11 роман, 22 хикаят, 100-дің үстінде әңгіме жазды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 60 ж. жабулы мұрағатына алғаш енген жазушы сот құжаттары

Досмұхамедов Жанша

желісімен Ж. өмірінің соңғы күндер туралы «Абақты» (1992) дерекнама кітабын және 1986 ж. Желтоқсан қырғынының қанды ізімен «Алаң» (1993) романын жазды.

Әлемнің 20 тілінде жеке жинақтары шыққан. 1990 ж. екі томдық таңдамалы шығармалары («Жазушы»), 2002 – 2003 жж. 13 томдық шығармалар жинағы («Білім») оқырмандар қолына тиді. Қаламгер 1974 ж. «Зауал» кітабы үшін «Молодая гвардия» баспасының «Қазіргі заманғы жақсы роман» сыйлығын, 1988 ж. Украинаның «Днепро» баспасынан шыққан «Жібек жолы» романы үшін «Тарихи тақырыптағы жақсы кітап» сыйлығын алған. Жазушының есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-ші томына, «Ұлттық энциклопедияның» 3-ші томына, «Абай энциклопедиясына», Қазақстан Президенті жанындағы даму институтының «Элита Казахстана» (2008) анықтамалығына енген.

Ж. Қадыров.

ДОСМҰХАМЕДОВ Жанша (Жаһанша) (1886, қазіргі Батыс Қазақстан обл., – 1932) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер, 1912 ж. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, Томск округтік сотында 1917 ж. ақпанына дейін қызмет істейді. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісі тұсында басқа да Алаш зиялыларымен қатар мәселенің бейбіт жолмен шешілуін жақтап, халықты көтеріліске шықпауға шақырды. Ресейдегі ақпан төңкерісінен (ақпан 1917) кейін болған қоғамдық-саяси өзгерістер кезінде облыстық жалпыказақтық съездерін өткізуге бел шеше араласты. Орал облыстық қазақ комитетінің төрағасы болды. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды. Уақытша үкіметтің құрылтай жиналысы туралы заң жобасын дайындайтын мемлекеттік кеңестің мүшесі болды. 1917 ж. желтоқсанда өткен 2-жалпыказақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. 1918 – 1919 жж. Батыс Алашорда бөлімшесіне басшылық жасады. 1918 ж. наурызда Х.Досмұхамедовпен бірге Алашорда үкіметі атынан Кеңес өкіметі басшылары В.И.Ленинмен және И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізді. 1920 ж. бастап әртүрлі шаруашылық жұмыстарда, Мәскеудегі «Малшы» басқармасында аға экономист болып қызмет істеді. Ұлттық мәдениетті көркейтуге, ғылымның, білімнің дамуына үлкен үлес қосты. 1922 – 1925 жж. «Талап» мәдениет көркейту қауымының мүшесі болды. Д. Ж-ға осы қауымның төрағасы Х. Досмұхамедов Түркістан заң шығару халық комиссариатының өтініші бойынша Азаматтық және қылмыстық

кодексті қазақ тіліне аударуды тапсырған. Бұл аударма 1000 данамен жарық көріп, оған М.Дулатов сыни пікір жазған. Д.Ж. XX ғ-дың 30-жылдары Кеңес өкіметі ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Д.Ж. әр кездері Ж-пен кездесіп, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді бірге талқылаған.

Досмұхамедов Халел

ДОСМҰХАМЕДОВ Халел (24.04.1883. Атырау обл., Қызылқоға ауд. Тайсойған құмы – 19.08.1939, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. 1894 ж. Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық сыныбына қабылданып, оны 1902 ж. үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша сыныпқа оқуға қалдырылады. 1903 ж. Санкт-Петербург императорлық әскери-медициналық академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түскен Д.Х-дің студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұтас келіп, оның саяси білімін жетілдіріп, қалыптасуына әсер етті. Ол осы жылдары ел ішінде үгіт-насихат жүргізіп, жергілікті «Фикир» (Пікір), «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жазып, болып жатқан саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырды. 1905 ж. Орал қаласында бес облыстың делегаттары жиналған съезде Ресей кадеттер партиясының жергілікті бөлімшесі есепті құрылған Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының 9 адамнан тұратын орталық комитетіне Б.Қаратаев, М.Бақыткереевпен бірге сайланды. 1909 ж. академияны үздік дәрежелі дәрігер атағымен бітіріп, офицер ретінде кесімді мерзімдегі әскери міндетін өтеуге жіберілді. Алдымен Пермь губерниясында, кейін 2-Түркістан, 2-Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери кіші дәрігерлік қызмет атқарды. Осы жылдары Орал қалалық ауруханасында біржылдық мамандану курсынан өтеді. 1912, 1913 және 1915 жж. оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Бұл еңбектері үшін императорлық қола медальмен марапатталды. 1913 ж. Орал облысының вице-губернаторы берген №6618 куәлікпен әскери борышын өтеуден босап, Орал облысындағы Темір уезіне бөлімшелік дәрігер болып орналасты. 1913 – 1918 жж. «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік – сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы заманында оба індетіне қарсы күрестің әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды. 1917 ж. Ресейдегі ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында облыстық жалпықазақ съездерін ұйымдастырып өткізуге атсалысты. Сәуір айында 800-ден аса делегаттың қатысуымен өткен Орал

облыстық казак съезінде Жанша Досмұхамедовпен бірге «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың уақытша ережелері» атты жергілікті және облыстық деңгейдегі басқару жүйесін толық қамтыған заң жобасын ұсынып, оған делегаттар бірауыздан дауыс берді. 1917 жылғы мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысты. I жалпыказак съезінен бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыкка кандидат ретінде ұсынылды. 1917 ж. желтоксанда 2-жалпыказак съезінде жарияланған Алашорда үкіметі ұлт кеңесі құрамына сайланды. Алаш қайраткерлерімен бірге бірінші кезекте халықты бүлікшіліктен қорғайтын ұлттық әскер халық милициясын жасактауға, Алаш корын құруға, елден алым-салық, каражат жинау ісіне күш салды. Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктердің үстемдігі нығайған тұста, 1918 ж. наурыз айында Д. Ж-пен бірге Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинмен, ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Большевиктер Кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), казактар шоғырланған жерлерді түгел казактарға кайтару, әр жерде Кеңес органдары тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды кудалауды токтату, каржылай көмек беру сияқты маңызды мәселелерді өткір коя білді. 1918 жылғы 18-21 мамырда Жымпиты каласында өткен Орал өңірі казактарының 4-съезінде Казакстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-аумақтық құрылым «Ойыл уәләяты уақытша үкіметін» жариялауға катысты. Сол жылы кыркүйек айының ортасында Кеңес өкіметіне карсы күштердің директориясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда кайраткерлері бұл құрылымды колдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат берді. Осы кезеңде Д.Х. Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен кару-жарак алуға, ұлттық банк ашуға, баспахана, «Еркін казак» газетін шығаруға көп күш салды. 1919 ж. Кеңес өкіметін амалсыз мойындаған соң, Казак өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің 1920 жылғы 5 наурыздағы каулысына сәйкес халыктан окшауландыру максатында Алаш козғалысының белсенді мүшелерінің бір тобымен бірге Д.Х. Ресейдің орталық губернияларына жіберілді. Осы жылдың жазынан бастап Ташкентке келіп жұмыс істеді. 1920 ж. 21 тамызда Түркістан республикасы халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халыктарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұктаждарын өтеу үшін арнайы ұйымдастырылған білім комиссиясының мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланды. 1920 – 1921 жж. Ташкенттегі Физикалық әдіспен емдеу институтының ординаторы, Казак педагогика институтында мектеп дәрігері, Орта Азия (Түркістан) университеті медецина факультетінің хирургиялық емханасында ординатор, 1922 – 1924 жж. Түркістан Денсаулық сактау, ха-

лық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 ж. Орта Азия мемлекеттік баспа алқасының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі, 1925 жылдан Шығыс бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдан Қазақ мемлекеттік баспасы басқармасының мүшесі және меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. Жауапты қызметтерде жүріп, отандық ғылымның дамуына да мол үлес қосты. «Табиғаттану», «Жануарлар» (екеуі де 1922), «Адамның тән тірлігі», «Оқушылардың саулығын сақтау» (екеуі де 1925), «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», т.б. оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды. 1922 – 1924 жж. мәдениетті көркейту мақсатында құрылып, жұмыс жасаған «Талап» қауымының басқармасына төрағалық етті. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі сингармонизм заңын зерттеді. Ресей ҒА-ның орталық өлкетану бюросының корреспондент-мүшесі болып сайланды (1924), осы жылы Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеуде өткен бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты. 1927 ж. казак педагогика институтының доценті болып бекітілді. Қазақ мемлекеттік университетін (казіргі АлМУ) ұйымдастыру жөніндегі комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. 1928 ж. казак мемлекеттік университетінің әкімшілік-шаруашылық бөлімін басқарды. 1929 ж. осы университеттің профессоры болып бекітілді және казак педагогика институтының проректорлығына тағайындалды. Алайда, келесі жылы Кеңес өкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып (15 қыркүйек, 1930), 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сауықтыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары, Онтүстік-Шығыс темір жол санитарлық бөлімшесінің дәрігер-эпидемиологі болып қызмет істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады. 1938 жылғы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінді. 1939 жылғы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болды. 1958 жылдың 11 ақпанында ақталды. Қазір туған жері Атырау обл. Мияты кентінде оның ескерткіші қойылған. Атырау университетіне, Алматы және Атырау қалаларындағы бір-бір көшеге Д.Х. есімі берілген. Ж-пен бұрыннан таныс Д.Х. – 1920 – 1929 жж. Ташкентте тіпті жақын араласты. 1922 ж. ол профессор Александр Шмид, Әбубәкір Диваев, Кәрім Халеңұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезовпен бірге Ташкентте казак-қырғыз халқына мәдениет сәулесін шашуды мақсат еткен «Талап» қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Д. Х. Ж. Мәскеуге аттанғанда

Дөнентаев Сәбит

Әдебиет институтының директоры Брюсовтың атына хат жазып, оны «Біздің болашақ Пушкиніміз», – деп бағалады.

ДОСОВ Әбілқайыр (1899, бұрынғы Ақмола обл., Көкшетау уезі, Қотыркөл бол. – 1938) – мемлекет қайраткері. 1916 ж. Омбы орыс-қырғыз (қазақ) жетім балалар пансионына орналасып, қазақ оқушы жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту үйірмесіне мүше болған. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін төтенше комиссияның ерекше отрядын басқарды. Көкшетау облысы төтенше комиссиясының инспекторы, РК(б)П ОК Сібір бюросы жанындағы татар, қырғыз (қазақ) секциясының хатшысы, «Кедей сөзі» газетінің редакторы қызметтерін атқарды. 1920 ж. қазан айында өткен Қазақ кеңестерінің 1-құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің төралқа мүшесі және хатшысы болып сайланды. 1922 – 1926 жж. Семей губерниялық атқару комитетінің, Түркістан облыстық ревкомының, Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы, 1926 – 1927 жж. Қазақстанның БОАК жанындағы өкілі болды. 1927 – 1930 жж. БОАК төралқасының мүшесі, 1930 – 1937 жж. БК(б)П ОК-нің нұсқаушысы, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің 2-хатшысы, Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, 1936 ж. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, 1937 жылдан Шымкент қалалық партия комитетінің 1-хатшысы қызметтерін атқарған. 1933 – 1937 жж. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің, Қазақстан КП ОК-нің, БОАК және Қазақ ОАК-нің мүшесі болып сайланған. БК(б)П 17-съезінің делегаты болды. Д. 1937 ж. 28 қарашада тұтқындалып, 1938 ж. 8 наурызда КСРО Жоғары соты әскери алқасының үкімімен ату жазасына кесілді. 1956 жылғы 12 қазанда ақталды. Ж. Д-пен қызметтес болған, түрлі алқалы жиындарда кездескен. «Бетім, бетім, Ел биледі-ау, Құдіретім, сөз сөйледі-ау Не дейін?! Әбіл жын!.. » – деп пародия жазғанына қарағанда аралары онша жақсы болмаған сияқты.

«ДОСТЫҚ ҺӘМ КӨЗ ЖАСЫ» – Ж-тың өлеңі. Ақынның 1992 жылғы жинағына енгізілмеген. Қалған жинақтарының бәрінде бар.

ДӨНЕНТАЕВ Сәбит (1894, Семей обл., Павлодар уез. Ақсу бол. – 1933) – қазақ ақыны, қоғам қайраткері. 1916 жылғы маусымның 25-дегі патша жарлығына сәйкес әскерге алынып, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін туған жеріне оралады. Семейде мұғалімдер семинариясында оқиды. Кеңес өкіметі орнаған соң Д. жаңа үкімет қазақ халқына басқа халықтармен тең құқықтар береді, қарапайым шаруаның өмірін өзгертеді, жесір-жетімдерінің қамын ойлайды деп сенеді. Мектептерде мұғалім бо-

лып жұмыс істейді, үгіт-насихат жұмыстарына қатысады. 1923 ж. бастап Семейдің «Қазақ тілі» газетінде қызмет істейді.

Д-тың «Қиялдарым» деген өлені 1913 ж. «Айкап» журналында жарияланды. Ал 1915 ж. Уфа қаласында «Уақ-түйек» деген өлеңдер жинағы жарық көрді. Д. – Ж. сияқты қазақ әдебиетіне символизм бағытын енгізген ақындардың бірі. Ж. өзі жазған «Алқаның» бағдарламасының бір данасын Д-қа да жіберген.

ДҮЙСЕНБАЕВ Есенбай (15.5. 1940 Ақтөбе обл., Байғанин ауд. Қалдайбек а. – 2011) – ақын, журналист. Қазақстанның құрметті мәдениет қайраткері. С. М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетін тамамдағаннан кейін мектепте мұғалім болды, кейін еңбек жолын журналистика саласында жалғастырды. Аудандық газеттің редакторы, Ақтөбе облыстық «Коммунизм жолы» газетінің бөлім меңгерушісі болды. «Жалын», «Ана тілі», «Өлке», «Раритет», «Білім» сияқты республикалық басылымдарда қызмет істеді, «Жазушы» баспасында аға редактор болды. Д. – 2003 ж. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша жарық көрген Ж-тың 3 томдық шығармалар жинағының 1, 2 томдарының редакторы.

«ДҮНИЕНІҢ ТАРИХ, ШАРУА ЖАҒРАФИЯСЫ» – 1927 ж. Мәскеуде қазақ тілінде шыққан Ж. П. Карревиннің кітабы. Аударған Жұмабайұлы деп көрсетілген.

ДУЛАТОВ Міржақып (24.11.1885, Қостанай обл., Жанкелдин ауд. Қызбел а. – 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беломор-Балтық каналы, Сосновец бек.) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Д. екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден айрылып, ағасы А.Дулатовтың қолында өскен. Алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғай қаласындағы Ы. Алтынсариннің ықпалымен ашылған екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, ауыл мұғалімі деген куәлік алып шығады. Алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады. 1904 ж. Омбы қаласына аттанып, өзінің болашақ ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Оған еріп Қарқаралыға барады, ондағы ұлттық демократиялық қозғалыска белсене араласады. Сол жердегі зиялы топтың өкілі ретінде қазақ конституциялық демократиялық партиясының Оралдағы съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 ж. Петербургке барады. 1907 ж. Петербургте жалғыз нөмірі ғана шыккан «Серке» газетінде «Жастарға» деген өлені басылады. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары арасында бұл кітаптың әсері өте күшті болды. Алайда, бұл еңбегі жас авторға патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргін ала келді, ол тергеу органдарының бақылауына алынды, артынша «Оян, қазақ!» тәркіленді.

Д. Қызылжарда сот кенсесінде тіл-

мәштык кызмет аткарып, мұғалімдік кызметін де жалғастырады, казак балаларына орыс тілінен сабак береді. Сол кезде Кызылжарға кайта оралған Ж. Д-пен кездеседі. Д. бұл кезде өзінің «Оян, казак!» атты кітабы үшін куғын көріп, патша тыншыларынан бой тасалап жүрген болатын. Бір кыс бойы жас акын Д-тан орыс тілі мен әдебиетінен дәріс алады. Д. оны Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов, т.б. акын-жазушылардың шығармаларымен таныстырады. Орыс тілі мен әдебиетінен біршама дәріс алған Ж. Д-тың кенесімен 1913 ж. Омбы каласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға окуға түседі. Бұл семинария осы каладағы кезінде Шокан Уәлиханов окыған кадет корпусынан кейінгі екінші әйгілі оку орны болатын. Мұнда ол кезде А.П.Васильев, И.В.Волков, А.И.Покровский, А.В.Россихин, А.Н.Седельников сиякты білімді ұстаздар сабак беретін еді.

1910 ж. Казандағы Каримовтар баспасынан Д-тың «Бакытсыз Жамал» романы жарык көреді. Әр жерде шығатын казак басылымдарына, әсіресе, «Айкап» журналына үзбей жазып тұрады. Ел тұрмысын өз көзімен көріп-білу ниетімен 1911 ж. казак ауылдарын аралап, Кызылжардан Семей облысына карай сапарға шығады. Патша тыншыларының катты аңдуына алынған Д. мұнда полицияның колына түседі де бір жарым жыл камауда отырады. 1912 ж. Орынборға келіп, осындағы аз ғана топ казак зиялылары акыл косып, ел санасын оята беру максатымен, баспасөз кызметін колға алуды ұйғарды. А.Байтұрсыновпен бірге кыр өлкесіндегі ағартушылык демократиялык бағыттағы тұңғыш бейресми басылым – «Казак» газетінің негізін калайды (1913 – 1918). Алаш басшыларымен бірге жаңа құрылыс жағына шығып, калған өмірін түгелдей туған халкының мәдениетін көркейту максатына арнауды көздеген ол аз уакыт «Акжол» газетінің редакциясында, одан кейін Семей облысының сот органдарында кызмет аткарған. 1922 ж. ешбір себепсіз абактыға жабылады. Осы хабарды естіген Ж. ұстазына арнап «Жауға түскен жанға» деген өлеңін жазды. 1923 ж. басылымда такырыптан кейін жакшаның ішінде «М. Д-ға хат» деп жазылған. Д. Семейден Орынборға жөнелтілген бойда камаудан босатылады. Ж-тың «М. Д. абактыдан шыкканда» өлеңі осы кезде жазылған. 1922 – 1926 жж. Орынбордағы Казактың халыкка білім беру институтында (КИНО) окытушы болып істейді. Ұстаздык кызметке кайта оралғаннан кейінгі кезеңде екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент каласында бастырып шығарады. «Балкия» атты төрт перделі пьеса жазды. 1924 ж. Орынборда екіжылдык «Қирағат кітабы» (хрестоматиялык окулык). Кызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарык көрді.

Қ. Әлім.

«ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ» – Ж-тың өлеңі. «Казак» газетінің 1916 ж. 9 маусымдағы санында жарияланған. Мұнда акын казак тағдырына баска бір жұрттарға өмір баки бодан болып калу жазбаған шығар, бір кезде амалсыздан одактаскан екенбіз деп мой-

ынсына беру елмін деген халыкка жараспайтын мінез деген азат ойлар айткысы келеді.

«Шарк ұрып ұмтылған
ұшкыр жанды,
Қайнаған тамырдағы
ыстық канды.
Тұткын кып кім камады,
кім суытты?
Кім алды калын кайрат,
күшті, әлді? » –

дейді ол осы өленінің бір тұсында. Ол каспеттерді ежелден еркіндік ансаған ерікті халыктың бойына кімдер зорлап таңганын акын ашып айтпаса да, оны окырман жанымен сезеді. Халыктың басына төнген кауіптің кайдан бастау алып жатканын жаксы біледі. Ж. бұл өленінде жаңа бір кырынан көрінеді. Ол болмыстың осындай касіретті құбылысын айтып кана коймайды, күреске, шарпылыска шакырады. Өткеннен де, бүгіннен де түнілген, тек кана болашағына батыл кол созған күрескер акын дүниеге келеді. Ж-тын алғашкы өлендерінен бастау алатын бұл ағыс кейін де толастаған жок. Акын енді бар гәп окуда емес екендігін түсінген.



«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» – Казакстан Республикасында шыгатын республикалык газет. «Егемен Казакстанның» тарихы 1919 ж. 17 желтоксанда Орынборда алгашкы саны жарык көрген «Ұшкын» газетінен басталады. Одан кейін газеттің аты бірнеше рет өзгерді. Басылым 1920 ж. «Еңбек туы», 1921 ж. «Еңбекші казак», келесі ж. «Еңбекшіл казак», 1932 ж. «Социалды Казакстан» деген атпен шыкты. Ал 1937 ж. «Социалистік Казакстан» болып өзгертілді де, осы атпен 54 ж. бойы жарык көріп тұрды.

1991 жылдың маусымында республика тәуелсіздік алуға санаулы айлар калганда басылымның аты «Егеменді Казакстан» болып өзгертілді. 1993 жылдың 1 кантарынан лингвистердің пікірлерінен туган талкылаудан кейін газеттің бас редакторы Әбіш Кекілбаевтың ұсынысымен басылым атауындағы «-ді» жұрнағы алынып, «Егемен Казакстан» болып өзгерді. Осы атпен газет 23 жылдан бері шыгып келеді.

Басылымда казак ұлтының ірі мемлекет кайраткерлері мен көрнекті каламгерлері жайлы материалдар жиі басылады. Ж. 1988 ж. акталганнан кейін газет оның өмірі мен әдеби мұрасын зерттеуге, халыкка жеткізуге көп күш салды.

«ЕДІЛДЕ» – Ж-тың өлені. Алгаш рет «Акжол» газетінде (1924, № 462) жарияланды. «Еділ» цикліне кіретін екі өленнің бірі. 1924 жылдың жаз айларында Мәскеудегі окудан колы босап, жазгы каникулга шыккан акын Түркістан, Астрахань, Атырау аймактарына сапар шеккен. Сол сапардан алган әсерлерімен «Ескі Түркістан», «Еділде», «Еділдің сагасында» өлендерін жазды. Аталган өленде реалистік мәнер басым. Акынның суреткерлік өнері ұштала түскен. Күн-

делікті күйкі жайлардан, прозалық тұрмыстан поэзия алтынын корытып – шығару шебердің шеберінің қолынан келетін іс. Ж. бұл өлеңдерінде казактың қоныр тұрмысынан есте каларлық поэтикалық картиналар туғызады.

«ЕДІЛДІҢ САҒАСЫНДА» – ақынның өлеңі, «Акжол» (1924, № 472). 1989, 1992 жж. жинактарына да енген. Ж. поэзиясы дамуының үшінші кезеңінде суреткерлік өнерінен айныған жок. Сол өнерін жаңа сапада дамытты. Енді ол айнала дүниеге, сырт дүние сырына көбірек үнілді. Ішкі әсерін кайталанбас суреттерге айналдырды. Өз ойларына жаңа бір тірек тапкандай сезінді.

ЕЖОВ Николай Иванович (19.04.1895 – 4.02. 1940, Мәскеу к.) – кеңес, партия және мемлекет кайраткері. Е-тың есімі КСРО тарихындағы «үлкен террормен» тығыз байланысты. Ол Халық комиссары болып істеген 1936 – 1938 жж. еліміздің талай аяулы ұл-кыздарының, олардың катарында Ж. та бар, басын жалмаған кызыл кырғынның нағыз кызған шағы болатын. Кеңес тарихында НКВД бастығы «темір нарком» деген атпен калды. 1939 ж. 10 сәуірде Е-тың өзі камауға алынды. 1940 жылдың 1 акпанында Мемлекеттік кауіпсіздік басқармасының аға лейтенанты Эсаулов бұрынғы наркомның үстінен қозғалған кылмыстық іс бойынша тергеу аякталғанын мәлімдейді.

Е-ты айыптау бойынша №510 істе КСРО НКВД 1-арнайы бөлімі 12-бөлімшесінің бастығы мемлекеттік кауіпсіздік кызметінің лейтенанты Кривицкийдің аныктама хаты бар. Онда «Ежов Николай Ивановичті ату жазасына кесу туралы үкім Мәскеуде 4.02.1940 ж. орындалды» делінген. Үкімнің орындалуы жөніндегі акт КСРО НКВД 1-арнайы бөлімінің мұрағатында сақтаулы.

ЕЛБАЕВ Халил (т.к.ж.б.) – қоғам кайраткері. Солтүстік Казакстан облыстық оку бөлімінің меңгерушісі болған. Ол айдаудан арып-ашып келген Ж-ты басында 20 күндік мұғалімдер курсына окытушы етіп тағайындайды. Білімді акын кызметіне құлшына кіріседі. Осылай жұртка өзінің айтулы педагог екенін бірден мойындатады. Бұл жөнінде жазушы Жайық Бектұров жергілікті мұғалімнің әңгімесі аркылы тамаша бір штрихті көзге елестетеді. «Мағжан 1936 ж. Кызылжарда бір топ мұғалімдерге сабак берді, – дейді Көкшетау жағының Байғонов дейтін окытушысы. – Күн ыстық. Курста көбіне орыс мұғалімдері болды. Ыстыкта калғып-шұлғып отырамыз. Ал Мағжан келіп лекция окығанда жұрттың бәрі сергіп кетеді. Мағжанды білмейтін орыс жолдастары: «Бұл кісі кім, кайдан келген?» – деп оның лекциясына таныркап отырады, өйткені, Мағжан Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың нелер поэмаларын жатка айтады. Ірі шығармалардан үзінді келтірерде әуелі ішінен дыбысын шығарар-шығармас етіп белгілі шығарманың бас жағын күбірленкіреп еске түсіріп алады да, керекті ұзак-ұзак үзінділерді накышына келтіріп, жатка айта жөнеледі. Нелер білімді орыс мұғалімдері бастарын шайкап, сабактан таныркап шығады. Мағжанның лек-

циясынан ешкім қалмайды». Алайда, көп ұзамай Ж. «саяси жағдайға байланысты» бұл қызметтен босатылады.

Қ. Мұқанов.

ЕЛЕМЕСОВ Ғалым – қоғам қайраткері, ұзақ жылдар республика құқық қорғау органдарында қызмет істеген. 1988 ж. қазан айының 19-ы күні Қазақ КСР прокуроры Ғ. Елемесов Қазақ КСР Жоғарғы сотына А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, жиыны 14 адамның ісін қайта қарап бұзып, ақтау жөнінде наразылық хат (протест) түсірді. Бұдан бөлек, Е. КГБ-нің архивінде жатқан Ж-тың ісін ала алмай жүрген алаш арыстарын актау жөніндегі комиссия мүшелеріне көмек колын созып, қажетті құжаттарды алып береді. Бұл жөнінде комиссия мүшесі Ш. Елеукенов былай деп жазды: «Енді қайтпекпіз деп дағдарғанда, тілеуің бергір, республика прокуроры Ғалым Елемесов КГБ-дан архивті алдыртып, сонымен прокуратура кеңсесінде танысқан соң барып, талай жайларға қанық болдық. Материал он шақты том екен» («Мағжан», А., 1995).

ЕЛЕУКЕНОВ Шериаздан (3.9.1929, Шығыс Қазақстан обл., Ұлан ауд. Аршалы а.) – ғалым, әдебиеттанушы. Филология ғылымдарының докторы (1988), профессор (1990). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1981), Қазақ ПЕН-клубының Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық сыйлығының иегері.

ҚазМУ-ді (1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Шығыс Қазақстан облысы «Коммунизм туы» газетінде әде-

Елеукенов Шериаздан

би қызметкер, бөлім меңгерушісі (1951 – 1959), ҚазМУ-дің журналистика факультетінде аға оқытушы (1959 – 1963), Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің аппаратында нұсқаушы, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1967 – 1971), Қазақстан баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы (1971 – 1986), Әдебиет және өнер институтының директоры (1986 – 1988), осы институттағы орыс әдебиеті бөлімінің меңгерушісі (1988 – 1996) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан аталған институтта бас ғылыми қызметкер және ҚазҰУ-дің журналистика факультеті кітаптану кафедрасында профессор. «Қазақ романы және қазіргі дәуір» (1968), «Замандас парасаты» (1977), «Фольклордан роман-эпопеяға дейін» (1987), «Мағжан» (1995), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), «Сұлулыққа іңкәрлік (1999), «Ғасырмен сырласу» (2004), «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» (2006), «Казахская литература: новое прочтение» (2007), «Тәуелсіздік биігінен» (2007), «Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі» (2008) атты кітаптары, «Әттең, дүние» романы (2002) мен «Мұхаметжан – Мархума» (1998)

атты деректі повесі. «Кітаптану негіздері» (1997), «Қазақ кітабының тарихы» (Ж.Шалғынбаевамен бірге. 1999) оқулықтары. «Мағжан Жұмабаев» (1999) кітапшасы және мектеп оқушыларына арналған «Мағжан Жұмабаев» атты (1991) оқулықтары жарық көрді. Мағжан» монографиясы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Елеукенов «Мағжан» монографиясында ұлы ақынның шығармаларына жан-жақты талдау жасап, байыпты баға берген.

ЕКІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗІ – 1917 ж. 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында ХХ ғасыр басындағы қазақ қайраткерлері Алашорда үкіметін жариялаған съезд. Бұл съезд Ресейде Қазан төңкерісі болып, большевиктер билікке келгеннен кейінгі алмағайып кезеңде ұйымдастырылды. Съезді шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров оны ұйымдастыруда айрықша белсенділік танытты. Ұйымдастыру кадеті тарапынан әр уезден, әр облыстық қазақ кадеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақыру қағаздары жіберіліп, «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен әртүрлі ұйымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезге Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самаркан облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Осының ішінде съезге Б.Құлманов, Ж.Досмұхамедов, Ғ.Қараш, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай, т.б. белгілі тұлғалар арнайы шақырылды. Съездің төралқасына Б.Құлманов (төраға), Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, Ә.Кенесарин, Ғ.Қараш сайланды. Съездің күн тәртібіне Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңтүстік-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, ұлт кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік мәселесі, халық соты, ауылдық басқару, азықтүлік, т.б. мәселелер енгізіліп, маңызы зор шешімдер қабылданды. Съезд әр аймақтан келген өкілдердің өз елдерінде болып жатқан оқиғалар жайлы ақпарат берулерінен басталды. Одан соң құрылтай жиналысына сайлау жөнінде айтылды. Съезд жұмысына Башқұртстаннан Ахмет Зәки Уәлиди бастаған бірнеше қонақтар тілектестіктерін білдіріп, құттықтаулар айтты. Съезд Қазақ автономиясы мен милиция туралы Х.Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген қаулы шығарды. М. Дулатов оқу мәселесі туралы арнайы баяндама жасап, комиссия құруды ұсынды. Съездегі ең басты мәселе автономия мәселесі жөнінде Ғ.Ғаббасовпен бірге Түркістан автономиясы жөнінде М.Шоқай сөз сөйледі. Осы негізгі мәселеге байланысты съезд аса маңызды тарихи қаулы қабылдады. Онда: «Қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын», «Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені – «Алаш» мүлкі болсын», «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлт кеңесін құру қолға алынсын» деген сияқты аса маңызды шешімдер қабылданды. Алашорда-

сының уақытша тұратын орны Семей қаласы болып белгіленді.

Бұдан соң Алаш автономиясын жариялау мәселесі көтерілді. Ол бойынша делегаттардың арасында келіспеушілік байқалды. Ресми жариялауды жақтаушылар: Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, А.Кенжин, У.Танашев, Ғ.Қараш, С.Досжанов және т.б. барлығы 33 адам; ресми жариялауды тоқтата тұралық деушілер: Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, О.Алмасов, Х.Ғаббасов және т.б. барлығы 42 адам, қалыс қалғандар А.Шегіров, М.Шоқай, Ә.Кенесарин болды. Ж. кенет бұрқ ете түскен тайталаска катты назаланды. Әйтеуір, дес бергенде съезд делегаттары бір мәмілеге тоқтап, «ресми жариялауды съезд атынан сайланған казак-қырғыз ісін баскарушы 15 кісіге тапсыралық. Олар біздің Уакытша үкіметіміз (Алашорда) болсын», – десті. Съезд Сырдария облысы казактарының съезін шакыру кажет деп тауып, өз араларынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовты өкілдер ретінде жіберу туралы шешім кабылдады. Казак зиялылары Алаш автономиясын аяғынан тік тұрғызу үшін және большевиктермен күресу максатында ұлттык әскер құру және кенестерге карсы әртүрлі саяси күштермен одактасу ісіне үлкен мән берді. Съезд бұл мәселені жан-жакты талкылап, казак милициясының әр облыс, уезд орталыктарындағы саны, оларға әскер ғылымын үйрету және кажетті заттармен (кару-жарак, каржы, көлік және т.б.) камтамасыз ету тәртібін аныктап, «26500 адам тіркелген халыктык милиция құрылуы кажет» деген каулы кабылдады. Бұл идеяны Алашорда үкіметінің мүшесі Ж.Акпаев ұсынды. Әскер құру ісіне кажетті каражатты 6 облыстың казактары жинайтын болды. Алашорда үкіметі Ұлт кенесіне мүшелерді аныктаған соң Алашорданың төрағасын сайлауға көшті. Оған Ә.Бөкейханов, Б.Құлманов, А.Тұрлыханов ұсынылды. Сайлау корытындысы бойынша 79 дауыстан 40 дауыс жинаған Ә.Бөкейханов Алашорданың төрағасы болып сайланды. Бұдан соң оку комиссиясының құрамына А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанов сайланды. Бұл съезд ғасыр басынан бергі ұлт-азаттык козғалысының ұлы корытындысы болды. Ол өзінің тарихи маңызы жағынан ұлтымыздың сан ғасырлык өміріндегі аса маңызды окиғалардың катарынан орын алады. Съезде Ж. казактың талай әйдік азаматтарын кезіктірді. Омар Қарашевпен, Абайдың бел баласы Тұрағұлмен танысты.

Бұл съездің өзгешелігі «Алашорда ұлт кенесін» құрды. Мына «лайсаң заманда» өзімізді корғайтын күш керек, «Сол күшті реттеп жұмсайтын кенес орындары керек. Тез арада Конституция жобасы каралып бекітілуі тиіс» деген каулы кабылданды («Казак» газеті, 1917, 14 караша). Халык кенесіне бұл бағытта шұғыл шаралар колдану жүктелді.

Ж. съезден үлкен жүк аркалап кайтты. Халыкка білім беру туралы Міржакып Дулатов жасаған баяндама бойынша нактылы шаралар белгіленді.

ЕЛУБАЙ Смағұл (9.3.1947, Түркіменстанның Шаржоу обл.) –

Ергөбек Құлбек

жазушы. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Е. 1961 ж. Қазақстанға қоныс аударған. 1971 ж. ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1975 ж. Мәскеудегі сценаристер даярлайтын 2 жылдық жоғары курсты бітірген. 1976 – 1992 жж. «Қазақфильм» киностудиясында шығармашылық жұмыстарда болды. 1992 – 1995 жж. «Парасат» журналының бас редакторы, 1995 жылдан бастап Прагада «Азат Еуропа және Азаттық» радиосында қызмет етті.

Жазушы шығармашылығының негізгі тақырыбы – қазақ халқының кеңестік дәуірде бастан кешкен нәубетті кезеңдері. «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдары ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін жылдарын қамтыса, трилогияның үшінші кітабы – «Жалған дүние» романы «тоқырау заманы» дейтін кезеңге арналған. Е. 1993 ж. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының желісімен түсірілген. «Батыр Баян» фильмінің сценарийін жазған.

«ЕҢБЕК – ӨЛІМ, ЖАН ҚАНАТЫН ҚИЯТЫН» – Ж-тың өлеңі. Алғаш рет «Акжол» газетінің 1923 жылғы 271-ші санында жарияланған. Одан кейін баспа бетін көрген жоқ.

«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») – РК(б)П Қазақ облыстық комитеті мен Қазақ ОАК, кейін РК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті мен аткомының органы. 1921 – 1932 жж. аралығында шығып тұрған.

ЕҢБЕКШІ ҚАРА ШАРУАНЫҢ АРТЕЛЬДЕРІ МЕН КОММУНАЛАРЫ – 1925 ж. Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасынан араб графикасымен жарық көрген кітап. Авторы – Конюхов, аударған Мағжан Жұмабайұлы.

ЕРГӨБЕК Құлбек (26.12.1952, Оңтүстік Қазақстан обл., Отырар ауд.) – әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы (1995), профессор. ҚазМУ-ді бітірген (1975). 1975 – 1978 жж. Қазақстан Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Республикалық Халық шығармашылық үйінде, С.Мұқанов мұражай-үйінде аға ғылыми қызметкер болған. 1978 – 1990 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті әдебиет және өнер бөлімінде тілші, ғылым бөлімінің меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде түрлі қызметтер атқарды. 1990 – 1999 жж. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, қазіргі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, «Ақиқат» журналында редактор, бөлім меңгерушісі, Алматы мемлекеттік консерваториясында аға оқытушы, Қ.А.

Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде доцент, профессор, «Қазақ әдебиеті», «Түрік халықтары әдебиеті» кафедраларының меңгерушісі, тарих-филология факультетінің деканы, ғылыми істер жөніндегі проректор болып істеді. 1999 жылдан Түркістан қаласы әкімінің орынбасары, қазір Халықаралық қазақ-түрік университетінің тәрбие жөніндегі вице-президенті. Е. – қазақ поэзиясы, прозасы, жеке шығарманың жазылу тарихы, жазушы шеберханасы мәселелеріне арналған «Жан жылуы» (1981), «Мейірім шуағы» (1985), «Қазақ совет балалар жазушылары» (1987), «Сәбит Мұқанов» (1989), «Баянғұмыр» (1992), «Жақсыдан қалған сөз» (1992), «Өтебай Тұрманжанов» (1992), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1994) секілді оқулық, сын-зерттеу еңбектерінің, «Адасқандар ақиқаты», «Сібір сабақтары» деректі повестерінің авторы. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (2004) оқу құралын, «Қазақтың мақал-мәтелдері» (2005), «Шынашақ» (1992), «Қазақ совет балалар жазушылары» (1987), «Сылдырап өңкей келісім» секілді тақырыптық, антологиялық кітаптарды, Б.Кенжебаевтың 5 томдық, Ә.Тәжібаевтың 3 томдық таңдамалы шығармалар жинағын құрастырды. Орыс ертегілерін, Молдаван жазушылары шығармаларын қазақ тіліне аударған. Ғалым-сыншының «Арыстар мен Ағыстар» (2004 – 2007) аталатын алты томдық шығармалар жинағы жарық көрген. Шығармалары орыс, түрік, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдеріне аударылып басылған. Е. өзінің зерттеу еңбектерінде Ж-тың шығармашылығы жайлы да кеңінен толғап, келелі ойлар айтады.

Ермеков Әлімхан

Н. Оқашева.

ЕРМЕКОВ Әлімхан (1891, қазіргі Қарағанды обл., Ақтоғай ауд. Бөріктас деген жер – 1970, Қарағанды қ.) – қоғам қайраткері, Алаш партиясы мен Алашорда жетекшілерінің бірі, ұстаз, ғалым, математика ғылымдарынан тұңғыш қазақ профессоры. 1899 ж. Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр болған Әлімхан мектепті үздік тамамдап, 1905 ж. оқуын Семейдегі ерлер гимназиясында жалғастырады. Осы оқу орнын 1912 ж. алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне қабылданады. Біраз кітаптар жазған. Екі рет репрессияға (1929, 1937) ұшыраған. Е. ағылшын, неміс, француз, итальян тілдерін білген. Ол 1917 ж. 27 сәуір 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысады. Онда басқа да адамдармен бірге съезд төралқасының хатшылығына, одан кейін съезд шешімімен Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады. Шілде айындағы жалпықазақтық съезде Семей облысынан бүкілре-

сейлік құрылтай жиналысына депутаттыкка ұсынылады. 1917 ж. 8-17 казанда 1-Сібір облыстык съезіне, делегаттар жиналысы атынан катысады да, оның төралкасына Семей облысынан кіреді. Съезде Сібір автономиясының негізгі занын жазатын комитет құрылып, оған казак делегаттары Е-ті ұсынады. Ол 1920 ж. 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен казак өкілдері катыскан Халык комиссарлары кеңесінің мәжілісінде Казак автономиясы туралы мәселе каралганда Казакстанның жағдайы туралы баяндама жасайды. Онда ол жер, Казакстанның шекарасы туралы мәселелерді камтып, өктемшіл, озбыр, отаршылдык пиғылдағы өкілдермен кызу айтыска түсіп, өз пікірін тиянакты, жан-жакты, бұлтартпас дәлелдермен корғап шығады. Е. Казак елінің шаруашылык жайын калыптастырып, нығайтуға халык ағарту ісіне көп енбек сінірді. Каркаралыда мектеп ашты, Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математикадан дәріс окыды. «Ұлы математика курсы» 1-бөлім (1935), «Казак тілінің математика терминдері» (1936) атты окулык кітаптарын жарыкка шығарды. Сонымен бірге нағыз білім мен біліктілікті кажет ететін сала – Халык шаруашылығын жоспарлау комитетінде және баска да жауапты кызметтерде болады. 1929 – 1930 жж. бір топ казак зиялылары абактыға камалып, тергеуге түскенде, Е-ті де ұстайды. Алаштың жас түлек дарындары М.Әуезов пен Ә.Ермеков «кінәларын мойындап» сол жолы бостандыкка шығады. Алайда, 1937 жылғы кара бұлт Е-тің басына тағы да үйіріліп, 1939 ж. сотталып, 1947 жылға дейін түрмеде отырып шығады. Бостандыкка шыкканнан кейін жаламен кайта ұсталып, 1958 ж. босайды. 1957 жылғы 26 карашада толык акталып, Карағанды мемлекеттік техникалык университетінде математикадан сабак береді. Е. Ж-ты жаксы білген, талай алкалы жиындарда кездескен. Тұткынға да жиырмасыншы жылдардың аяк кезінде Ж-пен бір мезгілде алынған. Бертінге дейін «Мағжан алғашкы эшелонға ілігіп кетті ғой», – деп өкініш білдіріп жүріпті.

«ЕРТЕГІ» – Ж-тың тырнакалды поэмасы. Бұл шығарма жиырмасыншы жылдардың бас кезінде «Бостандык туы» газетінде басылған. Одан Алматы облыстык «Тілші» газеті көшіріп баскан (1922, №2). Казіргі колдағысы осы нұска (караңыз: М. Жұмабаев. «Таңдамалы». «Ғылым» баспасы, 1992 жыл, 267-бет). Поэма эпикалык сарында басталып, ертегімен аякталады. Қаһарманы – әйгілі тарихи кайраткер Сыздык Кенесарыұлы.

Поэманы автор өз жайынан біраз көңілсіз сыр козғаумен бастайды. Ол – ашынған жан. Тек бір нәрсені ғана жұбаныш етеді. Киялын тербететін тәтті ертегіге елітеді. Казағын корғамак болған Сыздык еске түседі. Ел-жұртын жауға карсы майданға шығара алмай құса болған Сыздык елден безіп Бетпак даланы кезіп жүреді. Осы сәттен жоғарыда айтылған ертегі басталады. Жапан далада от жағып отырған Сыздыкка ойда жокта бір әйел жолығады. Ол жезтырнак болып шығады. Каламы жүйрік автор жезтырнакты батырдың

қалай өлтіргенін жинақы, тартымды суреттейді. «Ертегі» поэмасына автордың өзінің де көңілі толмағанға ұқсайды. Поэма ақынның не Қазан, не Ташкент жинақтарына енбеген.

ЕСДӘУЛЕТ Ұлықбек (29.4.1954, Шығыс Қазақстан обл., Зайсан ауд. Үлкен Қаратал а.) – ақын. Қазақстан Журналистер академиясының толық мүше академигі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі (2004), М.Әуезов атындағы Семей университетінің құрметті профессоры (2007), Еуразия әдеби журналдары Конгресінің тұрақты кеңесінің мүшесі (2008). ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2002), Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты (1986), халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

1977 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, «Жазушы» баспасының поэзия редакциясында қызмет істеген. 1983 – 1985 жж. М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген. Бұдан кейін Қазақстан телеарнасының жастар редакциясында, «Жазушы» баспасының сын редакциясында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің қызметкері, 1988 – 1991 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1991 – 1993 жж. «Жас қазақ» газетінің бас редакторы, 1993 –1997 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО істері және мәдени байланыстар басқармасында, 1997 – 2001 жж. ҚР Мәдениет, ақпарат және

Есдәулет Ұлықбек

қоғамдық келісім министрлігінің тілдерді дамыту департаментінде бөлімдер басқарған. 2001 ж. басынан бері ҚР Үкіметінің әлеуметтік мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі. 2002 – 2008 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 2008 жылдан бері «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды. 2018 жылдың 12 наурызында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды. Таңдамалы шығармаларының 2 томдығы (2006), Шығармалар жинағының 6 томдығы (2006 – 2009) жарық көрген. Өлеңдері көптеген шетел тілдеріне аударылған.

Е. аударма саласында да өнімді еңбек етіп жүр. Ол үнді, түрік, фин, африка, араб, украин, әзірбайжан, қырғыз, моңғол, абхаз ақындарының жырларын, М.Лермонтов, А.Блок, Н.Рубцов шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған. 2002 ж. Мағжан Жұмабаев атындағы республикалық мүшәйраға қатысып, бас жүлдесіне ие болған. «Мағжанға барар жолда» деген мақаланың авторы («Мағжан әлемі», А., «Асыл кітап», 2009).

ЕСЕНЖАНОВ Хамза (25.12.1908, Батыс Қазақстан обл., бұрынғы Чапаев ауд. – 1975, Алматы қ.) – жазушы. Абай атындағы Қазақ КСР Мемле-

Есенжанов Хамза

кеттік сыйлығының лауреаты. Е. Ж-тың жиені Софьяға үйленген.

Алматы зоотехния – малдәрігерлік техникумын (1928), Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1933). Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы (1932 – 1933), КСРО ҒА Қазақ филиалында әдебиет пен фольклор секторын (1936 – 1937) басқарды. 1937 жылдан Қазақ мемлекеттік филармониясының, кейін Қазақ академиялық опера және балет театрының директоры қызметін атқара жүріп, ҚазПИ-де орыс әдебиеті тарихынан сабақ берді. 30 жылдары «Өлеңтінің жағасында», «Қызыл құмақ», «Күшке күш» сияқты әңгімелері және «Жер шарында» атты сахналық шығармасы жарияланды. Одан кейін жазушы сталиндік жаппай жазалау толқынына ілігіп, қуғын-сүргін көрді, айдауда болды. Оған Ж-тың шығармаларын студенттер арасында насихаттады деген айып тағылды. Алғашында «халық жауы» деп он жылға Карелияға жер аударылса, оны өтеп келгеннен кейін көп ұзамай Шығыс Сібірге жіберілді.

1956 ж. қаламгерлік өнімді еңбек жолын бастады. «Ақ Жайық» трилогиясы (1кіт., 1957; 2 кіт.,1959; 3 кіт., 1965) Батыс Қазақстандағы тұтас бір кезеңнің оқиғаларына арналған. 1963 ж. трилогияның заңды жалғасы болып табылатын «Көп жыл өткен соң», ал 1971 ж. «Ағайынды Жүнісовтер» романдарын жазды. Өмірінің соңғы жылдары «Қарт қазақ», «Жайын ілерде», «Жар», т.б. әңгіме, очерк, әдеби сын мақалалар жазды. 1978 – 1981 жж. жазушының 6 томдық шығармалар жинағы шықты. «Ақ Жайық» романы орыс тіліне аударылып, одақтық, республикалық баспалардан (1964, 1969, 1973) жарық көрді. Ол М.Шолоховтың «Тынық Дон» («Тихий Дон») романының 1 және 4 кітаптарын, И.С.Тургеневтің «Рудин», И.П.Шуховтың «Өшпенділік» романдарын, А.С.Пушкиннің «Дубровский» повесін, т.б. шығармаларды аударды.

ЕСКЕНДІРОВ Самат (24.7.1966, Көкшетау (қазіргі Ақмола) обл., Зеренді (Біржан сал) ауд.) – қоғам қайраткері. Ақмола ауыл шаруашылығы институтын, Көкшетау экономика және менеджмент институтын бітірген. 1994 – 2004 жж. – Тайынша аудандық «Есіл» ЖШС-нің директоры, бас директоры. 2004 ж. – Солтүстік Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаменті бастығының орынбасары. 2004 – 2007 жж. – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімі. 2007 ж. – Қызылжар ауданының әкімі. 2007 жылдың қазанынан Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары. 2011 – 2015 жж. – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Солтүстік Қазақстан

облысының әкімі қызметтерін аткарды. Е. Солтүстік Қазақстан облысын баскарған жылдары Ж-тың өмірі мен шығармашылығын насихаттауға көп көңіл бөлді, каржы жок деген желеумен жабылып калған «Мағжан» журналын кайта шығарды. Е. казір жекс кәсіпкерлікпен айналысады.

А. Ысқақова.

«ЕС КІРГЕН СОҢ» – Ж-тың өлеңі.1992 жылдан баска жинактарының бәріне енген.

«ЕСКІ ТҮРКІСТАН» – Ж-тын өлеңі. «Акжол» (1924, №435). «Түркістан» цикліне кіретін өлеңдердің бірі. 1989 жылғы жинакта: «Өте берсе орыстың Бүкіл бөксе маржасы» деген жол кыскарып кеткен. 1992 жылғы жинакта толық берілген. Түркістанның ескі шаһары. Мұнда ескінің мазары мен базарының каймағы бұзылмаған. «Мазар сайын мың сопы Саулатып тұрған ғазалын». Мешітте азанын аңыратып тұрған молдалар. Әр тұста казанын бүлкілдетіп кайнатып жаткан базар. Соның бәрін акын екі-үш штрихпен окырманының көз алдына әкеліп кондыра кояды. Ескі шаһардың адамдары кандай? Олармен «Арбакеш», «Әйел» деген бөлімдер таныстырады. Арбасын арбандатып, ыңылдап әлдебір ән айткан арбакеш Ж. каламынан жанды пендеге айналып шыға келеді. Мешіт көрсе мөлие калады. Молдасы карсы келсе сәлемін сағыздай созады. Ал жанынан орыстың бүлкіл бөксе маржасы өтс берсе ыңылдауын күшейтеді. Бар-жоғы он бес, он алты жол. Соған бір типтік тұлға сыйып кеткен.

Т. Зікірин.

«ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ» – ескі Шығыс аңызының желісімен жазылған өлең. Алғаш Казан жинағында басылған. Содан кейінгі жинактарының 1992 жылғысынан баскасында бар. 1922, 1923 жж. басылымдарда: «Заманында Ескендір Жеті ыкылымды билеген», – болса, 1989 жылғы акын шығармаларында: «Заманында Ескендір Жеті әлемді билеген», –деп өзгерген. Ал 1995 жылғы нұсқасында 15-шумактын бірінші жолы «жан-жағынан караныпп» болып басылса, ен соңғы шумактың үстінен жұлдызша жансак койылыпты. 2003 жылғы жинакта акыннын көзі тірісінде шыккан нұсқалар калпына келтірілген.

«ЕСЛАМ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ» – Ж-тың өлеңі. 1936 ж. айдаудан оралған акын немере інісі Ахметжанның (Бекеннің ағасы Нұрмағамбеттің баласы) ауылына барады. Бұл ауыл Омбы мен Есілкөлдің ортасында екен. Сол ауылда Еслам деген жігіт кайтыс болып, ауыл кайғыда екен. Соған жұбату ретінде шығарған өлеңі. Ауылдағы 8 үй Мағжанды катты құрметтеп, әркайсысы кой сойып, конакка шакырады. Осы сегіз үйдің иесі түгелдей 1937 ж. репрессияға ұшырайды.

«ЕСІМДЕГІЛЕР» – Ә. Тәжібаевтың кітабы. 1995 ж. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шыккан. «... Россиядағы шығыс халыктарының ішінде орыс поэзиясының бұкарашыл-демократтык принциптерін барынша биік және берік ұстаған санаулы ірі акындардың бірі Абай десек, XX ғасырға ауыса берістегі орыс поэзиясындағы декадент символистер деп аталған ағымды берік

ұстанған шығыста Мағжан Жұмабаев еді... Мағжан біздің бітіспес жауымыз дегенді менің ұстаз ағаларым да айтты. Мен де солай сөйлеп, солай жаздым... Біз жүрегін ашып, шынын барлық даусымен жариялап келген үлкен акынды кабылдамадык. Опымыз теріс болды...», – деп жазды Т.

«ЕСІМДЕ... ТЕК ТАҢ АТСЫН» – Ж-тың өлеңі. «Казак» (1915, 25 маусым, №134) газетінде басылған және кейінгі жинактарының бәріне енген. Бұдан былайғы жерде акын көбіне-көп өз заманының сан кілы кескін-келбетін суреттеуге бет бұрады. Ол азаттык жолын өткеннен де, кеткеннен де, Батыстан да, Шығыстан да іздемейді, өз халкының ұмтылатын, арпалысатын аяусыз күреске түсетін шаруасы деп біледі.

«Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар, катты шаксын.
Жанадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төніректі, тек таң атсын».

Осы сөздер Ж-тың нағыз әлеумет акыны бола бастағанын көрсетеді. Акын патша өкіметін сұр жыланға теңей отырып, сол жылан казакты каттырак шаға түссе, казак та карсы кимылдар еді, бостандыкка ұмтылар еді дегенді айткысы келген. Бірнеше ғасыр бойы елін, ерін тонап, еркінен, елдігінен айырған патша өкіметін бостандык сүйгіш акын калай жаксы көрсін. Құрыкты алыстан салып, әуелі елдігінен, сонан соң дінінен, акыр аяғы тілінен айырмак болып отырған өкіметті акын жүрегі кабылдай ала ма? Сондыктан да ол аяк-колы шырмалған туған елін бейғам отырмауға үгіттейді. Акын енді ел бакыты үшін күрсу, кажыр-кайрат жұмсау кажет екендігіне көз жеткізген. Сол көніл-күйіне тіл бітіруге тырысады. Бар гәп казактың окуы жетпей жаткандығында ғана емес екендігін түсінген акын тағы да халкының өткен тарихына көз тастайды. Ел шетіне жау тигенде айнымас алдаспанды колға алып, кажымайтын канатты тұлпар мініп, жетпіс кабат жібекпен белді буып, мұздай темір құрсанып, жорыкка аттанған кезді еске алады. Бірак кейін ойын-күлкіге алданып, көп нәрседен макұрым калдык. Енді бейғамдыкты тастар уакыт жетті дейді. Халкын ұлт-азаттығы жолындағы күреске баулиды, отаршылдыкка карсы «жолбарыстай ұмтылуға» шакырады.

Н. Оқашева.

«ЖАЗҒЫ ЖОЛДА» – Ж-тың өлені. Сар далада жалғыздыкпен күн кешкен акын елдің, халыктың ертеңіне алаңдап, «Келем жалғыз жаяумын», – дейді. Табиғаттың алуан суреттері аркылы астарлы ойын жеткізеді. Жинактарының бесеуіне де енген. Кейінгі басылымдарда өленнің жазылу формасы өзгерістерге ұшыраған.

«ЖАЗҒЫ ТАҢ» – акынның өлені. Ен алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Одан кейін акын колымен біраз түзетулер енгізіліп, 1923 ж. жинағына енген. 1989, 1993 ж. кітаптарда да бар.

«ЖАЗҒЫТҰРЫ» – Ж-тың өлені. Алғаш «Айкаптың» 1912 ж. 4-санында жарияланған. «Шолпан» жинағына да енген. Бұдан кейін 1923 жылғы жинақта жарияланған. «Шолпан» мен 1923 жылғы басылымда аздаған айырмашылықтар бар. «Шолпандағы» «Жетті апрель, су ақты, қырдан ойға, Арық-тұрақ секіріп кетті тойға» деген жолдар 1923 ж. жинақта былай өзгертіліпті: «Су ақты, жетті апрель, қырдан ойға, Секіріп арық-тұрақ кетті тойға. «Сондай-ақ, «Шолпандағы» «Қайғы мұңдық қалмады ешбір ойда» деген жол соңғы басылымда «Алмады қайғы уайым ешбір ойда» деп өзгертілген. 1989 жылғы басылымда «Бай ауылы жылқы қамап, қыл күзетер» деген жол бар. Бұл 1923 жылғы басылымда «Ұлы бай жылқы қамап, қыл күзетер, Белсенген жылқышыға нокталатып» делінген.

«ЖАЗҒЫТҰРЫМ» – Ж-тың Абай үлгісімен жазған өлеңдерінің бірі. Ақын бұл өлеңінде мазмұнға сай форманы қолданып, алты жолдан соң жетінші тармақпен түйіндеп отырады. 1992 ж. жинактан басқаларына кірген. Ж. «Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап, Жібектей, көкорайлар жатқан жайрап, Сұлудай бұраңдаған бұтактарда, Ән қосып әртүрлі құс тұрған сайрап», – деп шалкиды, табиғат лирикасын өмірге сүйіспендік, құштарлық әуеніне бөлейді.

«ЖАЗДЫ КҮНІ ҚАЛАДА» – Ж-тың өлені.1922, 1923 жж. жинақтарда басылған.

«ЖАЗ КЕЛЕДІ» – Ж-тың өлені. 1989 ж. басылымда «Жел жалығып, хал жиып, Жұмсақ қана жымиып, Қалғып қана тербелед. «Жібек қанат жаз келед» деген түпнұсқаны өзгертіп, «Тербелед» – тің орнына «тербелер», «жаз келед»-тің орнына «жаз келер» деп өзгерткен. 1922, 1923, 1992, 1993 ж. жинактарға да енген.

«ЖАЗУШЫ» – Қазақстандағы, негізінен, көркем әдеби шығармаларды басып шығаруға маманданған баспа. Қазақ мемлекеттік баспасының жастар мен балалар әдебиеті, көркем әдебиет бөлімдері негізінде 1934 ж. құрылған. Ол «Қазақ көркем әдебиет баспасы» деп аталды. Баспаның тұңғыш директоры Ғ.Мүсірепов болды. 1941 жылғы 26 қаңтарда республикадағы барлық кітап баспалары қайта біріктіріліп, «Қазақ біріккен мемлекеттік баспасы» атанғанда аталған баспа да соның құрамына кірді. 1950 жылғы қаңтарында Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы қайта бөлініп, ол Қазақстан Мәдениет министрінің қарамағына беріледі. 1964 ж. «Жазушы» баспасы аталып, Қазақстан Министрлер кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағындырылды. Баспада проза, поэзия, көркем аударма, әдеби сын, қайта басылым, орыс әдебиеті, ұйғыр әдебиеті, музыка мен өнер редакциялары және балалар мен жастар әдебиеті бас редакциясы жұмыс істеді. «Жазушы» баспасы қазақ, орыс, ұйғыр, корей, неміс тілдерінде көркем әдеби шығармаларды, әдеби зерттеулер мен көркем әдеби сын жанрындағы еңбектерді, музыка, көркемөнер туындыларын, альбом, буклет, әдеби күнтізбелер,

т.б. шығарып тұрды. Ж. шығармалары ақын ақталғаннан кейін алғаш рет осы баспадан оқырман қолына тиді.

«ЖАЗЫЛАШАҚ ОҚУ-ҚҰРАЛДАРЫ ҺӘМ МЕКТЕБІМІЗ» – Ж-тың мақаласы. «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 5-санында Сахразада деген бүркеншік атпен жарияланған. Ақынның осы еңбегінде қозғалған мәселелер әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келеді десек, қателеспеген болар едік. 1920 ж. қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жоқтың қасы еді. Осы жағдайды ескерген Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынов мәжіліс шақырып, кеңес ашқан. 1921 ж. 14 қаңтарда Елдес Омаров, Әлихан Бөкейханов, Ғахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Хайреддин Болғанбаев, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, Сабыр Айтхожин сияқты зиялы қазақ азаматтары қатысқан мәжілісте қазақ тілінде 1 және 2-ші басқыш мектептер үшін оқулықтар жазу мәселесі көтерілген. А.Байтұрсыновтың баяндамасынан кейін мынадай қаулы қабылданады: 1) Осы мәжіліске қатысқан адамдар орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға тартылсын. 2) Осы мақсатта бұл жұмысқа Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамет Кеменгеров, Жұмағали Тілеулин, Сейітбаттал Мұстафин, т.б. тартылсын. Қаулы бойынша Ж-қа қазақ тарихын, әдебиет теориясын және педагогика оқулығын аударып жазу тапсырылған. Бұл қаулыны баспасөз бетінен оқыған Мағжан «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы №5 санында «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» деген тақырыпта мақала жариялайды. Бұл мақалада ол былай дейді: «Оқу құралдарының құралатын негізі – мектеп. Оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы... Олай болса, жазылашақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті... Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра алсақ, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт». Мақалада кездесетін П.П.Блонский (1884–1941), С.Л.Рубинштейндер (1889–1960) – белгілі кеңес педагогтары мен психологтары. Бұл туынды 1989 жылғы басылымға және 1996 жылғы үш томдық шығармалар жинағына енген.

«ЖАЙ ӘНШЕЙІН ОЙЫН ҒОЙ» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» газетінің 1923 ж. 25 қаңтардағы санында жарияланған. 1989 ж. кітапқа енген.

ЖАЙЛЫБАЙ Ғалым (9.2.1958, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд. Жеңіс а.) – ақын. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (1999). Түркияның Сапанша қаласында өткен (2001) халықаралық жыр мерекесінде «Ақшам жұлдызы» арнайы сыйлығын иеленген. Ресей Халықаралық Жазушылар ұйымының С.Есенин атындағы Алтын медалінің иегері (2009). Аудандық, облыстық басылымдарда қызметте болған. 1993 ж. Қазақтың менеджмент, экономика және болжау институтын

Жайлыбай Ғалым

әлеуметтанушы мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде, түрлі басылымдарда қызмет атқарған. «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Қазақ радиосының» бас редакторы болып қызмет еткен. 2007 – 2018 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары болды. 2018 ж. 13 наурызында «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып тағайындалды. «Жанымның жапырақтары» (1988), «Жүрегімнің жұлдызы» (1966), «Құс қанаты» (2001), «Қарашығымдағы қара өлең» (2006), «Ардакүрен» (2008) атты жыр кітаптарының, «Тағдырымның тамыры» (2008) әдеби мақалалар жинағының авторы. Өлеңдері орыс, украин, түрік, қырғыз, т.б. халықтар тілдеріне аударылған. Халық ақыны Жолдыкей Нұрмағанбетұлының артында қалған мол мұрасын жинап, алғы сөз жазып, жинақ етіп бастырған («Сұлу терек», 1996). Қытай Халық Республикасының Күйтің қаласынан шыққан қазақ ақындарының «Сүмбіле» атты жыр жинағына өлеңдері енген. Ж-дың «Қызыл інір. Қызылжар», «Толқындар», «Есіл ағады» сияқты Ж-қа арналған көптеген өлеңдері бар («Ғалым Жайлыбай. Шығармалары, Аст., 2014, «Мағжан» журналы, 2015, №1).

ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ 21 шілдеде Орынборда ашылып, 26 шілдеде жабылды. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының өкілдері қатысты. Съезд жұмысына Халел Досмұхамедов төрағалық етті. Съезде Х Құрылтай жиналысы сайлауына дайындық мәселесі де қаралып, һәм қазақ облысынан сайланатын депутаттардың кандидатуралары талқыланды. Лайықтылардың қатарында Ж-тың да аты аталып, тізімге енгізілді.

«ЖАМБЫЛҒА» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңін ақын кезінде КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаевқа жазған ашық хатына қоса жолдаған. 1989 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан ақынның шығармалар жинағында «Жамбылға» өлеңінен жалғыз ғана шумақ аз-маз өзгерістермен берілген. Осы мәтін 2002 ж. Ж. шығармаларының 3 томдығында да өзгеріссіз қайталанды. Ал, шын мәнінде, «Жамбылға» өлеңі 24 шумақтан тұрады. «Енді ұмыт жеті жылғы жолды тастақ…», – деп ақын өзі айтқандай, жеті жыл отырып келіп, қайтадан әдеби ортаға сіңісіп кету, өлеңін жариялату «тап жауы» Ж. үшін қиынның қиыны болғаны анық. Басқа амалы қалмаған ол еріксіз өзін ақтап алу үшін осы ашық хатын және оған қоса «жаңа қоғам талаптарына сай» өлеңдерін жазған.

Л. Жанысова.

Жамбыл Жабаев

ЖАМБЫЛ Жабаев (1846, Жамбыл обл., Жамбыл тауының етегі – 22.6. 1945, Алматы обл. Ұзынағаш а.) – ақын, жырау, жыршы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы. Ж-дың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық, жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М. Әуезовтің «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды», – деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін ертерек шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп, шыркын бұзып үлгергенде, Жетісу алабы әзірше қағаберісте еді. Екіншіден, бұл өңірдің ертеден тамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі, шын мәнінде, XIX ғасырдан бергі уақытта айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау Аркадан ұлы Абайдың, Біржан, Шашубай, балуан Шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың, Таластан – Жалайыр Түбектің, оңтүстіктен – Майкөт пен Майлыкожаның, Атыраудан – Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді. Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Ж-дың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған. Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Ж. Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Мұнан әрі сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланаян Құлманбет сияқты жүйріктермен айтысқа түскен Ж-дың мерейі ұдайы үстем болып отырған. Бұлар ғана емес, қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер сайыстырып, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шыңдай түседі. Ж. енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, жыраулық өнерін таныта бастайды. Ж-дың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Ж. өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен

азаматтық жауапкершілікпен жырлайды. Ж. Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үміт артады. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 ж. жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, карт ақынның есімі бүкіл елге жайылды. Оның 1936 – 1945 жж. аралығында шығарған жырлары 13 мың тармактан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлады. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның карт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сиякты эпикалық туындылар қайта жаңғырып актарылады.

Мағжан айдаудан оралғаннан кейін «Жамбылға» деген өлеңін жазған.

«Токсанда тұрған Жамбыл карт –
Одактан озған дара акын.
Жан жүрегі балдырған,
Ойы дария дана акын», – деп бастаратын, 24 шумақтан тұратын өлеңінде Мағжан Ж-ды көзі ашылмай жаткан кенге теңеп, Октябрь төңкерісінен кейін ғана оның шабыты шалкығанын жазады.

ЖАНДЫБАЕВ Ғұсман – акын, аудармашы, көптеген жыр жинактарының авторы. Оның «Шолпанның күнәсі» туралы «Акын жазса әңгіме» деген мақаласы «Қазак әдебиеті» (2013, 28 маусым – 4 шілде) газетінде жарияланған.

«ЖАН ЖАРЫМДЫ БІР СҮЙЕЙІН ТҮСІМДЕ» – Ж-тың өлеңі. «Үш жүз» түрмесінде отырғанда жазылған. Отбасын көруге зарығып сағынғаны байқалады. Акын бұл өленін өзінің бірінші әйелі Зейнепке арнап отырған сиякты. 1922 жылғы жинакта такырыпсыз берілген. 1923 ж. акын жоғарыдағы такырыпты койған. 1989, 1992, 1993 жж. жинактарға да енген.

ЖАНСҮГІРОВ Ілияс (11.5.1894, Алматы обл., Аксу ауд. – 1938) – акын. Қазак әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Алғашында өз әкесінен, ауыл молдасынан сауат ашкан. Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепте окыған. 1919 ж. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курска түседі де, оны бітірген соң мұғалім болады. Аз уакыт «Тілші» газетінде істейді. 1922 ж. Верныйдағы казак ағарту институтының менгерушілігіне тағайындалады. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына окуға түсіп (1925), оны бітіргеннен кейін (1928) «Еңбекші казак» газетіне кызметке алынды. 1933 – 1936 жж. ҚАССР Орталық Аткару комитетінің мүшесі болды. Бұрын (1926) құрылған ҚазАПП таратылып, оның орнына 1932 ж. қайта ұйымдастырылған Казакстан Жазушылар одағының ұйымдастыру комиссиясының төрағасы кызметін 1934 жылғы I съезге дейін аткарады. Тарихи такырыпта «Кек» (1931), «Түрксиб», «Исатай – Махамбет» (1936) атты драмалық шығармалар жазды, «Жолдастар» романы (1935) жарық көрді. Акын халыктың бай фольклорын жинауға, оны бастырып, халық игілігіне айналдыруға көп еңбек сінірді. Әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді жұмыс аткарды. А.С.Пушкиннің көптеген өлеңдерін, «Евгений Онегин» ро-

Жансүгіров Ілияс

манын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды (1937). М.Ю.Лермонтовтың «Ақынның өлімі», «Тұткын», «Қанжар», Н.А.Некрасовтың «Темір жол», М.Горькийдің «Дауылпаз», В.В.Маяковскийдің «Лениншілер» сияқты туындыларын тәржімалады. Ол он беске жуық поэма жазды. Бұлардың кейбірі «Рүстем қырғыны» (1926) ақынның көзі тірісінде жарияланған жоқ. Ал «Мақпал», «Исатай» (1937), «Көбік шашқан» поэмалары аяқталмай қалды. «Кәмпеске» (1928), «Мәйек» (1929), «Жаңа туған» (1933), «Жорық» (1934) поэмаларында жаңа заман шындығын эпикалық үлгіде кең толғап жырлауға талпына отырып, тың тақырыптың қиындықтарына да кездесті. Ақындық талантын қалтқысыз танытқан поэмалары: «Күй» (1929), «Дала» (1930), «Күйші» (1934), «Құлагер» (1937). Қазақстанның бірсыпыра ауыл мектептері және Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университеті оның есімімен аталады. Ақынның таңдамалы шығармаларының бір томдығы (1958), толық жинағының 5 томдығы (1960 – 1966) баспадан шықты. Қазақстан Жазушылар одағы І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлық тағайындады.

Бертін қуғын-сүргін кезінде Қазақстан үкіметін басқарған Л. Мирзоянның Сталинге жолдаған құпия хаты жарияланып, көпшіліктің талқысына түскені белгілі. 1937 ж. 2 желтоқсанында «аса құпия» деген таңбамен жолданған хатта «қоғамға жат элементтерді тазалау үшін» 1600 адамды атуға лимит сұралған. Сол хаттан кейін 1938 ж. қазақ интеллигенциясының Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Әлібек Қоныратбаев, Смағұл Сәдуақасов, Ахмет Бірімжанов, Нығмет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрекұлов, Ыдырыс Мұстамбаев, Біләл Сүлеев, Мырзағазы Есболов, Абдолла Асылбеков, Әбдірахман Айсарин, Сейітқали Меңдешев, Жалау Мыңбаев, Халел Ғаббасов сынды ірі каймақтары атылып, сотталды. Бұл топтың бел ортасында Мағжан Жұмабаев та бар еді. І Жансүгіровтің жары Фатима Ғабитова Ж-тың жары Зылиха мен жақсы таныс болған. Олар күйеулері ұсталып кеткеннен кейін кездесіп, бір-біріне қолдау білдіріп тұрған.

«ЖАН СӨЗІ» – Ж-тың өлеңі. «Енді бір ай болады – жиырма жеті» дегеніне қарағанда, өлең 1920 жылғы мамырда жазылған сияқты. Ж. 27-ге 1920 жылдың 25 маусымында келген. Қызылжарда 1920 ж. мұғалімдердің советтік курсы ұйымдастырылды. Оған әдебиет пен педагогика курсынан сабақ беруге Ж. шақырылды. Бірақ көп ұзамай «Ертегі» поэмасын оқығаны үшін Кенесары мен Сыздықты дәріптедің деп оны оқы-

тушылықтан босатады. Ақын көңілі құлазып сала берді. Кеудесіне шер толды. 1922 ж. басылымда: «От та еді, дауыл да еді, құйын да еді, Тұншығып, жат ақыным, деп күлер ме? » деген екі жолды 1923 ж. ақын: «Ойы жоқ, ессіз отты Тәнірі көрген Тұншығып, жат есерім, деп күлер ме?» – деп өзгертіпті. «Жан сөзі» – Ж-тың мұңлы-зарлы өсиеті де. «Отыз, қырық... картаям, сөнем, өлем, Елімс есебімді не деп берем?!» – деп халық алдындағы парыз, қарызын қатты сезіне отырып, сол есебінің ұзын-ырғасын шамалап та байқайды. Жорамал түрінде айтылып, жауабы да бірге жүретін риторикалық сипатта сұрақтар қояды.

«ЖАН СӨЗІ» (өлеңдер мен дастандар) – Ж-тың кітабы. А., «Раритет», 2005. 256-б.

«ЖАН СӨЗІ» – Қазан қаласында татар тілінде басылып шыққан Ж-тың өлеңдер жинағы. Өлеңдерді татар тіліне Нури Арсланов, Мәдәррис Әгьләм, Флера Тарханова, Рәдиф Гаташ сында белгілі ақындар аударған. Таралымы – 1000 дана.

М. Сүлеймен.

ЖАНТӨРИН Сәлімхан – қоғам қайраткері. Ж-пен Уфадағы «Ғалия» медресесінде бірге оқыған.

«ЖАҢА МЕКТЕП» – журнал. Ж. «Жерлестік» ұйымының қаулысынан кейін де шығармашылығын тоқтаткан жоқ. Ол Мәскеуде болған 1923 – 1927 жж. бірсыпыра жаңа өлеңдер жазды. Ақынның Мәскеудегі үлкен олжалары – «Жүсіп хан», «Өтірік ертек», «Толғау», «Токсанның тобы», поэмалары. Бұларда оның жаңа өкіметке ниеттестігі айқын байқалады. Бұлардан басқа, Мәскеуде ақын «Шын ертек», «Қаныш бай хиссасы», «Жылқышы», «Қарындастар», т.б. өлеңдерін баспасөз бетінде жариялады. Ж-тың балаларға арналған бір топ өлеңдері («Абай», «Ақ қала», «Жұбату», «Ата-баба», «Жылқышының үйінде», «Сұр құлын», «Сылдырмақ», т.б.) «Жаңа мектеп» журналында басылды.

«ЖАҢҒЫРЫҚ» – Ж-тың өлеңі. Көзі тірісінде баспасөзде жарияланған болуы керек, бірақ кейінгі ешбір кітабында жоқ.

«ЖАРАЛЫ ЖАН» – Ж-тың өлеңі. 17 жылғы Ақпан төңкерісі қазақ азаматтарының ұлттық сезімінің тұтануына зор ықпал етті. Олар әлеумет жұмысына араласа бастады. Алайда, Сібірді Колчак билеген кезде патша заманының қара күні қайта туды. Қазақ, орыс атамандары Сібірдегі қазақ даласын шарлап, қазақтың басына әңгіртаяқ ойнатты. Ж. бостандықты жырлады. «Ж. ж-да» қазақтың басына түскен ауыр күндерді суреттеді. Ж. «Азамат, анау қазақ қаным десең» деп азаматты елін қорғауға шақырды. Ол жаңа заманнан теріс айналған жоқ. Көрген-білгенінің бәрін шындық тезіне салды. Мағжанның ұлылығы – ол шындықтың көзін жазбай тапты. Қағазға бедерлеген сөзінің салмағын сорлы халқының пайдасын таразылайтын безбенмен өлшеді. «Жаралы жан» өлеңі – осы айтқанға дәлел болатын типтілік шығарма. Өлең қазақ халқының төңкеріс қарсаңындағы хал-жайын бейнелі түрде сараптайды. Қазақ – жаралы жан, құба жолда қансырап жатыр. Бұл бейне ақын жүрегінде неліктен

туғанын 1916 жылғы оқиғалардан іздеу жөн. Көтеріліс қазақты бір есеңгіретуін есеңгіретіп жіберді. Жүздеген мың қазақ оқа ұшты, елдерін тастап қашты. Боскындар тізімін Ресейде бастаған ешкім де емес, қазақтар. Боскын болмағанда ше? Қазақтар бірден құрулы қақпанға түсті. Олар сойыл-шоқпарларын, найзасын кезеніп атқа қонғанда орыс патшасы әскерлері және 1914 жылдың өзінде-ақ әбден жарақтандырылып қойған орыс қазақтары мен қоныс аударушы кулактар мұздай қаруланған еді. «Ж. ж.» 1917 ж. жазылса, онда төңкеріс туралы айтылмауы мүмкін емес. «Ж. ж-да» революция, бостандық деген сөздер кезіге қоймағанмен, әлдебір өзгерістің болғаны айқын білдірілген. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ж. үшін шешімі табылмаған жұмбақ тәрізді. Бір өзгерістің болары анық. Бірақ сол өзгеріс қазаққа қалай тиімді? Осы тұста ақынның назары қазақ оқығандарына ауады. Оларды сын сағатта халқына жәрдем беруге шақырады. Жаралыға жан бітіретін ұжмақ суы солардың қолында сияқты. Мұның астарында сол кезде өріс алған алаш қозғалысына үндеу бар тәрізді. Ақын бар салмақты соларға салады.

«ЖАРЫМ» – Ж-тың өлені. 1923 жылғы жинаққа енген. 1989 ж. жинақта: «көз салдырмайд» деген сөзді, «бұрылтпайды» деп өзгерткен. Сол сияқты «Әкем маған: «Сауда қылып мал тап!» – дейд», - деп басталатын шумақтағы «дейд» сөзін «дер» деп жазған.

«ЖАРЫМА» – Ж-тың өлені. Алғаш «Қазақ» (1915, 22 сәуір, №121) газетінде басылып шыққан. Кейінгі төрт жинақта да бар. Ұраны «Алаш», өзі «Тәнірі» болғанмен, большевиктер «Алаш» пен Колчакты жай қоймаған соң байшыл ақын бәйгеге басын тікті. Күреске белін буды. «Жарыма» деген олеңінде:

«Жан жарым, ұзын, қиын түстім
жолға,
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақшөл, отсыз, сусыз,
қайнаған құм,
Ыскырған жылан-шаян оң мен солда.
Өткелсіз, карлы, отты таулар аскар,
Мейрімсіз табан тілер кия тастар.
Кім білед, қуат құрып, арып-талып,
Төгетін күндер болар ыстық жастар.
Жол ұзақ, жақын үшін жаннан
кештім,
Бауырдың халін көріп,
бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күй, жыла,
қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр,
жолға түстім», –

дейді.

«ЖАС АЗАМАТ» – 1918 ж. мамырдың басында Омбыда өткен Алаш жастарының бүкілелдік бірінші съезінде құрылған ұйым. Съезге Семейден Мұхтар Әуезов, Омбыдан Мағжан Жұмабаев, Қошке Кеменгеров, Аккағаз Досжанова, т.б. қатысты. Съезде Қазақстанның әр қиырындағы жастар ұйымдарының басын қосатын «Жас азамат» ұйымы құрылып, оның басқармасы сайланды. «Жас азамат» газетін шығару ұйғарылды.

«ЖАС АЗАМАТ» – қазақ жастарының саяси-қоғамдық, экономикалық газеті. Іс жүзінде қазақ жастарының

«Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы мен барша Алаш жастарының ұйыткысы болған «Жас азамат» ұйымының органы болды. 1918 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылдың ақпан айына дейін барлығы 22 саны жарық көрді. Қызылжар қаласында араб әрпімен басылды. Жауапты шығарушылары – Қ.Кеменгеров, Б.Малдыбаев, бастырушысы – «Алаш серіктігі». Газеттің негізгі саяси бағыты оның 1-санында жарияланған бас мақалада айқын көрсетілді. Ол – «ұлт бостандығы, ұлт теңдігі, елдік пен ұлттың тұтастығын сақтау». Бас мақалада: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алыңыздар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай енсесі түскен елді ойландар! Жасасын, Алаш Орда! Жасасын, Алаштың көшбасылары! Жасасын, Алаштың жаужүрек ұлтшыл жастары!» деген ашық ұран тасталды. «Жас азаматтың» бірінші санында Ж-тың «Жастарға» атты өлеңі, 18 тамыз күнгі 3-ші санында әйгілі «Мен жастарға сенемін» өлеңі жарияланды.

Газет мақалаларының авторлары көрсетілмеді, жекелеген авторлардың бүркеншік аттары ғана аталды. Негізінен, Ресейдегі саяси жағдай, жер мәселесі, Алашорда үкіметі мен уақытша үкімет қызметі елдегі шаруашылық жайлары, мәдени хабарлар, өлең, фельетондар жарияланып тұрды. Газет Кеңес өкіметі орнаған соң жабылды.

Т. Рсаев.

«ЖАС АЛАШ» – жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 ж. 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ғ.Мұратбаев, жауапты хатшысы І.Жансүгіров болды. Сол кездегі қаржы тапшылығына, т.б. себептерге байланысты басылым – «Жас қайрат» (1925), «Өртең», «Жас қазақ» (1923) газеттері және осы аттас журнал түрінде шығып тұрды. Газеттің жабылып қалмауын ойлаған С.Сәдуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов «Еңбекші қазақтың» бір бетін «Лениншіл жас» деген атпен де шығарған. Газет 1927 жылғы 22 қыркүйектен «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Бұл басылым қай кезде де қазақ жастарының азамат болып қалыптасуына үлкен еңбек сінірді. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін газетке «Жас Алаш» атауы қайтарылды.

О баста негізінен жастарға бағдарланғанымен, бүгінде «Ж. А.» – үлкен-кіші үзбей оқитын дәстүрлі әрі жаңашыл басылым. Сонымен бірге ол Қазақстандағы белгілі де беделді журналистика кадрларын тәрбиелеп шығарған ұстахана іспетті. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, журналистикасы мен публицистикасының небір майталмандары еңбек жолын осы қарашаңырақтан бастаған. «Ж. А-тың» өзіне тән ең бірінші сипаты – оның өткірлігі мен турашылдығы, жаңашылдығы мен тапқырлығы. Ақпаратты мейлінше объективті беруі және мәселелерге жаңаша көзқараспен келіп, терең сараптауы «Ж. А-ты» ақпараттық кеңістіктегі беделі-

ді басылымға айналдырып, кәсіби газет деңгейіне көтерді. «Ж. А-та» Ж-тың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер жиі жарияланды. Басылым Ж. 1938 ж. атылған жоқ деген адамдардың сөздерінің шындығына көз жеткізу мақсатында Колымаға экспедиция ұйымдастырды. Бірақ ешқандай тың дерек табылған жоқ.

«ЖАС КЕЛІН» – Ж-тың өлеңі. Ақын бұл өлеңінде ұлттық ізгі дәстүрлердің бәрі сақталып, әдеп пен ынабаттылық аяқасты болмауы қалайтынын білдіреді. Алғаш рет «Шолпанда» басылған. 1923 ж. Ташкент, 1989 ж. Алматы,1993 ж. Анкара жинағына да енген. Мұнда бір ғана жол өзгертілген. «А-а» деп шығармай, – деген жол 1923 ж. жинақта «Ләм деп бір сөз шығармай» болып өзгеріпті.

«ЖАС ҚЫЗ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңінде ақын қазақ әйелінің ауыр халі патриархалдық-феодалдық қоғамның қатыгездігінен деген ойын ортаға салады.

«ЖАС МАҒЖАНҒА» – Ж-тың бертін табылған өлеңі. 1936 ж. айдаудан қайтқан ақын Омбы жағындағы нағашыларына қонаққа барады. Сол күндердің бірінде Баймұқан деген кісінің әйелі босанып, ұл табады. Баланың атын шілдеханаға жиналған жұрт Мағжан қояды. Бұл ілтипатқа ақын осы өлеңімен жауап береді. Өлең жас сәбиге арналған мынадай сөздермен аяқталады:

«Мен туғанда ақын ағам келді де,
Келіп маған ақ батасын берді де.
Өс, бөбегім, жас балауса құрақтай,
Өмір – керуен, бір сәт токтап корді ме?!».

Е. Тілешов.

«ЖАС СҰЛУҒА» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең 1992 жылдан басқа ақын кітаптарының бәріне енген.

«ЖАСТАРҒА» – Ж-тың өлеңі. Алғаш рет 1918 ж. Петропавлда «Үш жүз» газетінің баспаханасында шыққан «Жас азамат» газетінің бірінші санында басылды. Өлеңнің аңдатпасында ақын: «...Жастар! Алда жүрген, алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі-өнеге алыңдар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай енсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді – түн, жақынынды – жат, пайданы зиян деп жүрген толық саяси құқықтарын іздеп алуға ержетіп, есі кірген елді ойлаңдар...», – деп жазды.

«ЖАТЫР...» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланған. Одан соң 1912 жылғы «Шолпан» жинағына енген. 1989 жылғы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» кітабында біраз сөздері өзгертілген. Мысалға, 1912 жылғы кітапта «Астана жұрт билеген адамдарды» деген жолды, 1989 жылғы басылымда «Әуелде жұрт билеген адамдарды» деп, «астананы» «әуелде» сөзімен өзгерткен. Сол сияқты «Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр» дегенді «Айтысып молдалармен іріп жатыр» деп, «Сезінбей өз өлгенін, өзгенікін, Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?» деген жолды «Сезінбей өзгенікін, өзінікін» деп өзгерткен.

«ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАНҒА» – Ж-тың өлеңі. 1923 жылғы басылымда

осы такырыптан кейін жакшаның ішінде «М. Д-ға хат» деп жазылған. Соған карағанда өлең Міржакып Дулатовка арналған. Патша саясатына карсы жүргізген әрекеті үшін М. Дулатовты жергілікті жандармерия бірнеше рет тұткынға алған болатын. Сондай бір кезекті камау кезінде жазылған. «Шолпан» және 1992 ж. баска жинактарының бәрінде бар. 1922 ж. басылымда: «(М. Д-ға хат)» деген жок, мұны 1923 ж. басылымда автор өзі коскан.

«ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖЫРЫ» – Ж-тың өлеңі. Ғ.Тоғжанов 1918 – 1919 жж. жазылды дейді. Мазмұны сол кездегі жорык рухына сай. Ал елінің, жерінің намысы үшін тәуекелге бел байлап, жанын пида етуге даяр жастар касиетін жырлау, мадактау жағынан карағанда, бұл – біздің уакытымызда да шыркатып айтуға тұрарлык шығарма.1989 жылғы жинакта «Ұлт дегенде көпіріп, Ұлтымнан мен садаға, Жарайсың, каным, кайнадык, Бекіндім басты байладым», – дейтін шумакты «Ел дегенде көпіріп, Халкымнан мен садаға, Жарайсың, каным, кайнадың, Бекіндім, басты байладым» деп өзгерткен. «Ұлт» деген сөзден кашып, оны бірде «ел», бірде «халкым» деген.

«ЖӘЖЕКЕ» – акынның бүркеншік аты. Ж-ты балалар мен жас келіндері осылай атаған. Акын кейін жаза бастаған кезде соны бүркеншік атка айналдырып, өзінің кей шығармаларына осылай кол койған. Жалпы, Ж-тын бұдан баска Сахразада, Мыжмыж, Балапан, М-Ж, Ж-М деген псевдонимдері де болған.

«ЖӘЖЕКЕ» – акынның туған ағасы Қаһарманның ұлы Ғ. Қаһармановтың кітабы

ЖӘНІБЕКОВ Угар (Мұкатай (1887, бұрынғы Семей обл., Каркаралы уезі, Теміржол бол. – 1932) – коғам кайраткері. Ресей империясының Чита каласы маңындағы Замятин шахтасында жұмыс істеп жүріп, 1905 ж. жұмысшылар ереуіліне катысканы үшін шахтадан куылады. Кейін Лена алтын кеніндегі жұмысшы козғалысына катысып (1912), жер аударылады. 1917 ж. босап шығып, Омбыдағы депутаттар кеңесінің жұмысына араласады. Омбы маңындағы Куломзино станциясындағы ак гвардияшылармен соғыста бір топ достарымен тұткынға алынып, ату жазасына кесіледі. Камаудан кашып шығып, астыртын большевиктер ұйымын құрады. Кейін Колчак әскерлерінің колына түсіп, Красноярск түрмесіне жөнелтіледі. Бұдан кашып шығып, Омбы уездік милициясының атты әскеріне алынады.

Ж. өмірінің соңғы жылдары Петропавл губерниялык аткару комитеті революциялык трибуналының нұскаушысы, мүшесі, Каркаралы уездік милиция бөлімінің, Казакстан өлкелік милиция мектебінің, Семей калалык милиция бөлімінің бастығы болып кызмет аткарды.

Бірде Ж. Кызылжардағы Совет – партия мектебінде ұйымдастырылған әдеби кеште өлең окиды. Мұны сол кезде бағы жанып тұрған большевик Ж-тің көзі шалып калады. Ол акынды шакырып алып, жұрттың көзінше ұрсып акырады. «Сен, Алашорданың құйыршығы, өзіннің сандыракка толы өлеңдеріңмен кеңес адамдары-

Жәнібеков Өзбекәлі

ның басын қатыруды қой. Өзіңнің күніннің батқанын қалайша түсінбейсің?» – деп ақырып, жекіреді.

«ЖӘМИЛА» – Ж-тың өлеңі. Өлең 1992 жылдан басқа ақын кітаптарының бәріне енген.

«Ж-ҒА» – Ж-тың Жамал Тастеміроваға арнаған өлеңі. Баспа бетін алғаш рет 1923 ж. көрген өлең 1992 жылдан басқа ақынның барлық жинағына енген. Ж. – әйгілі жазушы Хамза Есенжановтың әйелі Софьяның апасы. 1905 ж. туған ол тоқсаннан асқан шағында қайтыс болды. Алматыда тұрды. Міне, осы Ж-ды ата-анасы сол кездегі қазақ заңымен Қызылжардың Мұса Мәубиев деген байының Зәкария деген ұлына айттырып қояды. Бірақ өсе келе қыз әлгі жігітке барғысы келмей, сырын Мағжанға ашады. Ақыры мұның аяғы үлкен дауға ұласады. Кейін Ж. әйелдердің сауат ашу мектебінде оқыған кезде өзіне орыс тілінен сабақ берген Таупық Бердіғожин дейтін адвокатқа тұрмысқа шығады. Алайда, өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қуғын-сүргін кезінде Т. Бердіғожин де ұсталып, жер аударылады, 1940 ж. сол жақта қайтыс болады. Ақын 1922 ж. тойдан кейін «Ж-ға» деген тақырыппен Ж-ға арнап өлең жазып, «Бостандық туы» газетінде жариялайды. Бұл өлең Ж-ға арналғанмен, өмір жайлы толғау іспеттес. Ақын жар таңдар кезде жүрек әміріне жүгінген Ж-ға ағалық ыстық ықыласын білдіріп, өмір жолында кездесетін неше түрлі келеңсіздіктерден сақтандырады, ақыл-кеңес береді:

«Жақын емес, ата-ана, туғандар!
Көз жасында олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанған жаның
көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта,
шегіп зар.
Жақын жан сол-жақын болсын
жаныңда,
Табынсын ол Тәңірі көріп арыңа.
Ұзын жолда осындай жан
ұшыратсаң,
Қарашығым, тезірек ал жаныңа».

Ақын осылай Ж-ды тұйықтан алып шығып, теңіне қосылуына жол ашады.

ЖӘНІБЕКОВ Өзбекәлі (28.8.1931, Оңтүстік Қазақстан обл., Отырар ауд. Сарықамыс а. 22.2.1998, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты (1990). Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) бітірген (1952). Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысының Келес ауданында мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі (1952 – 1955), Келес аудандық комсомол комитетінің 1-хатшысы (1955 – 1956), Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы (1956 – 1961), Қазақстан АКЖО ОК-нің 1-хатшысы (1961 – 1970), Қазақстан Компартиясы Торғай облыстық комитетінің хат-

шысы (1970 – 1975), Қазақстан Компартиясы ОК-нің шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі (1975 – 1977), Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасары (1977 – 1988), Мәдениет министрі (1987 – 1988), Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы (1988 – 1991) қызметтерін атқарды. Ж. қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Ж-тің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Аркас» қоғамы құрылды. Ж. «Шертер», Адырна», «Алтынай», т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. «Наурыз» мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты. «Қазақтың ұлттық қолөнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кітап) еңбектері жарық көрген.

«ЖЕЛ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңде абақтыда отырған ақын желмен сырласады. Сырласа отырып, Сарыарқаны сағынышпен еске алады. «Жібермейді қара темір қайрымсыз, Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін» деп қамығады. 1992 жылғы жинақта жоқ, басқаларында бар.

«ЖЕЛ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең тақырыптас болғанмен, алдыңғы өлеңнен мазмұны жағынан ғана емес, түрі, құрлымы жағынан да өзгеше. 1923 ж. басылымда:

«Жел – тым тентек бір бала.
Ерні өтірік қыбырлап,
Жан сүйгені сар дала.
Сыр айтқан боп сыбырлап,
Дамыл алмай жүгіред.
Кейде өгіз боп өкіред», – тәрізді болса, 1989 ж. жинақта «Дамыл алмай жүгірер. Кейде өгіз бол өкірер» деп өзгерткен. Яғни, «д» әрпін «р» әрпімен алмастырған.

«ЖЕРДІҢ ЖҰМЫРЛЫҒЫ» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» (1924, №416). Ақынның осы өлеңінен жаңа өмір өркендері аңғарылады. Ол күні кеше

ғана амандасқанда «шүкірлік» деген сөзді айта алмай «Шү-ү-ү» деп тұтығатын қазақ қызының енді советтік трибунадан баяндама жасап тұрғанын көріп сүйсінеді.

«ЖЕР ЖҮЗІНЕ» – Ж-тың өлеңі. Патшаның отаршылық саясатына қарсы жазылған. Жинақтарының бәрінде де бар.

«ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН» – Ж-тың өлеңі. 1922 және 1923 жж. жинақтарға енген.

«ЖЕРЛЕСТІК» – Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілері университетінің жанынан ашылған студенттер ұйымы. 1924 ж. қарашаның 24-і күні аяқастынан осы ұйымның жиналысы болады. Оған Мәскеуде оқып жүрген 60 шақты жастар қатысады. Олар Ж-тың 1923 ж. Ташкентте шыққан өлеңдер жинағын талқылайды. Жиналыстың ақын ұстанымын әділ талдау үшін шақырылмағаны, көріне пәле іздеуге жиналғаны бірден сезілді. Жиналысқа жинақтың авторы – сол кезде Мәскеуде тұратын Ж-тың өзі шақырылған жоқ. Баяндаманы Нәзір Төреқұлов жасайды. Жиналыс «Мағжан өлеңдерінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді» деген сындар айтып, «Мағжанның өлеңдері бұдан былай газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген қаулы қабылдайды.

«ЖИІЛЕНДІ ҚАРА ОРМАН» – Ж-тың өлеңі. Ақын жинақтарының бесеуіне де енген.

«ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» – монографиялық еңбек. Авторы – С.Мұқанов. Құрастырған – Н.Исмагулова. «Атамұра» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көлемі – 384 бет. Таралымы – 1000 дана. Автордың «ХХ ғ. қ. ә.» (1-бөлім: ұлтшылдық, байшылдық дәуірі) атты әдеби-зерттеу еңбегі Қызылорда қаласында 1932 ж. жарық көрген. Алашорда өкілдерінің өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәліметтерге бай бұл еңбек кеңес заманының идеологиялық сынына ұшыраған, ғұмыры тым қысқа болып, оқуға және қайта басуға тыйым салынған. Еліміз егемендік алып, алашордашылар ақталған тұста автордың осы еңбегі бірден-бір ақпарат көзіне айналып, әдебиетіміздің ақтаңдақ тұстарын толтыруда үлкен рөл атқарды. Латын әрпімен басылған бұл туынды Ұлттық және орталық кітапханаларда микрофильм ретінде сақталған. Осыған байланысты бұл еңбекпен

тікелей жұмыс істеуге екінің бірінің мүмкіншілігі болған жоқ. Зерттеу еңбек кирилл әрпімен хатқа түсіріліп, қайта бастырылып, көпшіліктің пайдалануына ұсынылған. Еңбек екі бөлімнен («Әдебиеттегі ұлтшылдық, байшыл дәуірдің сыны», «Ұлтшыл – байшыл дәуірдің ақын-жазушылары») және алты тараудан («Ұлт деген не?», «Ұлтшылдық неден шықты», «Қазақтың ұлтшыл оқығандары», «Ұлтшылдықтың өркендеуі», «Алашорда», «Төңкеріске қарсылық») тұрады. «Тұрмыстың, тартыстың кей кезі жігерден еш нәрсе шығармай қоятын уақыты да болады. Ұраны «Алаш», өзі «Тәңірі» болғанмен, большевиктер «Алаш» пен Колчакты жай қоймаған соң байшыл ақын бәйгеге басын тікті. Күреске белін буды», – деп жазды автор Ж. туралы.

С. Хасенов.

«20-30-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» (1-КІТАП) – зерттеу монографиясы. Жауапты шығарушы – Б.Дәрімбетов. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған. А., «Ғылым» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көлемі – 512 бет. Таралымы – 1000 дана. Монографиялық кітап 1920 – 1930-жж. әдебиетті шолатын және әдебиеттің әйгілі қайраткерлерінің шығармаларын жеке-жеке портрет ретінде зерттейтін тараулардан тұрады. Монография аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму барысын тұтас қарастырып, әдебиетке жаңаша көзқарас әрі жаңаша бажайлау тұрғысынан жазылған. Әдеби жанрлардың өзіндік даму ерекшеліктері және әдебиеттің жаңа заманға бейімделу үдерісі, сондай-ақ, әуелде демократиялық бағытта болған қазақ әдебиетінің бірте-бірте социалистік реализм деген бірыңғай арнаға түсуі нақты ғылыми талдаулар арқылы қарастырылған. А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтың шығармаларына арналған монографиялық тараулар бұл еңбектің құндылығын арттыра түскен. Кітап әдебиет зерттеуші ғалымдарға, ЖОО-ның оқытушыларына, аспиранттар мен студенттерге, жалпы әдебиетсүйер қалың оқырман қауымға арналған.

С. Арғынғазин.

Жовтис Александр

ЖОВТИС Александр Лазаревич (5.4.1923, Украина, Винница қ. – 4.11.1999, Алматы қ.) – ақын, аудармашы, филология ғылымдарының докторы (1975), професор (1981). 1946 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, «Ленинская смена» газетінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болған. Кейін оқытушылық қызметке ауысып, ҚазМУ-де ұстаздық еткен. 1954 ж. «Кеңес тарихи романдарының проблемалары жайында» кандидаттық диссертация қорғаған. 1978 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық инсти-

тутында орыс және шетел әдебиеті кафедрасында профессор болып істеген.

Ж. – 1967 ж. аяғында Қазақ мемлекеттік университетінде Мағжан шығармаларын талқылауды ұйымдастырушылардың бірі. Ол Ж-тың бірнеше өлеңін аударып, белгілі жазушы Иван Шухов басқаратын «Простор» журналына ұсынады. Сол үшін өзі қуғындалып, қызметінен босатылады. Бірақ ол алған бетінен қайтқан жоқ. Ж. өлеңдерін аударуын жалғастырып, оның әдеби мұраларын халыққа жеткізуге атсалысты. Мағжанның Ж. аударған «Қыскы жолда» өлеңі ақын Бақытжан Қанапияновтың алғы сөзімен шыккан «Пророк» (Мәскеу, «Русская книга» 2003) жинағында басылды. Кейін Ж-тің Мағжан жайлы «У казахов есть такой поэт» деген мақаласы жарық көрді.

«ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН» – Ж-тың өлеңі. 1912 жылғы жинакта ғана басылған. Кейінгі кітаптарында жоқ.

ЖОҒАРЫ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ИНСТИТУТ – атакты кенес акыны, жазушы, ғалым, Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Валерий Яковлевич Брюсовтың (1873 – 1924) бастамасымен 1921 ж. жазушылардың білімін толыктыру үшін арнаулы институт (высший литературно-художественный институт) ашылады. Барлық оқу жұмысын басқаруды өз мойнына алған Б. институт ректоры қызметін де аткарды. Ж. аталмыш институтка түсу үшін 1924 ж. Мәскеуге келеді.

«ЖОЛДАСҚА» – Ж-тың өлеңі.1922 ж. жинакта басылған. Кейінгі басылымдарға енбеген. Акынның карсыластары калғымайды, шабуылға шығады. Олар «Жолдаска» атты өлеңін көре салып, оған сүліктей жабысады, саяси кате іздейді, пәле іздейді, табады. Ғ.Сұлтанұлы деген «Мағжан Жұмабайұлына» «Енбекші казак» газеті (29.7.1924) деп арнау өлең жазып, казакты тапсыз дейсін, шулап отырған кедейді көрмейсін, өткенді өксисін, кеткенді көксейсін, меншілсін деп кінәлайды.

ЖУРНАЛ – (франц. journal) мерзімді басылым, бұкаралық акпарат құралдарының бір түрі. Журналды мекемелер, қоғамдық және шығармашылық ұйымдар, ғылыми қоғамдар, академиялар, университеттер, сондай-ак, жекеменшік иелері шығара алады. Ол газетпен салыстырғанда окиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайды, өзінің ұстанған көркемдік бағытына орай қоғамдық пікірді калыптастыруға ыкпал етеді. Мазмұны жағынан қоғамдық-саяси журнал, әдеби-көркем журнал, спорттық журнал, сатиралық журнал, өндірістік-техникалық журнал, ғылыми-көпшілік журнал, т.б. болып бөлінеді. Дүниежүзіндегі тұңғыш журнал Францияда 1665 ж. бесінші кантарда «Журнал де Саван» деген атпен жарық көрді. Осы жылы Англияда, 1668 ж. Италияда, 1682 ж. Германияда журналдар шығарыла бастады. Алғашкы журналдар, әртүрлі кітаптарға шолу жасап, көркем әдебиет, ғылым, көркемөнер, діни салаларындағы жаңалыктарды баяндаумен шектелді. XIX ғасырдың екінші жартысында көпшілікке арналған аралас мазмұнды, безендірілген журналдар көбірек

шығарылды. XIX ғасырдың 2-жартысында журналдың негізгі түрлері қалыптасты. Қазақ тіліндегі алғашқы журнал – «Айқап». 1911 – 1915 жж. аралығында оның 88 саны жарық көрген. «Айқап» қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайы, тарихы, мәдениеті мен оқу-ағарту ісі, тілі мен әдебиеті хақында келелі сөз қозғаған, шығармаларының дені ғылыми әрі көркем туынды түрінде жарияланған журнал болды. Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында басылып тұрған. Редакторы – М.Сералин. «Айқаппен» бірге «Ақмола» журналы да шығып тұрды (1911 – 1916). Кейін «Садақ» (1917, татарша-қазақша), «Айна» (1918), «Мұғалім» (1919), «Қызыл Қазақстан» (1921 – 1929, қазіргі «Ақиқат»), «Шолпан» (1921 – 1924), «Темір қазық» (1923), «Жас қазақ» (1923 – 1924), «Жас қайрат» (1923 – 24), «Сәуле» (1923 – 1924), «Сана» (1923 – 1924), «Жетісу әйелі» (1924), «Лениншіл жас» (1925 –1927), «Таң» (1925), «Әйел теңдігі» (1925 – 1934, қазіргі «Қазақстан әйелдері»), «Жаңа мектеп» (1925 – 1933, қазіргі «Қазақстан мектебі»), «Пионер» (1925 – 1956), «Кедей айнасы» (1926 – 1929), «Терме» (1926), «Жыл құсы» (1927), «Жаңа әдебиет» (1928 – 1932, қазіргі «Жұлдыз»), «Жаршы» (1929 – 1930), «Балға» (1932), «Екпінді тілші» (1932 – 1933) сияқты журналдар жарық көрді. 1956 ж. «Ара», 1958 ж. «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат»), «Балдырған», 1960 ж. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде»), 1978 ж. «Пионер», 1987 ж. «Арай», 1994 ж. «Ұлағат», 1996 ж. «Заң», 1997 ж. «Алдаспан», 1998 ж. «Амазонка», 2000 ж. «Қазақстан», т.б. журналдар шыға бастады. Қазақстан Республикасында демократиялық құндылықтардың берік орнығуына байланысты мемлекеттік және жекеменшік журналдар саны көбейді. Ж-тың шығармалары өз заманында журналдарда жиі жарияланып тұрды.

«ЖҰЛДЫЗ» – әдеби журнал. «Шолпан» (1922), «Таң» (1924) журналдарының ізбасары саналады. Алғашқы саны 1928 ж. жарық көрген. Әр жылдары «Жаңа әдебиет» (1928 – 1932), «Жыл құсы», «Әдебиет майданы» (1932 – 1939), «Майдан» (1941 – 1945), «Әдебиет және искусство» (1939 – 1941 және 1945 – 1957) деген атаулармен шығып тұрды. 1957 ж. «Ж» деген атпен шығады. Журналдың қалыптасуына қазақ әдебиетінің классиктері Б. Майлин, Қ. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов көп еңбек сіңірді. Алғашқы редакторы – С. Сейфуллин. Журналға Ғ. Мүсірепов, З. Қабдолов, Ә. Нұрпейісов, С. Мәуленов, Ш. Мұртаза, Б. Тілегенов, М. Мағауин, Ұ. Есдәулет әр жылдары бас редактор болды. Құрылтайшысы – «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы. Ж. ақталғаннан кейін «Ж.» журналында оның өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеулер жиі жариялана бастады. Журнал оқырмандары Ж-тың өз өлеңдерімен де жақсы таныс. «Ж-да» костанайлық ақын Серікбай Оспанұлының «Жүргізіп ібіліс әміріп (Ж-тың «Туған жерім – Сасыккөл» өлеңі туралы, 2010. №6.), З. Мүтиевтің Ж-тың лирикасы туралы («Жұлдыз» 2010. №1.) мақалалары т.б. зерттеу еңбек-

тері жарияланды.

«ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН» – Ж-тың өлені. Алғаш «Сана» журналында (1923. №1) басылған. Сол жылы Ташкентте шыккан өлеңдер жинағына, сондай-ак, 1989, 1992, 1993 жылғы жинактарға енген.

ЖҰМАБАЙ (1827 – 1899) – Бекеннің әкесі, Мағжанның үлкен атасы. Шонайдың карашанырағына ие болып калған Жұмабай өз ортасының беделді адамы болған. Сауда-саттыкпен айналысып, бертін келе дәулетінің аркасында Мекке-Мединаға барып, кажы атанған. Оның екі әйелі болған. Бірінші әйелі Қойлык – Қарауыл кызы, екінші әйелі Мәрзейнеп (Мәржікей) – Уак кызы. Бәйбішесі Қойлыктан үш ұл: Нұрмағамбет, Ахметжан, Бекен туған. Екінші әйелі Мәрзейнептен Ғалия, Ғазиза, Рәзия есімді үш кыз туыпты.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Әбәмүсілім (1880 – к.ж.б.) – Мағжанның ағасы. «Халык жауы» деген жаламен тұткынға алынып, содан оралмаған. Ә. денелі, сана-сезімі жоғары, адамгершілігі мол, сөзге шебер ұстамды кісі болыпты.

А. мал шаруашылығымен айналыскан. Кәмпескеге ілікпесе де, туып-өскен жерінен Қарауыл еліне көшіп кетуге мәжбүр болады. Жаңа құрылған «Ленин» кеңшарына мүше болып, 1937 ж. ұсталғанша еңбектен кол үзбейді. Ә. үш рет үйленген. Бірінші әйелі – Мәриаш Еслямкызынан екі ұл туған – Сұлтанмахмұт (Махмұт) және Әбілғазиз (Қазтай). Мәриаш баладан кайтыс болып, Ә. екі баламен калады. Осы жагдайға байланысты ол Күлжанға үйленеді. Одан – Ғабдулкәрім (Қабдош) туады. Бірак кейін Күлжан да ауырып кайтыс болады. Міне, осы үш ер баласымен А. үшінші рет Қадишаға үйленеді. Қадишадан Күләй, Сара, Ғабдулманап (Мәнтай) деген перзенттері өмірге келіп, алты баланың әкесі атанады. А. куғын-сүргін дүрбеленінен жазыксыз жазаға тартылып, құрбан болды.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Бекен (Бекмағанбет) (1867 – 1934, Петропавл к.) – Мағжанның әкесі. Жұмабайдың Қойлыктан туған үшінші ұлы. Ол жастык шағын серілікпен өткізген. Жанынан өлең шығарған. Тостағандай көздерінен от шашыраған капсағай денелі, кошкар тұмсык Бекенмен кей той-томалакта айтыска түсуге жан табылмай калады екен. Жұмабайдай әкесі етінің тірлігінің аркасында нелікке тиген шағын шаруасын шалкытып жіберсе, бай атанса, Б. де өжет, өте пысык болып өседі. Орта дәулетті, өзінің әділдігімен, жоғары адамгершілік каснеттерімен, парасаттылығымен ел арасында сыйлы болған адам. 1906 – 1910 жж. Б. би сайланған. 1911 ж. бастап 3 жыл болыс болған. Бұл болыстыкты ол Кызылжар уезіндегі белгілі байлар Куанышовтардан тартып алған. 1914 ж. болыстыктан түсірілген де, Колчак тұсында тағы бір жыл болыс болған. Б-нің жеті ұл, екі кызы болған. Б. балаларының барлығына да білім әперген, кыздары да сауатты болған.

Б. Кызылжар каласында тұратын Керей Әшірбек деген саудагердің Гүлсім деген кызына үйленеді (Әшірбек-

тің ағасы Құрманбайдан Мағжаннын болашак әйелі Зылиха туған).

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВА Гүлсім (т.ж. б. – 1943, Петропавл к.) – Мағжаннын анасы. Мағжан 1929 ж. ұсталғаннан кейін-ак, бұл отбасының шанырағы шайқала бастайды. Жергілікті органдар оларды «жаудың туыстары» деп қуғынға ұшыратады. 1937 ж. Мағжаннын екі ағасы мен бір інісі «халық жауының туыстары» деген себеппен түрмеге камалады. Бекеннің калған балалары әкелері кайтыс болғаннан кейін Қырғызстанға көшіп кетеді. Г. Мағжаннын інісі Сәлтайдың әйелі Бибізәйіптің колында калады. Бар баласынан айрылған Г. олардың иә өлісін, иә тірісін білмеген күйде 1943 ж. дүние салады.

М. Сулеймен.

ЖҰМАБАЕВА Зылиха (26.1.1894, Қызылжар к. – 1989, Алматы к.) – Мағжаннын Зейнеп кайтыс болғаннан кейін үйленген әйелі. З-нын әкесі Құрманбай Мағжаннын шешесі Гүлсімнің әкесі Әшірбекпен бір туған. З-нын 5 жасында әкесі Құрманбай (1899 ж.) дүние салып, шешесі Жәмила екі баламен жесір калады. Қызылжарда казак мектебі болмағандыктан, З. татар мектебіне барады. Окуға өте ынталы ол татар, орыс, араб тілдерін жаксы игеріп, окушы құрбыларынын алды болады. Бірак бұл куанышы көпке бармайды, ол алтыншы сыныпты аяктағаннан кейін анасы оны мектептен шығарып алып, үй шаруасына салады. Ол жас кезінде гармонь тартуға машыктанады. Медреседе Мағжанмен бірге окыған, кейін де жиі-жиі кездесіп жүреді. Акыры 1922 ж. Мағжан Омбыдан оралғаннан кейін екеуі косылады. Мағжан оған арнаған көп өлеңдерінің бірінде:

«Дедің де сен күліп,
жолым бастадың,
Жауын, дауыл, оттан,
судан кашпадың.
Каснетті, сикырлы сөз күшімен
Міне, азырак есім жия бастадым.
Алтын сәулем, ак періштем,
жан салған,
Кім біледі, айырса егер сұм жалған.
Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен – аллам!»
– дейді.

З. Мағжанның басына түскен барлык ауыртпалыктарды окып жүрген кезінде де, куғын-сүргінге ұшыраған тұста да, лагерьде айдауда болған жылдары да онымен бірге бөліседі. 1959 ж. тамыз айында козғалған №4998 іс осыған көз жеткізеді. Бұл істің козғалуына бірден-бір себепші болған адам – З-нын өзі. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген емес пе, капылыста айрылып калған асылына адал атын кайтаруды өмір мұратына айналдырған З. талай табалдырыкты тоздырып, талай жоғары мәртебелі мырзаларға хат жолдаған. Сондай хаттың бірі КСРО Министрлер Кенесінің төрағасы Н. С. Хрущевке жолданады. Мәскеуден осы хатка байланысты накты нұскау алған Казак КСР Министрлер Кенесі жанындағы Мемлекеттік кауіпсіздік комитеті Мағжан ісін кайта карауға мәжбүр болады. З. осы комитеттің тергеу бөлімінің бастығы Н. П. Ловятинге де хат жазып, Мағжанның жазыксыздан жазыксыз атылып кет-

кенін, түрмеден шыкканнан кейін коғамдағы өзгерістерге көзкарасы мүлде өзгергеніне иландырмак болды. Соның айғағы ретінде акынның түрмеден босап келгеннен кейін жазған өлеңінің бір шумағын келтіреді:

«Осы бетім – ак ниетім,
келдім бастап,
Жанымнан бар жараны
сылып тастап.
Еңбекші ел ашуы ұшан, мейірімі мол,
Жанымды тарттым саған жаланаштап».

З. Құсайынов.

ЖҰМАБАЕВ Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы (25.6. – 1893, Солтүстік Казакстан обл., казіргі Мағжан Жұмабаев ауд. Сасыккөл жағасы – 19.3.1938, Алматы к.) – Алаш козғалысының кайраткері, акын, казак әдебиетінің көрнекті өкілі. Атасы – Жұмабай кажы, әкесі Бекен саудамен айналыскан дәулетті адамдар болған. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905 – 1910 жж. Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халыктарының азаттығы жолында күрескен М.Бегішевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе окыды. Медреседе Бегішевтен Шығыс халыктарының тарихынан дәріс алды, казак, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Һайям, Низами, Науаи секілді шығыс акындарының дастандарын окып үйренеді.

1910 – 1913 жж. Уфа каласындағы «Ғалия» медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс тыңдап, белгілі кайраткер С.Жантөринмен тығыз карым-катынас орнатады, болашак көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады. Баспадан 1909 ж. шыккан Абай өлеңдерін окып, «Атакты акын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазады. Ибрагимовтің көмегімен 1912 ж. Казан каласындағы Кәрімовтер баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. «Садак» журналын шығаруға катысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. 1913 – 1916 жж. Омбы мұғалімдер семинариясында окыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» колжазба журналын шығаруға катысады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді Алаш кайраткерлерімен байланыс орнатып, «Казак» газетіне өз өлеңдерін жариялайды. 1917 ж. Акпан төңкерісінен кейін калыптаскан саяси жағдайға сай коғамдык өмірге белсене араласып, Акмола облыстык казак съезін өткізуді ұйымдастырушылардың катарында болды. Осы жылы сәуірде Акмола облыстык казак комитеті құрамына сайланды. Мәскеу каласында өткен бүкілресейлік мұсылман съезіне катысты. Бірінші жалпыказак съезінің шешімі бойынша бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыкка кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясының Акмола облыстык комитетінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен едәуір уакыт абактыда отырып шыкты. Екінші жалпыказак съезіне делегат ретінде катысып, онда оку мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалык етті. 1918 – 1919 жж. Петропавл уездік земство

басқармасында қызмет етті. 1919 – 1923 жж. Ақмола губернялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында «Ақжол» газетінде қызмет істей жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға кең танылған «Батыр Баян» поэмасын жазып, жарыққа шығарады. 1924 – 1925 жж. Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс, Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылғы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Ж-тың 1922 ж. Қазанда, 1923 ж. Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салады. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 ж. 14 ақпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын «Сәлем хат» деген өлең жазды. Ол «Тілші» газетінде жарияланды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 19 желтоқсандағы санында С.Мұқановтың «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген ескертпесімен «Сәлемге сәлем» деген жауап өлеңі басылды. Жаңа құрылыска, жаңа тұрмыска қатысты нақтылы өлең жазбаса да, «уралап айқайламадың» деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемедің деген айыппен Ж. қатаң сынға алынды.

Ж. 1927 – 1929 жж. Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 ж. ақын «Алқа» атты жасырын ұйым құрды деген айыптаумен Мәскеудегі «Бутырка» түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 ж. наурызда Ж.Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 ж. қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

Ақын тұңғыш өленінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны «хакім» деп атады, ұлы ақынның «мың жыл жұтса дәмі кетпес» сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты. Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Ж. ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді («Шын сорлы»), халқын өнер-білімге шақырды («Ләззат қайда», «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Балалық шақ», «Қазағым», «Қарағым», «Осы күнгі күй», «Мен сорлы»). Біркатар өлеңдерін махаббат тақырыбына арнады («Жас келін», «Зарлы сұлу», «Сүйгеніме»,

«Алданған сұлу»). Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап, ақтық демі таусылғанға дейін Ж. ұлт-азаттық тақырыбын үзбей толғады, оны өз поэзиясының өзегі етті. Бүкіл халықты тап, топқа жіктемей, Қазақ елін әлемдік мәдени жетістіктерге қол жеткізуге қандай күш кедергі деген сауал қойып, оған басты кедергі отаршылдық деген шешімге келді. Бастапқы кезде бұл тақырып туған жердің табиғатын тамашалаудан қайран жердің ендігі күні не болады деген уайым-қайғыға ұласады, ақыры келіп, кіндік қаны тамған нұлы, сұлы өлкені жаулап жатқан қара шекпенді отаршылдыққа қарсы наразылық оты болып тұтанды («Туған жерім – Сасыккөл»). Ақын халқымен бірге күйзелді, осыдан келіп романтикалық әуенге бөленген жорық идеясы туды («Жарыма», «Есімде... тек тағ атсын», «Жаралы жан», «Мен жастарға сенемін», т.б.). Ж. шығармаларындағы романтикалық сарын, әсіресе, оның символистік арнада жазған өлендерінен айқын көрінеді. Ақын символизмі болашақ пердесін ашатын жаңа мифология туғызды, келешек суретін салу саясатшылардың емес, ақындардың қолында деген сенімге айналды («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жаралы жан», «Айға», т.б.). Ақын дыбыс-буынның соны үндестіктерін тауып, қазақ жырын байыта түсті («Шолпы»).

Ж. поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі – түркі тақырыбы. Түркі халықтарының бірлігі тақырыбы Ж. поэзиясының әуелден қалыптасқан алтын арқауы іспетті. Ақын дүниетанымына Қызылжардағы Бегішев медресесінде оқуы көп ықпал етті. Ол жас өрен жүрегінде түрікке деген бауырмалдық сезім туғызды. «Шолпан» жинағындағы «Орал тауы» өленінде «Қосылып батыр түрік балалары, Таптатпа, жолын кесіп тізгінге орал», –деп жазды.

Ерекше атап өтетін бір жайт – Ж-тың түрік халқының шетел баскыншыларына қарсы азаттық қозғалысына үн қосуы. Мұнда реалистік, романтикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады. Түрік тақырыбы қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы күреске алып келді («Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі», «Тез барам», «Түркістан», «Орал»). Сондай-ақ, Ж. «Пайғамбар» өленінде «Ғұн – түріктің арғы атасы» десе, «Түркістан» атты өленінде «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп асқақ рухпен жырлады. Ж-тың түрікшілдік сезімі 1919 – 1923 жж. Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халқының азаттық соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» атты өленінде айрықша байқалады. Оның бұл өленін Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялай отырып, түрікшілдік күресі үшін ең қымбатты және ең көркем өлең деп бағалады.

Ж. – философ ақын. Ақынның философиялық көзқарасы өз өлендерінде жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік тәрізді карама-қайшылықты философиялық ұғымдарды шебер шендестіре білуінен байқалады. Ол дүниені біртұтас құбылыс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөл-

шегі ретінде суреттейді. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жоқ. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды, дене бағынса да сезім бағынбайды. Сондықтан ол бұлкынады, серпінеді, үстем болғысы келеді («От»). Құбылыстың мәнін кең көлемде жалпыға бірдей қалыпта тани білуде ақын, ең алдымен, ненің болса да мән-мазмұнына үніледі, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстардың ішкі құпия астарын ұғынғысы келеді.

Ж-тың ұғымында ақын деген болжап білмес жолға сапар шеккен пір, кейде жын, кейде бала, сол сапарда ол қиындықты қайыспай көтеретін, не дүниені тәрк етіп, бәрінен безінетін жан («Қиял құлы мен бір ақын»). Ақын «Қоркыт» поэмасында философиядағы мәңгілік тақырып – өмір мен өлім мәселесін Қоркыт пен ажалдың аңдысуы түрінде суреттейді. Ажал – хак, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай коймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау қажет деп санайды ол.

Ж. қазақ лирикасының сыршылдығын тереңдетті, адамның нәзік сезімдеріне тіл бітіре білді. Бұл қасиет оның, әсіресе, махаббат лирикасына тән («Сүй, жан сәулем», т.б). Ж. – әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі («Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол»). Ол техникалық прогреске қарсы болған жоқ, оның ұлттық-мәдени, рухани дәстүрлерді бұзуына наразылық білдірді. Техника жетістіктерін қызыға жырлай отырып, туған жердің әсем табиғатынан айрылып қалмауға үндеді. Ж. қазақ поэмасының баяндау стилін, шешендік мәнерін өзгерту қажет екендігін алғаш айтқандардың бірі болды. Қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды. Адам жанының, психологиялық әлемінің құпия сырларын, пірімдерін, даму диалектикасын шеберлікпен кестелеп өрнектей білді. Ж. поэмаларына лирикалық тереңдік пен эпикалық кең құлаштылық тән. Ол жеке адам мен ұлт тағдырын драмалық сюжетте үйлестіріп, көркемдік зор қуатпен жырлай білді («Батыр Баян», «Окжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Өтірік ертегі», «Шын ертегі»).

Ақын шығармашылығының үлкен бір арнасы – халыққа білім беру, педагогика саласы. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады. Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы зерттеу еңбектер жазып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға атсалысты. Ж. «Шолпанның күнәсі» әңгімесі арқылы қазақ әдебиетіне психологиялық талдау, сана ағымы әдістерін енгізді. Ж. аударма саласына үлкен мән берді. И. Гете, Г. Гейне, Әбу Фирас, А.В. Кольцов, М.Ю. Лермонтов А.А. Фет, И.И. Дмитриев, И.П. Мятлов, А.А. Блок өлеңдерін, А.М. Горький, В.В. Иванов, Д.Н. Мамин-Сибиряк, т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Кеңестік жүйенің қуғын-сүргінінің құрбаны болған Ж. есімін ақтау ісі 1958 ж. қолға алынды. Осы жылы ресми комиссия құрылып, ақынның

таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым жасалды. Бірақ одан нәтиже шыкпай, Ж. шығармалары басылмай кала берді. 1960 ж. Түркістан әскери округі Әскери трибуналының алкасы шешімімен Ж. толығымен ақталды. Ж. есімі ақталса да, ол жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы мен ғылыми мекемелерге хабарланбады. Осылайша, Қазақстан халкы ұзак уакыт бойы Ж. шығармаларымен таныса алмай келді. Түркияда акын кітаптары жарык көргенімен, олар казак окырмандары колына тимеді. 1969 ж. Ж-пен кызметтес, таныс болған адамдар Ж-ты актау, шығармаларын жариялау керектігі жөнінде Қазақстан басшыларына хат та жолдады. Акыры Ж. 1988 ж. акталды. Бірак Ж-тың шығармалары 1989 ж. ғана кайтадан жариялана бастады. 1995 жылдан М. Базарбаев, С. Кирабаев, Х. Абдуллин, Ш. Елеукенов, Б. Дәрімбет, Ш. Сариев бастаған ғалымдар тобы Ж-тың 3 томдык шығармаларын шығаруды колға алды.

Ж. шығармашылығын тереңірек зерттеу еліміздің егемендік алуынан бергі кезеңде ғана нактылы жолға койылды. Ж. есімін мәңгі есте калдыру бағытында да біршама жұмыстар аткарылды. Астана, Алматы және Петропавл калаларында бір-бір көшеге Ж. есімі берілді. Петропавл каласында және акынның туған ауылында ескерткіш койылған. Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы Мағжан Жұмабаев ауданы болып аталды (2000). Петропавл каласындағы педагогикалык колледж акынның есімімен аталады. 2007 жылдан бері «Мағжан» әдеби көркем журналы жарык көріп келеді.

К. Оспанов.

«ЖҰМАБАЕВ МАҒЖАН КӨПТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ» (1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме) – кітап. (А., «Жазушы», 2005. 208 бет.) Акын шығармалары көптомдығының бірінші кітабына өлеңдері мен дастандары, «Шолпанның күнәсі» әңгімесі енген. Олар Мағжанның көзі тірісінде жарык көрген жинактары мен кейінгі жылдары шыккан басылымдары негізінде салыстырылып, мәтіндік «өңдеу-жөндеуге» ұшырағандары, кыскарып кеткен тұстары калпына келтірілді.

«ЖҰМАБАЕВ МАҒЖАН КӨПТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ» (2-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме) – кітап. (А., «Жазушы», 2005. 208 бет.) Акын шығармалары жинағының екінші томына өлеңдері мен дастандары және бірқатар поэзиялык аударма туындылары топтастырылған.

«ЖҰМАБАЕВ МАҒЖАН КӨПТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ» (3-том. Аударма лар, ғылыми еңбек, макалалар) – кітап. (А., «Жазушы», 2005.208 бет.) Ж-тың шығармалар жинағының бұл томына оның аудармалары, «Педагогика» атты ғылыми еңбегі, макалалары енгізілген.

ЖҰМАБАЕВ Калижан (1910 – к.ж.б.) – Мағжанның інісі. Бекеннің алтыншы ұлы. Туыстарының айтуынша, сұлу жігіт болған. Қ-ды жас кезінде Мағжан елден алып кетіп, Мәскеудегі мектепте окыткан. Сол

кеткеннен Қ. елге қайтып орала алмайды. Мемлекеттік қамсыздандыру маманы болып қызмет атқарған ол 20-шы жылдардың басында Ташкентте қазақ-қырғыз ағарту институтында оқып, Мағжаннан дәріс алған. Қуғын-сүргін кезінде Қырғызстанға барып, қырғыз жазушыларын паналап аман қалған.Тегін Шонаев деп өзгертеді, ревизорлық қызметте істейді. 1930 жылдың басында Бекен, Гүлсім, Сәлімжан мен Бибізайып Бішкекке барғанда Қ. олармен кездесіп, қаржылай көмек көрсетеді. Содан кейін Өзбекстанға кетеді. Ол елінен жыраста жүрсе де, туыстарының қайсысы қайда тұратынын біліп, құлағдар болып отырады. Қ. орыс тілінде өлең жазды. Ол Бішкек қаласында қайтыс болып, сонда жерленді. Қ. 3 рет үйленген. Рашида, Зоя, Софья атты әйелдерінен 4 баласы болған: Райхан, Бернард, Ғалия, Ғалым.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Қаһарман (1888 – к.ж.б.), Мағжанның ағасы. Бекеннің екінші ұлы Қаһарман бойшаң, алып денелі, қарулы, ат жақты, қыр мұрынды, сұлу, сөзге шешен, әнші, домбырашы, сауықшыл кісі болған. Сауатты, орысша, арабша, татарша оқып, жаза білген. Бос уақытында, әсіресе, «Тарыда» жүргенде елді, туған жерді сағынғанда өлең жазумен де айналыскан. Әділетсіздікті сүймейтін, жалған сөйлемейтін. Балаларын ұстамдылыкка, адамгершілікке, әділдікке үйретететін. Қ-ның баласы Ғаділша әкесінің қашан тұтқындалғаны туралы: «Әкем екінші рет 1937 ж. тамыз айының 5-інде тұтқындалды», –деп жазған еді. «Екіүш күннен кейін әкемді іздеп, Булаев түрмесінен таптым. Оның терезесінен әкем: «Мені Қызылжарға жөнелтеді» дегенді айтты. Қызылжардың ак түрмесінде жатканда (14.8.1937 ж.) сотталды да, 31 тамызда атылды» (Ғаділша Қаһарманов. «Жәжеке», А., 2005. 18-19-беттер).

Қаһарман мен зайыбы Зүбәйлада 8 бала болған: Гүлбану, Ғаділша, Гүлнарбану, Шамшиябану, Бағдатша, Меғдатша, Баян, Мәшер. Гүлбанудан – Жібек, Ғаділшадан – Гүлбаршын, Ибрагим, Сәуле, Мұрат, Гүлнар, Мағжан.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Мұхаметжан (1898 – 1984, Омбы обл., Қаскат а.) – Бекеннің төртінші ұлы. М. момын, адалдыкты сүйетін, инабатты, ар-ұятты бойына сактаған, адамгершілікті кадірлейтін, еңбексүйгіш, таза адам болған. Туыстары «Әтәтә» деп атап кеткен. Ол да сөзге шешен болған. М. айтыпты дейтін шумактар да ұрпактарының есінде. Сәуле, Зәуреш деген кыздар жакын ағайын саналатын Мұхаметжанның үйінде тұрып, оқу оқып жүреді. Жастың аты – жас. Кыздар кыдырыстың кызығына тоймайды. М. осыған тоскауыл жасағысы келді ме, кыздар үйде жокта дәптерлерінің сыртына мынадай жазу калдырыпты:

«Зәуреш пенен Сәуле,
Емес өмір бос әуре.
Байкасандар, балалар,
Бәрінен оқу – әулие».

Мұхамеджан мен зайыбы Күлбарамнан үш кыз – Дахана, Гүлханыс, Райхан және үш ұл: Сайдалы, Тел-

жан, Бекайдар туды. Бірак ұлдары дүниеден ерте, жастай кетті. М. картайған шағында Гүлханыстың ұлы Серікті бауырына салып, балам деп бағып, ержеткенде үйлендірді. Кейін Мұхаметжан мен Күлбарам дүниеден өткенде Серік шаңыраққа ие болып қалды.

М. 85 жасында Серіктің колында кайтыс болды. Қаскат ауылында жерленді. Ал Серік Бекенов кейін Тараз каласында тұрып, 59 жасында жүрек ауруынан, кайтыс болды.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Сабыржан (1915 – 1974) – Мағжанның інісі. Ол да Қалижан сиякты бас сауғалап, куғын-сүргін кезінде Қырғызстанда жүрді. Сонда ауылшаруашылык институтында окып, зоотехник мамандығын алды. Көп жыл Пржевальск каласында мамандығы бойынша кызмет істеді. 1946 – 1947 жж. Бішкекте тұрып, Кырғыз КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінде жауапты кызмет аткарған. Одан сон Қазакстанға оралып, Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы «Билікөл» кеншарында бас зоотехниктің көмекшісі болып, бірнеше жыл еңбек еткен. С-ның әйелі Лидия Михайловна Нефедова деген орыс кызы, екеуі институтты бірге окып жүріп жарасып, үйленіпті. С-ның осы әйелден Владимир, Юрий, Олег, Игорь, Михаил атты бес ұлы болған. С. 1974 ж. кайтыс болып, Жуалы ауданындағы «Билікөл» шаруа кожалығының орталығы – Карабастау ауылының іргесіндегі көпшілік зиратында жерленді.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Сәлімжан (Сәлтәй) (1905 – 1975) – Мағжанның інісі. Ол репрессияға ілігіп, он жыл айдауда болып елге аман оралған. Жас кезінен шаруаға мығым болады. Шымыр денелі, өткір тілді, сөзді тауып айтатын шешен әрі әзіл-оспакка да үйір болған. Өмірінің соңына дейін осы мінезінен айныған жок. С. сәнқой, таза да сәнді киініп, серілікке әуес болатын. Ол Бибізайыпка 20 жастан асып үйленеді. Бибізайыптың шешесі Рәзия Жұмабай кажының екінші әйелі Мәрзейнептен (Мәржікей) туған. Бибізайып Тұраштың (шын аты Нұрмағамбет) кызы.

С. орыс, араб тілдерін білген, өте өнерлі болған. Домбыраны шебер тарткан. Отырған жерін ойын-күлкіге бөлеп, көңілді болуды өзі ғана сүйіп коймай, өзгенің де сондай шаттанып отыруын калайтын. Ән салып, сауык-сайрандата да білетін. Балуандығы да болған. Жиын-тойларда күреске түсіп, жауырыны жерге тимеген. Ол бір кезде тіпті Ленинград циркінде балуандармен күресіп, күш сынаскан көрінеді.

С. өлең сөзге таласы болмаса да, реті келгенде кәдуілгі акындарша тіл безеуге шебер болған. 1930 ж. С. Бутырка түрмесінде жаткан Мағжаннан хат алып, Мәскеуге аттанады. Қасына Зылиха жеңгесін ертеді. Бұлар алдымен осы калада тұратын Әлихан Бөкейхановтың үйін тауып алады. Куғын-сүргінді көп көріп, сактыкка үйренген Әлекең гүрілдеген жуан даусымен С-ға:

– Сен шын Кызылжардан келсен, бір бәйіт айтып бер, – дейді. Сонда С. мүдірмей табанда мына өлеңді ай-

тыпты:
«Айдалада өскен сіз бір бәйтерек,
Қоныпты бұтағына бір көбелек.
Қонғанда бұтағына сынып кетсең,
Бәйтерек болғандығын кімге
керек?!».
Көзінен жас ыршып кеткен Б. құшағын жая беріпті.
1929 ж. кәмпескеленгеннен кейін С. зайыбы Бибізайыппен және әке-шешесімен бірге Қырғызстанға барып паналап, екі-үш жыл тұрып елге қайтып келгенде ауылдастары көрсетіп, сотталып кетеді. С. мерзімін өтеп келіп, Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданындағы «Ленин» ұжымшарында (қазір Байшілік ауылы) егін шаруашылығында бригадир болып қызмет аткарады. Сонда жүргенде тағы да жала жабылып, 1953 жылғы 18 сәуірде сотталып, 25 жылға бас бостандығынан айрылып, мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылады. Ол тек Компартияның XX съезінен кейін, 1957 жылдың желтоксан айында қапастан босап, елге оралды.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБАЕВ Тасболат (15.4.1941, Солтүстік Қазақстан обл., Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауд. Сасыккөл жағасы) – Сабыржан Бекенұлынан қалған жалғыз тұяқ. Т. 7 сынып және малдәрігерлік окуды бітірген. Көп жыл зоотехник болып істеген. 2000 жылдан бері отбасымен Қызылжар қаласында тұрады. Зайыбы Сара екеуі Дулат, Шынар, Гүлмира, Әлмира, Ардак атты балаларды тәрбиелеп өсірді. Ардағы жастай қайтыс болды. Қалғандары аман. Бәрі де түрлі оқу орнын бітіріп мамандық алған.

Қ. Мұқанов.

ЖҰМАБЕК Сайлаубек (12.2.1946, Онтүстік Қазақстан обл., Ащысай а.) – әдебиет сыншысы, жазушы. 1970 ж. ҚазМУ-дің филологиялық факультетін, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген (1973). 1974 – 1979 жж. Қазақ КСР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінде сценарий бөлімінің аға редакторы, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, республикалық «Ара-Шмель» сатиралық журналында бас редактор болды. 1996 – 2004 жж. Қазақстан Жазушылар одағының аға референті – әдеби кеңесшісі. «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби сын бөлімінің меңгерушісі болды. «Сын пернесі» (1989), «Ғабит Мүсірепов» (1989), «Жұлдызы нұрлы суреткер» (1993), «Қазығұрт перзенті» (1998), «Сын әуені» (2001), «Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер» (2002), «Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы» (2003) атты кітаптардың авторы. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (1999).
С. «Мағжан музасы-мәңгі махаббат мұхиты» деп аталатын еңбегінде (Аст., «Елорда», 2001) ұлы суреткердің көркемдік-эстетикалық көзқарастарын соны таныммен зерделейді.

Н. Ақбай.

«ЖҰМБАҚ» – Ж-тың өлеңі. Ақын бұл өлеңнің түпнұскасында: «Жел есед – кім шешед?» деп ұйқастырған болса, 1989 ж. жинакта: «Жел есті – кім шешті?» деп өзгертілген.1922 жылдан баска барлық жинағында

Жұртбай Тұрсын

бар.

ЖҰРТБАЙ Тұрсын (15.8.1951, Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) обл., Абай ауд. Шаған а.) – ғалым, ақын, жазушы. Халықаралық «Алаш» (1992), І.Жансүгіров атындағы әдеби (1995) және «Түркісой» қауымдастығы сыйлықтарының (2010) иегері. ҚазҰУ-ді бітірген (1974). «Жетісу» газетінде (1974 – 1976), «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде»), «Техника молодежи» (1976 – 1980), «Жұлдыз» (1980 – 1990) журналдарында әдеби қызметкер, редакция меңгерушісі, тілші, Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер (1990 – 1992, 1998 – 2001), бөлім меңгерушісі (1993 – 1996), М.О.Әуезов халықаралық қайырымдылық қорының президенті (1992 – 1997), «М.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры (1996 – 1998), ҚазҰУ-де аға оқытушы (1991 – 2001), ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында аға оқытушы (2000 – 2001) болған. 2001 жылдан Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры.

Ж. «Бесігіңді аяла!», «Ұраным – Алаш...» 3 томдығының, «Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар» 2 томдығының, «Сүре сөз», «Болашақтың бәйтерегі», «Жер бесік», «Дара тұлға», «Бескарагер», «Қалибек Қуанышбаев», «Күйесің, жүрек... сүйесің», «Қар астындағы көбелек» кітаптарының авторы. Ж. Алаш қайраткерлерінің шығармалары мен өмір деректері туралы көптеген зерттеулер жүргізіп, солардың негізінде ғылыми еңбектер жазды. «Ұраным – Алаш!..» атты үш бөлімнен («Жегі», Тез», «Талқы», 2008 – 2011) тұратын еңбегінде ғалым 1922 – 1957 жж. аралығындағы қуғын-сүргінді, Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің мүшелері Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М. Жұмабаевтың, Х. Досмұхамедовтің, Ш.Тынышбаевтың, Ә.Ермековтің, М.Әуезовтің, К.Жәленовтің, Д.Ыскаковтың, т.б. жиыны 71 адамның үстінен жүргізілген тергеу істерінің негізінде, патшалық отарлау мен жазалау саясатының заңды жалғасы ретінде қарастырып, шынайы ашып дәлелдеп берді. Осы 3 томдық іргелі зерттеу еңбегі мен «Алаш ақиықтары» атты сирек деректер жинағының негізінде біртұтас Алаш идеясының тұжырымдамасын жасап, Алаш қайраткерлерінің беймәлім шығармаларын жалпы жұртшылыққа таныстырды. Шәкәрім мен Мағжан екеуін басты кейіпкер ете отырып (1978 – 1979) «Жер-бесік» атты роман жазған. Ол 1984 ж. жарық көрді.

Қ. Кемеңгер.

ЖҮСІП Сұлтанхан (1962, Түркістан қ.) – әлихантанушы-ғалым, журналист. 1990 ж. әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Ауғанстанда әскери бо-

рышын өтеген. Алматыда өрт сөндіру кызметінде, политехникалык институттын зертханасында, Актауда кәсіптік-техникалык училищеде жұмыс істеген. 1990 – 1995 жж. ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми кызметкер. 1995 – 1996 жж. Өнер академиясында кафедра меңгерушісі, аға ғылыми кызметкер. 1995 жылдан Прагадағы «Азаттык» радиосының тілшісі. 1997 – 2001 жж. осы радионың Астанадағы тілшілер косынынын басшысы. 2001 жылдан Прагадағы кызметкері. 1991 – 1994 жж. ол Ресей мұрағаттарынан Ә.Бөкейханға катысты мол мұра тапты. 1995 ж. зерттеуші Ә.Бөкейханның «Таңдамалысын» құрастырып, бастыртты. Баспасөзде казак және орыс тілдерінде зерттеулер жазды. Осы жылы Алаш көшбасшысының шығармашылығы мен кайраткерлік еңбегі бойынша кандидаттык диссертация корғады. Ж. дайындаған Ә.Бөкейханның «Таңдамалысында» Алаш арыстарының, олардың катарында Мағжан Жұмабаев та бар, алмағайып замандағы жансебіл еңбегі жайлы жан-жакты баяндалған.

С. Негимов.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ МАҒЖАНҒА ХАТЫ. А.1924 жылдың 16 мамырында Ж-ка жолдаған хатында әдебиетімізге «Жаралы жан», «Коркыт», «Баян» секілді шығармалар сыйлаған акыннан елдің күтері коп екенін айтады. «Өз соңынан ізбасарларын ертіп, келешек көкжиегіне ентікпей жетер талантты дүниелер туғызу – сенің ғана колыннан келетін іс... Ен ғажабы: оленіннің өтірігі жок... өз сөзіңмен атасак «опасыз өмірдің», «каскөй тағдырдың» заманы туған кезде адам өз өмірінің кожасына айналып, жана үмітпен, жарыкка, жарылкаушыға бет бұрған мезгілде сөз дарыған мыкты акын бейтарап отыруға тиісті емес», – дей келіп күн санап, сағат санап сезім шырғаланынан шығып, такырып шеңберін кенейтіп, шынның жүзіне тура карап талант тағылымын жетілдіре беруіне тілектестігін білдіреді.

Ж. Көкбас.

«ЖҮСІП ХАН» – Ж-тың дастаны. Жазылған уакыты 1924 жылдың казан айы. Алғаш 1925 ж. «Еңбекші казак» газетінің 395-396-сандарында «Шын ертек» деген атпен жарияланған. 1928 ж. Мәскеуде КСРО халыктарынын кіндік баспасынан жеке кітап болып шыккан. Ертектің мазмұны оп-оңай айтылатын, женіл ұғылатын нәрсе. Иранда Аббас хан деген хан болыпты. Балшылар оған «енді он күнде осы такта отырып өлесің» дегесін, ол базарда жүретін белгілі Жүсіпті хан койыпты. Жүсіп он күннің ішінде сұмдардың талайын жазалапты, талай тойымсыз катыгездердің басын алыпты. Иран кедейлеріне он күндік тендік орнатыпты. Оныншы күні сол жауыздардың колынан өзі де мерт болыпты. «Он күн атан болганша, бір күн бура болған» «Жүсіп хан» хикаясы осылай аякталады. Осы окиғаға балалардың ыкыласын аудару үшін акынның колданатын көркемдік әдістері барынша кызыкты. Нағыз акын ертек басталымын жалт-жұлт ойната келіп:

«Ал тамакты кыралык,
Бөрікті жерге ұралык.

Кіріселік кенеске.
Кенес мынау ұнаса:
Жер жүзінде тамаша
Талай жер бар емес пе?»

Осыдан кейін Мағжан әрі ақын, әрі жағырапияшы: ол лезде Үндістанмен шектесіп жатқан Иран картасын оқырман алдына жайып салады. Оқырман онымен бірге лезде даңкты Иран бақтарын аралап шығады. Бағбанға айналған ақын жемістің сан түрлі дәмділерін жайып тастап, оқырман аузының сілекейін ағызады.

Бәрінің де аты бар, жөні, бояулары бар. «Арбандаған арбалар» үлкен доңғалактарымен кедір-бұдырда, шынында да, арбандап кетіп барады. Осы қозғалыс бүкіл базарды қимыл үстінде тұрғандай көрсетеді. Балалар қызығу үшін ерекше суреттеу, ұзақ баяндау жеткіліксіз. Өленге динамикалық ырғақ, дәл түсіндіретін мінездемелер керек. Бұл жағынан алғанда «Жүсіп хандағы» кейіпкерлер портреттері шетінен қызықты. Жағымпаз құлдық ұрған уәзірлер, мешкей, тоятсыз, тәубасыз, жырткыш мінезді күтушілер естен кетпестей қылық-құлықтарымен ойға қона кетеді. Коркак пен шоркактар да күлкілі беріледі. Осындай портреттердің бір қызық жазылатын жері Аббас хан саскан шакта, кезек-кезек хан алдына шығып, кенес айтқандардың кескін-келбеті. Әрі ханнан коркатын, әрі ханға жанашыр болып көрінгісі келгендер бірінен соң бірі мазак суреттерге айналады. Ұшқыр да күлдіргі және екпінді жазылған сөздер оқушыны бірден баурап алады. «Елін бакпай так баккан, бар жұмысы тек жаткан», – деп Аббас ханның өзін де улы бояумен суреттейді. Бұл поэманың тағы бір өзгешелігі халық пен хандар тобын карама-карсы қойып, кан майданға дейін шығаруында. Акын токсан мен он екі топ, екі тап дегенді өленмен де айтады. Халыкка жататын Иран – бакшалы, жемісті, ән мен күйі бір үзілмейтін, аспаны ашық, жері жаннат Иран. Ал патшалык Иран – алтын сарай «Жүсіп хан-да» тұлғамен тобыр, мансап пен ождан диалектикасы бар.

«ЖЫЛҚЫШЫ» – Ж- өлеңі. Акынның бұл өлеңі алғаш рет Ташкенттегі «Акжол» (1924, №408) газетінде жарияланған. Ол алты ай кыс үй көрмей, бел шешпей, кар жамылып, мұз жастанып, мұртына мұздак катып, мал соңында жүретін жылкышының ауыр бейнетін танытатын жыр. Ол жарык көрісімен «жылкы» деп кол қойған біреу сол кезде Орынборда шығып тұрған «Еңбекші казак» газетінде «Мағжанға жылкыдан жауап» (18.3.1924) деп «өлең» жазған. «Жылкы» атын жамылған жатып атар Мағжанға жөнсіз ұрынған, көріне жала жапкан. Акынның айтпағанын айтты деп арандаткан автор әрі карай ашык бұрмалауға барған. Жазғы боранда жылкышыны сайға құлатты, басын жалматты деп бәле жабады. Жылкышы жылкыны күнде сабайды, мініп жауыр кылады, ол арам деп жылкышыларға тілін тигізеді. Акынның жылкы көргендігін, жылкы табиғатын, жылкышы тірлігін жаксы білетіндігін көре алмайды. Нәзік акынның жүйкесін жеп, жүрегін жаралауға жанын салады.

«ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ» – Ж-тың өлеңі. «Жаңа мектеп» журна-

лында (1926, №6) жарияланған.

«ЖІГЕР, ШІРКІН, ЖЕЛІНДІ» – Ж-тың өлеңі. Никольск қаласының тұрғыны зейнеткер Жаңабай Сүтемгенов сақтап қалған. 1929 ж. Мағжандармен бірге түрмеге қамалған біреу көп ұзамай бостандыкка шығатын болады. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтан ескерткішке бір ауыз өлең шығарып бсруін өтінсді. Сонда акын осы өлеңді жазып беріпті. 1989 жылғы жинакта баспа бетін көрген.

«ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚЫНЫ» – Ж-тың өлеңі. Ақынның 1992 ж. жинағынан басқа барлық кітаптарына енген.

«ЗАР» – Ж-тың өлеңі. Акын бұл өлеңін «Алаш» пен Колчак құлаған күні жазған. Алғаш 1915 ж. «Қазақ» газетінде (22 казан, №1-54) жарияланған, одан кейінгі жинактарының бәрінде бар.

«Күз жетіп, жердің жүзі
солғын тартса,
Алтын күн нұры кеміп, салкын артса,
Жер жүзі елім күтіп, тұрса жылап,
Сексенде селкілдеген
байғұс картша».

Бұдан былай осы өлеңде кыстың (төнкерістің) болуын, бірак ол кыс кетіп (Октябрь құлайды дегені ғой) жаз жететінін сөйлеп кеп:

«Жоғалды, батты, кетті, сәулем,
күнім,
Жайнаған жүз күлпырып кызыл
гүлім.
Сәулесіз, Айсыз, Күнсіз караңғыда,
Өтермін ah ұрумен шыкпай үнім.
Жалғанның бір көрермін көп пен
азын,
Өмірімде енді болмас жылы жазым.
Енді бір жүргенім де, өлгенім де,
Колымнан ұшканнан соң
коңыр казым».

«Коңыр казы», әрине, «Алашорда». Міне, байшыл Ж. Октябрьге осылай карады.

«ЗАРЛЫ СҰЛУ» – ақынның өлеңі. Алғаш «Жас кыз» деген такырыппен «Шолпанда» басылған. Кейін акын біраз өзгертулер енгізіп, 1923 жылғы жинағына кіргізген. Такырыбын өзгертумен бірге бірнеше шумакты кайта жазған. Мысалы, «Шолпандағы» нұскада: «Көп ойладың тыншымай, Көзге ұйкы тығылып, Түнде кірпік какпастан. Тан жарык боп атпастан» деп жазылса, кейін оны акын былай өзгерткен: «Көп ойладың тыншымай, Талмай көзің жұмбайсың, Түнде де кірпік бір какпай, Ағарып сүттей тан атпай». Тағы бірнеше шумакка осындай өзгеріс енгізген. Сол сиякты «Қайғыға салды кім сені» деп басталатын шумак 1912 жылғы нұскада: «Қайғыға салды кім сені, Өмір бойы бітпестей, Тыныштык жүзін көрместен Ажал жетіп өлместен» болса, 1923 жылғы басылымда акын: «Қайғыға салды кім сені, Өмір бойы бітпестей, Тыныштык жүзін көрместей, Зарың мәңгі сөнбестей», деп өзгертіпті. 1993 жылғы жинакка да кіргсн. Өлсң Мағжанның нсмсрс

Зиманов Салық

карындасы Нұрмағанбетқызы Шолпанға арналған. Әке-шешесі айтты-рып қойған жерге барғысы келмеген Шолпан қайғы-мұңға беріліп, кейін ақылынан адасқан.

ЗЕЙНЕП – Мағжанның алғашқы әйелі. Зейнеп Шоқан Уәлихановтың інісі Жақып төренің қызы Қадишадан туған. Шормановтар ежелден хан тұқымымен ілік-шатыс. Шоқанның шешесі Шорман әулетінен. 3-тен Мағжан Граждан атты ұл көрген. Тағдырдың жазуымен ақын үшін қымбат осы екі жан бірінің артынан бірі қайтыс болады. 3. баладан дүние салды. Артынша тұла бойы тұңғышы шетінеді. Бұл шамамен 1917 – 1919 жж. арасы.

«З...ҒА» – Ж-тың өлеңі. Зейнепке арналған. Шамасы 1919 ж. Зейнеп қайтыс болған соң жазылған. Барлық жинағына енген.

ЗИМАНОВ Салық (2.4.1921, Атырау к. – 4.11.2011, Алматы к.), – заңгер, заң ғылымдарының докторы (1961), профессор (1963), Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі (1967). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971). Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының (1993), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (2002) лауреаты.

3.1944 – 1945 жж. екінші дүниежүзілік соғыска қатысқан. Әскери қызметтен полковник шенімен босаған. 1946 – 1947 жж. Майданнан оралған соң Гурьев облысы прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші. 1947 – 1948 жж. Қазақ КСР-і прокуратурасы жанындағы ерекше маңызды істер жөніндегі тергеуші қызметін атқарды. 1948 – 1952 жж. Қазақстан ҒА құқық секторының аспиранты, аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі болды. 1952 – 1958 жж. Алматы мемлекеттік заң институтының директоры, ҚазМУ-де декан. 1958 – 1969 жж. Қазақстан ҒА Философия және құқық институтының директоры, 1969 – 1976 жж. Осы институттың бөлім меңгерушісі, құрметті директоры, 1976 – 1977 жж. Қазақстан ҒА төралқасының бас ғалым-хатшысы қызметтерін атқарған. 1995 жылдан Қазақ академиялық университетінің ректоры,1999 жылдан Қазақстан ҰҒА төралқасының мүшесі. 3. 1990 – 1995 жж. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, Жоғарғы Кеңес төралқасының, Сыртқы қарым-қатынастар мен парламентаралық байланыстар комитетінің мүшесі, Ардагерлер мен мүгедектер жөніндегі комитет төрағасы болды. Білікті заңгер маман ретінде егемендік, тәуелсіздік жолын таңдаған Қазақстанның халықаралық қарым-қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, президенттік басқару институтын енгізу, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу

ісіне, т.б. белсене араласты. Ол 1992 – 1993 жж. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік кеңестің, мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі болды. З-тың ғылыми-зерттеу еңбектері, негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігіне, т.б. өзекті мәселелерге арналған. Сондай-ақ, құқық теориясына, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне, шариғат заңдарына қатысты бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрді. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы кезінде де ол азаматтық ерлік көрсетті. Империялық орталықтың үлкен лауазымды өкілдерінің қазақ халқы атына айтқан астам пікірлеріне тайсалмай қарсы шығып, ұлт намысын, ел абыройын нақты да кесімді дәлелдермен қорғауға тырысты.

Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін З-тың ғылыми және қоғами-саяси қызметінің жаңа, жемісті кезеңі басталды. Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі көптеген жаңа заңдарды қабылдауға тиіс болды. Осы жауапты тарихи кезеңде З. білімділік, қайраткерлік қырымен танылды. Қазақ мемлекеттігі мен қазақ халқының тарихында шешуші рөл атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» (25.10.1990) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды. Ел тарихындағы екінші бір аса маңызды саяси актінің – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның (16.12.1991) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Ол Жоғарғы Кеңестегі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның мүшесі болды, сарапшылар тобын басқарды. З. 10 томдық «Қазақтың Ата заңдары» энциклопедиясына ғылыми жетекшілік жасады.

Зікібаев Есләм

З-тың академик Ж.Әбділдин басқарған Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде тындырған істері аз емес.

«ЗУҺРА» – Ж-тың өлеңі. Ғазизаға арналған. 1989 ж. басылымда 5-ші шумаққа «Төкпейді бірақ нұр күндіз» деген жол қосылыпты. 1922 ж. нұсқада соңғы шумақтың басындағы жол былай беріліпті: «... , сен де «қарағым». 1923 жылғы нұсқада көп нүктенің орнына «Ғазиза» деген сөз жазылған.

ЗІКІБАЕВ Есләм (5.6.1936, Солтүстік Қазақстан обл., Есіл ауд. Өрнек а. 12.4.2002, Алматы қ.) – ақын. Өзі туған Есіл ауданының құрметті азаматы. Бірнеше жыр мүшәйраларының жүлдегері.

Ибрагимов Ғалымжан

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген (1961). Еңбек жолы «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде басталып, одан «Қазақстан әйелдері» журналында, «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Жетісу» газеттерінде жалғасқан. Бұдан кейін Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім бастығы, «Жалын», «Жазушы» баспаларының редакция меңгерушісі, «Кітап жаршысы» – «Друг читателя» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі және алқа мүшесі болды. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі болған (1986 – 1996).

Алғашқы өлеңі 1958 ж. республикалық жастар газетінде жарық көрген. Серб жазушысы Змайдың бірталай шығармаларын, башқұрт ақыны Ш. Бикколдың «Жүрегімнің жарығы», қырғыз ақыны Ж.Садықовтың «Тау жолы» жыр кітаптарын, түркімен жазушысы К.Құрбаннепесов шығармаларын, т.б. тәржімалаған. Оның өлеңдеріне біршама әндер жазылған. З. – жиырма шақты кітаптың авторы. Ақын Ж-қа еліктеп «Мені де, өлім, әлдиле» деген өлең жазған. Баспасөз бетін көрген Мағжан туралы өлеңдері де аз емес.

З-тың өлеңдерінде М.Жұмабаев сарыны айқын сезіледі. Әсіресе, оның табиғат, махаббат лирикасы Ж. жырларымен үндес. Ақын Мағжанға бірнеше өлең арнаған: «Ұрпақтан ұрпаққа кетеді атың», «Биік тұрсың бәрінен», «Мәңгілі аты – Мағжан ән», «Әлдиле, өлім, әлдиле...», (А., «Армандай ғұмыр», «РИИЦ Азия», 2006).

М. Сүлеймен.

ИБРАГИМОВ Ғалымжан (1887 – 1938) – татар жазушысы. Ж-тың ұстазы. Қазақ ауылында мұғалімдік қызмет атқара жүріп, қазақ тілін жетік меңгерген ол туысқан халық өмірінен «Қазақ қызы» атты роман жазды. И. 1916 ж. «Аң» («Сана») журналының 5-санында жарияланған «Тіліміз әртүрлі, ойымыз – бір тұтас» деген мақаласында қазақ халқының бай ауыз әдебиетін ұлы мұра ретінде бағалап, сол мұраны терең зерттеп, игеруге үндейді. «Қазақтар біраз уақыт татар мәдениеті мен әдебиетінен үйреніп келді. Алайда, олар кешікпей дербес те даңқты жолға түседі. Бұл процесті еш нәрсе де тоқтата алмайды», – деп жазды

ол. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына ана тілінде колжазба «Садақ» журналын шығаруға көмектескен И. «Ешқашан да ешбір халықтың ана тілін тартып алып, оған өзге тілді телу табысқа жеткізіп көрген емес», – деп тұжырымдай келіп, бұған дәлел ретінде Абай поэзиясын келтірген. «Қазір Абай өлеңдері кең-байтақ қазақ даласына кең жайылған. Оларды халық аузынан түсірмей айтып жүреді» деген. Ж. медреседе оқып жүргенде, осында оқытушы болып істейтін, татардың белгілі жазушысы И-тың назарына ілігеді. Болашақ ақынның зор дарынын таныған И. Мағжанды қамқорлығына алып, оған көп жәрдем көрсетеді. Оның «Айға» деген өлеңінің:

«Кең дала көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін
жапқан.
Асқар тау, балдай тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан!» – деген бір шумағын өзінің «Қазақ қызы» атты романына эпиграф етіп алады. И. 1910 жылдың күзінде Мағжан өлеңдерінің колжазбаларын Қазандағы Кәрімовтердің баспаханасына табыс етіп, 1912 ж. кітап қылып шығарады.

М. Сүлеймен.

ИБРАЕВ Шәкір (31.12.1950, Қызылорда обл., Шиелі ауд. Бестам а.) – фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы (1993), профессор (1997). ҚазМУ-дің (1973, казіргі ҚазҰУ) филология факультетін, Мәскеу қаласындағы КСРО ҒА Шығыстану институтының аспирантурасын (1979) бітірген. ҚазМУ-де

Иванов Всеволод

аға оқытушы (1980 – 1989), Әдебиет және өнер институтында колжазбалар орталығының жетекшісі (1989 – 1993), институт директоры (1995 – 2000), Түркістан қаласындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті (2001 – 2003), Дүниежүзі түркологтары қауымдастығының атқарушы (2004 – 2006) директоры болды. 2007 жылдан Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды. 100-ден астам ғылыми жарияланымы, монографиялары мен кітаптары бар. «Қазақ эпосы» (1977), «Эпос әлемі» (1993), «Оғыз батырлық эпосының поэтикасы» (1997), «Дастан құрылымы» (1998), соңғысы түрік тілінде, т. б.) жарық көрген.

ИВАНОВ Всеволод Вячеславович (12 (24) 2. 1895, Павлодар уезі Лебяжье бол. Лебяжье к. (қазіргі Қазақстанның Павлодар обл., Лебяжье ауд. Акку а. 15.8.1963, Мәскеу к.) – орыс кеңес жазушысы, драматург, журналист. И-тың жастық шағы Батыс Сібірде өтті.

1915 жылдан бастап газет беттерінде мақалалары басылды. Алғашқы әңгімесі 1916 ж. жарияланды. «Рогульки» деп атаған тұңғыш кітабын (1919) 30 дана таралыммен Омбы

Исабеков Дулат

газетінің «Вперед» баспаханасында өз қолымен теріп бастырды. 1917 жылдан бастап революциялық қозғалыстарға (эсер, меньшевик) қатысты. 1918 ж. Омбыда РСРП(и) мүшесі болды. Соғыс жылдарында Ташкентке қоныс аударды, кейін «Известия» газетінің майдандағы тілшісі болды, Берлинге дейін жетті.

Ж. И-тың «Өз өмірімнен әңгіме», «Сай», «Темірбай», «Жолығу» деген әңгімелерін аударып, ол аудармасы «Төрт әңгіме» деген атпен 1927 ж. Мәскеуде жеке кітап болып басылып шықты. И. қазақ еңбекшілерінің отаршыл үкіметтен көрген зорлық-зомбылықтарын шынайы көрсетті, қазаққа іш тарта жазды.

ИСАБЕКОВ Дулат (20.12.1942, Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд.) – жазушы, драматург. ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1992), Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы сыйлығының (1985) лауреаты.

Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1966). Қазақ КСР Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор (1967 – 1968), Қазақ Совет энциклопедиясы бас редакциясында аға ғылыми редактор (1968 – 1970), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі (1971 – 1976), «Жалын» баспасында редакция меңгерушісі (1976 – 1980), Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық редакциялық алқасының бас редакторы (1980 – 1988), Қазақ теледидарының бас директоры (1988 – 1992), «Жазушы» баспасының директоры (1992 – 1995), Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ҚР Мәдениеттану ғылыми-зерттеу институтының директоры болып істеген. Қазір «Мәдениет» журналының бас редакторы. Алғашқы әңгімесі «Жолда» «Замандастар» атты жинақта 1963 ж. жарияланды. Кейін «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер», (1970), «Қарашаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» (1980) романы басылды. Таңдамалы повестері «Екі жиырма» (1983) деген атпен жарық көрді. Бірқатар шығармалары орыс, венгр, неміс, поляк, чех тілдерінде жарияланды. И. – «Өйтпесе Мағжан бола ма?» пьесасының авторы. Бұл спектаклді С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ сазды драма театрының ұжымы сахналады.

ИСАЕВ Ораз (1899, Орал обл., Ілбішін уезіне карасты Қарасу бол. – 1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан. И. орыс-қазақ мектебінде оқып, хат таныған. Еңбек жолын 1916 ж. ауыл әкімшілігінде хатшы болып бастайды. 1917 ж. Шалқар болысында земство басқармасының хатшысы және уездік милиция хатшысы бо-

лып істейді. 1919 – 1920 жж. Ілбішін және Жымпиты уездерінде құқық қорғау органдарында еңбек етеді, ТХО (ЧОН) жауынгері, губ ТК (ЧК), ОГПУ уәкілі, губерниялық қылмысты істерді іздестіру органы бастығының орынбасары болады. 1921 ж. большевиктер партиясы қатарына өтеді. Орал губерниясында комсомол, кәсіподақ ұйымдарын құруға атсалысқан. 1924 – 1925 жж. РК(б)П Қазақстан өлкелік бақылау комиссиясының орынбасары, 1925 – 1929 жж. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің екінші хатшысы. 1926 ж. шілденің 13-і мен тамыздың 30-ы аралығында «Еңбекші қазақ» газетіне де басшылық жасады, газет редакторы болды. Бұл тұста ол Қазкрайкомның ұйымдастыру бөлімін басқаратын. 1929 ж. сәуірден 1938 ж. мамырына дейін Қазақстан Халком кеңесінің төрағасы, КСРО БОАК және ОАК төралқасының мүшесі, өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты және КСРО Жоғарғы кеңесі төралқасының мүшесі болды.

И. 1938 ж. жалған жаламен тұтқындалып, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Ж.1937 ж. 21 мамыр күні сол кезде Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып істейтін О.Исаевқа «Ашық хат» жолдайды. Онда біраз уақыт «адасқанын» айтып, ендігі жерде туған еліне, халқына қалтқысыз қызмет еткісі келетінін мәлімдейді. «Менің шығармашылық жұмысымның соңғы үлгілері ретінде үш өлеңді осы хатпен қоса жолдап отырмын. Сонымен бірге дәл қазіргі кезде кеңестік-еңбекпен түзету саясатының әлемдегі ең дұрыс ұстаным екенін көрсететін жаңа тақырыпты көркем түрде игеру ісіне кіріскеніме Сіздің және мұқым социалистік қоғамның назарын аударамын», – деп жазды Ж. Бұл «Ашық хаттың» шарасыздықтан жазылғаны сөзсіз. И-тың бұл өтінішті қарауға мұршасы да келмеді. Өйткені, алашордашыларды әшкерелеуші бас идеологтың өзі де көп ұзамай және Ж-тан бұрын тұтқындалып, тергеушіге: «Менің тұтқындалуым – менің дұшпандық әрекетімнің жолын кесті, сондықтан да мен өзімнің саткындық әрекеттерім мен опасыздығым бұлжытпайтын айғақтармен әшкереленіп отырған сәтте іштен тынып, әлденені жасырып қалуға жортақси тырысуымның ақылға сыймайтынын білемін. Мен жиырма жыл бойы партия мен халықты алдап келдім. Өтірік пен екіжүзділік менің екінші және нағыз болмысыма айналды, сол болмысым маған ұзақ уақыт бойы партия ісіне шынайы берілген адал коммунистің рөлін орындауға мүмкіндік берді. Мен тұтқындалғанға дейін оңшылдар орталығының қарары бойынша әрекет еткен Қазақ КСР-дегі Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымның жетекшілерінің бірі болдым», – деп жауап беріп жатты (Алашорда қозғалысы, 3-том, 2-кітап, 266-б.).

ИТБАЕВ Ережеп (1885 – 1936) – Алаш қозғалысының қайраткері. Омбы гимназиясын бітірген. Томск университетінде бір жыл оқыған. Кереку (Павлодар) және Қаркаралы уездеріндегі жер қатынастарын зерттеген Ф.А.Щербина экспедициясына (1897 – 1898) қатысқан. 1900

Каренов Рашит

– 1917 жж. Қарқаралы уезі бастығы кеңесінің Ақмола округтік сотының тілмашы болған. 1917 ж. басында мемлекеттік қызметтен өз еркімен босап, қоғамдық істермен, Алашорда жұмыстарымен айналысқан. Ақмола облыстық қазақ съезін (Омбы, 1917 ж. – сәуір-мамыр) ұйымдастырушы және басқарушы. Алашорданың Ақмола облыстық комитетінің белсенді мүшесі. «Алаш» партиясының Омбы қалалық ұйымынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды. II Жалпықазақ съезінде (Орынбор, 1913 ж. 5-13 желтоқсан) Алаш автономиясының Халық кеңесіне кандидат болып сайланды. И. «Алаш» партиясының мүшелерін жазалау басталғанда Ж. пен бірге тұтқындалды.

К

КАМАЛОВА Гүлсім (татар жазушысы Камаловтың қарындасы) 1914 ж. Санкт-Петербургтегі аксүйек қыздардың педагогикалық институтын бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа «шафқатлық тәтесі» (сестра милосердия) болып қатысқан. Азамат соғысының кезіндегі аласапыранда Қызылжар қаласына келіп, Ж. басқаратын мұғалімдер курсында математикадан сабақ береді. Ақынның күллі өмірінде мәңгі ұмытпастай із қалдырған осы Гүлсім ханымнан махаббат қосқан жылдар еді. Алайда, шырқау биігіне көтерілген отты сезім бірте-бірте сөнді. Сұм өмір қаталдығын істеп, екі жасты айырып жіберді.

Ж. Қадыров.

КАРЕЛИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ – Ресейдің солтүстік-батысындағы республика. Астанасы – Петрозоводск қаласы. Солтүстік Батыс федералды округінің құрамына кіреді. Ж. алғаш рет он жылға сотталғанда жазасын Карелия ормандарында өтеген.

КАРЕНОВ Рашит (13.10.1944, Қарағанды қ.) – ғалым, әдебиетші. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, өнеркәсіп экономикасы, менеджмент және маркетинг саласының ірі маманы, академик. Қарағанды политехникалық институтының түлегі. Қарағанды техникалық уни-

верситетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып істеген. ҚР ҰҒА жер қойнауын кешенді игеру Қарағанды ҒЗИ экономикалық талдау және болжау зертханасының меңгерушісі, ҚарМУ-дің маркетинг, кейіннен менеджмент кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1500-ден астам ғылыми және әдеби еңбектердің, 80 астам монографиялардың, кітаптардың авторы. К-тің әдебиет және тарих мәселелеріне арналған бірнеше монографиялары жарық көрді. Олардың ішінде ерекше атап өтетін еңбегі – «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» деген кітабы (Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 2013 ж., 235 б).

КАСТАМОНУ – қала. Қара теңіз жағалауында 780 м. биіктікте орналасқан. 2018 ж. Түркі дүниесінің астанасы болып жарияланды. К. – тарихы терең, мәдениеті бай әулие-әмбиелердің ізі қалған қасиетті мекендердің бірі. К-дың іргесі б.д.д. XVIII ғасырда қаланған. Әр кезеңдерде Фригия мен Лидия, парсы, Македония, римдіктер, византиялықтар, селжұқтар патшалығының, Әмір Темірдің билігінде болған. 1461 ж. Сұлтан II Мехмед бастаған Осман империясы басып кірген. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Истелопа портының көмегімен К. тәуелсіздік үшін күресте әскерлерге материалдық және техникалық қолдау көрсету орны болды. Шамамен 375 мың халқы бар. Негізгі бөлігі – түріктер, аз саны – ассимиляцияға ұшыраған түрікмендер. Қала аумағының 65 пайызы орманды болып келеді. Экономика, негізінен, ауыл шаруашылығына негізделген және бұл өлкенің жалпы табысының 40 пайызын құрайды. Қалған пайда ағаш өңдеу өнеркәсібі, тоқыма, балық аулау, мыс өндіру басқа да орта және шағын бизнес түрлерінен келеді.

К-да орта және жоғары білім берудің өзіндік бағыты қалыптасқан. Мысалы, Кастамону университеті – құрамына білікті мамандар даярлайтын 8



Кастамону қаласының көрінісі.

Кәкішұлы Тұрсынбек

факультет, 2 институт 4 жоғары мектеп және 11 жоғары және кәсіптік техникалық мектеп енетін, академиялық және әкімшілік, мәдени және спорт салаларына қызметкерлер даярлайтын «Жастар университеті» ретінде танылған оқу орны. Университет Қазақстан, АҚШ, Португалия, Қырғызстан, Индонезия және Малайзия елдерінің университеттерімен екіжақты әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Ж-тың туғанына 125 толуына арналған алғашқы жиын 2018 жылғы 17 ақпанда осы қалада өтті. «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы ұйымдастырған «Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы» атты халықаралық ғылыми конференцияға қазақстандық ақын-жазушылармен бірге Түркияның, Қырғызстанның ғалымдары мен қоғам қайраткерлері де белсене қатысты.

К. Оспанов.

КӘРІМОВТАР БАСПАХАНАСЫ – ағайынды Мұхаметжан және Шәріпжан Кәрімовтардың Қазанда (Татарстан) ашқан жекеменшік баспаханасы. 1880 – 1917 жж. жұмыс істеп, негізінен, қазақша кітаптар шығару және оларды ел ішіне тарату ісімен айналысқан. Баспаханадан қазақ тілінде жалпы таралымы 500 – 600 мың данадай 115 кітап, олардың ішінде «Гүлкәшима» (М.Сералин), «Қалың мал» (С.Көбеев), «Манзумат қазақия» (Н.Наушабаев), «Үлгілі тәржіме» (И.Крылов, «Көкселдір», «Шаир» (өлеңдер жинақтары, құрастырып бастырушы Ғ. Машақ), «Қазақша әліппе» (М.Нұрбаев), «Мактубат» (А.Сабалұлы), «Халық мұңы» (Қ.Сәдуақасұлы), «Өткен күндер» (С.Сейфуллин), «Қарақыпшақ Қобыланды» (бастырушы М.Тұяқбаев), «Абай термесі» (бастырушы С.Әбішұлы), «Қазақша-орысша үйреткіш» (сөздік), «Қазақша дұрыс жазу қағидалары» (И.Бейсенұлы), «Кел, балалар, оқылық» (Қ.Шаһмарданұлы), тағы басқа да еңбектер жарық көрді. Баспа иелері ел ішінен ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерін, қолжазбаларды жинап, қазақ авторларымен үнемі хабарласып, байланысып тұрған. Ж-тың алғашқы жыр жинағы да осы баспаханадан шыққан.

КӘКІШҰЛЫ Тұрсынбек (15.8.1927, Ақмола обл., Бұланды ауд. Бөрлі а. 8.9.2015, Алматы қ.) – әдебиетші, ғалым, сыншы. Филология ғылымдарының докторы (1972), профессор (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979). Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері. Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін (1950), Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітірген (1960). 1944 – 1945 жж. Ақмола облыстық

Қазақ драма театрының актері, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде бөлім меңгеруші, 1950 – 1958 жж. Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер, 1960 – 1968 жж. Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер. 1968 жылдан ҚазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор, филология факультетінің сырттай (1978 – 1985), күндізгі (1985 – 1986) бөлімінің деканы, көп жыл осы университеттің филология факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасының меңгерушісі болған. Қазақ әдеби сынының даму жолдары, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары хақында ғылыми ізденістер жасап, өнімді еңбек етті. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-т., 1-2-кіт., 1967), «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу, орыс тілінде), т.б. іргелі еңбектерді дайындап, жазысуға қатысты. Ж-тың өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізіп, көптеген мақалалар жазды. К. – «Мағжан – Сәкен» ғылыми эссесінің авторы (А., 1999. 447-б.).

Д. Кәпұлы.

«КЕДЕЙ СӨЗІ» – газет. РК(б)П Сібір облыстық бюросының, Ақмола губерниялық бюросының органы. Алғашқы саны 1920 ж. ақпанда Омбы қаласында жарық көрді. Ж. 1920 – 1922 жж. Омбы, Қызылжарда жүріп, Сібір төңкеріс комитеті мен Қазақ АКСР өкілдігінің газеті – «Кедей сөзі» мен Ақмола губерниялық партия комитетінің газеті «Бостандық туымен» тығыз байланыста болып, осы басылымдарда қызмет жасады. Газеттің ол кездегі міндеті қазақ еңбекшілеріне революциялық тәртіпті насихаттау, қазақ ауылдарында Кеңес өкіметінің орнығуына көмектесу, жалпы жұрттың сана-сезімін ояту еді. Бұл міндетті өтеу өте қиынға түсті. Өйткені, халық шаруашылығы күйзелісте болатын. Әрі газеттің полиграфиялық базасы нашар болды, журналист мамандар жетіспеді. Тіпті, редакцияның үйі де болмады. Сөйтсе де, газет алыс ауыл, аудандарға тарады, еңбекшілерге жаңалықты жеткізіп отырды. Ж. өзінің алғашқы мақалаларын «Бостандық туы» газетінің мұрагері – «Кедей сөзінде» жариялай бастаған. 1920 ж. Сібір төңкерісі комитеті мен Қазақ Республикасындағы болып жатқан өзгерістерді халыққа кеңінен насихаттау үшін құрамына М. Жұмабаев, Ғ. Тоғжанов, Т. Телжанов, Б. Айбасов, Б. Серкебаев, Қ. Кеменгеров, М. Сейітов, Қ. Кәкенов, Қ. Фазылов кірген «Кедей сөзінің» әдеби алқасы құрылған.

«Кедей сөзі» газетінде Мағжан өз пікірін білдіріп, бірнеше көкейкесті мақалалар жариялаған. Солардың ішінде құнды мақаланың біреуі – газеттің 1921 ж. 12 қаңтардағы №3 (37) санында шыққан «Автономия кімдікі?» деген мақала. Бұл мақалада ақын бұрынғы «Алаш» автономиясын құрғандардың жаңа кеңес автономиясына селсоқ қарап, бұл біздікі емес, «жолдастікі» деуін де, большевиктердің бұл өзгелердікі емес, біздің автономия деп қорғаштауын да дұрыс саясат деп есептемей-

Кекілбаев
Әбіш

ді, екі жақты да түсінісуге, бірлікке шақырады. Сөйтіп, ол газет арқылы халыққа сөз арнап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға бірлесіп атсалысуға шақырады.
1921 ж. 7 наурыздан бастап «Кедей сөзі» «Бостандық туы» деген атпен Омбыда шыға бастады.

КЕКІЛБАЕВ Әбіш (6.12.1939, Маңғыстау обл., Оңды а. – 11.12.2015, Астана қ.) – жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың, Қазақстан Республикасы Президентінің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының лауреаты. Әдебиетпен мектеп қабырғасында жүргенде айналыса бастаған. Қазақ мемлекеттік университетін бітіре салысымен (1962 ж.) «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеді.1964 – 1968 жж. республика Мәдениет министрлігінде репертуарлық-редакциялық алқа мүшесі, 1970 – 1975 жж. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор қызметін атқарды. 1975 – 1984 жж. – аралығында Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, 1984 – 1986 жж. республика Мәдениет министрінің орынбасары болды. 1986 – 1988 жж. – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, ал 1988 – 1990 жж. Қазақ КСР Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау орталық кеңесі төралқасының төрағасы қызметтерін атқарды. К. 1990 ж. республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланып, Мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы болды. Ал 1992 – 1993 жж. «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Осыдан соң 1994 – 1995 жж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1996 – 2002 жж. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, 2002 ж. ақпанынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болды. 2011 ж. Қызылжар (Петропавл) қаласында Ж. шығармашылығын насихаттау мақсатында «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған!» деген тақырыпта өнер фестивалі ұйымдастырылды. Онда қатысушылар үш аталым бойынша сынға түсті. Қазылар алқасына Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев төрағалық етті.

КЕМАЛ Мұстафа Ататүрік (1881 – 10.11.938) – Осман және Түркия мемлекетінің реформаторы, әскери қолбасшы, мемлекет қайраткері, Түркия Республикасының негізін қалаушы тұлға және оның тұңғыш президенті. Галлиполи операциясы кезінде дивизия командирі қызметін атқарған К. өзін дарынды қолбасшы ретінде көрсете білді. Кейінірек ол Анадолы және Палестина майдандарында әскери ұрыс қимылдарын ерекше

табысты жүргізуімен көзге түсіп, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде атақ-даңкка ие болды. Осман империясының соғыста жеңіліп, Антанта тарапынан елді бөлшектеп тастау қаупі туғаннан кейін ол Түрік ұлттық қозғалысын бастады. Оның соңы Түрік тәуелсіздік соғысына ұласты. Анкарада уақытша үкімет ұйымдастырған соң ол Антанта мемлекеттері жіберген әскерлерге тойтарыс беріп, олардан басым түседі. Сыртқы интервенциялық күштерді қайтарғаннан кейін К. Түркия өмірінің саяси, экономикалық және мәдени жақтарына терең өзгерістер енгізуге бағытталған реформалар бастайды. Оның ұстанған көзқарасы бойынша Түркия мемлекеті осызаманғы, демократиялық және зайырлы ұлттық мемлекет болып құрылуы тиіс болатын.

Ж. поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі – түркі тақырыбы. Түрмантикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады. Түрік тақырыбы қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы күреске алып келді («Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі», «Тез барам! », «Түркістан», «Орал»). Сондай-ақ, Ж. «Пайғамбар» өлеңінде «Ғұн – түріктің арғы атасы» десе, «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп асқақ рухпен жырлады.

Ж-тың түрікшілдік сезімі 1919 – 1923 жж. К. бастаған түрік халқының азаттық соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде айрықша байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түрікшілдік күресі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады.

Кемал Мұстафа

Ж. Көкбас

КЕМЕЛБАЕВА Айгүл (21.3.1965, Шығыс Қазақстан обл., Абай ауд. Құндызды а.) – жазушы, сыншы. 1983 ж. «Жалын» баспасының республикалық жабық конкурсында балалар әдебиетіне арналған II жүлдені, 1997 ж. М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы құрметіне жарияланған шығармашылық конкурста III орынды иеленді. Жастар одағы мен Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты (1998). «Сорос-Қазақстан – Дебют» конкурсының лауреаты. «Сорос Қазақстан» қорының «Қазіргі заманғы қазақстандық роман» атты конкурсының жеңімпазы (2000). Бірнеше дүркін республикалық, халықаралық бәйгелердің жеңімпазы болған. 1984 – 1987 жж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. 1989 – 1994 жж. Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының негізгі (проза) бөлімін бітірді. «Абай» журналында қызмет істеді. «Жетінші құрлыкка саяхат» атты балаларға арналған повесть және «Тобылғы-

Кемеңгеров Қошмұхамбет

сай», «Мұнара» атты әңгімелер жинағының авторы. Республикалық баспасөзде 100 шақты әдеби-зерттеу мақалалары, эсселері, аудармалары жарияланған. Ж. ақталғаннан кейін ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеп, «Мағжанның поэзиясы», «Мағжанның прозасы», «Мағжанның драматургиясы» деген тақырыптарда мақалалар жазды.

Ж. Есенгелді.

КЕМЕЛОВА Әмина Ж-пен қатарлас Омбының қыздар семинариясында оқыған. Ақын өлеңінде сұлу құрбысын «Алтын мүйіз» ресторанында орыстың Соловьев деген балуанының қасынан көретінін айтып қағытады. Жүре келе Әмина Мағжанның жолдасы, көкшетаулық, өз кезінің белгілі математигі Кемеловке тұрмысқа шығады. Әминаның өзінің айтуынша, ері сонда: «Апыр-ай, саған үйленем деп бір жақсы жолдасымнан айрылып қалмасам жарар еді», – депті. Онысы – Мағжан екен. Кемелов математикадан Семейдегі әуелі С. Сейфуллин атындағы, кейін Н.К. Крупская атындағы болып өзгертілген педагогика институтында ұстаз болып жүргенде «халық жауы» атанып, ұсталып кетіпті.

КЕМЕҢГЕРОВ Қошмұхамбет (15.7.1896, бұрынғы Ақмола обл., Омбы уезі Беке бол. Қаражас а. – 21.11.1937, Омбы қ.) – Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. Қисықтағы Қаржаста Белгібай молдадан оқыған Қошкені әкесі Омбы приход мектебіне береді. Жас Қошке осында орыс тілін, басқа да пәндердің негіздерін үйреніп шығады. Бұдан кейін К. Омбының ветеринарлық-фельдшерлік мектебіне түседі. 1913 ж. аталған мектептің 2-сыныбын бітіргеннен кейін оқуын Омбы ауылшаруашылық училищесінде жалғастырады. Осында жүріп қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914 – 1918) мүше болып кіреді. «Балапан» қолжазба журналының (1916 – 1918) редакторы болады. 1917 ж. сәуірде К. Дінше Әділовпен бірге Ақмола облыстық қазақ комитеті атынан (Омбыдан) Ақмола қаласына келіп, уездік қазақ комитетін ашады. Оның төрағасы болып Сәкен Сейфуллин тағайындалады. К. Ақмолада Сәкен ұйытқы болған «Жас қазақ» ұйымының жұмысына да қатысады. Бірақ облыстық қазақ комитеті мен уездік қазақ комитеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер бойынша туған келіспеушіліктен соң және «Жас қазақ» басшылары Алашордадан бойын аулақ салғаннан кейін 1917 ж. тамызда ол Омбыға оралады. Сол жылы күз, қыс айларында К. Ақмола облыстық Алаш партиясы комитетін ашуға күш-жігер жұмсайды. Сөйтіп, өзі сол комитеттің мүшесі болады. Желтоқсанның 5-13 арасында Орынборда әйгілі Алашорда үкіметін жариялайтын II жалпықазақ съезіне де-

легат ретінде катысады. 1918 – 1919 жж. Алашордаға калткысыз жәрдем берген. ел бірлігі мәселесінде біршама тиянакты жұмыс жасаған «Жас азамат» ұйымы мен газеті еді. К. осы ұйымның алкасына кірді. онын Қызылжар каласында шығып тұрған үні – «Жас азамат» газетіне редактор болды. «Қазак». «Сарыарка». «Абай» сынды ұлттык басылымдардын ізбасары іспеттес «Жас азамат» бетінде Алаштың мұнын мұндап. жоғын жоктаған мақалалар нөмір құрғатпай шығып тұрды. Бұл газет большевиктердің имансыз әрекеттерін елге жария кылды. Сондай-ак. кнын кезде жастарды ауызбірлікке шакырды.

1919 ж. К. Омбы политехника институтына окуға түседі. Мұнда ол бірінші курсты ғана окиды. 1920 ж. Акмола облысына (орталығы – Омбы) карайтын Петропавл (Қызылжар) уезіне мұғалімдікке шакырылады. Мұнда ол жанадан құрылған. аты заманына сай «Қызыл мұғалімдер курсында» окытушы ретінде дәріс оки бастайды. Бұл шакта мұнда Ж. та сабак беретін. Осы окуды тамамдағаннан кейін Омбыдағы казак педучилищесінің директоры болған Жүнісбек Жанғонаков естелігінде: «Курста 200 мұғалім окыды. Кошмұхамбет жаратылыс пәнінен сабак берді. Ол кісі әдебиет мәселесімен де шұғылданып жүретін еді. Қайсы уакытта өзінің жазған әңгіме. пьесаларын колжазбасынан окитын». – деп жазады.

Қызылжар каласында К-тің драматургтік кабілеті де ұштала түсті. Осыған дейін «Әулие тәуіп» секілді пьесасын сахналатып үлгерген К. енді бұл саладағы шығармаларынын такырыбын кенейтті. Онын каламынан 1919 – 1920 жж. «Қасқырлар мен койлар». «Бостандык жемісі» атты кос пьеса дүниеге келді. Бұл екеуі де Қызылжардағы калалык бактын сахнасында койылды. Ж. Жанғонаков 1916 ж. окиғасы туралы «Қасқырлар мен койлар» пьесасында өзі – уряднік рөлін. ал кейін жазушы болған Сәбит Мұканов болыстың шабарманы рөлін ойнағанын айтады. XX ғасырдың 20-жж. зиялылардың көбі. негізінен. Ташкентке орныкты. Мұндағы саясат райы салыстырмалы түрде Орынбордан тәуір еді. Түркістанда өкімет басындағылардың ескі окығандарға ыкыласы бөлек болды. Х.Досмұхамедов 1922 ж. құрған «Талап» кауымына елшіл азаматтар топтаскан еді. Бұл шакта мұнда Алаш арыстары баспасөз. оқу-ағарту салаларында кызмет жасайтын. К. бір кездері кайраткер Т.Рысқұловты көтерген Түркістан конфедерациясы идеясына сенді. Ташкентке табан тіреген К. мұнда 1921 – 1922 жж. орныға бастаған Алаш зиялыларымен тығыз карым-катынас жасай бастады. Бұл кезде Ахмет пен Міржакып – Орынборда. ал Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі «Күншығыс» баспасының казак секциясында кызметте еді. Ташкентте К. Халел Досмұхамедов. Мұхтар Әуезов. Мағжан Жұмабаев. Жүсіпбек Аймауытов. Абдолла Байтасов. Даниял Ыскаков сынды арыстармен араласып тұрды. К-тін Түркістанға ат басын бұрған кезі әйгілі «Алка» бағдарламасының окығандар ортасында кенінен талкыланған шағына тұспа-тұс келді. Ғұмырынын Ташкент кезеңі К. шығармашылығы-

ның тынысын кеңейтті. Ол Омбыда бастаған «Қазақ тарихынан» зерттеуін аяқтап, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасына тапсырды. Аталған баспадан сонымен бірге 1925 ж. қаламгердің «Бұрынғы езілген ұлттар» атты ғылыми еңбегі мен «Қазақша-орысша тілмашы» жарық көрді. Сөздікті түзуге К-ның жетекшілігімен Байғаскаулы, Баймаканулы, Дәулетбекулы, Темірбекулы, Сәрсенбайулы қатынаскан.

К. Ташкентте жүріп 2 кітаптан тұратын «Жабыропалықтар үшін оқу құралын» жазды. Оның біріншісі – 1928 ж. Ташкентте, екіншісі 1929 ж. Қызылордада басылды. К. қаламынан оның өмірінің Ташкент жылдарында «Отаршылдық ұскындары», «Қанды толкын», «Момынтай», «Ерлік жүректе», «Қазақ әйелдері», «Жетім қыз», «Дүрия», «Назиха» тәрізді тумысы бөлек әңгімелер туды. К. әріптесі Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов секілді прозада ұлттық нақышты сақтай отырып, көркем бейнелеудің биігіне ұмтылды.

1925 ж. Қазақстан астанасы – Ақмешітке көшті де, шойын жолдың бойындағы бұл казақы елді мекен Қызылорда деген жаңа атау алды. Осында 1926 ж. 13 қаңтарда мемлекеттік ұлт театры К-тің «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашты. Осы қойылым драматургке ині әсер етіп, 1926 ж. «Парашылдар», 1927 ж. «Ескі оқу», 1930 ж. «Күнәсіз күйгендер» атты пьесалар жазып, көрерменге ұсынды. Талантты сыншы С.Сәдуақасов К-тің драматургиясын: «Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ», – деп бағалады. К.Ташкентте шебер журналист ретінде де қабілет-қарымын аңғартты. Ол Омбыдан келісімен «Ақжол» газетінде қызмет істеді, сондай-ақ, ғылыми-танымдық «Сана» журналының бірер санына редакторлық етті. «Ақжол» тілшілерінің 1925 ж. өткен тұңғыш жиынын ұйымдастыруға атсалысты. Әлеумет, шаруашылық, ғылым-білім хақында алуан-алуан мақала жазды. Әдебиет жөніндегі айтыста сындарлы пікір білдірді. Күйбің журналистік, ағартушылық тіршіліктен қолы босағанда замандастары туралы жазбақ болған романына материал жинады. ҰҚК архивінен табылып отырған, 1925 ж. 16 наурызда Д.Әділұлына жазған хатында ол: «Сен өмірінде талай тарихты бастан кешірген жансың ғой. Менің ептеп қаламды ермек ететінімді білесің. Өмір жолынмен таныскым келеді. Кішкене уақытыңды бөл. Есеп беру кезеңі туды. Мен казак зиялылары жөнінде роман жазуға отырдым», – дейді.

Университетте екі жыл қызмет жасағаннан кейін К. шындап ғылым жолына ден қойғысы келді. Бұл орайда ол түріктануды таңдады. 1928 ж. 23 казанда К. Шығыстану факультетінің түріктану кафедрасына аспирант болып қабылданды. Аталған факультеттің аспирантурасында К-мен қатар Мұхтар Әуезов те оқыған. Бұл екі дарынды азаматқа А.Шмидт, М.Гаврилов, А.Дубсон сынды ғалымдар тәлімгерлік жасады. Нағыз ғылым ашық, жүйелі пікірсайыстан соң барып қана туады. К. тіл маманы ретінде Юдахин, Поливанов, Шмидт

тәрізді тәлімгерлерімен қазақ тілінің күрделі мәселелері жөнінде айтысып қалып отырған. Мысалы, 1929 ж. мамыр айында болған орфографияға арналған конференцияда жаңа орфография мен термин жасау принциптері жөнінде Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Қ.Кеменгеров орнықты пікір білдіріп, бұра тарткан еуропалық ғалымдармен айтысқан. Бұл бесіктен белі шыққан, буыны бекіп келе жаткан қазақ тіл ғылымының еуроцентристік көзқараспен текетіресінің көрінісі еді. К. осы Ташкентте жүріп, қазақ тілі білімінің проблемалары жөнінде біркатар зерттеу жазды. САГУ-де оқыған Даниял Ыскақұлының айтуынша: «1927 ж. Ташкенттегі Казпедвузға С.Сәдуақасов директор болып келгенде осы оқу орнына Қошкені оқытушы етіп алған». К-ның ғылыми еңбегінің қатарына 1927 ж. Г.Архангельскийдің құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» да кіреді. 1930 ж. 13 қазанда К. «Кенес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы» деген жалған айыппен Ташкентте ұсталып, абақтыға жабылады. Осы жылдың қазан айының соңында Қошке Ташкенттен Алматы абақтысына айдалды. Ол Алматы түрмесінде 1932 ж. сәуір айының соңына дейін отырады. 20 сәуірде үштіктің шешімімен 58-баптың 10,11-тармағы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айрылып, Украинаның Валуйки қаласына жер аударылады. Қаламгер мұндағы темір жол жүйесінде дәрігер болды. 1935 ж. К. Валуйкиде мерзімін толық аяқтады. Заң бойынша енді ол елге қайтуға ерікті еді. Бірақ айлалы НКВД саяси тұтқындарды елден жырақ ұстауды қалады. Сол себепті К-ке толық ерік бермей, Омбының Шарбаккөліне қоныстануға рұқсат етті. Ол аудандық денсаулық сақтау бөліміндегі қарапайым қызметті таңдады. 1937 ж. қуғын-сүргіннің қара құйыны Шарбаккөлдегі дәрігер К-ті қиналмай-ақ тапты. Қайраткерді ату туралы үкім 17 қарашада бекітіліп, 21 қарашада Омбыда орындалды. Мағжан Жұмабаев пен Қошке Кеменгеровтің қилы тағдырлары қаншалықты ұқсас болса, шығармаларында айтылар негізгі ой соншалықты сарындас, идеялас. Аталған екі қайраткер уақыт пен кеңістік жағынан алғанда бір кезеңде өмір сүріп, бір дәуірде еңбектерін жазды, ортақ қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысты. Ұлттық баспасөздің қанаттанып жаткан кезеңінде өмір сүрген Ж. пен К. өздерінің азаматтық көзқарастарын күнделікті жарық көріп жатқан саяси-әлеуметтік мақалалар, хабарлар, азаттық рухтағы көркем шығармалар арқылы білдірді. К. ақын Мағжанның есімін «Айқап» арқылы таныды деуге негіз бар. 1926 ж. К.: «...Мағжанның ақын болғандығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өленнен көрінген», – деп жазады.

Мағжан мен Қошке 1913 ж. күзінде Омбы қаласында танысты. Бұл уақытта Мағжан Омбы мұғалімдер семинариясына оқуға түссе, Қошке Орта дәрежелі Омбы ауылшаруашылық училищесіне шәкірт ретінде қабылданады. Екі азамат осы уақытта мәдени-ағартушылық бағыттағы қазақ жастарының жасырын ұйымы – «Бірлікке» мүше болады. «Бірлік» ұйымының мақсатында ауылдан

келген казак шәкірттеріне жәрдем көрсету, ұлттық баспасөзді дамыту, көркем шығармаларды жазу, театрға арналған әдебиеттерді жариялау секілді мәдени шаралар болды. «Бірлік» ұйымының колжазба журналы «Балапанға» К. редакторлық етсе, ол басылым жайында Ж. «Балапан канат какты» деп аталатын аллегориялық шығарма жазды. Алаш козғалысына екі кайраткер саналы түрде катысты. Олар Алаш идеясына, Алаш көсемдерінің ұранына, жалпы Алаш козғалысының казак ұлтына беретін жаксылығына имандай сенді. 1917 ж. желтоксан айының 5-13 аралығында Орынбор каласында өткен Екінші Жалпыказак-кырғыз съезіне Ж. пен К. те делегат болды. Азамат соғысы кезінде Ж. пен К., негізінен, Омбы каласында болды. Осы жерде екі кайраткер өз замандастары А.Сейітов, М.Сейітов, Б.Серкебаев, Ж.Сәдуакасов, Б.Айбасов, Е.Байғаскин, С.Сәдуакасов, А.Досжанова, М. Саматовпен бірге үлкен маңызы бар саяси іс-шара өткізді. 1918 жылдың мамыр айында Омбы каласында казак жастарының бүкілелдік бірінші съезі ұйымдастырылды.

К. 1920 ж. Омбы губерниялық білім беру бөлімінде Кырғыз-казак секциясының мектептен тыс білім беру инструкторы ретінде кызмет істейді. Омбы облыстык мемлекеттік архивінде «Омбы губерниялык білім беру бөлімі» деп аталатын корда К. туралы деректер бірнеше істе кездеседі. Ағартушы Омбы білім беру бөлімінде 1920 ж. бесінші сәуірінен 1921 ж. бірінші кантарына дейін кызметте болады (Омбы облыстык Мемлекеттік архиві. 318-кор. 1-тізім. 73-іс. 8-б.). Аталған кордың құжаттарында К-пен бірге Ж-тың бір мезгілде жұмыс аткарғанын растайтын деректер бар. Ол секция бөлімінің меңгерушісі болып 1920 жылдың оныншы мамырынан 1921 жылдың он бесінші акпанына дейін кызмет істейді. Мәскеуде окып жүрген Ж-тың «Алка» әдеби ұйымын құруды жоспарлап, оның «Табалдырык» бағдарламасын жазғаны белгілі. Бағдарламаның мазмұнын талкылауға Ташкент, Орынбор, Семей, Кызылжардағы казак окығандары катысты. Соның ішінде К. те болғанын бүгінде архив құжаттары дәлелдейді. К. 1937 ж. ату жазасына кесілгенде оған койылған айыптың бірі «Алка» платформасына катыскандығы болатын. Ж-тың азаматтык тұлғасын, акындык күш-куатын шын бағалай білген, поэзиясының құбылыс екендігін көзі тірісінде мойындаған, оның киын-кыстау заманда жанашыры, ниеттесі болған адамның бірі де – К. Ол өзінің көркем әдебиет мәселелері туралы жазған макалаларында, зерттеу кітаптарында Ж-тың ардакты есіміне кір келтірмейді, руханн мұрасына объективті әділ баға береді, керісінше, оны мейлінше корғауға, таяз ойлайтын сыншылардан арашалауға тырысады. Сыншы «Көркем әдебиет туралы» деп аталатын айтыс макаласында С.Мұкановка былай жауап береді: «Сәбиттің ойынша, акын тегінде үйренумен, атакты жазушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді. Мен де (мактанып жіберейін) бір казактың баласындай орыс әдебиетімен таныспын, өлең жазу әдісін

де білемін, бірақ канша тырбансам да Мағжандай болатын емеспін. «Кім... би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік болатын шығар».
К. пен Ж-тың ой-аңсары бір, ниеті ортак. Олар адамзатты таланттар мойындатады, ұлтты тұлғалар бастайды деп сенді.

Д. Камзабекұлы.

КЕМЕҢГЕР Қайырбек (20.05.1977, Омбы обл., Шарбаккөл ауд. Жанан а.) – акын, алаштанушы, филология ғылымдарының кандидаты (2006), доцент (2010). Абай атындағы ҚазҰПУ бітірген (1998). Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ізденуші-стажер (1998 – 2000), Ш.Уәлиханов атындағы КМУ окытушы, аға окытушы, доцент, ректор көмекшісі, ректор кеңесшісі (2000 – 2010), халыкаралык Түркі академиясында ғылыми кызметкер, ғылым бөлімінің басшысы (2011 – 2014), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ казак әдебиеті кафедрасының доценті (2014 жылдан). Алаш козғалысы, кайраткерлері туралы кітаптардың авторы: «Атамның аманаты» (2002), «Омбыда окыған казактар» (2007), «Алаш дәуір әдебиеті» (2008), «Олжабай Нұралыұлы» (2010), «Әлихан әлемі» (2016), «Алаш козғалысы» (окушыларға арналған аныктамалык, телавтор) (2017). Мағжан туралы ғылыми-танымдык макалалары жарык көрген: «Мағжан депті біздің Бәкең баласын» (1998), «Аудан Мағжан атымен аталса» («Егемен Казакстан», 1999), «Мағжанның бір өлені һәм Баймұхамбет Бейсенбин» (2007), «Мағжан мен Кошке» (2013), «Бірлік» ұйымының тарихы мен тағылымы» (2014), «Мағжан Жұмабайұлының «Жас Мағжанға» өленінің жазылу тарихы» (2015), «Mağjan Jumabay'ın Küçük Mağjan'a Şırının Tarıhı» (2017), «Мағжанның Омбы кезені және «Мен жастарға сенемін» өленінің тарихи негізі» (2018).

Е. Амантай.

КЕНЕСАРЫҰЛЫ Сыздык, Садык сұлтан, Сыздык төре (1837 – 1910) – XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт-азаттык козғалысының кайраткері. Кенесары ханның екінші әйелі Жаңыл ханымнан туған. Кенесары каза болғаннан кейін оның бала-шағасы төленгіттермен Түркістан каласына іргелес Каратау маңына көшіп барған. Олар салык төлемеу шартымен Кокан хандығына карады. К. С. ауыл молдасынан білім алып, ержеткенде Кокан ханына әскери кызметке кірді. Оған пансат басы (бес жүз әскербасы) атағы берілді. Ол өзінің әскерімен Ұзынағаш шайкасына катысып, ерлігімен көзге түсті. 1864 ж. Кокан ханының әмірімен Созактың әкімі болып тағайындалды. Бұл кезде Ресей полковниті Веревкин Түркістан каласына таяп келіп, коршауға алды. Осыған орай ол өзінің жасактарымен Түркістан каласын корғауға аттанды. К. С. жасактары орыс әскерлерінің коршауын бұзып, Түркістан каласына еніп, оны корғауда батылдык танытты. Сондай-ак, Түркістанға іргелес Икан ауылы маңында орыс әскерлеріне ойсырата соккы берді. К. С. Шымкент каласын корғауға да катысып, генерал М. Черняев әскеріне тойтарыс беруде өзінің

талантты колбасшы екенін көрсетті. Черняев Шымкентті алғашқы шабуылы барысында ала алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Ташкентті қорғау барысында Әлімқұл каза тапкан соң каланың беделді аксакалдарының ұсынысымен К. С. әмір лашкар (әскербасы) болып сайланып, Ташкентті корғауды колға алды.

К. С. патшалық Ресейдің баскыншылык саясатына тегеурінді тойтарыс беру максатында Бұхар әмірлігімен одактасу кажет деп тапты. Соған орай Бұхар әмірі Әбулмұзафарға елші жіберді. Бұхар әмірі мұндай келісімді кабыл алып, Ташкентке өзінің Тайшыбек атты өкілін аттандырды. Тайшыбек келгеннен кейін К. С. Ташкентті баскаруды соған тапсырды. Черняев әскері Ташкентті алып, Жызакка карай бет алганда К. С. оган тегеурінді карсылык ұйымдастырды. Сырдария бойындағы Шардара камалы маңындағы казактарды орыс әскерлерінің тонап жатканы жайлы хабар алған К. С. оларға көмекке аттанды. Ол жергілікті коныраттардан жасак құрастырып, орыс әскерлеріне ойсырата соккы беріп, Шардара маны казактарының тоналған мал-мүлкін кайтартты. Бұдан соң К. С. Самаркандка барып, Бұхар әмірімен бірге Бұхараға кетті. Сол жактан 800 адамнан тұратын жасак алып, Казалыны азат етуге аттанады. Казалының онтүстігіндегі Сарыбұлак деген жерде орыс әскерлерімен шайкасады. Үш күнге созылған шайкаста К. С-тың жасағынан – 22, ал орыс әскерлерінен 60-тан астам адам каза табады. Перовскіден Казалыға косымша орыс әскері жіберілгеннен хабардар болған К. С. жасағымен Кызылкум аркылы жүріп Жызакка келіп, орыс әскерімен бетпе-бет шайкасып, оларды шегінуге мәжбүр етті. Бірак бұл кезде Бұхар әмірінің әскері Самарканд түбінде генерал К. Кауфман әскерінен женілген еді. Самаркандты корғаушыларға К. С. жасактарымен келіп косылганымен, каруы басым орыс әскерлері женіске жетіп, Самаркандты алды. Бұхар әмірінің орыстармен бітімге келуін К. С. саткындык деп бағалап, онымен де күресуге бел буды. Ол өзімен пікірлес әріптестерімен бірге казактар арасынан жасак жинап, Нұратаны алды. Бұхар әмірі К. С-тың Нұратаны алганын естігеннен кейін оган карсы бес мың сарбаз бен сегіз мың атты әскер жіберді. Жазалауға жіберілген бұл әскер К. С-тың жасағымен бетпе-бет келгенде үрейленіп, ұрыссыз тізе бүкті. Осылайша К. С-ка он үш мың әскер косылды. Алайда, бұл әскер К. С-ка шын беріле коймады. Соның салдарынан Зеравшан өзені бойында Бұхар әмірімен болған шайкаста К. С. маныда мыңға жуык адам ғана калды, калгандары шайкаска түсуден бас тартып, кашып кетті.

Бұл окиғадан кейін ол Хиуа хандығы пелігіне өтіп, Сырдарияның сол жағалауын коныстанған казактардың басшысына айналды. 1873 ж. көктемде Кауфман Хиуаны жаулауға аттанған кезде К. С. өзіне карасты казактардан 700 адамнан тұратын жасак құрды. Бұған Хиуа ханы түрікмендерден құралған 500 адамдык жасакты косып, К. С-ты Кауфман бастаған әскерге карсы аттандырды. Амудария бойындағы Үшошак

деген жерде Кауфман әскерімен К. С. жасақтары шайқаска түсті. Шайқас барысында Хиуа ханының орыс жаулаушыларымен келіссөз жүргізіп жатқандығынан хабардар болған К. С. өз күресін Қашқарға барып жалғастырмақ болды. Ол Гератка өтіп, сонда үш айдай тұрақтап, Бадахшан арқылы Қашқарға келді. Мұнда оны Қашқардың билеушісі Якупбек қабылдап, оған әскери колбасшы лауазымын береді. К. С. Қашқардағы мұсылмандардың көмегімен Түркістан өлкесін орыс жаулаушыларынан азат етуге болады деп үміттенді. Алайда, 1877 ж. Қашқарды Цин империясы әскерлерінің жаулап алуына байланысты бұл үміт те үзілді. К. С. Қытай жаулаушыларымен шайқас барысында ауыр жарақат алды. 1878 ж. Ферғана өңіріне өтіп, орыс билігін мойындауға мәжбүр болды. Оған Сырдария облысының Шымкент уезінде тұруға рұқсат етілді. Ж. К. С-тың ерлік істерін өз дастанына арқау еткен.

Н. Оқашева.

КЕНЖЕБАЕВ Бейсембай (4.10.1904, Оңтүстік Қазақстан обл., Бөген ауд. Жалғызағаш а. – 17.7.1987, Алматы қ.) – ғалым, филология ғылымдарының докторы (1959), профессор (1961). Балалық шағы жалшылықпен өткен ол жастар жетекшісі Ғ.Мұратбаевтың жәрдемімен Ташкенттегі №14 жетім балалар үйіне орналасады. Мәскеудің Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін (1921 – 1925), М.Горький атындағы Әдебиет институтының 2 курсын (1939 – 1942), Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін (1939 – 1942) бітірген. 1925 – 1928 жж. – «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналы редакторының орынбасары, 1928 – 1930 жж. – үзіліспен «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакторының орынбасары, 1931 – 1935 жж. – Қазақ радиосының бас редакторы, 1936 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарды. Павлодар облыстық «Кеңес туы» (1929 – 1929), Шымкент облыстық «Оңтүстік Қазақстан» (1932 – 1933) газеттерін ұйымдастырушы, тұңғыш редакторы. 1936 – 1941 жж. – Мәскеуде «КСРО Жоғарғы Кеңесі ведомствосында» бөлім меңгерушісі, 1941 – 1944 жж. Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болды. 1944 ж. ҚазМУ-ге педагогтік қызметке көшті. Аға оқытушы (1944), филология факультетінің деканы (1950), қазақ әдебиеті кафедрасының доценті (1946), кафедра меңгерушісі (1944 – 1975), профессоры (1961), кеңесші-профессор (1975 – 1984) болды. Сыншылдық, ғалымдық жолы 1925 ж. КУТВ-да оқып жүріп жазған «Абай» («Еңбекші қазақ», №359-360) атты мақаласынан басталады. Осы ізденіс кейін күрделі зерттеулерге ұласты. 1946 ж. «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған ол «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1949), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1957), «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» (1968), «Қазақ халқының жалынды ақыны» (1973) атты зерттеу еңбектерін жариялады. Әр жылдары С.Торайғыровтың шығармалар жинағын шығарды. «Қазақтың

XX ғасырдың басындағы демократ ақын-жазушылары» деген тақырыпта 1959 ж. докторлық диссертация қорғады. «Асау жүрек», «Шұғылалы күндер суреті» атты деректі көркем шығармалар жазған. Ф.Панферовтың «Бейбітшілік үшін күрес», Б.Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз» (Ә. Сатыбалдиевпен бірге), Ф.Гладковтың «Балалық шақ», Е.Мальцевтің «Шын жүректен» есімді шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.

К. 1922 ж. Москвада күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне оқуға түседі. Ж. 1923 – 1927 жж. Мәскеуде әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүрген кезінде осы университетте дәріс оқыған. Оның сондағы ұстаздық шеберлігі туралы сол кезде Мағжанның шәкірті болған К. өзінің естелігінде былай дейді: «Біз бірсыпыра қазақ жастары 1922 ж. Москвада күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне оқуға түсіп, 1-ші курста барлық сабақты өз ана тілімізде оқыдық: екі жыл бойы негізгі сабақтардың бірі ретінде қазақ тілі мен әдебиетін үйрендік. Сонда бізді қазақ тілі мен әдебиетінен бір жыл Темірболатов деген мұғалім, бір жыл әйгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев оқытты... Мағжан ғалым, тәжірибелі шебер оқытушы, аскан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жайында жарияланған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен әдебиетін тамаша оқытты: сабақ үстінде лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді. Мейлі лекциялық сабақта болсын, мейлі практикалық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Декламация оқып тұрған тәрізді нәшін, сипатын, кимылын келтіріп айтатын. Ол берген сабақ үнемі әрі өлең талдау, әрі әдебиет теориясы, эстетика жайлы әңгіме болып, әрі ғылыми, өте қызық болып жүрді. Оқытушының сабақ үстінде жаңалық, әсемдік туралы айтқаны бүгінге дейін есімде» (Бейсенбай Кенжебаев. «Ұстаз», «Лениншіл жас», 4 қаңтар, 1989 ж.).

К. 1925 жылдың тамыз айында «Еңбекші қазақ» газетіне өзінің «Абай» атты көлемді мақаласы басылғанын, оның жазылуына тікелей Ж-тың әсері болғанын, тіпті құрылымын оқытушысының айтқан жобасымен жасағанын, «Абай ақын ба? Қандай ақын? Кімнің ақыны? Нені жырлады? Қалай жырлады?» деген сұрақтар қойып, оған өзінше жауап бергенін шын жүректен шыққан алғыс сезімімен еске түсіреді. К-тың Қазақ мемлекеттік университетінде сабақ бере жүре Мағжан есімін студент қауымға ретін тауып таныстыруды өзіне міндет санағаны енді белгілі бола бастады. Ол шәкірттеріне Мағжан өлеңдерінен, поэмаларынан үзінділер оқып, жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылығынан диплом жұмыстарын жаздыртып, қалайда қазақтың жасөспірім буынының Мағжан өлеңінен ауыздануын қарастырған.

Ж. Таласпаева.

«КЕҢ ДАЛА» – орыс ақыны Мотиннің өлеңі. Ж. ақынның «Сибирские мотивы» кітабына енген осы өлеңін аударып, 1914 ж. «Айқап» журналы-

ның 22-санында бастырады.

КЕҢЕСБАЕВ Ісмет (15.2.1907, Оңтүстік Қазақстан обл., Созақ ауд. Жанысата а. – 16.1.1995, Алматы қ.) – ғалым, филология ғылымдарының докторы (1945), профессор (1945), Қазақстан ҒА-ның академигі (1946), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1946), Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының иегері 1978). 1931 ж. Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтын бітірген. 1931 – 1934 жж. – Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссариатында әдіскер, 1932 – 1946 жж. – ҚазПИ-де оқытушы (қазіргі ҚазҰПУ), 1932 – 1935жж. – Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы, 1933 – 1936 жж. – Алматы мемлекеттік медицина институтында кафедра меңгерушісі (қазіргі Қазақ ұлттық медицина университеті), 1936 – 1939 жж. – КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінде аға ғылыми қызметкер. 1943 – 1951жж. – Қазақстан ҒА-ның вице-президенті, 1951 – 1961 жж. – Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1961 – 1978 жж. – Тіл білімі институтының директоры, 1978 – 1987 жж. осы институтта бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.1988 жылдан өмірінің соңына дейін ҒА Төралқасының кеңесшісі болды.

К. – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі К-тың есімімен байланысты. Қазақ мектептерінің бірнеше

Кеңесбаев Ісмет

толқын түлектері К. жазған оқулықтармен сауат ашты, ана тілінің ғылыми жүйесімен танысты. Ғалымның қазақ тілі фонетикасы мен лексикологиясын талдаған ғылыми монографиялары жоғары оқу орындарында негізгі оқулықтардың бірі ретінде күні бүгінге дейін қолданылуда. Көпжылғы зерттеулерінің нәтижесінде К-тың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді (1977). Ғалымның басшылығымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961) және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1961), екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» (1978, 1981) жарыққа шықты. К. бірнеше рет дүниежүзілік түркітанушылар симпозиумдарына қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. К. Ж-тың шығармаларына сараптама жасау мақсатында Қазақстан Компартиясының орталық комитеті құрған комиссияның мүшесі болды.

«КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫ ОДАҒЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ I ТОБЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ» – кітапша. Ж. Мәскеуде тұрған жылдары партия съездерінің шешімдерін, сол сияқты халық шаруашылығын дамыту туралы қаулыларды да аударды. 1925 ж. Мәскеу-

дегі Халық ағарту қайраткерлерінің баспасынан Мағжанның тағы бір аудармасы «Кеңес республикалары одағындағы мұғалімдердің I тобының қаулылары» кітапшасы 1000 данамен басылып шығады. Бұл қаулылар арасында «Күншығыс баспасы» басқарма төрағасы Нәзір Төрекұловтың баяндамасы да бар болатын.

КЕҢШІЛІКҰЛЫ Амангелді (1968, Алматы қ.) – әдебиет сыншысы, журналист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан ПЕН клубының мүшесі. Халықаралық «Алаш» сыйлығының, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың, Алтынбек Сәрсенбайұлы атындағы сыйлықтың лауреаты. Бірнеше мәрте Президент стипендиясын алған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. «Санат» баспасында редактор. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінде аударма және аппарат бөлімінің меңгерушісі. Қазақ радиосы бас редакторының орынбасары. «Азаттық» радиосының бас редакторы. «Нұр Астана» газеті бас редакторының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған. «Ақжауын», «Қарлығаш-дәурен», «Сөзпатшасы», «Қазақты сүю», «Мәңгілік сәулесі» атты эсселер мен әдеби зерттеулерден тұратын бес кітабы жарық көрген.

К. Мағжан Жұмабаев туралы бірнеше еңбектің авторы: «Репрессия құрбаны болған қазақ ақыны» ...(«Мағжан» журналы, 2017, №4), «Мағжан және өмір» («Абай» журналы, 2011, №1).

КИЕЛІ ЖЕР. 1917 жылғы төңкеріске дейін Петропавл уезі аумағында қазақтар мен орыстар және басқа ұлт өкілдері мен діни сенімдегілер пір тұтып, сыйлайтын ондаған киелі жерлер болған. Кеңес өкіметі кезеңінде көптеген К.ж. ұмытылды немесе бұзылды. Бертін кейбірі қайтадан қалпына келтірілді. Әсіресе, бұл жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» деген мақаласын жариялағаннан кейін тың серпін алды. Солтүстікқазақстандықтар Петропавл қаласындағы Абылайдың ақ үйін киє тұтады. Бұл үйдің іргетасын Абылай хан қалады және ол өткен тарих жайлы сыр шертеді. Есіл ауданындағы Бұлақ ауылының іргесінде Құлсары батырдың кесенесі бар. Бұл да тарихта ізі қалған, айтулы тұлғаларды пір тұтатындар сыйынатын киелі жер. М.Жұмабаев ауданының бұрынғы Раев ауылында Арыстан байдың қызы, Азар (Аян) есімді арудың бейіті сақталуда. Ж-тың кіндік қаны тамған Сасыккөл көліне жақын жерде ел қасиет тұтқан «Қаратас» жатыр, оның маңында да наным-сенім жоралғылары жасалады. Соколов аймағында мұсылман бейіті (мазар) орналасқан. Халықтың айтуына қарағанда, бұл мола 400 ж. бойы тұр. Түмен облысында (Ресей) тұратын қазақтар қайтыс болған туған-туыскандарын осы жерге жерлейді. Облыстың біраз жерінде есебі жүргізілмеген К.ж. көптеп кездеседі.

Л. Жанысова.

«КИРКЛУБ» – өткен ғасырдың басында Омбыда қазақ жастары құрған

жас өнерпаздар клубы. Клубты Ж. ұйымдастырды. Оған Зылиха да мүше болды. Қазақ қыздары мен жігіттерінің клубка мүшелікке көбірек өтуіне Таупык Бердіғожин, Жамшит Нұрмұхамбетов көп еңбек сінірді. Аталмыш клубка алғаш мүше болған қыздар: Хадиша Жамалидинова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Әмина Қуанышова, Жамал Бакшилова (Сырғабековтің әйелі), Гүлшира Жалтырова, Әмина Нұрымова, Әшірән Жалтырова, Фатима Балтаева, Жамал Тастемірова. Жігіттерден «Кирклубка» алғаш мүше болып тіркелгендер: жазушы Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашағанов, Құрмаш, т.б. болды. «Кирклубты» ұйымдастыру жұмысы қызу жүріп жатканда «Бостандық туы» газетінің Омбыға көшуіне байланысты Ж.та сонда ауысуға мәжбүр болады. Кешікпей «Кирклуб» Қызылжарда да құрылды.

КОЛЧАК (4.11.(16.11) 1874, Санкт-Петербург қ. – 7. 2. 1920, Иркутск қ.) – әскери және саяси қайраткер, мұхиттанушы-ғалым, полярлық зерттеуші (1900 – 1903), теңіз флоты бастығы (1915 – 1917), Ресейдегі Азамат соғысы кезіндегі актар козғалысының жетекшісі ретінде тарихка енген. Ресейдің жоғарғы билеушісі және Ресей әскерінің Бас колбасшысы (1918 жылдың қарашасынан 1920 жылдың кантарына дейін) болған.

Ж. мұғалімдер курсында сабак бере бастаған күз әлетінде Омбыдағы саяси ахуал күрт өзгереді. Бұл жолы Колчак төңкеріс жасап, өзін Ресейдің жоғарғы билеушісі деп жариялады. К. Алашорданы үкімет есебінде танудан бас тартты. 1918 ж. 4 қарашада Алашорда үкіметі жойылды деген жарлық шығарды. К-тың самодержавиелік, кан сасыған саясаты Ж-ты әуел бастан-ак жирендірген. «От него несло монархией», – деп жазды ол кейін, 1938 ж. абактыда жатып жазған түсінігінде. Ж. «Бостандық» өленін К. сиякты диктаторларды шенеу максатында жазды.

КОЛЬЦОВ Алексей Васильевич (1809 – 1842) – орыс акыны. 1821 ж. екісыныптык воронеж уездік училищесінің бір сыныбын бітірген. Осыдан кейін оны әкесі өзінің кәсіпорнына жұмыс істеуге бейімдейді. К. бұл жұмыспен өмірінің соныа дейін айналысты. Окуға жастайынан әуес болды, 1820 жылдың ортасында өлең жаза бастады. 1830 ж. Мәскеуде алғашкы төрт өлеңі жарык көрді. Сол жылы ол өзін әдебиетке баулыған, әдеби ортаға таныстырған Н. В. Станкевичке жолыкты. 1831 ж. бастап шығармалары Мәскеудегі басылымдарда жарнялана бастады. 1835 ж. Станкевич пен Белинскийдің колдауымен оның алғашкы жинағы баспаға тапсырылды. 1836, 1838 және 1840 жж. К. сауда ісімен Мәскеу және Санкт-Петербург калаларында болды. Мұнда ол Пушкинмен, Жуковскиймен кездесті. К. өмірден өткеннен кейін Белинский оның шығармаларын баспаға дайындап, окырмандарға ұсынды. Ж. К-тың өлеңдерін аударған.

«КӨК ТЕКЕ» – Ж-тың өлеңі. 1992 жылғы жинактан баска акынның барлык кітабына енген.

«КӨКШЕТАУ» – Ж-тың өлеңі. Ж. 1922 ж. жаздыгүні Көкшетауға ба-

Көпейұлы Мәшһүр

рып, Бурабайды аралайды. Сырымбетте Қоскөл деген жерде отырған Шоқан Уәлихановтың кенже інісі Қоқыштың үйінде болады. «Көкшетау» циклі осы жерде жазылған деген жорамал бар. Жинақтарының бәріне енген.

«КӨҢІЛ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Қазақ» (1915, 8 сәуір, №117) газетінде жарияланған. Кейін ақынның Қазан (1922), Ташкент (1923), Алматы (1989), Анкара (1993) қалаларында шыққан жинақтарына енген.

«КӨҢІЛІҢДІ АШАР» – Ж-тың өлеңі. 1922 ж. басылымда тақырыпсыз берілген. 1923 ж. осы тақырыппен алғаш жарияланған. 1989, 1993 ж. жинақтарға енген.

КӨПЕЙҰЛЫ Мәшһүр Жүсіп (1858, Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 1931) – көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. «Бес жаста «бісмілла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр жастай маған тиді қатты», – деп ақынның өзі айтқандай, 5 жасында молдадан хат таныған ол 1870 ж. Хамеретдин хазіреттің медресесінде дәріс алады. Молда бір ғана дін сабағын емес араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытады. Кітаптың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұн, мән-мағынасына дейін тәптіштеп түсіндіреді. Арабтың, парсының тілін үйретеді. К. бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жетітоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс қиссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, 15 жасынан өлең жаза бастаған. Ол туралы ақынның өзі: «Жабысты маған өлең он бес жаста, Жұрт айтты: «Не қыласың?» – деді баста. Дегенмен, қоя алмадым үйренген соң, Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа. Шүкірлік, бергеніне, құдай патша, Он бесте шабыттандым жүйрік атша. Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде, Кеудеме өлең толды сызған хатша», – дейді. К. 1875 ж. бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уәлаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1887 – 1890 жж. Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара, т.б. қалаларды аралап, Шығыстың классикалық әдебиетімен жете танысады. Осы жылдары түркітанушы ғалым, академик В.Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысты. Жар-жар, аужар, бата, ұлағатты сөздер, ертегі-аңыздар, діни қиссаларды жинап, жариялады. Сонымен бірге «Гүлшат – Шеризат», «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандары үлгісін және бірнеше тарихи жырларды жинап, хаттады.

«Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанак, Сакау секілді акын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатка түсірді. Бұхардан калған сөз маржанын К-на дейін хатка тұтас түсіруші болмаған еді.

Акынның 1907 ж. Казан каласында Құсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы жарык көрді. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандыктан көрген бір тамашамыз», «Сарыарканың кімдікі екендігі» атты шығармаларында казак халкын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т.б. өзекті мәселелерді көтерді. 1990 ж. К-нын тандамалы 2 томдығы, 1993 ж. «Қазак шежіресі» атты еңбегі жарык көрді. Акын мұрасы Казакстан Республикасы Ұлттык ғылым академиясының колжазбалар корында сактаулы.

Мағжан бала күнінен халык фольклорына, ауыз әдебиетіне, елдің дарынды сөзіне сусындап өсумен катар каршадайынан арабша, орысша хат танып, артынан арнаулы оку орындарын аяктап, сүйегіне біткен сұнғыла, зерек киялшыл касиеттеріне орай, Шығыс пен Батыстың поэзиясын терең біліп, көнілге токып, жүрекке ұялатып, бойына сініру аркасында таза талғаммен бнік парасатка, коркемдік нысанаға тіпті ерте жеткен. Мағжан – философ акын. Акынның философиялык көзкарасы өз өлеңдерінде жаксылык пен жамандык, әділдік пен әділетсіздік тәрізді карама-кайшылыкты философиялык ұғымдарды шебер шендестіре білуінен байкалады.

Ол дүниені біртұтас құбылыс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде суреттейді. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жок. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірак сана оған бағынбайды, дене бағынса да сезім бағынбайды. Акын «Коркыт» поэмасында философиясындағы мәнгілік такырып – өмір мен өлім мәселесін Коркыт пен ажалдың аңдысуы түрінде суреттейді. Ажал-хак, сондыктан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай коймайтын өмір акикаты ретінде кабылдау кажет деп санайды ол. Мәшһүр Жүсіп М-нын «Дін үйреткенге», «Коркыт», «Окжетпестің киясында» деген өлеңдерін жинаған. Шығармалар жинағына осы өлеңдері басылып шыкты. Негізінен, казак лирикасында үлкен көркемдік жаңалык ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе, Европа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттык топыракка енгізген Мағжан Абай тағылымдарын жаңғыртып, эпикалык жанрда поэманың ыкшам түрлерін калыптастырды. Солардың бірі Мәшһүр Жүсіп жазып калдырған Мағжанның «Коркыт» өлеңі.

Р. Көшенова.

«КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ПАРТИЯ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ» – 1925 жылғы маусымның 18-і күні кабылданған РКП(б) орталык комитетінің арнаулы каулысы. Онда әдебиет саласында да түбірлі өзгерістер жасау партия ұйымдарының алдына міндет етіп койылды. Енді төнкерісшілдер осы каулыға орай көркем әдебиеттен

Көшенова Раушан

таптық принципті қатаң талап етті. Қаулы бойынша жер-жерлерде пролетариат жазушыларының ассоциациялары құрыла бастады. Қазақстанда ҚазАПП құрылды. Міне, осыдан бастап қазақ әдебиетінде таптық көзқарас үстем болып, қазақ қоғамын бай мен кедейге бөліп, кедейді жаңа заманның қаһарманы етіп бейнелеп, оған қарсылар мен аукаттыларды тап дұшпандары етіп суреттеу орын алды. Қазақтың тұтастығын көздеген оқыған зиялылар да төңкеріс дұшпаны саналды. Олардың қатарына Ж. та ілікті. Ж-тың азапты жолы осы қаулыдан басталды деуге де болады.

КӨШЕНОВА Раушан (2.10.1952, Қарағанды обл., Жаңаарка ауд. Атасу а.) – ғалым, әдебиет зерттеуші. 1969 ж. Алматы облысының Бұрындай ауылындағы Н. Островский атындағы орта мектепті алтын медальмен аяқтап, Қазақ қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. ЖОО бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласындағы Никитин атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1987 – 1992 жж. Алматы қаласының №126 орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1992 ж. мамыр айында Мағжан Жұмабаевтың өмірбаянына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасады. Конференция қорытындысы бойынша Халыққа білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды. Осы жылы К. Алматы қаласындағы мұғалімдерді жетілдіру институтында әдіскер, гуманитарлық циклдегі пәндер кафедрасының меңгерушісі лауазымында өз қызметін репрессияға ұшыраған ғылым және мәдениет қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын ғылыми зерттеумен ұштастырып, олардың шығармаларын аударумен айналысты. 1993 ж. үкіметтік комиссия құрамында Ж-тың 100 жылдығына арналған салтанатты шараларға қатысты. 1995 ж. «Педагогические воззрения Магжана Жумабаева» тақырыбына кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Облыстық мұғалімдерді жетілдіру институты оның «Магжан Жумабаев в школе» оқу-әдістемелік құралын шығарды. 1995 жылдан бастап К. Абай атындағы АГУ-дің философия кафедрасының кіші ғылыми қызметкері, Алматы экономика және құқық институтының гуманитарлық цикл кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. К. 200-ге жуық мақала, 30-дан астам кітап жазып, Республикалық радиода 500-ге жуық хабарлар, 200-ден астам телефильмдер мен бағдарламалар жасады. К. Ж-тың «Шолпанның күнәсі» хикаятын орыс тіліне

аударып, «Учитель Казахстана» журналында (1991, 29 тамыз), «Простор» журналында (1992, №11-12), «Педагогика» еңбегінен үзіндіні «Учитель Казахстана» журналында (1993, 23 желтоқсан) жариялады.

КСРО ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ «ССР ОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ 14/IV – 1934 ЖЫЛҒЫ МӘЖІЛІСІНІҢ №72 ХАТТАМАСЫ. «34». ОГПУ коллегиясының 4/IV 30 ж. күнгі үкімі бойынша 20/VI 29 ж. күнгі қаулысымен 10 жыл концлагерьге кесілген Мағжан Жұмабаевқа кешірім жасау туралы ұсыныс (№П-443-41 іс) мақұлдансын. Концлагерьдегі тұтқындалу мерзімі жеті (7) жылға қысқартылсын. ССР Одағының ОАК-нің хатшысы үшін: А.Медведев. Көшірме Сивирлагка жіберілсін» (VII том, 441-бет). Бұл қаулы Мағжан тұтқында болған Свердловскідегі лагерьге жіберіледі: «ОГПУ-дің Свирлаг басқармасының ПВШ-сына Лодейное поле қаласы. 28 апрель. ССРО АК-нің Президиумы мәжілісінің азамат Мағжан Жұмабаевтың №П-443-41 ісі туралы 1934 ж. 14 сәуір күнгі №72-91 қаулысының көшірмесі жолданып отыр. Анықтама: ОГПУ коллегиясының 26/IV-34 жылғы қаулысы» (VII том, 440-бет)». Осы томның 439-бетінде ОГПУ коллегиясының: «ССРО АК Президиумының 14/IV-1934 ж. қаулысы орындалуға жіберілсін» деп жазылған осы қатынаспен VIII том аяқталады. Бұл қаулы араға екі жыл салып барып күшіне енді. Ж. 1936 ж. 2 маусым күні айдаудан босатылды. Ақын Вязьма – Сызрань – Челябі арқылы Қызылжарға келді.

Күлеев Бернияз

«КҮЗ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең Ж-тың 1912, 1923, 1989, 1993 жж. жарық көрген төрт жинағында басылған. Айтарлықтай өзгеріс жоқ. Тек 1912 және 1923 ж. басылымдағы «құс, құрт» деген сөз, 1989 ж. «құстар» болып өзгерген.

«КҮЗДІ КҮНІ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңнің ерекшелігі, «Жазғытұрым» өлеңіндегідей, алты жолдан соң жетінші тармақпен түйіндеп отырады. 1992 ж. басқа жинақтардың бәріне де енген. Шерге толы өлең өксігін баса алмаған жүректен туған.

КҮЛЕЕВ Бернияз (1899 – 1923) – ақын. Ж-тың 1922 ж. Қазан қаласында басылып шыққан кітабын Бернияз Күлеев құрастырған. Ж. 1923 жылғы 22 қаңтарда «Ақжол» газетінде Бернияз Күлеевтің қазасына байланысты «Бернияз Күлеев» деген мақала жазып, бастырды. «Бағытты бір қылып, таспиқ болып тізіліп келе жатқан аз ғана жазушыларымыздың қатарына жас Бернияз келіп тізіліп еді. Бірақ, не лаж, таспиқтан сол тас үзіліп түсті...» К. жиырмасыншы жылдардың басында Қазақстан үкіметінің Қазан қаласындағы баспа істері жөніндегі төтенше өкілі болып істеді. Ол шын жақсы көрген

кісісінен ештенені аямайтын. Мағжанды сүйікті ұстазына санайтын К. «Мағжан Жұмабаев өлендері» атты жинакты бастыртуда ерекше кайрат көрсетті. Кітап бастыруға «каражатты шеттен алдыртуға» дейін колғабыс етті. Жинак кіріспесінде бұл жөнінде егжей-тегжейлі айтылған.

Бұл – кезінде кыруар елдің жағасын ұстатқызған окиға. Жас акын Зейнеп Ахметова деген татар кызын сүйеді. Қыз да Берниязды жанындай жаксы көреді. Бірак екі жастың махаббаты сәтсіздікке ұшырайды. Қыздың әкесі бұлардың косылуына рұксатын бермейді. Екі жас бір-бірінен айрылғанша өліп тынуды артык көреді. Ауыр каза жанына баткан Мағжан «Бернияза» деп аталатын өлең жазды. Әрі жас досының, әрі нәзік сезімді сыршыл акынның өліміне катты кайғырған күй кешті. К. – Абайға, Мағжанға көп еліктеген акын. Такырып туыстастығын былай койғанда, оны «у жайылды каныма», «өмір уы бойға таралған», «өз өміріме өзім тәнірі» деген жолдардан-ак анғаруға болады. «Біраз өлендері басылған соң-ак, окушы оған жалт беріп карап калған еді, – деп еске алды ұстазы шәкіртін. – Екпіні зор еді. Оның екпіндерінде әдебиетіміздің ескі екпініне төнкерістің әсерімен жаңа күш косылған сыкылды... А деп бұл калам ұстап шыкканда оянған үмітіміз біржола бекіп еді. Бернияздың әдебиетіміздің берік бір бағанасы болуына сеніп едік», – деп жазды Ж. «Акжол» газетінің 1923 ж. 23 акпан күнгі санында.

КҮМІСБАЕВ Өтеген – акын, ғалым. Филология ғылымдарының докторы (1990). ҚазМУ-дің (1963, казіргі ҚазҰУ) филология факультетін бітірген. Қазакстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бөлімінде, «Социалистік Қазакстан» (казіргі «Егемен Қазакстан») және «Қазак әдебиеті» газеттерінде (1963 – 1969), КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтында (1969 – 1974) кызмет аткарған. 1974 ж. Қазакстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында ғылыми кызметкер, ҚазҰУ-де окытушылык кызметте болды. Алғашкы өлендер жинағы «Тұнғыш» деген атпен 1964 ж. жарык көрген. Поэзия, проза және аударма (Ә.Х.Дехлеви, М.Рыльский, Р.Ғамзатов, Қ.Күлиев, В.Рождественский) саласында жемісті еңбек еткен. Шығыс және казак әдебиетінің байланысын зерттеуге арналған «Терең тамырлар», «Абай және Шығыс» (1995), «Мұхтар Әуезов және әдебиет әлемі» (1997), т.б. монографиялары жарияланды. К. 500-ден астам ғылыми макаланың авторы. Жазушының кейбір туындылары кырғыз, башқұрт, украин, белорус, ағылшын, поляк, араб тілдеріне аударылған. К. «Егемен Казакстан» газетінде жарияланған (24. 06. 2003) «Акын және әлем әдебиеті» деген макаласында Мәскеуде болған үш жарым жылда Ж. орыс және Батыс әдебиетін бұрынғыдан да терең зерттеп окығанын, ертеректе өткен Бердяев, Соловьев секілді орыстың киялшыл философтарының көзкарастарымен танысып, өзінің ойлау шеңберін кеңейтіп, шеберлік жолындағы ізденістерін нығайта түскенін атап көрсетті. «Мағжан шығар-

машылығын калай әңгімелесек те, орыс акындарының, символистердің, декаденттердің, романтиктердің әсерін алып тастауға болмайды. М. Жұмабаевтың орыс, Еуропа әдебиеттерімен қарым-қатынасын айтсақ, одан Мағжан бнігі биіктемесе, төмендемейді», – деп жазды ол.

КҮРКІРЕУ, НАЙЗАҒАЙ, ЭЛЕКТР – 1927 ж. Мәскеудегі Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасында Араб графикасында жарық көрген кітап. Таралымы – 4000 дана. Кременский мен Лонковичтың кітапшалары бойынша жазған М. Жұмабаев.

«КҮНШЫҒЫС» – Ж-тың өлені. «От» циклына жатады. Бұл циклдың бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жазылғанын осы өлендердегі мына жолдар дәлелдей алады:

«Күнбатысты шаң баскан,
Көп білем деп – бөлуге,
Шаң емес, кара кан баскан
Көп күлем деп – өлуге».



ҚАБДОЛОВ Зейнолла (12.12.1927, Атырау обл., – 2006, Алматы к.) – Қазақстанның халық жазушысы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Орта мектептен кейін екі жыл (1943 – 1945) өндірісте жұмыс істейді. 1945 ж. казіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1950 ж. үздік дипломмен бітіреді де, осы білім ордасында елу жылдан астам үздіксіз білім және ғылым жұмыстарын катар жүргізіп келді. Ширек ғасыр бойы ҚазМҰУ-дің әдебиет кафедрасын баскарған, бірнеше жыл «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазакстан Жазушылар одағының хатшысы міндеттерін негізгі мамандығымен коса аткарған. «Ұшқын» (басында «Өмір ұшқыны») және «Жалын» (Бүкілодактык жүлдеге ие болды, 1972) романдарының, «Адам» (1964), «Сыр» (1975) атты жинактарына енген әңгіме-очерктері мен Қазактың М.Әуезов атындағы академиялык және бірнеше облыстык театрлардың сахналарында қойылған «Сөнбейтін от» драмасының авторы. «Менің Әуезовім» романы үшін Қазакстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (1998) берілді. А.Пушкин мен Н.Гогольдің жекелеген шығармаларын, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закруткиннің романдарын, А.Островскийдің «Ұшынған акша», М.Горькийдің «Күн перзенттері», Н.Хикметтің «Елеусіз калған есіл ер» пьесаларын аударған. Көркем шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылды. «Қазак өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев», – деп жазды ол.

С. Негимов.

ҚАБЫЛБАЕВ Ш. (т.к.ж.а.ж.б.) – 1937 ж. 27 желтоксанында Қазак КСР Ішкі істер халық комиссары кол койған №1445 ордерге сәйкес Ж-ты тұткындау үшін майор Дмитриенко-

Қабышұлы Ғаббас

мен бірге үйіне келген, тінту жүргізген сержант.

ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас (9.4.1935, Шығыс Қазақстан обл., Ұлан ауд. Ұранхай а.) – жазушы. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2005). 1955 ж. облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар») газетінде корректор, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болды. 1966 ж. республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына ауысып, жауапты хатшының орынбасары, көркем әдебиет, әдеби сын бөлімдерінде меңгеруші болып істеді. 1962 – 1968 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып, жоғары білім алды. 1974 ж. – КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, 1983 ж. – республикалық «Ара – Шмель» сатира журналының бас редакторы, 1989 ж. – ҚЖО құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс бас редакциясы алқасының бөлім меңгерушісі, 1994 – 1996 жж. ҚЖО басқармасының екінші хатшысы болып, зейнеткерлікке шықты. Әзілсықақ, әңгіме, хикаят, сын, көркем очерк, көсемсөз, мақала жазды. Орыс әдебиетінен А.Чехов, Д.Ленч, С.Михалковтың, украин әдебиетінен О.Вишняннның, серб әдебиетінен Б.Нушичтің әңгімелерін, түрік әдебиетінен Ә.Несиннің «Футбол королі» сықақ романын, таңдаулы әзілсықақ әңгімелерін, (жиыны 2 кітап), молдован әзілкойы А.Бусуйоктың «Менің париждік нағашым» хикаятын аударған.

Қ.1977 ж. наурыз айында өзінің жұмыс бөлмесінде (Қазақ әдеби қорында директор кезі) Ж-тың жары Зылихамен кездескен. Қ. Зылиха апай ала келген М. Жұмабаевтың кітаптағы, газет қиындысындағы, мәшіңкемен, қолмен көшірілген өлеңдерін жинақтап, реттеп, төрт дана етіп мәшіңкеге бастырып, екі томға бөліп түптетіп береді. «Біріншісіне – «Батыр Баян», «Қорқыт» дастандары мен 221 өлеңін, екіншісіне Максим Горькийдің «Ана туралы» әңгімелерінің, Мамин-Сибиряктан, т.б. аударғандарын, мақалаларын, жазбаларын топтадым. Ол жұмысқа төлер ақы өзіме ауырлау болған соң сыралғы ініміз Мұрат Әуезовпен ақылдасып едім, ол сөзге келместен көмектесті. Кейін Қ. Зылихаға сегіз кітапты апарып береді. Қ. «Қазақ» газетінде (2011, 15 шілде) «Мағаңның жары» деген тақырыппен естелігін жариялады.

М. Сүлеймен.

ҚАЖЫБАЙ Төлеген (12.12. 1942, қазіргі Ақмола обл., Чкалов ауд. Ортақ а.) – ақын, журналист. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1980), Республикалық Журналистер одағының А. Байтұрсынов атындағы сыйлығының лауреаты (1996), Көкшетау қаласының құрметті азаматы.

Қ. 1966 ж. Абай атындағы Қазақ пе-

дагогикалық институтының филология факультетін тамамдаған. Енбек жолын Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде бастаған, Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетінде, облыстық телерадио комитетінде істеген. Көкшетау облысы тарағанға дейін облыстық газет редакторының бірінші орынбасары, облыс тарағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан», Ақмола облыстық «Арка ажары» газеттерінің Көкшетау қаласындағы тілшілер қосынының жетекшісі қызметтерін атқарған. Қазір тәуелсіз «Бұқпа» газетінің бас редакторы.

Қ. – «Жолбасы», «Жанымның жапырақтары», «Жырлайды жүрек», «Қарасай дастан», «Сексен көл сылдыры», «Жыр-ғұмыр», «Айналайын атыннан», «Құлан қырғыны», «Қан кешу», «Махаббат әні», «Жеті жыл», «Көкшетау қарлығаштары», «Ақиқат жолы алыс жол», «Самурайдың серт семсері», «Сәуле – менің ауылым» кітаптарының авторы. «Ұмытпа мені, Гәккуім», «Жындар біі», «Зауал», «Хан Кененің казасы» драмалары Ақмола облыстық драма театрында қойылып жүр. «Сейіт-Бөкен», «Жапақ батыр» дастандары жарық көрген. 2006 ж. орыс тілінде «Путь к истине» деген атпен кітабы шықты. Өлеңдері орыс, украин тілдеріне аударылған. Өзі орыс, эстон ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударуға қатысты. Қ-дың «Әдебиет айдыны» журналында (2008, 16 қазан) «Мағжан ақынның соңғы сөзі» тақырыбымен өлеңдері жарияланған.

«ҚАЗАҒЫМ» – Ж-тың өлені. 1912 ж. «Шолпан» жинағына енген. Осындағы «Бар жерді күннен-күнге алып жатыр, Хохолдар алып кала салып жатыр, Қырылып өзі-өзімен казак сорлы, Жерінен аузын ашып калып жатыр» деген шумактағы «Хохолдар алып кала салып жатыр» деген жолды 1989 жылғы жинакта «Біреулер алып кала салып жатыр» деп өзгерткен. Сол сиякты «Мың жылғы өткен куам деп Ата заңды, Өнерден кеш калармыз, ойланайык», деген жолды «Мың жылғы өткен кумай Ата заңды, Өнерден кеш калмайык, ойланайык» деп өзгертіпті. 1989 ж. жинакта түпнұска калпына келтірілген.

«ҚАЗАҚ» – 1913-1918 жж. Орынборда шығып тұрған казак зиялыларының ұлттык газеті. 1913 ж. наурыздан 1918 ж. кыркүйекке дейін Орынбор каласында аптасына бір рет шығып тұрған. Барлығы 265 саны жарык көрді. Газет казак еліндегі шаруашылык, тұрмыс-салт, оку-ағарту, мәдениет, әдебиет мәселелерін көтерді. 1917 ж. шілде айынан бастап Алаш партиясының органына айналды.

XIX ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уәлаяты» (1870 – 1882), «Дала уәлаяты» (1888 – 1902) сиякты газеттер коғамдык ой-пікірдің өрістеуіне айтарлыктай ыкпал етті. Ж. Орда мен Оралда басылатын «Казакстан» (1911 – 1915), Орынборда шыға бастаған «Казак» (1913 – 1918) газеттерінің, Троицкідегі «Айкап» (1911 – 1915) журналының окушысы әрі белсенді авторы болды.

«ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ» – Ж-тың өлені. 1922, 1923 және 1993 жж. жинактарына енген.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ» (Екі томдық. 1-том) – зерттеу монографиясы. Жалпы редакциясын басқарған – А.Ісімақова. Жауапты шығарушылар – Ұ.Еркінбаев, А.Далабаева. ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынған. А., «ҚазАкпарат» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көлемі – 646 бет. Таралымы – 1000 дана. Монография кіріспеден, 5 тараудан («Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV)», «Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы», «Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900 – 1932)», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932 – 1956)», «1957 – 1991 ж. қазақ әдебиеттануы» тұрады. Бұл еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу мен даму жолдары, әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер кеңінен қамтылып, кезеңдік тұрғыдан жүйеленіп, бір ізге түсірілген. Еңбекте алғаш рет көне түркі әдебиетінен бастап, күні бүгінге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың сөз өнеріне қатысты әдеби-теориялық ойлары, стиль және жеке жанрлық түрлер мен категорияларды талдаған ғылыми еңбектері «пән сөздері» аясында арнайы зерделенген. 3-тарауда ұлттық әдебиеттану ғылымы кәсіби деңгейде қалыптасқан, саясат пен идеологияға тікелей байланыстырылмаған, алайда, кейін таптық мүддені қорғайтын ғылым саласы ретінде қарастырылған. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсеков, Ғ.Тоғжанов, т.б. еңбектері кеңес дәуіріне дейін қалыптасқан қазақ әдебиеттану ғылымының негізін құраған.

Қ. Кемеңгер.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» – газет. Қазақстан Жазушылар одағының апталық басылымы. 1934 ж. қаңтардан бастап шығады. Басылым 1940 – 1954 жж. шығуын тоқтатып, 1955 ж. қаңтарда қайта шыға бастады. Газет оқырман қауымның рухани дүниесін байытып, эстетикалық талғамын тәрбиелеу ісінде елеулі үлес қосып келеді. Ж. ақталғаннан бері ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық қызметі жайлы үзбей жазып келеді. Қ.ә. 1988 жылғы 28 желтоқсандағы санының сегіз бетін Мағжанға арнады.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ» – зерттеу (Аст., «Құлтегін», 2002). ҚР-ның Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жоспары бойынша шығарылған. Таралымы – 2000 дана. ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғалидың бұл кітабында ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды алып тұлғаларының шығармашылық тағдыры ұлттың рухын бейнелеу деңгейі тұрғысынан жаңаша зерделенген.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚЫСҚА-

ША ТАРИХЫ» – оқу құралы, 2-кітап. (А., «Қазақ университеті», 2002). Көлемі – 455 бет. Таралымы – 1000 дана. Редакторлары – Р.Тұрысбек, Қ.Мәдібай. Екі кітаптан тұратын оқу құралының 2-кітабына ХХ ғасырдағы казак әдебиетінің көрнекті тұлғаларының өмірі мен шығармалары енгізілген. Олардың ішінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Жабаев, М.Әуезов, С.Мұканов, Ғ.Мүсірепов бар. Сондай-ак, бұл енбекте шетелдерде тұратын казактар мен ұлт әдебиетінің әлем халыктары тілінде жариялану жайы да сөз етіледі.

С. Арғынғазин.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ. КЕҢЕС ДӘУІРІ» (1917 – 1940, 7-том) – көптомдык басылым (А., «ҚазАкпарат», 2004). Көлемі – 461 бет. Таралымы – 2100 дана. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынған. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары аясында шығарылған. Жалпы редакциясын басқарған – С.Қирабаев. Жауапты шығарушылар – Н.Ақыш, Г.Орда. Бұл том кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіне арналған. Онда ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиет дамуының жолдары талданған. Сонымен бірге аталған кезеңдегі әдеби үдерісте жетекші рөл аткарған акын-жазушылардың (А. Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, Н.Байзаков, К.Байғанин) шығармашылык жолына баға берілген. Қазак әдебиеті тарихының ен бір күрделі кезеңі саналған бұл дәуірдегі әдеби ағымдар мен туындыларды жаңаша бағалауға ұмтылыс жасалған.

С. Хасенов.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» (Ғылыми мақалалар жинағы) – оқу құралы (А., «Қазак университеті», 1993). Редакциясын баскарған – З.Қабдолов. Құрастырған – Т.Қожакеев. ҚР Білім беру министрлігі ұсынған. Көлемі – 144 бет. Таралымы – 9200 дана. Бұл кітапқа енген мақалаларда кеңес дәуірі деп аталатын кезеңдегі әдебиетіміздің тарихы мен теориясы, жетпіс жылдан астам уакыт беделіндегі эстетикалык танымдар кайта каралып, кайта таразыланған. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Мұканов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Б.Момышұлы, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, т.б. классиктердің шығармашылыктары жаңа қырынан зерттеліп, бағаланған.

«ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» – Ресей Коммунистік партиясы орталык комитеті секретариатының 1925 ж. 2 наурызда кабылдаған каулысы. Қаулыда сол кездегі мерзімді казак баспасөзіндегі ұлтшылдык көріністері атап көрсетіліп, «Ұлтшылдармен, алашордашылармен күрес шаралары» белгіленді. Осыдан кейін Мәскеудегі Шығыс баспа орталығында жұмыс істейтін Ж., т.б. кызметтерінен босатылды.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ, БІР АУЫЗ СӨЗІМ САҒАН!» – 2011 ж. Қызылжар (Петропавл) каласында өткен өнер фе-

стивалі. Онда катысушылар үш аталым бойынша сынға түсті.

«ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ӘЗІЛ» – Ж-тын өлеңі. 1974 ж. казактың атакты актері Серке Қожамқұловтан жазып алынған. 1989 ж. жинакка енген.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМ КОМИССИЯСЫ – жергілікті халыктың оку-ағарту істерімен шұғылданған ұйым. 1921 ж. бас кезінде Ташкент каласында Түркістан АКСР Халык ағарту комиссариаты жанынан құрылған. Алғашқы төрағасы – И.Токтыбаев. 1922 ж. төраға кызметін Х.Досмұхамедов аткарды. Құрамында М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамедов, Н.Төрекұлов, т.б. болды. Максаты – халык ағарту саласын жүйелеу, маман тарту, оқулыктар мен оку құралдарын шығару, түрлі ұйымдармен келіссөздер жүргізу, газет-журналдарда білімді насихаттайтын материалдар жазу, сараптама жүргізу, оку-әдістемелік нұскаулыктар, талдау материалдарын дайындау. Комиссия 1921 – 1923 жж. мұрағат құжаттарын іріктеп, 30-ға жуык колжазбаны баспаға тапсырды. Абайдың шығармалары. Ә.Диваев жинактаған батырлар жыры, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, т.б оқулыктары жарык көріп, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Кенесары-Наурызбай» жырлары баспаға дайындалды.

Д. Қамзабекұлы.

«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ» – монографиялық енбек (А., «Білім», 2000). Авторы – А.Шәріп. ҚазҰУ ұсынған. Көлемі – 336 бет. Таралымы – 1000 дана. Қазак поэзиясында ұлттык идеяның көркем бейнеленуінің генезисі, эволюциясы және трансформациясы мәселелерін жан-жакты саралап-салмактауды көздеген бұл зерттеу төрт бөлімнен тұрады. Алғашкы бөлімде атамекен идеясының өлен өнерінде суреттелу дәстүрінің түп-төркіні мен оның жетілу-жаңғырту кезеңдері тексерілсе, екінші бөлім отаршылдык дәуір әдебиетіндегі елдікті сактау идеясының астарына бойлатады, XIX және XX ғасырлар тоғысындағы идеялык тенденциялар мен ұлттык поэзияның аракатынасы енбектің үшінші бөлімінде таразыланып, соңғы – төртінші бөлімде ұлттык дүниетаным мен поэтика, тәжірибе мәселелері талданған. Енбекте, сондай-ак, XX ғасырдың басында жетекші орынға шыға бастаған саяси-күрескерлік тенденция және Алаш идеясы (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ғ.Қараш, т.б.) кезеңі сараланған. Кітап зиялы кауым өкілдеріне арналған.

С. Хасенов.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ – Қазакстан тұрғындарына, ТМД елдерінде және шетелдерде тұратын казак тындармандарына арналған радиохабары, бұкаралык акпарат құралдарының негізгілерінің бірі. Қ. р. хабарлары Астана мен Алматыдан берілетін радиохабарынан және облыс орталыктары хабарларынан тұрады. Хабарлар ұзын, орта, кыска және ультракыска толкындарда жұмыс істейтін радиостанциялары аркылы таратылады. Ол жедел акпараттан (жаңалыктар, шолулар, репортаждар, т.б.), коғамдык-саяси, экономикалык, ғылыми, білім беру, әдеби-дра-

малық, музыкалық, спорттық және баска хабарлардан құралады. Ұлттық акпараттық-музыкалық «Шалкар» бағдарламасы жұмыс істейді. Республикалық радиохабары өз жұмысын 1931 ж. 4 мамырында өлкелік «Еңбекші казак», «Советская степь» радио газеттерінің алғашкы нөмірлерінің макалаларын берумен бастады. Оның 60-тан астам коғамдык-танымдык, жырмаға жуык музыкалык ойын-сауык бағдарламасы бар. Қ. р. тындармандарын Алаш арыстарының өмірімен, сондай-ак, артына калдырған әдеби, мәдени мұраларымен таныстыру бағытында да айтарлыктай істер тындыруда. Ж. жайлы да материалдар үзбей беріліп келеді.

«ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА ХАТЫ». 1921ж. 12 сәуірінде «Бостандык туы» газетінде Ж-тың «Казак окыгандарына хаты» басылды. «...елге камкор окыгандар билік төріне шыгу керек... Окыган адамдарда дүниеге белгілі көзкарас болады, нык бекіген максаты болады, айнымайтын бір идея меншіктейді. ...Казак төнкерісінің нәтижелерін казактың мойнына камытша кигізе салуға болмайды...» – деп жазды ол.

«ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ» – 1967 ж. басылып шыккан кітап. 1920 ж. бастап Ж-ка жабылған жала еш уакыт толастаған емес. Барған сайын өрбіп, өрши түсті. Ол түрмеде отырған кезде де, айдауда жүрген жылдары да, тіпті атылып, көзі жойылған соң да токтамады. Соның бір мысалы – «Казак Совет әдебиетінің тарихы» кітабы. Кейбір әдебиетшілердің «М. Жұмабаев казіргі казак әдебиетінде жаңа дәуір тудырып отыр-мыс, одан көркемдік шеберлікті үйрену керек» деген сыкылды тұжырымдарына С.Сейфуллин, С.Мұканов, Ғ.Тоғжанов, Ә. Байділдин өздерінің макалаларымен тойтарыс беріп, әдебиеттегі ұлтшылдыкты, мағжаншылдыкты әшкерелеуге көп септігін тигізді», – делінген онда.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ – шығармашылык ұйым. Казакстан Жазушылар одағының алғаш ұйымдасуы КазАПП болып құрылған кезден басталады. 1925 жылдың 18 маусымында РК(б)П орталык комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» деп аталатын арнаулы каулысының кабылдануына орай сол жылғы 12 шілдеде РК(б)П-ның Казак өлкелік комитетінің секретариаты Казакстаннын пролетариат жазушыларының ассоциациясын (КазАПП) ұйымдастыру жөнінде ұйғарым жасады. Құрамында С. Сейфуллин, Б. Майлин бар ұйымдастыру бюросы құрылды. Бұл ұйымға республикадағы әдебиет күштерін біріктіру және пролетариат жазушыларының бүкілказакстандык 1-конференциясын әзірлеу тапсырылды. 1926 жылғы маусымда Қызылорда пролетариат жазушылары ассоциациясының бюросы құрылып, КазАПП-тың жарғысы кабылданды, оған мүшелер тартылды. 1932 жылдың 28 сәуіндегі БК(б)П орталык комитетінің «Әдеби-көркем ұйымдарды кайта құру туралы» каулысы негізінде Казакстан өлкелік партия комитетінің секретариаты мамыр айында карар

қабылдады, осыдан кейін Қазақстан Жазушылар одағы құрылды, ұйымдастыру бюросының торағалығына І. Жансүгіров тағайындалды. Қазақстан Жазушылар одағы туысқан республикалардың жазушылары ұйымдарымен байланысты нығайтты: Азия, Африка жазушыларымен, мәдениет қайраткерлерімен де ынтымақтастықты күшейтті. Осының нәтижесінде 1973 ж. Азия мен Африка елдері жазушыларының 5-конференциясы Алматыда өтті.

Пролетар жазушылары ассоциациясына (КазАПП) кірмеген өзіндік көркемдік-ұлттық бағыт ұстаған ұлтжанды қазақ жазушылары еркін Алқа ұйымын құруға әрекет жасады. Ж. Мәскеудегі Әдебиет институтында оқып жүргенде КазАПП-қа балама бағыт ретінде әдеби үйірме ұйымдастырып, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жазды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ШӘКІРТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ» – БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1928 жылдың 26 қарашасында қабылдаған қаулысы. Бұл қаулыны алашордашыларға алдын ала шығарылған үкім десе де болады. «Өздерінің жолын қуатын ізбасарларды дайындаудың аса маңызды мәселе екендігін ескере келіп, ұйым мүшелері оқушы жастарды өздерінің қарамағына іліктіру үшін белсенді түрде қимылдады және оларды ұлттық рухта тәрбиелеуге ұмтылды... Жастардың арасындағы өздерінің ықпалын күшейту үшін және ұлтшыл рухтағы жастарды дайындау арқылы өздерінің идеяларын бұқара қауымның арасында кеңінен тарату үшін контрреволюциялық ұйым баспасөздегі, мәдени-ағарту мекемелеріндегі және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі, жоғары оқу орындарындағы, сн бастысы, әдебиет саласындағы контрреволюциялық әрекеттерін өршіте түсті. Астыртын ұйымның бұрынғы мүшелерінің көмегімен басылып шыққан кітаптар бұқара халықты ұлттық рухта тәрбиелеуге, хан мен батырлардың дәуірін аңсау сарынында, Кеңес өкіметіне наразылық туды-ру рухына бағытталды... «Алашордашылар» көркем әдебиетке ерекше көңіл бөлді. Олардың көзқарасын бұқара халыққа кеңінен таратуда пьесалар, өлеңдер, ескі әдебиеттің нұсқалары, әңгімелер мен фельетондар, тағы да басқа жанрлар таптырмайтын оңтайлы құрал болды...», делінген қаулыда.

Мұның аяғы қалайда идеологиялық арандатумен аяқталуы тиіс еді. Сонда ғана тергеудің төрт құбыласы түгелденетін. Ж. сияқты «өте қауіпті» шығармашылық иесін, азулы ақынды еркіндікте қалдырудың өзі «мәдениет майданындағы» қылмыс болып табылатын. Марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында С.Брайнин мен Ш.Шафироның «Алашорда тарихының очерктері» атты кітабының қолжазбасын талқылауға арналған кеңесті жүргізіп отырған «голощекиндік идеологтың» бірі І.Құрамысовтың: «Тек қана мына нәрсенің өзі, Лениннің қазақ тіліндегі үш мақаласының да аудармасының Мағжан Жұмабаевқа тиесілі болуы, біздің

окулық саласындағы ісіміздің масқаралық жағдайда тұрғанын көрсетеді. Мысалы, орыс тілін білмейтін қазақ жұмысшысының, қазақ батырағының, кедей, коммунист, комсомол мүшесінің Ленинді Жұмабаевтың, ең бір шынайы әрі ең көрнекті алашордашының аудармасы бойынша оқып жатқанын елестетіп көріндерші! Бұл дегеніміз барып тұрған коммунистік жексұрындық екенін тура айтуымыз керек», – деп (Алашорда қозғалысы, 4 том, 21-бет) «намыстана» сөйлеуі соған дәлел.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БӨЛІМІ – 1959 ж. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес құрылған құрылым. Құрамына Қазақстанның Солтүстігіндегі үш облыс енген: Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау. Сол кездері осы үш облыста Жазушылар одағының мүшелері небәрі 7-еу еді. Бөлімнің құрылуына белгілі әдебиет сыншысы және мемлекет қайраткері, 1956 – 1961 жж. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болып қызмет істеген Ілияс Омаров тікелей атсалысты. Облысаралық бөлім Зейнел-Ғаби Иманбаев, Владимир Шестериков, Бақыт Мұстафин, Мүтәллап Қаңғожин, Ермек Қонарбаев (ол Жазушылар одағына кейін қабылданды), Юрий Гусинский, Мөртай Қосшығұлов, Сергей Шевченко, сондай-ақ, Н.Пряников, Ю.Поляков, В. Щукин, М.Аверин сынды көптеген адамдардың әдеби өміріне жолдама берді. Олардың көпшілігі алғашқы кітаптарын шығарып, ұжымдық жинақтарға қатысты. Мыс.: «Зори над степью» (1960 ж.), «Жомарт өлке» (қазақ тілінде), «Земля в цвету», т.б. ҚЖОБ 1965 ж. маусым айына дейін жұмыс істеді, кейін Целиноградқа ауыстырылды және өлкелік болып өзгертілді. 2013 ж. Қазақстан Жазушылар одағының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы болып қайта ашылды. Оны Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Мағжан» әдеби-көркем журналының бас редакторы Жарасбай Сүлейменов басқарады.

«ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ» – апталық газет. Бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алғашқы нөмірі Қазақстан Халық ағарту комиссариатының органы ретінде 1935 ж. 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрген. Газеттің алға қойған мақсаты мектептерге, мұғалімдерге, өз беттерінше сауат ашушы адамдарға іс жүзінде көмек беру. Әсіресе, оқу ісін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік материалдарды жариялап, ауыл мектебінің хал-ахуалына ерекше назар аударды. 1939 жылдан «Салауатты болуға көмекші» деген атпен шыққа, латыншадан орыс графикасына көшуге байланысты 1940 ж. «Жаңа жазу» деп аталды. 1952 ж. қараша айынан қазіргі атымен шығып келеді. Басылым Ж-тың педагогикалық мұраларын насихаттауға көп көңіл бөледі.

«ҚАЗАҚТЫҢ КЕШЕГІ КҮЙІ» – Ж-тың өлеңі. Жанры жағынан «Қазақтың кешегі күйі» өлеңі – эпикалық сарында жазылған ұзақ өлең (107 жол). Бұл өлеңнің өзегі атынан

көрініп тұрғандай, қазақ елінің хал-ахуалы жайлы. Қазақты қайтсе тығырықтан шығарамыз деген идея лирикалық кейіпкердің бар болмысын билеп алған. Ақын өзінен бұрынғылардың тақырыбын қаузағанмен, мәселенің қойылысы жағынан өзінше жыр өреді. Және кереметтігі – елінің өткен-кеткен тарихынан қорыткан ойының кендігі. Шын мәнінде, бұл қазақ тарихының бет-бедері түскен қазақ әдебиетіндегі тұңғыш өлең десе де болады. Кеңістіктің уақытпен киюын келістіріп байланыстырады.

«Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тармақты,
Ұзын Ертіс, Жетісу.

Осы төрт су арасы Сарыарка деген жер еді...», – дейді де, осы жерді мекендейтін елдің тарихи тағдырларына көз жібереді. Бұрын бұл ел Алаш еркін шауып ойнақтап, тілеген ризығын жеп жүрген жер еді, деп халқының сол кездегі тәуелсіз бақытты шағын еске алады. Ал бақытты адамның алды кең келеді. Еркін өмірдің тәттілігі бір басқа. Ол қазақтың қайырымды мінезін, ашық қабақ қонақжайлығын, турашылдықты, шындықты сүйгіштігін, тұрмысының қоңдылығын жырлайды. Тақырыптың тағы бір құнарлы тұсы – елдің ерлік тарихын, қаһарманды-ғын паш ететіндігі. Жайдары халық ел шетіне жау тисе қара бұлттай түнерген. Өленнің бұл жерінде тарихи тұлғалар ұмсынып алға шығады. Әділ хан Абылай, Кенесары, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Қара палуан Жәнібек, бір сөзі мың ділдалық кешегі Шөже, Орынбай, Наурызбай – қазақ ұлтының қабырғалы ел болуына атсалысқандар.

Енді бір сәт тақырып оқыс бұрылады. Ақ сәулелі қуанышты күйді еңсені баскан мұңлы, шерлі күй ауыстырады. Тақырыптардың бірін-бірі ауыстыруы бір-ақ жолдан басталады. Бағанағы қазақтың шат-шадыман, ерікті, ерлікке толық тарихы «Балду-балду бәрі өтірік бұл күнде». Неге бұлай? Автор себеп-салдарды қазбалауға, реалистік бейнелеуге келгенде мүдіріңкіреп, кібіртіктеңкіреп қалады. Айналсоқтап ағартушылық тақырыптан шыға алмай қалады. Өленнің соны қызық. Ж-тың бүкіл шығармашылық жолына тән қорытындымен аяқталады. Өленнің өн бойында қазақтың өткен еркіндік ғасыры мадақталғандықтан, тақырып басталған әуеніне қайта орала ма екен деп ойлайсың. Бірақ Мағжанның ақындық әлеуетінің, мүмкіндігінің молдығы осы жерден айқын көрінеді. Ақын ескі заманға қайта оралуды көксемейді. Ескіні көксейді деген дұшпандарынікі – бос сөз. Мағжан диалектика заңына толық үйлесімді пікір айтады: «Заман түлкі, тазы бол», – дейді. Қазақты бұрынғы мимырт жүрісінен сақтандырады. Лирикалық кейіпкерге елдің бірлігі, тұтастығы қымбат. Ұлт мүддесі таптық мүддеден жоғары. Ол тобырдың үстінен карап та тұрған жоқ. Не көрсе, халқымен бірге көргісі бар. Елім деп еңіреп туған жан. Сол халқымен тілдесіп, «зейін тиегін бұрайды», өткен тарихына баға береді. Мағжанның өзіне тән стилі, суреттеу мәнері әлі қалыптасып үл-

гермеген. Бұл өленнен ол бала кезден естіп сусындаған ақын-жыраулардың дауыс ырғағы естіледі (кешегі казак нояндарын мадактау тәсілінен). Өлең тілінде шешендік, ділмарлық, калыптаскан фольклорлық тіркестерді колдану басым.

Ш. Елеукенов.

«ҚАЗАҚ-ТАТАР КЛУБЫ» – Қызылжарда ұйымдастырылған казак-татар жастарының ойын-сауық отауы. Ж. оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Ол осы клубта жиналған жастарға өзінің өлендерін окыды. Клуб жұмысына жазушы Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашаганов, Таупык Бердікожин, Жәмшит Нұрмұхамбетов және кыздардан Хадиша Жаналдикова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Әмина Куанышева, Жамал Бакшилова (Сырғабековтың әйелі), Гүлшара Жалтырова, Әмина Нұрымова, Жамал Тастемірова, Мағжанның болашак жары Зылиха, т.б. белсене катысады.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» – Ж-тын өлені. Патшаның отаршылдык саясатына карсы жазылған өлендер циклына жатады. 1922, 1923, 1989, 1993 жж. жинактарға енген. 1989 ж. басылымда «Таралған түрік балаларын бауырына, Ак колынмен тарта аларсың сен, тілім!» деген түпнұска бұрмаланып «Тарап кеткен балаларынды баурына, Ак колынмен тарта аларсың сен, тілім!» деп өзгертілген.

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – 1917 ж. 25 казанда (карашаның 7) Петроградта болған ірі әлеуметтік-саяси, тарихи окиға. Көтеріліс В.И.Ленин баскарған большевиктер партиясының жетекшілігімен жүзеге асырылды. Оған Петроград жұмысшылары, кала гарнизонының солдаттары мен Балтык флоты матростарының өкілдері катысты. Көтеріліс жеңіске жеткен күні кешкісін Петроградта ашылған Кенестердің бүкілресейлік II съезі уакытша үкіметтің құлатылғандығын және бүкіл елдегі өкімет билігі Кенестердің колына көшкендігін жариялап, В.И.Ленин дайындаған Бітім және Жер туралы декреттерді кабылдады. Алғашкысында 1914 ж. басталған I дүниежүзілік соғыска катысушы елдердің үкіметтері мен халыктарына аннекциясыз және контрибутциясыз демократиялык бітім жасау ұсынылса, Жер туралы декретте жерге жекеменшік жойылып, ол жалпы халыктык мемлекеттік меншік болып жарияланды. Съезде Ленин баскарған және жұмысшы-шаруа үкіметі аталған Ресей ХКК құрылды. Сонымен катар Кенестердің бүкілресейлік ОАК-нің (БОАК) жаңа, большевиктендірілген құрамы сайланды. Съезд Ленинніп жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға арналған үндеуін кабылдап, ол аркылы халыкты барлык жерде жаппай Кенес өкіметін орнатуға шакырды. Кенес өкіметі көпұлтты Ресей еңбекшілерін өз жағына тартуда айтарлыктай насихатшылдык рөл аткарған екі саяси құжат жариялады. Біріншісі – 2 (15) карашада жарияланған Ресей халыктары құкыктарының декларациясы, екіншісі 20 карашадағы (3 желтоксан) Ресей мен Шығыстың барлык мұсылман еңбекшілеріне деген үндеу болды. Бұл құжаттар-

да Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этностық топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттардың өздерін-өздері билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Мұның үстіне Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы: «Зауыттар мен фабрикалар жұмысшыларға! Жер шаруаларға! Теңдік бұрынғы езілген ұлттарға!» деген ұрандарды үзбей қайталаумен болды. Осы уәделер мен ұрандарға әуел баста бұқараның айтарлықтай бөлігі, ең алдымен, қоғамның жаппай кедейленген мүшелері сенді, сондықтан олардың өкілдері Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысты. Петроградтан кейін 1917 жылғы қарашаның басында Кеңес өкіметі Мәскеуде, елдің өнеркәсіпті орталығы аудандарында жеңіске жетті, көп кешікпей бұл жағдай мемлекеттің ұлт аймақтарын, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы ұзаққа созылды. Бұл кезде Кеңес өкіметі негізінен алғанда, қалалар мен өлкенің басқа да ірі елді мекендерінде орнады. Ал ауылдар мен селолардың басым көпшілігінде Кеңес өкіметінің орнауы азамат соғысы басталғанға дейін, тіпті одан кейінгі жылдарға дейін жалғасты. Алаш қозғалысының жетекшілері Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметінің идеяларын қабылдамады. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне, негізінен славян текті халықтардың (ең алдымен, орыстар мен украиндардың) өкілдерін біріктірген жергілікті гарнизонның солдаттары мен жұмысшы-солдат және шаруалар кеңестеріне топтасқан қоғамның кедейленген мүшелерінің өкілдері барынша атсалысты. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату ісіне Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, К.Сүтішев, А.Асылбеков, Ә.Майкөтов, И.Дубынин, К.Шугаев, Я.Ушанов, С.Цвиллинг, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, П.Виноградов, Л.Емелев, Т.Өтепов, А.Розыбакиев, т.б. белсене қатысты. Қазан төңкерісі кеңестік тарихнамада, Кеңес одағы Коммунистік партиясының құжаттарында күллі адамзат тарихына түбірлі өзгеріс енгізген, жаңа заманды капитализмнен социализмге өту дәуірін ашқан XX ғ-дың басты оқиғасы деп дәріптелді. Шын мәнінде Қазан төңкерісі көпұлтты Ресейдің, оның құрамына енген көптеген елдер мен халықтардың табиғи, эволюциялық даму жолын күштеп қайта өзгерістер үрдісіне түсірді. 74 жыл өмір сүрген Кеңес одағында ел өмірінің барлық салалары (экономика мен саясат, мәдениет пен руханият) сталиндік нұсқада, әміршілдік мәндегі тәжірибелер жасау алаңына айналды. Олардың барлығы да Қазан төңкерісі, социализм идеяларын жүзеге асыру үшін жасалды деп түсіндірілді. Түбегейлі өзгерістер жасау тәжірибесінің зиянды салдары аз болмады. Олардың қатарына ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен көшпенділердің зорлап отырықшыландырылуы салдарынан елді ашаршылық жайлады, сан мыңдаған адамдардың қырылуы мен басқа елдерге ауа көшуі орын алды, көптеген мемлекет, қоғам, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің

әміршілдік жүйе ұйымдастырған саяси куғын-сүргіннің құрбандарына айналды. Олардың катарында Ж-та болды.

Солай болса да, казан төңкерісінен кейінгі 74 ж. Кеңес одағы үшін, оның құрамдас бөлігі болған Казакстан үшін, тек кана бос кеткен кезең емес. Атап айтканда, Республиканың материалдык өндіріс жүйесі түбегейлі жанарды, халыктың білім деңгейі күрт өсті, сапалы ғылым жүйесі калыптасты, адамдар арасындағы карым-катынас жаксарды.

ҚазАПП (Казакстан пролетар жазушылар ассоциациясы) – 1925 ж. 12 маусымында РКП (б) өлкелік комитеті секретариатының каулысымен құрылған. Сәкен Сейфуллин 1925 ж. мамыр айында Мәскеуге съезге барған сапарында И.В.Сталинмен кездеседі. Осыдан соң кызметті өз елінде жалғастыру жөніндегі ұсынысты кабыл алған соң, Мәскеудегі ВААП және «Кузница» ұйымдарының платформасын Орынборға ала келген. Алғаш рет бұл ассоциацияның ұйымдастыру бюросына С.Сейфуллинмен бірге Н.Феоктистов, Б.Майлин, Ә.Байділдин кірген. Бюронын негізгі міндетіне КазААП-ты ұйымдастыру, насихат ісін жүргізу және осы ұйымның бүкілказакстандык конференциясын шакыру мәселелері жатты. Осы міндеттерге орай С. Сейфуллин өзі негіз етіп алған ВААП (Бүкілодактык пролетар жазушылар ассоциациясы) платформасын казак тіліне аударып, 1925 ж. «Еңбекші казак» газетінде жариялады. 1932 ж. ұйым Казакстаннын Кенестік Жазушылар одағы болып кайтадан ұйымдасты. Казакстанның Кеңестік Жазушыларынын 1-съезі 1934 ж. 12-18 маусым аралығында өтті. Бұл жиынды С. Сейфуллин өзі ашып, ұзак баяндама жасаған. Осы кезден КазАПП басшылары Ж-ка карсы ұйымдаскан түрде шабуыл бастайды. Құлаш-құлаш макалалар жазып, оған ұлтшылсын, түрікшілсін, байшылсын, өзімшілсің деген сиякты айыптар тағады. 1924 ж. Ташкенттен Мәскеуге ауысып, Күншығыс баспасына орналаскан кезде де осы кикулардын жаңғырығы мұнда да естіліп жатты.

Пролетар әдебиетіне жол ашуды КазАПП белсенділері жанры жағынан толысып, енді-енді күш алып келе жаткан казак жазба әдебиетін «ұлтшыл» және «еңбекшіл» деп екіге жарып тастау керек деп түсінді. Осынын нәтижесінде, С. Сейфуллин жазғандай, «Мағжан Жұмабаев, Міржакып Дулатов, т.б. сиякты «Алашорданың» көрнекті жазушылары газеттер мен журналдардағы басшылык кызметтерден босады» («Кедей айнасы», 1929, №1, 64-65-б.).

Ж. Кадыров.

«ҚАЗАҚ ШАРУАСЫ» – кітап. Авторы – К.Сәрсекеев. (А., «GAUHAR», 2013). Көлемі –510 бет. Таралымы – 1000 дана. Кітап «Казак шаруасының» прологы немесе 88 жылдан кейінгі кауышу» атты кіріспеден, үш бөлімнен («Казактын казакты тануы – басты шаруа», «Редактор бағаны немесе серке соз», «Маса») және «Казак шаруасының эпилогы немесе «Казак» газетіне 100 жыл!» атты корытындыдан тұрады. Казак шаруасына Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов,

М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Сералин, Б.Майлин сияқты Алаш арыстары, т.б. көптеген қазақ зиялылары атсалысып, «Қазақ», «Айқап» басылымдарының беттерінде мақала жазып, ірі-ірі мәселелерді көтерген. «Қазақ шаруасына» халық тағдыры, ел тұрмысы, тарих, мәдениет, өнер, білім, денсаулық саласы, тіл, дін, діл, жалпы руханият енген.

С. Хасенов.

ҚАЗАН – Ресей Федерациясындағы қала, Татарстан Республикасының астанасы. Қ. Еділ (Волга) өзеніне құятын өзеннінің сағасында орналасқан. Қаланың негізін XIII ғ-дың 2-жартысында бұлғарлар қалаған. 1438 – 1552 жж. аралығында Қазан хандығының астанасы болған. Қ-да Кремль (XVI – XVIII ғ.), Сүйінбек мұнарасы (XVII ғ-дың соны XVIII ғ-дың басы), Марджани мешіті (18 ғ.) Қазан университетінің ғимарат ансамблі (XIX ғ.), т.б. орналасқан. Ж. есімін түркітілдес шығыс халықтарына таныстыруда Қазан қаласы елеулі қызмет аткарды. Өлеңдерінің алғашқы жинағы («Шолпан») 1912 ж. Қазанда басылса, екінші өлеңдер жинағы да 1922 ж. Қ-да жарық көрді.

«ҚАЙҒЫЛЫ СҰЛУҒА» – Ж-тың өлеңі. Бес жинакта да бар.

«ҚАЙЫҢ» – Ж-тың өлеңі. Жазылу стилі жағынан ерекше. Бес буынды. Акын алда тұрған киын да касіретті күндерін ойлайтындай. Сондыктан да «Қайғылы қайың» мұнымен сырласады. Жинактарының бәріне енген.

ҚАЙЫРБЕКОВ Әділғазы (10.1.1955, Шығыс Қазақстан обл., Тарбағатай ауд. (бұрынғы Семей обл. Аксуат ауд.) Қожагелді а.) – акын, әдебиеттанушы. Филология ғылымдарының кандидаты. ҚР Мәдениет кайраткері, республикалық «Жігер» фестивалінің, Халыкаралық «Алаш» әдеби сыйлыгының лауреаты.

Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің филология факультетін 1978 ж. бітірген. Еңбек жолын Сәбит Мұкановтың әдеби-мемориалдық музей-үйінде экскурсовод болып бастаған. Қазақ телевизиясының Жастар редакциясында редактор (1979 – 1981), «Лениншіл жас» (казіргі «Жас Алаш») газетінде мәдениет және әдебиет бөлімінің тілшісі, меңгерушісі (1981 – 1991), «Халық кеңесі» газетінде руханият бөлімінің меңгерушісі (1991 – 1996), «Қазақ елі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары – «Шалкар» косымшасының редакторы (1996 – 1999), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының жетекші маманы (1999 – 2000) болып кызмет аткарған. Қазакстан Жазушылар одағы поэзия кенесінің төрағасы. 2000 ж. бері – Алматыдағы С.Мұканов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры. Он томдық шығармалар жинағы жарық көрген (2014). 2017 ж. Кызылжарда (Петропавлда) өткен «Мағжан көктемі» фестиваліне «Жоямерген» деген бүркеншік атпен «Дала дауылы» деп аталатын толғауын ұсынып, бас жүлдені еншіледі.

К. Оспанов.

ҚАЙЫРБЕКОВ Ғафу (15.8.1928, Қостанай обл., Торғай к. – 1994, Алматы к.) – акын, Қазакстанның халык

жазушысы (1992). Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1952). Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. 1968 – 1973 жж. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясына жетекшілік етті. 1973 – 1989 жж. «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағының ақындар қауымдастығының президенті болды.

1954 ж. оның «Құрдастар» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан бері қырықтан астам кітабы шықты. «Дала қоңырауы» (1956) поэмасы, «Жер астындағы жұлдыздар» (1965), «Қанатты жылдар» (1973) сияқты жинақтарын, «Беласар» атты қос томдығын оқырман қауым жылы қабылдады. «Жұлдызды тағдырлар» атты өлеңдер жинағы үшін ақынға 1980 ж. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Рудакидің Байронның, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Шевченконың, Мақтымқұлының, Л.Толстойдың, Куприннің, Короленконың, Буниннің, Есениннің, Ғамзатовтың және басқа да сөз зергерлерінің туындыларын аударды. Көптеген әндердің өлеңін жазған.

Ж. ақталғаннан кейін жерлестері ұлан-асыр той жасады. Сол қуаныштың куәсі болған Қ. іле «Қазақ әдебиеті» газетінде былай деп жазған еді: «Ағылған халықта шек жоқ. Мынау жерден, биіктете соғылған тақтай трибунадан, оқтай

Қайырбеков Ғафу

түзу табиғат көшесінің бойымен тұп-тура алысқа көз тастаңызшы! Көз көкжиекке ұмтылады, оны көріп болмайсың. Екі ара қыбыр-қыбыр, құжынаған құмырсқаның илеуіндей. Әлдебір жан біткен қайыңдар ма, яки жасыл құлақты қамыс-құрақ па немесе тербеліп тұрған теңіз сабасы ма, әйтеуір, бір ғажап сиқыр ғалам. Жоқ, олардың бірі де емес, Адам теңізі» («Қазақ әдебиеті», 1989, 18 тамыз). Сол салтанатта шешеннен шешен тізгін алып, ақындар саңқылдап өлең оқыды. Қ. те қоңыр даусымен баршаны баурап алды. Өзінің Торғайдан, Ахмет Байтұрсыновтың тойынан келе жатқанын айтып, онда да халықтың жүрегі жарыла қуанып жатқанын жеткізді. Сосын Мағжанға арнаған «Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар» деген өлеңін оқып берді. Осылай Мағжанның туған топырағында өткен алғашқы жыр мерекесі оның мәңгілік сұлу тірлігін паш еткендей болды, ақын рухын ел жүрегіне ұялатты. Дегенмен, бір шараның асылын сағынған халықтың сусынын қандыруы мүмкін емес еді.

Ж. Сүлейменов.

ҚАЙЫРБЕКОВ Едіге (1.3. 1935, Павлодар обл., Баянауыл ауд. КОКП XXI съезі атындағы кеңш.) – Мем-

лекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері. 1981 – 1990 жж. Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарды. Осында жүргенде Ж-тың ісінің халыққа жетуіне жол ашқан. Кейін өзі Ж. тағдыры туралы (Ж.Сүлейменовпен бірге) мақала жазып, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде жариялады.

М. Сүлеймен.

«ҚАЛАМЫМА» – Ж-тың 1937 жылғы мамыр айында Л.И.Мирзоянға арнап шығарған ұзақ өлені. Бертінге дейін үш-ақ шумағы сақталды деп келген. Шын мәнінде мұрағаттағы қолжазбада – 23 шумақ. Өлең алғаш жазылғанда 24 шумақтан тұрса керек. Кейін ақын көшіріп жазу кезінде керек емес деген шумақтарын алып тастаған сияқты.

ҚАЛДАН Серен (1693 – 1745) – жоңғар хандығының билеушісі (1727 1745), қолбасшы. Әкесі Сыбан Рапған 1723 ж. қазақ жеріне басып кіргенде, Қ. С. 10 мың қолмен Балқаш пен Қаратауды шапқан. Сыбан Рапған өлгеннен кейін тақа отырды. Оның тұсында қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы күшейе түсті. Жоңғарлар Жетісудың біраз жерін, Іле Алатауынан Балқашқа дейінгі өңірлерді, Сібір өңірін жаулап алды. Әйгілі Аңырақай, Бұланты шайқастары, Қалмаққырылған оқиғалары осы Қ. С. билеген кезеңдерде өтті. Болашақ қазақ ханы, сұлтан Абылай 1741 1743 жж. жоңғар тұтқынында отырды. Қ. С-мен соғыс барысында қазақ хандығының билеушілері, батырлары бір орталыққа бірігіп, өз еліне қорған бола білді. Осы кезеңде Ресей үкіметі екі жақты саясат жүргізіп, бір жағынан жоңғарлармен тығыз әскери дипломаттық қарым-қатынаста болса, екінші жағынан қазақтарды «өз қамқорлығына алуға» тырысты. 1745 ж. Қ. С. қайтыс болғаннан кейін жоңғар хандығында тақ таласы басталды. Көп ұзамай 1755 – 1758 жж. Цин империясы жоңғар мемлекетін жойып жіберді.

Ж. «Батыр Баян» поэмасында бас кейіпкерінің азғана қолмен қалың жаумен кескілесешайқасқанын, Қ.С-нің көз алдында мерт болғанын, бұған қонтайшының қатты қуанғанын нанымды суреттейді.

ҚАЛИЕВ Айбек (19.4.1978, бұрынғы Торғай обл., Жангелді ауд. Тәуіш а.) – айтыскер ақын, ғалым. 1994 ж. Қаратөбек орта мектебін, 1998 ж. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін үздік бітірген. 1998 – 2001жж. Қазақ аграрлық университетінің қазақ тілі кафедрасында ассистент, оқытушы, аға оқытушы. 2001 – 2009 жж. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті қызметін атқарған. 2009 жылдан бері Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің деканы. 2006 ж. «Торғай ақындарының дәстүрлі поэзиясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Республикалық, халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, ғылыми басылымдарда отызға жуық ғылыми мақалалары жарық көрген.

Бірнеше дүркін республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегері. Ж-тың ғасырлық мерейтойына орай Солтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған республикалық ақындар айтысына қатысып, екінші орын алған. 2017 ж. «Айтыстың ақтаңгері» атанды.

Е. Амантай.

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Дихан (1966, Онтүстік Қазақстан обл., Түлкібас ауд. Келтемашат а.) – ғалым, филолог, әдебиет тарихшысы, алаштанушы. Филология ғылымдарының докторы (2003), профессор (2004). Айтматов академиясының академигі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі (2012). Қазақстан Республикасының «Дарын» мемлекет жастар сыйлығының лауреаты (2000). ҚазПИ-ді (1990, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында (1990–1996), Еуразия Ұлттық университетінде аға ғылыми қызметкер, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1996 – 2000), Қазақ Ұлттық музыка академиясы тіл және әдебиет кафедрасының меңгерушісі (2001 – 2004), Еуразия Ұлттық университеті Гуманитарлық институтының директоры (2004 – 2005), оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. 2006 ж. Еуразия ұлттық университетінде «Алаш» мәдениет және рухани даму институтын құрып, қалыптастырды. Қазір де осы университеттің проректоры. (2009).

«Смағұл Сәдуақасұлы» (1996), «Руханият» (1997), «Алаш және әдебиет» (2002), «Ағартушылық және әдебиет» (2003), «Пайым» (2004), «Алаштың рухани тұғыры» (2008), «Смағұл Сәдуақасов» (2009), «Түркістан алқасы» (2011), «Жәдитшілдік және Алаш: түсіндірме сөздік» (2012) кітаптарының авторы. С.Сәдуақасовтың, Қ. Кеменгеровтің, Ж. Аймауытовтың, Х. Болғанбаевтың, С.Ғылманидың, т.б. академиялық мұрасын жариялады. 3 деректі фильмге сценарий жазған («Қазақтың Қошкесі», «Бата», «Көздің қарашығындай»). Д.К. өзінің ғылыми еңбектерінде, «Мағжан» журналында жарияланған (2015, №1) мақаласында Ж. туралы да көптеген тың деректер келтіреді.

Қ. Кеменгер.

ҚАНАПИЯНОВ Бақытжан (4.10.1951, Көкшетау қ.) – ақын. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты (1986). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1998). Қазақстан Журналистер одағының С.Сәдуақасов атындағы сыйлығының иегері (1999), «Алтын лираның үміткері» атты Дүниежүзілік ақындар байқауының лауреаты (2003), Тәуелсіз Тарлан сыйлығының лауреаты (2003), Махамбет сыйлығының лауреаты (2003).

Қазақ политехникалық институтын 1974 ж. бітіріп, Қазақ КСР ҒА жанындағы Металлургия және кен байыту институтында инженер болып істеген. Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген. «Жалын» баспасында аға редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болған. 1991 жылдан бері «Жібек жолы» баспа үйінің президенті. Алғашқы өлендері 1975 ж. «Простор» журналында басылған. Бірнеше жинақтардың авторы. Абай өлендерінің еркін

Қанапиянов Бақытжан

аудармасын жасап, Жамбыл, Кенен дастандарын, «Қыз Жібек» эпосын орыс тіліне аударды.

Қ. Ж-тың орыс тіліне аударылған өлеңдері енген «Пророк» деп аталатын кітабын құрастырып, Алматы (2002), Астана (2010) қалаларының баспаларынан шығарған. Қ. – «Великий поэт мировой культуры» («Нива» жур., 2003, №6), «В памяти грядущих поколений» («Central Asia Monitor», 2006, 7 сәуір) т.б. мақалалардың авторы.

ҚАНҒОЖИН Мүтәллап (17.12.1937, Солтүстік Қазақстан обл., Есіл ауд. Қараағаш а.) – ақын. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «КСРО телерадиосының үздігі», Бүкілодақтық және республикалық телебайқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы, Солтүстік Қазақстан облысының және Есіл ауданының құрметті азаматы. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Орта мектептен кейін туған ауылында жұмысшы болған. 1958 – 1962 жж. облыстық комсомол ұйымдарында түрлі қызметтер атқарды. 1963 – 1966 жж. Қараағаш орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды. Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетін 1966 ж. бітіріп, Петропавл телестудиясында редактор, бас редактор, Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясының директоры болған. Қ. – «Ақ қайың аралдары» (А., «Жазушы», 1969), «Қызылжар» («Жазушы», 1974), «Көкорай шалғын» (А., «Жазушы», 1976), «Мен Мағжанның көшесінде тұрамын» (Қызылжар, 2007) т.б. жыр жинақтарының, Ж. туралы көптеген мақалалардың: («Глубокие корни» («Северный Казахстан», 2006, 7 шілде), «Слово мое не боится оков» («Северный Казахстан», 2008, 20 маусым), «Я живу на улице Магжана» «Республика.kz.», 2008, 17 маусым) авторы.

Қ. Мұқанов.

ҚАҢТАРБАЕВА Бақыткамал (2.11.1943, Қарағанды обл., қазіргі Жаңаарқа ауд.) – әдебиеттанушы ғалым, сыншы. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін, 1973 ж. осы оқу орнының аспирантурасын тамамдаған. Филология ғылымдарының кандидаты.

Алғашқы сын мақалалары республикалық басылымдарда XX ғасырдың жетпісінші жылдары жарық көре бастады. 1980 – 1990 жж. сыншы ретінде танылa жүріп, әдебиет зерттеу мәселелеріне ойысты. «Талап деңгейі» («Жазушы», 1984), «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы» («Жазушы», 1988) кітаптары жарық көрді. «Стиль сыры» («Жұлдыз», 1991, №5), «Құндылық өлшемі» («Жұлдыз», 1992, №5), «Қазақ лирикасының қайнары» («Қазақ әдебиеті», 1993) «Абайтанудағы ақтаңдақтар»

(«Жұлдыз», 1994, №10-11), «Шын әдебиет енді туады» («Қазақ әдебиеті», 1999, желтоқсан), «Әуезовтанудың маңыздылығы» («Ана тілі», 1999, қараша), «Әуезов – әлемдік тұлға» («Қазақ әдебиеті», 2000), т.б. мақалалар жазған. «Қара өлең мен лирика» (2001), «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» («Елорда», 2001) атты монографиялардың авторы. К. – Ж. шығармашылығы туралы «Жырымен жұртын оятқан», «Мағжан символист» атты зерттеу монографияларының авторы. «Мағжанды да өзінің сұңғыла замандастары жазбай таныған (Ондай замандастары болғаны үшін Мағжан Абайдан да, басқадан да бақыттырақ). Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожановтың көлемді мақала, пікірлері бұл ойымызға дәлел. Бүгінгі мағжантануға бұлардың көш басы болатыны ақиқат. Бұлардың тану, зерттеу методологиясы қазіргі таным тұрғысынан өлшегенде де еш ескірмегенін, уақыт қондырған шаңын сүртіп жіберсе, ол ой-пікірлердің жарқырап кетеріне көз жетіп отыр», – деп жазады К. Ғалым 2013 ж. Ж-тың 120 жылдық торқалы тойына орай ақынның 1929 ж. соңғы рет Мәскеуде жарық көрген «Сауатты бол» деп аталатын оқулығын тәржімалап, оқырманға ұсынды.

Ж. Қадыров.

«ҚАНЫШ БАЙ ҚЫССАСЫ» – Ж-тың поэмасы. Ақынның жаңа дәуір тақырыбына жазған тырнақалды шығармаларының бірі. «Мен тоқсанмен біргемін» деген шешімін осы поэмада растай түскен. Поэма «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 ж. 2 ақпан күнгі санында жарияланды. Сол кездегі қалыптаса бастаған пролетарлық әдебиет дәстүріне бағып, ақын бай атаулыны қай жағынан да жағымсыз етіп көрсетуге тырысады. Қаныш – бай, автор суреттеуінде, дорба сақал, тырбаң тапал адам. Мінезі де оңып тұрған жоқ. Доғал, ұртоқпақ. Тоқал алып, онысын ұл таппадың, бедеусің деп кінәлап, ақыры таяқка жығып өлтіреді. Өлтірген тоқалы түсіне қарақұрт боп еніп, жәбірлеуші байдың өзін шағып, жарық дүниемен қоштастырады. Поэманың айтайын деген идеясы дидактикаға саяды: тоқал алма! Тақырыбы, шешімі Мағжан қарымына сай емес бұл шығарма ақын соққыдан соққы жеп, сүлесоқ жүрген кезде жазылған.

ҚАРАҒЫЗҰЛЫ Бауыржан (17.10.1982, Баян-Өлгей аймағы Улаанхус сұмы) – ақын. Қалалық, облыстық, республикалық жыр-мүшәйраларының жүлдегері, женімпазы. Халықаралық «Шабыт» жастар фестивалінің екі мәрте лауреаты және Гран при жүлдесінің иегері. Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау Қазақ педагогикалық колледжінде, Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжінде, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алған. Республикалық «Алаш үні» газетінде тілші, Елордалық «Астана» журналында тілшілер қосынының жетекшісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, Көкшетау қалалық ақпараттық-кітапханалық жүйесінің директоры қызметтерін атқарған. «Әдебиет» пор-

талының жетекшісі болды. Қазіргі кезде Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының директоры. Топтама өлеңдері араб, орыс, түрік тілдеріне аударылған. Шығармалары «Жас толқын», «Қызылжардан ескен леп...», «Шыңға шыққым келеді», «Айдыннан ұшқан аққулар», «Жеңімпаз жас ақын-жазушылардың антологиясы», т.б ұжымдық жинақтарға енген. «Өң. Мен. Түс», «Жұмбақтаска жауған күз» атты жинақтардың авторы. Қ. 2009 ж. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйытқы болуымен Қызылжарда ұйымдастырылған Ж-тың махаббат лирикасына арналған конференция барысында «Мағжанға арнау» атты жырын оқыды.

Е. Амантай.

«ҚАРАҒЫМ» – Ж-тың өлені. Алғаш рет «Шолпан» жинағында жарияланған. 1989 ж. басылымда «Білімсіз, құр калтактап жүргенменен, Ерте өлген, көмілулі кара жерге» деген екі жол белгісіз себептермен алынып калған. Кейінгі жинактарда калпына келтірілген. Ал 1995 жылғы нұсқасында сегізінші жолы «Токтамай істе болсан, батып терге» деп кате басылған. 2003 жылғы үш томдыкта 1923 жылғы жинак бойынша «Токтамай, істер болсан батып терге» деп түзетілген.

«ҚАРАҢҒЫЛЫҚ ҚОЮЛАНЫП КЕЛЕДІ» – «Үш жүз» түрмесіне камалар алдында жазылған өлең. Акын табиғат пен өмір каранғылығы коюланып келе жатканын іштей сезгендей. «Ой басты ма? Әлде көзім талды ма, мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді» деуі де сондыктан. 1922 жылғы басылымда такырыпсыз берілген. 1922 жылғы нұскада соңғы шумактың екінші жолы «Сөнген шокты күліп бала үреді» деп жазылса, оны 1923 ж. акын «Сөнген шокты үріп бала күледі» деп өзгерткен. Сондай-ак, алғашкы шумактың соңғы екі жолын өзгертіпті.

ҚАРАТАЕВ Мұхамеджан (27.12.1910, казіргі Қызылорда обл., Сырдария ауд. Телікөл а. 1995, Алматы к.) – әдебиет зерттеуші. Қазак КСР халык жазушысы (1987), профессор (1967), Қазак КСР ҒА-ның академигі (1975). Қазак КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері (1974). Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1933). 1936 – 1938 жж. Қазакстан Жазушылар одағында жауапты хатшы, төрағасы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің казак және орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. 1938 ж. КСРО ҒА-ның Қазак филиалы төралкасының мүшесі, Қазак әдебиеті секторынын менгерушісі. 1947 – 1951 жж. Жамбыл педучилищесінде окытушы. 1955 – 1960 жж. Қазак мемлекеттік көркем әдебиет баспасында (казіргі «Жазушы») редактор, бас редактордың орынбасары, директор. 1960 – 1968, КСЭ-нің бас редакторы (1968 – 1979), 1979 – 1988 жж. Қазак КСР ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі, кеңесшісі. Ол өткен ғасырдың 30-жылдарынан сыншы-ғалым ретінде казак әдебиетіне белсене араласты. 50-жылдардың орта кезінен бастап казак әдебиетінің даму тарихын, теориясын, эстетикалық максат-мұратын зертте-

умен шұғылданды. Қазақ әдебиетінің қалыптасу проблемаларын зерттеді. «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), «Шеберлік шыңына» (1963), «Социалистік реализмнің казак прозасында қалыптасуы» (1965), «Эпостан эпопсяға» (1969), «Революция рухымен» (1978), т.б. еңбектер жазды. «Даладағы дабыл» атты публицистикалық романы казак және орыс тілдерінде бірнеше рет басылды. М. Горькийдің «Менің университетім», М.Шолоховтың «Тынық Дон» романын (3-кітап) аударған. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты («Асулар алда» монографиясы үшін, 1974).

Қ. Ж. 1937 жылғы 25 наурызда Алматыға келгенде Жазушылар одағындағы кызмет бөлмесінде акынмен кездеседі. Ол кезде одактың хатшысы Мұхамеджан Қаратаев пен одактың төрағасы Сәбит Мұканов бір кабинетте отырады екен. Сол кездесу жайлы ол: «Жаңылмасам, 1937 жылдың жаз айы. Бір күні кабинетте жалғыз едім, бір орта бойлы, жұпынылау киінген, өңі сынык кісі кірді. Амандасып болған соң өзін таныстырды: «Мен Мағжан Жұмабаев боламын, шырағым. Сәбитті іздеп келіп едім...», – деді. Жүрегім лүп ете калды. Көп өленін жатка білетін, сүйсінсек те сүйгенімізді өзгеге білдірмей, сездірмей жүретін уакыт. Орнымнан ұшып тұрдым: «Сәбен жаңа ғана шығып кеткен. Осы маңайда жүрген шығар. Қазір...», – дегенше болған жок. Сәбеннің өзі де кіріп келді. Амандык-саулыктан соң телефонның құлағына жармасты. Сол кездегі Казакстан Компартиясы орталык комитетінің екінші секретары Нұрпейісовке мән-жағдайды баяндап еді, ол: «Келе беріңдер, бірак бұл мәселені шеше алмаймын, Мирзоянның өзіне кіріңдер», – деді. Сәбен маған да жүр деп, үшеуіміз Мирзояннын кабылдауына бардык», – деп Шерияздан Елеукеновке (Ш. Елеукенов. «Мағжан». 1995. 138-бет) айтып беріпті.

«ҚАРА ШАРУА ТУРАЛЫ» – В.И.Лениннің кітабы, 1927 ж. Мәскеудегі Кеңестер одағындағы елдердің кіндік баспасынан араб графикасымен шыккан. Таралымы – 8000 дана. Аударған М. Жұмабаев.

ҚАРА ШЕКПЕН – казак жеріне Ресейден коныс аударып келген шаруалардың атауы. Кендірден карапайым каптал шекпен, конышын буған көн етік киюіне байланысты осылай атаған. Ал мұнын астарында үлкен мағына жатыр. Бәрі патша үкіметінің отарлау саясатына тіреледі.

ҚАСЕЙІНОВ Дүйсен (10.3.1947, Ресейдің Алтай өлкесі, Бийск к.) – мемлекет кайраткері. Профессор. Казакстан өнеріне еңбек сіңірген кайраткер, «Тарлан» сыйлығымен марапатталған. Құрманғазы атындағы мемлекеттік өнер институтын бітірген. Еңбек жолын Казак радиосы мен телевизиясы камералык оркестрінің әртісі болып бастады. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының аға окытушысы, Мехико филармониясы оркестрінің әртісі, Алматы мемлекеттік консерваториясы доцентінің міндетін аткарушы, скрипка кафедрасының меңгерушісі болды. 1984 – 1987 жж. – Казакстан Компартиясы ОК нұскаушысы. 1987 – 1997

Қасымов
Сабыр

жж. – Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының ректоры. 1997 – 2002 жж. – ҚР Білім және мәдениет министрлігінде мәдениет департаментінің директоры, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінде мәдениет комитетінің төрағасы, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде мәдениет комитетінің төрағасы, вице-министр. 2002 – 2003 жж. – «Дегдар» гуманитарлық қорының президенті. 2003 – 2004 жж. – ҚР Мәдениет министрі. 2004 – 2008 жж. ҚР СІМ ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі. 2008 жылдан бастап «ТҮРКІСОЙ»-дың бас директоры. Қ. қай қызметте болсын өзін ұлт руханиятының жанашыры ретінде танытып келеді. Ж-тың 125 жылдық мерейтойының түрік елінде бастау алуына да көп еңбек сіңірді. Кастамону қаласында, Анкарадағы Гази университетінде өткен (2018) халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, қазақ ақынының ұлылығын паш етті.

ҚАСЫМОВ Сабыр (12.7.1951, Ресей Федерац., Түмен обл., Сладков ауд. Менжинка с.) – мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттанушы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Орта мектепті тамамдағаннан кейін өзінің атажұртына оралып, ҚазМУ-дің заң факультетін бітіреді. Бұдан кейін прокуратура органдарында еңбек етті, халық соты болып сайланды. 1988 ж. Мәскеудегі СОКП орталық комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясында оқыды. Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының судьясы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болған. Қ. кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қазақ өлкелік атқару комитеті мен Қазақ орталық атқару комитетінің бай-кулактар шаруашылықтарын тәркілеу және 20-30 жж. еріксіз коллективтендіру жөніндегі шешімдерін қайта қараумен айналысқан комиссияның хатшысы болған. Қазір Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен адамдарды ақтау және мәңгі есте қалдыру жөніндегі «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының президенті. Қ. жиырма жылдан астам уақыт бері Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш арыстарына адал атын қайтаруға, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға атсалысып келеді. Ол өзінің «Мағжан» журналында жарияланған зерттеу еңбегінде Ж-тың сан қырлы қызметіне де жан-жақты тоқталады.

Ф. Әбсаттарұлы.

ҚАСЫМҰЛЫ Кенесары (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, Қазақ халқының 1837 – 1947 жж. ұлт-азаттық қозғалысының көсемі,

ҚАСЫМҰЛЫ

Қазақ хандығының соңғы ханы (1841 – 1947). Кенесары Шыңғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың қалмақ қонтайшысы Қалдан Сереннің қызынан дүниеге келген баласы Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары (алты ағайынды – Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған. Кенесары өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеткейлігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан. Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын, күллі Азия елдері мен жерлеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән берген-ді. Қазақ хандығы аумағын империяға күштеп қосу оның отарлануымен қатар жүрді. Ресей отаршылдығының ерекшелігі – «орыс солдатының соңынан орыс мұжығы ілесіп отыратындығында, сөйтіп жаулап алған жерін орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатынында» (М.Шоқай) еді. Атасы Абылай хан заманынан

Қасымұлы Кенесары

бері үдей түскен бұл үдерісті жас сұлтан Кенесары ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіп деп санады. Патша үкіметінің 1822 ж. «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ даласына орыс шаруалары ағылып келіп қоныстана бастады. Абылай ханнан кейін орнына билікке келген Уәли хан (1781 – 1821) патша әкімшілігінің Көкшетау алқабында қала құрылысын бастауына келісім берді. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және Орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты Кенесары Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Оның: «Алла қостаса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз», – деген пікірі әкесі Қасым сұлтанның, бауырларының, көптеген қазақ батырларының тарапынан қолдау тапты. Олар Ресейге қарсы Қоқан ханымен

одактаса отырып күреспек болған еді, бірақ үміттері ақталмады. Керісінше, 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауымен Кенесарының бауыры Саржан өлтіріледі. 1840 ж. әкесі Қасым төре қаза тапты. Кенесары Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көзделі. Отаршылдарға қарсы соғысты бастамас бұрын ол бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап: Николай I патшаға, Орынбор генерал-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д. Горчаковка хат жолдады. Ақылды саясатшы және әскери қолбасшы ретінде Кенесары жаудың мықты қарулы күші бар екендігін жақсы түсінді, сол себепті соғыска мұқият дайындалды. Бұл оның қазақтың үш жүзін бір мақсат жолына біріктіру саясатынан, қару-жарақ соғуды, соның ішінде зеңбірек құюды жүзеге асыру үшін орыс және өзге ел шеберлерін тартуынан көрінеді. Кенесарының қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның ішінде Орта жүз руларынан басқа, Кіші жүздің шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, т.б. руларының, Ұлы жүздің Үйсін, Дулат, т.б. руларының сарбаздары болды. Кенесарының жауға қарсы жорығында Ағыбай, Иман, Басығара, Анғал, Жанайдар, Жеке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан, Бұқарбай, Мынжасар, т.б. батырлар аянбай шайқасты. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. Кенесары соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 ж. қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Оның басты мақсаты қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды. Кенесары мемлекетті басқаруда шариғаттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен бірге билер сотын қалпына келтірді. Мемлекет пен оның әскерін нығайту жолдарын жетік білетін хан мұсылмандық құқық ережелерін бекітті. Салық саясаты да оны тиімді жолмен жинауға бағытталды. 1841 ж. Кенесары хан тағына отырғаннан кейін қарсыластары әскери қимылын үдете түсті, олар қоқандықтардың елеулі күштері бекінген Жүлек, Ақмешіт, Жаңақорған, Созақ қамалдарын қоршауға алды. Кенесары өзінің басты мақсаты – азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда, ұлт-азаттық күрестің 1844 – 1845 жж. қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ, қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады. 1846 ж. Ресей жасақтары мен отаршылдыққа бойұсынған қазақ сұлтандарының әскери құрылымдары оны Кіші және Орта жүз аумағынан ығыстырды. Осы жылы Кенесарының әскері Қоқан хандығының пелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. Кенесары бастаған халық

көтерілісінің аукымы кең болды. ол XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы азаттық жолындағы өзге козғалыстардан казак рулары көп коныстанған негізгі аудандарды камтуымен ерекшеленеді. Кенесары мемлекет құрылымына коп коңіл бөлді. елді баскаруда жана құрылымдар мен ережелер енгізді. сонымен бірге істен шығарылған құрылымдарды кайта калпына келтірді. Әскер катарында катаң тәртіп орнатты. Әскерді ұзак дала соғыстарына бейімдеу үшін мыңдыктар мен жүздіктерге бөліп. баскару құрылымын құрды. Ол кажет акпараттарды жеткізіп тұратын тыншыларына да сүйенді. саяси күрес пен дипломатияның тиімді әдістерін колданды. Мемлекеттің ішкі саясатын хан өзі катаң бакылауға алды. руаралык кактығыстардың жолын кесті. Үш жүз казактарының біріккен ұлт-азаттык козғалысы Ресейді катты аландатты. 1843 ж. Ресей үкіметі Кенесарыға карсы кең көлемді әскери жорык ұйымдастырды. Кенесарының әскері Ресей армиясы мен Ресей жағында күресуші казак сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда. әскери куаты әлдекайда басым жау Кенесары сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттык үшін шайкаста Кенесары кырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Патша әкімдерімен құпия байланыста болған манаптар оған мойынсынбады. Кенесары бағынудан бас тарткан кырғыздарға шабуыл жасады. Өз жактастары ішіндегі опасыздык салдарынан Кенесары мен інісі Наурызбай дұшпандарының колына түседі. Кенесары айуандыкпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып. орыс әкімшілігіне жібереді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас баскармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске косып сактауға бұйрык береді. Кенесарының сінірген тарихи еңбегі ол казак халкының салт-дәстүрін сактай отырып. оны бостандык пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды. Кенесары ханның саясаты және идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. Кенесары казак халкының дербес мемлекеттілігін калпына келтіру, халкын бодандыктан құткарып, басын біріктіру, азаттык пен бостандыкка кол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы. кайраткер. ірі мәмілегер. дарынды әскери колбасшы ретінде ел есінде калды. Кенесарының өмірі мен азаттык жолындағы күресі көптеген акын-жазушылардың шығармаларына аркау болды. Нысанбай акынның «Кенесары – Наурызбай» дастаны (XIX ғ.) 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімасымен «Орыс географиялык коғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. XX ғ-дың 30-жылдары М.Әуезов «Хан Кене» пьесасын (сахнаға бірер койылуынан кейін тыйым салынған). 60-жылдары И.Есенберлин «Қаһар» романын жазды. Алғашкы зерттеулер ішінде «Казак сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деген такырыппен Н.Середаның 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. 1888 ж.

М. Жұмабаев (оңнан солға қарай екінші қатарда екінші отырған) қазақ мектебіне мұғалімдер даярлау курсының тыңдаушылары ортасында. Омбы, 1919 ж.

Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Ә. Құдайқұлов, С. Қапин, Х. Ысмайлов, Ә. Молдабеков.
Екінші қатарда (солдан оңға қарай): М. Жұмабаев, Е. Омаров, М. Есболов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, К. Жәлелов, И. Қашқынбаев.
Үшінші қатарда (солдан оңға қарай): Ә. Ершін, С. Османов, З. Имажанов, Т. Жүргенов, М. Әуезов, Ф. Ғалымжанов, Е. Алдаоңғаров, Х. Қаратаев, Ғ. Балақадыров.

Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Ф. Сергеевна, М. Жұмабаев, С. Айзұнов, К. Жәлелов, М. Қасымова, Г. Байбөрина.
Екінші қатарда (солдан оңға қарай): З. Имажанов, Ф. Ғалымжанов, Бенедиктов, Мерколович, Шамшин, П. Юдахин.



Солдан оңға карай: Ж. Тілеулин, М. Жұмабаев және С. Сәдуақасов.



29

Сов. Секретно.

Циркулярно.

Алмаатинскому губкому.

В Кирдепартаменте в Кирдепартаменте по Алматинской губ. имеется в обращении сборник стихотворений на кир. языке. Катаева и Кумабаева издание Турк. Госиздата от 23 г. разрешение Главлита № 29.

В отношении такого издания примите решительные меры к изъятию из обращения, и хранить до особого распоряжения.

Зав. Кирлитом

Помета: Сообщено в Кирлит в декаде до марта месяц. Иванов 07.01.25

Т. Иванову
Для личного исполнения.
В первую очередь изъять в корреспонденции сии, было у Б. Тілеулина (?), договоренных последним

исп. л 000

21.

в Ф. 22 дела

УДОСТОВЕРЕНИЕ

-:-:-:

М. Жұмабаев.

З. Жұмабаева.

Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Гүлханыс, Сайдалы. Екінші қатарда: Күлбарам (М. Жұмабаевтың келіні), Даhана және Зылиха Жұмабаева. Қызылжар, 1927 ж.

Сұлтанбек Қожанов.

М. Жұмабаевтың ұстазы
Ахиеддин Аханов.

М. Жұмабаевтың інісі Мұхаметжан.

Мұхаметжан Жұмабаев. Бурабай, 1966 ж.

Хамза Есенжанов пен Софья Жақияқызы (Жұмабайдың қызы Ғалиядан туған). Алматы, 1968 ж.

Ғаділша Қаһарманұлының
М. Жұмабаев туралы кітабы.

М. Жұмабаевтың ағасы
Қаһарманның ұлы Ғаділша.

Қызылжар педтехникумында 1928 – 1929 оқу жылында
М. Жұмабаевтан дәріс алған Темірғали Сайдалин отбасымен. 1975 ж.

Совет Министров Казахской ССР

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

от 19 марта 1990 г. № 113

АЛМА-АТА. ДОМ ПРАВИТЕЛЬСТВА

О ПРИСВОЕНИИ ИМЕН СРЕДНИМ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ШКОЛАМ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ И ЦЕЛИНОГРАДСКОЙ ОБЛАСТЯХ

Совет Министров Казахской ССР постановляет:

Принять предложения исполкомов Северо-Казахстанского и Целиноградского областных Советов народных депутатов, согласованные с Министерством народного образования Казахской ССР, Союзом писателей Казахстана и Военным комиссариатом Казахской ССР, о присвоении имени:

казахского поэта Магжана Жумабаева средней общеобразовательной школе с. Сарытомар Булаевского района Северо-Казахстанской области;

воина-интернационалиста Касыма Давлетбаева средней общеобразовательной школе совхоза «Пятигорский» Державинского района Целиноградской области.

Председатель
Совета Министров Казахской ССР — У. КАРАМАНОВ

Зам. Управляющего Делами
Совета Министров Казахской ССР — Ж. ИБРАГИМОВ

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Сарытомар орта мектебіне қазақ ақыны М. Жұмабаевтың атын беру туралы 1990 жылғы 19 наурыздағы №113 қаулысы.



Областной историко-краеведческий музей

01.03.93

Северо-Казахстанский областной Совет народных депутатов
Исполнительный комитет

Р Е Ш Е Н И Е

от 18 сентября 1990 г. № 176 г.Петропавловск

О присвоении имени Магжана Жумабаева скверу в городе Петропавловске

Исполком областного Совета народных депутатов Р Е Ш И Л:

Принять предложение Петропавловского горисполкома о присвоении имени казахского поэта Магжана Жумабаева скверу в городе Петропавловске, расположенному перед зданием филиала Карагандинского политехнического института на пересечении улиц Интернациональной и Коммунистической и впредь именовать его - сквер имени Магжана Жумабаева.

Председатель
исполкома областного Совета
народных депутатов — Ш.Кулмаханов

Секретарь
исполкома областного Совета
народных депутатов — В. Герман

ОСНОВАНИЕ: ф.1189, л.76 оп.9.

Директор — Т.А. Колесникова

Археограф — Н.Т. Шестерикова

Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесінің Петропавл қаласындағы шағын баққа қазақ ақыны М. Жұмабаевтың атын беру туралы 1990 жылғы 18 қыркүйектегі №176 шешімі.

М. Жұмабаевтың ататегі





М. Жұмабаевтың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі орталық дайындаған. Алматы, 1993 ж.

Қазақстан Республикасы
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ
Мәдениет бөлімі

642015, Петропавл қаласы,
Ленин көшесі, 23 үй,
тел.: 36-00-33, 36-96-15,
есеп айырысу шоты 015130843,
Петропавл қаласының ұлттық банкісінде
МФО 193601104

Республика Казахстан
ПЕТРОПАВЛОВСКАЯ ГОРОДСКАЯ АДМИНИСТРАЦИЯ
Отдел культуры

642015, г. Петропавловск,
ул. Ленина, 23,
телефон 36-00-33, 36-96-15,
р/счет 015130843 в Нацбанке
г. Петропавловска,
МФО 193601104

_____ № _____

на № _____ от _____

Р Е Ш Е Н И Е

главы городской администрации № 236
от 12 мая 1992 года.

О переименовании улиц Коммунистическая
и 2я Коммунистическая в улицу М.Жумабаева

Учитывая общественное мнение горожан и высказывания членов координационного Совета по переименованию улиц, глава городской администрации

Р Е Ш И Л :

1.Переименовать улицы Коммунистическая и 2-я Коммунистическая в улицу М.Жумабаева.

2.Арендному Северо-Казахстанскому областному бюро технической инвентаризации (т.Реммих Л.В.) произвести изменения в названии улиц и нумерации домов.

3.Тресту коммунальных предприятий (т.Пак В.В.) заказать проектно-сметную документацию на реконструкцию сквера по ул. Коммунистическая и начать работы по его благоустройству.

4.Тресту коммунальных предприятий (тов.Пак В.В.) заказать изготовление аншлагов, произвести их установку с учетом двухязычия в месячный срок.

5.Контроль за выполнением данного решения возложить на заместителя главы городской администрации Сарсенбаева Б.Б.

Глава городской
администрации Г.Кухарь.

Копия верна.

Зав.отделом культуры при
главе гор.администрации: В.Н.Копытин.

Октябрь 1992 г., облгип, 6. Зак. № 5309-3000

Петропавл қалалық әкімшілігінің Коммунистік және 2-ші Коммунистік көшелерін М. Жұмабаевтың есімімен қайта атау туралы 1992 жылғы 12 мамырдағы №236 шешімі.

Зылиха Жұмабаева Қаһармановтар отбасында қонақта. Бурабай.

Бірінші қатарда: Шекер Өмірбайқызы, Өмірбай Ыбырайұлы (М. Жұмабаевтың шәкірті), Ғазизабану Жақыпова.
Екінші қатарда: Қайырлы Бекішов, Ғаділша Қаһарманов, Ибрагим Ғаділшаұлы. Бурабай, 1985 ж.



Сұлтанғазы Біләлов ұлымен бірге (М. Жұмабаевтың Шонайдан тарайтын немере бауырлары). Петропавл, 1989 ж.

М. Жұмабаевтың туыстары (солдан оңға қарай): Жанат Мүсілімов, Ниязбек Бейсембаев, Динара Бейсембаева, Шекер Қаһарманова, Ғаділша Қаһарманов, Болат Бейсембаев, Сұлтанғазы.

Зылиха Жұмабаева мен профессор Шериаздан Елеукенов. 1988 ж.

Зылиха Жұмабаева мен немересі Ұлжан.

Гүлханыс, Күлбарам, Даһана (Мұхаметжанның бәйбішесі мен қыздары). 1930 ж.

З.С. Тінәлина.

Мұхаметжан Бекенұлы (10 жыл түрмеде болып қайтқан кезі), қызы Гүлханыс және ел азаматы. 1947 ж.

М. Жұмабаевтың жеңгесі (Қаһарманның зайыбы) Зүбәйла Жұмабаева.

М. Жұмабаевтың немере інісі Қабдөш Әбәмүсілімұлы. 1945 ж.

Оңнан солға қарай: Ғаділша, Күлнарбану, Күлбану Қаһармановтар.

Солдан оңға қарай: Софья Жақияқызы, Бибізайып Тұрашқызы, Сәлімжан Бекенұлы, Жамал Жақияқызы, Серғазы Тұрашұлы, Зыхатай Жақияқызы. Алматы, 1970 ж.

М. Жұмабаевтың інісі Қалижан Жұмабаев зайыбымен.

Бірінші қатарда: Зылиха Жұмабаева мен Ғаділша Қаһарманұлы.
Екінші қатарда: Шекер (Ғаділшаның зайыбы), Жарқынбек, Нөгербек Мағзұмов. Ақмола, 1972 ж.

М. Жұмабаевтың немере інісі Ғаділша Қаһарманұлы мен
М. Жұмабаевтың құда баласы Сәлім.

М. Жұмабаевтың кіндік қаны тамған Сасыккөл маңындағы тасбелгі.

Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан Кенесарының баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады. Кенес өкіметі тұсында Кенесарының күрес жолына іргелі ғылыми-зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов («XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан», 1947) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Кенесары тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Тарихшылар (Ж.Қасымбаев, т.б.) өз зерттеулерін жариялады. 2002 ж. Кенесарының туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Астана қаласында Кенесарыға ескерткіш қойылған және оның есімімен аталатын көше бар. Міне, содан да Мағжан: «Қазақта Кенекеме ер жетпейді, Көкшетауға жер жетпейді», – деп жырлаған болатын. Ж. Кенесарыны патшаның шен-шекпеніне жерін саткан шолақ билерден артық көрді. Ата жолын қуған, хандықты көксеген, сондықтан да қазақ елі ішіне сырт жұртты кіргіздіргісі келмеген, шұрайлы жерлерін, атаконысын сырткы жаулардан қорғағысы келген адамдардың бірі Кенесары еді. Ақынға ол батыл да, батыр да болып көрінді. Оның «Окжетпестің қиясында» дастаны түгелімен Кенесарыға арналады.

«Бурабайға жер жетпейді,
Алаштан Кенекеме ер жетпейді», –

деп басталатын поэма ақынның қазақтың соңғы ханына деген ұлы махаббатын ұқтырады. «Әлеумет мұңын колға алғаннан бері Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Аксақ Темір, Қорқыт, Қойлыбай, Баян сықылды хандар, батырлар, ақындар», –дейді Жүсіпбек Аймауытов. Бұдан Ж-тың Алаш тұрмысында елді бастаған ерлердің тұлғасын асқақтату арқылы ұлт рухын көтеруді максат еткені аңғарылады. «Окжетпестің киясында» поэмасы жазылғанда хан Кене ұлт-азаттығы қозғалысы басшыларының бірі есептелетін. «Қазақты құткарам деп калың өрттен», «Бір кезде Кенекемді ойлар билеп», «Бір өзі Бурабайды кезіп кеткен» дейтіні ақынның сондықтан.

«ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІ ҺӘМ ОНЫҢ ҚАРА ШАРУАҒА ПАЙДАСЫ» – Будайский деген автордың 1925 ж. Мәскеуде басылып шыккан кітабы. Көлемі – 88 бет. Аударған М. Жұмабаев. Мағжанның бұл аударма еңбегі туралы «Книгоноша» журналы 1925 жылғы 1- санында былай деп жазды: «Бұл кітапта ел шаруашылығының мұн-мұктажы, кара шаруанын мәдениет жүзінде мешеулігі, шаруашылығын көркейту үшін карыз серіктігінің пайдасы баяндалған. Бірнеше мемлекеттің егін шығымы салыстырылған. Сонда Бельгия, Германия, Австриянікінен Ресей егіні анағұрлым төмен екендігі казак окушыларына көрініп тұр. Ал казак орыс шаруасын өзінен кандай артык көреді. Бұдан кейін әр мемлекеттің мал шаруашылығын салыстырады. Бұдан дүниежүзінде Дания деген мемлекет бар екендігі, оның бір сиыры жылына 350 шелектей сүт беретіні, 250 шелектен кем бермей-

тіні көрінеді. Даниянын бір сиыры біздің 4-5 сиырымызға пара-пар. Шаруашылыкты көңілдегідей көркейту үшін каражат – акша керек. Міне, осы акшаны бірігіп қарыз серіктігін ашу аркасында табуға болады. Қазакка бұл кітапша пайдакүнемдерге жем болмау жолын, қарыз серіктігін ашу реттерін үйретеді. Кітапшаны казак окыгандары, партиядағы кызметкерлер окып, серіктік, кооперация ашу жөнінде елге көмек берулері керек. Кітапшаны казакшаға аударушы жүйрік жазушыларымыздың бірі».

«ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІ, ОНЫҢ ҚАРА ШАРУАҒА ПАЙДАСЫ» – Конуковтың кітабы. Ж. 1925 ж. аударып Мәскеуде басып шыгарган. Бұл енбекте ауыл шаруашылығы өндірісінде жаңа реформалар керек екендігі айтылады.

«ҚАРЫНДАСҚА» – Ж-тың өлеңі. 1922 ж. басылымда бұл өлеңдегі: «Ойла, күнім, келе ме екен ретке?!» деген түйінді жолдағы «күнім» деген сөздің орнына көп нүкте койылган. 1923 ж. басылымда көп нүкте орнына «күнім» деп койыпты. 1992 жылдан баска барлык жинакка енген.

«ҚАРЫНДАСТАР» – Ж-тың өлеңі. Акын осындай такырыппен өлеңдер циклін жазган. «Әйел теңдігі» журналының 1927 ж. №6 санында жарияланган топтама: «Үйдегі үнсіз карындас», «Бұлкынып бұгау үзген карындас», «Окудағы карындас», «Жолға шыккан карындас» деген төрт өлеңнен тұрады. Циклдің дамыган характерге құрылганын аталган такырыпшалардан аңгару киын емес. Өрлеу жолындағы дәуір стилін кейіпкер бейнесі аркылы жеткізу деп осыны айтады. Ауылдағы карындастың бірте-бірте сатылап кайраткер дәрежесіне көтерілуін акын нанымды психологиялык детальдармен жеткізе білген.

Бұл өлеңдер акынның 1989 ж. жарык көрген жинағына да енген.

ҚАСҚАБАСОВ Сейіт (24.6. 1940, Семей к.) – әдебиеттанушы ғалым. Қазакстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыктың, Жамбыл атындағы сыйлыктың, Махамбет атындағы сыйлыктың лауреаты. 1964 ж. Абай атындағы Қазак педагогика институтын үздік тамамдаган. 1967 ж. Қазак КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген. 1969 ж. «Қазактың киял-ғажайып ертегілері» деген такырыпта кандидаттык диссертация корғаган. Енбек жолын 1970 – 1981 жж. Қазак КСР Ғылым академиясының Қоғамдык ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы әрі «Казак КСР Ғылым академиясының хабарлары» атты журналының жауапты хатшысы болып бастады. Кейіннен Казакстан Республикасы Ұлттык ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кызметкері, Қоғамдык ғылымдар бөлімшесінің ғылыми хатшысы, КСРО Ғылым академиясы Әлем әдебиеті институтының аға ғылыми кызметкері, Казакстан Республикасы Президенті әкімшілігінің кызметкері, Казакстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестация комиссиясының төрағасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттык уни-

верситеті шығыстану факультетінің деканы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметтерін атқарған. Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ фольклорының теориясы мен тарихына, әдебиет пен өнер мәселелеріне, этнография мен ауыз әдебиеті мұраларының текстологиясына арналған. «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1990), «Казахская несказочная проза» (1992),«Абай және фольклор» (1995), «Золотая жила» (2000), «Жаназық» (2002), «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары» (2003), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (2005), «О фольклоре и не только» (2005) «Ел зерде» (2008) сияқты монографиялар мен зерттеулер кітабының және 300-ден аса еңбектің, соның ішінде фольклор, әдебиет пен өнер бойынша 9 монографияның авторы. Сонымен қатар ғалымның тікелей басшылығымен «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдық жаңа басылымы, 3 томдық «Қазақ өнерінің тарихы» және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұңғыш рет «Бабалар сөзі» сериясы бойынша қазақ фольклорының барлық жанрларын түгел дерлік қамтыған 100 томдық басылымын шығару қолға алынды.

Қ. – редакция алқасының мүшесі ретінде Ж-тың Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылған 3 томдығын (2003) баспаға әзірлеуге белсене қатысты.

«ҚАТЫН АЛУ, ЕРГЕ ШЫҒУ» – Ж-тың мақаласы. 1913 ж. «Айқап» журналының екінші санында (29 қаңтар) «Мұғалім: М. Ж.» деген атпен жарияланды. Жиырмаға енді шыға бастаған жас жігіт мақаласында біркатар қоғамдық-саяси маңызды мәселелер көтереді. Ол сөзін халық аузында жүрген бір қара өленнен бастайды. Өлең «Дүниеде қыздан сорлы пенде бар ма? Пұлындай саудагердің тозғындаған» деп аяқталады екен. Осыны бағалауға ол Абайша келеді. Шын сөз – жүрек сөзі. «Бұл өлең халқымыздың басынан емес, жүрегінен шыққан өлең, яғни қыздың сорлы екенін ғақыл білмейді, жүрек біледі» деп бір түйіп тастайды. Мұндай өлең басқа халықта жоқ, болуға тиісті емес деп және тұжырымдайды. Бұл ақиқатты дәлелдеп жатудың қажеті аз екенін ескертеді. Бұл кемшілікті «бітіру» («жою» демеген) үшін не керек? Автор қоғамдық жағдайды өзгерту туралы мәселе қозғамайды. Оның ойынша елде жағдай онсыз да өзгерген: «ой тіріліп, ұйқы кетіңкіреп, жаманнан жиреніп, жақсының ісі мұрынға кіре бастаған» кез. Ендеше, ынтымақ керек. Бірақ мақалада ең асыл пікір – ақынның мына пікірі: «Қатынымыз күн болса, балаларымыз құл болады». Міне, жалпыға бірдей теңдік қажеттігін дәріптейтін осы ой әйел тақырыбына жазылған Мағжан өлеңдерінің алтын арқауы. Сол кездегі қазақ шындығын айнытпай суреттей келіп, Мағжан: «Мейірімді нем, таза, нәзік әйелді Қара жүрек қазаққа неге

жараттың?» – деп назаланады.

ҚАҺАРМАНОВ Ғадылша – Мағжанның туған ағасы Қаһаннын баласы. «1936 ж. Қызылжарда педтехникумда мұғалімдердің мамандығын арттыру курсында сабақ беріп жүрген кезінде Жәжекемді (Мағжанды) екінші рет көру сәті түсті. Бұл кісілер Зылиха жеңгей екеуі Дзержинский көшесіндегі екіқабатты ағаш үйдің үстінгі қабатында бір бөлмелі пәтерде тұрды. Сенбі, жексенбі күндері немере туысым Мүтәш екеуміз Жәжекемнің үйіне барып, қонаға жатып қайтатынбыз. Жәжекем бізге әсте бала деп карамайтын, төредей сыйлап, өзі қызметтен шаршап келсе де бізге әңгіме-ертегі айтушы еді. Қашан көзі ұйқыға кеткенше жалыкпайтын, шыдамды және бауыр жанын нәзік түсінетін адам еді. Кейбір демалыс күндері Жәжекем, Зылиха жеңгей үшеуміз қаладан 10 километр жердегі «Машан» ағашына ат арбамен барып қайтатынбыз. Ағаштың көлеңкесінде бізден бұрын барып, аттарын доғарып, алка котан болып отыратын көп азаматтар, Жәжекемді күтіп отыратындай көрінуші еді. Әйтеуір, біз бұл жерге жакындағанда барлығы бізге карай лап койып, Жәжекем мен жеңгемді лезде коршап алатын. Олардың ортасында катар түзеп отыратын Жәжекем мен Зылиха жеңгей кос акку сиякты әсер калдырушы еді. Осынау көпшіліктің ортасында Жәжекемнің аузынан шыккан әр сөзді жиналған кауымның зор ынтамен тыңдап отыратынын мен бала да болсам анык аңғаратын едім», – деп еске алыпты («Жәжеке», А., «Қазығұрт», 2005).

Мағжан өмірбаянының калың жұртшылык үшін көп-көп бұлдыр тұстарын аныктауда акынның немере інісі, Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ұзак жылдар бойы оқу-ағарту саласында жемісті еңбек еткен Қ. айтарлыктай істер тындырды. Бір ғана «Көкшетау» газетіне оның «Әр сөзі жадымызда калғаны анык» (1989, кыркүйек, №174), «Мағжан аруағына арналды» (1991, сәуір, №74), «Ер тілегі көл-көсір» (1991, №205), «Акынды сүйген кыз» (1992, мамыр, №81), «Магадандағы Мағжанға ескерткіш» (1992, шілде, №117), «Өнегесі мол өмір» (1992, кыркүйек, №145) атты мақалалары жарияланды. Қ-тың «Ұлы өмірбаянда ұсак-түйек болмайды» («Ана тілі», 1992, №24), «Акынның абыройы өссін десек» («Ленин туы», 1991, сәуір №77), «Акын аруағына адалдык» («Орталык Қазакстан, 1991, №102) деген еңбектерін де окушылар жылы кабылдады. Қ. «Қазакфильм» түсірген «Батыр Баян» фильмі туралы мақаласын орыс тілінде «Ленинское знамя» (қазіргі «Северный Казахстан» газетінде (1992, 4 тамыз) жариялады.

ҚИРАБАЕВ Серік (23.3.1927, Қарағанды обл., Жаңаарка ауд. Атасу а.) – әдебиетші ғалым. Қазакстан және Кыргызстан республикалары ғылымының еңбек сіңірген қайраткері (1977, 1995), Қазакстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996). Филология ғылымдарының докторы (1964), профессор (1966), КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі (1968), ҚР ҰҒА-ның академигі (1994).

Қирабаев
Серік

1951 ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін аспирантурада оқи жүріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, «Әдебиет және искусство» журналының бөлім меңгерушісі болып істеген. 1952 – 1955 жж. «Пионер» журналында редактор, 1955 – 1958 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі болды. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 30 ж. бойы доцент, профессор, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, институт ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 1988 – 1995 жж. Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, кейін сол институтта бөлім меңгерушісі болды.

Қ-тың қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған сын мақалалары мен рецензиялары 1948 жылдан бастап жарық көре бастады. Содан бергі уақытта 800-ден астам әдеби сын ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрді. Кандидаттық диссертациясында (1957) С.Көбеевтің жазушылық жолын қарастырды. «Сәкен Сейфуллин» монографиясы негізінде докторлық диссертация (1964) қорғады. «Жүсіпбек Аймауытов» атты кітабы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды (1994). КСРО Жазушылар одағы жанындағы сын кеңесінің мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, одақтың хатшысы, төралқа мүшесі, сын кеңесі төрағасы болып бірнеше жыл істеген. Көп жылдар бойы Қазақстан Білім министрлігі жанындағы оқу-әдістемелік кеңесінің әдебиет секциясының төрағасы ретінде орта және жоғары мектепке арналған оқулықтар мен бағдарламаларды жаңғырту, жетілдіру ісіне басшылық жасады. «Қазақ әдебиеті және мектеп», «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау» (Қ.Мырзағалиевпен бірге), т.б. көптеген оқулықтары жарық көрді.

Қ. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің шешімімен құрылып, Ж-тың әдеби мұраларын зерттеумен айналысқан комиссияның мүшесі ретінде көп іс тындырды.

ҚОДАР Әуезхан (12.6.1958, Қызылорда обл., Қармақшы ауд. Абыла а. – 9.9.2016, Алматы қ.) – мәдениеттанушы. Қ. – республикалық шығармашылық жастар «Жігер» фестивалінің лауреаты. Философия ғылымдарының кандидаты. ҚазМУ-дің (ҚазҰУ) заң факультетін бітірген (1982). 1982 – 1985 жж. – Қызылорда облысы Қармақшы ауаткомының жасөспірімдер жөніндегі комиссиясының хатшысы, 1989 – 1994 жж. – Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма

және әдеби байланыстар жөніндегі орыс бөлімінің меңгерушісі, 1994 ж. Қазақстан халықтарының мәдениетін қорғау жөніндегі «Алтын ғасыр» қоғамдық бірлестігінің президенті. 1997 – 1998 жж. Неміс театр академиясында философия тарихынан дәріс берді. 1999 ж. «Тамыр» журналының бас редакторы болды. Қодар «Туған күн», «Ақеділдің анты» пьесаларының (1986), «Қанатты өрнек» (1990), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» жинағының (1996), «Еске алмау шеңбері» (1998), «Қазақ әдебиетінің тарихына шолу» (1999) кітабының, «Қанағат қағанаты» жинағының (1994) авторы. Қазақ тіліне Е.Замятиннің «Аттила» драмасын, М.Хайдеттер, Х.Гасеттің философиялық еңбектерін, Швиттерстің өлеңдерін, орыс тіліне Абай, Мағжан, Ж.Жақыпбаевтың шығармаларын аударған. Ж-тың «Күншығыс», «Қазақ тілі», «Ақсақ темірдің сөзі», «Сүйемін», «Айда атыңды, Сәрсембай», т.б. өлеңдерін «Алем» әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманағында (А., 1991) жариялаған.

ҚОЖАКЕЕВ Темірбек (17.12.1926, Жамбыл обл., Меркі ауд. – 2003, Алматы қ.) – әдебиетші ғалым. Филология ғылымдарының докторы (1970), профессор (1972). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1996). Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі (1996). Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген (1953). 1947 – 1948

Қодар Әуезхан

жж. – Меркі аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі. 1953 – 1972 жж. Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы, аға оқытушысы және доценті. Одан соң көп жылдар бойы (1972 – 1986) журналистика факультетінің деканы болды.

Қ. – қазақ сатирасының тарихы мен оның жанрлық-көркемдік ерекшеліктері қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөніндегі мыңға тарта мақала мен көркем-публицистикалық очерк, фельетондардың және «Фельетон мәселелері» (1962), «Қазақтың халық сатирасы» (1962), «Қазақ совет баспасөзі тарихынан» (Б.Кенжебаевпен бірге, 1962), «Қазақтың халық сатирасы» (1968), «Қазақ мысалдары» (1969), «Абай және Сұлтанмахмұт» (1969), «Қазақ сатирасы» (1970), «Абай – сатирик» (1970), «Сатира – күштілер қаруы» секілді отызға жуық монографиялар мен оқулық кітаптарының авторы. «Асқақ ақынның ағын қара деген, сауын «жара» деген, ұлтын сүйгені үшін ұлтшылсың, Түркістан, Тұранды жырлағаны үшін түрікшілсің деген, «Бардың наркын білетін» дегені үшін байшылсың. Өр мінез көрсеткені үшін өзімшілсің деп кінәлаған.

Қожакеев Темірбек

Айдарынан жел ескен айтулы ақынға алуан-алуан атақ таққан жандар да табылды», – деп жазды Қ. (А., «Мағжан әлемі», 2009). Ондайлардың мақсаты Мағжанды сүріндіру, жігерін жасыту еді. Қарсыластары ақынның әр басқан қадамын аңдып отырады, тырнақ астынан кір іздейді, орынды-орынсыз кінәларды үйіп-төгеді. Соның бір дәлелі 1924 ж. Ғ. Сұлтанұлы деген біреу «Еңбекші қазақ» газетіне «Мағжан Жұмабайұлына» деген өлеңін жариялатады.

ҚОЖАНОВ Сұлтанбек (10.9.1894, Оңтүстік Қазақстан обл., Созақ ауд. Ақсүмбе а. – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс түзем бастауыш мектебін (1910), 3 сыныптық қалалық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын тамамдаған. Мәскеуде БК(б)П ОК марксизм-ленинизм курсын (1927) бітірген. Саяси қызметін Ташкент қаласында семинария оқушыларынан құралған «Кеңес» атты астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1917 ж. көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожыков, Қ. Болғанбаев, С.Ақаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны Кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқасты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күресетін орталық комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. 1919 – 1920 жж. Сырдария уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары, Түркістан уездік-қалалық атқару комитетінің, Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы болды.

1920 жылдың соңына қарай Түркістан республикасының Ішкі істер халық комиссары, 1921 жылғы қазанда Халық ағарту халық комиссары болып тағайындалды. «Ақжол» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды. 1922 ж. Түркістан республикасының Жер шаруашылығы халық комиссары болып тағайындалысымен, ауыл ахуалына ерекше көңіл бөліп, өлкедегі жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын ұстанды. 1922 – 1924 жж. Түркістан КП кентінің хатшысы, атқару кенті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі болды. 1924 ж. қарашада РК(б)П Қазақ обкомының (1925 ж. ақпаннан – Қазақ өлкекомының) екінші хатшысы қызметіне жіберілді. Қ-тың тікелей ұсынысымен

Кеңестердің I съезі қазақ халқы тарихи атауын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз» деген атты төл атауына – «қазақ» түзетіп) қайтарып, астаналық қала атын Қызылорда деп өзгертті. 1925 жылғы қарашада БК(б)П орталық комитетіне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 ж. Ташкентке, Орта Азия бюросына қызметке жіберілді. Мұнда ол үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы болды. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ҒА-ның (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 ж. Орта Азия мақта-ирригациялық политехника институтын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929 – 1931 жж. Орта Азия мақта кентінің директоры қызметін атқарды. 1931 – 1932 жж. БК(б)П ОК аппаратында істеді.

Қ. негізгі міндеттерін қоғамдық, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есептану құралы» атты оқулығы (1924), «Түркістанның кеңестік автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шықты. РК(б)П ОК ұлт қызметкерлерімен өткізген төртінші кеңесінде (1923), РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926) сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ, И.В. Сталинге 1927 ж. жазған екі хатында Ж-тың тағдырына шынымен алаңдаған, аз уақытқа болса да «таптық тартыстың табанында тапталып қалмасы» үшін Қ. Тураткомның төралқасы мен Оқу ағарту комиссариатына жазған баянхатында: «Орталықтағы жоғары оқу орындарында оқитын түркістандық стипендианттардың тізімінде қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың да есімі жүр. Жұмабаев жолдас Революцияның талантты жыршысы және қазақ әдебиетіндегі реалистік жаңа бағыттың басы, халық ертегілері мен аңыздарын жырлаудағы теңдессіз шебер саналады. Революция жылдарында ол көптеген тамаша әндер мен ертегілерді сыйға тартты, Түркістан мемлекеттік баспасынан бірнеше кітаптары жарық көрді. Жұмабаев жолдас осы уақытқа дейін Қазақ ғылым комиссиясында қызмет етіп, халық ауыз әдебиетін жинауға көп күш жұмсады. Жұмабаев жолдас бүгінгі күннің рухына сай білім алу үшін Мәскеудегі Көркем әдебиет институтына кетіп барады. Оның тума шығармашылығы мен еңбегі Кеңес өкіметі тарапынан ұқыпты көзқарасты және біздің заманымыздағы қазақ көркем әдебиетінің жалғыз жыршысына үлкен назар аударуды талап етеді. Оның үстіне Жұмабаев үйлі-баранды, соған қарамастан оқу орынына үй-ішімен бірге кетуге мәжбүр болып отыр. Жоғарыдағы айтқандарды ескере келіп: 1) Жұмабаевтың стипендиясын жауапты қызметкерлерге төленетін жалақымен теңестіруді; 2) жолақысын өтеу үшін және үй-ішімен барып орналасқанша бір рет жәрдемақы төлеуді; 3) жоғарыдағы аталған оқу орынына ауысу үшін Петроградқа жолданған іссапарын Мәскеуге ауыстыруды», – ұсынады. Бұл баянхат қандай нәтиже берді, ол жағы беймәлім. Тергеу ісін-

Қожанов
Сұлтанбек

де бұл туралы Ж.: «1923 ж. Ташкентке ауыстым, онда Оқу-ағарту халық комиссары Қожановтың жолдауымен Қазақ оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналастым әрі Қазақ ғылыми комиссиясына мүше болып сайландым. 1924 ж. Москваға барып әдебиет-көркемөнер институтына түстім», – дейді.

Қ. 1923 ж. Ташкентте басылған Ж-тың «Өлеңдер» жинағына алғы сөз жазды. Онда былай делінген: «М. Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз. М.Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады. Сондықтан біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек, тарихи мәнісіне жете түсінуі керек. Бұл кітапқа М.Жұмабайұлының баспасөз майданына шыққаннан бергі жазған өлеңдерінің көбісі кірді. Басу жағынан түзей алмай отырған кемшілігіміз: қай өлеңнің қай жылы һәм қай шарттарда жазылғандығын көрсете алмауымыз. Сөйтсе, де М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз. Түркістан қазағына арнап, Абайдан кейінгі екінші бастырып отырған әдебиет кітабымыз – осы М.Жұмабайұлының өлеңдері. М.Жұмабайұлы өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиеттану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз».

«Жерлестік» «Мағжан ақын өлеңдері «бұдан былай... газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген үзілді-кесілді үкім шығарады. «Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен жөн сілтеп түзу басшылық етеді дейтін бірсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар жауапқа тартылсын», – дейді. Бұл сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Қ-тың атына айтылған сын еді. Мұны түсінген Қ. көп ұзатпай «Еңбекші қазақ» газетінде (1925, 31 қаңтар) «Менің жауабым» деген мақала жариялады. Ол «пәлен қисық, мен түзу, анау жаман, мен жақсы деп... қатарға кіріп кеткен саудагерлерді» яки Мәскеу-

ге жақсы атты көрінем деп жарамсақтанған мансапқорларды астарлап сынайды. Бірақ сынында дәйектілік, табандылық көрсете алмады. «Мағжан жөнінен менен қателік кеткен. Бастырғанымнан да, менің сол кітапқа саясаттан тысқары қылып баға беріп, сөз басы жазып бергенім үлкен қате» деп өкініш білдіріп, жоқ кінәсын мойнына алуға мәжбүр болады.

Қ. 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 ж. ақталды. Алматы, Шымкент қалаларындағы көшелерге Қожанов есімі берілген. Түркістанда ескерткіш қойылған.

ҚОЗЫБАЕВ Манаш (16.11.1931, Қостанай обл., Меңдіғара ауд. Тазкөл а. – 30.10.2002, Алматы қ.) – ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1970), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері (1995), Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының лауреаты (1997). Қ. тарих ғылымдарының докторы (1969), профессор (1970), Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның академигі (1989), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1953 ж. ҚазМУ-ді бітірген. 1953 – 1958 жж. – Қостанай педагогикалық институтында, 1958 – 1974 жж. – СОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ бөлімшесінде, 1974 –1979 жж. Алматы малдәрігерлік институтында, кейін ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институтында ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысты. 1979 – 1986 жж. Қазақ кеңес

Қозыбаев Манаш

энциклопедиясының бас редакторы, 1986 – 1988 жж. Қазақстан ҒА Тарих және этнология институты тарихнама бөлімінің меңгерушісі, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы институт директоры болды. Қ-тың 30 монографиясы, 50-ден астам ұжымдық еңбектері бар. Қ. басшылығымен «Қазақстан тарихы» академиялық басылымының 3 томы, ағылшын тілінде «Қазақстан тарихы», көптеген құжаттар жинақтары, т.б. жарық көрді. Қ. отандық тарихнамада жеке ғылыми мектеп қалыптастырды. 90-ға жуық шәкірт тәрбиеледі. Халықаралық конгрестерде, конференциялар мен симпозиумдарда 200-ге жуық баяндамалар жасады. Еңбектері Ресей, Украина, Қытай, Түркия, Иран, АҚШ, Корея, Армения, Белоруссия, т.б. елдерде жарық көрді.

Қ. 1990 – 1993 жж. сайланған ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту комитетінің мүшесі, 1993 ж. – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі, 1994 – 1998 жж. Адам құқығы жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі болды. Қ. Қостанай облысы Меңдіғара ауданы, Қостанай

Қойгелді Мәмбет

қаласының құрметті азаматы. Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университетіне Қ-тың есімі берілді (2003).

Ғалымның ғылыми-зерттеулері Қазақстан халқының Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы ерлігі мен қаһармандық еңбегіне, Қазақстан мемлекетінің құрылу және қалыптасу тарихына арналған. Оның «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Ұлы ерлік», «Қазақстан тарихы», т.б. монографиялары жарық көрген. Ғалымның еңбектері тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына, елдегі ұлттық идеологияны белгілеп, қалыптастыру мәселелеріне арналған. Қ-тың бірқатар еңбектерінде Ж-тың қазақ тарихында алар орны мен тарихи көзқарастары қарастырылады. Қ. Қазақстан Компартиясы орталық комитеті құрған комиссияның құрамында жұмыс істеп, ақынның адал атын халқына қайтаруға көп үлес қосты.

ҚОЙГЕЛДІ Мәмбет (18.8.1946, Жамбыл обл., Шу ауд. Төле би а.) – ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1994), профессор (1995). Қырғыз мемлекеттік университетін бітірген (1968). 1968 – 1971 жж. – мектеп мұғалімі, облыстық архивтің ғылыми қызметкері, 1971 – 1994 жж. – Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институтында, Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, 1994 – 2002 жж. Қазақ ұлттық университеті Қазақстанның жаңа заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, университет жанындағы жоғары оқу орындары оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру институтының директоры, тарих факультетінің деканы болды. 2002 ж. ҚР Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры әрі Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етті. Қазақ интеллигенциясының XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен айналысты. Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырды. Ә.Бөкейханов, М.Шоқай секілді қайраткерлердің өмір жолын зерттеуге және олардың шығармаларын жариялауға зор үлес қосты. Сондай-ақ, орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы, тарихшы Қадырғали Қосымұлының басты шығармасы – «Жылнамалар жинағын» зерттеп, жариялады. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің тарих және филология мамандығының магистранттары Қ-нің ұйымдастыруымен «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген, Жер еркесі – желдің жөнін

кім сұрар?» – деп жырлап өткен ақын Мағжан Жұмабаевтың «Табалдырық» атты шығармасын жан-жақты талдауға бағытталған «дөңгелек үстел» өткізді. Қ. Ж-тың «Табалдырық» деп аталатын платформасы туралы мақала («Қазақ әдебиеті», 2010, 28 мамыр) жариялады.

ҚОЙЛЫБАЙ – есімі аңызға айналған бақсы. Ш.Уәлиханов Қойлыбайды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» десе, Ә.Марғұлан: «Қоркыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қоркыттың шәкірті болып саналады», – деген пікір айтады. Ә.Диваев хатқа түсірген «Бақсы» жырындағы аңыз бойынша Қ-дың төрт батыр ұлы және бес мың жыны болған. Халық аңызында Көкжарлы Барақ батыр өтінген соң Қ. ат бәйгесіне қобызын қосады. Жарыс болатын жерге алдын ала келіп, қобызын үлкен сексеуілге байлаткан Қ. бәйге аттарының шаңы көрінгенде қолына қылышын алып бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет катты дауыл тұрып, ысқырған жел соғады. Көп ұзамай дауыл ортасынан алғашқы аттар көрінеді, алдында сексеуіл сүйреткен Қ-дың қобызы келеді.

Бәйгеге қобыз қосу үрдісіне карап, Қойлыбай өмір сүрген кезең Қоркыт заманына сай келеді деген тұспал жасауға болады. Қ. туралы Ш.Уәлиханов зерттеулерін негізге ала отырып Ж. «Қойлыбайдың қобызы» атты дастан жазды. Бұл – сюжеттік арқауы бар келісті баллада. Қ. аңызы Арка елінде әлі де көп айтылады. Тұрған жеріне карай болуы керек, Мағжан бұл бақсыны бағаналы-найман елінен депті. Алайда, Ұлытауды мекендеген найман жұрты Қ-дың руын қыпшақ деп атайды. Бұл ретте бағаналы найманның мәтелдері де бар. Қойлыбай – Еуропаның білімді доктор Фаустындай университетте окымаса да, ол да сондай табиғатында, жаратылысында ерекшелігі бар жұмбақ адам. «Қойлыбайдың қобызындағы» адам рухы таңғажайып. Астам ойлы, өзіне тәнірдей сенімді қобызшы құдіреті сар даламыздағы соғып тұрған жер жүрегінің куаты секілді.

Ә. Амангелді.

«ҚОЙЛЫБАЙДЫҢ ҚОБЫЗЫ» – Ж-тың дастаны (1923). Шығарманың желісі белгілі аңызға құрылған. Ақын бақсының ойынын, Қакаман бастаған жындарын шақыруын, бұтағында кобыз байланған сексеуілдің ербеңдей ойнактап, бәйгенің алдын бермей келуін, калың елдің тамашадан тас боп катуын кәдімгі кинодағыдай көз алдыннан өткізіп тамсандырады.

Ж. әдетінше поэманың корытынды бөлімінде (бұл бөлім 1989 ж. ақын жинағынан алынып тасталған) аңызды метафоралық теңеуге айналдырып, айтайын дегенін бетің бар, жүзің бар демей айтып салады:

«Айрылдық балпаң басқан
батырлардан,
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ау албастының ойнағындай,
Мынау сұм заманға кез қылдың
қайдан?
Шіркін-ай, кер заманды
күл кылар ем,
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан»,
– дейді.

Ә. Амангелді.

ҚОЙШЫБАЕВ Бейбіт (20.11.1945,

Жамбыл обл., Сарысу ауд. Саудакент а.) – жазушы, публицист, тарих ғылымдарының кандидаты (2002). ҚазҰАУ-ді (1968) бітірген. Кәсіптік-техникалық училищеде оқытушы (1968 – 1969), Қазақстан ЛКЖО орталық комитетінде лектор (1971 – 1975), газет-журналдарда жауапты қызметтер атқарған. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, Қазақстан әдеби қоры басқармасының төрағасы болды. «Қазақ энциклопедиясы» баспасында жетекші маман, орталық бастығы (2002 – 2003) болып қызмет істеді. Қазіргі уақытта Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы президентінің орынбасары.

Қ. өзінің «Жазықсыз жапа шеккендер» (А., 1990) атты кітабына А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаевтың тағдырын арқау еткен. Сондай-ақ, ол «Репрессия құрбандары туралы ақиқат пен аңыз немесе Мағжан мүрдесін Магаданнан іздеу жөн бе?» («Түркістан», 2012, 2 ақпан) деген мақаланың авторы.

«ҚОЙШЫ БАЛА МЕН КҮШІК» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» (1924, №460), 1989 жылғы жинаққа енген.

«ҚОЙШЫНЫҢ ӘЛӘУЛӘЙІ» – Ж-тың өлеңі. 1974 ж. қазақтың атақты актері Серке Қожамқұловтан жазып алынған. 1989 жылғы жинаққа енген.

ҚОНАЕВ Дінмұхамед (12.1.1912, Верный (қазіргі Алматы) қ – 1993, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

1930 ж. Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен кейін 1931 – 1936 жж. – Қазақстан өлкелік комсомол комитеті Қ-ты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді. 1936 ж. институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Қ. 1937 – 1939 жж. Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмыска орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды. 1939 ж. Екінші дүниежүзілік соғыстың қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды. 1939 ж. КОКП мүшелігіне қабылданды. 1942 – 1952 жж. – Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды. 1955 – 1960 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. 1960 – 1986 жж. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Башқұрт ақыны С. Құдаш Ж-тың тағдырына араша түсіп, өткен ғасырдың 60-жылдары Қ-тың атына ашық хат жазды. «Сөз түйініне келсек, М.Жұмабаев ақталған. Бірақ осы ақталуы толық болмағаны ма? Егер толық болмаса, оған не бөгет болып отыр? Ақынның «Қызыл жалау», «Тоқсан-

ның тобы», «Жамбылға», «Қаламыма» және басқа өлеңдері оның әдебиетке қайта оралуына дәйекті дәлел емес пе? 1937 жылғы «Қаламыма» деген өлеңінде ол:

«Осы бетім-ақ ниетім,
елге ере алсам,
Гүлденген өмірге үндес
жыр бере алсам.
Социалды Отанды қанмен қорғап,
Керек болса кезінде жан бере алсам», – деп жазды тебіреніп. «Осы өлеңінде Мағжан біздің алдымызға келіп бұрынғы қателері мен адаскан кездері үшін кешірім сұрап, дос-жарандары мен әріптестері, халқы мейірбан көңілмен қабылдар деген үміттпен, оған таза жанымен, арымен, ақ пейілімен қол созады. Қазақ халкының осынау талантты ақынның творчествосы казак әдебиетінен тыс калғаны дұрыс па? Кейбір әдебиетшілердің ойлап жүргеніндей-ак, М. Жұмабаев творчествосын калпына келтіру, тегі, Алашорда ұлтшылдығын актау деген сөз емес. Менінше, бұл мәселенің айкындығы сондай, оны дәлелдеп жатудың кажеті бола қоймас деп ойлаймын», – деп жазды С. Құдаш. Алайда, Қ. оған жауап кайтарған жок.

«ҚОҢЫР ЖЫР» – Ж-тың өлені. «Акжол» газетінде (1924, №413) және 1989 жылғы жинағында жарияланған.

ҚОРАБАЙ Серікказы (13.07. 1957. Шығыс Казакстан обл., Жарма ауд. Белтерек а.) – әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты (1992). Шығыс Казакстан мемлекеттік университетінің түлегі (1981). 1974 ж. «Достык туы» газетінде әдеби кызметкер, 1980 – 1984 жж. мұғалім болған. 1984 – 2005 жж. Әдеби және өнер институтында аға лаборант, кіші ғылыми кызметкер, ғылыми кызметкер, институттың ғалым-хатшысы және институт директорының орынбасары, «ҚР ҰҒА Хабарлар Тіл-әдебиет сериясы» журналының жауапты хатшысы кызметтерін аткарған. Әдебиет және өнер кайраткерлері туралы жазылған жүзден астам ғылыми макалалардың авторы. Түркияда өткен ғылыми конференцияда «Мағжан – жыр жұлдызы» деген такырыпта баяндама жасады (16-18 акпан 2018ж., Кастамону, Анкара қалалары).

А. Ысқақова.

«ҚОРҚЫТ» – Ж-тың поэмасы («Шолпан» журн., 1922 ж. 2-3 сандар).

Коркыт – сахара жұртының пайғамбары есебінде жүретін, жадында, жүрегінде ежелден сакталған акыны, күйшісі, ойшылы. Ш. Уәлиханов «Следы шаманства у киргизов» дейтін белгілі еңбегінде Коркыттың казактарды тұңғыш рет кобыз тартып, сарын айтуға үйреткенін жазады. Сонымен бірге өлімнен кашып кұтылу идеясы ислам дініне кайшы келетінін біле тұра, казактар тағдыр жазмышынан сытылып кетуге тырысатынын ескертіп өтеді.

Ж. поэмасында калыптаскан дәстүрден ауыткымайды, сөйте тұра ежелгі бейнені жаңғыртып, замана тілегіне жарата біледі. Поэма «Коркыт» аталады. Яғни, бас кейіпкері Қ. Коркыт-пен коса және бір кейіпкер бой көрсетеді. Ол – осы заман акыны, автордың өзі. Қ. тағдырымен айкаса-

ды. Жалпы адамзаттық проблеманы (өлімнен қашып құтыла алмайсың) толғайды. Осы заман ақыны талайына тап болған қоғамның тас бауыр мейірімсіздігін ишара тәсілімен (эллипсис) жеткізеді. Айтайын дегенін іркіп қалғанымен, оқушы не айтқысы келгенін емеуріннен таниды. Соны бірден таныған дардың бірі Сәбит Мұқанов «Қорқыт» поэмасы идеясын былай деп түсіндіреді: «... Партия жолына түскен еңбекші жастар Қазақстаннан қашқан Мағжан, Мұхтар сықылды қашақтарды қужай бастады. Баспаны қолдарына ала бастады. Міне, осындай қысымшылдықтың тепкінін көрген Мағжанға, шынында да, қайда барса Қорқыт көрі кездесті».

Поэманың символикалық мәні бар. Мағжан өзін ғана айтып отырған жоқ. Кер заманның тепкісін жалғыз ол көрген жоқ. Ащы дәмін жалғыз ол таткан жоқ. Поэманың әділетсіз жүйеге қарсы өткір памфлет болып естілетіні содан.

Шығарма сюжеті үш орамда өрістейді: Қорқыттың ажалдан қашып құтылмақ болып жаһан кезуі, Алтай еліне оралып, қарағайдан қобыз жасап, төніректі күймен күнірентуі, қобызбен көрге кіруі. Автор сар далада тың тыңдап, өзін Қ-ка балайды. Осы тұста Ж. қазақ поэзиясында жаңа бір бет ашады. Жүрек қылы күмбірінің дәл өзін суреттейтін өнер сорабын салады. Ақынның бұл поэмасынан кейін күй туралы (І.Жансүгіровтің «Күйі», Ә. Тәжібаевтың «Абылы», т.б.) тамаша шығармалар өмірге келді.

Н. Оқашева.

ҚОРҚЫТ АТА – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қ. а. өмірде – ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қ. а-ның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әртүрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда, зерттеулердің көпшілігі Қ. а. Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде X ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин «Жамиғ Ат-Тауарих» атты тарихи шежіресінде Қ. а-ны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қ. а-ның зираты болғанын Ә. Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қ. а. XI ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Ә. Марғұланның еңбектерінде ол VII – VIII ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Қазақ философиясы тарихында Қ. а. ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қ. а. жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден – ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары – оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра.

Түркі халықтарының фольклорын-

дағы Қ. а. туралы аңыз-әңгімелердің бірі оның тууына байланысты. Аңыз бойынша анасы Қ-ты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қ. дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қаранғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын «Қ.» деп қойған дейді. «Қорқыт» сөзінің этимологиясын Ә.Қоңыратбаев «құтты адам, құт әкелетін адам» деп көрсетсе, С.Қаскабасов «өмір саркылды, адам өлді» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып «дада, деде» деген сөздерді «насихат айтушы жырау» деп түсіндіреді. В.Жирмунский Қ. а-ны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады. Қ. а-ның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – «Қорқыт – ата кітабы» («Китаби дәдәм Коркуд»). Онда Қ. а. жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, баксы, күйші ретінде көрінеді. Кітаптың басында Қ. а-ның нақыл сөздері келтіріледі. Ол «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі», – дейді. Қ. а. жөніндегі аңыздарда түркі халықтарының өмір мен өлім мәселесі туралы көзқарастары көрініс тапқан. Аңыз бойынша Қ. а. ұйықтап кетіп, «егер өлімді есіне алмасаң, мәңгі өмір сүресің» деген аян естіді. Біраз уақыт өткен соң бір бастақты қуып жүріп, жете алмағасын, «Өлсем де, жетемін!» – дейді. Соны айтуы мұң екен, Әзірейіл келіп: «Сен өлімді еске алдың, енді өлесің!» – дейді. Аңызда Қ. а. өзінің жүйрік желмаясына мініп, халқы бақытты өмір сүретін жерұйықты іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде суреттеледі. Ел-жұртты өзінің жырымен де, күйімен де аузына қараткан, ғұмырының соңында бірлігі ыдырай бастаған жұртының алауыздығына күйінген Қ. а. мәңгілік өмір сырын іздеп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жаткан адамдарды жолықтырады. «Кімнің көрі?» – деген сауалына «Қорқыттың көрі», – деген жауап естиді. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады.

Тағы бір аңыз бойынша өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда күй күшімен суға батпайды екен. Қ. а. қобыз тарткан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ Қ. а. шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді. Аңызда ажал ашық келмей, жылан кейпінде келеді. Бұдан халықтың өлімге деген көзқарасын, «ажал айтып келмейді» деген философиялық тұжырымның негізін көреміз.

Қ. а. туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе – уақыт

пен кеңістік мәселесі. Аңыздарда Қ. а. өлімнен қашып, бүкіл ғарышты аралайды. Түсінен шошынған ол ажалдан құтылу үшін ертеңіне дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Мұнда ол баяғы түсті тағы көреді. Таң атысымен тағы да жолға шығады. Не істерін білмей, жердің ортасына бармақ болады. Жер ортасы Сырдың жағасы, казіргі Қоркыт моласы тұрған тұс екен. Ж. «Қоркыт» деген поэма жазып, «Шолпан» журналының 1922 ж. 2-3 сандарында жариялады. Көрікті ойынын көркемдік шешімін сәтімен тапқан ақын бұл еңбегінде «Қайда барсаң Қоркыттың көрі» дейтін ежелгі аңызды өткір памфлет етті, поэмасының өзегіне айналдырды. Сөйтіп, қатыгез тағдырын шығарма түйіні етті.

ҚУАНЫШЕВА Жәмила – Өсербайдың Дәулиінің қызы. Бекен оны Мағжанға айттырмақ болады. Бірақ Мағжан әкесінің бұл шешімін қолдамайды. Зерттеуші ғалым Б. Қанарбаева: «Жамал апамыздың айтуынша, (Мағжанның жездесі Ж. Тастеміровтің қызы) оның үлкен себебі болған. Әмина мен Жәмила – ағайынды кісілердің қыздары. Жәмиланың табиғаты аңқау, бірақ тартымды, көрікті болған. Мағжан онымен өте жақын қарым-қатынаста болған. Әмина – Мағжанның «N-ға» деген өлеңінде айтылғандай, жеңілтек, қулау, үнемі жігіттердің коршаған ортасынан табылған. Әмина Мағжанның көңілін қалдырмаған...», – деп жазды («Жырымен жұртын оятқан», А., «Ана тілі», 1998).

Ж. Есенгелді.

ҚУҒЫН-СҮРГІН. XX ғасырдың 30-жылдары басталған жаппай қуғын-сүргін 1953 ж. дейін жалғасты. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша осы жылдары 24 мыңнан астам адам сотталып, жер аударылды. 1937 ж. НКВД органдары барлық жерде, яғни ауылдарда, қалаларда, кәсіпорындар мен ұйымдарда «халық жауларын» іздеумен, әшкерелеумен айналысты. Оны сол кездері газеттерде жарияланған мақалалардың «Мектептер халық жауларының қолында», «Жапон-герман тыншылары – халық жауларын түбегейлі құртайық», «Алашордашылардың құйыршықтары», «Национал-фашистерді құрту және жою» деген сияқты тақырыптарынан да анғаруға болады. Осылай елді жаппай үрей биледі. Бұл жағдай Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін де жалғасты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының (2.6.1948 ж.) еңбек қызметінен бас тартқан тұлғаларды жер аудару жөніндегі жарлығы шықты, бұл қуғын-сүргіннің жаңа бір үлгісі еді. Қоғамдық-саяси өмірдің демократиялануына байланысты 1934 – 1953 жж. сотталғандардың сот және соттан тыс істері қайта қарастырылды. Қылмыстық белгілері жоқ болғандықтан, 9 мыңнан астам адам ақталды. Қуғын-сүргін құрбаны болған ақын М. Жұмабаевтың ісі 1960 ж. қайта қаралып, құқық қорғау органдары тарапынан оны актауға негіз бар деп ұйғарылған еді. Алайда, Қазақстан Жазушылар одағы құрған комиссияның теріс қорытынды беруіне байланысты жабулы қазан жабулы күйінде қала берді. Ж. тек 1988 ж. ғана ақталды.

ҚҰДАШ Сайфи (21.9.1894, Башқұртстан, Уфа губерн. Уфа уезінің (қазіргі Чишмин ауд. Кляш а. – 26.6.1993, Уфа қ.) – татар-башқұрт ақыны. Башқұрт АКСР-інің халық ақыны (1964), РСФСР-дің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984). Ауыл медресесінде (1904 – 1913), Уфадағы «Ғалия» медресесінде (1915 – 1918) білім алған. «Ғалия» медресесінде Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Х.Бәсімов, Н.Манаевпен бірге оқыған, онда қазақ шәкірттерінің «Садақ» журналын шығарыскан. Қостанай өңірінде мұғалім болған (1913 – 1915). 1930 ж. «Октябрь» журналының редакторы, 1943 – 1948 жж. Башқұртстан Жазушылар одағының басшысы болған. Қазақ ақыны Н.Наушабаевты ұстаз тұтқан, оған еліктей отырып, алғашқы өлеңдерін 1913 жылдан қазақ тілінде жазған. Оның «Азаттық жырлары», «Ақ билеттілер туралы» (екеуі де 1917), «Қызыл жауынгер» (1926), «Дауыл шықты», «Сока жырлары», «Күрес батыры» (1928), «Бақыт заңы» (1932), «Республика жырлайды» (1940), «Шақыру» (1942), «Шын жүректен» (1944), «Менің махаббатым» (1956), т.б. жинақтары жарық көрген. «Хат» (1930), «Менің ауылдасым» (1943) атты поэмалары бар. Қ. балаларға арналған «Баярлар бар кезде» әңгімесін (1928), «Әзір бол» өлеңдер жинағын (1935), «Бақытты балалық шақ» (1935) кітаптарын жазған. «Ұмытылмас минуттар» (1957) мемуарлық еңбегі жарық көрген. Ақын өмірінің соңына дейін қазақ қаламгерлерімен әдеби байланыста, тығыз қарым-қатынаста болды. Қ. Ж-тың тағдырына араша түсіп, 60-жылдары Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаев пен Башқұртстанның басшысы Шәкіровтің атына ашық хат жазады. Ол хат «Дружба народов» журналында жарияланды. «Адам ретінде, ақын ретінде М. Жұмабаев кандай болған? Ол – ешкімге ұксамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын. Оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар, мұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғиық тереңінде. М. Горькийдің С. Есенин туралы: «ол... адамнан гөрі табиғат, тек поэзия үшін жараткан органға ұқсайтын...» деген аталы сөзін (М. Горький әдебиет туралы. М., 1953. 251-б) М. Жұмабаевка да арнап айтуға болады. Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен М. Жұмабаев поэзиясы А. Ахматова, Б. Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады, ол А. Блокты оқып-үйренген, оған кейде еліктеген де. Тіпті, М. Жұмабаевты суқаны сүймейтін кісілердің өзі оның құдіретті поэтикалық талантын мойындаған: «... Буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылар ішіндегі ең кесек тұлға Мағжан Жұмабаев болатын», – деп жазды олар (Қазақ Совет әдебиетінің очерктері. М., 1960, 26-б) деп жазды ол «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев» деген мақаласында.

ҚҰНАНБАЕВ Тұрағұл (Тұраш) (1875 – 1934) – Абайдың Әйгерімнен туған ұлы. Жасында арабша, орысша оқып, білім алған. Абайдың өмірбаяны мен шығармаларының жазылу сырын жақсы білген. 1909 ж. Кәкітай Ыскақұлы екеуі Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петербургте И.

Құрманбай Гүлтас

Брагинскийдің баспаханасынан шығарған. 1927 ж. Қазақстан білім комиссариатына әкесінің толық колжазба жинағын тапсырған. Ол қазір Орталық мемлекеттік мұражайда сақтаулы. Абай мұрасын жинап, бастыруда, шығармаларының мәтіннамасын (текстологиясын) бастапқы қалпына келтіруге зор үлес қосты. М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесін (1924), А. Неверовтің «Мен өмірге жерікпін», Дж. Лондонның «Балық туралы ертегі», «Балалы әйел не білуі керек?» (үшеуі де – 1927) шығармаларын қазақ тіліне аударған. 1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен екінші Жалпықазақ съезі кезінде Ж. Тұрағұл Абайұлымен кездесіп, танысқан.

«ҚҰРБЫМ» – Ж-тың өлеңі. Ақын өз нұсқасында буыны артық болса да «Қорықпа, ұмтыл соқса дауыл, ескегіңді, ес» және «Құрғақта қайық жүрмес үмітіңді кес» деген. 1989 жылғы басылымда «Қорықпа, сокса дауыл... «және»... үмітің кес» деп өзгертілген. 1992 жылдан басқа барлық жинағында бар. 2003 жылғы жинақта түпнұсқа қалпына келтірілген.

«ҚҰР ҚАЛЫППЫН» – Ж-тың өлеңі. «Шолпан», Ташкент, Анкара және Алматы (1989) жинақтарына кірген. Сәл айырмашылық, 1912 ж. «Ең сүйгені болуға жақын қапты, – болса», 1923 жылғыда «Болуға ең сүйгені жақын қапты» деп өзгерткен. Кей сөздердің орны ауысып түскен. Мысалы: «Таң атса да, сөз қатпай» жолы «Сөз қатпай, таң атса да» болып ауысқан.

ҚҰРМАНБАЙ Гүлтас (9.6.1958, Жамбыл обл., Жуалы ауд. Күреңбел а.) – әдебиетші ғалым, педагогика ғылымдарының докторы. Ы.Алтынсарин атындағы I дәрежелі педагогикалық сыйлықтың иегері, ҚР-ның білім беру үздігі. 1981 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп, Алматы қаласындағы №86 Ғабит Мүсірепов атындағы мектепте 10 жыл қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1990 жылдан бастап ғылым жолына түсіп, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінен кандидаттық диссертация, Білім мазмұнын ізгілендіру тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, ғылым докторы атанды. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2010 жылдан бері Назарбаев Университеттерінде қазақ тілі, әдебиет және мәдениет кафедрасының меңгерушісі, профессор.

Қ. – жалпы білім беретін мектеп стандарттарының, бағдарламаларының, оқулықтарының, 150-200 ғылыми мақалалардың, 50-ге тарта оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың және «Апам-ақ нұрым менің», «Менің Күреңбелім», «Тамшы сөздер мен

қамшы сөздер», «Ер жетті ұлым, бой жетті қызым», «Бақытты болуға міндеттімін», «Халықтың бетіне тура қарайтындай өмір сүріңдер» атты кітаптардың авторы.

Қ. «М.Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи тұлғалар» деген мақаласында («Мағжан» журналы, 2014, №2) Алаш арыстарының өзара қарым-қатынасы жайлы ой өрбітеді.

М. Сүлеймен.

Қыдырәлі Дархан

ҚЫДЫРӘЛІ Дархан (16.4.1974, Оңтүстік Қазақстан обл., Түлкібас ауд.) – ғалым, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Халықаралық түркі академиясының президенті және «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы.

Қ. дарын мемлекеттік жастар сыйлығының иегері. Түркология саласындағы үздік жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықпен марапатталған. Жаңа Түркия Стратегиялық зерттеулер орталығы тағайындаған Түркі тарихы және мәдениетіне қызметі үшін Алтын медалін алған, ТМД Парламентаралық ассамблея кеңесінің «Баспасөз және ақпаратты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісі, «Жібек жолы» стратегиялық зерттеу орталығы мен Жібек жолы журналы тарапынан тағайындалған халықаралық «Жыл адамы» марапатының иегері. Венгрияның «Офицерлік крест», Әзірбайжанның «Достлуг» ордендерімен марапатталды. Ақпарат саласының үздігі төсбелгісінің иегері.

Қ. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де (1991 – 1992 жж.) және Түркияның Мармара (1992 – 1996 жж.), Докуз Эйлүл (1996 – 1997 жж.), Эгей (1997 – 1998 жж.), Ыстамбұл (1998 – 2001 жж.) университеттерінде білім алған. Ыстамбұл университетінде докторлық диссертация қорғап, философия докторы ғылыми дәрежесін иеленген. Абай атындағы ҚазҰПУ-де докторлық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанған.

Еңбек жолын 2001 – 2005 жж. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде аға ғылыми қызметкерліктен бастап, ғалым-хатшы, кафедра меңгерушісі, аппарат жетекшісі, жетекші ғылыми қызметкер болды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде доцент, аға ғылыми қызметкер, Президенттік мәдениет орталығында директордың орынбасары, Білім және ғылым министрлігінде министрдің кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде сарапшы, сектор меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2009 – 2012 жж. аралығында Қазақстан Республикасы Президенті баспасөз хатшысының орынбасары болды. 2012 – 2014 жж. Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары қызметін атқарды.

Қ-нің ғылыми еңбектерінің іші-

нен Мұстафа Шокайдың өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулерін ерекше атап өткен жөн. Тараз қаласының тарихын, түрік халықтары әдебиетінің тарихын зерттеген. «Ұлық Түркістан», «Жерұйық» атты туындылары да тарихқа қосылған үлкен үлес.

Қ. басқаратын Халықаралық түркі академиясының ұйымдастыруымен ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына орай Париждегі, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру және мәдени мұра: қадымнан келешекке түркі тілі» атты халықаралық форум өтті. Ақынның мерейтойына арналған шаралар түркітілдес басқа да елдерде ұйымдастырылды. Ғалымның ақиық ақын туралы жазған ғылыми-танымдық мақалалары республикалық және халықаралық басылымдарда жарияланған.

Қ. М.Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуы қарсаңында өзбек тілінде жарық көрген «Таңдамалы жырлар» кітабының алғы сөзін жазған.

«ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ» – Ж-тың өлеңі («Ақжол» газеті, 1924, №452). 1989 жылғы жинағына енген. Шеткақпайға ұшыраған Мағжан социалистік реализмнің түбегейлі жыршысына айналмаса да, осы өлеңімен жаңа дәуірге үн қосып, саяси лирика жанрының әдемі үлгісін көрсетті. Ақын 1924 ж. шығармашылығының жаңа үшінші кезеңіне осылайша көтерілді. Бұл жаңа кезеңнің басты ерекшелігі – Ж. өз басының қасірет-қайғысын күйттеуден тартына бастады. Оның есесіне айнала дүниеге, қазақ қоғамы тірлігіндегі жаңалықтарға қада-ла назар аудару күйін кешті. «Өзге жұрттан кем емеспіз, басқа елдермен терезесі тең елге айналамыз» дегенге сенді. Ақынның дүниетанымындағы, әсіресе, саяси көзқарасындағы өзгешеліктерді «Қызыл жалау» өлеңі айқын көрсетіп берді. Өлеңнің жаңа интонациясы, асқақ дабысы, тасқынды жігері анық сезіледі. Бұл ретте ақын советтік поэзияның жетекші ақындары В. Маяковский, Хамза Хакимзаде Ниязи, Сәкен Сейфуллинмен үндес. Соларша сөзін қалың бұқараға арнап, асқақ дабылды үнмен шешен сөйлеуге бейім.

ЛЕВ ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – Астанада орналасқан Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы 23 мамырдағы бастамасымен екі ЖОО – Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогикалық институтының бірігуі негізінде құрылды.

2001 жылдың 5 шілдесіндегі «Жеке мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше статус беру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығына сәйкес университетке «Ұлттық және жалпыадамдық құн-

дылық, ғылым мен техника жетістіктері негізінде тұлғаларды дамыту мен кәсіби қалыптастырудағы елеулі үлесі» ерекше мәртебесі берілді.

Университет құрамында жалпы саны 26 ғылыми мекемені құрайтын ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, зертханалар, 12 факультет, қосымша білім беру және біліктілікті жетілдіру институты, әскери кафедра, түрлі мемлекеттердің мәдени білім беру орталықтары бар. Мамандарды даярлау жүйесі 3 білім беру баспалдағы бойынша: жоғары негізді білім (бакалавриат), магистратура және Ph.D докторантура. Қабылдау мемлекеттік білім гранты мен ақылы негізде жүзеге асырылады. Оқу орны құрамында бакалавриатта – 61 мамандық, магистратурада – 64 мамандық, Ph.D докторантурасында – 29 мамандық бойынша мамандар даярлануда. Факультеттер мен ғылыми-зерттеу бөлімшелерінде 1678 оқытушы бар, олардың 61,3 пайызы – ғылым докторлары, профессорлар, түрлі академиялардың мүшелері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, ғылым кандидаттары, доценттер. 2011 жылдың шілдесінен бастап оқу орнының ректоры тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі Ерлан Сыдыков.

Аталмыш оқу орнын Ж-тын өмірі мен әдеби мұрасын зерттеуге зор маныз берілген. Мұнда ақынды насихаттауға бағытталған шаралар жиі ұйымдастырылады.

М. ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП КІТАПХАНАСЫ

1905 ж. ашылған. Алғашында кітапхана қорында 655 кітап болды. 1926 ж. бастап оқырмандарға 2 адам қызмет көрсете бастады. 1930 ж. кітапханаға аудандық кітапхана мәртебесі берілді, ал 1936 ж. орталық қалалық кітапхана мәртебесін иеленді. Алғашында Совет (қазіргі М.Әуезов) көшесінде орналасты. Кітапхана осы ғимаратта 1946 ж. дейін болып, өз қызметін одан әрі жалғастырады. 1946 жылдың 15 ақпанындағы облыстық атқару комитетінің шешімімен қалалық орталық кітапхана Көкшетау облыстық кітапханасы мәртебесін иеленді. Кітапхананың кітап қоры ол кезде 7 мың дананы құрады. 1949 ж. кітапхана К. Маркс (қазіргі Абай) көшесінде 80-үйдегі автотрест ғимаратына орналастырылады (150 шаршы метр). 1959 ж., сол кездің өзінде, кітапханада әдістемелік бөлім жұмыс істейді. 1975 – 1978 жж. өңірдің орталық кітапханаларына орталықтандыру торабын құруға көмектесті. Осы уақыт ішінде ұжым 70 топтық іссапарға шығып, 652 кітапханаға көмек көрсетіліп, 12 рет орталықтандыру комиссиясының мәжілісі болған.

1997 ж. Көкшетау облысы таратылып, Солтүстік Қазақстан облы-

сының құрамына кірді. 1998 ж. М. Жұмабаев атындағы ОӘҒК орталық қалалық кітапхана мәртебесі жойылды, бұл, әрине, кітапхананың автоматтандыру және компьютерлендіру процестеріне, жалпы кітапхананың дамуына кері әсерін тигізді. Бөлімдер қысқартылып, сол кездегі 9 бөлімнен 4 бөлім ғана қалды. 2000 ж. Ақмола облысы құрылған кезде М. Жұмабаев атындағы кітапханаға да облыстық кітапхана мәртебесі қайта берілді.

МАҒАУИН Мұхтар (2.2.1940, Семей обл., Шұбартау ауд.) – жазушы, әдебиет зерттеушісі. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазақстанның Халық жазушысы. Түркияның халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері.

1962 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 ж. аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолын 1965 ж. бастады. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі.

1967 – 1971 жж. «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары. Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген, Мәскеуде М. Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді.

1983 – 1984 жж. шығармашылық қызметте, 1984 – 1986 жж. «Жазушы» баспасының бас редакторы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды.

«Кешқұрым» атты тұңғыш әңгімесі 1964 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланды.

«Қобыз сарыны» атты ғылыми монографиясы жарық көрген (1968). М. – «Көкмұнар» (роман, 1972), «Бір атаның балалары», «Көк мұнар» (повестер мен әңгімелер), «Аласапыран» (тарихи роман-дилогия, 1980 – 1982), «Шакан Шері» (роман), «Мен» (ғұмырбаяндық роман-хамса), «Құмырсқа-қырғын» (әңгімелер), «Ұлтсыздану ұраны» (мақалалар), т. б. кітаптардың авторы. 2002 ж. он үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған.

«Мағжанның әні» мақаласы «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылы жарық көрген.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖ – арнайы орта білім беретін оқу орны. Колледж тарихы сонау 1920 жылдан – «Қызыл мұғалімдер» курсы ашылғаннан басталады. 1922 жылдың 3 қазанында «Педагогикалық курсты педагогикалық техникум деп өзгерту» туралы қаулы қабылданды. Қазақ педагогикалық техникумының бірінші директоры болып Жұмағали Тілеулин, ал орыс педагогикалық техникумының директорлығына Ф.А. Стрижов тағайындалды. Мектеп бөлімінде екіжылдық оқыту жүзеге асырылды. Алғашқы түлектер 1925 ж. бітіріп шықты. Бұл республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. 1925 жылғы 20 маусымда губерниялық «Мир труда» газеті былай деп жазды: «Қиын жағдайдағы бесжылдық оқудан кейін

Акмола губерниясында білім берумен айналысып жүрген адамдарға алғашқы көмек беруге мүмкіндігіміз бар. Біз 40 түлекті шығардық, олар ауылға барып, онда кенестік еңбек мектептерін ашады. Олардың 8-і Акмола губерниясындағы бірінші орта арнаулы оқу орны болғандықтан, педкадрларды даярлаумен ғана емес, сондай-ақ, көпшіл-белсенді жастарды өзіне тартатын негізгі мәдени орталық болады.

Қазақстандағы ең бірінші әдеби үйірме осы оқу орнында ашылды. Оны ұйымдастырушы – белгілі қазақ жазушысы, академик Сәбит Мұқанов. Осы үйірмеден Иван Шухов, Шахмет Құсайынов, Жұмағали Саин, Әлжаппар Әбішев, Әбділда Тәжібаев сияқты әдебиет тарландары түлеп ұшты. Техникумның хоры мен скрипкалық аспаптар оркестрінің аты қалаға әйгілі болды. Орыс хорынан басқа қазақ хоры құрылды. Бұл хорды әйгілі композитор, қазақ халық әндерін жинаушы И.В.Коцык басқарды. Ол кейін Абай атындағы Алматы опера театрының негізін қалаушылардың бірі болды. Қазақ хоры радиода, мектептерде, клубтарда концерттер қойды. 1928 жылдың қараша айында Бүкілодақтық орталық аткару комитетінің сессиясында Қазақстан үкіметінің баяндамасына байланысты хор Мәскеуге шақырылды. Қазақ кенес музыкасының тарихи очерктерінде хор концерттері Мәскеу гарнизоны бөлімдерінде, Ғылым академиясының ғалымдары мен партия жетекшілерінің және Кремль басшыларының алдында үлкен жетістіктерге жеткендігі аталып өтілді. Оқушыларды білімге, ғылымды терең зерттеуге деген құштарлыққа баулитын үйірмелердің кең жүйесі жұмыс істеді. Осы үйірмелерде Қазақстанның белгілі тұлғалары айналысты: әдебиеттанушы профессор, жазушы, сыншы, ғалым, филология ғылымдарының докторы Т. Нұртазин, Қазақстанның тұңғыш кибернетигі, ғылым докторы К. Тілегенов, Петропавл педагогика институтының негізін қалаушылардың бірі, география ғылымдарының кандидаты, профессор Овчинников, суретші В. Манзя. Бұл жылдары техникумға Константин Владимирцев, Степан Логинов, Раиса Якутовна сияқты қаланың ең үздік педагог мамандары жиналды.

Педагогикалық училище Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ауыр кезеңдерді басынан өткерді. Оқушылар мен оқытушылар майданға көмек көрсетті: жылы киім жинады, госпитальда жұмыс істеді. Педучилище түлектері мен оқытушылары – ер адамдар Отан қорғауға майданға аттанды. Бұрынғы директор Усов атақты әскербасы болды (кейін генерал-лейтенант), 1941 жылдың түлегі Кенес Одағының Батыры, 177-інші аткыштар полкінің командирі, гвардия лейтенанты Ысқақ Ыбыраев Польшаны қорғауда ерекше көзге түсті. 1950 – 1960 жж. оқу орны үлкен табыстарға ие болды, бұл жылдары педагогикалық училищені екі мәрте Ленин орденімен марапатталған Надежда Михайловна Медынина, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген мұғалім Илья Залманов сияқты дарынды, біртума тұлғалар басқарды. Тың бас-

шылығымен Петропавл педагогикалық училищесі еліміздің үздік педагогикалық оқу орындарының бірі болды. 1967 жылдың 13 маусымында КСРО Жоғары Кеңесі төралқасының жарлығымен білікті кадрларды даярлағаны үшін Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің Петропавл педагогикалық училищесі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1970 ж. педагогикалық училище педагогикалық училищелердің бүкілодактық байқау-сайысында КСРО ХШЖК-нің қола медалімен марапатталды. 1979 – 1991 жж. аралығында Владимир Крайнов колледж директоры болды. Оның тұсында оқытудың барлық кезеңіне есептелген тәрбие жұмысы жүйесі кең танылды және таратылды. 1978 – 1986 жж. Петропавл педагогика училищесі педагогикалық мекемелер арасындағы Бүкілодактық социалистік сайыска қатысып, ауыспалы Қызыл тумен марапатталды. Екінші Қызыл ту училищеге мәңгілік сақтауға берілді.

Мемлекетіміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары оқу орнына Шамиль Абулғазиев басшылық етті. Оның қолдауымен қайтадан қазақ бөлімі ашылды. 1993 ж. колледжге қазақтың атақты ақыны, педагогі, ғалымы М.Жұмабаевтың аты берілді. Бұл кездейсоқ емес: өткен ғасырдың 20-жылдары Мағжан Жұмабаев педагогикалық техникумда мұғалім болды. 2002 – 2017 жж. оқу орнын Нағима Таженова басқарды. Білім беру үрдісін жетілдірудің басым бағыттарының бірі колледжді ақпараттандыру болып табылады. 2002 ж. колледж жанында жалпы білім беретін мектеп-лицейі ашылды. 2003 – 2004 және 2008 – 2009 оқу жылдарында лицей ҰБТ нәтижесі бойынша Қазақстанның 100 үздік мектептерінің қатарына кірді. 2005 ж. «Атамекен» ақпараттық орталығы ұйымдастырылды, ол компьютерлік технологияларды пайдалану тәсілдерін зерттеу мәселесі және оларды оқу үрдісіне енгізу әдістемесін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді. 2007 ж. колледж базасында «Мирас» полилингвалды орталығы құрылды.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП – жалпыға бірдей білім беретін мекеме. Алматы облысы, Сарқан ауданы, Қойлық ауылында орналасқан. Мектептің тарихы тереңде жатыр. 1913 – 1914 жж. 2 сыныптық Церковь-приходтық оқу орны ашылып, небәрі он шақты ғана бала білім алды. 1916 – 1918 жж. ағаштан мектеп ғимараты салынып, 4 жылдық оқу орнында 20 бала дәріс алса, 1928 ж. бастауыш сыныптар ашылып, 1931 ж. ол мектеп 7 жылдық білімге көшіп, 250 бала оқыды. 1938 ж. жетіжылдық мектеп орта мектеп болып ұлғайды. Оқушы саны 380-ге жетті. 1941 ж. орта мектептің алғашқы 13 түлегі мерекелік кешті өткізген соң көп ұзамай майданға аттанды. Олардың көпшілігі Екінші дүниежүзілік соғыстан оралмады. Бүгінде мектеп оқушыларының саны 500-ден асты. Дарынды оқушылармен жұмыс жолға қойылған. Мектеп компьютерлендірілген, заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған, мультимедиалық кабинеттері бар, арнайы пәндік жүйеге бейімделген

кабинеттер, колөнер, көркемөнерпаздар, спорт үйірмелері жұмыс істейді. Спорт залы, мәжіліс залы, мұғалімдер бөлмесі, әдістемелік бөлме, дәліздегі стендтер, оқу кабинеттері бүгінгі заман талабына сай жабдықталған.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ АҚЫН ЕСІМІМЕН АТАЛАТЫН АЛАҢДАҒЫ ЕСКЕРТКІШІ. Ақынға туған жерінде орнатылған алғашқы ескерткіш. Ол Петропавл қаласындағы Мағжан Жұмабаев және Интернационал көшелерінің қиылысындағы алаңда орналасқан. Ескерткіш 1993 ж. Ж-тың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында ашылды. Оның авторы – Қазақстан Республикасының жетекші мүсіншісі, халықаралық конкурстардың лауреаты және дипломанты, Суретшілер одағының мүшесі Марат Әйнеков. Үшметрлік ескерткіште Мағжанның отырған бейнесі кескінделген. Ақынның иығына ұшқыр ойдың нышаны – қаршыға қондырылған. Ақын ой үстінде отыр, оның ойы болашаққа бағытталған. Мүсінді жасауға қоңыр түсті күрті граниті пайдаланылған. Мүсінмен жұмыс істегенде авторға Ж-ты көрген және жадында ұстаған ақынның туысы – Ғадылша Қаһарманов көмектескен.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ВОКЗАЛ АЛАҢЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШІ. Бұрындары осы жердегі алаңда революционер Валериан Куйбышевтың ескерткіші тұратын. Ел Тәуелсіздігі орнағаннан кейін ол ескерткіш алынып тасталып, Ж-тың ескерткіші қойылды. Бүгінде алаң адам танымастай өзгерген. Көз жауын алатындай ерекше кейіпке еніп, бірнеше субұрқақтар, гүлзарлар орнатылды. Күніне мыңдаған жолаушыларды қарсы алып, шығарып салатын темір жол вокзалының қақ маңдайына алты Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың түрлі түсті суреті ілініп, «Жаратылдым топырағыннан, сен – түбім, Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім. Сенен басқа жерде маған қараңғы, Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім» деген өлең жолдары тастан қашалғандай етіп жазылған. Ал биіктігі бес метрлік еңселі ескерткіш анадайдан көзге шалынып, көзі тірісінде еш қызық көре алмай кеткен шайырдың «мен сенемін жастарға» деген асқақ тұлғасын елестетеді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯ (Қарағанды қ.) – жалпыға бірдей білім беретін мекеме. 1991 ж. 1296 оқушыға арнайы салынды. 1995 ж. тереңдетілген математикалық сыныптар ашылды. 1996 жылдың 9 сәуірінде мектепке Мағжан Жұмабаев есімі берілді. 1996 ж. тереңдетілген қоғамдық-гуманитарлық сыныптар ашылды. 2005 жылдың 15 тамызында элитарлық мектеп-гимназия мәртебесін алған оқу орны 2006 ж. мектеп-гимназия, 2010 ж. гимназия атанды. Гимназия 2002–2005 жж. республикадағы үздік 100 мектептер қатарына енді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚ – Қазақстан Журналистер одағы мен «BAUR Kazakhstan» компаниясы еліміздің солтүстік өңірінде тұратын журналистер арасында жариялаған бәйге жеңімпаздарына берілетін жүлде. Ол

тұңғыш рет тәуелсіз комиссиясының шешімі бойынша «Тіл заңы неге қаукарсыз?» атты мақаласы үшін астаналық белгілі ғалым-журналист Қуандық Шамахайұлына берілді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Мағжанның өмірі мен шығармашылық қызметіне байланысты материалдар жинақталған мекеме. М.Жұмабаев ауданындағы өзінің туып-өскен Сарытомар ауылында орналасқан. 1989 ж. мектеп директоры Ерік Көжекпаевтың ұйытқы болуымен Сарытомар орта мектебінің бір бөлмесінде ашылған. 1993 ж. ақынның 100 жылдық мерейтойы қарсанында мектеп ауласында бөренеден төрт бөлмелі жаңа ғимарат салынды, аумағы – 82,2 шаршы метр. Мұражайда 284 жәдігер жинақталған. Құжаттардың көшірмесі Алматы, Петропавл, Омбы қалаларында және кейбір аудандарда сақталған. Мағжанның зайыбы Зылиха Жұмабаева тапсырған ескі Құран, жайнамазы мен етігі де осында. Құнды жәдігерлердің бірі – Ж-тың 1922 ж. жарық көрген «Педагогика» кітабы мен 1923 ж. шыққан өлеңдер жинағы. Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүргендегі сыныптан сыныпқа көшу хаттамасы да осында тұр. 2008 жылғы 17 қаңтарда мұражайға коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мәртебесі берілді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ ОҚУЫ – Сарытомар ауылында өткізілетін Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұраларын насихаттауға арналған шара. Алғаш рет 1979 ж. облыстық мәдениет басқармасының бастамасымен ұйымдастырылды. Алғашқыда жазушылар, Сарытомар ауылының өкілдері, мәдениет қызметкерлері қатысты. Ж.ә.о. 1990 жылдан бастап жалпы мемлекеттік дәрежеге көтерілді. Алғаш рет қонақтар тек Қазақстанның барлық жерінен ғана емес, сонымен бірге алыс және жақын шетелдерден де келді. 1990 жылдан бері Ж.ә.о дәстүрлі шараға айналды.

Л. Жанысова.

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІ» – ақынның көзі тірісінде жарық көрген ең көлемді кітабы, қолтума еңбегі. 1923 ж. Ташкентте шыққан. Жауапты шығарушы – Сұлтанбек Қожанов. Автор жинақты жеке тараулар, бөлімдерге айдарлап, тақырыптап, бөліп-бөліп бермегенмен, кітап композициясы, өлеңдердің бірінен кейін бірінің берілуі ерекше ойластырылғанын аңғару қиын емес. Топтама «Көкшетау» өлеңімен басталады да, бұдан кейін «Жиіленді қара орман», «Қыскы жолда», «Жазғы жолда», «Орман патшасы» (Гете Жуковскийден), «Жазғы таң», «Толқын», «Күннің батуы» (Генрих Гейнеден), «Сарғайып келген егін толқынданса» (Лермонтовтан), «Жаз келді», «Сыйлық», «Жазғытұры», «Жазғытұрым», «Жазғы түнде», «Жел», «Толған ай» өлеңдері берілген. Бәрі де табиғатпен сырласудан туған толғанысты жырлар, көзіңді арбап, жүрегіңді тебірентетін мұңлы пейзаж, ғажайып суретші қолынан шыққан картина секілді: тізіп, шолып, термелеп айтқан, жер бедерін баяндай көрсеткен тұрмыс-салт көрінісі, маусым кескіні емес, қайта әртүрлі сезім-түйсік

аркылы кабылданған психологиялық астарлы сырлары бар реалистік пейзаж үлгілеріне коса кей тұста фантастикалық сурет, пері, періште, тәнір араласып кетеді. Әлем поэзиясы классиктерінің шығармалары калай, менің туындым калай дегендей, акын әртүрлі үлгілерді катар жарыстырып беріп отырады. Кітаптағы пейзаж лирикасын ойлана окып шыкканда әрбір өленнің берілу тәртібінде зор мағына бар екенін аңғарасың. Алдымен жазғы не кыскы сахараның аумакты, мол көрінісі алдыннан шығады: кен дала, аскар тау, саумал бұлак, ак кайың. Бірте-бірте акын жалпы суреттен жеке бейнеге, накты детальға, дәлді образға көшеді. Мұның үстіне ашык, жаркын, сәулелі бояулар азайып, кара, коркынышты, үрейлі таңбалар молаяды, дауыл соғады, нөсер төгеді, боран ұлиды. Акырында аштан бұралған, үсіп өлген, түтекте адаскан, ажал жұткан пенде. Әуелде кісіге дос, жакын, етене табиғат бірте-бірте тасбауыр тартады, өлімге пейіл береді. Куаныштан, рахаттан, ләззаттан басталған пәк дүние соңы – апат, кырғын, зобалаң, нәубет, селебе. Осындай күрделі, кат-кабат көзкарас, өмір-болмысты, табиғат ортаны екі ұдай болып жарылған, акыры құрдыммен аякталған кар-кыргын трагедиялык сипатта көру үлкен акынның көркемдік танымындағы тұтас суреткерлік жүйе екенін ашып айту керек. Жинактағы ғашыктык жырлар «Р. Альбомына» деген өленнен басталады. Альбомға жазу формасы да еуропалык үлгі. Бұдан кейін «Көңілде кайғы калдырмас», «Жұлдызды – жүзік, айды – алка кып берейін», «Көңілінді ашар», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Бұлбұл», «Құр калыппын», «Хор сипатты карындас», «Жан жарымды бір сүйейін түсімде», «Күміс нұрлы ай», «Сен сұлу», «Шолпан», «Екі бетің сұлу кыз» (Гейне-Фет), «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Біраз Фетше», «Н-ға», «Ес кірген соң», «Сүйгенім анык», «Жас сұлуға», «К-ға», «Айрылдым сенен, жан сәулем» (Гете), «Махаббат не?», «Р- ға», «Сүйгеніме», «Зат», «З-ға», «Айрылғанда», «Тірілдім» өлеңдері берілген. Бәрі де – төгіліп тұрған махаббат лирикасы. Ж-тың атын шығарған, халық аузында жатталып кеткен әйгілі өлеңдер. Бұл шығармаларда сан алуан психологиялық күй-сезімдер мол, адам жанының неше түрлі тылсым сырлары, ләззатты минуттар, азапты түндер, коштасулар, тосулар, кайта табысу сәттері, куаныштың жасы, кайғының каны, жүрек толкыны, міне, үлкен акын осының бәрін алдына жайып салады. Окыған сайын тереңіне тарта берер, әлем поэзиясының ең озык үздік үлгілерімен катар тұрар жырлар:

«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй,
тағы да,
Жылы, тәтті у тарады каныма.
Бұл ләззаттың бір минутын
бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына».

Ж. поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпактан-ұрпакка жалғасар алтын көпір, асыл казына, інжу-маржаны – махаббат, сүйіспеншілік, ғашыктык хикаясының сан алуан тылсым, жұмбак күйлерін шерткен, терең акындык шабыттан толкып туған,

адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр дүниелері.

Еріксіздік азабына, түрме таукыметіне арналған шығармалар шоғыры «Сағындым» өлеңінен басталады да, «Жел», «Тілегім», «Жауға түскен жанға», «Тұтқын» (Лермонтов), «Әбу Фарастан», «Күн шығады да, батады» (М. Горький), «Айға» туындыларымен қосылып, тұтас цикл құрайды.

«Абақтыда айдан, күннен
жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды
сағындым.
Қарашығым, құлыным деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым...
Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым жүйрік желді
сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған елді сағындым...
Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыаркамды – сайран жерді
сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Аркадағы айдын көлді сағындым», –
деген жолдарды жазған ақын өзінің қайғылы тағдырын күні бұрын сәуегейлікпен болжаған секілді.

Ж. «Окжетпестің киясында» өлеңінде:

«Бұлтты айдап, сылдыратып
сумен ойнап,
Ерке жел тасты құшып,
сылқ-сылқ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді», –
деген керемет образ жасайды.

Философиялық, трагедиялық жырлар, шерлі, мұңды толғаулар «Жан сөзі» өлеңінен кейін берілген. Олар: «Ой», «Ауыру», «Жұлдыздарға», «Сағат», «Ж-ға», «Ф-ға», «Шылым», «Александр Блок», «Н. альбомына», «Алдамшы өмір», «Күзді күні», «Мені де, өлім, әлдиле», «Сарғайдым», «Ғазизаға», «Қайғылы сұлуға», «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Шын сорлы», «Жас келін», «Алданған сұлу», «Тілегім», «Әйел», «Түн еді», «Жарыма», «Қарындаска», «Орамал», «Батқан күн, аткан таңның жыры», «Сүйемін», әсіресе, «Жан сөзінде» ақынның қайғы-касіретке толы өмірі, келешек ұрпакпен ашык тілдескен, іштей актарыла төгілген бір сәті бар, бұл – казак поэзиясында кейін Қасымның «Өзім туралы», Мұқағалидың «Жан азасы. Реквием» шығармаларына ұласатын терең трагедиялық арна, ұлы сарын.

«Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған,
Молама көз кырын да салмас па екен.
Дариға, сол күндерде күнім каран,
Казак елім, бір ауыз сөзім саған.
Болғайсын, сыншы болсан,
әділ сыншы,
Кінәні жүрекке кой, койма маған», – деген сөздер дәл бүгін де естіліп тұрғандай.

Ел басына түскен зор нәубет, канды кесапат, улы селебе – он алтыншы жыл окиғасына арналған шығармалар көркемдік сипатымен, терең идеясымен, шебер кескінімен дараланып окшау тұр. Келіншектің толғау-монологі сипатында жазылған жыр – бастан-аяк бір шабыттан туған, көңіл-күйдің кағазға түсе салған су-

реті.
«Қайғы батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем кашан кестелеп.
Күз сарғайтты кайынды,
Мен де бірге сарғайдым.
Кара бұлт жауып айымды
Жылаймын, күйем, зарлаймын». – деп басталатын өлеңде акынның поэтикалық лексикасында жиі колданылатын, көбінесе тұтас образ, символға айналып кететін сөздер бар. Олар: кайғы, жан, у, жас жүрек, күз, кайын, сарғаю, кара бұлт, ай, жылау, күю, зарлау. Кейін казак поэзиясында «орамал» сөзі солдат сағынышының символына айналды, Ж. бастап берген сарынды көптеген акындар кайта жырлады, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыс туралы жазылған өлеңдерде бұл әуез көп кайталанды. Акынның күрделі өмір құбылыстарын, тарихи кезеңдерді бейнелейтін, реалистік сипаттармен коса, символдық, мистикалық, фантастикалық сарындарға бой алдыратын аса күрделі өлеңдері – «Тәнірі», «Жаралы жан», «Окжетпестің киясында», «Койлыбайдың кобызы», «Күз» бір сала болса, «Бесік жыры», «Туған жер», «Туған жерім – Сасыккөл», «Анама», «Жаздыгүні калада», «Айда атынды, Сәрсембай» шығармалары екінші арнаны құрайды. Ал ежелгі этностар тұтастығын, исі түркі бірлігін жырлайтын «Өткен күн», «Тез барам», «Жер жүзіне», «Орал», «Орал тауы», «Жер жүзін топан басса екен», «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Күншығыс», «От», «Пайғамбар» өлеңдерінің ырғак, сөз жүйесіндегі құйылып тұрған ғажайып көркемдікті көрсете отырып, кей тұста ұшырасып калатын дүнистаным кайшылыктарын айтпай кетуге болмайды. Сол сиякты «Батыр Баян», «Коркыт», «Ертек» секілді шығармалары да үстірт, атүсті карауды көтермейді, олардағы тарихи-эстетикалық концепцияларды, образдар жүйесін, идеялық-философиялық сарындарды терең зерттеп, көп толғанып барып, пайымдау керек. Казак лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе, Европа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыракка батыл да еркін енгізген акын эпикалық жанрда поэманың ыкшам формаларын калыптастырды. Бір карағанда, такырыптык тұрғыдан алғанда, алып-жұлып, әкетіп бара жаткан ерекшелік көрінбейтін секілді: «Койлыбайдың кобызы», «Коркыт», «Түркістан», «Окжетпестің киясында», «Батыр Баян» аңызға, тарихи белгілі окиғаларға, «Жүсіпхан», «Өтірік ертек» шығыс сюжетіне, мысал, тұспалға құрылған. Ішкі мазмұн тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың бәрінде де халыктык аңыз, тарихи дерек, ежелгі әңгіме сарындары өзгере құбылып, жаңа сипатта эстетикалық желі тартады.

Ш. Елеукенов.

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ» – Ж-тың 1923 ж. шыккан кітабы. Жауапты шығарушы – Сұлтанбек Кожанов.

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. ШЫҒАРМАЛАРЫ» – акынның Казакстан Компартиясы орталык ко-

митетінің 1988 ж. желтоқсандағы қаулысынан соң 1989 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген алғашқы еңбегі. Көлемі – 448-бет. Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. Алғы сөзін жазған Әбділда Тәжібаев. Мұнда ақынның 192 өлеңі, 6 поэмасы, 10 мақаласы, 19 аудармасы жарық көрді. Бұл басылымда кемшілік жетерлік. Ақынның біркатар өлеңдері күзеліп шықты. Тексті бұрмалау да ұшырасады. Басқа да олқылықтар баршылық. Бұл басылым ақынның мол мұрасын түгел қамти алған жоқ.

«МАҒЖАН КІТАБЫ ТУРАЛЫ» – «Еңбекші қазақ» газетінде (1925 ж., 14 қаңтар) жарияланған мақала. Онда ақын шығармашылығының Мәскеудегі қазақ жастары ортасында талқыланғаны туралы сөз қозғалады. Мақалада: «Кәмунестер партиясының жолына қарсы Мағжанның «жұмбақты» өлеңдері газет-журналдар бетіне тексерусіз басылмасын» делінген.

«МАҒЖАН» – «Тұран-фильм» студиясы түсірілген Ж-тың өмірі мен шығармашылық кезеңін бейнелейтін деректі фильм. 1990 ж. түсірілген. Режиссері – Қ.Умаров, қоюшы-режиссері әрі сценарий авторы – Марат Қоңыров. Біркатар сюжеттік көріністер Мағжанның бозбала шағы өткен, азаматтық қалыптасуының, шалқар ақындық шабытының ыстық табы қалған тарихи жерлер мен ғимараттар да, ақын дәріс оқыған және есімі берілген қазіргі гуманитарлық колледжде, туған ауылы Сарытомарда түсірілген. Фильмге Мәскеу мұрағаттарында сақталған 1920 – 1930 жж. хроникалық кадрлар пайдаланылған. Бір-бірін шын жүректен сүйген кос ғашықтың ұмытылмас балдәурен сәттерін Дарын Қалиев пен Гүлмира Ахметова бейнеледі.

MAGJAN – Ж-тың таңдамалы өлеңдері (алтай, әзірбайжан, башқұрт, қазақ, қырғыз, моңғол, орыс, өзбек, түрік тілдерінде) – Аст., «Ғылым» баспасы, 2018. Баспаға Халықаралық Түркі академиясының ғылыми кеңесі ұсынған. Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлінің алғы сөзінде: «Ойшыл ақын Мағжан Түркістанның азаттығы мен тұтастығын жырларында ту етіп көтерді.

Мағжанның заманы жер жүзін қамтығын ұлт-азаттық қозғалыстың қайта ояну дәуіріне тап келіп, ол тек өзін түркінің баласы ғана емес, тұтас күншығыстың арқалы ақыны ретінде сезініп, әр бір өлеңі арқылы болашақ ұрпаққа құнарлы азық болатын кемеңгер ойларын білдірді...

Мағжан Жұмабаев сенген, темірқазық еткен Түркістан идеясы интеграциялық дәуірде өмір сүріп отырған тәуелсіз түркі елдері үшін де XXI ғасырда да маңызды болып, рухани нәр береді.

Ол Байқалдан Балканға дейінгі, Алтайдан Анадолыға дейінгі кең алқаптағы түгел түркіні жырымен тербетті. Ақын отты жырлары арқылы көне түркі заманынан кең құлашты эпос арқылы дүбірі жеткен баһадүр Күлтегіннің күндей күркірін, Тоныкөктің тұңғиық даналығын түркінің жас ұрпағына романтикалық миф, яғни ыкшам поэтикалық кілт ретінде ұсына алды.

Оның сұлулық пен азаттықты, адалдық пен кісілікті терең парасатпен жыр еткен гуманистік сарында толғаған поэзиясы жалпы адамзаттың ақыл-ойы қазынасына қосылған жауһар болып қала береді.

Мағжанның жырлары алтай, әзірбайжан, башқұрт, қазақ, қырғыз, моңғол, орыс, өзбек, түрік тілдеріне аударылып, бір жинакка топтастырылды. Осылайша ол жырлаған кеңістік өкілдерінің тіліне өр акынның өлеңі тура жетуге мүмкіндік ашылды», – делінген.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ, АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің шешімімен 1988 ж. құрылып, 1990 жылға дейін жұмыс істеді. Комиссияны академик Ж. Әбділдин баскарды. Комиссияның құрамын Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Геннадий Колбиннің өзі бекітті. Комиссия құрамында М.Қозыбаев, М.Базарбаев, С.Байжанов, Ә.Әлімжанов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Ш.Сәтпаева, С. Кирабаев, С.Зиманов, М.Қаратаев, Р.Сыздыкова, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов, Ә.Кекілбаев, Ә.Хайдаров, С.Кенесбаев сынды ғалымдар мен жазушылар болды.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТҮРІКШІЛДІГІ. Ж-тың түрікшілдігі аякастынан туған сезім емес. Ол «Ғалияда» окып жүргенде түрікшіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша окуға кіріскеннен кейін оны ашык айта бермейтін. Колчактың кер заманы, одан кала берсе ұлтшылдыктың аузына какпак салған кенес заманы Ж-тың баяғы басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Осы кезде ол «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Аксак Темір», «Түркістан», «Жер жүзін топан басса екен», «Окжетпестің киясында», «Қойлыбайдың қобызы» сиякты өлеңдерін жазды. Ж. поэзиясында түрік такырыбының тууына әлденеше себеп бар. Ен бастылары – отаршылдыкка карсылык, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күрес. Акын «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі» десе, бұл идея бас кезінде Кенес өкіметі тарапынан карсылыкка кездеспеген, белгілі дәрежеде тіпті колдау тапкан. Түркістан халыктары автономиясын құру кажеттігін 1918 жылғы 22 сәуірде Түркістан Советтерінің Ташкенттегі V съезіне жіберген жеделхатында В.И. Лениннің өзі колдады. Бұл кездерде Түркия шетел интервенциясына карсы жанкиярлык соғыс жүргізіп жатты. Түріктердің ұлт-азаттык козғалысын РСФСР, жас Кенес өкіметі барынша колдады, моральдык кана емес, материалдык көмек (алтындай 10 миллион сомнан астам) көрсетті. Қару-жарағымен бөлісті. Түрік ұлт-азаттык козғалысының көсемі Мұстафа Кемаль-пашаның атағы жер жарды. Ол кенестік баспасөздің, коғамдык пікірінің ен сүйкімді каһармандарының біріне айналды. Қазақстанға келсек, мұнда бұрын да түріктерге іш тартатын дәстүр бар-ды. Акынның «Алыстағы бауырыма» өлеңінде «шарк ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны» деген

сөздер түріктер азаттығы жолында шайқасып жатқанда туған деу керек. «Орал тауынан» бастап, кейіндер жазылған «Оралға» дейін бәрі айналып келіп қазығын тапқан ат секілді қазақ тағдырына тіреледі, соны күйттейді. Біресе бұл ақыл іспетті: «Қосылып батыр түрік балалары, Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге орал» («Орал тауы»). Біресе қазақ атынан сөйлейтін лирикалық кейіпкер өзін-өзі қайрайды, белді бекем бууға ант-су ішеді: «Бір барпылдақ жалпылдаған төбеттен Коркар болсам, жұтсын мені қара жер!» – «Жер жүзіне». Тағы бірде өлең пафосы тілекке, үндеуге орайлас: «Тарап кеткен балаларыңды бауырына Ақ колынмен тарта аларсың сен, тілім!» («Қазақ тілі»). Осы циклдың қорытындысы секілді өлең бар. Ол – «Тез барам!» туындысы. Қорытынды деуге дәлел бұл өлең жоғарыда сөз етілген идеяның бәрін бойына дарыткан кейіпкер атынан сөйлейді. Ол «Тазартайын Сарыаркамның топырағын» деп жар салады. Мұның баска лирикалық кейіпкерден өзгешелігі – ол атка конып үлгірген қайраткер, нақтылы мақсаттың және нақтылы істің иесі. 1920 жылдың 20 ақпанында Ташкент шаһарында Түркістан Коммунистік партиясының V өлкелік конференциясы ашылды. Конференцияда Түркістан Советі атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов баяндама жасап, өлкенің ұлттық құрамына сәйкес партия ұйымының атын өзгертейік, сонда коммунист-мұсылмандардың, революциялық процестегі рөлі күшейеді, ал өлке атын нақтылай түссек, нұр үстіне нұр – шетелдік Шығыс халықтарының Кеңес одағына деген ілтипаты арта түседі, – деді. Рысқұлов осылай дей келіп: Түркістан Компартиясы – бұдан былай түрік халықтарының компартиясы, ал Түркістан Түрік кеңестік республикасы аталсын деп оқыстан ұсыныс жасайды. Ақыры іс насырға шауып, «пантюркизмге» жорық жариялаған наукан бас көтерді. Онсыз да үстінен таяқ түспей жүрген Ж. «түрікшіл» деген атаққа тағы қалды.

Қ. Мұқанов.

«МАҒЖАН КӨКТЕМІ» – Ж-тың шығармашылық мұрасын жүйелі түрде насихаттап, есімін ел есінде мәңгі қалдыру, отандық әдебиет пен өнер, музыка салаларында озық туындылардың дүниеге келуіне жол ашу мақсатында, оның «кіші отаны» – туған өлкесі Солтүстік Қазақстан облысында екі жылда бір рет өтетін шара. Алғаш рет 2011 ж. өткізілді. Фестивальдың құрылтайшысы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті, өткізушісі – Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі. Фестиваль үш: Мағжанға арналған жазба ақындар мүшәйрасы, Мағжан өлеңдерін мәнерлеп оқу – көркемсөз оқушылар сайысы, Мағжан өлеңдеріне жазылған әндер конкурсы аталымдары бойынша өткізіледі.

К. Оспанов.

«МАҒЖАННЫҢ СОТЫ» – 2008 ж. Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойы қарсаңында Николай Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театрының әртістері сахналаған спектакль. Қойылымда Алаштың

ардакты ұлы, ақын, аудармашы Мағжан Жұмабаевтың қиын тағдыры көрсетіледі. Пьесаның авторы әрі спектакльді коюшы ҚазКСР-нің еңбек сіңірген әртісі Виктор Шалаев. Суретшісі – Николай Корякин. Басты рөлдерді әр жылдары Людмила және Владимир Шустовтар, Людмила Шалаева, Борис Васко, Анатолий Наргеленас, Евгений Патешкин, Владимир Клабуков, Ирина Полещук, Татьяна Терлецкая, Алексей Никулин сомдады. Спектакль екі бөлімнен тұрады, ұзақтығы 1 сағат 40 минут. Трагедияға толы қойылым алғаш сахналанғаннан бері қызылжарлықтардың сүйікті спектакльдерінің біріне айналып үлгерді.

Е. Амантай.

МАҒЖАННЫҢ ЖАЙНАМАЗЫ – ақыннан қалған жәдігер. Мағжанның жайнамазы Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы.

Ж. 1937 ж. Мағжан Алматыға аттанардың алдында Қызылжардағы інісі Сәлімжанның үйіне соғады. Бұл туыстарымен соңғы қауышу екенін сезгендей келіні Бибізайыпқа қолындағы жайнамазын тастап кетеді. Сол жайнамазды келіні ақырғы демі таусылғанға дейін көзінің қарашығындай сақтап, дүниеден өтерде баласы Тасболатқа аманат стіп тапсырады.

Тасболат Бекеновтың айтуынша, анасы Бибізайып Мағжанның көптеген мұрасын осы күнге дейін жеткізген. Кейбір өлеңдері де келінінің айтуы бойынша жазылып алынған. 99-ға келіп дүние салған Бибізайып ешкімге ұстатпаған қымбат дүние сол жайнамаз екен. Себебі, өзі бес уақыт намазын дәл осы жайнамазда өтеп жүрген. Жайнамаз алтын түсті қымбат матадан тоқылған. Ескіргендігі соншалық – екі тізе мен маңдай сәждеге тиетін жерлері әбден жұқарып тесіліп қалған. Бибізайып апа жыртығын жамап та қойған екен. «Біздің аталарымыз өте діндар адамдар болған. Үлкен атамыз Жұмабай – бес рет қажыға барған кісі. Жайнамазды Меккеден әкелген. Анам Бибізайыптың айтуынша, Мағжан алғаш білімді молдадан алған. Кейін Уфада медреседе оқыған. Сол молдадан менің әкем бастаған барлық бауырлары оқыған екен. Айтуынша, Мағжан барлық балалардың ішінде ең зерегі болған. Құранды да тез жаттап алады екен», – дейді Мағжанның туған інісі Сәлімжанның баласы Тасболат Бекенов.

Қызылжардағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында жайнамазбен бірге Құран кітабы да тұр. Бұлар Меккеден әкелінген заттар екен. Құран кітабында «1894 ж. Меккеде жарық көрді» деген жазу бар. Мұражайда Мағжанның Мәскеуден әкелген кесесі де сақтаулы. Оны оқуға барғанда сатып алған. Одан басқа әкесінің шай қайнатып ішкен самаурыны, жары Зылиханың табағы және басқа заттары бар. Жәдігерлердің көбін мұражайға келіні Бибізайып тарту еткен. Себебі, Мағжанның әкесі мен шешесі осы Сәлімжан мен Бибізайыптың қолында тұрып, өмірден өткен болатын.

Е. Амантай.

МАҒЖАНТАНУ – соңғы жылдары әдебиеттануға енген жаңа бағыт Ж-тың шығармашылық жолы, негізі-

нен, үш кезеннен тұрады. Біріншісі Мағжанның өлең өлкесіне бет алғанынан басталып, 1917 жылдың ақпанына дейінгі уақытты қамтиды. Екінші кезең – ақпан төңкерісінен 1924 жылға дейінгі уақыт. Үшіншісі сол 1924 жылдан өмірінің соңына дейін созылады. Бұлайша жіктеуде арка тірейтініміз белгілі ақиқаттар: біріншісі, кандай көркем туынды болсын, нақтылы тарихи жағдайда жасалады. Елінің саяси-әлеуметтік ахуалы оған әсер етпей қоймайды. Екінші, көркем туынды – әдеби үдеріс жемісі. Өзіне дейінгі көркем шығармалармен бой салыстырады. Өз заманының әдеби талаптарымен санасады. Сөйтіп барып сыбағалы жолымен жүреді, өзіне тиісті сөзін айтады. Ж. басынан бір емес, үш төңкерісті (1905, 1917 жж. ақпан, казан) бірдей өткізгені, бұдан кейін азамат соғысы жылдары, жаңа экономикалық саясат (НЭП), т.б. дүрбелеңдерді кешкені, аумалы-төкпелі заманда өмір сүргені, бұл оқиғалар көркемдік «пешінде» қорытылып, ақын поэзиясының бағыт-бағдарына мықтап әсер еткені мәлім. Сондай-ақ, әдебиет өлкесіндегі әр қилы ағымдар – ағартушылық, сыни реализм, романтизм (символизм), социалистік реализм Ж-тай білімді, парасатты ақынға қалайда ықпал етпей қойған жоқ. Ақын шығармаларын кезең-кезеңге бөлуде көзге ұрып тұрған осы жағдаяттар ескерілді. Әдебиетші, ғалымдар еңбектерінде мағжантану ғылымының қанқасы негізінен түзілгендей. Дегенмен, әлі де атқарылатын жұмыс көп. Осы жағдайды пайдаланып, кейбіреулер Мағжан төңірегінде әртүрлі лақап таратуға тырысады. Тағы да біреулер «Күріш арқылы күрмек су ішедінін» керін келтіріп, Мағжан аркасында өздерін компайтып көрсетуден именбейді. Үй артында кісі бар демейді.

1988 ж. 28 желтоксандағы «Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиетіміздің үш алыбына арналған санының сегіз беті Мағжанға арналды. Қазақ қауымының қуанышы қойнына сыймай, сұлу сөздің пайғамбарын зор ынтамен оқи бастады.

МАҒЗҰМОВ Нөгербек (1936, Ақмола обл., Зеренді ауд. Жылымды а. – 2000) – журналист, жазушы. КСРО Журналистер одағының мүшесі. Астана қаласының құрметті азаматы. ҚазҰУ-ді бітірген (1958). Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде тілші (1958 – 1961), облыстық радиода бас редактор (1961 – 1996) болып жұмыс істеген. «Жұмбақтас сыры» жинағы (1980), «Дала құты» (1978), «Мәмбетәлі» романының 1-томы (1996), «Таңғы бозалаң», «Гимназияда оқып жүр», «Қоңыраттың күнделігі», «Зарина» («Сақ патшайымы»), «Бұлт астында күн жатпайды» кітаптарының авторы. «КСРО радио және теледидарының үздік қызметкері» белгісімен марапатталған.

М. өзінің ұстазы Бейсембай Кенжебасвтың Ж. туралы айтқандарын қағазға түсіріп, «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінде жариялаған. «Бейсекең дүниеде не көп, кітап көп, бірақ соны тауып алып, оқи білу керек дейді де, тағы да Мағжанды еске алады. «Мағжан көп оқитын еді, талмай ізденетін. Бірде Мәскеуде дәріс алып жүргенімізде «оқырлық,

тұшынарлық колыма ештеңе түспей жүр» деп кынжылғаны бар», деді», – деп жазды М.

МАДИЯР Алаш арыстарының бірі – көрнекті ағартушы, акын, журналист, ғалым Міржакып Дулатовтың бүркеншек аты, тұрғыластары оны осылай атаған.

МАЙТАНОВ Бакытжан (27.3.1952, Алматы обл., Каратал ауд. Сарыкамыс а. – 2003, Алматы к.) 1974 ж. ҚазМУ-дің журналистика факультетін тамамдап, «Социалистік Казакстан» («Егемен Казакстан» газетінде тілші болған. 1974 – 1990 жж. Казак КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға лаборант, аға ғылыми кызметкер, 1990 ж. Казак энциклопедиясы бас редакторының орынбасары, 1990 – 1996 жж. әл-Фараби атындағы Казак мемлекеттік ұлттык университетінің казак әдебиеті кафедрасында аға окытушы, профессор, 1996 – 1999 жж. Казак мемлекеттік Заң университеті казак, орыс, шығыс тілдері кафедрасында профессор болып кызмет істеді. 1998 ж. ҚР ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының жетекшісі. 2000 ж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының меңгерушісі. Әдебиет сыны мен әдебиеттану саласына 1969 ж. бастап араласып, республикалык газет-журналдарда көптеген макалалар жариялады. Ғалымның 300-ге жуык әдеби сын, әдебиеттанушылык сипаттағы макалалары жарык көрген. М. – «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» кітабының авторы. (А., 2001) М. «Тарихи такырыпка акындык көзкарас» деп аталатын макаласында да («Мағжан әлемі», А., «Алтын кітап» 2009, 478-488 б.) Ж. шығармашылығын талдайды.

МАЙЛИН Бейімбет (15.11.1894, Костанай обл., Таран ауд. Кенес заманындағы Майлин атындағы кеңшар – 1938) – казактың көрнекті жазушысы, казак әдебиетінің негізін калаушылардың бірі. Алғаш ауыл молдасынан окып, сауатын ашты. 1911 – 1915 жж. Троицк каласындағы Уәзифа медресесінде, Костанайдағы орысша-казакша мектепте, Уфадағы «Ғалия» медресесінде окып, білім алды. Орыс тілін үйреніп, Л.Толстой, Н.Гоголь, А.Чехов, М.Горький, т.б. классиктердің шығармаларымен танысты. 1916 – 1919 жж. мұғалім болды, жазушылыкпен айналысты. «Еңбекші казак» (кейіннен «Социалистік Казакстан») газетінде (1922 – 1923) кызмет аткарды. 1923 – 1925 жж. Костанайда «Ауыл» газетін шығарды. 1925 – 1928 жж. «Еңбекші казак» газетінде жұмыс істеді. ҚазАПП-ты ұйымдастыруға катысты. «Ауыл тілі» газетінде (1928 – 1932) редактор болды. 1932 – 1937 жж. «Социалистік Казакстан» газетінде бас редактор, т.б. кызметтер аткарды. Алғаш жазған өлеңдерінің бірі – «Мұсылмандык белгісі» (1912) Уфадағы «Ғалия» медресесінің «Садак» колжазба журналында (1913) жарык көрді. Тұңғыш баспа жүзін көрген шығармалары – «Костанай уезі, Дамбар болысы» очеркі, «Көңіліме» атты өлеңі (1914), «Шұғаның белгісі» повесі (алғашкы нұсқасы,

Майлин Бейімбет

1914), «Болған іс» әңгімесі (1915) «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланды. Осы кезеңнен бастап поэзиялық туындыларымен қатар, прозалық шығармаларды да өндірте жазды. Мерзімді баспасөзге белсене қатысып, публицистикалық очерк, фельетон, т.б. жанрларға қалам тартты. Қазақ поэзиясының поэма саласын дамытуға қосқан үлесі мол. Ол оннан астам поэма жазды. «Байдың қызы» (1917), «Рәзия қыз» (1919), «Қашқын келіншек» (1921), «Зайкүл» (1921), «Маржан» (1923) поэмаларында қазақ әйелдерінің бас бостандығын жырлады. Қазақ кеңес әдебиетінің проза саласын, әсіресе, көркем әңгіме жанрын өркендетуге көп еңбек сіңірген қаламгер. Оның бұл саладағы тұңғыш көлемді еңбегі – «Шұғаның белгісі» (1914) повесі. М. қаламынан туған прозалық шығармалардың көлемдісі – «Азамат Азаматыч» романы (бірінші кітабы). Бұл шығарма «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының 1930 – 1931 жж. сандарында жарияланды да, 1934 ж. жеке кітап болып жарық көрді. Орыс тілінде «Дочь казаха» деген атпен 1936 ж. басылып шықты. М. 1931 – 1936 жж. жазған «Қызыл Жалау», «Қоңсылар» (толық аяқталмаған) романдарының жеке үзінділері кезінде мерзімді баспасөзде жарияланды.

М-нің қазақ драматургиясын дамытуға қосқан үлесі зор. Ол – ірілі-ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийдің авторы. Оның тұңғыш драмалық шығармасы – «Шаншар молда» (алғашқы нұсқасы – «Жат сабақ») пьесасы 1916 ж. жазылып, ауыл сахнасында қойылды. 1936 ж. М. жазған (В.Иванов, Ғ.Мүсірепов пен бірге) «Аманкелді» сценарийі бойынша кинофильм түсірілді. «Жалбыр» либреттосы бойынша опера (музыкасы Е.Г.Брусиловскийдікі) қойылды (1935).

М. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған кезде Ж-пен кездесіп жүрген. Екі қаламгер де «Садақ» қолжазба журналына өз шығармаларын жариялаған. Ж. Кеңес дәуіріндегі ақындардан М. еңбек тақырыбына жазған өлеңдерін қуана қарсы алып, өзінің «Сауатты бол!» деп аталатын оқулығының соңғы нұсқаларында барынша пайдаланған.

МАЙ МЕЙРАМЫ – Иосиф деген автордың кітабы. 1927 ж. Мәскеудегі Кеңес одағындағы елдердің «Кіндік» баспасынан 5000 дана таралыммен араб тілінде шыққан. Аударған М. Жұмабаев.

МАЙШЕКИН Мақсұтбек – ақын, драматург. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері (1961). 1920 – 1941 жж. кеңес мекемелерінде түрлі қызметтер атқарған. 1941 – 1962 жж. Қазақ радиосында редактор болған. «Жылдар жемісі» (1957), «Көркемөнер шеберлері» (1959), «Жүсіпбек Елебеков» (1964),

«Жаяу Мұса» (1966), «Портреттер» (1969), «Қалибек Қуанышбаев» (1972) очерк-кітапшаларының, 100-ге жуық ән мәтіндерінің авторы. М. Қазақ радиосының музыка редакциясын басқарған жылдары Ж-тың «Бәрінен де сен сұлу» деген өленін өзімдікі деп халыққа ұсынады. «Бұл – Мағжанның атақты өлені. Мағжанның өзі ақталмаса да, өленін ел айтып жүрсін деген ниетпен мұны Шәмшінің әніне арнап әдейі қайта жазып, өз атымнан тараттым, тағдыры арашаланған кезде басын ашып, несіне қайтарамын», – деп ешбір жасырмастан үнемі айтып жүріпті. Және ол «Мағжан түбінде ақталады» деуден танбайды.

МАЛДЫБАЕВ Біләл – Қызылжар Қазақ ұлттық комитетінің төрағасы. Қызылжар уезінде «Талап» жастар ұйымының төрағасы болып мәдени-ағартушылық жұмыстармен қатар әлеумет істеріне басшылық жасаған. 1918 – 1919 жж. Қызылжарда шығып тұрған «Жас азамат» газеті редакторларының бірі болған.

МАМИН-СИБИРЯК Дмитрий Наркисович (25.11.1852, Пермь губерниясының Висимо-Шайтанск заводы (казіргі Свердловск обл., Висим кенті) 2 (15).11.1912, Санкт-Петербург қ.) – орыс жазушысы, драматург. Шіркеу қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Жұмысшылардың балаларына арналған Висим мектебінде, кейін Екатеринбург дін училищесінде (1866 – 1868) және 1872 ж. дейін Пермьдегі діни семинарияда оқыған. М.С. 1872 ж. Петербург медицина-хирургиялық академиясының ветеринария бөліміне оқуға түседі, алайда, бір жыл оқыққаннан кейін денсаулық жағдайына байланысты оқудан қол үзуге мәжбүр болады. 1877 жылдың жазында Уралда тұратын ата-анасына оралады. Әдебиетпен 1880 ж. айналыса бастайды. Ж. Мамин-Сибиряктың «Ақбоз ат» деген әңгімесін аударған. Алайда, ол түпнұсқадан еркіндеу кеткен.

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ – еліміздегі ең байырғы жоғары оқу орындарының бірі. 1937 ж. К.Д.Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институты ретінде құрылған. Университетке Қазақстан Республикасы үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы №163 қаулысымен мемлекеттік мәртебе берілді. Ал 2003 жылғы 30 мамырдан бастап оқу ордасы академик Манаш Қозыбаевтың есімімен аталады. Университет құрылымы 7 факультет, 27 кафедрадан тұрады. Бакалавриат бағдарламасы негізінде – 48, магистратура бойынша – 23 және докторантурада 4 мамандық бойынша білім беріледі.

Оқу орнының бай кітапхана қоры бар: 7 абонемент, 9 оқу залында 1132849 кітап жинақталған. Қазақ тіліндегі баспа өнімдерінің саны – 136924 дана. Сирек кездесетін кітаптар – 4000 дана. Университеттің оқу корпустарының саны – 9, жалпы ауданы – 63352,7 шаршы метр, жатақханалардағы орындар саны – 1026. Заманауи обсерватория, халықаралық стандарттарға сай жүзу бассейні, «Парасат» студенттер газеті мен телестудиясы бар.

Мансұров
Тайыр

Университетте Ж-тың өмірі мен шығармашылық қызметін насихаттауға арналған шаралар жиі өткізіледі. Осындай шаралардың бірі – 2013 жылдың 30 сәуірінде ақынның туғанына 120 жыл толуына арналған «Мағжан Жұмабаев шығармашылығының әлемдік әдеби үдерістегі алатын орны» деген тақырыптағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Оған қатысушылар Ж. шығармаларының көркемдік қырлары, қазіргі қазақ поэзиясына тигізген әсері туралы байсалды талдаулар мен тың тұжырымдарын ортаға салды. Оқу орнында Мағжан Жұмабаев атындағы дәрісхана бар. Студенттер 2010 ж. ашылған дәрісханадағы стенд және әдеби кітаптар арқылы ақынның өмірі және шығармашылығымен таныса алады.

МАНСҰРОВ Тайыр (1.1.1948) – мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, ғалым, зерттеуші. Саяси және экономика ғылымдарының докторы. Л.Н.Гумилев атындағы Халықаралық шығармашылық академиясы сыйлығының лауреаты. 1971 ж. Қазақ политехникалық институтын (ҚазҰТУ), 1978 ж. Алматыдағы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын Алматы қаласының құрылыс ұйымдарында инженер болып бастаған. Алматы, Қарағанды, Мәскеу қалаларының мемлекеттік басқару органдарында басшы қызметтер атқарды. 1973 – 1979 жж. – Алматы қалалық және Алматы облыстық комсомол комитетінің хатшысы, 1979 – 1987 жж. – Алматы облыстық партия комитетінің құрылыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі, кейіннен Ленин аудандық партия комитетінің 1-хатшысы, 1988 – 1991 жж. – КОКП ОК-де құрылыс бөлімінің нұсқаушысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің 2-хатшысы, КОКП ОК-нің экономика бөлімінің сектор меңгерушісі, 1990 – 1994 жж. – КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан және Ресей парламентаралық комиссиясының үйлестірушісі, 1991 – 1993 жж. – Мәскеу қаласындағы «Қазақстан» даму қорының президенті, 1994 – 2002 жж. – РФ-дағы Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі (1996 – 2002 жж. Финляндия республикасындағы Қазақстан елшісі қызметін қоса атқарған), 2002 – 2003 жж. – ҚР СІМ-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі әрі ҚР Президентінің кеңесшісі, 2003 – 2007 жж. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметтерін атқарды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Бас хатшысы, Еуразиялық экономикалық комиссияның Энергетика және инфрақұрылым министрі болды. М. Солтүстік Қазақстан облысын басқарған кезде де өзін руханият жанашыры ретінде көрсете білді. Нақ

осы кезеңде оның қолдауымен Ж. туралы төрт кітап жарық көрді. «Мағжан» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналының жарық көруіне қолдау жасады.

М. «Егемендіктің шырайы» (қазақ және орыс тілдерінде, 1994 ж.), «Қазақстан және Ресей. Егемендік, ықпалдастық, стратегиялық серіктестік тәжірибесі» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 1997 ж.), «Өзгерістер дәуіріндегі Қазақстан – Ресей қатынастары» (2002 ж.) монографияларының, аса көрнекті дипломат және мемлекет қайраткері Нәзір Төрекұлов туралы бірқатар ғылыми және әдеби-көркем кітаптардың авторы.

МАНСҰРОВА Сәуле – әдебиет зерттеушісі. Алматы обл. Панфилов ауданында туған. Қазақ политехникалық институтын инженер-экономист мамандығы бойынша тамамдаған. Қазақстанның Түсті металлургия министрлігінде, КСРО-ның солтүстік-батыс аудандарындағы (Мәскеу қ.) құрылыс министрлігінде қызмет істеген. «Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі», «Құрмет» орденімен, Ресей тіл академиясының Пушкин медалімен марапатталған. Мәскеудің «Русский раритет» баспасынан Ж-тың таңдамалы шығармалар жинағын шығарды. С. Мансұрова Ж. туралы: «Қазақ халқының даңқын шығарар, абыройын асқақтатар арыстары аз емес. Бір байқағаным, солардың бәрін, әсіресе, бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Осы жай мені ойға жетелеп, бүкіл әлем тануға тиіс Абай бастаған ұлыларымыздың шығармаларын насихаттауға

Мансұрова Сәуле

өз үлесімді қоссам деген ниет қолыма қалам алдырды. Ұлы ойшыл, өр тұлға шығыс және еуропа мәдениеттерінің арасындағы алтын көпірге айналды», – деп жазды. С. Мансұрова Ж-тың таңдамалы жыр жинақтарын құрастырып шығарды. Мәскеу, 2005, Мәскеу, 2006).

МАРҒҰЛАН Әлкей (11.5.1904, Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 12.1.1985, Алматы қ.) – әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы. Филология ғылымдарының докторы (1945), Қазақстан ғылым академиясының академигі (1958), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Оның редакциясымен Шоқан Уәлиханов шығармаларының 5-томдық толық академиялық жинағы жарық көрді. Педагогика саласында М-ның фольклор бойынша зерттеулерінің маңызы зор. Тұңғыш рет халық педагогикасының біртумалары шоғырланған Қазақ халқының аңыздарын, ертегілерін, жырларын жанжақты зерттеді.

М. бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. Семей педагогикалық техникумының

Марғұлан Әлкей

студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында (1921 – 1925) қызмет атқарған. Осы жылдары ол М.Әуезовпен, М.Жұмабаевпен танысты. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы Шығыстану институтының түркітану және тарих-филология факультеттерінде (1925 – 1929) қатар оқыды. М. академик А.Е.Ферсман мен профессор С.И.Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археология және этнография экспедицияларының (1926 – 1927) жұмысына қатысты. Экспедиция кезінде Ә.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады.

М. 1928 ж. қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. Терминология комиссияның ғалым-хатшысы (1930 – 1931), Ленинград қаласындағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты (1931 – 1934), Шығыстану институтының оқытушысы (1931 – 1935), Мәскеу қаласындағы материалдық Мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері (1936 – 1938) болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысты. КСРО ғылым академиясының қазақ бөлімшесі Тарих институтының аға ғылыми қызметкері (1939 – 1941) болды. Оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев» (1940 – 1941), т.б. еңбектері жарық көрді. М. 1941 ж. КСРО ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында (1943) көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докторлық диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі саналды. Археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкері (1946 –1953), Қазақстан ғылым академиясының Архитектура құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері (1953 – 1955) болды, кейін этнография бөлімін (1958 – 1976) басқарды. Осы жылдары М. Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында казба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» аталатын монографиясын (1950) жа-

риялады. К.Акышев, М.Қадырбаев, М.Оразбаевпен бірге Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық казба жұмыстарының корытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (1966) атты ғылыми-зертханалық еңбегін жазып, кітаптың редакциясын баскарды.

М. – коркыттанушы. Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыккан данагөй абыз, жырау, күй атасы, казак баксыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қ. мұрасын зерттеді.

М. «Қазақ халкының көне замандағы акындык өнерінің шеберлері» атты еңбегінде (1959) казак халкының эпикалык жыр дәстүрін дамыткан акындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге токталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айкындады. Еңбектегі ғылыми тұжырымдар танымдык терендігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанак, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді акындар шығармашылығы талданады. М-ның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер молынан кездеседі. Ол сонымен катар кырғыз халкының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеулер ісінің дамуына үлес косты. Кырғыз эпосын дүниежүзіне алғаш таныстырған Ш.Уәлиханов, кенес заманында бастапкы зерттеулерді жүргізген Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шокан және Манас» атты монографиясында жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі кызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты.

М. 1976 – 1984 жж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми кызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша казак даласының ен шалғай аудандарына бірнеше археологиялык және этнографиялык экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазакстанды зерттеуші орыс ғалымдарының казак даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыкка сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 1940 жылдардың аяғында бірнеше рет саяси кудалауға түсті, кейін де ұдайы саяси бакылауда болды, ғылыми ортаның кейбір кисынсыз сындарына ұшырады.

М. тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (колданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына катысты 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялык макалалар жазды, сонымен катар казакстандык этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. М-ның ғылыми еңбектерінің біркатары шетел тілдеріне аударылды. 1991 ж. Қазакстан ҰҒА-ның Тарих, археология және этнология институтындағы археология орталығының негізінде Марғұлан атындағы археология институты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезказған калалары мен Онтүстік Казакстан облысында, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер М. есімімен аталады.

Ж. алғаш рет сотталып, жазасын өтеп жүргенде, сол кезде Ленинградта оқитын М. ақыңа озек жалғайтын тамақ жеткізіп беріп тұрыпты. Зылиханың тұрмысына да сүйеу болыпты. Зылиха барлық қаражаты мен бұйымдарын ұрлатып алғанда М. 25 сом көмек беріпті. Ол кездегі ақшаның құнына шаққанда комақты қаржы. Өзі «қалпақ астында» жүріп халық жауына жолығуы – ерлік. Ж. екінші рет ұсталғанда тергеушілерге: «Маған досым әрі жанашырым Әлкей Марғұланов келіп тұрды», – деп жауап беріпті.

Бірақ жас жігіттің «шизофрениямен ауырып, психологиялық ауруханаға түскенін» айтады. Ж. жауабында (1937 ж.) көрсетілген кісілердің тізімін жасағанда тергеуші, М. атыжөнінің тұсына «өлді» деген белгі соғыпты.

МАРКОВА (а.ж.т.к.ж.б.), Омбы облысы мемлекеттік архивінің басшысы (1959 – 1960). Түркістан Әскери округінің әскери прокуроры бір жыл бойы жан-жақтан, қауіпсіздік органдарынан, түрлі архивтерден, бір шеті Омбыдан Қиыр Шығысқа дейін Ж-тың, басқа да қазақ зиялыларының жапондармен байланысы болды ма деп сұрау салды. Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архиві, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының Омбы, Қиыр Шығыстың архивтерінен ақынға ненің жасауындай кінә тағатын факті табылмады. «Омбы облысының мемлекеттік архиві Алихан Бөкейханов пен Мағжан Жұмабаевтың және басқа сұрау салынған азаматтардың жапон барлау органдарына қатысты болғанын дәлелдейтін деректер жоқ екенін хабарлайды» деген қатынас қағазға бөлім басшысы Поповамен бірге Маркова қол қойған.

«МАРКС БЕН ЛЕНИН» – кітап. Авторы Горов. Қазақшаға аударған Мағжан Жұмабаев. 1926 ж. Мәскеуде шыққан.

МАРСЕЛЬСКИЙ (а.ж.т.к.ж.б.) – қауіпсіздік органының қызметкері. Қуғын-сүргін заманында біреуді қамауға алып тергеу үшін алдымен анықтама жазатын тәртіп болған. Ж-ты ұстау жөніндегі анықтама 1937 жылдың 26 желтоқсанында жазылған. Жазғандар НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының үшінші бөлімі бастығының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің аға лейтенанты Марсельский, сол орында істейтін лейтенант Латыпов. Анықтаманың жазылу мәнеріне, ондағы деректердің шындыққа еш жанаспайтындығына қарағанда, Марсельский мен Латыповтың қазақ мәдениеті мен әдебиетінен еш хабарсыз екені бірден көзге түседі. Әу дегенде М. Жұмабаев 1917 ж. «Бірлік» деген контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған делінеді. Мұның шындыққа қандай жанасымы бар? «Бірлік» атты қазақ оқушы жастарының Омбыдағы қоғамы 1917 жылға дейін ұйымдастырылғаны, оның «Балапан» атты журналының редакторы Мағжан Жұмабаев болғаны мәлім. Қазан төңкерісінен бұрын құрылып, тарап кеткен ұйым қалайша Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйым болмақшы?

Тергеушілердің одан әрі жазғандары тіпті сорақы. Мағжанды 1922 ж.

Байтұрсынов астыртын ұйымға тартты деп жазады. Тергеушілердің Байтұрсынов есімін еске алуы шындық үшін емес, жала жабу үшін, өз құрбанын жексұрын етіп көрсету үшін қажет болған. Өйткені, осының алдында ғана, анықтама жазылардан 18 күн бұрын, 1937 жылдың 8 желтоқсанында Байтұрсынов Ахмет НКВД түрмесінде о дүниеге аттандырылған болатын. Бұдан әрі карай тергеушілер анықтамасында Ж-тың алғашқы сотталуы еске алынады. 1929 ж. контрреволюциялық ісі әшкереленіп, 10 жыл концлагерьде отыруға кесілгені айтылады.

«МАХАББАТ НЕ?» – Ж-тың өлені. Акын жинактарының бесеуіне де енген.

МАХМУДОВ Хайрулла (3. 5.1909, Орынбор обл., Тасты ауд. – 1983), тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы (1970), профессор (1971). А. Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетін бітірген (1937). 1942 – 1943 жж. Кенес әскері катарында болды. «Лексика древнерусских памятников XI – XIV вв.» деген такырыпта кандидаттык (1937), «Русско-казахские лингвостилистические связи» такырыбында докторлык диссертациясын корғады. Ұзак жылдар бойына әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де орыс филология кафедрасының менгерушісі болып кызмет аткарды. М. 30-дан астам ғылыми еңбектің авторы.

Алпысыншы жылдары Казакстан жазушыларының бір кезекті съезінде Ж-ты жоктап сөйлемекші болады. Жиналғандар назарына Мағжан туралы Татарстанда, Әзірбайжанда, Өзбекстанда жарияланған материалдарды ұсынып, Ж-ты жарыкка шығару кажеттігін айткысы келеді. Бірак оның не айтатынын біліп отырған төралка басшылары оған сөз бермейді. Билік М. баяғы ұлтшыл Ж-ты жоктап жүр, алашордашыларды тірілткісі келеді деп, соңына түседі. Кейін М. бұл мәселені университеттің ғалымдар кенесінде де көтереді. Осы жиынға Мағжанның жесірі Зылиханы ертіп келеді. Алайда, М-тың әлеуметтік пікір козғау аркылы шындыкка жету әрекеті, Мағжан шығармаларын орыс тіліне аударып, бастыру аркылы акиқатты – Ж-тың кылмысы жоктығын, заңды түрде 1960 ж. акталғанын дәлелдемек болған іс-әрекеті нәтиже бермеді.

МӘСКЕУ – Ресей Федерациясының астанасы. Ресейдің еуропа бөлігінің ортасында, Мәскеу өзенінің жағасында орналаскан. Климаты қоңыржай континенттік. Орташа температура кантарда –10,20С, шілде – 18,10С; жылдык жауын-шашын мөлшері 600 мм-ге жуык. Мәскеу – дүниежүзіндегі ең ірі калалардың бірі. Мәскеу XIII – XIV ғасырларда Владимир Суздаль ұлы князьдіктерінің, XV ғасырдың соңғы ширегінен 1712 жылға дейін бір орталыкка бағынған орыс мемлекетінің, 1918 жылғы наурыздан 1922 жылдың желтоксанына дейін РКФСР-дің, 1922 жылғы желтоксаннан 1992 жылға дейін КСРО-ның астанасы болды.

Ж. 1923 ж. РСФСР (КСРО) Оқу халық комиссары А. Луначарскийден шакырту алады. Сөйтіп, Түркістан республикасының квотасымен мемлекеттік стипендия алатын болып,

Мәскеуге келіп, онда Шығыс коммунистері университетінде шығыс әдебиетінен сабақ береді.

Ақын Мәскеу қаласында үлкен мағыналы өмір сүрді. Жаңа шығармалар жазумен бірге педагогикалық қызметінен де қол үзген жоқ. Астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университеті оны қазақ тілі мен әдебиет пәнінен лекция оқуға шақырды.

Ж-тың «Сауатты бол» (үлкендерге арналған оқу құралы) кітабы 4-ші рет 1929 ж. М-де басылып шықты. Ж. М-де оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылғы 24 қарашада М. қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Ж-тың 1922 ж. казанда, 1923 ж. Ташкентте басылып шыккан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 ж. 14 ақпандағы санында басылды. Мәскеуде болған 3.5 жылда Ж. орыс және Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Жоғары әдеби-көркемөнер институтының басшысы В.Я. Брюсовпен бірнеше мәрте кездесіп әңгімелеседі. Брюсов та Мағжан өлеңдерімен танысады. Ақын, сонымен қатар ағылшын, неміс тілдеріндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ырғақ табу жүйесімен егжей-тегжейлі танысады. Луначарскиймен бірнеше рет кездесіп, пікірлеседі. Ерте уақытта өткен Бердяев, Соловьев секілді киялшыл философтардың көзқарасымен танысып, өзінің ойлау шеңберін, шеберлік жолындағы ізденістерін әрі соны, әрі күрделі жолға салып алады. «Жерлестік» ұйымының қаулысынан кейін де Ж. шығармашылығын тоқтаткан жоқ. Ол Мәскеуде бірсыпыра жаңа өлеңдер шығарды. Ақынның М-дегі үлкен олжалары – «Жүсіп хан», «Өтірік ертек», «Толғау», «Тоқсанның тобы» поэмалары. Бұл еңбектерде оның жаңа өкіметке ниеттестігі айқын байқалады. Бұлардан басқа М-де ақын «Шын ертек», «Қаныш бай хиссасы», «Жылқышы», «Қарындастар», т.б. өлеңдерін баспасөз бетінде жариялады. Ж-тың балаларға арналған бір топ өлеңдері («Абай», «Ақ қала», «Жұбату», «Ата-баба», «Жылқышының үйінде», «Сұр құлын», «Сылдырмақ», т.б.) «Жаңа мектеп» журналында басылды. Ж. М-де тұрған кезінде аударма жұмысымен де көп айналысты. Жаңа өмір сырына қанығу үшін ол Лениннің шығармаларын аударуға кіріседі. 1924 – 1927 жж. аралығында ол Лениннің «1905 жыл», «Қара шаруа туралы», «Париж коммунасы», «Февральдан октябрьге бет алдық», т.б. еңбектерін казақ тіліне аударып, жеке-жеке кітапша түрінде бастырып шығарды. Сонымен катар Кеңес өкіметінің саясатын түсіндіретін марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін насихаттайтын бірсыпыра саяси әдебиет құралдарын қазақшалап, кітап шығарды.

1927 ж. көктемде ақын М-дегі оқуын тамамдап, туған еліне оралды.

МӘУЛЕНОВ Сырбай (17.9.1922, Қостанай обл., Жангелдин ауд. Торғай кенті – 1993, Алматы к.) – ақын, Қа-

Мәуленов Сырбай

зақстанның халық жазушысы. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. 1943 – 1950 жж. Қостанай облыстық радиокомитетінде редактор, «Большевиктік жол» газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1951 – 1955 жж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редакция меңгерушісі, 1957 – 1961 жж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, 1964 – 1971 жж. «Жұлдыз» журналының, 1971 – 1977 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды.

Тұңғыш өлеңі Жамбыл облысы «Колхозшы» газетінде 1937 ж. жарияланса, «Өлеңдер» атты алғашқы жинағы 1948 ж. жарық көрді. Қырыққа жуық жыр жинақтарының авторы. «Таңдаулы өлеңдер» атты таңдамалысы (1958), «Шаңқай түс» жинағы (1966), «Таңдамалылары» (2 томдығы, 1972), 1982 – 1984 жж. үш томдық шығармалар жинағы басылып шықты. Оның «Жаңа көктем» (1956), «Дала таңы» (1957), «Көгілдір таулар» (1964), «Жер нәрі» (1970), «Апрель жапырақтары» (1972), «Таңдамалы лирикалары» (1972), «Жапырақтар жанады» (1972) өлеңдер жинақтары орыс тілінде Мәскеуде басылды. Орыс және туысқан халықтар әдебиеті шығармаларын қазақ тіліне аударды. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1970). Алматы қаласындағы орталық көшелерінің біріне есімі берілген.

М. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сұрауы бойынша Ж-тың Қазан төңкерісіне дейін және кейін жарық көрген шығармаларының, жырларының, романдарының, мақалаларының, очерктерінің және аударма шығармаларының идеялық бағыты туралы қорытынды жасау үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы ғалымдар мен жазушылар есебінен құрған топтың мүшесі болған. Осы топ 1960 ж. мамырдың 19-ында «өте құпия» түрде мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне былай деп хабарлаған: «Сіздердің өтініштеріңіз бойынша жазушылар мен әдебиетшілердің бір тобы 1938 ж. сотталған Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасымен үстірт танысып шықты... Артында қалған жырларына келетін болсақ, тұтас алғанда өзінің идеялық негізінде буржуазиялық-ұлттық, демек, контрреволюциялық сипатта болған». Нақты себебі белгісіз М. әзірленген қорытынды құжатқа қол қоймапты.

Ж. Сүлейменов.

«М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА» – Ж-тың өлеңі. Ақынның «Жауға түскен жанға» өлеңімен үндес шығармасы. 1922 жылдан кейінгі жинақтарының бәрінде бар.

МЕЛЕХИН Михаил Максимович (1945, Украина, Полтава обл.,) – тарихшы, өлкетанушы. Томск мемлекеттік университетін бітірген. 1968 – 1975 жж. Петропавл ауыр машина жасау зауытында инженер, конструкторлық бюроның басшысы болған. 1975 – 1989 жж. облыстық партия комитетінің Саяси ағарту үйінде қызмет атқарған. 1989 – 1993 жж. партия мұрағаттарының бас мұрағатшысы, 1993 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін облыстық мемлекеттік мұрағат құжаттарын пайдалану мен жариялау бөлімінің меңгерушісі болды. М. өлкетану саласында көптеген зерттеулер мен іздестіру жұмыстарын жүргізіп, облыс тарихына байланысты 100-ден астам еңбек жазды.

М. Мелехин Ж. ақталғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Северный Казахстан» газетінде (2003, 25 маусым) «Хранить до особого распоряжения», «Панорама недели» газетінде (2003, 28 наурыз) «Магжан Жумабаев в Петропавловске», «Республика. Kz» басылымында (2008, 17 маусым) «Свидетельствуют архивы: биографические сведения о Магжане Жумабаеве», Солтүстік Қазақстан облыстық «Северный Казахстан» газетінде (2008, 17 наурыз) «Собрать по крупицам... жизнь: 115 летие М.Жумабаева» деген мақалаларын жариялап, жерлестерін ақиық ақынның өмірімен және шығармашылығымен таныстыруға өз үлесін қосты. М-нің Ж. туралы жазған «Неизвестная страница биографии» деген мақаласы «Трагедия и прозрение» жинағына (Петропавл, 2002) енген.

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» – Ж-тың өлеңі. Ақынның бұл өлеңін ақ патшаға қарсы жазылған шығармалар цикліне жатқызуға болады.

«Айбынды алаш елім дер,
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!» – деп ақын «Алаш атын аспанға» шығаратын, өзінің қайдан тарағанын таныпбілетін бүгінгі ұрпаққа ой тастайды. Қазақтың газет-журналдары шығып тұруы, қазақ жастарының жұмыла оқуға кіріскені, олардың әр қалада мәдениет ағарту ұйымдарын ашып, кеңес құрып, ұлт мәселесіне, баспасөзге араласуы Мағжанның ұлтқа деген сүйіспеншілігін күшейтеді. Жастардың жігері, талабы ақынды да жігерлендірді, ол жастарға сенеді, жастардан таудай үміт күтеді.

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» – Қарағанды облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ақынның туғанына 120 жыл толуына орай ұйымдастырған шарасы. Облыс орталығындағы С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында өткен мүшәйраның ақтық кезеңіне 12 ақын қатысты. Ал барлығы мүшәйраға облыстың барлық аудандарынан қырықтан астам үміткердің өлеңдері келіп түскен. Ақтық сында оза шауып, бас жүлдені Жәнібек Әлиман еншілесе, одан кейінгі екінші жүлде Қуаныш Медеубаевқа бұйырды, үшінші орынды Рауан Қабидолдин иеленді. Сондай-ақ, Қарағандының «Болашақ» университеті тағайындаған бес арнаулы сыйлық бес ақынға табыс етілді. Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлық – Мирас Асанға,

Міржакып Дулатов атындағы сыйлық – Дидар Әлімбековке, Жакып Акбаев атындағы сыйлық – Айзада Рахымжановаға, Әлімхан Ермеков атындағы сыйлық – Ерболат Куатбекке, Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлық Кәмшат Хасеноваға тапсырылды. Тағы төрт акынға ынталандыру сыйлығы берілді.

«МЕН КІМ?» – Ж-тың өлені. – алғаш Казан басылымында жарық көрген.

«МЕН СОРЛЫ» – Ж-тың өлені. Алғаш «Шолпан» жинағында жарық көрген. 1989 жылғы басылымда «(Шәкірттің зары)» дейтін такырыпша алынып калған. Сондай-ак, бір-екі жолы өзгерген. Атап айтканда, «Алла-ау, көрсеттің кысым» деген жол «Көрсеттің, Алла, сен кысым» болып, «Окуға бермей кинанын» деген жол «Окуға акша кимадын» болып өзгерген. Кейін түпнұска калпына келтірілген.

«МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ» – Ж-тың өлені. Акынның орыс, Европа символистерімен үндесе отырып жазған трагедияға толы бұл өлені әуелі сүйген жары Зейнеп, одан соң сүйікті ұлы Граждан мезгілсіз кайтыс болғаннан кейін жазылған деуге негіз бар. Өйткені, өлеңде періште күйінде о дүниеге аттанған жас нәресте, жаска тұншығып өлген «Бетінен алма кан тамған, тілінен тәтті балы тамған» жас сұлу образдары бар. 1992 жылдан баска жинактарының бәріне енген. Өлеңнің композициясындағы тазалык пен сұлулык окушыны еріксіз жетелеп отырады. Өлімнің кімдерді, нелерді әлдилегенін, оған желдің калай үн косканын кайталау – өлеңге канат бітіргендей ұшырып отырады. Соның әрбір біткен шумағына акын өз сезімін, көніл-күйін табиғи түрде косактап жырлайды:

«Өлім күйі – тәтті күй,
Балкиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле».

Осы рефрен тұтас бір жырдың бойындағы найзағай секілді. Кайталанған сайын сол жыр жана куат тапкандай күшейе береді.

МЕРЕЖКОВСКИЙ Дмитрий Сергеевич (2. 8. 1866, Санкт-Петербург – 9.12. 1941, Париж к.) – орыс жазушысы, акын, әдебиет сыншысы, аудармашы, тарихшы, діни философ, коғам кайраткері. М. тарихка орыс символизмінің негізін калаушылардың бірі ретінде енген. Ж. орыс акынының шығармаларымен жаксы таныс болған, оның «Дети ночи» (1896) деген өлеңіне жауап ретінде бірнеше өлең жазған.

Ж. өзінің «Пайғамбар» деген өлеңіне М-дің

«Устремляя наши очи
Дети скорби, дети ночи
На бледнеющий Восток,
Ждем, не придет ли наш пророк», –

деген жолдарын эпиграф ретінде алған.

«МЕШІТ ҺӘМ АБАҚТЫ» – Ж-тың өлені. 1992 жылғы жинакта жок, баскасында бар. Бұл өлеңінде акын адамгершілік, атеистік такырыпты козғайды.

«МЕЩАН ОРМАНЫ» – Петропавл каласының солтүстік бөлігіне жакын орналаскан орман. XIX ғасырдың екінші жартысында Мещан сословиссінің өтініші бойынша Петропавл

думасы қалаға жанаса орналасқан орманды шаруашылық қажетіне пайдалануға ұйғарады. Содан бері орман «М.о» деп атала бастады. «М.о-ның» басқа ресми аты – «Қалалық орманды саяжай». Оны қала тұрғындары әртүрлі жарыстар, табиғатты танып-білу жөніндегі экскурсиялар, т.б. дәстүрлі ойындар өткізеді. Мағжанның ағасы Қаһарманның ұлы Ғадылша өзінің «Жәжеке» (А., «Қазығұрт», 2005) деп аталатын кітабында: «Демалыс күндері Жәжекем, Зылиха жеңгей үшеуміз қаладан 10 километр жердегі «Мещан» ағашына ат арбамен барып қайтатынбыз. Ағаштың көленкесінде бізден бұрын барып, аттарын доғарып, алка котан болып отыратын көп азаматтар Жәжекемді күтіп отыратындай көрінуші еді», – деп жазды.

МИРЗОЯН Левон Исаевич (1897, Гянджа губерн., Шушинск уезі Ашан ауд. (қазіргі Әзірбайжан республикасы, Таулы Қарабақ) – 26.2.1939) – мемлекет қайраткері. 1912 ж. Бакудегі төңкерісшілдер қозғалысына қатысты. 1917 – 1918 жж. Баку кеңесінің мүшесі болған. 1918 жылғы 31 шілдеде Бакуде Кеңес өкіметі құлағаннан кейін Закавказьеде жасырын жұмыс жүргізген. 1920 – 1925 жж. кәсіподактардың Әзірбайжан кеңесінің төрағасы. Әзірбайжан КСР Еңбек халкомы. 1925 – 1929 жж. Әзірбайжан коммунистік партиясы ОК-нің хатшысы қызметінде болды. 1929 – 1933 жж. БК(б)П Пермь округі кеңесінің, Орал облысы кеңесінің 2-хатшысы болған. 1933 жылғы қаңтардан БК(б)П Қазақ өлкелік партия кеңесінің, 1937 жылғы маусым – желтоқсан аралығында Қазақстан Коммунистік партиясы ОК-нің 1-хатшысы қызметінде болды. Қазақстанда 1931 – 1933 жж. Ф.Голощекин ұйымдастырған ашаршылық салдарын жою мақсатында жүргізген шаралары үшін қазақ халқы оны «мырзажан» деп құрмет тұтқан. Мирзоян басшылық еткен кезеңде Қазақстан мәдениеті алға дамыды. 1934 ж. ҚазМУ ашылды, 1936 ж. Мәскеуде Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтті. 1938 ж. алғашқы қазақ кино туындысы – «Амангелді» экранға шықты. 1936 ж. Қазақ АКСР-і РКСФР құрамынан шығып, жеке одақтас республикаға айналды. Ол саяси қуғын-сүргінге ұшырап, КСРО Жоғарғы соты әскери алқасының шешімімен ату жазасына кесілген. 1955 жылғы 10 қарашада акталды.

Ж. 1937 ж. Алматыға келісімен С.Мұкановка жолығады. С.Мұканов оны сол кездегі Қазақстанның басшысы, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Левон Мирзоянға апарып жолықтырады. Мирзоян: «Несі бар. Келе берсін. Жағдай жасаңдар. Әне, Әуезов сияқты. Театрда істейді. Сабақ береді. Жазуын да өндіріп жазып жүр», – деп Ж-тың Алматыда тұрып, шығармашылықпен айналысуына қарсылық білдірмейді.

МИРОШНИК Виктор Михайлович (7.7.1937, Черкасск обл., Тилипино дер. – 30.3.2016) – әскери қызметкер. М. 1956 ж. Кировоград қаласындағы құрылыс техникумын бітірген соң әскери қызметте болған, кейін құрылыс саласында инженер болып

істеді. 1962 жылдан оқытушы және СОКП аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі, екінші хатшысы қызметтерін атқарып, 1970 ж. СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін тамамдаған.

1970 ж. МХК-не ауысты. 1972 – 1974 жж. – Иркутск облыстық МХК-і басқармасы бөлім бастығының орынбасары, 1974 – 1978 жж. – Иркутск облыстық МХК-і басқармасы Ангарск қалалық бөлімшесінің бастығы, 1978 – 1982 жж. – Чарджоу облыстық МХК-і басқармасының бастығы, 1982 – 1986 жж. – КСРО МХК-і инспекторлық басқармасының аға инспекторы, 1986 жылдың 9 ақпанынан 1990 жылдың 28 ақпанына дейін Қазақ КСР МХК-нің төрағасы. 1990 – 1991 жж. – КСРО МХК-і инспекторлық басқарма бастығының бірінші орынбасары., 1992 – 1993 жж. – РФ Қауіпсіздік министрлігі жедел штабының бастығы, 1994 жылдан жеке компанияның президенті болған.

М. Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде Қазақстан Компартиясының орталық комитеті құрған комиссияның отырысында Алаш арыстарын ақтауға қарсылық білдірген.

МОМЫШҰЛЫ Бауыржан (24.12.1910, Жамбыл обл., Жуалы ауд. Көлбастау а. – 1982, Алматы қ.) жазушы, әскери қайраткер Кеңес Одағының Батыры. ҚР Халық Қаһарманы. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976). Шымкенттегі жетіжылдық интернатты бітірген (1928) соң бастауыш мектеп мұғалімі, ауатком хатшысы, милиция бастығы болды. 1932 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды. Қызметін өтеп қайтқан соң Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істейді. 1936 ж. Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітіріп, Қызыл Армия қатарына қайта алынады, взвод, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі, ал 1941 ж. Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы. Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен 316-атқыштар (кейіннен 8-гвардия) дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанды. Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдары (1944 – 1945) осы дивизияны басқарды. Соғыс кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, батырлық атак-даңқы аңызға айналды. 1952 ж. Кеңес армиясы Бас штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітірді. 1950 – 1956 жж. әскери академияда сабақ берді және тұрақты әскери қызмет атқарды. 2000 ж. «Жазушы» баспасынан шығармалары жинағының екі томдығы шықты. Шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылған.

Оның қаһармандық ерлігі туралы орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (1947, 1960, 1962, 1988; қазақ тілінде «Арпалыс» – 1948, 1959, 1977, ауд. Қ.Сағындықов) повесінде жан-жақты жазды. Б.Момышұлының өміріне арналған Ә.Нұршай-

Мұқанов Қайролла

ыковтың «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-дилогиясы жарық көрді. «Қазақфильм киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967) көркем фильмін түсірді. Бертін бірқатар қаламгерлер Бауыржан Момышұлы 1938 ж. атылды деген Ж-тың түрмеде отырғанын көріпті, әңгімелесіпті деп жазды. Алайда, бұл жөнінде нақты дерек жоқ. Б. М-ның өзі де ештеңе жазып қалдырмаған.

МҰҚАНОВА Гүлнәр (1963, Солтүстік Қазақстан обл., Шал ақын ауд. Городецкое а.) – ғалым. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін тамамдаған. Жиырма жылдан астам уақыт М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде еңбек етті. Кандидаттық дисертациясын Ресей Ғылым академиясының шығыстану институтында қорғаған. 2005 – 2011 жж. Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының әлеуметтік-мәдени сала бөлімінің басшысы, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары, Петропавл қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды. 2011 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істейді. Стратегиялық талдау және жобалау орталығының директоры, редакторлық-баспа ісі мен дизайн кафедрасының доценті, журналистика факультетінің ғылыми хатшысы, халықаралық «Айқап» журналының жауапты редакторы. Ондаған публицистикалық, ғылыми-танымдық мақалалардың, монографиялардың, оқулықтардың авторы.

Г. Мұқанова Ж. туралы «Миржакип и Магжан» «Мағжан» журналы (2008, №2), «Жумабаев. Аналитик социума» «Проспект СК» газеті (2008, 20 маусым), «Завещаю жить» «Северный Казахстан» газеті (2008, 20 маусым), т.б. мақалалар жазған.

МҰҚАНОВ Қайролла (26.9.1932, Солтүстік Қазақстан обл., Тимирязев ауд. Ынтымақ а.) – тарихшы, өлкетанушы. Мәдениет қайраткері. Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық университеті) тамамдаған. 1958 ж. Тимирязев ауданындағы Хрущев (Комсомол) орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1959 ж. қазіргі Шал ақын ауданындағы Городецк сегізжылдық мектебінің директоры, 1971 ж. облыстық білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1995 – 2001жж. облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында аға оқытушы болып жұмыс істеген. 2001 – 2016 жж. Облыстық мұражай бірлестігі жанындағы «Асыл мұра» орталығының ғылыми қызметкері болды. М-тың қатысуымен «Тоқсан би», «Қожаберген жырау», «Арманды ақын», Ж. туралы «Жыр жұлды-

зы», т.б. кітаптары жарық көрген. Қ. Мұқанов Ж-тың ұстаздығы, ақын өмірінің Омбы мен Мәскеу қалаларындағы кезеңдері туралы сериялы мақалалар жазған. Қ. Мұқанов – Ж. туралы «Ақын ізі, след поэта» кітабының авторы. Оның орыс тілінде «Болдинская осень Магжана», (2008, 14 наурыз), «Волшебным ключом открывая мир» (2004, 25 маусым),
«Есть душа, что свечу в урагане найдет», (1998, 24 маусым), «Не умрет мое, не умру и я» «Ленинское знамя» (1993, 29 сәуір) газетінде, «Магжан в Петропавловске» (2003, №8), «Панорама недели» газетінде «Магжан в Ташкенте», (2003, 5 қыркүйек) мақалалары жарияланды.

МҰҚАНОВ Сәбит (22.4.1900, қазіргі Солтүстік Қазақстан обл., Жамбыл ауд. Сәбит а. – 18.4.1973, Алматы қ.) – жазушы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Қазақ КСР Халық жазушысы. 1956 – 1966 жж. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің мүшесі болды. Әлденеше рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Бүкілодақтық бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі болды. Абай атындағы республикалық Мемлекеттік сыйлықтың және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. 2000 ж. туғанына 100 жыл толу мерекесі ЮНЕСКО деңгейінде тойланды.

М. ата-анасынан жастай жетім қалып, жалшылықта болады. Ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Ел аузындағы жыр-толғауларды, кисса-дастандарды жаттап алып, мақамдап айтып үйренеді. 14-15 жасынан өлең-жырды өзі ауызша қиыстырып та, жазып та шығара бастайды. 1918 – 1919 жж. Омбыдағы оқытушылар курсында білім ала жүріп, М.Жұмабаевқа хатшысы болып, оның педагогикалық курс тарихынан оқыған дәрістерін қағазға түсіреді. Өзі де алғашқы өлеңдерін Мағжанға оқып беріп, ақындық өнерін шыңдайды. М. оқуын бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болды. 1920 жылдың жаз айында Ж-тың жетекшілігімен оқытушылар курсы қайта ашылып, күзге дейін сонда оқуын жалғастырады. 1921 ж. Коммунистік төтенше әскери бөлімнің жауынгерлері қатарына қосылды. 1921 – 1922 жж. әртүрлі қызметтер атқарады, ел арасында астық жинау жұмысын жүргізді, Ақмола губерниясы ГПУ-дің Көкшетау болысындағы жедел уәкілі және РК(б)П Ақмола губерниялық комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. 1922 ж. Орынбордағы жұмысшылар факультетіне (рабфак) түсіп, оны 1926 ж. тамамдады. 1926 – 1928 жж. баспасөз орындарында қызмет атқарды: «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы болды. 1928 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, аз уақыттан соң отбасы жағдайына байланысты Петропавл қаласына келіп, «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және жазушылар бөлімінің жетекшісі болды. 1930 ж. жергілікті ақын-жазушылар шығармалары негізінде «Жарыс» атты альманах шығарып, Қазақстан-

Мұқанов Сәбит

ның әр жеріндегі шығармашылық ұйымдарға үлгі көрсетті. 1932 ж. Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөліміне түсіп, оны 1935 ж. бітіреді. 1935 ж. республикалық «Кеңес ауылы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы қызметін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағын (1936 – 1937, 1943 – 1951) басқарды, ҚазПИ-де (1937 – 1941, қазіргі ҚазҰПУ) профессор болып, қазақ әдебиетінен дәріс оқыды. Осы кезеңде М-қа «Алашорда ақыны Ж-қа қамқорлық көрсетті, С.Сейфуллин бастаған ұлтшылдар тобында болды, ымырашылдыққа барды» деген айыптар тағылып, саяси сенімсіздік көрсетілді.

М. қазақ әдебиетінің барлық жанрында өндіре еңбек етті. Алғашқы өлеңдері мен поэмалары, мақалалары мен әңгімелері 1922 ж. жариялана бастады. 1926 – 1927 жж. үш жинағы шықты: «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Октябрь өткелдері» поэмалары, «Ақбөпенің сыры» повесі, 1928 ж. «Сұлушаш» дастаны жарық көрді. 1931 ж. жарияланған «Адасқандар» романы қайта өңделіп, 1959 ж. «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта басылып шықты. 30-жылдарда «Жұмбақ жалау» романын (2-басылымында және орыс тілінде «Ботакөз») жазды. Роман сол кездегі КСРО халықтарының көптеген тілдеріне және бірқатар шетел тілдеріне аударылып басылды. Романға негізделіп пьеса жасалып, Қазақстан театрларының сахнасына шықты, кинофильм түсірілді. «Өмір мектебі» трилогиясы – шығармашылығының сүбелі туындысы. Ұзақ жылдар бойы қазақтың XIX ғасырдағы ойшыл-демократы, ағартушы ғалымы Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармаларын терең зерттеу нәтижесінде «Шоқан Уәлиханов» пьесасы, «Жарқын жұлдыздар» атты зерттеу еңбегі туды. Шоқан өміріне негіздеп «Аққан жұлдыз» романын жазып, екі кітабын шығарды. Жазушының жоспарынша 4 том болуға тиіс бұл роман аяқталмай қалды. М. 200-ден астам әдеби сын мақалалар жазды. Қазақтың ауыз әдебиетін, батырлық және ғашықтық жырларын, айтыстарын зерттеді, фольклор және көне жазба мұраларды жинап бастырды, қазақтың XVIII – XIX және XX ғасырлардағы әдебиет тарихы мен ағартушы-демократтар шығармашылығы туралы зерттеу еңбектер жазды. 1974 ж. «Халық мұрасы» (Тарихи және этнографиялық шолу) атты кітабы жарық көрді. Ол өз ұлтының көркем мұрасын терең игерумен бірге поэзия теориясының қағидалары мен ережелеріне, өлең құрылысына жіті көңіл бөлді. Орыс символизмінің әдеби, эстетикалық және философиялық мәндерін ұғына отырып, оны өз өлеңдерінде қолдана білді. С.Сейфуллиннің «Советстаны» мен І.Жансүгіровтің «Дала» поэмаларындағы

фольклорлық ізденістерге, ұйқас, ырғақ, шумақ құрылысындағы соны өзгеріс-құбылыстарға зер салды. «Поэзия мәселесі» дейтін зерттеуінде (1933) «Маған казак өлеңінің 4 аякты, 6 аякты, 8 аякты түрлері күрделі пікір айтуға колды байлайтын секілденді. Сондыктан мен «Тұрмыс тұлпары» өлеңімнен бастап халық әдебиетінің шұбыртпалы түріне бет алғандай болдым. Маған шұбыртпалы түрдің («Қобыланды», «Алпамыс») екпіні, ырғағы 6 аяктардан күшті сияктанды. Шұбыртпалы түрдің құшағы пікір құшактауға кең тәрізденді», – деп жазады.

М. сонымен катар казак ауыз әдебиетін зерттеді, фольклор және көне жазба мұраларды жинап бастырды. Қазактың батырлык және ғашыктык жырларының жанрлык ерекшеліктері мен композициялык, сюжеттік ұқсастыктарын салыстыра отырып, олардың халық шығармашылығындағы орнын аныктады. Эпикалық жырлардың жанрлық тарихи сипаттары мен әдебиеттегі орнын белгілеуде фольклорлық мұраны жариялау, зерттеу ғылымына өзіндік үлес косты. XVIII-XIX және XX ғасырлардағы әдебиет тарихы және акын-жыраулар шығармашылығы туралы зерттеу еңбектер жазды. 1929 ж. «Еңбекші казак» газетінде «Әдебиет туралы ашык хат» жариялап, онда «Казакстанда әдебиетті зерттеу жөнінде істелген іс атымен жок, сондыктан біздің міндетіміз – аздап болса да, әліміз жеткенше, осы істелмей жаткан іске атсалысу», – деген пікірін білдірді.

М-тың казак әдебиеті туралы зерттеу нысандарын, негізінен, XVIII-XIX ғасырлардағы казак әдебиеті, Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы, XX ғасырдың басындағы казак әдебиеті деп бөлуге болады. Оның «XX ғасырдағы казак әдебиеті» (1932) атты кітабы сол кезеңдегі казак әдебиетінің шындығы мен дамуы жайында жарияланған бірден-бір еңбек болды. Еңбекте А. Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ғұмар Қараш, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Б.Күлеев, М.Жұмабаев, М.Әуезов, т.б. акын-жазушылар шығармаларына кезеңнің саяси талабына сай сыншылдык көзкарас тұрғысынан келгенімен, көркемдік тұрғыдағы озык үлгілерін шынайы бағалады. Ж. туралы «Акындык жағынан келгенде Мағжан, әрине, казактың күшті акындарынан саналады. Қазактың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп, Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан акын жок», – деп пікірін ашык жазды. «Қазактың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942, кейін тыйым салынған) атты монографиясында акын-жыраулар (Бұқар, Байток, Жанұзак, Махамбет, Шортанбай, Шернияз, Мұрат, т.б.) поэзиясы мен жыр-дастандарын, сондай-ак, атакты тарихи тұлғаларға (Абылай, Кенесары) казак халкының ұлт-азаттык күресі тұрғысынан карады.

М. казак елінің мүддесі, халык тағдыры тұрғысынан патша өкіметінің отаршылдык саясатын сынға алды. Сонымен катар ол осыған дейін бір жүйеге түсіп жіктелмеген, жеке

ғылыми талдау жасалмаған казак халкынын айтыс өнерін зерттеу нысанына айналдырды. Оның 1944 – 1945 жж. жазылып, 1961 ж. жарык көрген «Абай Құнанбаев» монографиясы автордың Абай туралы пікірлерінің және казак әдебиетінің өткені мен бүгіні жайлы көзкарастарының өсіп-жетілу кезеңдерін көрсетеді. Бұрынырактағы «Қара тактаға жазылып калмаңдар, шешендер» («Еңбекші казак», 1923 ж., 1 наурыз) атты макаласында ол Абайды ескішіл, байшыл акындар катарына жаткызып, үстем тап акыны деп сынаған болса, аталған монографияға дейін Абай болмысын танытатын көптеген құнды макалалар («Абайды тану жолындағы пікірлер» («Казак әдебиеті», 1934, 29 караша 1934), «Абай – халык акыны» («Әдебиет майданы», 1937, №4, 5), «Абайдың шәкірттері туралы» («Әдебиет және искусство», 1951, №7, т.б.) жазып, абайтануға үлкен үлес косты. Сондай-ак, оның «Саяхаттар» (1954), «Туған жердің тынында» (1955), «Тыңда тұнған байлык» (1957), «Алыптың адымдары» (1959), «Замандас туралы аңыз» (1961) атты кітаптарында 200-ден астам әдеби сын макалалары жинакталған. Оның «Өсу жолдарымыз» (1960), «Жаркын жұлдыздар» (1964), «Халык мұрасы» (1974, «Казак кауымы», 1995) атты монография, зерттеулері казак халкының мәдениеті, тілі, өнері, материалдык тұрмысы, т.б. туралы жазылған сүбелі еңбек болып саналды.

М. жаңа өмірге, бакытты өмірге кол жеткіземіз деп сендірген коғамдык күштермен бірге социалистік идеяларға үн косып, туған елінің мүддесіне, халык кәдесіне жарайтын жаксылык табуға ұмтылды, суреткерлік дарыны мен кайраткерлік карымын сарка жұмсап, аянбай еңбек етті. Осы жолда кенестік идеологияны колдамаған алашшыл акын-жазушыларды сын тезіне алып, тапшылдык ұстанымдарын айкын танытты. Әйтсе де, олардың жазушылык, акындык талантын жоғары бағалады, оларды казак кенес әдебиетіне кызмет етуге шакырды. Казак халкының ұлттык тілі мен мәдениетіне катысты Кенес өкіметінің әр кезеңдердегі солакай шешімдеріне карсы шығып, өзі сенген биліктің сынына да ұшырады.

1956 ж. казак зиялы кауымы республиканың коғамдык-саяси өмірінде казак тілінің мәртебесін көтеру туралы мәселе койды, осыған орай Казак КСР-інің Жоғарғы Кенесі сессиясында сөйлеген сөзінде М. «Казак республикасында казак тілі мәртебесін төмендетуге, республикалык мекемелерде, жиналыстарда казактардың өз тілінде сөйлеуіне тыйым салуға ешкімге құкык берілмегендігі» туралы өткір пікір білдірді (ЦГАНИ, 708 кор. 30 оп., 76 іс. 85-б.). Екі аптадан кейін орталык комитетке «казак тілі тек кана тұрмыстык деңгейде калып, мемлекеттік тіл ретінде өмір сүруін шын мәнінде токтаткандығын» баяндай келіп, оны калпына келтіру жолдарын көрсеткен өткір хат жазды. М. сонымен катар казак әдебиеті мен мәдениетінің көркеюі, өсіп-өнуі жолында көптеген казак каламгерлерінің әдебиет жолындағы бастапкы шығармашылык кадамдарына колдау көрсетті, карапайым

халықпен тығыз байланыс орнатты. 1930 – 1950 жж. аралығында әдебиетке келген өз катарластары мен жаңа толқын өкілдері М. жанашырлығын көріп өсті. М-тың есімі қазақ әдебиетінің «алыптар шоғыры» қатарында аталады. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды.

М. М.Жұмабаевтың өзіне жасаған жаксылығын ұмыткан жок. Мағжанның канатының астынан түлеп ұшкан ол «Өмір мектебі» романында оны калаға әкеп, өзінің бөлмесіне жаткызып окытканын, аяк киіміне дейін беріп, акындык көркем әлеммен таныстырганын, соган сай әртүрлі кештерге ат шанамен алып барып, алып кайткан колканаты болганын еске алады. «Мағжан буржуазияшыл акын еді. Менің кедейлерді жырлаған өлеңдерімдегі карабайырлығымды сынайтын. Бірак кедей табымды жырлаудан кайтпадым», – деп «астарлай сынап» жаза отырып, осындай акын болганын халыкка жеткізген еді. Бұл кенестік кездегі шындыкты жеткізудің әдеби тәсілі болатын. Ж. түрмеде жаткан жылдардың ішінде, дәлірек айтсак, 1931 жылғы 15 мамырда соңғы нүктесін койган «XX ғасырдағы казак әдебиеті» атты тарихи зерттеуінде М.: «Акындык жағынан келгенде Мағжан, әрине, казактың күшті акындарына саналады. Қазактың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның енбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан аскан акын казакта жок... Мағжанға дейін өткен казак акындары көбіне өлең үлгісін күншығыс елінен, әсіресе, араб, парсыдан алатын. Мағжан орыс мектептерінде окып, көбіне Европа, оның ішінде, әсіресе, орыстың әдебиетін тез меншіктенді. Абай казак әдебиетіне Европа түрлерін шетпұшпактап кіргізсе, Мағжан дендеп кіргізді. Европаның әдебиет түрлерімен казак окушылары Мағжан аркылы толык танысты... Мағжан өлеңдерінде сыршылдык (лирика) жағы күшті келеді. Мағжанның өлеңдерін окып отырганда оның сол өленді жазып отырган уакыттағы жан жүйесінің құбылысы (душевное переживание), ішкі сезімнің толкыны көрініп тұрады. Мағжан өлеңінен құр ғана ұйкаскан сөздерді көрмейсің, акынның ішіндегі әйгілейтін айнаны көресің. Сыршылдык жағынан Мағжан көп акынға бәйге бермейді», – деп жазды. Кенестік идеологияның тылсым түрмесінде жатып, ату жазасына кесіліп, одан он жылға концлагерьге жер аударылган акынның шығармашылык жолына мұндай жоғары баға беру сол кезде ерлікке пара-пар еді. Өзінің азаматтығын ол Ж. Карелияда тұткында жүргенде де дәлелдеп, 1934 жылғы карашада хат жазып, онда әдебиеттегі марксстік талапты, таптык күресті мойындаса, социализмнің адаскан акынды кешіре алатынын, осы сапарда бір жола тазарып келсе, Жазушылар одағының есігі ашык екенін айткан. Бұл жай хат емес, әдеби ортаға ресми шакыру еді. Араға арандаткан сөз араласпау үшін М. бұл хатты орысша жазған.1936 жылдың кыркүйек айында ол Қызылжар каласына келіп, Мағжанды өзі іздеп тауып, оны Алматыға шакырады. Мәселенің ресми шешілуі үшін 1936 жылғы 27 кыркүйекте

Жазушылар одағының хатшысы атына: «Өзімнің кінәма лайықты жазамды өтедім. Еңбектің қара казанына қайнап, адасулар мен жат ойлардан мәңгілікке арылдым. Мен бұрынғы ойларымнан арылып, бай мен ұлтшылдардың жолынан бас тарттым және жаңа жолға – еңбекшілер жолына бет бұрдым. Мен қалған өмірімді берік ниетім мен үмітімді дәлелдеу үшін социалистік құрылыска еңбек етуге бел будым, ісіммен барлық ескі көзкарастан арылғанымды көрсеткім келеді. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жок. Еңбекші табы әдебиетінің жетекшісі – Жазушылар одағы басқармасы менің өткен кезендегі адасушылығымды қатаң сынға ала отырып, сыртка теппей, өзіне тартып, Жазушылар одағына қабылдап, жетекшілік етуін, көмек беруін сұраймын. Мағжан Жұмабаев. Петропавловск каласы, Дзержинский көшесі, №19 үй», – деп (Т.Кәкішұлы, К.Ахмет, Сәбит Мұканов, А.Арда. 2005. 177-бет) өтініш жолдады. Алматыға оралған соң осы хатты алға тарта отырып, тиісті орындармен ақылдаса келіп, М. Мағжанға хат жазды.

Қ. Мұқанов.

МҰРАТБАЕВ Ғани (3.06. 1902, Қызылорда обл., Қазалы ауд. – 15.04. 1925, Мәскеу к.) – Орталық Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушыларының бірі, БЛКЖО мен Коммунистік Жастар Интернационалының қайраткері. Қазалыдағы орыс-қазақ мектебін, жоғары бастауыш училищесін (1910 – 1918), Ташкенттегі орта білім беретін казак-кырғыз педагогикалық училищесі жанындағы ауылдық мектептер үшін нұсқаушы-лекторлар курсын (1919 – 1920), Ташкенттегі мемлекеттік үлгі-тәжірибелік мектебін және Орта Азия мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетін (1920 – 1921) бітірген. 1919 ж. Коммунистік Жастар ұйымына мүше болып қабылданып, бірер жыл қалалық, уездік комитетте жұмыс істеді. Жетісу облысында мұғалімдер даярлайтын курстар ұйымдастырды, Жетісу облысы және Ташкент, Самарканд, Верный қалалары комсомол ұйымдарының негізін қалауға атсалысты. Ташкенттегі жетім балаларды интернатқа, балалар үйіне орналастыруға белсене кірісіп, олар үшін ұйымдастырылған интернаттың директоры болды. 1920 ж. Түркістан комсомолының 3-съезінде ОК мүшелігіне сайланып, қазақ-қырғыз жастары бюросын басқарды. 1921 ж. алдымен Самаркан өлкелік комсомол комитетінің, кейін Түркістан республикасы комсомол ұйымы ОК-нің бірінші хатшысы болып сайланды. Ол осы уақытта Ташкентте «Жас алаш» газетін ұйымдастырып, оның тұңғыш редакторы болды. Қазақстан комсомолының құрылуын жариялаған 1-өлкелік съезді (1921 ж. 7-13 шілде) өткізуге тікелей басшылық жасады. 1922 – 1924 жж. РКЖО-нын 5-съезінде Ресей Коммунистік жастар одағы ОК-нің мүшесі, Коммунистік жастар одағы ОК Орта Азия бюросының алғашқы төрағасы болып сайланды. 1924 – 1925 жж. Ресей Лениншіл Коммунистік жастар одағы ОК-нің бюро мүшесі, Коммунистік Жастар

МҰСТАМБАЕВ

Интернационалы атқару комитетінің Шығыс елдері жастар арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі болды. Ол Коммунистік Жастар Интернационалының 3-4-конгрестерінің, Коминтерннің 4-конгресінің делегаты болып сайланды. Өкпе ауруынан қайтыс болып, Мәскеудегі «Ваганьков» қорымына жерленді.

1924 жылдың қысында Мәскеуде өткен «Жерлестік» ұйымының жиналысына Ғани Мұратбаев та қатысқан. Ол да Мағжанды жау дегендерге қосылып, оның шығармалары басылмасын деген шешімді қолдаған.

МҰСТАМБАЕВ Ыдырыс (1898, Семей қ., – 1937) – әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері. Ол 1918 – 1919 жж. Семейдегі гимназияның 6-сыныбын бітірген. М. 1920 ж. ақпанда БК/б/П мүшелігіне қабылданып, Зайсан уезіне қызметке жіберілген. Онда уездік АК қазақ бөлімінің меңгерушісі, уездік ревком мен уездік партия бюросына мүше болды. Семей, Өскемен, Аягөз өңірінде Кеңес өкіметін орнату және нығайту ісіне белсене қатысты. Оралда және Семейде губерниялық прокурор қызметін атқарды. М. Орынбор қаласында өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық 1-құрылтай съезінде Қазақстан ОАК-не мүше болып сайланған. 1920 – 1921 жж. Семей губерниялық АК-нің мүшесі, Семей губерниялық қазақ бөлімінің бастығы және губерниялық азық-түлік комиссарының орынбасары болып істеген. 1921 ж. соңында М. Орал қаласында губатком, губревком мүшесі, 1922 ж. 26 тамызда Орал губерниясының прокуроры болып тағайындалған.

Мұстафин Бақыт

1928 ж. Қызылордада, 1929 – 1932 жж. Алматыда әртүрлі партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарған.

М. Мағжанның «Тоқсанның тобы» деп аталатын өлеңі туралы орыс тілінде «Джумабаев и «Девяносто» деген мақала жазып, «Советская степь» газетінде жариялаған.

«МҰСТАФА МЕН МАҒЖАН – ТҰРАН ЕЛІНІҢ ДАНАЛАРЫ» – кітап. Хамза Абдуллин мен Қайыржан Қасенов құрастырған (А., 1993).

МҰСТАФИН Бақыт (10.12.1937, Солтүстік Қазақстан обл., қазіргі Есіл ауд. Еңбек а. – 25.10.2007, Петропавл қ.) – журналист, жазушы. «Достық» орденімен марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) түлегі (1959). Еңбек жолын облыстық «Ленин туы» газетінде (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») бастаған. Газетте бөлім меңгеруші, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып жұмыс істеген. 1988 – 2003 жж. осы газеттің бас редакторы қызметін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағы сыйлықтарының бірнеше дүркін лауреаты. М. – Солтүстік Қазақстан еңбекшілері жайлы бірнеше кітап пен

Мұсырман Кәрібай

очерктің, балаларға арналған «Тәтті сәбіз», «Жаңарған өлке», «Егістікке рахмет», «Жарқын жол», «Дикан жолы», т.б. әңгімелердің авторы. Оның туындылары «Балдырған» балалар журналының жүлделеріне ие болған. Мағжан Жұмабаев толық ақталғаннан кейін қаламгер оның туыстарымен кездесіп, ақын өмірінің әрқилы кезеңдері жайлы мақалалар («Ленин туы», 1988 – 1998) жазды.

МҰСЫЛМАНОВ Қайыр – Көкшетау (қазіргі Ақмола) облысының тумасы. Көп жыл бойы Көкшетау аудандық, Қарағанды облыстық оқу бөлімдерін басқарған.1990 ж. 86 жасында жазған естелігінде ол: «Мен Мағжаннан оқыған кезімде ол маған алыптай көрінетін, ал мен оның қасында жай бір мегежін сияқты көрінетінмін. Сол кезде оған қызығып, шіркін, Мағжандай болар ма едім деген сезімге берілуші едім. Мен совпартшколаға түсерде Мағжан кішкентай ғана диктант жазғызды. Әлі есімде: «Ор айналып үріп жүрген итті көрдім, үріп еді, ұрып жібердім» деп жазғызды. Сол кездегі емле бойынша: ор, өр, ұр, үр деген сөздерді бір сөйлемге сығызған екен. Осыдан бірінші әсер алдым. Бұдан кейін «Жыл құсы» журналында жарияланған оның өлеңдерін үзбей оқу, кейбіреулерін жаттап алу әдетіме айналды», – деп жазды.

МҰСЫРМАН Кәрібай (27.2.1957, Солтүстік Қазақстан обл., Айыртау ауд. Дәуқара а.) – журналист, қоғам қайраткері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-ді (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) бітірген (1981). 1981 – 1985 жж. – Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде тілші, 1985 – 1987 жж. – «Көкшетау» облыстық газетінде меншікті тілші, бөлім меңгеруші, редактордың міндетін атқарушы қызметтерінде болған. 1990 – 1997 жж. Көкшетау облыстық телерадио компаниясының төрағасы қызметін атқарды. 1997 – 2007 жж. – «Қазақстан» АҚ-ы республикалық телерадиокорпорациясының Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің директоры. 2007 – 2016 жж. – Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің «Қызылжар-Ақпарат» ЖШС-нің директоры – бас редакторы. 2016 жылдан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. М. Мағжанның «Исповедь» деп аталатын өлеңдер жинағын (Петропавл, 2011) құрастырған.

Л. Жанысова.

МҰСІРЕПОВ Ғабит (1902, Солтүстік Қазақстан обл., Жамбыл ауд. 1985, Алматы к.) – қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. Ауыл молдасынан арабша хат таныған М. әуелі екіжылдық ауылдық орыс мектебін, кейін төртжылдық

орыс мектебін бітіріп, Қазан төңкерісінен кейін Кеңес өкіметінің жұмысына әжептеуір орысша сауаты бар адам ретінде араласып, түрлі қызметтер атқарады. Орынбордағы рабфакта оқып жүргенде ол әдеби білімін, эстетикалық сезімін одан сайын жетілдіре түседі. Осы кезде өзінің тырнақалды туындысы «Тулаған толқында» повесін жазады. Содан былай қарай баспа орындарында, партия, кеңес мекемелерінде жауапты қызмет атқара жүріп, шығармашылық жұмыспен айналысуын тоқтатқан жоқ. «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Шұғыла», «Талпақ танау» әңгімелері мен «Бір адым кейін, екі адым ілгері» повесі жыл аралатып барып, бірінен кейін бірі жарық көреді. Оның бұл шығармалары қазақ әдебиетіне жазу стилі қалыптасқан, көркемдік шеберлігі ерекше жаңа суреткердің келгенін жария еткен еді. М. «Ананың анасы» (1933), «Өлімді жеңген ана» (1933), «Ашынған ана», «Ананың арашасы» (1934), «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944), «Әмина», «Ана жыры», «Ана» шығармалары арқылы сөз өнеріне жаңа көркемдік өрнек әкелді. Ана жайында жазылған алғашқы әңгімелері М.Горький сарынында алынғанымен, ана бейнесі қазақы қасиеттерімен көркем өрнектелген. М. қаламынан туған Қапия, Ақлима секілді ана образдары арқылы қазақ өмірінің шынайы көріністері сипатталады.

Алғаш 1925 ж. «Едіге» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды. 1928 – 1938 жж. «Қазақстан» баспасында, «Социалистік Қазақстан»,

Мүсірепов Ғабит

«Қазақ әдебиеті» газеттерінде редактор, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты өнер секторының меңгерушісі, Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1938 – 1955 жж. Қазақстан Жазушылар одағы төралқасының мүшесі. 1956 – 1957 жж. – «Ара – Шмель» журналының редакторы, 1957 – 1962 жж. – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы. 1974 – 1975 жж. – ҚазКСР Жоғары Кеңесінің төрағасы 1959 ж. КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарған. Алғашқы «Тулаған толқын» (1928) повесінде 1918 – 1920 жж. азамат соғысы жайы суреттелсе, «Қос шалқар» (1928), «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Туннель» (1930), «Шұғыла» (1935), «Алғашқы адымдар» (1932) әңгімелері қазақ ауылындағы таптық күресті көрсетеді. 1934 ж. «Ананың арашасы» новеллалар циклын жариялады. М-тің алғашқы романы – «Қазақ солдаты». 1945 ж. «Қазақ батыры» деген атпен жарық көрген повесін жазушы өңдеп, толықтырып 1950 ж. қайта жариялады. Бұл шығарма бүкіл қазақ әдебиетінің проза саласында Екінші

дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды және қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбында жазылған таңдаулы шығармалардың санатынан лайықты орнын алған аса елеулі еңбек болды. «Оянған өлке» романында (1953, 1984) революцияға дейінгі Қарағандыдағы қазақ жұмысшыларының қалыптасу процесі суреттелген. 1967 ж. «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі жарияланды.

М. 1923 – 1926 жж. Орынбордағы жұмысшы факультетінде С.Мұкановпен бірге оқыды, сонда С.Сейфуллинмен танысты. Жазушы 1927 – 1928 жж. Бурабай орман шаруашылық техникумында сабақ берді. Бұл қызметті ол М.Жұмабаевтан қабылдап алды.

1932 ж. 4 шілдесінде республикаға танымал адамдармен бірлесе отырып, халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында БКП(б) қазақ өлкелік комитетіне «Бесеудің хатын» жолдады. Хаттың мазмұны мен көтерген келелі мәселесі М. қай кезеңде де болсын халқының қамы үшін күресіп, қоғам алдындағы парызын адал орындаған азамат болғандығын айғақтай түседі. Жазушының 1937 ж. жазықсыздан-жазықсыз ұсталып бара жаткан Б.Майлинге араша түсіп, «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген сөзі бүгінгі күні анызға айналған. Осының салдарынан ол 1938 ж. партия қатарынан шығарылды. Жүзжылдық мерейтойы қарсаңында (2002) Солтүстік Қазақстан облысындағы бір ауданға, Астана қаласындағы көшелердің біріне Мүсірепов есімі берілді. Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрына есімі берілген, сондай-ақ, театр алдына ескерткіш-мүсіні қойылған (2002).

М. М.Жұмабаевтың жары Зылихаға Алматының Тимирязев көшесінен екі бөлме үй алуға көмектесті. Айына қырық сом пенсия тағайындатты. «Мағжанды мен ең алғаш рет 1928 ж. Бурабайда көрдім, – деп жазды Ғабит Мүсірепов. – Әрине, Мағжанның атағын ертеден естігенмін. Өлеңдерін де қызығып оқитынбыз. Омбыда ауылшаруашылық институтында оқып жүр едім, өз еліме – Қызылжарға демалыска келдім. Мұнда Ақмола губерниялық партия комитетінің секретары Садықбек Сапарбеков мені губкомға шақырып алып, орыс тілінен «Американың ақ бидайы» дейтін бір мақаланы қазақшаға аудартты. Бұл кезде «Тулаған толқында» дейтін повесімді жазып бітірген едім. Садықбек әрі шығармамды, әрі аудармамды оқып: «Ғабит, сен енді оқуға бармай-ақ қой. Оқып қайтесің! Онсыз да жазушы болып тұр екенсің. Бурабайға барып, сондағы Мағжанның орнына орман шаруашылығы техникумында оқытушы бол», – деді. Бурабайға келдім. Мағжанды осында бірінші рет көрдім. Ол өзінің пәтерін маған беріп, Қызылжарға кетті. Сонда барып совпарт школда сабақ берді».

Ә. Қайырбеков.

МҮШӘЙРА – өлең түрі. Шығыс елдерінің әдебиетінде кездеседі. Бұл түр өзбек пен баска да түркітектес халықтардың әдебиеттерінде дәстүр ретінде қалыптаскан. Бұл терминді Мұхтар Әуезов Үндістанға сапарына байланысты жазылған «Индия очерктері» деп аталатын шығармасында

алғаш рет колданды. Жазушы онда мүшәйраға жан-жакты аныктама беріп мысалдар келтіре отырып, үнді халкының бұл жыр жарысы казак акындарының айтысы тәрізді болғанмен, жарыс деп айтуға да толык келс коймайтын, бірак өзінше аса көп ерекшеліктері бар кызык жиын екенін айткан. Тегінде кыстакты жерде, анык халык арасында мүшәйра болса, онда расында да, казак, кыргыз акындарының айтыс жарыстары сиякты сынасу түрінде жырлар болады екен. Бұрынғы дәстүрлерде халык білген мүшәйра көбінше сол акындардың жарысы есебінде болса, калалы жердегі, мәдениетті ортадағы жазушы, акындар жиынында болатын мүшәйра баскаша екен дейді (М.Әуезов 20 томдык шығармалар жинағы, 8- том, 427-428-б.).

Солтүстік Казакстан облысында түрлі деңгейде жыр мүшәйраларын өткізу дәстүрге айналған Ж-ка арналған мүшәйра «Мағжан көктемі» фестивалі аясында екі жылда бір рет өткізіліп жүр.

Т. Әкім.

МЫСА Макпал (1983 ж., Алматы обл., Райымбек ауд., Қайнар а.) – акын, жазушы. Орталык Азия университетінің түлегі. Казакстан Жазушылар және Журналистер одактарының мүшесі. «Алакандағы бакыт», «Мен керекпін», «Аспантаудың көктемі» жыр-жинактарының авторы. Казакстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы корының «Алтын тобылғы» әдеби байкауының бас жүлдегері. Ресей Жазушылар одағы Лермонтов комитетінің балкар халкының классик акыны Керим Отаров атындағы алтын медаль иегері. Республикалык және халыкаралык жыр мүшәйраларының бірнеше мәрте жеңімпазы. 2017 ж. Петропавл каласында өткен «Магжан көктемі» фестиваліне катысып, жазба акындар сайысында скінші орын алған.

М. Сулеймен.

МЫРЗА ӘЛІ Кадыр (5.10.1935, Орал обл., Жымпиты кенті) – акын, Казакстанның халык жазушысы (1995), ҚР Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі. 1958 ж. Казак мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғанда» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары. 1968 – 1973 жж. «Жазушы» баспасында казак поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Казакстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. Оның тұңғыш туындысы 1954 ж. республикалык «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уакыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялык, прозалык, сондай-ак, әдеби сын кітаптары жарык көрді, өлеңдері мектеп окулыктарына енді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асады.

Тұңғыш жинағы «Көктем» 1959 ж. жарык көрді. Акын көркем аударма саласында да жемісті еңбек етті. Өзінің де біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс тілінде

«Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985), тағы басқа кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алакан» (1979), әзірбайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» сияқты еңбектері басылды. 1966 ж. «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 ж. «Жеруйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 ж. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 ж. Қадыр Мырза Әлі әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЬЯС» сыйлығын алды. Қадыр Мырза Әлі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының мүшесі болды. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық таңдамалары жарық көрді.

Ақын М.Жұмабаев ақталғаннан кейін республикалық басылымда «Құлшыну мен тұншығу» деген көлемді зерттеу мақаласын жариялады. Онда ол былай деп жазды: «Оның соңына шырақ алып түсу жиырмасыншы жылдардың соңында-ақ басталған... Менің қолымдағы қолжазбаларға қарағанда осы дәл бүгін ақынның артында небәрі 150-160 өлең-дастан, ертегі-аңыз һәм аударма қалған. Соңғы өлеңдерінің соңында 1923 ж. деген белгі тұр. Демек, ең алғашқы өлеңі мен ең ақырғы өлеңінің арасында небары 17-18-ақ жыл! Сонда ақын, орта есеппен алғанда, жылына он шақты өлеңнен артық жазбаған. Тіпті айына бір өлеңнен келмейді екен. Содан, яки 1923 жылдан кейін он төрт-он бес жыл бойы тік тұртпей келіп, 1937 ж. май айында «Қаламыма» деген өлең жазыпты. Міне, бар болғаны осы ғана. Ең ақырғы сынар жырды есепке алмаған жағдайда Мағжан Жұмабаевты 1923 – 1924 жж. бірінде ақын ретінде өлтіріп те үлгерген екенбіз. Бұл өлім – оның бірінші өлімі. Бірақ мұның өзі аз жаза болғандай, қалам ұстатпай қойғанымызды азсынып, 1930 ж. түрмеге отырғыздық. Жер аудардық. Бұл ақынның екінші өлімі еді. Кеменгер Горький семьясының араласуы арқасында он жылын алты жылда өтеп, әрең дегенде еніреп еліне жеткен шерлі шәйірді 1937 ж. қайта қамады. Бұл оның үшінші өлімі болатын!».

М. Мағжан ақталысымен Жазушылар одағында оның шығармашылығы жайында баяндама жасады. Баяндамасын «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 ж. 28 сәуірдегі санында жариялады. Ол осы материалында Мағжанның махаббат лирикасына шүйлікті. Тіпті сонау көне замандағы Овидий өлеңдерін Мағжанды кінәлаудың құралы етті. Сондағы таккан кінәсі: «Екеуінде де ғашықтық сезімнен гөрі құмарлық сезімі басымдау секілді. Қалай қарасаңыз да эротика элементтерін көрсіз», – дейді.

МЫРЗАҒАЛИ Абай (27.1.1984) – өлкетанушы, тарихшы. 2007 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетін

тамамдап, еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысында ұстаздықтан бастаған. Сол жылдардан бері Қызылжар өңірінің тарихын зерттеумен айналысып келеді. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне қызығушылық танытып, Мағжан Жұмабаев бастаған арыстар туралы мақалалар жазды. 2009 ж. «Алаш рухына тағзым!» атты шағын кітапша құрастырып шығарды.

М. Мағжанның әдеби мұрасын шетелде тұратын қазақтар арасында насихаттау ісіне өз үлесін қосуда. Қытай қазақтары арасында кең танымал «Күлтегін», «Сен қазақ», «Ел Арыс», «Бозбала», «Шалқар», «Парасат» сайттарында XX ғасыр басындағы «Алаш қозғалысы және Жұмабаев шығармашылығы» туралы мақалалар жариялап тұрады. 2011 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивіне ғылыми қызметкер болып жұмысқа тұрып, Қызылжар өңіріне қатысты құжаттармен жұмыс істей бастады. Оның ішінде Мағжанның туған жері туралы және әкесі Бекен Жұмабайұлы жайлы құжаттарды араб карпінен кириллицаға аударып, ғылыми айналымға енгізді. 2014 ж. «Есіл даласы – 100» және «Жас азамат – 95» атты монографияларды құрастырушылардың бірі болып, аталған газеттердегі араб карпімен жазылған материалдарды аударды.

М. Ж-тың. 1923-1927 жж. аралығында Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында басылып шыккан ғылыми еңбектері, оқулықтары, аудармалары туралы мақалалар жазып, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті және республикалық басылымдарда жариялады.

Е. Амантай.

«МЫСЫҚ ПЕН ЕТ» – Ж-тың өлеңі. «Шолпанда» және 1989 ж. кітапта жарияланған.

НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан (6.7.1940, Алматы обл., Қарасай ауд., Шамалған а.) – мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. 1960 ж. Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967 ж. Қарағанды металлургия комбинатына карасты жоғары техникалық оқу орнын, 1976 ж. Кеңес одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің Жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын 1960 ж. Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтті. 1960 – 1969 жж. Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді. 1969 – 1973 жж. Қарағанды облысы Теміртау қаласында партия-комсомол органдарында жауапты қызметтер аткарды. 1973 – 1977 жж. – Қарметкомбинаттың партком хатшысы, 1977 – 1979 жж. – Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы, 1979 – 1984 жж. – Қазақстан КП орталық комитетінің хатшысы, 1984 – 1989 жж. – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төраға-

Назарбаев Нұрсұлтан

сы, 1989 – 1991 жж. – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 ж. ақпан – сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды. 1990 ж. сәуірінен Қазақ КСР Президенті.

Н. бірқатар ғылыми еңбектердің және әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері мен қоғамдық-саяси тақырып бойынша кітаптардың авторы: «Важнейшее условие интенсификации» (А., 1983), «Стальной профиль Казахстана» (А., 1984), «Экономика Казахстана: реальность и перспектива становления» (А., 1988), «Без правых и левых» (М., 1991), «Стратегия развития Казахстана как суверенного государства» (А., 1992), «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку» (М., 1992), «Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана» (А., 1993), «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму» (А., 1994), «Ғасырлар тоғысында» (А., 1996), «Евразийский союз: идеи, практика, перспективы» (М., 1997), «Тарих толқынында» (А., 1997), «О времени, о судьбах, о себе...» (Лондон, 1997), «Стратегия трансформации общества и возрождение евразийской цивилизации» (М., 2002), «Бейбітшілік кіндігі» (А., 2002), «Сындарлы он жыл» (А., 2002), «Еуразия жүрегінде» (А., 2005). Н. «Тарих толқынында» кітабында «Құрманғазының ғажайып күйлері, Мағжанның мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңғалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың философиялық толғаулары ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анық» деп лайықты баға беріп, бүгінгі ұрпақты ақынның шығармашылығын, ұлтымыздың бағына, бақытына жаралған дана тұлғалардың мұраларын терең игеруге шақырғаны мәлім.

«N-ҒА» – Ж-тың өлеңі. Қызылжар қаласының Қуанышев Дәули деген байының қызы Жәмилаға арналған. Өлеңдегі «Алтын мүйіз» – Омбыдағы мейрамхананың аты. Омбыда Қуанышевтың 48 бөлмелі екіқабатты үйі болған. Сол үйін чехословак ланы кезінде Қуанышев қонақүйге айналдырған. Өлеңде кездесетін неміс, француз, чехтар – осы қонақүйдің меймандары. Соловьев деген – сол кезде аты шыққан цирк балуаны. Өлең кейіпкері – екі жас. Көңілдері хош. Бойжеткенді бауырына қысып отырған Мағжанның ойына сол кездегі ел ішіне кең тарап кеткен оқиға түседі. Осы сәтте махаббат өлеңі сатиралық реңк алады. Ақын құрбысын жеңіл әзілмен қағытады. Өлең 1992 жылғы жинақтан басқа ақын кітаптарының бәріне енген.

«НАУРЫЗ» – Ж-тың мақаласы. «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 3-4-сандарында жарияланған. Наурыз қазіргі Грегориус күнтізбесіндегі 3-ші келетін наурыз айына

сай қазақша атауы. Наурыз – түркі тайпаларының мүшел есебі бойынша жыл басы саналатын бірінші ай, ойын-сауық мерекесі. Бұл күні қазақтар да наурызкөже пісіріп, наурыз жырын айтып, наурыз тойын өткізеді. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін құрылған Кеңес өкіметі бұл мерекені діни кертартпа рәсім деп тауып, 1926 жылдан ресми тойлауға тыйым салды. Ислам діні бұл өлкеге VIII ғасырдан ене бастағанын, ал Наурыз қазақ даласында одан бұрын тойланғанын ескерсек, бұл қисынсыз, қиянатты шешім еді. Ж. та осыны дәттейді. «Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап-жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек», – деп жазды ол. Наурыз елімізде демократиялық ағым бел ала бастаған 1988 ж. бүкілхалықтық мейрам ретінде атап өтілетін болды.

НЕГИМОВ Серік (13.7.1948, Солтүстік Қазақстан обл., Уәлиханов ауд., Шапай а.) – ғалым, филология ғылымдарының докторы (1992), профессор (1994). 1994 – ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Әлеуметтік ғылым академиясының академигі (1999), 1972 ж. – ҚазМУ-ді (казіргі ҚазҰУ) бітірген. 1972 – 1992 жж. Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында аға лаборант, кіші, аға ғылым қызметкер, бөлім меңгерушісі (1972 – 1992), 1992 – 1997 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде кафедра меңгерушісі, 1997 – 1999 жж. Еуразия ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі, 2000 – 2005 жж. – ҚазҰУ-да профессор қызметтерін атқарды. 2005 жылдан Еуразия ұлттық университетінде профессор қызметінде. Н. «Өлең менің Шолпаным, Айым, Күнім!» деген мақаласында (А., «Мағжан әлемі», 2009) Мағжан Жұмабаевтың лирикалық өлеңдеріне талдау жасайды.

Негимов Серік

Ж. Қадыров.

«НЕМЕРЕ МЕН ӘЖЕСІ» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» (1924, №459) жарияланған. Мұнда немересі әжесіне: «Көк деген не, жұлдыз не, жер не, теңіз, шөл, тау дегендер не?» деп көптеген сұрақтар қояды. Әжесі бұл сұрақтарға анық жауап бере алмай, мектепке оқуға бар, сонда бәрін білесің деп ақыл айтады. Бар әңгіме Мағжанға тән жеңіл де көркем әзіл түрінде өрбиді. Ақын балаларды оқу, білімге шақырады. Өлең тілге жеңіл, оқуға, жаттауға ыңғайлы әрі сондай көркем жазылған.

НЕТЕСОВА Татьяна (т.қ.ж.б.) – бір кездері М.Жұмабаевтың алдынан оқыған Петропавл қаласының тұрғыны. Н. өзінің естелігінде Ж-тың 1936 жылдың бірінші жартысында Петропавлдағы А.С. Пушкин атындағы №5

орталау мектептің 6-7-сыныптарында орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бергенін жазған. «Алғаш рет Мағжан Бекенович класка кіргенде, баламыз ғой, күмәнданғанымыз рас», – деп жазды ол. – Бірақ алғашқы сағаттарда-ақ сабақты тиісті дәрежеде өткізе алар ма екен деген күмәніміз сейіліп үлгірді. Аздан соң жаңа мұғалімімізді жақсы көріп кеттік. Білімінің ұшан-теңіз молдығы және тілге ұсталығы соншалық, ол кісі сөйлеп отырғанда, тіпті ең тентек деген балалар тырс етпейтін. Пушкиннің «Ескерткішін» нәшіне келтіріп жақсы оқыдың деп мақтағанын әлі күнге ұмытпаймын. Қоңырау соғылысымен, балалар мұғаліміздің қасына жетіп барамыз. Қоршап алған бізді көріп мұғалімнің жүзі өзгеріп сала береді, әшейінде мұңды көзі жылы ұшырап, жүзінде шәкірттерін өзіне тартып алатын бір әдемі күлкі пайда болады. Өзі жөнінде ештеңе айтпайтын. Талай жалынып сұрағанда әңгіменің бетін басқаға бұрып жіберетін. Мектептен жартыжылдықты аяқтамай кетіп қалды. Сұрастырсақ, Алматыға ақын ретінде шақырып алып кетіпті. Ешбір өлеңін оқымасақ та, ол кісінің ақын екендігіне шүбә келтіргеніміз жоқ. Бізге аз күн сабақ берсе де, әдебиетке деген құштарлығымызды оятып кеткендіктен, сол ұстазымызды талай жылдар өтсе де ұмытар емеспіз!» («Северный Казахстан» газеті, 1989 ж.)

НИКОЛАЙ ПОГОДИН АТЫНДАҒЫ ОРЫС ДРАМА ТЕАТРЫ – Солтүстік Қазақстан облысының орталығындағы мәдениет мекемесі. Театрдың тарихы 1886 – 1887 жж. басталады. Театральный мен Крупская (қазіргі кезде – Потанин) көшелерінің қиылысындағы театр ғимараты 1906 ж. қала тұрғындарының қаражатына салынған. 1972 ж. жаңа үйге көшті. Театрға Лениндік сыйлықтың лауреаты, драматург Николай Погодиннің есімі 1962 ж. күзінде берілді. 2007 ж. театр өзінің 120 жылдығын кең көлемде атап өтті. Осы айтулы оқиғаға орай театрдың сырты, көрермендер залы, фойесі, гримерлік бөлмелер мен дәмханасы қайта жаңартылды. Бүгінде театрдың репертуарында әлемдік классика шығармалары, қазіргі заманғы әдебиет, қазақ драматургиясының шығармалары бар. Театр ұжымы М.Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында ақын тағдыры арқау болған «Ар соты» спектаклін сахналаған.

НОҒАЙБАЙ БИ (Батырбекұлы) (1834, қазіргі Солтүстік Қазақстан обл., Мағжан Жұмабаев ауд. Қарақоға ауылдық округіне қарасты Ноғайбай а. – 1917, сонда) – би, қоғам қайраткері. Н.б-дің атажұрты Арғын Қарауыл ішіндегі Қожым елі. Әкесі- Батырбек, атасы Бабатай, Бабатай Тыныбектен тарайды. Ағайынды Әлібек, Тыныбек батырлар он сегізінші ғасырдағы қалмақ соғысы кезінде, өз елінің жасағын басқарып шапқыншыларды Омбыға, Сібірге дейін қуып тастайды. Соғыс аяқталғасын хандықтың шешімімен Әлібек, Тыныбек батырларға шайқастардағы ерлігі үшін қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының М.Жұмабаев, Ақжар, Омбы облысының Полтавка аудандарының жерлеріне

коныстануға рұқсат беріледі.

Халық арасында «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады деген сөз бар. Шынында да, би болу – екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Өз билігін кеменгерлікке, кісілікке құрып, ағайын арасындағы әдет-ғұрып нормаларына, жер-су, коныс иеліктерінің мөлшеріне, жесір дауына, құн төлеуге, кек алуға, ұрлық-карлыкка тыйым салуға, ел бірлігіне, мемлекет басқаруға, Отан қорғауға, сырткы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беруге, ұрпақ тәрбиесіне катысты, т.б. мәселелерді ойдағыдай шеше білген, өз ортасында әділдіктің салтанат құруы һәм киянат-зұлымдыктың арам шөптей каптап кетпеуі үшін кажыр-кайратын аямай жұмсаған билерді халық катты құрметтеген.

Ноғайбай Батырбекұлының 1868 жылы құрылған Полудин болысын (казіргі Мағжан Жұмабаев ауданы) болыс және би болып бір-екі сайланым баскарғанын мұрағат деректері дәлелдейді. Ол халкының білгір акылшысы, кеменгер кенесшісі, ғұлама сыншысы бола білді. Оның киыннан киыстырып, жүйесін тауып, тігісін жатқызып, кара кылды как жарып, көкейге конымды ғып, тауып айткан, інжу-маржандай асыл ойлары, сымбаты мен сыры келіскен толғамдары, небір тосын сауалдарға берген ұткыр жауаптары түпсіз терендігімен, алғыр, тапкыр болмысымен, куатты, кестелі көркемдігімен, мағыналық айқындығымен, үлгілі касиеттерімен, ғибратты даналығымен өзгешеленді. Оның есімі барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ жан ретінде ел арасына тез тарады. Жаратылысы, кісілік болмысы, кіршіксіз таза пейілі, дүниетанымы, көзкарасы, әдептілігі аса жоғары бидің тағы бір дара касиеті – халыкпен біте кайнасуы, өзі өмір сүрген ортадағы жағдайды жаксы білуі. Шешендікпен шебер айткан акыл, накыл сөздері, өз алдына, ол жаратылыстағы, коғам өміріндегі өзгеріс, құбылыстарды жіті кадағалап отырған.

Шын мәнінде, Х1Х ғасырдың екінші жартсы мен ХХ ғасырдың басы алаасапыран окиғаларға толы болды. Рулар арасындағы өзара келіспеушілік, неше түрлі дау-дамайлар өршіп тұрған заманда билік айту, ел баскару онай болған жок, әрине. Осындай кызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста жұртты токтатар бәтуалы сөзді – токсан ауыз сөздің тобыктай түйінін дөп басып айтып, халық арасында «кара кылды как жарған» би атанған Ноғайбай Батырбекұлы осы өнірді мекендеген кырык-ру елдің тыныштығы, ынтымағы үшін күресті, халыкты бір максатка жұмылдыра білді. Атығай-Қарауылдың ғана емес, калың елдің сөзін ұстаған, окыған, токығаны мол, акылгөй абыз, шешен, халыктың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озык ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр Н. б-дің өзінің төрелігіне жүгінгендерге дұрыс жол сілтеп, әділеттің ак туын желбірете білгеніне мысал жетерлік.

Ресей мұрағаттарынан табылған кейбір деректер бұл өнірде де сан алуан окиғалардың орын алғаны-

на көз жеткізеді. Солардың ішінде 1916 жылдың 19 шілдесінде қағазға түскен мына бір құжат та назар аударарлық. «Біз, Полудин болысының аксақалдары бұратаналарды тыл жұмыстарына тарту жөніндегі мәселені тыңдап: Өзіміз және біздің балаларымыз бауырлас Сібір қазақтарымен бірге соғыска катысуға ниетті екенімізді мәлімдейміз. Айтылған уақыттан қалмай бөгетсіз келетінімізге сенім білдіреміз»,- делінген тарихи деректе. (Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1370-кор, 3-тізбе, 138-іс, 371-парақ). Одан әрі хаттамада қазақ азаматтарының қолына мылтық бермей қара жұмыска салу ұлттың намысына тиетіні жазылған. Хатка Батырбеков, Қуанышев, Айдарбеков, Жұмабаев, Токтамбеков, Қарабаев, Шалжанов, Тастеміров, Бейсенов, Жақыпов, Әлдекин қол қойған. Патшадан қазақ жастарының қолына қару ұстатуды сұрағандардың арасында қазақтың ұлы ақыны -Мағжан Жұмабаевтың әкесі Бекен Жұмабаев та бар. Міне, осы жайдың өзі-ақ, Н. б-дің Мағжанның әкесі Бекен Жұмабаевпен жақсы қарым-катынаста болғанының дәлелі.

Ж.Сүлейменов.

НҰҒЫМАНОВА Әмина (1928, Шығыс Қазақстан обл., Бакты а. – 2007) – ғалым. Бала кезінде атасы Нұғыман қажы Кенес өкіметі тарапынан қуғынға ұшырап, Қытай Халық Республикасындағы Шыңжаң өлкесінің Шәуешек қаласын паналаған. Н. Үрімжі университетін, кейін Қазақстанға оралған соң 1960 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірген. Н. 1970 ж. Мәскеу қаласында «Қазақ жалпы білім беру мектептерінде балалар мен жасөспірімдердің вокалдық тәрбиесі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Жас ғалым бұл еңбегінде балалардың және жасөспірімдердің ән айту өнерін дамытудың ерекшеліктерін физиологиялық, психологиялық тұрғыда зерттеп, ән айту тәрбиесінен әдістемелер ұсынды. «Мектептегі мерекелер» журналында (2010, №1) Н-ның Ж. шығармашылығы туралы «Елі сүйген, елін сүйген Мағжан ақын» деген мақаласы жарияланған. Н. Қытайдан оралғанда, Ж-тың 1923 ж. жарық көрген өлеңдерін ала келіп ақынның жары З. Жұмабаеваға тапсырған.

Е. Амантай.

НҰРАҚАЕВ Ерік (1.9.1960, Солтүстік Қазақстан обл., Жамбыл ауд., Орталық а.) – қоғам қайраткері. Алматы халық шаруашылығы институтын (1982), ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік қызметкерлер академиясын (2002) бітірген. Еңбек жолын Тимирязев ауданындағы Хмельницкий ауылында экономист болып бастаған (1982). 1983 ж. Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында, кейіннен Ленин аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігінде жоспарлаушы-экономист, 1995 ж. Есіл ауданының әкімі, 2002 – 2004 жж. Ақжар ауданының әкімі, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, Петропавл қаласының әкімі қызметтерін атқарған. Қазір «Солтүстік Қазақстан облысы кәсіподактар орталығы» аумақтық бірлестігінің төрағасы.

НҰРҒАЛИ Рымғали (1.6.1940, Семей обл., Абыралы ауд., Қайнар а. – 2.2010), әдебиет зерттеуші, тарихшы, Мемлекеттік сыйлықтың (1988), Ш. Уәлиханов атындағы (2003), А. Байтұрсынов атындағы (2005) сыйлықтардың лауреаты. Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2004). Жоғары мектептің үздігі (1984). ҚР ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткері (1998). С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (1963), қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантурасын (1966), докторантурасын (1972) бітірген. Филология ғылымдарының докторы. 40 ғылым кандидаты мен 15 ғылым докторын даярлаған. 7 томдық шығармалар жинағының (Аст., 2005), 50-ден астам жеке басылымдардың: сын, ғылыми, прозалық кітаптардың, оқулықтардың; 800-ге жуық жарияланған ғылыми сын мақалалардың (1961 – 2009) авторы. 1962 – 1965 жж. – республикалық «Лениншіл жас» газетінің әдеби қызметкері, арнаулы тілшісі, 1966 – 1968 жж. – Қазақстан Жазушылар одағының кеңесшісі. 1963 – 2000 жж. – С.М. Киров атындағы ҚазМУ (әл-Фараби атындағы ҚазМУ) аспиранты, аға оқытушысы, доценті, профессоры, деканы болды. 1980 – 1984 жж. – Әдебиет институтының оқытушысы (Мәскеу қаласы), 1986 – 1998 жж. – Қазақ энциклопедиясының бас редакторы, 2000 – 2010-жж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. КСРО Жазушылар одағының (1968),

Нұрғали Рымғали

Қазақ Пен-клубының (1991), терминологиялық, ономастикалық комитеттердің, Жоғары аттестациялық комиссияның, Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі болған. Н. – М. Жұмабаев шығармашылығы туралы «Мөлдір сезім, биік парасат» деп аталатын мақаланың (Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. А., «Ғылым», 1992, 491-502 б.б.) авторы.

НҰРЖАНОВ (а.ж.т.қ.ж.б.) – Қауіпсіздік органдарының қызметкері. 1937 ж. желтоқсанның 30 күні НКВД Ж-ты қайта тұтқындады. Майор Дмитриенко анкета толтыртқан соң мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Нұржанов дәл сол күні ақыннан жауап алып, хаттама толтырады. Мағжаннан туған-туысқандары жайлы сұрайды. Ақын аға-інілерін атап шыққанмен, «олардың қайда тұратынынан хабарым жоқ, өйткені, бір-бірімізбен араласпаймыз», – дейді.

НҰРМАҒАМБЕТОВ Серғазы – Жұмабай қажының жиені. Жұмабайдың Рәзия атты қызы Тұраш (шын аты Нұрмағамбет) деген Қарауыл елінің жігітіне тұрмысқа шығыпты. Бұлардан Зейнезайып, Бибізайып, Райхан атты 3 қыз, Серғазы, Қазыбек деген 2 ұл туған. Зейнезайыптан – Еслəм,

Нұрикамал, Бибізайыптан – Бағдат, Тасболат туған.

Осылардың ішінен қуғын-сүргіннің азабын көп көрген – Серғазы Нұрмағамбетов. Ол 1937 жылғы озбырлыкка сол жылғы тамыз айында іліккен. Мұның алдында Серғазы 1935 жылдан бастап Қарағанды облысының (ол кезде Қарағанды облысының орталығы – Қызылжар каласы) Сталин ауданында халық соты болып істеген. Н-ті Қызылжар каласына алып келіп, 1937 жылдың 3 тамызы күні түрмеге камайды. Облыстық аткару комитетінің ішкі істер бөлімінің тергеушісі Рафиков онымен сөйлеспестен-ак, тұп-тура 58-баптың 10, 11-тармақтары бойынша «Кеңес өкіметіне карсы күрес ашкан, ұлтшыл «Алаш» партиясының әйгілі мүшесі Мағжан Жұмабаевтың туған жиені» деген айыппен сотталатынын хабарлайды.

«Алашорда» құрылғанда Н. небәрі 7 жаста ғана болатын. Рафиков: «Сен жас болғанмен, ол кезде сенің нағашың Мағжан саусақтарының арасынан кан тамған «Алаштың» каракшысы болатын!», – дейді. Тергеушілер Н-ны ұрып-соғып, ұйыктатпай, 15 тәулік бойы ауыр азапка салады. Акырында Серғазы шаршайды, өзіне тағылған айыптарды мойындап, тергеушілер толтырған хаттамалардың астына кол койып береді.

1938 жылдың 3 акпан күні Н. Рыбинск каласына аттандырылады. Сонда барганда гана оган 10 жыл берілгені белгілі болады. Онда жұмыс ауыр, тамак жоктың касы. Осындай азаптан Қызылжардан апарған 1500 адамнан үш жарым жылда сарусакпен санайтындай ғана адам тірі калады. Ал 10 жыл мерзімді өтеп, елге төрт-ак кісі аман оралады.

Соғыс басталысымен бұларды Калинин каласының төнірегінде жауға тоскауыл жасауға салады. Жағдай бұрынғыдан да киындап кетеді, көп адам кырылады. Н. әйтеуір, сол апаттан да тірі калады. 1946 жылғы 3 тамызда жұмысты жаксы істегені ескеріліп, босатылады. Аман-есен елге оралады. Көп жыл азапты өмірді басынан өткізген қария Гүлнәр деген кызының колында Алматы каласында дүние салды. Артында Рауза, Серік, Гүлнәр есімді балалары калды.

НҰРМАҚОВ Нығмет (25.4.1895, казіргі Орталык Қазакстан обл., Каркаралы ауд. – 27.9.1937, Мәскеу к.) – көрнекті мемлекет және коғам кайраткері. Каркаралыдағы екі сыныптык орыс-казак училищесін (1911), Омбы мұғалімдер семинариясын (1915) бітірген. Омбыда окып жүргенде С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Досовпен бірге «Бірлік» атты жастар ұйымын құрды. Ұйым мүшелері Омбы тұрғындарын казак халкының мәдениетімен таныстыру максатымен әртүрлі кештер өткізумен катар Ресей үкіметінің казак даласында жүргізіп отырған отаршылдык саясатына карсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Н. 1915 – 1916 жж. Каркаралыда мұғалімдік кызмет аткара жүріп, «Дала одағы» («Степной союз») ұйымын құрады. Ұйым патшаның казактарды кара жұмыска алу туралы жарлығына карсы үгіт жұмыстарын жүргізді. 1917 ж. Кеңес өкіметі жағына шығып, Каркаралы-

да, Семей губерниясында жауапты қызметтер атқарды. «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, Қазақ АКСР Жоғарғы революциялық трибуналының (1923 ж. Жоғарғы сот) төрағасы, әділет халық комиссары және республиканың прокуроры қызметтерін атқарды. 1924 – 1929 ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болды. Н-тың Қазақстан үкіметінің басшысы ретінде республиканың аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрылысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, құрғақшылық зардаптарына қарсы күрес, оқу-ағарту және мәдени даму, қазақтарды басқару ісіне тарту, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, байларды тәркілеу, т.б. салаларда атқарған қызметтері еліміздің өсіп-өркендеуіне, нығаюына белгілі бір дәрежеде әсерін тигізді.

Н. 1924 ж. Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 ж. Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатысып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш Ата заңы жобасын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Алғашқы қазақ драма театрын ашуға үлкен еңбек сіңірді. Н. Голощекиннің қазақ даласында «Кіші Қазан төңкерісін» жасау керек деген арандатушылық саясатына және халық малын тәркілеуге бағытталған шараларына үзілді-кесілді қарсы болып, онымен ашық айқасты. Голощекин

Нұрмақов Нығмет

мен Нұрмақов арасындағы пікір қайшылығы оның үкімет басшысы қызметінен кетуімен аяқталды.1929 ж. БК(б)П ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны бітірген соң 1931 ж. БОАК төралқасының мүшесі, төралқа хатшысының орынбасары және төралқаның ұлттар бөлімінің меңгерушісі болды. Н. 1937 жылғы 3 маусымда жалған айыппен тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1958 жылғы 11 тамызда КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасының шешімімен ақталды. 1928 ж. оның саяси-әлеуметтік тақырыптарға арналған мақалалар жинағы «Строительство Казахстана» деген атпен және 1934 ж. Мәскеуде «Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР» деп аталатын еңбектері жарық көрген. Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қалаларындағы Егіндібұлақ ауылындағы көшелерге, Қарағандыдағы 2-мектеп-интернатқа Нұрмақов есімі берілген. Алматыда тұрған үйіне ескерткіш тақта, туған ауылында ескерткіш орнатылған. Н. үкімет басында отырғанда жұмыс сапарымен Қызылжарға келеді. Осында тұратын Мағжанның жары Зылиха арыз айтып барады. «Малдарыңыз

Нұртазин Темірғали

бар ма еді?» деп сұрады Нығмет. Бұл кісіні бұрыннан танимын. Әрине, Мағжанды Нығмет жақсы біледі. «Азын-аулақ малымыз бар. Астығымыз атымен жоқ» дедім. «Онда мен ауданға сізді астықтан босатсын, үкіметке бір мал өткізсін деп қағаз жазып берейін», – деп аудан басшыларына Нығмет қайным өз қолымен хат жазып берді. Үкімет басындағы адамның осындай қысыл-таяңдағы кісілігін, қайырымдылығын қалай ұмытарсың?! Туыстарыма шанаға ат жектіріп, біресе қатқақ, біресе қарлы борандатып тоқсан шақырым Булаевқа түнделетіп тарттым. Үкімет ағасының қағазына ләм деген жоқ. Астықтан босатты. Бір құнажын сиыр беріп құтылдым. Аудандағы, ауылдағы белсенділер Нығметтің хатын көріп, қатты құрметтеді, тіпті біразы қуанысып та қалды», – деп жазды З. Жұмабаева өзінің естелігінде.

НҰРТАЗИН Темірғали (29. 12.1907, Ресей Федерациясы Қорған қ. – 10.4.1977, Алматы қ.) – жазушы, сыншы, аудармашы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы (1963), профессор. Татар медресесінде, орыс мектебінде оқыған. Петропавл педагогикалық училищесін (1932), Ленинград журналистика институтын (1935) бітірген. 1928 – 1943 жж. мұғалім, ұжымшар төрағасы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық «Қарағанды пролетариаты» газетінің редакторы, драма театрының директоры болды. 1943 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазПИ мен ҚазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор болып қызмет атқарды. Шығармашылық қызметін өлең жазудан бастаған, тұңғыш жинағы «Машинист» 1932 ж. жарық көрді. 1944 ж. әдеби сынға араласқан Н. зерттеулерінің басты бағыты Абай, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларын талдау болды. «Абай – қазақ халқының данышпан ойшылы» (1937), «Сәбит Мұқанов» (1958), «Жазушы және өмір» (1960), «Эстетикалық пікірлердің даму тарихынан» (1961), «Бейімбет Майлин творчествосы» (1966), «Шеберлік туралы ойлар» (1968), «Абай және орыстың классикалық әдебиеті» (1986), т.б. кітаптары жарық көрді. Н. «Қазақ совет әдебиеті» оқулығын (1971, телавтор), «ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1963), «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1973) оқу бағдарламаларын жазды. Н.-нің «Мұрат» повесі (1958), «Әңгімелері» (1959), «Адам бекерге жасамайды» (1965), «Ауыл тынысы» (1973) көркем шығармалары, Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы «Үлкен жолда» атты тарихи туындысы (1978) жарық көрді. Орыс тілінде «Сынақ» (1969) романы шықты. М.Әуезовтің «Абай» романының 1-кітабын (А.Б. Никольскаямен бірге) орыс тіліне ау-

дарды (1945), Н.В. Гогольдің «Тарас Бульба» (1951), Г.Успенскийдің «Растеряев көшесінің салты» (1953), В.Г. Белинскийдің бірқатар шығармаларын (1948) қазақ тіліне тәржімалады. 1971. Н. М.Жұмабаевтың ақындығын өте жоғары бағалаған. Соданда оны актау, өлеңдерін халыққа жеткізу туралы мәселе көтерілгенде бастамашылар қатарына қосылып, өз ойын ашық білдірген.



«ОЙ» – Ж-тың өлені. 1992 ж. басқа жинақтарының бәрінде де бар.

ОҚАШЕВА Нұргүл (3.12.1990, Қызылорда обл., Арал ауд. Мергенсай а.) – ақын, журналист. 2012 ж. Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін тамамдаған. «Жүрегім жырдан ғана жаратылған», «Күз бен қыз» кітаптарының авторы. Республикалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. Фариза Оңғарсынова атындағы «Өлең, мен сені аялап өтем!» атты республика ақын қыздары мүшәйрасының I орын иегері. Мұқағали Мақатаев атындағы «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері. Өлеңдері «Көкшетау жас ақындар антологиясы», «Қызырлы Қызылжар», «Қызылжар жас ақындарының жыр кітабы», «Қазақ поэзиясының он томдығы» жинақтарына енген, республикалық «Үркер», «Жұлдыз», «Тұмар», «Қазақ әдебиеті», «Мағжан» сынды т.б. басылымдарда жарияланып тұрады. Бүгінде «Мағжан» журналында қызмет атқарады. О-ның «Мағжан» журналында (2017, №4) топтама өлеңдері, мақалалары жарық көрген.

О. Төлепбергенқызы.

ОҚЖЕТПЕС – Ақмола облысындағы Бурабай және Шабақты көлдерінің аралығындағы биік жартас. Көкшетау қыратының ең биік жері – Көкше жанында. Герцин қатпарлығы тауларының мүжіліп жазыққа айналуы нәтижесінде пайда болған. Төңірегінің табиғаты көркі. Гранитті жартастан түзілген, беткейі тік, қарағай, қайың өседі. Оқжетпес маңында қаңтардың орташа температурасы – 9 – 160 С, шілдеде 190 С. Жылдық жауын-шашын мөлшері – 200 – 300 мм. Төңірегінде бұғы, түлкі, шіл, құр мекендейді, ұшар басына бүркіт ұя салады. Оқжетпес – маңы туристік саяхат жасайтын өңір. Қазақ халқының талай атақты ақын-әншілері Оқжетпесті жырға қосқан, өздерінің ән-өлеңдерін арнаған. Олардың қатарында М. Жұмабаев та бар. 1923 ж. ақынның Ташкент жинағында жарық көрген «Оқжетпестің қиясында» поэмасында Кенесары хан туралы бір аңыз қазақ елі тағдырына байланысты үлкен тақырыпқа ұласады. «Қойлыбайдың қобызында» аңыз әлеуметтік астар алса, «Оқжетпестегі» аңыз кеудеге қазақ деген от жағады. «Жау қалың, азғантай ел азғандай шақ». Бұл жолда көп мән жатыр. Ұлт азаттығы – киелі идея. Азбын,

әлсізбін деп бұға берсең, сұға береді. Ендеше, тәуекелге бел байлау керек. Қиындықтан тайсалма, қайратқа мін, жасыма, дейді ақын. Міне, осы идея поэманың бас қаһарманы Кенесары бейнесіне арқау болған.

Поэма эпикалық сарында жазылған. Шығарма қазақ тарихының ең бір шоқтықты кезеңін бейнелейді. Қазақ – бодандық бұғалығына ешқашан көндікпеген ел. Осының мықты бір дәлелі – Кенесары көтерілісі. Тарихта ізі қалған ірі оқиғаны үлкен көркемдік идеяға көтеруде «Окжетпес» – қазақ әдебиетінде оқшау поэма. Елім деп еңіреген ер ұлы азамат дәрежесіне көтеріледі. Мұндай қаһарманды әдебиетімізге тұңғыш әкелген Мағжан ақын десек, артықтығы жоқ.

«ОКЖЕТПЕСТІҢ ҚИЯСЫНДА» – Ж-тың поэмасы. Алғаш 1923 жылғы Ташкент басылымында жарық көрді. 50-60 жыл бұрын қалыптасқан қазақ халқының ұғым-түсінігі осы «Окжетпестің қиясында» едәуір айтылып қалады. Бурабайдың Окжетпес шыңы басында ақсақалды аппақ қарт тұр. Төменде Кенесары, бұлтқа оранғандай аппақ қарт оған бата береді. Қазақтың ендігі ханы да, қарасы да сенсін, елінді сыртқы жаудан қорға деп тұр. М. елдің шын мүддесін қорғасын-қорғамасын, әйтеуір, ереуілдеп атқа мінген Кенесарыны бір төбе көреді, ал қазақ елі ішіндегі патша үкіметіне сатылған, шен-шекпенге қызыққан мансапқор байларды, ел-жұртының қамын ойламаған жуан қарындарды бір бөлек алады. Содан да ол: «Уа, ана Уәли жүр ғой, кар қатынмен басы қатқан. Шормандай шолтаңдаған шолақ билер, орыстың шекпеніне жерін саткан», – деп тұр. Жерін сатып, патшаның шен-шекпенін алған мансапқор байлардан, соңына көп халықты ерткен Кенесарыны артық көреді. Бұл арада Ж. бодандық сананы өлтіре сынап отыр. Сөйтіп, ол қазақ поэзиясында тағы да бір тың тақырыпқа түрен салды.

«Окжетпес» – эпикалық поэма болғанда оның жанаша кесіліп-пішілген формаларының бірі. Тарихи тұлға романтикалық сюжет арқылы бой көрсетеді. Ал автор атынан баяндалған тұстары реалистік мәнерде орындалған. Кенесары ханның Наурызбайды қасына алып, отаршыларға аш бөрідей ойран салғаны, Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып, Қытаймен қатынас жасауға тырысқаны – бұлар нақтылы тарихи шындыққа сәйкес фактілер. Поэмада хан ниетінің не себепті жүзеге аспағаны және талданған. Талдауында автор үлкен көрегендік жасайды. Кенесары қанын бауырлас елге жүктемейді. «Біле алмай надандықпен ердің ойын, Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды», – дейді.

«ОҚУ ҚҰРАЛЫ» – 1927 ж. Қызылорда қаласындағы ҚКСР-нің мемлекеттік баспасы шығарған хрестоматия. Авторлары – А.Байтұрсынов пен Т.Шонанұлы. Көлемі – 26 баспа табақ, таралымы – 5000 дана. Оқулыққа Ж-тың «Жазғы түнде», «Орман патшасы» (Шиллер-Жуковскийден), «Дін үйреткенге», «Орамал», «Толқын», «Жазғытұрым» деген өлеңдері енген.

ОЛЖАБАЕВ Зейнолла (15.11.1930, Солтүстік Қазақстан обл., М. Жұмабаев (бұрынғы Булаев) ауд. Ара-

лағаш а.) – зейнеткер, Батыр Баянның ұрпағы. Ж-тың «Батыр Баян» поямасындағы басты кейіпкер – Баянның ұрпағын сатылағанда: Байыс – Қырғызәлі – Мүлкіс – Қарабас – Ескара, Қасболат болып келеді. Баян – Қасболаттың үлкен ұлы, кіші ұлы – Жарбол. Баяннан тараған әулет: Бұлан – Манабай – Басшығұл (1842 ж. туған). Басшығұлдың Құланбай мен Жаныбай, Олжабай деген балалары болады. Құланбай мен Жаныбай соғыс жылдары қайтыс болған. Зейнолла Олжабайдың баласы.

Қ. Қали.

ОМАРОВ Қалила (4.5.1957, Қызылорда обл., Жаңақорған ауд., Жаңақорған кенті) – кинорежиссер-оператор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2009). Қазақстан Жастар одағы (1992) және Халықаралық Жамбыл атындағы (1996) сыйлықтардың иегері. Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі (1992). 1978 ж. Ленинград (Санкт-Петербург) мәдени-ағарту училищесінің кино-фото факультетін бітірген. Н.Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік мәдениет институтының кино-фото факультетінде оқып жүрген О. отбасы жағдайына байланысты оқуын қол үзіп, елге оралуға мәжбүр болады. 1985 – 1987 жж. Жаңақорған аудандық Мәдениет үйінде жұмыс істеп, Әмір Мәжитовтің «Бір үзім нан» спектаклінде Иван Хлебниковтың рөлін сомдайды. 1986 ж. Республикалық «Театр көктемі» фестивалінде бұл спектакль бас жүлдені жеңіп алды. 1987 ж. «Қазақтелефильм» студиясында режиссер, 1998 ж. «Алатау» ұлттық телеарнасының бас режиссері, кейіннен ҚР Президенті «Теле-радиокешенінің» режиссері болды. 1999 – 2003 жж. – «Хабар» агенттігінде дубляж режиссері, 2006 – 2010 жж. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында режиссер болып жұмыс істеген. 1982 ж. күйші-сазгер Құрманғазы туралы түсірген «Кісен ашқан» қысқаметражды фильмі «Ақ түндер – 82» кинофестивалінде бас бәйгені жеңіп алған. О. 1990 ж. «Мағжан Жұмабаев» деп аталатын деректі фильм түсірді. О-тың А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев секілді Алаш қайраткерлері жайында түсірген «Алаш туралы сөз» (1994), «Алашорда» (2009), т.б. фильмдері бар.

ОМАРОВ Елдес (1.3.1892, бұрынғы Торғай обл., Қостанай уезі, Дамбар бол., №2 а. – 2.12. 1937) – қоғам қай-

раткері, педагог, публицист. Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген. Алашорда үкіметін құруға белсене араласты. Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай облысы азаматтық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне қатысты. Қостанайда өткен Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде «Жер мәселесі» туралы баяндама жасады. Қостанай уездік Алашорда комитетінің төрағасы ретінде жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға шақырды. Торғай облысы земствосы төрағасының орынбасары, төрағасы болды. 1926 – 1929 жж. саяси қуғынға ұшыраған О. Ташкентте педагогикалық институтта, Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыс факультетінде оқытушы болып істеді. Бұл кезеңде ол қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығының 2-кітабын жазып, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударды.

О. 1929 жылдың соңында тұтқындалып, 1930 жылғы сәуірде ату жазасына кесілді, кейіннен 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. ақталып шықты. 1934 – 1935 жж. Қазақ мемлекеттік медицина институтында қазақ тілінен сабақ берді, институт студенттеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазды. 1935 – 1937 жж. ҚазМУ-де қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет істеді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды.

О. Ж-ты жақсы білген, өзіне жақын санаған. Соданда болар басына ауыртпалық түскенде Ж-ты іздеген. Ол Зылиха Жұмабаеваның мына әңгімесінен де аңғарылады: «Қар түсіп қалды. Елдестің әйелі орыс еді. Ол Елдесті сыйламаушы еді. Тегі, әйел күйеуін үйінен қуып жіберсе керек, әлде «балта көтергенше, дөңбек жалтарады» дегендей, Елдес үйінен қашып жүр ме? Жұмыс істемейтін, ақшасы жоқ, бұрын айдауда болған кісіде не құн, не қадір-қасиет болады? Бас сұғатын, қонатын, бір түнеп паналайтын қуыс іздеп, Елдес Омаров қол шана сүйретіп көше кезіп шығыпты. Қол шанаға бір ескі көрпесін, шәйнегін, жіпке таңған біраз кітабын салып алыпты. Байғұс біздікіне келді. «Ойбай, Мақаңды алып кетті ғой», – дедім. Сыңайымды



байкап. Елдес байғұс шанасын сүйреп, көше бойлап кете барды. Сонша болған жоқ, артынша үйге түсі суық екі кісі кіріп келді. «Осында Омаров келді ме?» – деп сұрады. Айттым. Ізінше сатыр-сұтыр жүгірісіп қуып кетті. НКВД адамдары ұзакка жібермей Елдесті көшеден қуып ұстапты».

ОМАРОВ Қосыл (1930, Солт. Қазақстан обл., казіргі Шал ақын ауд., Балуан а. – 2012, Петропавл к.) – қоғам қайраткері. Абай атындағы ҚазПИ-ді бітірген (1953). Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (казіргі Есіл) ауданындағы Николаевка орта мектебінде мұғалім (1953), Преснов ауданындағы Жамбыл орта мектебінің директоры (1954 – 1960). 1960 ж. партиялық кызметте: нұсқаушы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1973 ж. Петропавл қалалық партия комитетінің 2-хатшысы, 1985 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімшесінің төрағасы және «Ана тілі» газетінің штаттан тыс тілшісі бола жүріп, облыста казак халкының салт-дәстүрлерінің, мәдениеті мен мемлекеттік тілінің өркендеуіне және дамуына көп еңбек сінірді. Мағжан Жұмабаев, Қожаберген жырау туралы жинактардың авторларының бірі. Ол өзінің «Мағжан әлемі» деген кітапта (А., «Алтын кітап», 2009) жарияланған Ж. туралы «Таптырмайтын тұлға» деген мақаласында: «... Рас, Мағжанның шығармаларын жинактау, өмір жасын зерттеу ісі колға алына бастады. 1989 ж. шығармалары, 1992 ж. таңдамалы шығармалар жинағы, 1995 ж. үш томдығы жарық көрген болатын. Енді, міне, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша Мағжанның көптомдық жинағының 1 кітабы колымызға тиіп отыр. Бірак Мағжанның камшының сабындай кысқа ғұмырының ақтаңдак болып беті ашылмаған сырлары, саф алтындай көркем асыл жырлары таптырмай келеді. Мысалы, 1929 жылғы алғашкы тұткындау кезінен айдаудан оралған 1936 жылға дейінгі акынның 1 шумак өленін де таба алмай жүрміз. 1918 – 1920 жылдардағы кызметі де көмескі калып келеді», – деп жазды.

ОМАРОВ Ілияс (1.10.1912, Костанай обл., Урицкий ауд. – 1970) – мемлекет және коғам кайраткері. 1933 ж. Ташкенттегі Орта Азия жоспарлау-экономика институтын бітірді. 1933 – 1936 жж. Кызылорда сауда техникумының директоры болып кызмет істейді. 1936 – 1941 жж. КСРО Жеңіл өнеркәсіп Халық комиссариатының Қазакстандағы былғары аяккиім өнеркәсібі бас баскармасы кенсесінің меңгерушісі, Қазак КСР Халық комиссариатының сауда жөніндегі бас баскармасы бастығының орынбасары, Қазакстан мемлекеттік бакылау халык комиссариатының аға бакылаушысы міндеттерін аткарды. 1941 – 1945 жж. Қазак КСР Халык комиссарының орынбасары, Қазак КСР Сауда Халық комиссары болып істейді. 1945 – 1947 жж. – Қазак КСР Халық комиссарлары кеңесі торагасының орынбасары,

Омаров Ілияс

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1947 – 1952 жж. – Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің хатшысы міндеттерін атқарды. 1952 – 1955 жж. – КОКП орталық комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы, 1955 – 1961 жж. – Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, «Қазақфильм» киностудиясының директоры, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің кеңесшісі, 1961 – 1967 жж. – Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасы.

О. – қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің тарихы, жай-күйі жөніндегі көптеген публицистикалық, әдеби сын еңбектердің авторы. «Қазақ КСР тарихының» толықтырылған екінші басылымының (1949) жалпы редакциясын басқарды.

XX ғасырдың 60-жылдарының соңында Мәдениет министрі қызметінде жүрген О. Ж-тың шығармаларын «Простор» журналында жарияламақ болғандарды қолдады. Оның кеңесімен бір топ ақын-жазушылар, ғалымдар Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаевқа хат жолдап, әдебиетшілердің Ж-тың шығармашылық мұрасын зерттеулеріне мүмкіндік жасауын сұрады. Ал өзі: «Мағжан қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса кейбір «әдебиеттің жұлдызы боламыз» деп жүргендер сөніп қалады. Осы бір керітартпалардың қырсығынан күніміз әлі күнге дейін нұрын шаша алмай келеді», – деп жазды.

ОМБЫ – Ресейдегі қала, Омбы облысының орталығы. Ом өзенінің Ертіске құятын жеріндегі порт, темір жол желілері мен автожолдардың торабы. Халқының саны жағынан Сібірде Новосібірден кейін 2-орын алады, Сібірдің ірі өнеркәсіп орталығы. Қалада астық жинайтын комбайндар, теледидар, газ жабдықтары, аспаптар, әртүрлі өнеркәсіп құрал-жабдықтары, электротехника, мұнай, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары кәсіпорындары жұмыс істейді. 4 жылу-энергетикалық орталығы, 10 жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институты, академиялық драма театры, музыкалық драма, қуыршақ театры, цирк, Ф.М. Достоевский атындағы өлкетану музейі (жазушы Омбыда 1850 – 1854 жж. айдауда болды), М.А. Врубель атындағы сурет галереясы бар. Омбы бекінісін 1716 ж. Петр I патшаның бұйрығы бойынша Сібір генерал-губернаторы М.П. Гагарин салдырған. 1782 ж. қала мәртебесін алып, Тобыл (1782 – 1798) округінің орталығы, Тобыл губерниясының (1804 – 1822, 1839 – 1868), Омбы (1822 – 1839) және Ақмола (1868 – 1918) облыстарының, Батыс Сібір (1824 – 1882) және Дала (1882 – 1917) генерал-губернаторлығының орталығы

болды. Омбы қаласының тарихы Қазан төнкерісіне дейін Қазақстанмен тығыз байланыста болды. Омбыда казактың көптеген белгілі ағартушылары окып, білім алды. 1813 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторлығына карасты казак жерлерін баскару мекемелеріне казак жастарын даярлау максатында Омбыда Сібір әскери орыс-казак желілік училищесі ашылды. Бұл училищені Ш.Уәлиханов, М.Шорманов окып бітірген. Осы әскери оку орнының негізінде 1845 ж. Омбы кадет корпусы ашылды. XX ғасырдың бас кезінде Омбыдағы оку орындарында көптеген белгілі казак кайраткерлері (Ә.Бөкейханов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмаков, С.Сәдуакасов, т.б.) білім алды. 1840 ж. Омбы каласындағы казактардың саны 109 адам болса, 1897 ж. Омбы уезіндегі казактар – 37680-ге (Омбы каласында – 105 адам), ал 1916 ж. 38970-ке жетті. 1917 ж. Омбының мұғалімдік семинариясын бітірген Ж. туған халкының сауатын ашуды, ол үшін казак жастарынан білімді окытушылар даярлауды өзіне міндет кып кояды және осы максатын орындауға бар жанын салады. Халық ағарту ісінің Омбы облыстык кеңесі бюросының 1918 ж. 12 казандағы мәжілісіне бұратаналар бөлімінің жетекшісі ретінде катыскан ол күн тәртібіне Омбы және Атбасар калаларында мұсылмандық педагогикалык тұракты курстар ашу туралы ұсыныс жасайды. Осы ұсыныс бойынша бюро мынадай каулы кабылдаған: «Просим областную управу в общем и целом принять предложение. Что же касается деталей курсов, то рассмотрение о сем отложить до следующего заседания, причем просить школьно-инородческий отдел доложить по существу вопроса в областную управу, который представит на рассмотрение смету в ближайшее заседание по спешности дела без мнения бюро» (Государственный архив Омской области. Фонд – 2068, опись-1, дело-4, лист-17). Акыры Ж-тың кызу кірісуінің нәтижесінде Омбы каласында казак мұғалімдерін даярлауға арналған педагогикалык курс ашылып, 1918 ж. карашасынан 1919 ж. наурызына дейін жұмыс істейді. Мағжан осы курсты әрі баскарады, әрі курсанттарға казак тілі мен әдебиетінен және тарих пен педагогикадан сабак береді. Бұл Ж-тың мұғалімдік (педагогикалык) кызметін алғаш бастауы еді. Осы курста кейін казактың көрнекті жазушысы болған Сәбит Мұканов та Мағжаннан дәріс алған. Бұл туралы Сәбең «Өмір мектебі» кітабында жазғаны белгілі. Бұл курс жабылғаннан кейін Ж. Омбы губерниялык оку бөлімінің аз ұлттар ағарту бөлімшесінде нұскаушы болып кызмет аткарады. Осы жұмыста жүргенде педагогикалык курсты ашып, баскару ісінде тәжірибесі бар Ж. 1920 жылдың маусым айының басында Кызылжарда ашылған мұғалімдер даярлайтын 3 айлык «Кызыл мұғалімдер» курсына директорлыкка жіберіледі.

Казак елі өз тәуелсіздігіне ие болуына байланысты Омбыдағы казак диаспорасы ұлттык-мәдени орталыктар құрып, Казакстанмен өзара байланыстарын жолға коя бастады. 2004 ж. Омбы каласында Ш.Уәлихановтың атына көше беріліп, ескерткіш орна-

тылды. Қазіргі уақытта Омбы облысында тұрып жатқан 100 мыңнан аса қазақ «Омбы облыстық қазақ мәдени орталығы», «Аманат ұлттық бірлестігі», «Мөлдір» қазақ мәдени орталығы сияқты ұйымдарға біріккен. 2002 ж. «Омбы үні» атты үнпарақ шыға бастады. Ал Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатындағы Омбы оқу бөлімінің құжаттарында Ж. туралы мынадай мәліметтер кездеседі: «Магжан Бекенович Жумабаев, 1893 г.р., инструктор татаро-киргизской секции подотдела нацменьшинств Омского губоно распоряжением от 10 мая 1920 г. за №4552 откомандирован в г. Петропавловск для организации трехмесячных курсов по подготовке учителей казахских школ» (ООГА, фонд р-318, оп.1, д.73). Бұл құжатқа қарағанда Ж. Омбы губерниялық оқу бөлімінде қызмет істеген. Ал Қызылжар қаласына сол оқу бөлімінің бұйрығымен келіп «Қызыл мұғалімдер» курсын жүргізген. Тамыз айында курс жұмысы аяқталғаннан кейін қайтадан Омбы губерниялық оқу бөліміндегі өз орнына оралып, жұмысын жалғастырады. Осында жұмыс істеп жүргенде оның қызмет дәрежесі өседі. Егер 1920 ж. 10 мамырдағы құжатта ол татар-қырғыз секциясының қатардағы нұсқаушысы болса, сол оқу бөлімінің 1920 жылғы қазан айындағы мәліметінде: «Заведующий школьной подсекцией татаро-киргизской секции подотдела нацменьшинств губоно тов. Жумабаев М. в течение октября – декабря в распоряжении Губстатбюро на работах по переписи. Зав. губоно А. Рассолев». – делінген.

1921 жылдың қаңтар айындағы аз ұлттар бөлімінің тізімінде былай көрсетіліпті: «Зав. подотделом нацменьшинств – Арсланов Махмут, зав. школьной подсекцией татаро-киргизской секции – Жумабаев Магжан, разъездной инструктор – Айтхожин Сабыр». Ал ақпан айындағы мәліметте: «Жумабаев М. выбыл в Сибстаткомиссию» десе, наурыз айында: «Выбыл в Петропавловск», – делінеді. Яғни, Мағжан 1921 жылдың наурыз айынан бастап біржола Қызылжарға көшкен.

ОМБЫ МҰҒАЛІМДЕР СЕМИНАРИЯСЫ – XIX ғасырдың жетпісінші жылдары ашылған оқу орны. Ж. «Ғалия» медресесінен кейін орыстың Сібір университеті атанған Омбы мұғалімдер семинариясында (1913 – 1917), Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқып, оны медальмен үздік бітіреді. Омбыда оқып жүрген кезінде сондағы жастармен тізе қосып «Бірлік» әдеби үйірмесін құрысып, оның «Балапан» атты қолжазба әдеби журналын редакциялайды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялайды. Омбы қаласының Декабристер көшесіндегі екі қабат қызыл кірпіш үйде казір байланыс құралдары училищесі бар. Мұнда Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облысаралық бөлімшесінің ұсынысы бойынша 1967 ж. С. Сейфуллин мен Н. Нұрмаковка мәрмәр тастан ескерткіш такта орнатылды. Мағжанның Омбыдағы алғашқы жастық шақтағы біраз өлеңдері осы оқу орнының

астыңғы қабатындағы жатақханада жазылған.

ОМБЫ УЕЗІ – патша өкіметінің 1868 ж. «Уақытша ережесіне» сәйкес Ақмола облысында құрылған әкімшілік-аумақтық бөлік. Омбы уезін Орта жүздің найман, керей, қыпшақ тайпаларының рулары мекендеді, 1908 ж. шаруашылық есеп бойынша халқы 145775 адам (қазақтар – 44885, казак-орыстар – 17022, қоныс аударған орыс шаруалары – 83868) болды. Омбы уезіне Алабота (48 ауыл), Қызылқақ (124 ауыл), Жеке (87 ауыл), Омбы (136 ауыл), Қорған (103 ауыл), Николаевск (207 ауыл) және Покровск (80 ауыл) болыстары қарады. Омбы қаласы 1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін уезбен қатар Дала генерал-губернаторлығы мен Ақмола облысының орталығы болды.

ОҢҒАРСЫНОВА Фариза (5.12.1939, Гурьев (қазіргі Атырау) обл., Новобогат ауд. Манаш а. – 23.01. 2014, Астана қ.) – ақын, журналист, Қазақстанның халық жазушысы. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Республика мәдени-ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкер. 1961 ж. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркінқала, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ мектептерінде ұстаздық еткен. 1966 – 1968 жж. Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер болып істеген. 1968 – 1970 жж. республикалық «Ленинші жас» газетінің Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметін атқарған. 1970 – 1978 жж. республикалық «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы, 1978 ж. желтоксаннан «Пионер» журналының бас редакторы болып істеген. ҚР Парламенті Мәжілісінің 1-ші және 2-ші шақырылымдарының депутаты (1996 – 2004).

Оңғарсынова Фариза

Алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан жариялана бастаған. 20-дан астам өлеңдер жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, «Біздің Камшат» повесі, аудармалары «Жазушы», «Жалын», «Молодая гвардия» баспаларынан жарық көрді. О. ұлттық әдебиетіміздің ең үздік туындысын оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ, жастарды кітап оқуға баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында 2007 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің төрайымы ретінде 2009 ж. республика кітапханаларында Ж-тың махаббат лирикасы бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға белсене қатысты.

Н. Оқашева.

«ОППЕНГЕЙМНІҢ ОТБАСЫ» – Л. Фейхтвангердің романы. Бұл фашизмге қарсы жазылған сол кездегі ең күшті шығарма болатын. Тапсы-

Оразов Нұрғожа

рыс берушілердің бағалауларына қарағанда, Ж. әрі тез, әрі өте жақсы, жатық аударған. Осылай өзінің әдебиетке қарая қоймағанын, қаламы да мұқалмағанын байқатты.

«ОРАЗАДА» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Шолпан» жинағына енген. Осындағы «Ораза деген қазаққа Еріксіз жүрмей азапта – Құлшылық емес, әдет қой. Пайданы ойла, қам ет, қой, деген түйінді шумағы 1989 ж. жинағында «Ораза деген қазақша, Еріксіз жүру азапта – Құлшылық емес, әдет қой. Әдет боп келген нәлет қой» деп бұрмаланған. Ақынның дәстүрге «нәлет» айтуы мүмкін емесі анық.

ОРАЗОВ Нұрғожа (20.10.1932, Қостанай обл., Урицкий ауд. «Маяк» кеңш. – 26.2. 2016, Астана қ.) – ақын. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР Журналистер одағының М.Сералин атындағы сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2006).

О. 1947 ж. туған ауылындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, Гурьев (Атырау) педучилищесін 1950 ж. тамамдаған. Мұнайлы жетіжылдық мектебінде бір жыл мұғалім болған. 1951 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түскен. Алғашқы топтамасы «Жас жүрек» атты жас ақындар жинағына (1956) енген. 1956 – 1958 жж. мектепте ұстаздық еткен. 1958 – 1963 жж. – Қостанай облыстық газетінде, 1963 – 1965 жж. «Тың өлкесі» газетінде қызмет істеді. 1965 ж. Қазақстан Жазушылар одағының Целиноград облысаралық бөлімшесіне жауапты хатшы болып тағайындалды. «Сарыарқа», кейін «Жаңа Сарыарқа» журналының бас редакторы болды. Топтама өлеңдері украин, орыс, қырғыз тілдеріне аударылған.

О. өзі басқарған басылымдарда Ж. шығармашылығын белсене насихаттады, ақынның өлеңдерін үзбей жариялаумен бірге өзі де Ж. туралы көптеген мақалалар жазды.

«ОРАЛ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш 1922 ж. жинақта басылған, 1989 жылғы жинақта жоқ. Басқасында бар.

«ОРАЛ ТАУЫ» – Ж-тың өлеңі. («Қазақ» газеті, 1913, 22 наурыз, №7), Қазан, Ташкент, Анкара, Алматы (1989) жинақтарында жарық көрген. Ақын бұл өлеңінде сонау біртұтас Түрік елі (Түрік қағанаты) болып тұрған кезді еске түсіреді, оны қайта көз алдына елестеткендей болады. Бірақ артқа қанша бұрылғанмен, өткен енді қайтып келмейді, келіп жағдайынды түземейді, өз заманыңды ойла, елдің қамын же. Енді Мағжан басына осындай ойлар келеді. 1989 ж. кітапта:

«Оралдай атамекен жерлеріне,
Аузы түкті шетелдер ие болып.
Қасиетті атаның көрлеріне,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне», –

деген шумақ енгізілмеген. Кейін қал-

пына келтірілген.

Отаршылдық онай алдыратын жау емес. Оны түп-тамырына дейін қопарып әшкерелей беру қажет. Жер-суынан айрылу азабын жалғыз қазақ тартып отырған жақ. «Орал тауы» өлеңінде отаршылдықтың адресі нақтылана түседі.

«Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп..».
– дейді. Мұндағы идея – бұрын айтылып келгендей, пантюркизм. Түркиямен бір мемлекет құру идеясы емес. Езілген түркі халықтарының ынтымақтастығы идеясы.

З. Әкімжанов.

«ОРАМАЛ» – Ж-тың өлеңі. Патшаның 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін жазылған. Алғаш «Қазақ» газетінде (1917, 16 ақпан, №218) басылып шыққан. Кейіннен ақын бұл өлеңін Қазан және Ташкент жинақтарына енгізген. Алматы (1989, 1992), Анкара жинақтарында да бар. 1916 ж. патша жарлығы бұрын барлығын көрсе де, әскерге алыну дегенді естімеген қазақтарға аспан айналып, жерге түскендей әсер етті. Дала күніренген үнге толды, ұзақ ұйқыдан шошып оянғандай жұрт жан-жағына аңтарыла қарады. Нағыз қыспаққа түскенін енді ғана түсінгендей болды. Бар ауыртпалық байғұс кедейге түсті. Кедейдің ескі кегі қозды. Ауызды әуелі бай-болыстарға салды. Тізімдерімен қоса олардың үй-жайларын өртей бастады, мал-дүниелерін талап алғандар да болды. Бай-болыстар жандараллдан көмек сұрады. Қарғаның қозін қарға шұқымайды, соғыска әскер жетпей жатқанымен, қазақтарды қанға бояуға әскер табылды. Қарусыз халық қан-жоса болды. Жігіттер колға түсті, әйел, бала-шаға қуғынға ұшырады. Мыңдаған жас эшелонға тиеліп, көз көріп, құлақ естімеген алыс қиырларға аттанды. Байлықты бөлісе алмаған байлардың соғысына, сол соғыстың қанды аузына түсу үшін жонелді. Бұл қанды оқиғалар Мағжанға қатты әсер етті. Ол әсерлер жүрегін жарып шығып, өлең болып туындады:

«Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?
Жатқан шығар ор казып,
Жауға ма, әлде өзіне?
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне», – деп соғыска сүйген жарын аттандырып, артынан күтіп қалған жас келіншек болып сөйледі. Осы «Орамал» деген өлең 16-жылдың қайғы-касіретін толық бейнелей алған толымды туынды екені анық. Сонымен бірге ол ақынның казак даласында өтіп жаткан оқиғаларға көзқарасын да айқын танытады.

З. Әкімжанов.

«ОРМАН ПАТШАСЫ» – Ж-тың Гетеден казак тіліне аударған өлені. Ауру нәресте орман патшасын көріп үрейленеді. Әке баласын жұбатады: «Сенің көргенің кара тұман ғой, корыкпа жаным», – дейді ұлын баурына кысып. Әке мен бала арасындағы диолог әлденеше кайталанады. Оқиға драмасы коюлана түседі. Окырман жакындап калган ажал демін

сезінеді. Асыккан әке баласын үйіне де жеткізе алмайды, бала жолда өледі. Осы бір композициялық құрылысы соншалық әсем жасалған дүниеде трагедиялық куат бар. Ажал такау екенін сезінген сәби өмірі үшін әкесі аянбай күреседі. Өлеңде карама-карсы сезімдер аркылы жасалған контраст суреттер бар: бала сезімі орманға тән және балалыкка сай коркыныштан туған сурет, әке сезімі аркылы калың орманның табиғи суретін көреміз. Неміс тіліндегі ұлы Гете казак тілінде де сол дәрежесінен бір мыскал төмендемеген.

ОРЫНБОР – Ресей Федерациясындағы кала, облыс орталығы. 1735 ж. бекініс камал ретінде каланып, аты Ор өзенінің атына байланысты койылған. Қалада машина жасау, химия, мұнай химиясы, тамак жасау, т.б. өнеркәсіп түрлері жаксы дамыған. 4 жоғары оқу орны, өлкетану және бейнелеу өнері мұражайлары бар. О. Жайык өзенінің он жағалауында орналаскан. Солтүстік батыс бөлігі Сакмар және Жайык өзендерінің косылған киылысына дейін жетеді. 1735 ж. 15 тамызда И.Кирилов бастаған экспедиция Жайыктың сол жак жағалауына құяр сағасына кала (казіргі Орск) сала бастады (к. Ор). 1740 ж. В.Татищев сауда керуендері түнейтін, үлкен әскери күштер орналасуы керек деп жоспарланған камал орнын колайсыз деп тауып, «Орынборды» 200 шакырым Жайык ағысымен төменірек жерден салуға рұксат сұрады. Сөйтіп, казіргі Қызылту станциясының іргесі каланды. 1742 ж. жанадан тағайындалған губернатор И.И. Неплюевке бұл жер ұнамай, 1736 ж. Кирилов іргесін калаған Берді бекінісі кала орны болуы керек деп Сенатка ұсыныс жасайды. Сөйтіп, 1743 ж. О. іргесі Берді камалының орнына түпкілікті каланады. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, сауда сарайы салынды. Сауда алаңының О-ға және казак даласына караған екі үлкен какпасы болды. О. 1868 ж. Ресейдің Казакстан және Орта Азиямен арадағы ірі сауда орталығы болды.

1920 жылғы 4 казанда О-да Казак өлкесі кенестерінің құрылтай съезі өтіп, Казак АКСР-і құрылды. О. 1920 – 1925 жж. Казак АКСР-інің астанасы болды. Казіргі уакытта О. облысында 120 мыңдай казак тұрады. Олар, негізінен, Домбар, Ясный және Адамов аудандарына шоғырланған. Казакстанның тәуелсіздік алуымен байланысты облыс казактары «Достык», «Үркер», «Казак тілі» және т.б. мәдени орталыктарға бірігіп, өздерінің «Айкап» атты газетін шығарады. Ж-тың «Педагогика» атты ғылыми кітабы 1922 ж. Орынборда басылып шыкты. Көптеген дастандары мен өлеңдері «Сана» мен «Шолпан» журналдарында жарияланып жатты. Ж. 1917 ж. желтоксанында Орынбор каласына сапар шекті. Ол мұнда зор үмітпен келді. Саяси жағдайға толык канып алғысы келді. Кейіндер тергеушіге берген жауабында ол осы кездегі көңіл-күйін былай деп баяндапты: «В октябрьские дни я был недоумевающим зрителем». Расында да, Ресейде өтіп жатқан шым-шытырык окиғалардан адамның басы айналатын еді. Партия дегендердің көптігі сондай, аяк сүрінеді. Зан жок.

Қорғалайтын пана жоқ. Бірігіп қам қылмаса, жағдай қиын. Елге пана болларлық әрекет жасау керек. Ол үшін ұлттық мемлекет құру жөніндегі мақсатты жүзеге асыру қажет. Қай уақытта? Қалай? Міне, мұны кезекті съезд шешуі тиіс. Ж-тың Орынборға келуінің мәнісі – осы маңызды іске атсалысу. Ол Орынбор қаласында шілде айында өткен 1-ші бүкілқазақтық съезге және желтоқсан айында өткен 2-ші бүкілқазақтық съезге қатысады. Осы кезде Ж. бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып және Алашорда үкіметінің оқу комиссиясының мүшесі болып сайланады. «Алаш» партиясына кіреді.

ОСПАНОВ Кемел (27.8. 1964, Солтүстік Қазақстан обл., Мәскеу ауд. (қазіргі Есіл) Бұлақ а.) – мемлекеттік қызметші. Қызылорда педагогика институтын және М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тамамдаған. Солтүстік Қазақстан облысындағы Корнеевка балалар музыка мектебінің оқытушысы, Москва аудандық білім бөлімінің эстетика бойынша әдіскері, Корнеевка балалар музыка мектебінің директоры, облыс әкімі жанындағы тіл саясатын үйлестіру бөлімінің бас маманы, туризм және спорт басқармасының бас маманы, Мемлекеттік тілді дамыту комитетінің бас маманы, Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ономастикалық жұмыс және талдау бөлімінің бастығы, Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма бастығының орынбасары,

Оспанов Кемел

Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасының бастығы, Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. 2010 жылдың 13 сәуірінен Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы басшысы. О. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» кітабын (Петропавл, 2008) құрастырған. Сол сияқты О. екі жылда бір өтетін «Мағжан көктемі» фестивалін ұйымдастыруға да белсене қатысып келеді.

ОСПАНОВ Серікбай (1.4. 1945, Торғай (қазіргі Қостанай) обл., Жанкелдин ауд. «Шиелі» кеңш. «Балдай» кон.) – ақын. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың, А.Байтұрсынов атындағы сыйлықтың лауреаты. «Жаңа ғасыр, жаңа ән» сайысының бас жүлдегері. 200-ден аса ән мәтіндерінің авторы. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

1968 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1968 – 1978 жж. Қазақ радиосында, республикалық «Жалын» баспасында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде аға оқытушы, кафе-

Оспанов
Серікбай

дра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарған. Қазір Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

Алғашқы топтама өлеңі «Жер жүрегі» (1967), «Жас керуен» (1969) атты ұжымдық жинақтарға енген. Бірнеше жыр-жинақтарының, аударма өлеңдердің, балаларға арналған тақпақтардың авторы. О. «Міржақып пен Мағжан» (Қостанай таңы, 2006, 17 ақпан), «Жүргізіп ібіліс әмірін», «Туған жерім – Сасыккөл» өлеңі туралы («Жұлдыз», 2010, №6) мақалаларын жариялаған.

«ОСЫ КҮНГІ КҮЙ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Шолпан» жинағында жарық көрген. Кейін 1989 жылғы жинаққа енді. 1989 жылғы басылымдағы «Өзіндей адамзаттар не ғып жатыр, Бос жүрсің баспанасыз, үйген тамсыз?» деген екі жол (1912) «Түн басталды, не болмақ алда күнің, Бос жүрсің панасыз, үйсіз, тамсыз?» болып өзгерген. Кейін түпнұсқа қалпына келтірілген.

«ОТ» – Ж-тың өлеңі. Ақын атақты символист Д.С. Мережковскийдің «Дети ночи» (1896) деген өлеңіне жауап ретінде бірнеше өлең жазған. Бұл өлең – солардың бірі. Өлең Еуропаны қанға бояған Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жылдарда жазылған. Дәл осы кезде Батыс ойшылдары Еуропа тағдырының қыл үстінде тұрғаны, адамдардың моральдық қасиеттерінің төмендей бастағаны туралы пессимистік пікірлер айта бастап еді. Әсіресе, Шпенглердің «Закат Европы» деген кітабы Ресейде танымал болатын. Осы идеялармен танысқан ақын «От» сияқты бірнеше өлең жазады. 1989 жылғы жинақта 1923 жылғы кітаптағы «Алпіге барғам Алтайдан, Балқанға барғам Қытайдан» деген жолдан кейінгі үш шумақ алынып қалған. Ал 1923 жылғы жинақта 1922 жылғы жинақтағы соңғы шумақтың алдындағы бір шумақ қысқарып кеткен. Бұл жырда да ақынның биік парасаты, кемеңгер ойы мен шалқар білімі айқын сезіледі. Ж. бұл өлеңі арқылы өзінің қараңғылыққа, надандыққа қарсы күресетінін білдіреді.

Орыс ақынының:
«Мы – над бездною ступени,
Дети мрака, солнца ждем.
Свет увидим и, как тени,
Мы в лучах его умрем», –
деген жолдарына М. Жұмабаев:
«Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын.
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынымен жуғанмын», – деп жауап береді. 1989 жылғы жинақта:
«Әлпіге барғам Алтайдан,
Балқанға барғам Қытайдан...» – деген кейінгі үш шумақ, яғни 24 жол алынып қалған. Ал 1923 жылғы жинақта 1922 жылғы жинақтағы

соңғы шумақтың алдындағы бір шумақ қысқарып кеткен. 2003 жылғы жинақта толық нұсқасы берілді.



«ӨЗЕННІҢ СУЫН ЖЕЛ ТЕРБЕП» – Ж-тың өлеңі. 1989 жылғы жинағына енгізілген.

«ӨЗ ӨМІРІМНЕН ӘҢГІМЕ» – Всеволод Ивановтың шығармасы. Ж-тың аудармасымен 1925 ж. шыққан «Төрт әңгіме» атты кітабына енген.

«ӨЛЕҢ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Ақын 1923 жылғы жинағына енгізбеген. 1989 жылғы жинақта бар.

«ӨЛЕҢНІҢ ҰЙҚАСЫ» – Ж-тың өлеңі. «Көк теке», «Төбет» өлеңдері тәрізді астарлы мысқыл, сынау-мінеуге құрылған дүние. 1992 жылдан басқа ақын жинақтарының бәрінде бар.

«ӨМІР» – Ж-тың өлеңі. Осы тақырыппен екі өлең қатар жазылған. Көңіл-күй лирикасы. Жинақтарының бәрінде бар. Қоғам өмірі мен адам өмірінің тығыз байланысын сезіне тұрып, жеке бастың қызығы мен қайраты өзі үшін рухани күш екенін жасырмайтын ақын жалғанның өткіншілігіне ерекше мән береді де, мезеттің әртүрлі күй толқыны боларына көңіл артуымен өзгеше психологиялық ақиқаттың нәзік астарларына байыппен көз жүгіртеді.

«ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР» – Ж-тың өлеңі. «Шолпан» жинағында жарияланған. Ақын бұл өлеңінде жастарды оқуға жұмылдыру мақсатымен өнер-білімге барар жол сілтеп, ақылын айтады. «Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе, Мылқау, меңіреу, наданды кас деп білсе» дегендегі «наданды» сөзі 1989 жылғы жинақта «адамды» деп өзгертілген. «Өнер-білім жер астында болса-дағы, Бір жетер, жолықтым деп тастамаса» (1912) деген ақын ойы сәл-пәл бұрмаланып «Өнер-білім жер астында болса-дағы», «Іздесе оны талпынып, бос қалмаса!» (1989) деп өзгертілген. Кейінгі жинақтарда әуелгі авторлық нұсқа қалпына келтірілген.

ӨТЕМІСҰЛЫ Шонай (1804 – 1882) – Ж-тың ұлы атасы, Жұмабайдың әкесі. Шонай момын, жуас, шаруа адамы болған (С. Мұқанов). Ешкімге зияны тимеген, өз шаруашылығымен, мал өсірумен айналысқан, мектеп есігін ашпаған, оқымаған. Бірақ Аллаға сенімін берік сақтаған құдайы адам болған.

«ӨТКЕН – АЯУЛЫ» – Ж-тың өлеңі. 1922 жылғы басылымда соңғы шумақтың екінші жолы көп нүктелермен толтырылған еді. 1923 ж. оның орнына «Жаңаны мақтар санаулы» деген жол түскен. 1989, 1993 жылғы жинақтарда бар.

«ӨТКЕН КҮН» – Ж-тың өлеңі. Алғашқы нұсқасы «Қазақтың кешегі күйі» деген атпен 1913 ж. «Қазақстан» газеті (Орал) шығарған «Ызын» деген бірнеше ақынның өлеңдер жинағында жарық көрген. Кейін ақын өлеңді мейлінше қайта түзетіп, кей жерлерін алып тастап, жаңа жолдар қосып, жеке сөздерді өз-

гертіп, мүлде жаңа өлең жасаған. Бұл өлең 1922 жылғы Қазан жинағында жарық көрді. 1989 жылғы басылымда «Қонысы – жібек, ну тоғай, Есіл менен Нұрадай, Айдын шалқар көл еді, Екі енеге телі еді...» шумағынан соң жырланатын «Қой үстінде бозторғай, Жарлы жан жок алашта, Жұмыртқалап ол күнде. Бай пейілі кек еді» деген төрт жол алынып қалған.

Өлеңнің кіріспесі деп алынған бастапкы бөлімінде бес судың Еділ, Жайык, Сырдария, Ертіс, Жетісу екені, олармен шектескен аймактың Сарыарка екені айтылады. Сол аймактың «Қонысы – жібек, ну тоғай», Есіл мен Нұрадай тел аккан суы бар, айдын шалкар көлге бай жердің әсем табиғатымен таныстырады. Келесі бөлімінде осындай тамаша жердің еркіндікте «Туып-өскен баласын, Айбынды ер алаш» деп атайтыны, ол жұрттың мамыражай өмірі туралы баяндалады. Бұл – құт-берекенің негізі, қайыры көп ағайынның татулығы. Соның аркасында «кедейінің уайымы жок», жаты болсын, жарыны болсын арасында бір тайдың сұраусыз жүретін асынан тартыну жок халкы кеңпейілді, жомарт. Үшінші бөлімінде осы «кой үстінде бозторғай жұмыртқалағандай жағдайды» туғызып, елдің берекесін келтіріп отырған ел баскарудағы себептермен таныстырады. Акын пайымдауынша, оның бірі – ел арасында кандай бір дау-дамай іс туа калса, оны ұзатып жібермей «бітімге биге келуі». Әрі карай акын осы әділ биліктің, казіргі тілмен тетігін (технологиясын, механизмін) ашады. Олар: тәжірибелі би, «бір тиын пара алу жок», кисыкка құлак салмайды, «туралык пен шындыкты» катар ұстайды, яғни заңдылыктан «бір бұлтармайды». Төртінші бөлімінде биліктің ең биігі хандык биліктің сол замандағы деңгейі айкындалады. Әділдіктің символы ретінде Хакназар хан алынады. Ерлік пен жоғары хандык білікті даналыкпен ұштастырып, айналасына «Ак найзаның ұшымен, Ак білектің күшімен» дұшпанға қысым көрсеткен Қабанбай, Бөгенбай сиякты батырларды, Каз дауысты Казыбектей билерді, Жәнібектей палуанды топтастырып, жерін жаудан тазартып, елін бірлікке жұмылдыра білген сұлтанды атайды. Сол ұйыскан елдіктің соңы кешегі «бір сөзі – мың ділдалык» алты Алашка атакты Шөже, Орынбай, Жанак, Біржан сиякты акын, серілерді еске алады. Бесінші бөлімінде акын осындай биліктің нәтижесі ретінде ел тыныш кезеңіндегі әдемі тұрмысты кеңейтіңкіреп жырлайды. Бұл бөлімнің өлең жолдары Актамбердінің казак ел тіршілігін, Абайдың «Жазғытұры», «Жаз» өлеңдеріндегі жарастыкты ел тұрмысының суреттеулерін көз алдымызға келтіреді. Осы бөлімнің соңғы төрт жолы – осыған дейінгі айтылған казак тұрмысының түйіні. Мұның бәрін акын «Кешегі кайран казактың» сәулет пен ләулетке толы «өткен күні» деп карайды. Алтыншы бөлімнің алдыңғы алты жолы – осыған дейінгі тамсандырған өткен күнге контраст түрінде жырланатын Мағжан заманындағы күйбің өмір. Оның белгілері: күшің кеткен баяулап, жүрсің атсыз жаяулап, елде надандык жайлаған. Қалған он бір жолы – «Басың

көтер, тұр енді» деген жолдан бастап бүгінгі ұрпаққа үндеу және не істеу керек деген сұраққа жауап іздеу.

«ӨТІРІК ЕРТЕК» – Ж-тың дастаны. 1926 ж. «Жаңа мектеп» журналының 6-санында басылды.

«ПАЙҒАМБАР» – Ж-тың өлеңі. Д. С. Мережковскийдің «Дети ночи» өлеңінің әсерімен жазған. Бұған Д.С. Мережковскийдің:

«Устремляя наши очи
Дети скорби, дети ночи.
На бледнеющий Восток,
Ждем, не придет ли наш пророк»,

– деген жолдарын эпиграф ретінде алуы да дәлел бола алады. 1923 ж. қысқарып кеткен 3-ші және 5-ші шумақтар 1989 жылғы жинақта қалпына келтірілген. Бірақ та 1989 жылғы кітапта оныншы шумақ жоқ. 1995 жылғы басылымда осы тұтас бір өлең жұлдызша арқылы үш өлең болып кеткен. 2003 жылғы жинақта түзетілген. Сондай-ақ, соңынан санағанда үшінші шумақтың төртінші жолындағы «Күт сен мені» тіркесі 1923 жылғы нұсқа бойынша «Күт мені сен» болып өзгертіліпті.

ПАНАМАРОВ Қасен – 1906 ж. Қызылжар қаласында Мағжанды оқытқан молда (жәдит молдасы). Кейін Омбы қаласына ауысып, имам болған.

ПАРЩИКОВ Алексей Максимович

Парщиков Алексей

(24.5.1954, Примор өлкесі – 3.4.2009, Кёльн қ., Германия) – сексенінші жылдардағы орыс әдеби сыны «жаңа толқынының» көшбасшысы атанған орыс ақыны. Киев ауыл шаруашылығы академиясында оқыған, Мәскеудегі Горький атындағы әдебиет институтын тамамдаған (1981). 1991 ж. АҚШ-қа (Сан-Франциско) қоныс аударып, 1993 ж. магистр дәрежесін иеленген. 1995 жылдан ата-анасымен Кёльнде тұрды.

Ж-тың өлеңдері А.Парщиковтың аудармасымен Мәскеудің әдеби журналдарында жарияланды. Оған ұлы ақынның тағдырын түсіндіріп, өлеңдерінің жолма-жол аудармасын беріп, аударткан жазушы Роллан Сейсенбаев болатын. Сондай-ақ, Ж-тың П. аударған «Берниязу», «Ленинская смена» газетінде (1990, 15 ақпан), «Ураганная ночь», «Бабочка», т.б. өлеңдері («Дружба народов» журналында, (1988, №12)) жарияланды.

ПАСТРЕВИЧ (а.ж.т.қ.ж.б.) – Түркістан Әскери округінің прокуроры, заң генерал-майоры. Пастревич пен Әскери трибунал төрағасы, заң генерал-майоры Приймак Қазақстаннан түскен сыбыр-жыбырға құлақ асқан жоқ. Олар Қазақстан Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тексерістерінің

материалдарына сүйеніп, Ж-ты жапон жансызы деген айыпты жокка шығарды. Сөйтіп, Ж-тың 1938 ж. сотталып, ату жазасына кесілуі барып тұрған заңсыздық деп бағаланды. Енді ақынның «Алкаға» байланысты «кылмысы» қаралуы тиіс еді. Ақыры, бұл мәселе де әділетті шешім тауып, ақын толық ақталды.

«ПЕДАГОГИКА» – Ж. жазған оқулық. Алғаш рет 1922 ж. Орынборда басылып шықты. Ж-тың «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») атты әрі оқулық, әрі әдістемелік сипатты кітабы ақынның көзі тірісінде екі дүркін жарық көрген (Орынборда және Ташкентте (1923).

1920 ж. қазанда Қазақ АКСР-нің ХАК-ы құрылып, А.Байтұрсынов халық комиссары болды. 1921 ж. ақпанның 18-інде бүкілқазақстандық оқу-ағарту конференциясы шақырылды. Онда балаларды қорғау, бірыңғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық білім беру, саяси тәрбие ісі, оқу-тәрбие жұмысына байланысты, т.б. мәселелер қаралды. 1922 – 1923 жж. ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Мәселен, дәрігер Х.Досмұхамедов қазақ халық әдебиетін, Махамбет пен Мұрат ақындығын зерттей келе, Ташкентте «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» туралы зерттеуін кітап етіп шығарса, жазушы Ж.Аймауытов Мәскеуде психология тақырыбына «Жан жүйесі және өнер таңдау» деген оқу құралын бастырды. Қазақ оқығандарының мұншалық әмбебаптығы кезінде қазақ жастарының интеллектуалдық дамуында орасан зор рөл атқарды.

Ж. та Қазақстан үкіметі ағарту комиссариатының тапсырмасын уақытында орындады. Оның «Педагогика» кітабы негізгі он бес бөлімнен тұрады. Онда дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің (Мағжан «жан тәрбиесі» дейді) мәселелері жан-жақты және терең қамтылады. Осы еңбегінің алғы сөзінде автор: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қыска уақытты мұғалімдер курсында оқыған дәрістерден түзілген еді. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым», – деп жазды 1922 жылдың 15 қыркүйегінде Қызылжар қаласында. Бұл кітапты жазғанда Ж. курста оқыған дәрістерін ғана пайдаланбаған. Ол Ресей және Еуропаның әйгілі педагогтері мен психологтерінің еңбектерін зерттеп, «қазақ жанына қабыстырған», яғни қазақ менталитетіне сәйкестендірген. Сондықтан оның бұл кітабы барлық қазақ оқырмандарына әрі түсінікті, әрі пайдалы. Мұнда автор мұғалім қызметіне аса зор ілтипатпен қарайды, мұғалімге қамқор болуға, оны сыйлауға, оған құрмет көрсетуге шақырады. «Алты Алаштың баласы бас косса, қадірлі орын мұғалімдікі», – дейді ұстаз ақын. Бұл еңбегінде Мағжан педагог ұлттық тәлім-тәрбие жайын ғылыми тұрғыда тайға таңба басқандай дәйектеп отырған. Мысалы, ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды жамандық жағы да коп», - деп

жазады. Осыған орай педагогтерге, тәрбиешілерге «Халық педагогикасын қолдана отырып, түрлі заманда шыккан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек», – деп ақыл береді.

Ж. – тек кана педагог емес, адамның көңіл-күйін, ішкі жан сезімін терең түсінетін психолог. Ол «Педагогика» оқулығының бір үлкен бөлімін тек-тен-тек «Психология» деп атамаған. Ж-тың үлкен психолог, сыршыл екендігін осы бөлімнен аңғаруға болады. Қазақтың белгілі психолог ғалымы, профессор Құбұғұл Жарыкбаевтың пайымдауынша, «Мағжан – орыс педагогикасының білгірі К.Д.Ушинскийше педагогиканы жан сырының заңдылыктарын зерттейтін психологиямен астарластыра байланыстырған тұңғыш казак ойшылы. Ол педагогиканы психологиясыз, яғни шәкірттердің жан-жүйесі (зейін, ес, киял, ойлау, сөйлеу, т.б.) ерекшеліктерін ескермейінше, оқу-тәрбие процесінің теориялық кисындарын баяндайтын педагогиканың дәрменсіз болатындығын ерекше ескертеді» (Құбұлғұл Жарыкбаев. «Қазак жанының білгірі» («Жас Алаш», 1993, 5 наурыз).

«Педагогика» кітабында Мағжаннын үлкен сезіммен жазған бөлімі «Тіл туралы» деп аталады. «Тіл – ұлт үшін кымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмак емес, ондай ұлт құрымак. Ұлтынын ұлы болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы, ұлттык тілі кеми бастауы ұлттын құри бастағанын көрсетеді. Ұлтка тілінен кымбат нәрсе болмаска тиісті. Казак тілінде казактын сайран даласы, біресе желсіз түндей тымак, біресе құйындай екпінді тарихи сары далада үдере көшкен тұрмысы асыкпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі казак тілі болса, сөз жок, түрік тілінің келешек тарихында казак ұлты кадірлі орын алмакшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік», – деп жазады Ж.

«Педагогика» кітабының екінші такырыбы «Баланы тәрбие кылу жолдары» деп аталған. Осынын өзінен-ак акыннын казак халкы болашағын камтамасыз ету жолдарын көп ойланғаны көрініп тұрған жок па? Еңбектің ғылыми сындарлы жүйемен, ойы мен сөзі бос шығындалмай, үнемді, ұтымды жазылғаны сонша, оны республикамыздағы баспа ісінің балан кезінде шыккан деген ой каперіне де келмейді. Ж. кітабының Орынборда шыккан нұскасына М. Жолдыбаев деген әдебиетші, аудармашы кіріспе сөз жазған. Міне, сол кіріспе мақаласында Ж. «казакка «Педагогика» кітабы «Інжілдей», Мағжан азамат Иса пайғамбардай болды» деген. Бұл пікірде үлкен мән бар. «Педагогика» кітабының катардағы окулыктан ныгы асынкы. Кайткенде казак жасөспірімі осы заманғы цивилизацияның өресіне көтерілмек? Мағжаннын казак баласына бесікке бөленулі шағынан бастап, әр кадамына көз салуы, кайтсе адам, азамат болады деп толгануы, оган деген асып-төгілген мейірбандылығы осы сұракка жауап іздеуден туған.

Кітапты акын жазғандыктан, ол пе-

дагогика пәні шарасына сыймауға тиісті еді, солай болған да. Оқырманның кітаптан кейде, тіпті, оқулық емес, көркем шығарма я публицистикалық шешен сөз оқып отырғандай әсер алары анық. Бірақ мұның өзі ғылыми жүйеден ауытқу арқылы емес, мәселені барынша терең талдап шешу, кітап қағидаларын қазақ тіршілігімен қабыстыра түсіндіру арқылы қамтамасыз етілген. Даналық ескірмейді, көнермейді. Бейне алтындай қайда апарып көмсең де, бір күні тот баспаған қалпында жарқ етіп шығады. Ж-тан кейінгілердің де көп сөздері көнеріп үлгерді. Мағжан туралы бұлай айта алмайсың.

С. Сеңкібаев.

ПЕТРОПАВЛ (қазақша кеңінен қолданылып жүрген атауы «Қызылжар») – Солтүстік Қазақстан облысының қаласы, облыс орталығы (1936). Қаланың іргесі 1752 ж. қаланған. Петропавл автомобиль, әуе, өзен және темір жолдарының ірі торабы. Батыс Сібір ойпатының оңтүстік-батысындағы Есіл жазығының орманды-дала белдемінде, Есіл өзенінің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан. Петропавл алғашында әскери форпост, кейіннен сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солтүстік және Орталық Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды. 1838 ж. Есіл округінің, 1868 ж. Ақмола облысының құрамына еніп, уездік қалаға айналды. 1868 жылдан кейін Петропавл Сібір мен Түркістан сауда жолының бойында орналасуына байланысты Ресей мен Орта Азия хандықтарының және қазақ даласы арасындағы сауда қатынасының ірі орталығы болды. Қаланың ірі сауда орталығына айналуына Абылай сұлтанның Орынбор және Сібір губернаторларынан Қызылжарда (қазіргі Петропавл қаласында) ірі сауда орталығын ашуға рұқсат алуы жол ашыпты. Петропавлдағы сауда айналымы жылдан-жылға ұлғая түсті және орыс көпестері мен Орта жүз қазақтары арасында сауда-саттық жүрді. Петропавл XVIII ғасырдың соңында шағын елді мекеннен (форштадт) ірі сауда орталығына айналды. Патша өкіметі Петропавлда сауданың дамуына көмек беріп, онда қалалық қоғамдық банк ашты (1871). Кейін ол Мемлекеттік банк болды (1880). 1849 ж. 7 май, 7 былғары, 4 сабын, 17 кірпіш зауыты, диірмендер, т.б. кәсіпорындар жұмыс істеді. 1912 ж. мұнда 600-ге жуық сауда мекемесі болды. Қаланың одан әрі дамуына Транссібір темір жолының салынуы үлкен әсер етті. Егер XIX ғасырда қала сауда және әкімшілік пункт ретінде дамыса, XX ғасырдың басында ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптің басты орталықтарының бірі болды.



Мағжан Жұмабаев тұрған үй. Петропавл қаласы. 1929 ж.

Осы жылдары өңірге Ресейден жер аударылған шаруалар келіп қоныстана бастады. Олардың басым бөлігі қалаға көшіп келіп, жұмыс күшін көбейтті. Қалада қолөнер мен шағын кәсіпкерлік дамыды. Қаланың экономикасына Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Азамат соғысы кері әсер етті. Қала 1932 – 1936 жж. Қарағанды қаласының құрылысын басқаратын және ірі темір жол торабын салудағы негізгі орталыққа айналды. 1932 ж. «Казстройматериал» кірпіш зауыты іске қосылды. Механикалық зауыт қайта жөндеуден өтті. Нәтижесінде қала кәсіпорындарының қатары өсіп, жұмысшылар саны 13 есеге ұлғайды. Екінші дүниежүзілік соғыс алдында Петропавлда коммуналдық және электр көлігі шаруашылықтары қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары КСРО-ның батыс аудандарынан көшірілген 20-ға жуық зауыт-фабрикалар қала экономикасын біршама көтерді.

Соғыстан кейін қала жедел дами бастады. Әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде көптеген кәсіпорындар салынып, қаланың әлеуметтік-экономикалық, білім беру және мәдени-ағарту саласы қарқынды дамыды. 90-жылдары нарықтық экономикаға өтуге байланысты Петропавл қаласындағы ірі өнеркәсіп орындары өз жұмыстарын біршама баяулатты. Шаруашылық байланыстар үзіліп, кәсіпорындардың жұмысы тоқтай бастады. Тек 90-жылдардың соңынан бастап ел экономикасымен бірге Петропавл қаласының да экономикасы біршама жақсарды. Қазіргі кезде қала бюджеті

Пешкова Екатерина

қаржысының 10 пайызын шағын бизнес береді.

Қалада жалпы білім беретін 50-ден астам мектеп, 2 музыкалық, 5 спорт мектебі, 3 кәсіптік-техникалық мектеп, 5 арнайы оқу орны мен колледждер, одан басқа 2 мемлекеттік (Солтүстік Қазақстан университеті мен ҚР Ұлттық ұланының әскери институты) жоғары оқу орны тіркелген. 12 аурухана, 10 емхана, 199 дәріхана халыққа қызмет көрсетеді. Петропавлда 3 театр, филармония, 3 музей, 2 кинотеатр, 4 мемлекеттік кітапхана, 5 мәдениет сарайы, т.б. жұмыс істейді. Қалада 4 стадион, 34 әртүрлі спорт ғимараттары бар. Облыстық және қалалық газеттер, жарнамалық басылымдар шығып тұрады. Сонымен бірге 3-телерадиокомпания жұмыс істейді.

Ж. өмірі Петропавл қаласымен тығыз байланысты. Жас кезінде ол осында медреседе оқыды, кейін қызмет істеді. Өзінің көптеген шығармаларын осы қалада жазды.

ПЕШКОВА Екатерина Павловна (26.7.1876, Украина, Харьков губ. – 1965, Ресей, Мәскеу қ.) – Ресей және кеңес қайраткері, құқық қорғаушы, М.Горькийдің зайыбы. Самара қаласындағы гимназияны (1895) бітірген.

Потанин Григорий

1895 ж. «Самара» газетінде қызмет істеген. 1907 – 1914 жж. Парижде болып, Сорбонна университетінде француз тілінен курсқа қатысып, әлеуметтік ғылымдар жөнінде дәріс тыңдайды. 1913 – 1914 жж. Қызыл кресте. Саяси Қызыл крест (1917 жылдан Қызыл крестің Мәскеу қоғамы) ұйымдарында балалар комиссиясының, саяси тұтқындарға көмек көрсету бюросының басшысы болды. 1919 – 1920 жж. Польша және Ресей әскери тұтқындарын отанына қайтару жұмыстарымен айналысты. 1922 – 1937 жж. КСРО аумағындағы жалғыз құқық қорғау ұйымы – саяси тұтқындарға көмек көрсету ұйымын басқарды. 1941 ж. Ташкентке эвакуацияланған. Өмірінің соңғы жылдары Марксизм-ленинизм институты жанындағы М.Горький мұражайының кеңесшісі қызметін атқарды. П. «Қызыл крест» қоғамын басқарып тұрған жылдары айдауда жүрген Ж-тың арызы бойынша оған тағайындалған мерзімін қысқартып, түрмеден босатуға қол ұшын берген.

ПОТАНИН Григорий Николаевич (22.9.(4.10), 1835, Павлодар губ., Ямышево а. – 30.6.1920, Ресей, Томск к.) – Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы. Омбыдағы кадет корпусын бітірген (1852). Семей мен Омбыда әскери қызметте (1853 – 1858) болды. Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде (1859 – 1862) оқыды. 1861 ж. студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. Орыс география қоғамының астроном К.Струве басқарған экспедицияға қатысып, Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын (1863 – 1864) зерттеді. «Сібірдің тәуелсіздік қоғамы» жасырын ұйымына қатысқаны үшін тұтқындалып, (1865 – 1874) қамауда болды. Моңғолияның солтүстік-батысы және Туваға (1876 – 1877 және 1879 – 1880), Солтүстік Қытай, Шығыс Тибет, Орталық Моңғолия (1884 – 1886 және 1892 – 1893), Үлкен Хинганға шыққан экспедицияларға (1899) қатысты. Зайыбы А.Потанинамен бірге Орталық Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур, т.б. көптеген халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы Шығыс сарындары» (1899) атты еңбек жазды. Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барып қайтқан сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақаласын жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркітілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбегін де пайдаланды. Ол ел аузынан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жариялады. Географиялық озық еңбектері үшін

П-ді Орыс геогр. қоғамы (1886 ж.) Үлкен Константинов медалімен марапаттады. П. есімімен Наньшань тауындағы жота, Моңғол Алтайындағы мұздық аталған.

Ж. Омбынын мұғалімдер даярлайтын семинариясында оқыған П. дәріс оқыған.

ПУШКИН Александр Сергеевич (6.6. 1799, Мәскеу қ. Ресей – 10.2.1837, Санкт-Петербург қ.) – орыс ақыны, классикалық орыс әдебиетінің негізін салушы. Сөз өнерін өз дәуірінің озат тілек-максаттарымен ұштастыра білуі оған әдебиетте тың жол табуға мүмкіндік берді. П. сан алуан жанрлық түрлерді еркін меңгерді. Әркилы лирика өлең, поэма, әңгіме, повесть, тарихи роман, өлеңмен жазылған роман, ұсақ та, кесек те драмалық шығарма, міне, осылардың қайсысын колға алса да, ол үлкен көркемдік шеберлік танытты. Сол дәуірдегі орыс әдебиетінің П. араласпаған, ол кол тигізбеген, үлкен ыкпал жасамаған, елеулі із калдырмаған бірде-бір саласы болған жок. Осынша кыруар еңбегін ол небәрі 20 жылдай уакыт ішінде аткарып шыкты. Жас П. әдебиеттегі өз орнын табуға, өзінің шығармашылык бетін айкындап алуға үлкен мән берді. Оның әдебиетке алғаш келген жылдары жазган олен-жырларының кай-кайсысын алсак та, олардан біз азаттыкты аңсауды, отаншылдыкты, халык мұнын, тілек-мүддесін жактауды шығармаларының негізгі аркауы еткен күрескер акынның асқак бейнесін көреміз. Жаңа ұрпактың арман-мұраты, үміт-сенімі, ескіден безінуі, ізгілікті, бостандык пен бакытты армандауы – осынын бәрі оның поэзиясынан бірдей-ак жаркын көрініс берді. Акынның ой-сезімінің калыптасуына күшті әсер еткен зор тарихи окиға 1812 жылғы Отан соғысы болатын. Ол П-нің санасында мәңгі өшпес із калдырды. Россияда отаншылдык, азаттык идеялары кең канат жайды. Халыктың еркіндігін, бостандығын темір құрсаумен шырмаған патшалык құрылыска наразылык үдей түсті. Патшаға карсы күреске шығып, батыл кимылдаған революцияшыл декабристер ескі дүниені дүр сілкіндірді. Ол болашакка, азаттык идеясының жеңетіндігіне кәміл сенді. Декабристер көтерілісінен кейінгі жылдарда П. Ресейдің әр аймағында күн санап канат жайып, күш алып келе жаткан шаруалардың революциялык қозғалысына үнемі көз тігіп, көңіл аударды, оған үлкен үміт артты. Жаңашыл, алғыр ойлы, күрескер акын халыктың тарихын, әдебиетін, аныз-ертегілерді, ескі жыр-дастандарды жаксы білді, калыптасқан бай әдеби дәстүрлерден де іргесін аулак салған жок. М. В. Ломоносовтың ірі қоғамдык мәселелерді толғай білгені, Н.М.Карамзиннің адамның жан сезімін әсерлі суреттеуі, В. А. Жуковский өлеңдеріндегі ерекше әуездік, сыршылдык, И. А. Крыловтың карапайым адамның мінез-әрекетін дәл бейнелеуі, А.С. Грибоедовка тән коғамдык өмірді суреттеудегі шынайылык, сыншылдык, К.Ф. Рылсев поэзиясындағы отаншылдык, адамзаттык әуен, революциялык сарын – бұлардың бәрі де П-ге жат емес екені оның шығармаларынан айкын анғарылды. Бірак

М. Жұмабаевтың туған ауылы Сарытомардағы мұражайдың ішкі көрінісі.

Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы – Булаево қаласындағы ақын ескерткішінің ашылу салтанаты.

М. Жұмабаевтың туған ауылы Сарытомардағы мұражай.



М. Жұмабаевтың туған ауылы Сарытомардағы мұражайдың ішкі көрінісі.

Павлодар қаласындағы Батыр Баян ескерткіші.

Сарытомардағы М. Жұмабаев мұражайының ішкі көрінісі.

Сарытомардағы Мәдениет үйі.

Петропавл қаласында 1922 жылы М. Жұмабаев тұрған үйдің бүгінгі көрінісі.

Петропавл қаласында 1922 жылы М. Жұмабаев тұрған үйге орнатылған ескерткіш тақта.

Петропавл қаласындағы ақынның атымен аталатын алаңдағы ескерткіш.

М. Жұмабаевтың кіндік қаны тамған Сасыққөл маңындағы белгі.

Сарытомардағы мұражай мен мектеп.

М. Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтойына арналған туған ауылындағы тойдан көрініс.

М. Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтойына арналған ақындар айтысынан көрініс (Сахнада Арман Бердалин мен Серік Құсанбаев).

Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған көрме.

М. Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтойына қатысушы құрметті қонақтар.

М. Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтойынан көрініс.

М. Жұмабаевтың інісі Сәлімжанның ұлы Тасболат Бекенов.

«Мағжан көктемі» IV республикалық фестиваліне қатысушылар
Петропавлдағы ақын ескерткішінің жанында.

«Мағжан көктемі» IV республикалық фестивалінің жеңімпаздары.

«Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» атты I республикалық өнер фестивалінің Әбіш Кекілбаев, Кәкімбек Салықов бастаған құрметті қонақтары.

«Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» атты I республикалық өнер фестивалінің қазылар алқасы.

2011 жылғы «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» атты I республикалық өнер фестивалінің ашылуы.

«Мағжан көктемі» IV республикалық фестивалінің «Жаңа әндер» аталымының жеңімпазы ақмолалық Құрмет Сақай.

М. Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойына арналған бәйге.

М. Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойына арналған көкпаршылар сайысы.

М. Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойына қатысушы құрметті қонақтар.

М. Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойынан көрініс.

С. Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрында 2013 жылы сахналанған «Өйтпесе Мағжан бола ма?» атты спектакльдің премьерасы.
Пьеса авторы – Дулат Исабеков (ортада).

М. Жұмабаевтың туған ауылы Сарытомардағы мұражайдың директоры Айгүл Жүнісбаева.

Түркістан қаласындағы ақынның атымен аталатын №15 мектеп-гимназияның алдына орнатылған М. Жұмабаев ескерткішінің ашылу салтанаты.

М. Жұмабаевтың татар тіліне аударылған «Жан сөзі» кітабының тұсаукесерінен көрініс.

Түркияның астанасы – Анкара қаласындағы М. Жұмабаевтың қайтадан жаңартылған ескерткіші.

Түркияның астанасы – Анкара қаласындағы М. Жұмабаевтың қайтадан жаңартылған ескерткішінің ашылу салтанаты.

Түркияның астанасы – Анкарада өткен М. Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған конференцияға қатысушылар.

Түркияның астанасы – Анкарада өткен М. Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған конференцияға қатысушылар Солтүстік Қазақстан облысы әзірлеген көрмені тамашалауда.

«ТҮРКІСОЙ» ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов пен түрік ғалымы Хулия Қасапоғлы.

Түркияның астанасы – Анкарада өткен М. Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған конференцияға қатысушылар.

Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы мен Анкараның Кечиөрен ауданының басшысы Мұстафа Ақ.

Түркия Республикасы президентінің бас кеңесшісі Ялчын Топчы М. Жұмабаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған конференцияда.

Мәдениет және спорт министрлігінің «ТҮРКІСОЙ» ұйымындағы өкілі, филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғанбаев.

Түркияның астанасы – Анкарада өткен М. Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған конференцияға қатысушылар.



М. Жұмабаевтың өлеңдерін түрік тіліне аударған ақын Әли Акбаш.

М. Жұмабаев мұрасын зерттеуші түрік ғалымы Хулия Қасапоғлы мен филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісмақова.

Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Ерік Өтембаев М. Жұмабаевтың өзбек тілінде жарық көрген өлеңдер жинағының тұсаукесерінде.



«Kardeş kalemler» журналының М. Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған саны, 2018 ж.

Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университетінің ректоры Шухрат Сирожиддинов пен Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі.

М. Жұмабаевтың өлеңдерін өзбек тіліне аударған Қарақалпақстанның халық ақыны Музафар Ахмадқа (сол жақтан екінші) шапан жауып, құрмет көрсетілген сәт.

Пушкин Александр

ақынның өз тұлғасы осы аталған ақын-жазушылардың біріне де ұқсамайды. Өйткені, ол орыс әдебиетіне дәуір талабына сай тың ақындық ой-сезім әкелді, керемет өнерпаздық күш жұмсап, орыстық ұлттық көркем ой жүйесін мүлдем басқаша қалыптастырды. Сондықтан П-нің терең толғайтын ойшылдығы да, лирикадағы сезімталдығы да, шебер суретшілігі де, оның шығармаларындағы отаншылдық, азаттық аңсау идеялары да, төңкерістік жалын-леп те бұрынғыдан өзгеше, жаңаша сипатта танылады. П. поэзиясының бұрынғы әдебиеттен ерекшелігін айқын танытатын қасиет – ондағы азаматтық, төңкерісшілдік идеялардың қуаттылығы. Ақын отанды сүю сезімін, «қасиетті бостандықты» аңсаушылықты айрықша қастерлеп, тебіреніп айтады. Айдауда жүрген декабрист-ақындармен өзінің пікірлестігін, ниеттестігін жасырмай, үнемі жария өтіп отырады. Ол күрес жолынан еш ауытқып, айнымайды. Тек ол азаттыққа жету жолындағы күрестің жаңа мүмкіндіктерін іздейді. Қоғамдық мүддені, әр азаматтың қоғам алдындағы, халық алдындағы міндетін П. енді дәл өз кезеңінің, өз дәуірінің тілек-талаптары тұрғысынан қарап, терең түсінуге ұмтылады. Ол өзінің тұңғыш поэмасы «Руслан мен Людмилаға» ежелгі аңыз-оқиғаны арқау етіп жазғанда немесе «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» дастандарында орыс адамын әр елде, әртүрлі ортада алып суреттегенде өз заманының ең күрделі қоғамдық мәселелерін қозғай білді. Соңғы дастаннан адам өмірдегі күрес-тартыстан шет қала алмайды деген тұжырымды өте-мөте аңғарамыз. П. халықтың тарихи тағдыры жайлы толғанғанда оны, өз дәуіріндегі қоғамдық өмірдің түйіндерін шешу міндетімен ұштастырады. «Борис Годунов» драмасындағы тарихи дамудың бетін, үлкен-үлкен кезеңдерін белгілейтін ең басты күш – халық, халықтың мүддесі, ниет-тілегі деген тұжырым – жазушының өз заманына жалғастырыла айтылған шындық.

П-ге деген ықыласының көрінісі ретінде «Евгений Онегинді» халық ақындары революциядан бұрын-ақ дастан етіп айтып жүргенін және «Капитан қызының» қазақ тіліне аударылып, 1903 ж. басылып шыққанын атап кеткен жөн. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин, Бекет Өтетілеуов П. шығармаларынан көп нәр алды. Жыр алыбы карт Жамбыл П-ге арнап өлең шығарып, ұлы ақынға құрметпен ишарат етіп, қазақ халқының сүйіспеншілік сезімін әсем жырмен жеткізген болатын. Қазақ әдебиетінің туындысы – «Абай

жолы» роман-эпопеясында П-нің өнерпаздығы, Абай арқылы бүкіл қазақ мәдениетіне тигізген игілікті ықпалы көркем бейнеленген. Мұның өзі П. шығармалары, ұлы ақынның бейнесі Мұхтар Әуезовке де шабыт беріп, оны рухтандырғанын анғартады. П. шығармаларын қазақ тіліне аударуда Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, Ө.Тұрманжанов, Ә.Тәжібаев, Қ.Тоғызақов, Ғ.Орманов, Ә.Сәрсенбаев, К.Бекхожин, Қ.Шаңғытбаев, Ж.Молдағалиев сияқты көрнекті қазақ ақындары елеулі еңбек сіңірді.

Қазақстанның көптеген қалаларында ұлы ақынға арналып ескерткіштер орнатылып, көшелер, мектептерге есімі берілді. Ж. та Пушкинге еліктеген.

ПУШКИН АТЫНДАҒЫ №5 ОРЫС ОРТАЛАУ МЕКТЕБІ. Ж. жазасын өтеп келгеннен кейін осында орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ақынның сол мектепте оқыған шәкірті Татьяна Нетесова (кейін өзі де мұғалім болған) Ж-тың сабағын қызығып тыңдайтыны туралы Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленинское знамя» газетіне естелік жазды. Бұл Мағжанның ең соңғы педагогтік қызметі еді. Өйткені, оны 1936 жылдың аяғында әртүрлі себептермен, ең бастысы саяси сенімсіздікпен қызметтен шығарып жібереді.

ПІРӘЛИЕВА Гүлзия (30.4.1958, Оңтүстік Қазақстан обл., Түлкібас ауд. Ақбиік а.) – әдебиеттанушы ғалым. Филология ғылымдарының докторы (2005), профессор (2008). 1980 ҚазМУ-ді (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1980 – 1984 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде тілші, 1984 – 1989 жж. «Оңтүстік Қазақстан», 1989 – 1991жж. «Өркен» газеттерінде бөлім меңгерушісі, 1991 – 2006 жж. Әдебиет және өнер институтында ғылыми, бас ғылыми қызметкер болды. 2006 ж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында (қазіргі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті) кафедра меңгерушісі, декан қызметін атқарды. 100-ден астам ғылыми жариялымның авторы. П. «Ақиқат» журналында (2006, №7) жарияланған «Мағжан Жұмабаев – әдебиеттанушы» деген зерттеуінде Ж-тың әдебиетке деген көзқарасы хақында сөз сабақтайды.

«Р... АЛЬБОМЫНА» – Ж-тың өлеңі. Рабиға Мәдиқызына арналған. Мәди молда Қызылжар қаласында тұрған. Өлең жазылған кезде Рабиға – адвокат Ғалиолла Ғалымжановтың әйелі. 1989 және 1992 жж. басылымдарда 2-ші және 6-шы шумақтар өзгертіліп басылған. Кейін 1922 – 1923 жж. нұсқа қалпына келтірілген.

РАҚЫШ Еркін (16.1. 1961) – режиссер, сценарист. «Жас Ұлан» киностудиясын құрған. «Инвестор» және «Kazakhstan – USA» журналдарының бас редакторы, Алматы сауда палатасының вице-президенті болып қыз-

мет атқарған. Қазір «Жас Ұлан» киностудиясының директоры.

РАУШАНОВ Есенғали (5.10.1957, Қарақалпақ АКСР-і) – ақын. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2006). Қазақстанға еңбегі сіңген баспа қайраткері. Р. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Өлеңдері 1973 жылдан бері жарияланып келеді. 1983 ж. «Бердәулет пен Жоламан» атты поэмасы Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО орталық комитеті мен «Жалын» баспасының озық шығармаларға жариялаған бәйгесінде бірінші орын алды. 1983 – 1987 жж. «Жалын» және «Арай» журналдарында поэзия бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, 1988 – 1995 жж. «Білім және еңбек» («Зерде») журналының бас редакторы қызметін атқарды. Қазір «Жазушы» баспасының директоры. Р. Мағжан Жұмабаевтың 3 томдығын (А., «Жазушы», 2002) баспаға әзірлеуге атсалысты, редакция алқасының мүшесі болды.

РЕКЛИН К. (а.ж.т.к.ж.б.) – «XV партия конференциясы не деді?» деген кітаптың авторы. Ж. аударған бұл кітап 1927 ж. Мәскеуде жарық көрді.

РЫСҚҰЛОВ Тұрар (26.12.1894, Жетісу обл., Верный уезі Шығыс Талғар бол. – 10.2. 1938, Мәскеу қ.) – мемлекет қайраткері. Оның әкесі Рысқұл Жылкайдарұлы XIX ғасырдың 80-жылдары патша әкімшілігінің озбырлығына шыдамай, Сырдария облысының Черняев уезінен (қазіргі Оңтүстік Қазақстан обл., Түлкібас ауд.) Верный уезіне қоныс аударған. Жаңа қонысында да әділетсіздік көрген Рысқұл 1904 жылғы желтоқсанда халыққа тізесі батқан Саймасай Үшкемпіров деген болысты атып өлтіреді. Түрмеде жатып өш алушылардың зияны жалғыз ұлы Тұрарға тиер деп қауіптенген оны өзінің қасына алдыртады. «Түрме баласы» аталған Р. түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп орыс тілін үйренеді. Әкесі 10 жылға сотталып Сахалинге жер аударылған соң Р. тегін Қырғызбаев деп өзгертіп, нағашыларының қолына келеді. Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектебінде оқиды. Мұндай аралас мектептер белсенді миссионерлік мақсат ұстанған болатын. Әкесімен бірге Верный қаласының түрмесінде болған кезінде түрме бастығы Приходько жас Рысқұловты шоқындыруға әрекеттенсе, Меркідегі шәкірт кезінде осындай әрекет оның алдынан тағы да шығады. 1910 ж. Р. Пішпектегі 1-дәрежелі ауыл шаруашылығы мектебіне қабылданып, оны 1914 жылғы қазан айында бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Оған Самара қаласындағы орта дәрежелі ауыл шаруашылығы училищесіне түсу үшін арнайы жолдама беріледі, бірақ училище директоры «қазақ – көшпелі, оған жер өңдеуді оқудың қажеті жоқ» деп қабылдамай қояды. Тауы шағылған Р. 1915 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына түсуге тырысады, бірақ оны мұнда да «бұратана» деген сылтаумен қабылдамайды.Ақыры ол оқу министріне арыздана жүріп, арнайы рұқсатпен

емтихан тапсырады да, оқуға қабылданады. Күн көру үшін оқумен қатар Ташкент қаласының іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істейді. 1916 ж. жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтерілісі басталған кезде Р. оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Меркі ауылына аттанды. Ол Меркіге келген кезде халық ашық бас көтерулерге шығып, жер-жерде қарулы қақтығыстар өрши бастаған болатын. Р. Аққөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағдар сілтеді. Меркідегі көтерілістің өршіген кезінде Р-ты патша әкімшілігі тұтқындайды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таба алмай, босатып жіберуге мәжбүр болады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Р. Меркіге оралып, онда «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады. Осы жылы жазда Р. РСДЖП құрамына мүше болып қабылданды. 1918 ж. сәуірде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, өз күш-жігерін ашаршылыққа ұшыраған халықты төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап қалуға, орыстар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, кеңестерге жергілікті халық өкілдерін көптеп тартуға жұмсады. Әулиеата уездік төтенше комиссиясын ұйымдастырып, қарулы отрядпен бірге уезді аралап, орыстар мен қазақтардың өзара қырқысын тиюға, контрибуция ретінде тартылып алынған қазақтардың мал-мүліктерін өздеріне қайтарып бергізуге тырысты. Р-тың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің

Рысқұлов Тұрар

құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. 1918 жылғы 21 сәуірде уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар арасынан депутаттарды сайлау мақсатымен Әулиеата қаласында Р-дың ұйымдастыруымен қазақтардың жиыны болып өтті. Жиналыстың шешімі бойынша Әулиеата уездік кеңесінің 26 мүшесінің 15-і жергілікті халық өкілдері болды. Р-тың жетекшілігімен Әулиеата қаласы маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20 мың адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды. 1918 жылғы шілдеде Әулиеата уездік кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Уездік кеңестің сан түрлі қызметін ұйымдастыра отырып, Р. бұрынғысынша негізгі күш-жігерді ашаршылықпен күрес ісіне бағыттады. Сырттан келер көмектің жоқтығы оны тек ішкі резервтерді тиімді пайдалана білуге мәжбүр етті. Рысқұлов Әулиеата қаласының 52 орыс капиталисіне ашаршылыққа ұшыраған халықтың пайдасына 3 млн. сом салық төлеттірді. 1918 жылғы қыркүйекте Р. Түркістан автономиялы республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Бұл комиссари-

атқа денсаулық ісімен шұғылданумен қатар аштықпен күресу міндеті де тапсырылған елі. Аштықпен күресуге Денсаулық сақтау халық комиссариатының күш-қуаты мүлдем жеткіліксіз болатын. Сондықтан да Р. аштықпен жүйелі түрде күресу үшін құрамына түрлі комиссариаттардың өкілдері кіретін арнайы ұйым құруды талап етеді. Осыған орай 1918 жылғы 28 қарашада Ерекше орталық комиссия ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Р. тағайындалды. Р. басшылық еткен комиссия Түркістан автономиялық республикасының 19 уезі мен қалаларында 923 мың адамға арналған тамақтандыру орындарын ашты. 1919 жылғы 14 наурызда Р. Түркістан республикасы кеңестерінің 7 съезінде Орталық атқару комитеті төралқасы төрағасының орынбасары болып Р. сайланды. Осы жылғы 14-31 наурыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан КП-ның 2 конференциясында ОК жанынан Мұсылман бюросын құру туралы шешім қабылданды. Р. Мұсылман бюросы қызметін жандандыра түсу мақсатымен оның ұйымдастыру, редакция-баспа, мәдени-ағарту және әскери бөлімшелерін құрды. 1919 ж. алашордашыларға Кеңес өкіметінің кешірім жасауына орай Н. Төрекұлов, С. Қожанов, С. Асфендияров, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеров, тағы басқаларды қызметке тартты. 1919 жылғы шілдеде Түркістан республикасы атқару комитеті Әулиеата және Черняев уездеріндегі саяси-әлеуметтік және ұлтаралық қарым-қатынас жайымен танысу үшін онда арнайы комиссия аттандырды. Р. төрағалық еткен бұл комиссия Әулиеата атқару комитетінің мүшелерін өз міндеттерін іске асыра алмағаны үшін қатаң сынға алып, бұл комитеттің таратылғанын жариялады. Осыдан кейін Әулиеата уездік атқару комитетінің орнына Түркістан атқару комитетінің шешімімен Әулиеата уездік уақытша революциялық комитеті ұйымдастырылды. 1920 жылғы 21 қаңтарда Р. Түркістан орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Ол атқару комитетін Түркістанның тарихи-объективті жағдайы мен ерекшелігін басшылыққа алып жұмыс істейтін органға айналдырды, жергілікті халықтардың құқығын қорғайтын ұйым дәрежесіне көтерді. Атқару комитетінің төрағасы ретінде Түркістан республикасының конституциясына сай берілген құқықтарын пайдалана отырып, орыс шаруаларының қарусыздандырылуына, олардың экономикалық жағдайының жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен теңестірілуіне, орыс шаруалары мен қазақтардың көшпелі халықтардан тартып алған жерлерін иелеріне кері қайтаруларына қол жеткізді. Ол Түркістан республикасының саяси-мемлекеттік егемендігі жолында табанды күрес жүргізді. Республиканы түркітілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыруға, республика егемендігіне, яғни саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери және мәдени мәселелер бойынша нақты болуы тиіс дербестік құқықтарына ие болуға бар күш-жігерін жұмсады. 1924

жылғы 4 акпанда РКП(б) ОК шешіміне орай Р. Коминтерн аткару комитетінің құрамына кызметке жіберілді. Коминтерн аткару комитетінің Орталык-Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып бекітілді. 1924 жылдың жазында Коминтерн аткару комитетінің Монголиядағы өкілетті өкілі болып тағайындалды. Ол онда Монгол Халык республикасының аяғынан нык тұрған мемлекет ретінде калыптасуына зор еңбек сінірді. Ол Монголия конституциясының жобасын әзірлеуге атсалысты. Монголия астанасының атын Улан-батор (Кызылбатыр) деп коюды ұсынған Р. болатын. 1926 жылғы наурызда Р. Казакстанға оралып, Казак өлкелік БК(б)П комитетінің баспа бөлімінің меңгерушісі кызметіне тағайындалды. Осы жылдың 19 сәуірінде Р. Казак өлкелік БКП (б) комитеті каулысымен «Еңбекші казак» газетінің жауапты редакторы болып бекітілді. Көп ұзамай 31 мамырда Бүкілодактык орталык аткару комитетінің каулысымен Ресей Федерациясы Халык комиссарлары кенесі төрағасының орынбасары болып бекітілді. Бұл кызметіне коса Р. Түрксіб темір жолын салуда үкімет комиссиясының төрағасы болды. Маманданған казак жұмысшыларын калыптастыруға, казак жастарын Ресей және шетел оку орындарында көптеп окытуға көп көніл бөлді. Казак өлкелік БК(б)П к-тін басқарған Ф.И. Голощекиннің «Казакстанда кіші Казан» төңкерісін жасау идеясына ашык карсы шыкты. Кенестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Казакстандағы ашаршылыктың апатынан халыкты кұткару жайында И.В. Сталинге накты ұсыныстар жасады. Бірак Сталин Р-тан гөрі. Голощекинге сенім артатындығын танытты. 1937 жылғы 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Р. «пантүрікшіл», «халык жауы» деген айыппен тұткынға алынды. Кенестік куғын-сүргінге ұшыраған Р. Мәскеу түрмесінде жүрек ауруынан кайтыс болды. Р-тың әйелі Әзиза да кенестік куғын-сүргін құрығына ілігіп, АЛЖИР-де 18 жыл айдауды бастан кешті. Ұлы Ескендір түрмеде кайтыс болды. Р. КСРО Әскери алкасы Жоғарғы сотының шешімімен 1956 жылдың 8 желтоксанында акталды. Казіргі кезде Жамбыл облысының бір ауданына Р. есімі берілген. Тараз каласында Р. есімімен аталатын демалыс паркі бар, онда Р-ка ескерткіш койылған. Алматы каласындағы басқару академиясына Р. есімі берілген. Көрнекті казак жазушысы, мемлекеттік кайраткері Шерхан Мұртазаның «Кызыл жебе» (1-2-кітабы), «Жұлдызды көпір», «Кыл көпір», «Тамұқ» атты романында Р. келбеті сомдалған.

1922 ж. М.Жұмабаев Тұрар Рыскұлов пен Сұлтанбек Кожановтың шакыруы бойынша Ташкентке келіп, онда казак-кырғыз оку-ағарту институтына аға мұғалім болып орналасады. «Сана», «Шолпан» журналдарының әдеби жұмыстарына кызу араласып, көптеген шығармалар, зерттеу еңбектерін жариялайды. Кейін Ж-ка тас лактырғандардың жуан ортасында Р. та жүрді. 1926 жылдың 25 сәуірінде «Еңбекші казак» газетінің редак-

ция ұжымында сөйлеген сөзінде ол Мағжан мен Жүсіпбек жолбике деп есептелсе де, оларға сенбеуге шақырды. «Біз оларды жақсы білеміз, сондықтан оларға тым көп нәрсені сеніп тапсыра бермеуіміз керек. Аймауытов процесінде пролетар соты алдында өзінің соңғы сөзін сөйлегенде кейбір коммунистердің соралары ағып жылап отырғанын да білеміз», – деген. Алайда, ұлтшыл атанған Ж-ка қандай айып тағылса, Р-ка да сондай айып тағылды. Тіпті ол Ежов торына Ж-тан бұрын түсті. Ж-тан бұрын жапон жансызы атанды.



САБАТАЕВ Сатылған (24.05.1874, бұрынғы Жетісу обл., Верный уезі, Үлкен Алматы бол., №7 ау. – 15.4.1921, Қарағанды обл., Қарқаралы манайы) – Алаш қозғалысының қайраткері, жоғары білімді қазақ агрономы. Верный ерлер гимназиясын (1895), Мәскеу Шығыс тілдері институтын (1899), Мәскеу ауылшаруашылық институтын (1915) бітірген. 1899 – 1901 жж. Жетісу облысы Пішпек уездік басқармасының аудармашысы, Жетісу облыстық қоныс аудару мекемесінің қызметкері болған. 1916 – 1917 жж. Лепсі уезінің ауылшаруашылық мекемесінде жұмыс істеген. Патша өкіметі құлаған соң С. Алаш қозғалысына белсене араласты. 1917 жылдың 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-ші жалпықазақ съезінде Алашорда кеңесінің мүшелігіне сайланды. 1918 жылғы қаңтарда Верный қаласында Жетісу облысы қазақтарының 2-ші съезіне қатысып, автономия, милиция құру жұмыстарымен айналысты. 1918 жылдың 9 наурызында большевиктер С-ты алашордашыл ретінде Верный қаласында түрмеге қамады. 17 сәуірде түрмеден босап шығып, Семейде түрлі қызметте болды. 1-ші Алаш әскери полкін жасақтауға белсене қатысты. Кеңес өкіметі орнаған соң, ол Қарқаралы өнірінде өз мамандығы бойынша қызмет атқарды. 1921 жылдың көктемінде Ботакара деген жерден тұқым алып келуге бара жатқан С-ты ақтардың соңына түскен қызыл әскерлер жазықсыз атып кетті. Ж. Алаш Орданың оқу комиссиясының мүшесі болғанда, С. Алаш Орда мүшелігіне кандидат болды.

САҒА АУЫЛЫ – Ресейдің Омбы облысындағы елді мекен. Омбы облысындағы Саға, Ебейті деген ауылдарда М.Жұмабаевтың нағашылары тұрған. Ж. 1936 ж. нағашы жұртына барғанда бірнеше өлең шығарады. Біріншісі нағашыларына арналған. Екіншісі – «Жас Мағжанға». Ақын Саға ауылында қонақта жүргенде Баймұқан деген ел азаматының әйелі босанып, ұл туса керек. Оған әкесі Мағжан деп ат қойыпты. Ж. жаңа туған бөбекке тілек айтып өлең шығарады. Қаһарманның ұлы Ғадылша ел азаматтарының аузында сақталып қалған сол өлеңдерді 1967 ж. Ебейті ауылында тұрған 87 жастағы Зейніш Даниярович жазып алады.

«САҒАТ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең

төрт жинакта (1922, 1923, 1989, 1993) бар.

«САҒЫНДЫМ» – Ж-тың өлеңі. Бес жинакка да енген. 1989 ж. өзгерген жолдар 2002 жылғы жинакта калпына келтірілген.

«САДАҚ» – 1915 жылдың 9 карашасынан 1918 жылдың 10 акпанына дейін Уфадағы «Ғалия» медресесінің казак шәкірттері шығарған колжазба әдеби журнал. Ұйымдастырушылары әрі шығарушылары – Б.Майлин мен Ж.Тілепбергенов. Олар «шығарушы – «Казак» ұйымы» деп көрсеткен. Аталған медресе шәкірттері «Казак» газетін, сондағы кайраткерлерді үлгі тұткан. Деректерге карағанда, олар Алаштың «Бірлік туы», «Сарыарка», «Ұран» газеттерін де жаздыртып алып тұрған. Бұл басылым да «Ғалия» медресесінің казак шәкірттеріне тілектестігін білдіріп отырған. Журнал максаты – жастарды жаңа әдебиетке тарту, өмірдің және елшілдіктің маңызын түсіндіру, жауапкершілікті арттыру еді. Бұл іс Алаш козғалысына косылған елеулі рухани үлес болды. «Садак» журналын шығаруға Ж. та белсене катысты. Басылымда жас акынның өлеңдері жарияланып тұрды.

САЙДАЛИН Асхат (1898 – 1937) – Алашорда үкіметінің мүшесі. Әкесі патша заманында 30 жылдай болыстык құрған. С. Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. «Алаш» партиясының мүшесі ретінде контрреволюциялык Колчак лагерінде кызмет еткен. Алаш зиялыларымен тығыз байланысып, Омбы каласынан Міржакып Дулатовты большевиктердің колына түсуден құткарып, кашып кетуіне жағдай жасаған. Кенес өкіметі орнағаннан кейін 1920 ж. БК(б)П катарына өтіп, ҚАКСР жерге орналастыру Халкомының кадрлар баскармасының басшысы кызметін атқарған.

САЙДАЛИН Темірғали – Ж-тың шәкірті. Ж. Қызылжарда совпартшколада әрі педагогикалык техникумда (1927 – 1929) казак тілі мен әдебиетінен сабак береді. Сол кезде Ж-тың алдын көрген шәкірттерінің бірі. Солтүстік Казакстан облысы казіргі Есіл ауданындағы Еңбек ауылының тұрған Темірғали Сайдалин өзінің естелігінде: «...1926 – 1929 жж. Совпартшколада окыдым. Бір күні бізге жаңа мұғалім келді. Казак әдебиетінен окиды екен. Ол Мағжан Жұмабаев болып шыкты. Алғашкыда ол бізге тәкаппар сиякты көрінген. Басын үнемі тік ұстайтын. Аккұба өңді, дөңгелек жүзді, орта бойлы кісі еді. Киім киісі ерекше. Үстінен бір кылау көрмейсін. Өте көркем кісі болатын. Ой сұңғылалығы мен бой сұлулығы жарасым тауып тұрғандай көрінетін. Казакта ондай көркем адамды көрген емеспін. Ал сабак беруде Мағжан өзгелерге ұксамайтын. Даусының ашыктығы, тілінің жатыктығы бірден өзіне баурап алатын. Өлең, әнгімелерді жатка айтатын. Сабакты, біздің түйсігімізге бірдене жетсін дегендей, жан-тәнімен беріле жүргізетін. Не деген талант деп таңданатынбыз», – деп жазды.

«САЙЛАУ» – Ж-тың макаласы. Акын «Бостандык туы» газетінің 1921 жылғы 13-санында жарияланған макаласында «Акмола губерниясында 15 августан калдырмай

губерниялық ревком таратылып, болыстық, ояздық һәм губерниялық исполкомдар құрылмақ болды.. ...исполком жоғарыдан жасырып беретін мекеме емес, елдің өзі құратын мекеме, һәм оның мүшелерін ел жиылыс қылып өзі сайламақ. Жақын болсын, жат болсын ел өзі білетін, өзі сенетін адамдардан сайламақ...», – деп жазды. Автор әңгімені елдік, бірлік мәселелеріне әкеліп тірейді. Губерниялық ревкомдар таратылғаннан кейін олардың орнын басатын атқару комитеттері туралы әңгіме қозғай келіп, казактарды белсенділікке шақырады. «Акмола губерниясының казағы! Өзіне колайлы, жағдайлы мекеме керек болатын болса, ерте күннен даярланып, күніне, шаруаға пайда келтірер деген азаматтарынды кіргізіп, мына исполкомдарынды сайлап ал. Іс басында жүргендер өз дегендерін істеп, өз адамдарын сайлап кояды, бізге тізгін бермейді деп карадай кажуға орын жок... Пәлен-түгендер «төре» болып алып, киындап барады деп зарлайсындар. Құр көз жасымен не біткен? Алма өзі ауызға кашан түскен? Түгендердің төре болмауы, ел өзіннің колында. Ел даярлан. Түпкілікті исполкомдарынды сайлап ал», – дейді.

«САЛҒЫРТ» – орысшасы «продразверстка», яғни өнеркәсіпті орталыктарды жабдыктау үшін ауыл шаруашылығы саласындағы адамдардың колындағы азык-түлігінің артығын күштеп тартып алу.

«САЛ, САЛ БІЛЕК» – Ж-тын өлені. «Балаларға тарту» жинағында жарияланған.

САЛИХОВ Ахат Губаевич (12.06.1966, Ресей федерациясының Башқұртстан республикасы Кугарчин ауд. Бекешево а.) – башқұрт акыны. Башқұртстан және Ресей Жазушылар одағының мүшесі (2017). Мәжит Ғафури (2011) және Мифтахетдин Акмолла (2013) әдеби сыйлыктарының лауреаты. 1992 ж. Стерлитамак мемлекеттік педагогикалық институтының тарихи-педагогикалық факультетін тамамдаған соң, С. еңбек жолын Ресей Ғылым академиясы Уфа ғылыми орталығының тарих, тіл және әдебиет институтында бастаған (2018 жылдан бастап – Уфа федералды зерттеу орталығы).

1993 – 1997 жж. Мимар-Синан атындағы университеттің әлеуметтік ғылымдар институтында (Стамбул, Түркия) окыған. 2003 ж. тарих ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін корғады. 1997 – 2005 жж. Башқұртстан республикасы Ғылым академиясы гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы міндетін атқарды. 2003 – 2006 жж. РҒА Уфа ғылыми орталығының тарих, тіл және әдебиет институтындағы колжазба және көне баспа кітаптары корының топ жетекшісі болды. 2006 – 2013 жж. Халыкаралық түрік мәдениеті ұйымында Башқұртстан республикасы Мәдениет министрлігі өкілінің міндетін аткарды. 2014 жылдың 1 желтоксанынан – РҒА Уфа ғылыми орталығының тарих, тіл және әдебиет институтында шығыс колжазбалары бөлімінің меңгерушісі.

С. Башқұртстан тарихы мен мәдениеті туралы оннан астам кітаптың авторы және құрастырушысы. Казір-

гі заманғы түрік тілдерін башқұрт тіліне, башқұрт тілінен түрік тіліне, түрік тілінен орыс тіліне аударумен айналысады. Қазақ, қырым-татар, түрік ақындарының, соның ішінде Караджаоглан, Юнус Эмре, Бекир Чобан-заде, Қасым Аманжолов, Мағжан Жұмабаев, Олжас Сүлейменов сияқты ақын-жазушылардың бірқатар шығармаларын башқұрт тіліне аударған. Аудармалары «Агидель» (Уфа), «Kardes Kalemler» және басқа да жинақтар мен мерзімді басылымдарда жарияланған.

«Агидель» башқұрт әдеби-шығармашылық және қоғамдық-саяси журналында (155-163 б., №4, 2013 ж.) «Ни күрһәм дә – Алаш өсөн күргәнем, миңә бәхет – халқым өсөн үлгәнем!» деген тақырыппен Ж-тың өмірі мен шығармашығы туралы мақаласын және ақынның «Алыстағы бауырыма», «Төркөстан», «Ақһақ Тимер һузе», «Қайың», «Йәщ һылыуға», «Қазақ азаматы», «Мин кем?» өлеңдерін жариялады.

М. Сүлеймен.

САЛЫҚОВ Кәкімбек (22.1.1932, Солтүстік Қазақстан обл., Шал ақын ауд. Еңбек а. – 27.11.2013, Астана қ.) – ақын, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте (IX, X, XI) депутат болып сайланған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2001), Халықаралық Қ.Сәтбаев қорын басқарған.

С. 1947 ж. Көкшетау қаласындағы №21 мектепте орташа білім алып, 1950 ж. Сырымбет тауы бөктерінде Казгородок қазақ орта мектебін

Салихов Ахат

бітірді. 1955 ж. Мәскеудің түсті металлургия және алтын институтын бітіргеннен кейін Жезқазған кенішінде кен мастері, учаске бастығы, К.И.Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Қазақстан КП қалалық комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1975 ж. КОКП орталық комитетінің аппаратында инспектор болып қызмет істеді. 1984 ж. Өзбекстан КПОК-нің бюро мүшесі, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін Кеңестер одағы Жоғарғы кеңесінің экология комитетінің төрағасы, Жоғарғы кеңестің төралқа мүшесі қызметтерін атқарды.

С-тың алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» 1977 ж. жарық көрді. Сол ж. «Жезкиік» атты жыр жинағы орыс тіліне аударылып жарияланды. 1981 ж. «Қырғызстан» баспасы оның «Нұрлы күндер» кітабын қырғыз тілінде, 1983 ж. Ғафур Ғұлам баспасы «Жезкиік» жинағын өзбек тілінде шығарды. «Букетовке реквием», «Эдельвейс», «Ғасырға тең бір мезет», «Че Гевара» атты поэмалары орыс тіліне аударылды. С. – «Дала», «Қырандар», «Гәкку», «Жезкиік»,

Салықов
Кәкімбек

«Еңлікгүл», «Тәттімбет», «Домбыра», «Қарақалпақ», «Кенесарының соңғы сөзі» секілді көптеген поэмалардың авторы. Соңғы жылдары оның «Ойтолғақ» (2001), «Сырғалы сонеттер» (2001), «Күзгі шуақ» (2004), «Күзгі сарын» (2005), «Сенсің ел данасы» (2006), «Әлемнің сегізінші ғаламаты» (2006), «Мағжанға тағзым» (2008) кітаптары жарық көрді. С. В.В. Маяковскийдің «В.И. Ленин» поэмасын, А.С. Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романын, М.Ю. Лермонтовтың, Ю.П. Полонскийдің, Р. Ғамзатовтың, Алдан-Семеновтың, С. Норовчатовтың, В. Савельевтің, Я. Коластың, М. Львовтың, моңғол және өзбек ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Б. Жұманиязов, Н. Тілендиев, Ә. Бейсеуов, Е. Хасанғалиев сияқты композиторлар ақынның көптеген өлеңдеріне ән шығарды. «Жезкиік», «Сағыныш», «Аққу әні», «Үш арыс», «Бір ауыз сөз», «Оқжетпес», «Көкшетау», «Жамбыл ата» сынды туындылары халық әніне айналып кетті. Ж. туралы «Әлемдік деңгейдегі ақын», «Ұлттық ойшыл өресі» деген мақалалар жазған. Ж. арнаған өлеңдері 2008 ж. «Фолиант» баспасынан жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағына топтастырылған. «Мағжан Жұмабаев – Мұхтар ағамыз айтқандай, Абайға тақау тұрған өте үздік ақын, ерен лирик, махаббат пен сүйіспеншіліктің төріндегі періште, тарихымыздың қилы-қилы кезеңдерін қозғаған білгір тамыршысы, оқу-ағарту, тіл мәселелерінің майталман ұстазы, дана тәлімгері. Ұлттық мәдениеттің қай саласын алсақтағы, Мағжанның есіміне соқпай өте алмаймыз. Бұл жөнінде мен көп тоқталып жатпайын, тек қана ақынның ұлттық ойшыл жанашырлығына қысқа сөзімді арнамақпын. Негізінде Мағжан ағаның қай шығармасын алсақ та, дана қолдан шыққан дара дүниелер екенін қазақ елі түгел мойындады. М.Жұмабаев түркітектес елдердің бас ақынына айналды, әлем оқушысына да кеңінен танылып келеді», – деп жазды ол. С-тың «Магжан Жумабаев на языке Пушкина» деген эссесі «Северный Казахстан» газетінде (2003, 6 ақпан) жарияланды.

Қ. Аманжол.

САМАТОВ Мұхтар (1894, Павлодар уезі, Баянауыл ауд. – 1938) – қайраткер, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Омбының ауылшаруашылық училищесін (1917), Омбы политехникалық институтының 1 курсын (1919) бітірген. 1914 – 1916 жж. Омбыда «Бірлік» атты оқушы жастар одағын ұйымдастыруға қатысты. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін «Алаш» партиясының Ақмола облыстық ұйымдастыру комитетінің мүшесі болып, жергілікті бөлімшелерді құруға қатысты. Азамат соғысы жылдарында дутовшыларға қарсы

жасақ ұйымдастырды. 1920 – 1921 жж. Қарқаралы уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1921 – 1924 жж. Қазақ АКСР-і азық-түлік халық комиссары, 1924 – 1925 жж. Қазақ АКСР-і Халық шаруашылығы орталық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1925 – 1937 жж. өлкелік партия-кеңес мектебінің лекторы, өлкелік баспа басқарушысы, Семей губерниясының атқару комитетінің төрағасы, Қазақ АКСР-і Су шаруашылығы басқармасының бастығы, Қазақ КСР-і Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары, Халық шаруашылық есебі басқармасының бастығы болды. 1937 ж. ұсталып, ату жазасына кесілген. С. Омбыда оқыған жылдары Ж-пен жиі араласқан.

САМРАТ Жақсыбай (20.10.1960, Солтүстік Қазақстан обл., Есіл (бұрынғы Ленин) ауд. Тауағаш а.) – жазушы, журналист. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Қазақстан Республикасы Президентінің грантымен (2011 ж.) марапатталған. «Мәдениет қайраткері» (2010 ж.), «Есіл ауданының құрметті азаматы». 1977 ж. Қызылжар қаласындағы қазақ мектеп-интернатын бітірген. ҚазМУ-дің экономика және ҚарМУ-дің филология факультеттерінде оқыған. Ұзақ жылдар Солтүстік Қазақстан облысында қаржы-бақылау жүйесінде қызмет істеді. 1993 ж. журналист болып келеді. 2004 жылдан бері республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде саяси шолушы қызметін атқаруда. «Бітеу жара» (2000, 2008), «Тауағаш деген ел едік» (2003), «Өзгеленді

Самрат Жақсыбай

бұл ғалам» (2009), «Абылайдың ақ үйі» (2010), «Күзде гүлдеген алмалар» және т.б. кітаптардың авторы. Ж. туралы «Белгісіз портрет» («Егемен Қазақстан», 2004, тамыз), «Ақ сұлыны жеп, аман қалдық» («Егемен Қазақстан», 2009, 27 мамыр), «Батыр ақынның батыл жырлары» («Солтүстік Қазақстан», 2011) мақалаларын жазған.

А. Ысқақова.

«САНАТ» – баспа. 1990 жылдың қыркүйек айында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы баспа кабинетінің негізінде «Қазақ университеті» деген атпен құрылды. 1993 ж. «Санат» баспасы деп аталады. Баспа оқулықтар, ғылыми-көпшілік, танымдық әдебиеттер, анықтамалықтар мен сөздіктер шығаруға маманданған.

САНКТ-ПЕТЕРБУРГ – Ресейдегі қала, Ленинград облысының орталығы. Федералды субъект мәртебесіне ие. Ленинград облысындағы Нева өзенінің Фин бұғазына құяр сағасында орналасқан. Санкт-Петербург аумағы арқылы 45-тен астам өзен, 40-қа жуық канал өтеді. Портты қала, әуе, автомобиль жолдарының және темір жолдың ірі торабы. Ресей ҒА-ның ғылыми орталығы,

43 жоғары оқу орны, 120 музей, 18 театр, Салтыков-Щедрин атындағы Ресей ұлттық кітапханасы, машина, станок, прибор, кеме жасау зауыттары, тоқыма фабрикасы, химиялық, түсті және қара металлургия комбинаттары бар. Метрополитені 1955 ж. іске қосылған. Қаланы 1703 ж. Петр I салдырған. 1712 – 1918 жж. Ресей астанасы болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербургтің жоғары оқу орындарында бірқатар қазақ интеллигенциясының өкілдері оқыды. Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, Ж.Акпаев, С.Лапин, М.Шоқай, Б.Құлманов Санкт-Петербургтің Императорлық университетінде, Ә.Бөкейханов Императорлық орман институтында, М.Тынышбаев Императорлық жол қатынасы институтында, С.Аспандияров пен Х.Досмұхамедов Императорлық әскери медициналық институтында білім алды. Қазақтың алғашқы баспасөз органдарының бірінен саналатын «Серке» газеті Санкт-Петербургте жарық көрді. Бүкілресейлік мұсылмандардың екінші съезі осы қалада өтті. Бірінші орыс төңкерісі, Ақпан төңкерісі және Қазан төңкерісі Санкт-Петербургта басталды. 1918 ж. астана Санкт-Петербургтан Мәскеу қаласына көшірілді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қала 29 ай бойы неміс фашистері әскерлерінің қоршауында болды. Сол тұста Санкт-Петербург тұрғындарына Қазақстан халқы көп көмек көрсетті. Петропавл қамалы, Қыскы сарай, Биржа ғимараты, Исаакий соборы, т.б. сәулет өнері ескерткіштері ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енгізілген. 2003 ж. Санкт-Петербургтың 300 жылдық мерейтойы аталып өтілді. Қаладағы қазақ диаспорасы 2 мыңға жуық адамды құрайды. Қалада қазақтардың ұлттық орталығы жұмыс істейді. Ж. алғашқы жазасын өтегеннен кейін біраз уақыт зайыбы Зылихамен бірге осы қалада тұрған.

САПАРБЕКОВ Садықбек (1902, Қызылорда обл., Жанақорған ауд. Балапантөбе деген жерде – 1938) – қоғам қайраткері. Әкесі кедей шаруа болған. Жастайынан зерек болып өскен Садықбекті Жанақорғандағы «Қыш мектепке» (қазіргі М.Қаратаев атындағы мектеп) орыс сыныбына береді. Ол мұнда 1912 – 1917 жж. аралығында тәлім-тәрбие алады. Жанақорғандағы орыс мектебінде біршама оқып, едәуір сауатын ашып, дәріс алған соң Садықбек енді Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) келеді. Осындағы орыс мектебінде білімін одан әрі жалғастырады. Осы кезеңде әке-шешеден бірдей айрылып, тұрмыс жағдайы тым қиындап кеткен сәтте Ақмешіт ревкомының мүшесі, В.И.Лениннің алдын көрген Хұсейін Ибрагимов деген кісіге барып, одан қолдау табады. Ақшалай көмек те береді. Біршама уақыт балалар үйінде тәрбиеленеді. 1917 – 1919 жж. аралығында білімін котере жүріп, Ақмешіттегі большевиктік ұйымдарға қатысып, жаңа өмір жолына түсе бастайды.

Жас жігіттің ерекше қабілетін сол кезде-ақ байқаған аға буын өкілдері Ақмешіт уездік-қалалық комитетінің шешімімен оны Ташкентте жаңадан ашылған үгітші-ұйымдастырушылардың қыска курсына оқуға

жібереді. Ол сонда білімін шыңдады, алғыр шәкірт екенін байқатты. Оқуын жақсы үлгеріммен аяқтады. Түркістан өлкелік партия комитеті Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы коммунистік университеттің қысқа мерзімдік курсына ел ішінен 35 кісіні оқуға жіберіп жатқанда, сол құрамға С. те ілініп, комсомол бөлімінде оқыды. 1920 жылдың күзінде оқуды үздік аяқтап, Ташкентке оралады да, жастар арасындағы ұйымдастырушылардың бірі болып қызметін бастайды.

С. 1920 – 1923 жж. аралығында Түркістан өлкелік партия комитеті жанындағы партия мектебінің комсомол бөлімін басқарды. Сонымен қатар оған Алматы, Жетісу облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін де қоса атқаруға тура келді. Осы жылдар ішінде С. Сапарбеков көрнекті комсомол қайраткері, жақын досы Ғ.Мұратбаевпен қоян-қолтық араласты. Ж-ты 1924 жылдың қысында Мәскеу қаласында қыспаққа алғандардың арасында С. те болған.

САПАРОВ Айдарбек (12.06.1966, Солтүстік Қазақстан обл., Булаево (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауд. Красное а.) – мемлекеттік қызметші. Есепшілер даярлайтын мектепті (1984), Омбы ауыл шаруашылығы институтын (1992), М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін (2006) тамамдаған. Мамандығы бойынша зооинженер, мемлекеттік басқару бакалавры. Кеңшардың есепшісі (1985), зоотехник-өткізушісі, коммерциялық директоры (1992 – 1995), «Ноғайбай» ЖШС-нің директоры,

Сапаров Айдарбек

бас директоры (1995 – 2003), «Азықтүлік келісімшарт корпорациясы» АҚ-ы Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі директорының орынбасары, бірінші орынбасары (2003 – 2005), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық басқармасының (инспекция) бастығы (03.11.2006) қызметтерін атқарған. Солтүстік Қазақстан облысындағы Шал ақын (11.2006 – 03.2008), М.Жұмабаев аудандарының әкімі (03.2008 – 04.2010), Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары (04.2010 – 09.2011) болды. 2011 жылдан Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары. С-ты жерлестері руханият жанашыры ретінде жақсы біледі. Ол – Алаш арыстарының, Ж-тың шығармашылығын насихаттауға ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан елжанды азамат.

Ж. Сүлейменов.

«САРҒАЙДЫМ» – Ж-тың «Үш жүз» түрмесінде отырғанда жазған өлеңі. Шамасы, 1917 жылдың аяқ шенінде жазылса керек, өйткені, өлеңде «Міне-ки екі ай болды жалын жұтып», деген жолдар бар. Өлең ақынның бес жинағына да енген.

САРЫАЙҒЫР БОЛЫСЫ – Пат-

шаның XIX ғасырдағы жарлығынан кейін қазақ жері облыска, уезге, болыска бөлінген. Ж. Акмола облысы Қызылжар уезі, Сарыайғыр болысы, Сасыккөл ауылында туған.

САРЫАРҚА – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жаткан аймақ. Ж. Омбыдағы «Үш жүз» түрмесінде отырғанда жазған «Сағындым» деген ұзақ өлеңінде «Қазағымды, қалың елді сағындым, Сарыаркамды, сайран жерді сағындым», – деп жүрегінен жыр өреді. Сондай-ақ, акын орыс тілінде шығатын «Мир труда» газетіне «Сарыаркадағы аштық» деген мақаласын жариялаған.

«САРЫАРҚАДАҒЫ АШТЫҚ» – Ж-тың мақаласы. Орыс тілінде шығатын Акмола губерниялық «Мир труда» газетінде 1922 жылғы 11 маусымда жарияланған. Мақалаға аштыкка ұшыраған халыктын ауыр халі аркау болған. «Еділ жағасында басталған алапат аштык алып өзеннің алабындағы калың елді жайпап, Сарыарканың мың даласына да келіп жеткелі бірталай болды. Қазактың тұтас өнірі Орынбор мен Бөкей, Актөбе мен Орал, Қостанай губернияларындағы казак ауылдары аранын ашкан аштыкпен алысып, дінкесі құрыды. Бұл елдердің бір кезде казы мен карта шайнаған казактары тышкан аулап, иттің етін азык кылатын жағдайға жетті, сапырылған сары кымыз көзден бір-бір ұшып, құрттап кеткен құдыктың, сасыған шалшыктың борсыған суымен сусындауда», – деп жазды Ж. Автор макаласында адамның жаны түршігерлік деректер келтіреді: «Былтырғы алапат жұттан малдың үштен екісі кырылып калған болатын. Адамдар ісіп-кеуіп өліп жатыр. Қарашаның кысынан мамыр, көктемге дейін 270 адамның аштан өлгенін кағаздадык... Сарыайғыр болысынан: «Қаңтардан мамырға дейін 72 адам өлді, аштык күннен-күнге кысып барады. Сәуірдің сары аязында калған мал кырылды. Ұрлык белең алып кетті». Ж. калың елді орын алып отырған жағдайдан хабардар етіп кана коймайды, аштыктың себептерін де ашып көрсетеді. Еділ бойы ашыкканда дүрліге дабыл каккан Ресейден кайыр болмай отырғанына кынжылыс білдіреді: «Аштык кабырғаға батканда адамның есі кетеді, шыркырап жан дауысы шығады, осындай кезде ол Сарыарка ұлының ыңырсып кана жан тәсілім бергенін байкамайды. Мәдениетті кала адамы айкай-шу көтеруге бейім, ол өзінің осы шуымен Сарыарканың әлсіз ғана ыңкылын басып кетеді, естіртпейді. Міне, казак даласындағы аштык сұмдығын орыс жұртшылығы білмеуінің бір себебі осында. Әйтеуір, кандай себеп болса да, накты жағдай осындай, баскаша емес. Аштыктың ауыртпалығынан ауыл құрып барады, ал казак халкы адамдык бейнесінен ада болуда. Мен бұл сөздерді жазғанда, Сарыаркадағы аштык Еділ бойындағыдан да алапат дегім келмейді, деген болсам, акиқаттан аттаған болар едім. Айтпағым мынау ғана: «Сарыарка дабыл какпаса, ол тойғандыктан немесе жаны жай тапкандыктан емес. Байлыкка бөккен, кырғыз-кайсактың берекелі Екатерина заманындағы ертегі өлкесі деп карамайык оған. Сары кымызы өзендей

саркыраған, сүрленген еті тау-тау болып үйіліп жататын Сарыарка жоқ. Сарыарканың жан күйзелісіне құлақ салып, қазақ халқының ыңыранған, азалы үнсіздігін түсінетін кез келді.».

З.Тайшыбай.

САРЫТОМАР – М.Жұмабаев атындағы аудандағы ауыл. Молодежный ауылдық округіне карайды. Аудан орталығы – Булаево қаласынан оңтүстік-батыска карай 44 шақырым жерде орналаскан. Іргесі Қазан төңкерісіне дейін қаланған. Алғашқы үйлер шымнан қаланған жертөлелер еді. 1929 – 1930 жж. мұнда ұжымшар құрылды. Базарбай Серіков алғашқы ұстаздардың бірі болды. 1931 ж. Тілендік, Қызылту, Еңбек, Жаңатілек және Сарытомар «Октябрьдің 30 жылдығы» ұжымшары болып бірікті. 1957 ж. «Молодежный» кеңшарының бөлімшесі болды. 1996 ж. бұрынғы бөлімше негізінде бірнеше шаруа қожалығы құрылды. Ж. осы ауылдың маңындағы Сасыккөлге жақын жерде туған.

«САУАТТЫ БОЛ» – (үлкендерге арналған оқу құралы) кітабы. 1926 ж. Мәскеудегі Кеңес одағындағы «Кіндік» баспасынан 20 мың дана таралыммен жарық көрді. Әлденеше рет ондаған мың таралыммен қайта басылды.

1925 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны жаңа серпін алды. «Хат танымайтын бірде-бір коммунист, комсомол, кәсіподақ, қосшы мүшесі болмасын!» деп күнделікті баспасөз үсті-үстіне дабыл қақты. Бұл істерден Ж. та шет қалған жоқ.

Ақын алдымен өз нысанасын белгілеп алды. «Шолпан» жинағында «Қарағым, оқу оқы, боска жүрме» деп жар салғаны есіне түсті. Ол «Күншығыс» кіндік баспасы басшыларына барып, ұсыныс енгізді. Оқулықсыз ешкандай сауат аша алмайсың. Үлкендерге арнап оқулық жазу керек. Осы аса жауапты істі мойныма алып, жазуға отырсам, карсы болмайсыздар ма? – деді. Баспа басшылары бұл ұсынысты куана карсы алды.

Ж. алдымен кітаптың құрылымын, жоспарын ойластырды. Оқулық кандай болуы керек? Әуелі әріпті таныстыру жолымен одан сөз, сөйлем құруға үйретуден бастау керектігі түсінікті. Бұл жөнінде бұрынғы «Әліппелердің» тастап кеткен ізі сайрап жатыр. Бірақ та үлкен кісілерге арналған оқулықтың өз ерекшелігі болуға тиіс кой. Кітаптың мұқабасына «Сауатты бол!» деген ұран іспетті такырып коймылмакшы. Сонда қара тану мен сауатсыздық шын мәнінде жойыла ма? Хат таныту жолында үлкендердің саяси, тіпті, тұрмыс саласындағы кей мәселеден мәдениетсіздігін жоюды ойластырса... Бүгінгі казак жаңа заман керуеніне ілесіп, ілгерілеуі үшін не білуі жөн? Осы сұрактарға татымды жауап табылса, жұрттың білуге құмарлығы, ынтасы артады. Демек, халқы хат таниды, негізгі максат орындалады деген соз. Оқулық негізгі үш тараудан тұратын болды. Әріптану, сөз құрау – бірінші тарау. Екіншісі – саяси білім негіздерін таныстыру. Үшінші тарауы тұрмыс, шаруашылық саласынан бүгінгі заман деңгейін шолып өтуге арналса... Қала берді, протокол, өтініш жазу, поштамен акша жіберу тәртібін

үйрету артық емес. Қазақ шаруасы сондай ұсақ-түйекке дейін білуге зәру. Қысқасы, қара дүрсін десең де, жан-жақты білім беретін кішігірім әмбебапқа ұқсас, миға тез тоқып алатын құрал жасалуы қажет.

Ж. кітапты бастап кетті. Әріп танытқанда қазақтың өз өміріне тән түсініктерге жүгінді. Сонымен бірге ағартушылық мақсаттарды да ұмыт қалдырған жоқ. Сөз құраудың өзінде барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар, бұқара халық оқып өнерленсе, тұрмысы түзеледі деген сияқты пікірлерді оқушы құлағына алдымен құюды жөн көрді.

Ол саясат сөздерін халықтың мақал-мәтелдерімен тұздықтап отыруды ұмытпады. Ежіктеп оқи бастаған кісіге өзі талай естіген нақыл: «Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» немесе «Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер» деген тәрізді туғаннан таныс сөздер етене жақын екендігін ескерді. Бұдан әрі автор республикадағы сауаттылықтық жайы, халық ағарту жүйесіндегі қазақ, орыс мектептерінің және олардағы оқушылардың саны туралы мағлұматтар бере отырып, жаңа үкіметтің декретінен үзінді келтіреді: республиканың 8-бен 50 жас аралығындағы оқып, жаза білмейтін барлық адамы хат танып, жазу үйренуге міндетті. Бұл тарауды Мағжан қазақ алфавитін толық игерумен аяқтап, бұған дейін басталған бірсыпыра әңгіменің өрісін кеңейте түсті. Саяси мәдениет дегеніміз не? Ол неден басталады? Өзің тұрып, өмір сүріп отырған елдің қоғамдық-саяси құрылысын қанық білуден. Мемлекеттік өкімет орындарының төменнен жоғарыға дейінгі сатылары, партия, кәсіподақ, комсомол, пионер, кооператив, қосшы ұйымдарына дейін түгел түсіндірілуі тиіс. Шаруашылықтың түрлі саласын әңгімелегенде, дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін айту керек. Қазақ – мал баққан ел. Мал күтімін біледі. Солай бола тұрса да, бұл саладан сапа жағынан артта қалып отырғаны көзге ұрады. Мәселен, қазақы сиыр жылына 30-50 шелектен артық сүт бермейді. Ал Дания елі әр сиырдан жылына 200-400 шелек сүт сауады. Осы сияқты басқа түліктердің әркайсысының сапа көрсеткіштерін келтіру керек. Қазақтың бір бөлігі егіншілікпен шұғылданады. Оларға да әр дақылды жаңа агрономиялық тәсілдер тұрғысынан түсінікті етіп жеткізсе...

Қазақ тұрмысының қайта қарайтын мәселелері бастан асады. Ауылға медицина келгенше, бірқатар аурулар емдеу хақында білгір дәрігердің кеңесін берген мақұл. Тазалық пен денсаулық, әйелдің босануы, т.б. тақырыпта да дәрігерлік кеңес өте-мөте қажет.

Қазір халық арасында Абай мен Ахметтің сөзі өтімді. Қай қазақ болсын, олардың кеңесін ұйып тыңдайды. Ретті жерінде осы ұлы адамдардың ойлы сөздеріне оқушы назарын аударса. Осындай жоспар сызған ақын жұмысын ауырлатып алды. Дегенмен, елінің қасырлық сауатсыздығын, қараңғылығын жоямын деген идея оған қанат бітіргендей. Уақытпен санаспай, шаршап-шалдықтым демей, ол күндіз-түні сарғая еңбектеніп, ойындағысын түгелімен жүзеге асы-

рды. Окулық колжазбасын баспа белгілеп берген мерзімге үлгеріп табыс етті.

Окулық Қазақстанға кең тарады. Әшейінде бір өлеңі баспа жүзін көрсе, бас салып етегінен жармаса түсетіндер бұл жолы үп шығармады. Ж. түрмеге қамалатын 1929 жылға дейін окулығы төрт рет, бұған дейін казакта болып көрмеген таралыммен басылды. Соңғы рет «Сауатты бол!» окулығы 1929 ж. «түзетіліп, төртінші басылуы» деген ескертумен шықты. Редакторы – Токтабайұлы Кәрім.

Автор окулыкка жаңа тарау енгізді. Қазактың жаңа графикасы енгізілуіне байланысты кітаптың аты латын және араб тілдерінде қайталанды. Окулыктың соңғы бөліміне латын әрпімен жазылған Қожанасыр әңгімелері, мақал-мәтелдер берілді, жаңа графиканың окылуы араб жазуымен түсіндірілді, әдістемелік нұсқау берілді.

Окулыктың титул бетінде ең жоғары жағынан ірі әріппен «Главполитпросвет. Всероссийская чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности» деген сөздер жазылды. Оның астынан араб және латын әріптерімен автордың аты-жөні «Жұмабайұлы Мағжан» деп көрсетілді. Лениннің суреті, казак тұрмысына байланысты суреттер (жылкы, атты казак, козысын емізіп тұрған саулық кой, ауыл маңында жайылып жүрген үйірлі жылкы, тымак киген казак) штрихпен орындалған. Қазак козіне жаңалық құбылыстан ұшып келе жаткан аэроплан «әуе кемесі» деген атпен берілген. Газет окып отырған тымакты казак та ауыл үшін жаңалык.

Төртінші басылымда өлеңдер окулык такырыптарына орайлас іріктелді. Мәселен, «Май мейрамы – еңбекшілер мейрамы» деген макала мен Ленин портреті арасында орак-балғалы ту ұстап келе жаткан халыкпен бірге Жүсіпбек Аймауытов аударған «Интернационал» гимні «Еңбекшілер ұраны» деген атпен беріліпті. Қалыңмалды жою жөніндегі каулы, неке кию тәртібі, т.б. әйелдерге катысты материалдар тұсында сол кездегі белгілі акын Шолпан Иманбайкызының «Жолаушы мен әйел» атты үлкен өлеңі басылды. Казак совет акындарынан Ж-ка Бейімбет Майлин поэзиясы катты ұнаған тәрізді. Би-ағаның «Әйт, шу, ала атым», «Жаңбыр күні», «Ертеңгі ұран», «Егінші», «Кенес тобына» өлеңдері, шынында да, окулыкта козғалған еңбек, ауыл такырыптарына орайлас.

Алғашкы окулык нұскасында Ленин кайтыс болғанға дейін сөйлеген Бухарин сөзінен үзінді келтірілген еді. Соңғы басылымда ол сөздер жок. Мағжан окулыкта кай мәселе жайында жазса да, диаграмма, нактылы көрсеткіштерсіз аяк баспайды. Партия жөнінде әңгіме болса, Қазакстанда канша коммунист, олардан казағы канша т.т. анык көрсетіледі. Осы сияқты мәліметтерді баска да коғамдык ұйымдар бойынша кезіктіреміз. Мектеп саны, малдың әр түлігі канша – бәрін алаканға кондырып береді. Қазакстан малының өсіп-өнуі деген диаграммадан 1926 ж. республикада мал саны 1917 жылмен салыстырғанда сегіз миллион бас кемігені байкалады (Бұл диаграммаға Қаракалпак,

Сауытбеков Сейтен

Сырдария, Жетісу көрсеткіштері енгізілмегені ескертілген).

Оқулықтағы кей мақалаларға автор белгілегенде Ж-тың кімге іш тартқанын аңғару қиын емес. Мысалы, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмаков мақалалары маңызды тақырыптарды қозғайды. Әйел мәселесі жайлы бір мақала авторы – Сара Есқызы. Смағұл Сәдуақасов «Кооператив» мақаласында қазақ елінің шикізат өндіруі оның отаршылдық халін бекіте түскенін карапайым шаруаға түсінікті тілде баяндайды. С. Сәдуақасовтың бір қынжыла айтқан сөздері қазір де маңызын жойған жоқ сияқты: «Қазақтың көбі мал бағады. Егін егіп күн көретіндер де бар, Қазақстан байлығының көбі малда. Малдың сүтін қазақ ас қылады. Терісін киім қылады. Бірақ осының бәрін ұқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудагерге бір теңгеге сатса, сол терісін саудагерден былғарыдай он теңгеге қайта сатып алады. Қазақ қойының жүнін саудагерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда жүз теңгеге алады. Қазақтың көретіні ылғи залал. Барлық дүние саудагерлердің қалтасында қалады».

Ж. Әбділдин.

САУЫТБЕКОВ Сейтен (1907, Солтүстік Қазақстан обл., (бұрынғы Қызылжар уезі), 4-ші а. – 1997, Алматы қ.) – ақын-жазушы, әдебиет зерттеушісі. Әкесі Лиман молданың арқасында он үш жасында араб тілін жетік меңгеріп, Құран сүрелерін жатқа білген. 1923 – 1926 жж. Кеңес өкіметі ұйымдастырған бастауыш мектепті мерзімінен бұрын үздік бітірген соң Қызыл отаудағы халық ағарту бөлімінің нұсқауымен Шыбыққөл ауылында мұғалімдік қызмет атқарады. 1928 ж. Майбалықтағы педагогикалық техникумның дайындық бөліміне және 1931 ж. Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Алматыда оқып жүрген жылдары С. қазақтың көрнекті қайраткерлері Ғабит Мүсірепов және Сәбит Мұқановпен тығыз шығармашылық қарым-қатынаста болған. 1932 – 1933 жж. «голощекиндік геноцидтің» салдарынан пайда болған ашаршылық С-ті туған еліне қайтуға мәжбүр етеді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейінгі аралықта С. өзінің мұғалімдік қызметін жалғастырып, білікті мектеп басшысы ретінде танылады. С. көптің бірі болып майданға аттанып, қысқамерзімді кіші офицерлер даярлайтын әскери бөлімде өзінің борышын өтейді. Соғыстан кейінгі жылдары тәжірибелі ұстаз, білікті басшы ұзақ жылдар бойы білім саласында жұмыс істеді. Ол Ленин (қазіргі М. Ахметбеков атындағы), Балуан және басқа мектептерде басшылық қызмет атқарды. Көп жылғы жемісті педагогикалық еңбегінің

аркасында С. «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мұғалім» атанды.

С. ұлағатты ұстаз, аса беделді мектеп басшысы әрі камкоршысы бола жүріп ақын-жазушы ретінде танылды. Құрметті демалыска шыққаннан кейін (1970 – 1990) С. казактын Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясында ғылыми кызметкер, ҚР Мемлекеттік Ұлттық кітапханасындағы сирек кездесетін колжазбалар бөлімінде аудармашы (көне араб-парсы тілдері) болып ғылыми кызметпен айналысты. С. екі мыннан астам көне араб-парсы тілдерінде жазылған түркі халыктарынын шығармасын казак тіліне аударды. Көпжылғы аудармашылык кызмет барысында С. көне парсы, урду, кадим, жәдид, тәжік, өзбек, каракалпак, татар, ұйғыр, түрік, әзірбайжан, карашай-черкес, құмык және жиырмаға жуык шығыс халыктарынын тілін меңгерген. С. көптеген өлеңдер мен әңгімелер жазған. Автордың «Аютас», «Өс, бөбек», «Үлес», «Аказу арлан», «Өртенген өлең», «Еңбек күйі», «Халыктар достығы», «Таң сәулесі» және баска еңбектері жарыкка шыкты. Солтүстік Қазакстан облысы, Шал акын ауданы, Балуан орта мектебіне С-тің есімі берілді.

С. ҚР Мемлекеттік Ұлттык кітапханасындағы сирек кездесетін колжазбалар бөлімінде аудармашы болып істеген жылдары Ж-тын біраз өлеңдерін, оның ішінде «Батыр Баян» дастаны да бар, араб графикасынан кириллицаға түсірді.

Т. Зікірия.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН – кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптык карсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси кудалау саясаты. Қазан төңкерісінен және КСРО-дағы азамат соғысынан бастау алған. Саяси куғын-сүргін КСРО тарағанға дейін созылды. 1928 ж. «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген айыппен Алаш козғалысынын қайраткерлері жаппай тұткындалды. 44 кайраткердің үшеуі (Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов) ату жазасына кесіліп, калғандары әртүрлі мерзімдерге түрмелерге камалды. Ұлттык интеллигенцияның келесі толкыны 1930 жылдың кыркүйек-казан айларында тұткынға алынып, 15-і Ресейге жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне, негізінен, КСРО-ны құлату үшін астыртын контрреволюциялык ұйымдар құрды деген жала жабылды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, т.б. Алаш қайраткерлері саяси куғын-сүргіннің құрбаны болды.

М. Қойгелді.

СӘБИТ МҰҚАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ САЗДЫ ДРАМА ТЕАТРЫ – өнер ошағы. Оның іргесі 2000 ж. каланды. Театр шымылдығы С.Мұкановтың «Аккан жұлдыз» шығармасымен ашылған болатын. Театр ұжымы М.Жұмабаевтың 120 жылдык мерейтойы карсанында драматург Д.Исабековтің «Өйтпесе Мағжан бола ма?» пьесасын сахналады. Бұл шығарма аталмыш театрдан кейін М.Әуезов атындағы Қазак мемлекеттік академиялык драма театры мен Қызылорда облыстык Н.Бекежанов атындағы драма театрында

«Жүзжылдық махаббат» деген атаумен қойылды.

Н. Оқашева.

СӘДУАҚАСОВ Смағұл (1900, Солтүстік Қазақстан обл., Ақжар ауд. (бұрынғы Көкшетау обл., Ленин ауд.) Жаркын а. – 1933, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Он жасына дейін «Ғалия» медресесін бітірген өз әкесі Сәдуақас хазіреттен тәлім-тәрбие алып, одан кейін Әбіл молда мектебінде білімін жалғастырады. 1912 – 1915 жж. Павлодардағы екі сыныптық орыс-казак училищесін тамамдап, бір жыл мұғалім болады да, Омбыдағы ауылшаруашылық мектебіне түседі. 1918 – 1920 жж. «Центросибирь» кооператив бірлестігінде қызмет етеді. 1920 ж. Орынборда Қазақстандағы алғашқы жастар ұйымының хатшысы болып сайланады. Сол жылы жаңа құрылған Қазақ автономиялы республикасының үкімет басшылығына қызметке алынады. 1925 – 1926 жж. «Еңбекші казак» (казіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты шығарушысы әрі «Қызыл Қазақстан» («Ақикат») журналының редакторы. 1925 – 1927 жж. Қазақ АССР Халық ағарту комиссары, 1927 – 1928 жж. Ташкенттегі казак педагогика институтының ректоры қызметтерін атқарды. 1928 – 1932 жж. Мәскеу көлік инженерлері институтын бітірген соң, Мәскеу-Донбасс темір жол құрылысында инженер-құрылысшы болып еңбек етті.

С. мемлекеттік, қоғамдық қызметпен қоса, әдеби-ғылыми жұмыспен айналысып, сол кезде шығып тұрған казак, орыс тілдеріндегі көптеген газет-журналдарда саясат, шаруашылық, ел ісі, мәдениет, әдебиет, өнер, тарих мәселелерін сөз еткен мақалалары жарияланады. Көркем әңгімелері де жарық көрді. Оның «Жастармен әңгіме» (Орынбор, 1925 ж.), «Ұлт театры туралы» (Қызылорда, 1926 ж.), «Қазақстандағы халық ағарту мәселелері» (Қызылорда, 1927 ж.) деген үлкенді-кішілі кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ, Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс пен Казан төңкерісінен кейінгі ел өмірін аркау еткен «Сәрсенбек» атты романы да бар. «Салмакбай, Сағындық» (1923), «Күміс қоңырау» (1927) повестері казак әдебиетіндегі проза жанрын дамытуға косылған үлес болып табылады. С. «Еңбекші казак» (казіргі «Егемен Қазақстан») басылымын екі рет (1921 жылы кантар – 1921 ж. акпан және 1925 ж. кантар – 1926 ж. сәуір) басқарған. С-тың бүкіл кайраткерлік, азаматтық болмысы жаркырай танылған кезең 1925 – 1927 жж. еді. Бұл кезде ол республика Халық ағарту комиссары әрі өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі болды. Бұл кезең сонымен бірге Ф.И.Голощекиннің Қазақстан өлкелік партия комитетін басқару кезімен дәлме-дәл келеді. Сәдуақасов пен Голощекин арасындағы келіспеушілік, кактығысты тарихшылар төрт түрлі мәселеден сабактап жүр. Олар: біріншіден, мекемелердегі іскағаздарын казакыландыру, екіншіден, казактың оқыған, көзі ашык зиялы кауымына деген көзкарас, үшіншіден, байлар мен орташаларға деген көзкарас, төртіншіден, өнеркәсіпті дамыту.

1927 жылғы 15-16 кантарда «Еңбекші казак» газетінде жарияланған «Әде-

биет әңгімелері» деген макаласында С.: «Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де Мағжанды «доңыздатып, коңыздатушыларға» қарсымын...», – деп жазды. С. 1927 жылдың қыркүйек айында Мәскеудегі «Огонек» баспасына дайындаған «Молодой Казахстан» деген жинаққа алғы сөз жазып, Ж. туралы былайша ой түйеді: «...Ал М.Жұмабаевка келсек, ол бір кезде қазақ жастарының ең сүйікті ақыны болды. Мағжан қазақ тіліне Лениннің бірнеше том шығармаларын аударған...».

С-тың өмірден озғанын естігенде, Ж. қабырғасы қайысып, былай деген екен:

«Жас Смағұл үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол баладан, сол панадан айрылған,
Қайран қазақ, орны толмас
жара екен.
Кім білді ердің асыл туған бағасын,
Байтақ елдің асқар таудай ағасын.
Ажал, шіркін, қарамайсың ажарға
Тағдыр тартып жыртқызыпты
жағасын.
Аккуы жоқ, қаздары жоқ көл жетім,
Шүйгіні жоқ, шалғыны жоқ
жер жетім.
Смағұлдай баласынан айрылған
Қайран қазақ, болдың бүгін
сен жетім!».

С. «Еңбекші қазақтың» жауапты шығарушысы болып тұрған кезінде Ж. дайындаған «Алканың» бағдарламасын газетке жарияламақ болады.

«СӘЛЕМГЕ СӘЛЕМ» – Сәбит Мұқановтың Ж-тың «Сәлемге хат» деген өлеңіне жауап ретінде жазған ұзақ өлеңі. 1924 жылдың 19 желтоқсанында «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Онда Мағжанды күтіп отырған елі жоқ деген сарында айыптау пікірлер айтылды.

«СӘЛЕМ ХАТ» – Ж-тың Алматы облыстық «Тілші» газетінде (1924, 3 желтоқсан) жарық көрген өлеңі. Мағжан өзінің мұң-зарын жыр етіп төгеді.

«Сәлем – сөзім алыстағы еліме,
Алыстағы ақ селеулі беліме.
Айдан да айқын сендерді іздеп
қайтуым,
Күнім бітіп кіргенімше көріме», –

деп басталатын тоғыз шумақ бұл өлеңінде ол ел-жұртқа өзін де, сөзін де жау етіп көрсеткісі келгендерге ашу-ызасын білдірді. Халқына бұлар мұнысын қоймаса:

«Түкпірімде тұрған ұзақ үй ғылып,
Көп кітапты көп тезектей үйдіріп.
Бір шетінен лауылдатып от қойып,
Кетермін-ау барын көл ғып күйдіріп.

Кітап күл боп, өлер оттың жалыны,
Көкті басар қара бұлттың қалыны.
Тап сол сағат құлағыма келмей ме,
Қоңыр жел мен сары белдің зар үні», –

– дегенді айтты. Қастық пен қуғын көрген, қатты сынға қайысқан кейбір классиктердің де осыған барғанын ескертті. Бірақ ақын өз бойынан мұндай морттыкка ұрындырмайтын күш тапты. Өле-өлгенше халқымен бірге екенін білдірді.

«Мен қайтармын болмақ үшін
елмен ел,
Ел бел асса, аспақ үшін бірге бел.
Аз ғана елдің өмірі құрғыр
қалтылдақ,

Ел шер тартса, тартпак үшін
бірге шер.

Қайтуым хақ, белді будым тас қылып,
Кет деме, елім, енді баска ұрып.
Дейтін болсаң, «кой жырынды
жырауым».
Қобызымды киратармын таска
ұрып», – деп елден кетпейтінін, елмен бірге бел асуға, шер тартуға дайын екенін дәттейді. Бұрынғы бағытынан қайтуға, кате-кемшіліктерден арылуға бел байлағанын баяндады.

Н. Оқашева.

«СӘРСЕНБАЙДЫҢ ЖЫРЫ» – Ж-тың өлеңі. 1923 жылғы жинакка енген. 1989 жылғы басылымда шумактардың аражігі ажыратылмаған.

СӘРСЕНБИН Жәкен (т.к.ж.б.) – Ж-тың шәкірті. Мәскеуде өткен «Жерлестіктің» жиналысына катысқан. Баяндамадан кейін өздерінің пікірлерін айтып жиырма шакты жас окырман сөйлейді. Олардың көбі Нәзір Төрекұловтың баяндамасын куаттап, тағылған айыптарды коюлата түседі. Сөйлеушілердің ішінде Нәзір баяндамасына карсы шығып, Ж-тың өлеңдеріне өзінше баға берген тек Жәкен Сәрсенбин ғана. Ол: «Мағжанның өлеңін тексеріп, сын беретін болсак, көбінесе әдебиет жағынан сынауымыз керек. Қай акын болса да, өзінің заманымен акын. Абай өз заманының акыны болды, казактың азып-тоза бастағанын көріп камыкты. Пушкин бай баласы болды. Көбінесе байлардың тұрмысын жырлады. Ол да өз заманының акыны еді. Біз Маркс жолымен сынасак, Мағжанды да өз заманы акыны қылып, заманның ынғайымен кетіп отыр деуіміз керек. Мағжанды мінегенде тегіс міней алмаймыз, мінейтін жерін мінеу керек. Рас, оның түпкі идеясы кәмунеске косылмайды, бірак пайдалысын пайдаланып, пайдасызын алып тастауымыз керек». – деді. С-нің сөзі талас тудырды. Бірсыпыра сөйлеушілер оның сөзіне карсы шыкты. Корытынды сөзінде Н.Төрекұлов С. сөзін кате деп көрсетті. Ж. «Жерлестіктің» талкысынан кейін Сәрсенбинмен екеуара әңгіме барысында әдеби үйірме құрудың кажеттігі туралы ой білдіреді. Кешікпей Ж. мен С. «Алка» бағдарламасының 16 данасын жан-жакка бөліп, Ташкентке – А.Байтұрсыновтың, Орынборға – Ж.Аймауытовтың, Қызылжарға – Ж.Тілеулиннің, Семейге – С.Дөнентаевтың, Ленинградка М.Әуезовтің атына салып жібереді. Сол ж. 19 кантарда өлкелік коммунистік партия комитетінің карауына Орынбор каласына шакырылған С-ге Мәскеуден жүрер алдында Ә.Бөкейханов пен М.Жұмабаев Орынбор мен Ташкенттегі азаматтармен байланыс жасап, «Алка» бағдарламасы туралы ойларын, оны куаттайтын-куаттамайтындығын біліп, пікірлерін Ж-ка жіберуін сұрайды.

«СӘУЛЕ» – Ж-тың өлеңі. 1922 және 1923 жж. басылымдарда «Әлде калай тура кеп» деген жолды, 1989 жылғы жинакта «Әлде калай кездесіп» деп өзгерткен.

СЕГІЗБАЕВ Аманғали (1897, Костанай обл., бұрынғы Орджоникидзе ауд. Аксу ұжымш. – 1944) – Молдадан хат таныды. Троицк каласында «Уәзифа» медресесін, 1919 ж. Костанайда жанадан ашылған журнали-

стер институтын бітірген. Еңбек жолын сонда ұстаз, уездік оқу бөлімінің инспекторы болып бастаған. 1923 ж. Орынборда шығатын «Жас қазақ» журналының жауапты хатшысы, 1924 жылдан бастап «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Семей облыстық «Екпінді» газетінің жауапты хатшысы, республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің қызметкері, Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі болған. Сол тұстарда өлең-поэмалары, фельетондары, әңгіме-очерктері жиі жарияланып тұрған. 1942 жылдың бас кезінде ел қорғауға аттанады. 1944 ж. қарашада Кенигсберг қаласы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза табады. 1977 ж. «Жазушы» баспасынан «Дала жұлдыздары» атты әңгімелер мен очерктер жинағы шыққан. С. студент кезінде Ж-тың «Алқа» бағдарламасымен танысқаннан кейін Жәкен Сәрсенбин екеуі айтылған ойларды толықтыра, тереңдете түсу мақсатында біраз ойлар білдіреді.

«СЕГІЗ СЕРІ БАҺАДҮР» – Ж-тың дастаны. Ақын оны Дос көлінің маңындағы жайлауында отырған Сегіздің баласы Мұсайынға 1915 жылдың жазында арнайы келіп, табыс етеді. Ж-тың қасында ақын Біржан Берденов болған. Мұсайын екеуіне де ат мінгізіп, үстіне шапан жауып аттандырған екен. 1922 жылдың сәуір айында ақ бандылар Қожамжар ауылын шауып өртегенде, Сегіздің ән-күй аспаптары мен қолжазбалары сақталған сандық та жанып кетеді. «Сегіз сері баһадүр» дастаны да сол жолы өртеніп кеткенге ұқсайды.

Сейсенбаев Роллан

СЕЙСЕНБАЕВ Роллан (1946, Семей к.) – жазушы. Қазақстан комсомолы сыйлығының (1980), ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты. 1970 ж. Семей инженер-технологиялық институтын бітірген. С. облыстық комсомол комитетінде қызмет істеген. Кейін М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы КСРО Жазушылар одағы басқармасының қазақ әдебиеті жөніндегі кеңесінің жауапты хатшысы болған. Алғашқы повесі 1975 ж. жарық көрді. «Өзімді іздеп жүрмін» пьесасы 1975 ж. жас драматургтердің бүкілодақтық конкурсында жүлдеге ие болды. Пьесалары республикалық театр сахналарында қойылған. Абайдың қара сөздерін орыс тіліне аударуға атсалысты.

С. Мағжанға арналған «Адассам, елім деп адастым», «Я солнцем огненным рожден» (А. 2011) деген кітаптарды баспаға әзірлеген. Екі томнан тұратын жинаққа Мағжанның жырлары енген. С. – Ж. тағдыры мен шығармаларын арқау еткен көптеген зерттеулердің («Денеге ем бар, жанға – жоқ», «Мағжан» журналы, 2013, №2) авторы.

СЕЙФУЛЛИН Сәкен (Сәдуақас) (15.10.1894, Жезқазған обл., Ақа-

Сейфуллин Сәкен

дыр ауд. Қарашілік қыстағы – 1938) – ақын, жазушы, публицист, драматург, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905 – 1908), қалалық үш сыныптық училищеде (1913 – 1916) оқыды. 1914 ж. Қазан қаласында «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбыда ұйымдасқан қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болды. Кешікпей Ақмола қаласына ауысып, «Жас қазақ» ұйымын құрды. «Тіршілік» газетін шығаруға қатысты. 3 айлық педкурста оқытушы болды. 1918 жылғы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола совдепшілері тұтқындалды. С. атаманның «азап вагонында» 47 күн ажалмен арпалысып, 1919 жылдың 3 сәуірінде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты. 1920 жылғы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болады. 1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Кеңес автономиялық республикасын жариялаған Кеңестердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық ағарту комиссарының орынбасары болды. Қазақ АССР Кеңесінің 3 съезінде Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып сайланды (1922 – 1925). 1925 ж. 7 сәуірде Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталығының төрағасы, 12 маусымда Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы болып тағайындалды. 1926 ж. БК(б)П өлкелік комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, 1927 ж. Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры болып жұмыс істеді. 1927 ж. шыққан «Жыл құсы» альманахына басшылық етті. «Жаңа әдебиет» журналын ашуға (1928) атсалысты. 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жариялана бастаған «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық шығармасын жеке кітап етіп (1927) шығарды. 1929 ж. қазақтың зиялы азаматтарына арнап ауыз әдебиеті үлгісін жинау жөнінде жазған «Ашық хатын» жариялады. 1932 ж. «Әдебиет майданы» журналының редакторы, 1934 ж. Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметін атқарды. С. шығармашылықпен белсене араласты. 1917 ж. «Жұбату» атты тұңғыш әңгімесін жазды. 1922 ж. «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын», «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазды. «Домбыра»

(1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толкынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинактарын, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романын (1927), «Жер казғандар» повесін (1927) жарыкка шығарды. 30-шы жылдары «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты поэмаларын, «Айша» (1930), «Жемістер» (1935) атты повестерін жариялады. С. – казак фольклорының тарихына арналған «Қазак әдебиеті» (1932) кітабының авторы. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылып, Кеңестер одағы халыктарының біркатар тілдерінде басылды.

С. Мағжан Жұмабаевпен Омбыдағы мұғалімдер семинариясында танысады. Сонда бірге окыған. Белгілі акын Мұзафар Әлімбаев «Солтүстік Казакстан» газетінде (1991, 21 мамыр) жарияланған «Мағжанды махаббатпен окыганда» деп аталатын эссесінде өмірдің өз ағымында, әдебиеттің дамуында әркилы мектептердің, әр алуан таланттардың бәсекесі, жарысы, айтысы мен тартысы кызу жүріп келгенін, жүре де беретінін айта келіп, «Мағжанның идеялык және эстетикалык позициясына карсы жанкешті күреспесе, Сәкеннің азамат әрі акын-суреткер ретінде кауырт өсіп, биікке самғауы, ол ол ма, казак әдебиетіндегі жалаугер жетекшілігі камтамасыз етілер ме еді. Ж-тың «Батыр Баянымен» киын жарыска Сәкен өзін өткір кайрап салмаса, «Көкшетау» дастаны өзінің ғажайып көркемдік дәрежесіне көтеріле алар ма еді?» деп сауал тастайды. Сөз жок, осы бәсеке жай да жүйрік каламды одан сайын желканаттандыра түскені анык. Олай болса, С. мен Ж. өмір көшінде әрдайым бірге жүрді. Уакыт сұрапылы казак поэзиясының екі ардакты тұлғасын екі баска сүрлеуге салған. Ж. байырғы замандағы іргелі тарихи, рухани құбылыстарға алаңсыз көңіл аударса, С. өткен жылдар сілеміне жаңа заман, жаңа идеология тұрғысынан карайды. Қазан төңкерісін калткысыз кабылдаған акын ханның ойкастап жүргенін, каркылдап күлгенін, тыкыршыған сәттерін сипаттағанда, шынында да, тарихи тұлғаға баға беруде тек 20-жылдардағы саясат аукымынан шыға алмайды, сынаржак тартып кетеді. Қаһарлы әмірші жеңілтек, мінезсіз болып көрінеді.

Т. Кәкішұлы.

СЕЙІТОВ Асылбек (22.1.1894, Омбы к. – 8.12.1937) – Алаш козғалысы кайраткерінің бірі. Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесі аудармашысының отбасында дүниеге келген. Ол алдымен орыс мектебінде, содан соң Омбының классикалык ерлер гимназиясында окыды. 1911 ж. Омбы гимназиясын бітіріп, Том мемлекеттік университетінің медицина факультетіне окуға түскен. 1916 ж. Акмола уезінде ауыл шаруашылығы бойынша санак жұмыстары жүргізілгенде, С. оның оңтүстік бөлігі комиссиясын баскарады. Окуын 1917 ж. бітіріп, Павлодар облысындағы Баянауыл бекетінде дәрігер болып жұмыс істеді. Халык арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырыскак ауруларына карсы медициналык көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ак, осы жылдары коғамдык-сая-

сн өмірге араласып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымға қосылды. 1917 жылғы сәуірдің соңы мамырдың басында өткен Акмола облыстық Қазақ съезінде алдымен хатшылыкка, съезд соңында төраганың орынбасарлығына сайланған. Ал 1917 ж. Орынборда өткен бірінші жалпыказак съезіне де төралка құрамында М.Дулатовпен бірге хатшылыкка ұсынылады. Осы съезде С. Акмола облысы атынан Құрылтай жиналысына депутатыкка сайланған. Осы Құрылтайға сайланған депутаттарға баға берілгенде, «Қазақ» газеті ол туралы: «Асылбек Сейітов – жас доктор, кыз мінезді, ак кағаздан ак, ұлтшыл жас. Облыстык казак комитетінде төраганың орынбасары», – деп жазған еді. С. М.Жұмабаев, С.Сәдуакасов, А.Баржаксин, Ш.Әлжанов, Б.Байділдин, А.Сейдалин, Қ.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков, т.б. бірге казак жастарының «Бірлік» ұйымын ұйымдастырып, оның жұмысына белсене катысты.

С. Алашорданың Акмола облыстык комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттык козғалысына үлкен үлес косты. 1921 ж. Орынборда өткен Қазакстан дәрігерлерінің съезіне, 1922 ж. Қазак АКСР-і кенестерінің съезіне делегат болып катысты. Ол Баянауылда бас дәрігер кызметін аткарған. 1922 жылдан бастан 15 жыл бойы Семей каласындағы губерниялык денсаулык сактау баскармасының бастығы болып жұмыс істеді. Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға атсалысты (ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді). 1937 ж. Қазак КСР-і Денсаулык сактау халык комиссариатының жоспарлау-каржылау бөлімінің меңгерушісі, Алматы каласындағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. Оның «Таң» журналы беттерінде жарияланған публицистикалык макалалары бар. С. 1936 жылдың күзінде айдаудан оралған Ж-ты конакка шакырған. Мағжан демалып кайтады. Ж. С-ке жазған ...: «Бір-екі-үш ай Шапты тай, Басылды... Шорман биге Тарттык сыйға Асылды», – дейді. Бұл арада акын С-тің әйелі Шорманов Сәдуакастың кызы екенін мензеп тұрған секілді. С. 1937 ж. Алашорда үкіметінің нұскауларын орындап, кенестік құрылыска карсы контрреволюциялык әрекеттерге барды деген айыппен тұткындалып, атылған.

СЕЙІТОВ Мұратбек – «Алаш» партиясының Акмола облыстык комитетінің мүшесі. С. 1926 – 1930 жж. Петропавлдың калалык ауруханасында дәрігер-хирург болып істеген. Омбының коммерциялык училищесінде (1917), дәрігерлік институтында (1925) окыған. 1917 – 1921 жж. Омбыдағы «Бірлік» ұйымының өміріне белсене катыскан. Сейітов Мағжанмен осында таныскан.

СЕЙІТОВ Мұсылманбек (1887, Омбы к. – 7.12.1937, Өскемен к.) – Алаш козғалысының кайраткері, Асылбек Сейітовтің інісі. С. Омбы мұғалімдер семинариясында окыған. «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі болып «Балапан» журналының шығуына атсалысты. 1917 ж. Акпан төнкерісінен кейін казактардың са-

яси белсенділігін арттыру жолында Омбы облыстық қазақ комитетінің құрамына кірді. І-ші жалпыказак съезінде Омбы облысы казақтары атынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыкка кандидат ретінде ұсынылды. Алаш партиясының мүшесі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Омбыда мұғалім, Павлодар облысында экономист болып еңбек етті. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. С.М. Омбыда кызмет істеген жылдары Ж-пен жиі кездесіп тұрған, екеуі бірін-бірі сөзімен де, ісімен де колдаған.

«СЕН СҰЛУ» – «СВЕТ КРАСИВ» – кітап. ҚР Мәдениет және акпарат министрлігі мен ҚР Ұлттық кітапханасының бастамасымен қабылданған 2007 – 2010 жж. арналған «Оқуға құштар Қазакстан» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Бір ел – бір кітап>> атты акция 2009 ж. Ж-тың махаббат жырларына арналды. «Ол – Жас Баспасы» ЖШС ақынның махаббат жырлары жинақталған «Сен сұлу» – <<Свет красив» деп аталған кітап шығарды. Бұл кітаптың басты ерекшелігі – төңкерме басылым үлгісінде, қазак және орыс тілдерінде бір кітап болып басылған.

СЕҢКІБАЕВ Сабыр (28.8.1954, Солтүстік Қазакстан обл., Жамбыл ауд., Баймаған бет Ізтөлин (бұрынғы Киров а.) – ғалым. Енбек жолын 1977 ж. Петропавл педагогика институтында окытушы болып бастаған. Кейін мектепте мұғалім, Солтүстік Казакстан облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институтында директордың орынбасары, директор кызметін аткарған. Осы жылдары Ж-тың өмірі мен шығармашылығына, онын педагогикалық іліміне ден қойып, «М.Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдары» тақырыбында кандидаттык диссертация корғады. Ж-тың педагогикалық кызметі туралы республикалық ғылыми журналдарға мақалалар жазды, бірнеше ғылыми оқу-әдістемелік құралдар, оқулыктар, монографиялар шығарды. «Мағжан тағылымдары» оқу әдістемелік құралы, (2013), «М.Жұмабаевтың ұстаздык-тәлімдік ілімдері» оқу әдістемелік құралы, (2006), «Қазак ағартушыларынын педагогикасы» оқу құралы, (2008), «Мағжанның ұстаздық дастаны» (Монография, 2014, «Мағжан педагогикасы» оқу құралы, (2017), «Мағжанның ұстаздық әлемі» (Монография, 2018).

А. Ысқақова.

«СЕН СҰЛУ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңнің тарихы кызык. Бертінге дейін оның сөзі Максұтбек Майшекинге телінген. Ал шындығында «Бәрінен де сен сұлу» әнінің сөзін жазған Ж. «Майшекин Мағжанның өлеңін көшіріп алмаған. Ыкшамдап, әнге лайыктап, буынын өзгертіп, кайта жазып шыккан. Мағжанның өлеңі он бір буынды. Ал Майшекиннің «Бәрінен де сен сұлуы» сегіз буыннан тұрады... Майшекин деген мыкты акын болмас, тіпті, акын да емес шығар, бірак жаксы адам болатын. Білуші едім. Көп жылдар бойы Қазак радиосының музыка редакциясын баскарған. Ол: «Бұл – Мағжанның атакты өлеңі, Мағжанның өзі акталмаса да, өлеңін ел айтып жүрсін деген ниетпен мұны Шәмшінің әніне

арнап әдейі қайта жазып, өз атымнан тараттым, тағдыры арашаланған кезде басын ашып, иесіне қайтарамын», – деп ешбір жасырмастан үнемі айтып жүретін. Және ол жарыктык «Мағжан түбінде акталады» деуден танбай кетті», – деп жазды казактың белгілі акыны Сағи Жиентаев. 1922 жылдан бастап жарык көрген кітаптарының бәрінде бар. 1995 жылғы нұсқасында (1-том) екінші шумактың екінші жолы «Хош иісті түрлі-түрлі гүл сұлу» болып, үшінші шумактын үшінші жолы «Бейне айнадай жаркылдаған...» деп беріліпті.

СЕРКЕБАЕВ Бекмұхамед (1892, Омбы обл., Полобина. – 1976, Алматы к.) – Алаш қайраткері, жазушы-драматург, журналист, ұстаз. Бала кезінде Ж-пен бірге Уфа каласындағы «Ғалия» медресесінде окыған. «Айкап», «Қазак» газеттерінде өлеңдері, макалалары жарияланды. С. 1912 ж. «Жер дауы», 1913 ж. «Қызыл бұзау», 1914 ж. «Әйел теңдігі», 1915 ж. «Ғазиза» атты спектакльдер жазды. Сонымен бірге 1915 ж. «Жылкышы күні», «Дәметкен» атты әнгімелері, жарияланды. 1916 – 1918 жж. аралығында Омбы гимназиясын бітіріп шыккан соң, мұғалімдік кызмет аткарады. Қазак халкының ұрпак тәрбиесіне біркісідей үлес коскан ұлт ұстаздарының бірі. Ол өмірінің кырык жылын ұстаздыкпен өткізді. С. заманында казак баспасөзінде өзіндік із калдырған талантты журналистердің катарынан орын алады. Омбы облысында шыккан «Кедей сөзі», «Бостандык туы» газеттерінде жұмыс істеді. 1917 жылғы 5-13 желтоксанда өткен екінші жалпыказак съезінде «Алаш» партиясын құру туралы каулы қабылданады. Осыдан кейін жергілікті комитеттер ұйымдастырыла бастайды. Алаш партиясының Омбы облыстык комитеті құрылғанда А.Сейітов, М.Жұмабаев, Е.Итбаев, т.б. бірге С. комитет мүшелігіне сайланады. Алашорда таратылып, Кеңес өкіметі орнаған кезде С. өзіне жүктелген міндеттерді аткара жүріп, жазушылыкпен шұғылданады. «Қызыл Казакстан», «Әдебиет майданы» журналдарында «Ат тауы» (1924), «Құла тай» (1927), «Соңғы соккы» (1932), т.б. әнгімелері жарияланады. 1935 ж. А.Неверовтің «Ташкент – ток кала» повесін аударған.

С. Мағжанмен Қызылжардағы Бегішев медресесінде, Омбыда бірге окыған. Екеуі дос болған.

СИМВОЛИЗМ – XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Европада, одан кейін Ресейде әдебиет пен өнерде өріс алған ағым. Символизмнің шығуына буржуазиялык мәдениеттің дағдарыска ұшырап, тарихи-әлеуметтік жағдайдың өзгеруі себеп болды. Символизм ағымында жазылған шығармалар шындыктан аулактап мистикаға, декаденттік сарындарға бой алдырды. Көркемөнердің қоғамдык-әлеуметтік мәнін мансұктап, адам болмысын танытудан гөрі, қаһарманның дарашылдығын жактады, әлеуметтік мәселелерден бой тартты. Символизм эстетикасының негізі XIX ғасырдың 60-70-жылдарында П.Верлен, С.Малларме, А.Рембо, т.б. шығармаларында көрініс тапты. Символизм бағытын ұстанушылар теориялык түп казығын немістің идеалист фи-

лософтары А.Шопенгауэр, Э.Гартман, Ф.Ницше еңбектерінен алды.

Ресей символистері батыстық символистердің ұстанған бағытын қабылдап, идеалистік философия тұрғысында шығармалар жазды (Д.Мережковский, Ф.Сологуб, З. Гиппиус, К.Бальмонт, т.б.). Орыс символистері сөз өнерін терендете мәнерлей түсті. Өткен ғасырдың аяк шенінде орыс әдебиетінде декаденттік ағым күшейді. Оның көрнекті өкілдері К.Бальмонт, В.Брюсов, Д.Мережковский, Ф.Сологуб, А.Блок өз туындыларына символизм айдарын такты. Символистер акикат ауылын реалды дүниеден іздеу адаскандық деп жар салды. Олардың пікірінше, көркем шығарма шындыктың құпия сырын ашуға тиісті. Ол үшін мистикалық о дүниені ой көзімен елестету керек. Жалт берген тылсым түйсіктерді ұстап, тілін тауып сөз кестесіне түсіре алсаң, міне, нағыз поэзия сол. Шындыкты интуициямен, емеурінмен сезіп, белгі, символмен жеткізе алатын суреткер ғана нағыз акын болмак. Алғаш символизм аукымында біраз шығармалар жазған орыстың көрнекті акын-жазушылары А.Блок, В.Брюсов, т.б. кейінірек бұл бағыттан мүлдем бас тартты.

Қазак әдебиетінде символизм кең өріс алмағанымен, оның әсері XX ғасырдың алғашкы ширегінде М.Жұмабаев, Б.Күлеев, С.Дөнентаев, т.б. каламгерлер шығармаларында бой көрсетті. Ж. шығармаларындағы романтикалық сарын, әсіресе, оның символистік арнада жазған өлеңдерінен айкын көрінеді. Ол символизм болашак пердесін ашатын жана мифология туғызды, келешек суретін салу саясатшылардың емес, акындардың колында деген кағидаға кәміл сенді («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жарлы жан», «Айға»). Ж. символизміндегі ерекшелік – тарихи нактылығында, ал мұның өзі реалистік нышандардың бірі екендігі мәлім. Орыс, француз символистеріне үн коскан Ж. образ жасаудан тартынып, оның босаған орнына белгілі бір таңба, символ коямын деп жанын салды. Өмір дегеніміз – күрес. Күн мен түн, кыс пен жаз, жаксылық пен жамандық, махаббат пен ғадауат майдандасса, мұның мәнісі дүние өңшең келісім-үйлесімнен құралмайды деген сөз. Және ак пен карадан өзге де бояу мың сан ренді келетіні белгілі. Адамның сезімі де сондай. Қуаныш бар жерде кайғы да бар. Керісінше, бірде камыккан көңілің енді бір күні алтайы түлкідей жайнап шыға келуі де мүмкін. Демек, акынның өмірді бар бояуымен суреттеуге хакы бар деп есептеді. Ж-тың мұндай пайымын кателескен деп кана бағалауға болмайды. Символизм – дүниежүзі әдебиеті дамуының белгілі сатысы. Символистер поэзияда бұған дейін кезікпеген, колданылмаған үйлесімдерін іздестірді. Ж. өзінің осындай жырларымен казак поэзиясының әуезділігін (музыкальность) күшейтті. Акын өлеңдерінде жиі ұшырасатын өмір мен өлім проблемасы, аһылау, үһілеулер, улану, күйінулер құр сандырак емес. Сондай шығармаларының бірі – Константин Бальмонттың «Убаюкивай меня, смерть» деген туындысына еліктеп жазылған

«Мені де, өлім, әлдиле» деген өлені. Өлең «қажыдым енді, күш бітті» деп басталады да, оқшеңі ажалына кезіккендерді тізбектей жөнеледі. Бейтаныс адам о дүниеге аттанса да, жас қайың құласа да, майдандағы ұлан оққа ұшса да, Бетпақшөлде адасқан сорлы опат болса да, он бестегі сұлу көз жасына тұншығып жан тапсырса да, жас жігіт айдын көл астындағы толқын шаш жаланаш сұлуларды құшқан бойда жан тәсілім етсе де, бәрінің рефрені, қайырмасы біреу: өлім әрдайым ақынға тәтті күй болып естіледі. Ежелгі дәстүр бойынша сұм ажалға лағнет айтылмайды. Ақын жаны тітіренбейді, қайта «балқиды». Ақын шынымен-ақ қара басына өлім тіледі ме? Екінші, «о дүниеге сапар тартқандармен бірге, мені де ала кет, әлдиле» дегеннің шын астарында өмірге деген махаббат керікалаң әдіспен көрсетілген дейміз. Тек өмір сұлу болсын, былық тұрмыска айналғанынан без деген мағынаны көңіл көзімен оқуымыз керек.

Символизм ағымының тапқан жаңалығы – Танатос инстинктін үрейсіз, жалған дүние деп сарнаусыз жырлауы. Бұл ретте орыс символизмінің Дониске – шарап құдайына табынуы табиғи нәрсе. Ж-тын пір тұтқан ұстазы, оқыған институтының директоры Валерий Брюсов болғанда бұл қазақ ақынының символистік өрісінің қай тұста екенін, қай ауданды жайлайтынын бағдарлау оншама қиынға соқпаса керек. Ж. өлеңдерінің лирикалық кейіпкері символистік талаптарға сай, алдымен, өз «менінен» даралығынан айрылады. Оның өзі – символ, адам рәмізі. Ол өмір суретін дүние біздің мына таукыметті былық тұрмысымызға мүлде ұқсамайды. Ақынның «Өлімнің күйі – тәтті күй», «Балқиды жаным бұл күйге» деген тебіреністерінің түп төркіні орыс символизмінің арнасынан табылатындығына, оның өлімнен әлдилеуін сұрағанда ажал сұрамағанына енді шәк келтірмеуіміз керек. Жоғарыда айтылғандардан қандай қорытынды туады? Басты қорытынды – символизм қазақ поэзиясына үлкен олжа салды деуге саяды. Символизм аркасында қазақ өленінің бұған дейін ашылмаған қырлары ашылды. Лирика жанры жүрекке, сезімге бойлай түсті. «Бойлай түсті» деудің мәнісі бар. Адам сезімі түпсіз терең мұхиттай. Жаткан бір ұлан-ғайыр әлем. Жан жүректің қыр-сырын тілмен толық айтып жеткіздім дейтін қаламгер сірә да бола коймас. Сезімнің күні бүгінге дейін тіл өрнегіне түскенін Айсбергтің, теңізде қалқып жүрген Мұзтаудың көзге көрінетін бөлігіне теңеуге болар еді, депті бір зерттеуші-ғалым. Олай дейтіні – Айсбергтің көрінетін бөлігінен көрінбейтін бөлігі әлденеше есе үлкен. Сезімнің талай мың құбылма күйлері әлі хатка түсіп үлгірмеген.

Абайдың өзі «Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өні қашады» десе, мұның өзі сезім әлемінің хатталмаған қырларының шексіз екендігіне дәлел. Ж. ақын сезімнің сол сөз етілмеген қырларына, тусыраған тыңына сока салып, талай-талай бозбауыр шымдарын аунатып түсірген. Ақын символистік өлеңдерінде жан даусының бұлдыр, жұмбақ тебіреністерін суреттеуге талпынды. Мұны

және де мистикаға бөледі, символдық битабиғи күш бейнесінде көрсетуге тырысты. Ақынның символистік өлеңдерінде логика шеттетіліп, үйреншікті түсініктер ескерілмейтінін байқау киын емес. «Мені де, өлім, әлдилс» дсгсн өлсңіндс жалғыз жас кайың былк-сылк билеп тұрып құлайды, бұл күйге лирикалық кейіпкердің жаны балкиды, өзін өлім әлдилеуін тілейді. Осындағы суреттердің, түсініктердің арасында кандай байланыс, кисын, логика бар? Өлең ишараттан, мегзеуден, ассоциациядан тұрады. Өлеңнің такырыбын да пәлендей деп тап басып айту киын. Мұндағы жел, кайың, кара орман, құм, т.б. нактылы, күнде колмен ұстап, көзбен көріп жүрген заттар тәрізді көрінгенімен, шын мәнінде, олай болмай шығады. Күнделікті дағдылы заттар өлеңде кенет өзгеріп, көңілінде әлдебір құпия сыр шертеді. Ол күйдің айтайын дегенін ұғынбакка каншама тырыссаң да, ойын неше сакка жүгіріп, нактылы бір әсерді ұстап кала алмайды.

Сөйтіп, символистердің біздің принципіміз – поэтикалық сөздерді бұған дейінгі мәнінен айыру дейтін ізденістеріне Ж. та кол кояды. Ол жаңа ырғак, соны сөз тіркестері, дыбыстарды, буындарды түрлі-түрлі әуенде коңыраулату аркылы ескі поэтикалық дәстүрлеріміздің біркыдыруының күлпаршасын шығарады.

Ш. Елеукенов.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» – облыстық газет. Алғашкы нөмірі 1920 жылдың акпанында Омбы каласында «Кедей сөзі» («Голос бедноты») атауымен шыккан. Газет РК(б)П Сібір бюросының және Акмола губерниялық ревкомының органы болды. 1921 жылғы наурызда газет редакциясы Петропавлға көшті. 1921 жылдың наурыз айынан бастап 1929 жылғы караша айына дейін газет «Бостандык туы» атауымен шыкты, партияның Акмола губерниялык комитеті мен губерниялык аткару комитетінің органы болды. Ол кездері Акмола губерниясына Петропавл, Көкшетау, Акмола, Атбасар және Омбы уездерінің аймактары жататын. Газет Петропавлда басылды. Оның келесі бір атауы «Кенес ауылы» деп аталды, партияның Петропавл округтік комитеті мен округтік аткару комитетінің органы ретінде, 1929 жылдың карашасынан 1930 жылғы тамыз айына дейін Петропавл каласында шығып тұрды. Округ таратылғаннан кейін партияның Петропавл калалык комитетінің және калалык кенесінің органы ретінде 1932 жылдың наурызына дейін шығып тұрды. 1932 жылдың наурызынан 1993 жылғы караша айының соңына дейін «Ленин туы» Қарағанды содан соң Солтүстік Казакстан облыстык партия комитетінің және облыстык аткару комитетінің органы болды. 1993 жылдың 1 желтоксанынан бастап казірге дейін «Солтүстік Казакстан» атауымен шығып келеді. Құрылтайшысы – Солтүстік Казакстан облыстык әкімдігі, облыстык әкімдік жанындағы «Қызылжар-Акпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газеттің 10 мыныншы нөмірі шығуына байланысты басылым ҚР Жоғарғы Кенесінің Құрмет грамотасымен, «Құрмет белгісі» орденімен мара-

патталған. «С.Қ.» облыс мәдениеті мен экономикасының дамуында үлкен рөл атқарады. Оның беттерінде кәсіпорындардың басшылары, инженерлер, жұмысшылар, ғалымдар өз пікірлерін білдіріп тұрады. Өз заманында газеттің жұмысына М.Жұмабаев, С.Мұқанов сынды тұлғалар басшылық жасаған. Әр жылдары газет редакциясында Қазақстан халық жазушылары Д.Әбілев, Ә.Әбішев, С.Шаймерденов, әдебиеттің көрнекті қайраткерлері К.Кеменгеров, Г.Малдыбаев, М.Дәулетбаев қызмет істеді. Аптасына үш мәрте шығады, таралымы – 10 мың дана.

Қ. Қали.

«СОРЛЫ ҚАЗАҚ» – Ж-тың өлені. Алғаш «Шолпан» жинағында басылған. Бұл өлеңінде ақын «Қозғал, казак» деп надандыкка карсы, халкының камы үшін тебіренеді. Ақын казактың каранғылығы мен надандығын айта келіп, оны оқуға, білімге шақырады. 1989 жылғы жинакта әуелгі «Өнер алып, баскалармен катар бол, Жер жүзі бір адамзаттың ұлына!» деген жол «Өнер алып, баскалармен катар бол, Косыл бірдей адамзаттың тобына» болып өзгертілген. «Ертеңді-кеш басына мініп өзгенді!» деген жол «Ертелі-кеш басына мініп езгенді!» болып, «Шетке лактыр, тымактай алып, тұра кеп» деген жол «Шетке лактыр, тымактай алып, елден ку» болып бояуын баскага бұрған.

«СССР» – Г. Верешагиннің кітабы. 1926 ж. Мәскеуде жарык көрген. Аударған – Мағжан Жұмабаев.

СТЕПАНОВА Лидия (1946 – 2003) – акын, аудармашы. С. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің филология факультетін және М.Горький атындағы Әдебиет университетін бітірген. Ол Ж-тың «Тілегім», «Қараңғылык коюланып келеді», «Баланың кабір басына», «Мені де, өлім, алдыле», «Сүйемін», «Айда атынды, Сәрсембай», «Бостандык», «Көбелек», т.б. өлеңдерін аударып, «Ленинское знамя» газетінде (1993, 12 тамыз), «Простор» журналында (1992, №1., 1994, №6) жариялады.

СТЕПНЯК – Акмола облысындағы кала (1937), Еңбекшілдер (казіргі Біржан сал) ауданының орталығы. Көкшетау каласының оңтүстік-шығысына карай 130 км. жерде. Көкшетау кыратындағы Саға өзенінің бастауы мен Котыркөл көлі аралығында орналаскан. Іргесі 1890 ж. каланған. 1923 – 1927 жж. Степнякта алтын өндіретін кәсіпорын, автомобиль жөндеу зауыты, агроөндірістік бөлімше, тұрмыстык кызмет көрсету комбинаты, құрылыс мекемелері, жалпы білім беретін 3 мектеп, 2 клуб, кинотеатр, аурухана, емхана, дәріхана, санитарлык эпидемиологиялык станса жұмыс істейді. Степняк аумағында Біржан сал жерленген. Ең жакын темір жол станция – Макинск (35 км). Степнякта Ж-тың туыстары тұрған. Акын жазасын өтеп келгеннен кейін сол туыстарына конакка келеді. Осыннан С. Мұкановка хат жолдайды. «Құрметті жолдасым Сәбит. Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебисті пәндерінен сабак беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январьдың басында мені кызметімнен босату туралы мәселе козғалғанымен де, біраз

уакытқа басылып қалған еді, бірақ январьдың соңында бұл жай тағы да әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды, жұмыссыз отырмын.

Декабрьде әдебиеттердің қазақ баспасымен Толстойдың «І Петр», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға келісімшартқа отырған едім. Содан бері одан да хабар жоқ. Ол жақтан мен өте қиын халде отырмын. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма қатты батады.

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып сізді де бірдеңеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз... Құрметпен Мағжан, 20 февраль, 1937 жыл», – деп жазды ол. Бұл хат С.Мұкановтың жеке мұрағатында әлі сақтаулы. С.Мұқанов кешіктірмейді. Сөйтіп, 1937 жылдың 25-наурызында Ж. Алматыға көшіп келгенде, оны вокзал басында жазушының өзі қарсы алады.

«СҰР ҚҰЛЫН» – Ж-тың өлеңі. «Балаларға базарлық» жинағына енген. 1989 жылғы жинақта да бар.

«СҰҢҚАР ЖЫРЫ» – М.Горькийдің кітабы. 1924 ж. Мәскеуде араб тілінде жарық көрген жинакка орыс жазушысының 5 әңгімесі («Сұнқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсарткан ана» және «Хан мен ұлы») енген. Аударған М.Жұмабаев. Бұл аударма алғаш 1923 ж. «Ақжол» газетінің 307-санында жарияланған.

«СҮЙГЕНІМЕ» – Ж-тың өлеңі. Ақынның барлық жинактарына енген.

«СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ» – Ж-тың өлеңі. Гүлсім Камаловаға арналған. 1922 жылдан бергі барлық жинактарға енген.

«СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ. ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР» – Ж-тың кітабы. 2002 ж. Алматыдағы «Атамұра» баспасынан шыккан. Ақынның бұл кітабына әр жылдары жазған өлеңдері мен поэмалары топтастырылған.

СҮЛЕЙМЕНОВ Олжас (18.5.1936, Алматы к.) – ақын, филолог, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі (1995), халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік (1972) және жастар одағы сыйлыктарының (1964) лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері (2017). Шығармаларын орыс тілінде жазады. 1959 ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің геология факультетін, кейін А.М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітіреді. 1962 – 1971 жж. «Казахстанская правда» газетінің әдеби кызметкері, Қазақфильм киностудиясы сценарлық-редакциялық алқасының бас редакторы, «Простор» журналының бөлім меңгерушісі болды.1971 – 1981 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, сонымен

бірге 1972 ж. Азия-Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі қазақстандық комитеттің төрағасы болды. Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы болды. 1989 ж. ақпанында халықаралық Невада-Семей ядролық қаруға қарсы қозғалысының президенті болды. 1991 жылдың қаңтарынан Қазақстан Халық конгрессі партиясының төрағасы, құрметті төрағасы болды. 1994 – 1995 жж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Қоршаған орта және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі. 1995 жылдың тамызынан ҚР-ның Италия республикасындағы, 1996 жылдың сәуірінен Греция республикасындағы, сондай-ақ, Мальта республикасындағы Төтенше және өкілетті елші міндетін атқарды. Алматы, Мәскеу баспаларынан көптеген кітаптары жарық көрген.

СҮЛЕЙМЕНОВ Жарасбай (9.7.1949, Солтүстік Қазақстан обл., Шал ақын ауд. Балуан а.) – журналист, жазушы, қоғам қайраткері. Еңбек жолын өзінің туған ауылында шопан, тракторшы болып бастаған С. әскери міндетін өтегеннен кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне кіші әдеби қызметкер болып орналасты. Кейін осы газетте әдеби қызметкер, тілші, бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарды. 1987 – 2003 жж. аралығында «Қазақстан теледидары мен радиосы корпорациясы» жүйесінде қызмет істеді. Солтүстік Қазақстан облыстық радиосы бас редакторының орынбасары, бас редакторы, қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, «Азаттық» радиосының тілшісі, Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясының ақпараттар бағдарламасының жетекшісі, бас редакторы, директордың орынбасары болды. 2003 жылдың мамыр айында «Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының» директоры – бас редакторы болып тағайындалды. 2007 жылғы 18 тамызда «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының тізімі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 2012 – 2014 жж. республикалық «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары болды. 2014 жылдың сәуір айынан «Қызылжар-Ақпарат» ЖШС-нің бас редакторы, 2016 жылдың наурызынан «Қызылжар-Ақпарат» ЖШС-і директорының міндетін атқарушы, 2016 жылдың тамызынан директоры. Қазақстан Жазушылар одағы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры.

С. – «Мағжан» әдеби-көркем көпшілік журналының бас редакторы. Ж-тың қазақ және орыс тілдерінде таңдамалы өлеңдер жинағын (2006), ақын туралы естеліктер мен әдеби зерттеуден тұратын «Мағжан әлемі» (А., «Асыл кітап, 2009) кітабын құрастырған. Ж-тың өмірі мен шығармашылығына арналған «Сөнбейтін шырақ» (А., 2008) деген кітап жазып, оқырмандарға ұсынған.

Т. Зікірия.

«СЫРДАҒЫ АЛАШҚА» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» (1923, №302, 10 мамыр). 1989 және 1992 жылғы жинақтарға енген. 1923 ж. Мағжан лирикасының «мені» сәл-пәл өзгере бастайды. «Сырдағы алашқа» өлеңінде ақын бұрынғы романтизміне беріліп, сырткы дүниенің, қоғамдық құрылыстың өз идеал, мұраттарына сәйкессіздігін еске алып, бұл қырсықты от қойып өртеуге, ерлік кимылға шақырады. Бұл өлеңінде ақын Күн мен Отты тағы тілге тиек етеді. Әрине, казак топырағына лайықтауды ұмытпайды. Отка үйірлік казакка ежелден тән екенін ескертеді. Аталарымыз отка май салған. Не пәлені отпен аластаған. Халкына жаның кірлеп барады, отпен аласта деген кенес береді.

«СЫРЫҚ МОЙЫН, БІЗ МҰРЫН» – Ж-тың өлеңі. 1969 ж. жазушы Жүсіпбек Алтайбаевтан жазып алынған. Өлеңдегі «кірпішетке» – жиырмасыншы жылдарда бидайдың жоғары сортты ұнын казактар осылай атапты.

«СЫРЫМ» – Ж-тың өлеңі. Көңілкүй лирикасы. 1922 жылғы жинактағы: «кыбыр-кыбыр»... сүрінем» дегенді акын 1923 жылғы басылымда өз колымен «тапыл-тапыл» ...сүрінем» деп түзеткен. 1989, 1992, 1993 жылғы басылымдарда 1923 жылғы нұска негізге алынған.

«ТАБАЛДЫРЫҚ» – Ж. құрмак болған «Алка» әдеби үйірмесінің бағдарламасы. Ж. алты алаштың азаматтарына атой салып «Табалдырык» атты бағдарлама жазды «Казак әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөліркегені де, барса – келері де, барса – келмесі де бар. Казак әдебиетін мынау мың жолдың тарауына алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Аңырып тұрған тұрмыс – казак тұрмысы. Казак тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы аркылы Европа тұрмысымен соктығуы – казак әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті аркылы Европа әдебиетінің екпініне кез келуі – «таспен жапалакты ұрсаң да, жапалакпен тасты ұрсаң да, жапалак өлмектің» кебі. Әрине, казак тұрмысы кирамак, әрине, казак әдебиеті өлмек. Бірак бізге молда болатын Европа әдебиетінің өзі де бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Европаны коялык, көршіміз орыс әдебиетін алалык. Онын да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалык. Осы күнде пролетариат төнкерісі дәуірінде. Кенес өкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – кызыл, ұраны – төнкеріс, алды – ортакшылдык сыкылды... Алай-

да, искусство hам оның бір саласы болған әдебиет туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар. «Искусство – бар, hам болмақ» деген бағыттан бастап, «Искусство – жоқ, hам – болмақ емес, бұрын болса да – бұдан былай болмақ емес, болуға тиісті емес» деген бағытқа шейін бар. Оның үстіне біз дүние астан-кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр Жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, өрттеп шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз де, еріміз де саясатшылмыз, шаруашылмыз, әдебиетшілміз, тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі осыны тілейді... тұрмысы да осыны тілейді. Бірақ майдандағы әскердің әрбір тобының да, әрбір таптың да бас міндеті болмақ. Әрбір топ өзінің ісін дұрыс атқарса ғана жалпы әскер соғыста ұтып шықпақ. Бір топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айғай-аттанның желігімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты. Үркердей бір тобы. Бірақ олардың мойнында жалпы әскерлік міндеттен басқа бас міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса, ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе, әскер емес. Қазақ елі – Еуропа мәдениетінің көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ, кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз әскерлік, азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қадалып қалуы мүмкін. Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуі де мүмкін. Әдебиетті айғай ғана деп, ақындықты үгіт-насихат қана деп ұғуы. Мысалы, әдебиет не діншілдіктің бәдуамы (бәдуам – әліппе, яғни оқу құралы), не дінсіздіктің бәдуамы деп, әйтеуір, бәдуам деп ұғуға мүмкін... Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса-келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуге мүмкін. Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз тоғыз ойланып, токсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуымызды борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес, «абылайша». Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда да, алты қанат ақ отау да құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне «абылайша» керек. Жорық «абылайшасы» керек (жорықта тігілетін кос). Жорық – «абылайша» болады. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, «абылайша» қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл келешектікі. Әзіргі баспана – «абылайша!». Оқушы! Жаксы келдің. «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға» кір!» – деп ұран тастады.

Д. Қамзабекұлы.

ТАЙШЫБАЙ Заркын (31.3.1942, Қарағанды обл., Қаркаралы ауд. Егіндібұлақ а.) – әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (1997). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2016), Қазақстан

білім беру саласының құрметті қызметкері (2002). ҚазҰУ-дің аспирантурасын, Алматы жоғары партия мектебін (1972) бітірген. Еңбек жолын 1960 ж. Қарағанды облысында Қаркаралы аудандық «Ленин туы» газетінде бастаған. Аудандық кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, аудандық газет редакторының орынбасары, редакторы, облыстық газетте бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент (1992 – 2000), 2000 жылдан Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, 2001 ж. «Атамекен» этномәдени ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі болды. Т. көптеген ғылыми және педагогикалық кітаптардың жауапты шығарушысы әрі редакторы. 200-дей ғылыми мақала, 12 монография, 13 оқулық пен оқу құралын жазған. Т-дың Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі М.Жұмабаевқа арналған «Мағжанның Қызылжары» деген кітабы бар.

Е. Амантай.

«ТАЛАП» – 1922 ж. 4 желтоқсанда Ташкентте құрылған қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы. Қоғамның жарғысын Түркістан Мемлекеттік Халық ағарту комиссариаты бекіткен. Қауымның төрағасы болып белгілі дәрігер, педагог, ғалым, журналист, қоғам қайраткері, бұрынғы «Алаш Орда» басшыларының бірі, профессор Халел Досмұхамедов сайланған. Қоғамның жұмысына М.Тынышбаевпен, М.Әуезовпен, Ә.Диваевпен, М.Есболовпен бірге Ж. та белсене қатысады.

Тайшыбай Зарқын

«Талап» қоғамы өзінің жұмысын тарихи маңызы бар лекциялар оқудан бастайды. 1923 жылдың 23 наурызында «Ақжол» газеті «Талап төңірегінде» деген редакциялық мақаласында: «Талап» қауымында соңғы екі аптада екі лекция оқылды. Мұның бірі Мырзағазының баяндамасы – «Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынан», екінші лекция Мағжандікі – «Абай өлеңдері туралы». Баяндамашылардың екеуі де алған мәселелерін жете тексеріп, толық мағлұмат жинағандықтан, жиылған жұртқа ескі қазақ заманының екі ардақты адамы – Алтынсарин мен Абай жайында бірталай жаңа сөздерді айтып берді... Мағжан баяндамасы бұл күнге шейін Абай жайынан сөйленіп жүрген сөздердің ең толығы болды», – деп жазды.

Қ. Кемеңгер.

ТАЛАСПАЕВА Жанар (1970, Солтүстік Қазақстан обл., Сергеев ауд. (қазіргі Шал ақын), Социал а.) – әдебиеттанушы ғалым. Филология ғылымдарының кандидаты, профессор. 1976 ж. Социал орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1987 ж. облыстық №2 қазақ мектеп-интернатын бітірді. 1992 ж. Н.Крупская атындағы Семей педагогикалық ин-

ститутының казак филология факультетін үздік дипломмен тамамдады. 1992 ж. К.Ушинский атындағы Петропавл каласындағы пединституттың тарих-филология факультетіне окытушы болып орналасты. 2000 – 2005 жж. аралығында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің казак филология кафедрасының менгерушісі. 2005 – 2017 жж. Тіл және әдебиет институтының директоры кызметтерін аткарды. Осы жылдары он оку құралы мен оку-әдістемелік құрал дайындап, казак тілінің стилистикасы, когнитивтік лингвистика, этномәдениеттаным бағытында сексеннен аса ғылыми макала, баспасөз беттерінде жиырмадан астам макала жариялады. Т. – «Мағжан поэзиясындағы эпитеттер табиғаты» (А., «Мағжан әлемі» «Алтын кітап» 2009) деген макаланың авторы.

А. Ысқақова.

«ТАНЫДЫ» – М.Дәулетбаевтың өлеңі. «Еңбекші казак» газетінің 1927 жылғы 12 кыркүйектегі санында жарык көрген. Қаламдастары шеткакпай кылған Ж. нак осы кездері өзін колдайтын бір жан табылса, сөз жок, соған куанар еді. Бірак басқаларды былай койғанда, Мағжанға бір табан жакын жүрген Д-тың да жүрегі жіби коймайды.

«Сонда да анык сенім жок,
Солай да бүгін көңіл ток.
Ар жағы әлі әлі көмескі». Д. өз өлеңін осылай аяктайды.

«ТАҢДАМАЛЫ» – 1992 ж. «Ғылым» баспасы шығарған Ж-тың жинағы (Жауапты шығарушы – Б.Дәрімбетов. Таралымы – 10 мың дана. Кітапта акынның таңдамалы 66 өлеңі, 4 поэмасы, 2 зерттеуі, 2 аударма сы және соңғы кезде табылган 3 өлеңі басылған. Аталған өлеңдердің ішінде 1989 жылғы жинакка кірмеген 3 өлең бар. Олар – «Аксак Темір сөзі», «Сәлем хат», «Адастым». Сонымен катар бұл кітапта акынның Мамин-Сибиряктан аударған «Акбозат» деген әңгімесі мен П.Дорохов деген орыс жазушысының «Сын большевика» деген әңгімесінің аударма сы басылған. Кітапка Мағжанның 1922 ж. Орынборда жеке кітап болып шыккан ғылыми еңбегі – «Педагогика» окулығы да енгізілген.

Л. Жанысова.

«ТАҢДАМАЛЫ ЖЫРЛАР» – М.Жұмабаевтың өзбек тілінде жарык көрген (Аст., «Ғылым», 2018) жинакты баспаға Халыкаралык Түркі академиясының ғылыми кеңесі ұсынған. Көлемі 14,9 б.т. Алғы сөзін Халыкаралык түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі жазған. Жинакка таңдамалы өлеңдерімен бірге «Акан сері», «Бернияз Көбеев», «Базар жырау», «Әбубәкір аксакал Дибаев» деген прозалык шығармалары да енгізілген. Жинакка енген шығармаларды Қарақалпакстанның халык акыны Мұзаффар Ахмад аударған.

«ТАРМАҚ ТҰЛҒАЛАРЫ» – «Әдебиет таныткыш» еңбегінде алғаш рет А.Байтұрсынов колданған термин. Автор «Тармак тұлғаларын» жалғыз бунакты тармак, екі бунакты тармак, үш бунакты тармак, төрт бунакты тармак деп бөледі. Жалғыз бунакты тармак бір ғана бунактан тұрады. З.Кабдолов «Сөз өнері» атты еңбегін-

де жалғыз бунакты тармакты бір бунакты тармак деп колданады. Автор снбегінде жалғыз бунакты тармакка мысал ретінде Ж-тын «Жұмбак» атты өленін келтіреді. Бұл өлен жалғыз бунакты алты тармакты шумактан тұрады. Жалғыз бунакты тармакта дауыс сокпасы біреу ғана болып келеді де, өлең ырғакты, ойнакы окылады. Екі бунакты тармак екі бунактан құралады. Байтұрсынұлы казактың байырғы жырларының бәрі дерлік екі бунакты тармактан тұратынын айта келе Асан Қайғының жырынан мысал келтіреді. Бұл жыр екі бунакты төрт тармакты шумактан құралған. Екі бунакты тармакта дауыс сокпасы екеу болады әрі өлең ырғағы жалғыз бунактыға карағанда жылдам болып келеді. Үш бунакты тармак үш бунактан құралады. Б. казактың кара өленінің бәрі үш бунакты тармактан тұратынын айтып, өзінің «Маса» жинағына енген «Окуға шакыру» атты өленін мысалға келтіреді. Өлең үш бунакты төрт тармакты шумактан тұрады. Төрт бунакты тармак төрт бунактан құралады. Төрт бунакты тармак көп бунакты тармактан тұратын тармак тұлғасына жатады. Төрт бунакты тармактан құралған өлеңдердегі дауыс сокпасы төртеу болатындыктан, ондағы өлең ырғағы да баяу болып келеді.

«ТАРТУ» – 1924 ж. Түркістаннын баспасөз таратушы мекемесі шығарған жинак. Кітапка этнограф-ғалым Әбубәкір Дибаев жинаған казак әдебиетінің үлгілері топтастырылған. Осы жинакка Ж. «Әбубәкір аксакал Дибаев» деген такырыппен алғы сөз жазды. «...Елге еңбегін сінірген ер кымбат. Ердің елге бағасы каны бір болуда емес, жаны бір болуда, куаныш-кайғысы ортак болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүректің таза болуында; тілегінің елмен ортак болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында», – деп жазды ол.

ТАСТЕМІРОВА Жамал – акынның жиен карындасы. Мағжанның атасы Жұмабай кажының екінші әйелі Мәржекейден Ғазиза, Ғалия, Рәзия атты үш кыз туған. Ғазиза жас кезінде кайтыс болған. Ғалия Қызылжар каласының тұрғыны Данияр кажының баласы Жакия Тастеміровке ұзатылған екен. Осы отбасында Жамал, Зылиха (Зыкатай), Софья, Мәрзия, Зульфия деген 5 кыз бен Шорман есімді ұл дүниеге келеді. Олардың ішінен калын окырманға көбірек танымалы Жамал Тастемірова. Өйткені, Мағжанның шығармаларында оған арналған «Түн еді» және «Ж... ға» деген өлеңдер бар. Кейін Жамал зангер Таупык Бердікожинге тұрмыска шыккан. Ол Мағжанмен жаксы карым-катынаста болған. Қатардағы адвокаттан Актөбе облысының прокурорына дейін өскен. 1937 жылғы куғын-сүргіннің құрбаны болған. Таупык пен Жамалдың Нағима, Марат, Мұрат атты балалары болған. Жамал көп жыл Алматыда тұрып, бертінде өмірден озды.

Қ. Мұқанов.

ТАСТЕМІРОВА Зейнеп (т.ж.б. – 10.2.1919) – Мағжанның алғашкы әйелі. Мағжан 1918 ж. Жакып төренің жиені, Шокан Тастеміровтің кызы Зейнепке (Зейнептің шешесі – Шокан

Уәлихановтың інісі Жакып төренің Хадиша атты кызы) үйленеді. Колчактың Батыс Сібір жерін басып алуына байланысты Сасыккөлде думандаткан той бола койған жок. Зейнеп адамгершілікті жоғары бағалайтын, ер сылайтын, ауыр мінезді, сабырлы жан болған. Бұл Мағжан отбасының ынтымакты болып тұруына үлкен әсер етті. Мағжан мен Зейнеп Казан төнкерісі тұсында косылады. Мағжанның өзінің жазуына караганда, олар жас күндерінен бірге ойнап, бірге өскен.

«Кетуші ек кол ұстасып тура көлге,
Дуылдап жанған бетті ұстап желге.
«Жаным!» – деп алма беттен
сүйгенімде,
Қызарып, караушы едің
төмен жерге».

ТАСТЕМІРОВА Софья (23.12.1914, Петропавл к.) – Тастеміровтердің үшінші кызы. Софья Кызылжар каласында орыс мектебін бітіріп, Алматы медициналык институтына окуға түседі. Сонда окып жүріп белгілі окымысты, жазушы Хамза Есенжановка тұрмыска шыккан. Кейін Есенжановты Ж-тың шығармаларын студенттер арасында насихаттағаны үшін «халык жауы» деп он жылға Карелияға жер аударған, оны өтеп келгеннен кейін көп ұзамай Шығыс Сібірге жер аударады. 1939 жылдың сонында «халык жауының» отбасы ретінде ол жас сәбімен және кенже сінлісі Зульфиямен бірге Алматыдан аластатылып, Кызылжарға коныс аударады. Кызылжарға келгеннен кейін Софья Жакиякызын Октябрь (казіргі Шал акын) ауданына дәрігер етіп жібереді. Содан 1945 жылға дейін сол ауданның орталығы – Марьевка ауылдык емханасының меңгерушісі болып кызмет аткарады.

Хамза мен Софья Эмиль, Әлихан атты екі ұл көреді. Эмиль жастай кайтыс болады. Әлихан Алматыда әке-шеше шаңырағына ие болып отыр. Ол филология ғылымдарының кандидаты, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының әлеуметтік-гуманитарлык кафедрасында «Казак әдебиеті тарихынан» орыс тілінде дәріс береді. Оның зайыбы Дина Әнескызы да филология ғылымдарының кандидаты, Алматыдағы Абылай хан атындағы әлем тілдері және Халыкаралык катынастар университетінде араб тілінен дәріс береді.

Қ. Мұқанов.

ТАСЫМБЕКОВ Армиял (1953, Жаркент ауд. – 1999, Алматы к.) – көсемсөзші. 1930 ж. саяси куғын-сүргін құрбандары туралы сериялык зерттеу макалалар жазған. Газет- журналдар мен теледидарда жұмыс істеген. Өмірінің соңғы жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттык университетінде кызмет аткарды. Баспасөзде адам тағдыры мен өнер әлемі туралы эссе, макалалар жазып тұрды. «Жазығы не еді апалардың?» атты макалалар топтамасы Алматыдағы жастардың «Өркен» газетінде жарык көрді. Осының негізінде деректі фильм де түсірілді. 1994 ж. «Жалын» баспасынан «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагі» атты кітабы жарияланды. «Лениншіл жас» газетінің 1989 жылғы 10 кантар күнгі санында Т-тің Мағжанның жары Зылиха Жұмабаевамен сұхбаты жарияланған. «Азапты сапарлар»

деп аталатын бұл материалға ақынның жарының көрген бейнеті арқау болған. «Алматы ақшамы» газетінің 1990 ж. 17,18,23 қазан күндеріндегі сандарында Т-тің «Олар 19 еді...» деген көлемді мақаласы басылды. Мақалада 1938 жылғы 6-12 наурызда сотталып, атылған бір топ Қазақстан мемлекет қайраткерлерінің жаткан жері Алматы маңындағы Боралдай мен Өжет поселкілерінің аралығындағы жергілікті халық «Қандысай» атаған ұры сайда екені анықталғаны, Ж. денесі де осында көмілді ме деп жорамалдайтыны жазылған. «19 жайсаннның сотталуы наурыздың бірінші жартысы болса, атылуы және қойылуы наурыздың екінші жартысы. 19 боздактың атылуы жайында «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылғы 22 наурыз күнгі санында ресми хабар жарияланды. Мағжанның атылуы, жоғарыда айтылғандай, 1938 жылғы наурыз екенін білеміз. Араларында күн салған ба, салмады да, не бәрін бірге атты ма? – деген заңды сұрақ туады. Атылғандарды түнде машинамен көмуге алып келген шофер Айтжан мәйіт салынған капшыктың саны 19 не 20 деген. Ендеше, Мағжан мүрдесін де соларға косуы әбден ыктимал», – деп жазды ол.

ТАШКЕНТ – қала, Өзбекстанның астанасы. Ташкент каласы Тянь-Шань тауларының батыс етегіне жапсарлас жатқан сулы жазыктыкта, Шымкент-Самаркан жолының бойында орналаскан. Тектоникалык жағынан Ташкент өте белсенді жерде орналаскан, сондыктан мұнда жиі-жиі жер сілкінеді. 1966 ж. сәуірдің 26-сында Ташкентте жойкын жер сілкінісі болды (Рихтер кестесі бойынша 7.5 балл). Үш жүз мыңнан астам адам баспанасыз калды. 1991 ж. Кенес одағы ыдыраған кезде Ташкент Кенес одағындағы тұрғын саны жағынан 4-ші орында тұрған кала, білім беру, ғылым және техниканың ірі орталығы еді.

Ж. Нәзір Төрекұловтың шакыруымен 1922 ж. Ташкентке келеді. Мұнда Халел Досмұхамедовтың басшылығымен ұйымдастырылған «Қазақ-кырғыз білім комиссиясының» мүшесі болып кызмет аткарды, орыс, казак тілдері мен әдебиетінен казак-кырғыз студенттеріне дәріс окыды әрі шығармалары «Сана», «Шолпан» журналдарында жиі басылып тұрды. 1922 ж. «Акжол» газетінде әйгілі «Түркістан» өлені жарияланады. Осында, яғни 1922 ж. Мағжан бұрын тек хат аркылы ғана таныс Мұхтар Әуезовпен кездесіп, достасады. 1923 ж. «Сана» журналына «Жұлдызды – жүзік, айды алка ғып берейін», «Сәрсембайдың зары» өлеңдері, «Акан сері» атты көлемді макаласы басылды. Оның «Бастауыш мектепте ана тілі», «Педагогика» (Баланы тәрбие кылу жолдары) кітаптары 1923 ж. Ташкентте басылып шыкты. Әйгілі «Батыр Баян» поэмасы 1923 ж. «Шолпан» журналының (Ташкент) 4-5 және 6-7-8 сандарында жарияланды. «Балаларға базарлык» деп атаған кітабына (Ташкент, 1925) бір топ өлеңін («Аккала», «Ата, бата», «Сылдырмак», «Сұркұлын», «Салсал білек, сал білек», «Ана», «Терме») жариялады. 1923 ж. Ташкентте Мағжанның үшінші өлеңдер жинағы

Тәжібаев Әбділда

(көлемі 263–бет) басылып шықты. Түркістан мен Сыр циклдері жазылды.

Ташкентте Ж. Мұхтар Әуезовпен бірге мәдени-ағарту бағытындағы «Талап» қоғамын құрды. Ә. Диваевтың «Тарту» атты (1923) фольклорлық жинағын құрастырып шығаруға атсалысты. «Тартуға» деп ескертеді ақын кітапқа жазған кіріспе сөзінде, – таза мектеп балаларының оқу кітабы деп қарау керек...».

1923 ж. Ж-тың үшінші және ақырғы өлеңдер жинағы жарық көрді. Алғы сөзін Түркістан Коммунистік партиясы орталық комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов жазды. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов пікір білдірді. Ташкентте Ж-тың Кольцовтан, Горькийден, Лермонтовтан, Гетеден, Феттен, Мамин-Сибиряктан, т.б. жасаған аудармалары, әртүрлі педагогикалық еңбектері жарық көрді.

ТӘЖІБАЕВ Әбділда

(1909, Ақмешітте (қазіргі Қызылорда қ. – 1998, Алматы қ.) – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Т-тің «Жаңа ырғақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартас», «Жаңа өрімдер», «Құрдастар», «Толағай» және 5 томдық жыр жинақтары жарық көрген. «Майра», «Жартас», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдестер», «Той боларда», «Дубай Шубаевич», т.б. пьесалары қойылған. «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», «Жылдар, ойлар», т.б. зерттеу еңбектерін жазған. Т. ежелден Мағжанға қарсы болған. 1927 жылдың өзінде:

«Мағжандай іздемеймін
Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де
аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін», – деп (Ә.Тәжібаев «Жаңа ырғақ» 1934, 28-29 б.) өз үкімін шығарып қойған. Т. кейін ғылыми диссертация қорғағанда да Мағжан шығармашылығына көзқарасын өзгерткен жоқ. «... Пессимизм – дүниеден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін ғана есту, қандай тілде жазылса да, символизмнің ортақ ауруы. Өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісі. Мағжан осы топта, осы тапта», – деп жазды ол (Ә. Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том, 68 б. Алматы, 1981). Алайда, Ж. ақталғаннан кейін «Еңбекші қазақ» газетінде ақын ағасын кінәлаған ғайбат сөзі туралы: «Бұл менің де, мені тәрбиелеп, сөйлеткен ағаларымның да кешірілмейтін күнәсі» – деп, өз кінәсін мойындаған. Т. Ж. ақталғаннан кейін 1989 ж. жарық көрген шығармалары

жинағына алғы сөз жазды.

«ТӘҢІРІ» – Ж-тың өлеңі. Акын тәңірімен тілдесе отырып, «баласы Алты Алаштың – біз не кылдык?» деп казак халкының трагедиясын айтып күйінеді, күніренеді. 1922 ж. бастап жинактарының бәріне енген.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШ ҒЫЛЫМЫ» – зерттеулер, макалалар жинағы. Авторы – А.Ісімакова. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша дайындалған. А., «Қаратау КБ» ЖШС-гі, «Дәстүр» баспасынан 2015 ж. жарык көрген. Көлемі – 288 бет. Таралымы – 2150 дана. Бұл кітапта Алаш ғалымдары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сәдуакасов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, И.Байзаков, М.Әуезов, Қ.Мұхамедхановтың әдебиеттанулык зерттеу енбектері XXI ғасырдағы әлемдік әдебиеттану контексінде жаңаша карастырылған. Бұл зерттеуді казіргі казак тілі мен әдебиетін, теориясын терендете окытатын мектептерде, жоғары оку орындарындағы филология және журналистика факультеттерінде арнаулы курстар мен семинарларда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сондай-ак, бұл енбек алаштанушылар мен көпшілік окырманға да арналған.

С. Арғынгазин

ТӘУКЕЛОВ Сламбек (2.4. 1948, Павлодар обл., Михайлов ауд. «Жанабет» ұжым.) – кино және телеөндіріс ұйымдастырушысы. Қазакстан Кинематографистер одағының мүшесі, хатшысы (1973). Қазакстанның Енбек сінірген кайраткері (2008). Бүкілодактык мемлекеттік кинематография институтының экономика факультетін бітірген (1971). «Шұғыла» мультипликациялык фильмі сценарийінің (1975), 200-ге жуык макала мен жарияланымның авторы.

1971 ж. – «Қазакфильм» киностудиясы директорының орынбасары, директоры. 1973 ж. – ҚР Мемлекеттік кино төрағасының орынбасары, сонымен катар ҚР Мемлекеттік мәдениет пен өнерді колдау корының аткарушы директоры. 1991 ж. – Ш.Айманов атындағы «Қазакфильм» республикалык шығармашылык-өндірістік бірлестігінің режиссері. 2001 ж. – «Қазакстан» Республикалык телеарнасы басқарма төрағасының орынбасары. 2004 ж. – ҚР Мәдениет, акпарат және спорт министрлігі акпарат және мұрағаттар комитетінің төрағасы. 2006 ж. бері – Ш.Айманов атындағы «Қазакфильм» АҚ-ы бас редакторы, ойын фильмдерінің коюшы режиссері. Т. – Ж-тын «Батыр Баян» поэмасының желісімен түсірілген «Батыр Баян» (1993) кинофильмінің коюшы-режиссері.

ТӘШЕНЕВ Жұмабек (20.3.1915, Акмола обл., Аршалы ауд. Бабатай а. – 18.11.1986, Шымкент к.) – мемлекет және коғам кайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты (1962). Акмола құрылыс техникумын (1932), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1955) бітірген. 1934 – 1939 жж. – Бейнеткор аудандык аткару комитетінің хатшысы, аудандык жер бөлімінің меңгерушісі. 1939 – 1943 жж. – Акмола облысы жер бөлімі

Тәшенев Жұмабек

бастығының орынбасары, 1944 – 1947 жж. – Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1947 – 1948 жж. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы (1948 – 1952) болды. 1952 – 1955 жж. – Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, 1955 –1960 жж. – Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы, 1960 – 1961 жж. – Қазақ КСР-і Министрлер кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Т. республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді. Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген солтүстік облыстарды Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдірді. Шығармашылық одақтар өкілдеріне үй-пәтер бергендігі үшін Алматының ортасында «қазақ ауылын» құрды деп айыпталды. «Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, «Социалистік Қазақстан» газетін «Казправданың» аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. «Ұлтшыл» деп айыпталып, Н.Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылды. 1961 – 1975 жж. Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Өмірінің соңғы кезеңінде «Қаракөл» ғылыми-зертханалық институтында, Оңтүстік Қазақстан облысы талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды.

Т. 1955 – 1961 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы қызметінде жүргенде, Ж-тың зайыбы Зылихаға Алматы шаһарынан пәтер бергізген. Ол кезде Ж-тың атын атаудың өзі әлі қауіпті болатын. Қазақ қайраткерінің зайыбына үй бергізу деген сөз Алаш идеясын, оның қайраткерлерін қолдаумен бірдей еді. Ол үшін Т. жеңіл жазаланды дегенде атқарып отырған жауапты қызметімен қоштасуы мүмкін еді. Бірақ ешкімнен қаймықпастан, ешкімге жалтақтамай ұлт жанашыры болған қайраткер осындай батыл қадамға барады.

«ТЕЗ БАРАМ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлеңнің патшалық отарлау саясатына қарсы жазылғаны мазмұнынан айқын сезіледі. Барлық жинақтарында бар.

«ТЕМІРҚАЗЫҚ» – айына бір рет шығып тұрған саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы. 1923 жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында КСРО халықтарының «Кіндік» баспасынан шықты. Шығарушы – Нәзір Төрекұлов. Басылымның ғұмыры

ұзақ болған жоқ. Бар болғаны үш саны ғана жарық көрді. «Темірқазық» журналының 2-3 сандары, бүгінде Алматы қаласында Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығының сирек кездесетін кітаптар мен материалдар қорында сақтаулы. Ж. журналдың жұмысына белсене қатысты және онда да өз шығармаларын жариялап тұрды.

ТЕЛЖАНОВ Темірболат (1898, Омбы қ. – 1938, Ленинград қ.) – қоғам қайраткері. 1929 ж. Ленинград политехника институтын бітірген. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Омбыдағы жастар қозғалысына белсене араласты. 1919 – 1921 жж. Омбыда Кенес өкіметі орнағаннан кейін С.Сәдуақасов, Ғ. Тоғжановпен бірге РК(б)П Сібір бюросының қырғыз-татар бөлімінде қызмет атқарды. Өлкелік «Кедей сөзі» газетінің редакторы болды. Онда газет жұмысына Ж-ты тартты, 1921 – 1924 жж. Сибревкомдағы Қазақ АКСР-інің өкілі ретінде Сібір өлкесі мен Қазақстанның шекарасын межелеуге қатысты. Ақмола губкомында қызмет атқарды. Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі ретінде Орынборда шығарылған «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1924 – 1929 жж. Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) политехникалық институтта оқыды және бір мезгілде осы қаладағы көркемөнер техникумында саяси экономикадан сабақ берді. 1931 – 1937 жж. Ленинградтағы шығыстану институтында доцент, Мәскеудегі халық шаруашылығы институтында директордың көмекшісі, марксизм-ленинизм университеті директорының орынбасары болды. Ленинградта тұрған жылдарында жергілікті қазақтар бірлестігінің төрағасы ретінде Қазақстаннан оқуға келген жастарға пәтер мәселесін шешуге көмектесті, материалдық көмек ұйымдастырды. 1937 жылғы 4 қарашада Алаш Орда қозғалысына қатысқан деген айыппен Ленинградта тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1958 жылдың 13 маусымында Ленинград әскери округі әскери трибуналының шешімімен толық ақталды.

ТИЕСОВ Елдес (29.2.1892, Қостанай уезі, Қонай а. (қазіргі Таран ауданы) – 1.12.1937) – қоғам қайраткері, ғалым (лингвист және математик), публицист, аудармашы. Алғашында ауылдың молдасынан хат таныды, содан соң Қостанай орыс-қазақ училищесін бітіріп, Дубай ауылында мұғалім болып істейді. Үш жыл (1917 жылдың ақпан айына дейін) жергілікті соттың кеңсесінде қызмет етті. Сол жылдары оны Минск қаласындағы Земство одағына хатшы қызметіне шақырады. 1917 ж. оқулық дайындау комиссиясының мүшесі етіп тағайындайды. Азамат соғысы жылдары Т. Қостанай уезі бойынша «Алаш Орданың» комиссары және Қостанайдағы бөлімшесінің төрағасы қызметінде болды. 1917 ж. Орынбор қаласында өткен II бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайы Қазақстанда ұлттық автономия – Алаш Орда атты өкімет құру туралы шешім қабылдаған болатын. Бұл бастаманың басында «Алаш» партиясы тұрды, ал осы бағдарламаның авторлары-

ның бірі замандастары жан-жақты білімі, таланты үшін қазақтың Ломоносовы деп атаған Т. болған еді. 1920 жж. бастап Орынбордағы халыққа білім беру комиссариатының мектеп бөлімінде қызмет ете жүріп, өлкелік академиялық орталықтың қызметкері болды. Т. «халық жауы» деп айыпталып, ОГПУ-дің үкімімен он жылға сотталды. Көп кешікпей ОГПУ Т-ті ату жазасына кесті, біраз уақыт өткен соң бұл үкім өзгерді. Т. жазасын Карелияда Мағжанмен бірге өтеді. 1933 ж. шілдесінде Т. мерзімінен бұрын босатылды, бірақ ол бостандық көпке ұзамады. 1937 жылдың 20 қарашасында тұтқындалып, желтоқсанның бірінде ату жазасына кесіледі. Т. тек 1989 ж. ғана ақталды.

ТОҒЖАНОВ Ғаббас (1900, қазіргі Шығыс Қазақстан обл., Уәлиханов ауд. Жаркын а. – 1937) – қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист. Омбы гимназиясын (1917) бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия университетінде (1922 – 1923), Мәскеудегі В.Г. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтында (1923 – 1924) оқыған. Жас кезінде Омбы қаласында құрылған «Бірлік», «Жас азамат» қазақ жастарының ұйымдарына қатыскан. 1919 – 1922 жж. Ресей коммунистік жастар одағы Сібір бюросы жанындағы қазақ-татар секциясының хатшысы, «Еңбекші жастар» газетінің редакторы, Ақмола губерниясы төтенше комиссиясының хатшысы, Ақмола жалпы білім комитетінің алқа мүшесі, 1922 – 1923 жж. Ташкентте шыққан «Жас алаш» газетінің жауапты хатшысы, 1923 – 1924 жж. КСРО ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Орталық Күншығыс баспасы қазақ секциясының хатшысы қызметтерін атқарды. 1924 – 1926 жж. – БК(б)П ОК баспасөз бөлімінің нұсқаушысы, 1926 – 1928 жж. – Қазақстан өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі, 1926 – 1932 жж. – «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакторы, 1935 – 1936 жж. – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, 1936 – 1937 жж. Қазақ КСР ХКК жанындағы көркемөнер істері жөніндегі басқарма бастығы қызметтерін атқарды. 1937 ж. репрессияға ұшыраған. Т. «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», Сәбит Мұқанов «ХХ ғасыр басындағы қазақәдебиеті» еңбектерінде Ж. поэзиясының тереңіне бойлай алмады. 1926 ж. жазға салым Ж. Мәскеуден оқуын бітіріп оралғанда ел іші алабөтен беймаза хал кешкен жағдайда еді. Ел ішін басып кеткен саяси наукан. Апыл-құпыл жүргізіледі, бірінші аяқталмай жатып, екіншісінің басы қылтияды. Ақын солардың халқына пайдалы-зияндылығын айырам деп әлек. Ол енді Кеңеске үзілді-кесілді қарсы емес. Әйтпесе, «Қызыл жалау» өлеңін тудыра алмас еді ғой. Соңынан «Токсанның тобы», «Толғау» жазылды. Жаңа өкімет бұқара жағында болса, Мағжан да сол жерден табылмақ.

Ж-тың ізденістерін қазақ зиялылары әртүрлі қабылдады. Бұрынғы ұлтжанды достары тым солақай кетіп барасың дегенді айтты. Шәймерден Тоқжігітов «бұрынғы Мағжан мен токсандағы Мағжанның айырмасы жер мен көктей» деп жазды.

Әбдірахман Байділдин «Токсанға» берген баған дұрыс емес деп Шәймерденді сынады. Әбдірахманды Тоғжанов сойып салды. «Мағжан әлі де өзін ақтағысы келеді. Өткендегі жамандығын жақсылағысы келеді. Еңбекшілерге жақындаймын деп еңбекшілерді алдамақшы болды. Бірер өлеңмен бәрін жуып-шайғысы келеді», – деп жазды Т. «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында (Бастырған «Еңбекші қазақ». Қызылорда. 1929, 163 б.). Қиын сәтте Мағжанға кол ұшын беруге тырысқан атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Нәзір Төрекұловтың «Жерлестік» жиналысында жасаған баяндамасын ашық сынамаса да, шын мәнінде, соған карсы шығып, Ташкенттегі казак студенттеріне баяндама жасап берді. Бұл баяндама «Лениншіл жас» журналында (1925, №5) жарияланды.

Ж-ты мактау казак әдебиеті мен мәдениетінен жау тапкыштарға, әрине, ұнамады. Т. Аймауытовка дүрсе коя берді. «Еңбекші казак» газетінде жариялаған «Көркем әдебиет туралы марксшілдер не дейді? Жүсіпбек не дейді?», тағы баска макалаларында (1925. 22 казан, 19 желтоксан т.б.): «Аймауытов сөз жүзінде адамдардың қоғамдық кызметінің таптык мәнін мойындамайды, ал нактылы адамға келгенде, мәселен, Жұмабаевка келгенде ол принциптен бас тартады», – деді. Аймауытов Жұмабаевты белгілі бір таптың өкілі етіп көрсетпейді, «көшпенді ауылдың ұлттық акыны» деп дәріптейді. Шынында, ол байшыл, ұлтшыл акын», – деді. Бұл кисын Т-тын Ж. шығармашылығы туралы жазған барлық еңбектеріне тән. Т. өзінің «Жүсіпбек сыны. Мағжан ақындығы туралы» (1925), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) атты кітаптарында Ж. жау дегеннен баска жарытып ештене айтпайды. Тіпті «Мағжанның жаксысынан безбейміз» деген макаласында да акынның байшыл, ұлтшылдығын сан кайталап, оқырманын мезі етеді. Кітабының «Мағжан февраль төңкерісінен кейін» атты тарауында Т. Ж-ка тағатын ауыр кінәсына дәлел ретінде мынадай «фактілер» келтіреді. Мағжан Чехословак ланы мен Колчак Сібірде Совет өкіметін құлаткан кезде «Мен жастарға сенемін», «Бостандык», «Тілегім», «Мешіт hәм абақты», «Төбет», «Жауынгердің жыры» деген өлендерін жазды» «Қазак жастары ұлт жасы болам десе жауға аттансын. Жауыз большевиктерден елді аман алып калу жолында болсын» деп жастарға жар салды» дегендей пікір таратты.

Т. тіпті акынның «Токсанның тобы», «Толғау» атты советтік дәуірге іш тартып жазған өлеңдерін де істен алғысыз кылды. Ж-тың бұрын жүздің акыны едім, ұлт акыны едім, ол кезде де «мұңдымен мұңдаскан едім, толкыннан калмап едім», сондыктан мынау токсан, еңбекші бұкара жат емес, халык үшін жазуымды күшейтемін деген сөзінен Т. әлдебір жалғандык іздеді.

Қ. Мұқанов.

«ТОҚАЕВҚА ЕЛІКТЕУ» – Ж-тың өлеңі. 1922, 1923 және 1993 ж. жинақтарға енген.

ТОҚЖІГІТОВ Шәймерден (1901, Семей өңірінің Абай ауд. Саржал а.

– 1937) – мемлекет қайраткері, журналист, қазақ баспасөзінің іргетасын қалаушылардың бірі. Т-тің 300-ге тарта мақаласы, әдеби сыны жарық көрген. Ол негізінен кеңестік идеологияны насихаттады. Әкесі Омар шағын шаруалы, сөзге берік, ісіне тиянақты, байсалды адам болған. Баласы Шәймерденнің ауыл мектебінде сауатын ашып, кейіннен Семей қаласындағы мектептерде қазақ, орыс тілінде оқуына мүмкіндік туғызған. Қала өміріне араласуы оның қалыптасу жолына үлкен із қалдырған. XX ғасырдың басында Қазақстанның ең көрнекті, ең елеулі мәдениет, білім орталығына айналған Семей қаласы Шәймерденнің бұғанасы қатып, буыны бекуіне ықпалын тигізген.

Т. 19 жасында коммунистік партия қатарына қабылданады. Төңкеріс жеңгеннен кейін Кеңес өкіметі саясатына білек бел сыбана араласады. Әсіресе, баспасөз майданына атсалысады. «Қазақ тілі» (қазіргі «Семей таңы») газетінің редакторы (1922, қараша – 1925, наурыз). «Қазақ тілі» газетінде тек 1923 ж. 60-қа тарта мақаласы жарияланды. Қазақ кеңес баспасөзінің қарлығаштарының бірі – «Қазақ тілі» (қазіргі «Семей таңы») газетінде шыңдалады. «Қазақ тілі» газетінің алғашқы редакторы (1919 – 1921 жж.) белгілі педагог, журналист Мәннан Тұрғанбаев, одан соңғы (1921 – 1922 жж.) Мұхтар Әуезов болды. Мұхтардың қызметі сол кездегі Қазақстан астанасы – Орынборға ауысқан соң «Қазақ тілінің» редакторлығына Т. тағайындалды. Семейде «Таң» журналы шығып тұрған. Осы журналдың басы-қасында М.Әуезовпен қызметтес болған Т. елеулі іс тындырды.

Т. «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1927 ж. 19 тамыздағы нөміріне Ж-тың жырын бастырды да, «Токсан тобы» атты өз мақаласын қоса жариялады. Алдымен ол мынаны айтты: «Мағжан – ақын. Мағжан – қазақ ұлтшыл оқығандарының қатарлы азаматының бірі. Мағжан ұлтшыл ақын еді... Қазақтың байының жырын жырлап, сөзін сөйлейтін ақын еді... Қазақ ұлты деп көкірегі карс айрылып, «Алаш» туын көтергендермен бірге болды. Заман өзгерді. Жұртшылықтың беті жаңа жол іздеді. Қазақ оқығандары дұрыс жолды көрмеді. Елді дұрыс бастай алмай отыр, адасты. Солардың ішінде болған Мағжан да бірге адасты... Мағжан да «Жолдастарымен» бірге жаңа жолға, тап жігіне қарсы болды. «Табы жоқ, жігі жоқ жаткан бір елмін, жіктей алмаймын, тапқа бөле алмаймын», – деп жырлады. Ауылға мәдениетті орын – қалаларды қарсы қойды» деп сол кездің әуенімен асау ақынды біраз тұқыртып, «әшкерелеп» алды. «Мағжан мына өлеңімен біздің жолға түсіп отыр... Мағжан адасканын мойындады... Оның бұл сөзіне сенейік. Мағжан жалған айтпас». Т. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Токсан тобы» деген мақаласында осылай деп келіп, Мағжан өміріндегі өзгеріске толық сене алмайтынын да жасырмайды. «Өткенді жеңіл-желпі малшылай салып, жуып кетіре коюға болмайды. Бұған шын жүрек керек, көп еңбек керек... «Оннан аулакпын» дегенінді акта! «Токсанмен біргемін» дегенінді бұдан былай іспен көрсет», – дейді.

«ТОҚСАННЫҢ ТОБЫ» – Ж-тың өлені. 1927 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің 189-санында жарияланған. Ол:

«Жүзден токсан садаған
Мен токсанмен біргемін», – деді.

Бұл оның Советтік казак халкына ағынан жарылып шынын айтканы, өз күнәсін мойындағаны еді. Бірак маңайындағылар оған сенбеді. Бұл өлеңнің лирикалық геройы бұрынғы «Адастым», «Жолдаска» деген сиякты өлеңдердегіден мүлде өзге. Бұрынғысындай енді ол «жердің жүзін түн басты» немесе «тапсыз бүтін бір елмін» деп адаспайды. Ж. таптык көзкарасын бекіте түсіп, өзінің ат төбеліндей азшылык «он» жағында емес, «токсан», яки көпшілік еңбекші бұкарасы жағында екенін, халыктың осы басым бөлігінің сойылын соғатынын айтады. «Токсанды көрдім тойдағы. Теңдікке жеткен тап көрдім» деп жаңаша жар салады. Кеңес өкіметі нығайған сайын Мағжанға сен байшылсың, еңбекші бұкараға жаусың деген жала күшейе түсті. «Терісті теріске шығару» тәсілін жауап беру барысында Ж. та қолданды. Ол өзінің түсініктемесінде: «Байтұрсынов пен Бөкейхановтың жалпы әдебиет, оның ішінде әдеби сын туралы көзкарастары менің пікіріммен үнемі кайшы келіп отырды. Өз басым әдебиетті рухани толысуға, рухка, рухани құштарлыкка кызмет етеді деп есептедім, ал жоғарыда аты аталған адамдар әдебиет, ең алдымен, халыкты жаңа бағытка, жаңа іске шакырады, оларды үгіттейді деп түсінеді. Әдебиетті өнер деп емес, насихатшы құрал деп кабылдайды. Міне, осындай пікір кайшылыктарының нәтижесінде жолымыз екі айрылды. Осыған орай «Токсанның тобы» деген толғау жаздым, мұндағы негізгі ойым: токсан деп көрсеткенім – калың бұкара халык, калған оны – еңбексіз күн көретін тоғышарлар... Осы толғау аркылы болып жаткан төнкеріске өзімнің көзкарасымды білдірдім. «Алка» атты үйірменің бағдарламасын сол толғау аркылы насихаттадым. Бұл толғауды Оку-ағарту халык комиссариатының Акмоладағы бұрынғы төрағасы Молдағали Жолдыбаевка жібердім. Сонымен коса «Толғау» атты өлеңмен жазылған бағдарламаны да коса жолдадым. Ол «Толғау» баспасөзде жарияланбаған күйінде калды. Аты аталған ұзак толғауымда өзімнің бүкіл өмірімді, жіберген кателіктерімді, оңды-солды толкуларымды, сокпаксыз жолдарымды, тұтастай жалпылама баяндап шыктым.

«Токсанның тобында» Ж. Құмдыкөл басына жиналған калың жұртты акжаркын кеңес құрғызып кояды да, осы форманы пайдаланып, өз тұсындағы казак кауымының әлсуметтік портретін жасайды. Яғни, кейін социалистік реализмнің жан-жүрегі атанған әлеуметтік талдауды колданады. Бұл талдаудың ерекшелігі – партиялык, таптык принциптерді катаң ұстанбауында. Мұндағы таптык принцип канаушыларды даттаумен, каналушыларды мактаумен шектеледі. Канаушылардың канын төгуге, олармен бітіспес күреске шакырмайды.

«ТОЛҒАН АЙ» – Ж-тың өлені.

«Шолпанда», кейін 1923, 1989, 1993 жылғы жинактарда жарияланған.

ТОЛҒАУ – фольклор жанры. Акын өзінің ішкі сырын, ойын, толғанысын, заманға, уакытка, әркилы жай-жағдай, окиғаларға көзкарасын толғаумен жеткізеді. Ол акынның философиялык, поэтикалык монологі, бойына жиған, түйген ілім-білім, сезім сырларын, өмірлік тәжірибесін сыршыл өлең жолдарымен сыртка шығарады.

«ТОЛҒАУ» – Ж-тың дастаны. 1927 ж. «Токсанның тобымен» катарлас жазылған. Алғаш 1992 жылғы жинакка енді. Кейін Ғ.Тоғжановтың 1929 ж. жарык көрген «Әдебиет және сын мәселелері» деген еңбегіне енгізілді. Мұнда акын халкының отаршылыкта күйзелген калпына жаны ашып, не көрсем де еліммен бірге көремін дейді. «Толғау» поэмасында Мағжан өзінің токсан хакындағы пікірін, ойларын тарата түседі. Токсанға келгенде ол өз идеалын сатып келген жок. Кай кезде болсын, еңбекші бұкараға зәредей киянат сөз айтпаған кісі. Бір кезде Алашордаға катысса, бұл козғалыс ұлтының, халкының отарлык зынданнан шығып, ел катарына косылуы үшін жанын салды. Акынды сол үшін «ұлтшыл» деп сынағандарға ол өз өлеңінде «мен мұны айып деп білмедім» деп ағынан жарылады. Алашка тек ел деген сөзі үшін ергендігін, ешкімнің аткосшысы емес екендігін, елі жыласа бірге жылағанын, төңкеріс толкынына ешкашан жаулык етпегенін, төңкеріс танында кайта «не бостандык, не құлдык» деп жырлағанын, жар салғанын актарыла, ағынан жарыла айтады. Ж-тың акындык куаты аз сөзге көп мағына сыйғызуынан да көрінеді. Айналасы сексен жолға жетер-жетпес «Толғауға» ол өзінің бүкіл өмірін сыйғызып жіберген. Ж-тын акын ретінде сахнадан кетуін аңсағандар оның ойын әдейі бұрмалап, жок, бұл еңбекші халыктың бүгін «тойын тойлап топырлай шапканына» күніреніп отыр деп сокты. «Тек ел деген сөзі үшін Ергенде ердім ұранға» деген сөздеріне жабысып, «Әлихан, Ахметтерге ердің» деп кінәлады.

«ТОЛҚЫН» – Ж-тың өлеңі. 1922 жылдан бергі жинактарының бәрінде бар. Акын репрессияға ұшырарда кінә етіп тағылған өлеңдердің бірі. «Толкыннан толкын туады, толкынды толкын куады, толкынмен толкын жарысад» деген куатты өлең жолдарының астарында коғамға карсылык бар деген айып тағылған.

«ТОЛҚЫНДАЛ ОЙНАЛ» – Ж-тың өлеңі. Жазылу стилі ерекше. Алғашкы нұскада (1922) «Тұңғиык дария түбі жок» дейтін жол, 1923 ж. «Тұңғиык теңіз түбі жок» болып өңделген. 1989, 1992, 1993 жж. басылымдарға да енген.

«ТӨБЕТ» – Ж-тың олеңі. Алгаш рет 1915 ж. «Қазак» газетінің 140-санында жарияланған, 1922 жылғы жинакка да енгізген, 1992 жылғы жинактан баска акынның барлык кітаптарында бар. Ж. «Төбет» деген атпен екі түрлі өлең жазған. Біріншісі – женіл сыкак шығарма, он екі жолдан тұрады. Өлеңде адам мінезіндегі кей келеңсіздік түйреледі. Төбет итті алжыдың деп кінәлайтын бәйбіше акыры өзі алжыған болып шығады. Ал кырык сегіз жолдан тұратын

ұзақ өлең «Төбет» – мысал шығарма. Акын бұл өлеңінде:
«Жабыны тұлпар қылам деп,
Қарғаны сұңқар қылам деп,
Талайдың ісі шала ғой», – деп теңгермешілік идеясын сынайды.

ТӨГІСОВ Көлбай (1879, бұрынғы Семей обл., Зайсан уезді Шорға бол., – 1919, Омбы қ.) – қоғам қайраткері, журналист, драматург. 1896 ж. Зайсандағы ауылшаруашылық мектебін бітірген. Орыс тіліне жетік болғандықтан, отарлық билік орындарының ұйғарымымен Зайсан уезінің бітімгерлік сотының тілмашы болып қызмет етті. Бірінші орыс революциясы тұсында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Акпаев секілді қайраткерлермен бірге патша өкіметінің жүргізіп отырған отаршылық саясатына қарсы шықты. Қарқаралы хұзырхатын әзірлеуге қатысты. 1906 ж. «Семипалатинский листок» газетінде патша өкіметінің қазақ халқына жасап жаткан қысымшылықтары жайлы мақалалар жариялады. Қазақ жеріне земство енгізу кажеттігін жақтады. 1909 ж. патша өкіметінің ұйғарымына орай, «халықты бүлікке үндеуші» ретінде тұтқынға алынып, 1912 жылға дейін түрмеде отырды. Абақтыдан босағаннан кейін Семейде тұру құқығынан айрылып, Қапалға жер аударылды. Ол Қапалда жүріп, «Айкап» журналында қазақ халқы арасындағы халық ағарту ісінің ахуалы жайлы мақалаларын жариялады. «Мамания» мектебін ашқан азаматтармен және онда дәріс берушілермен тығыз карым-катынаста болды. 1915 ж. «Надандық құрбаны» атты пьеса жазды. Оның бұл пьесасы Уфа қаласында басылып шықты. 1916 ж. Ташкентке келіп, сонда «Алаш» газетін шығаруды колға алды. Акпан төнкерісінен кейін жергілікті халықтың саяси белсенділігін арттыру бағытында өткізілген іс-шараларға кызу атсалысты. Ташкентте құрылған «Шура и ислам» ұйымына мүше болып кіріп, Қазалыда осы ұйымның бөлімшесін ашуға атсалысты. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне мүше болып сайланды. Осы жылы жазда Зайсан уезіне оралып, онда қазақ еңбекшілерінің съезін өткізуді ұйымдастырды. М.Әйтпеновпен бірге Омбыда «Үш жүз» партиясын құруға басшылық етті. Осы партияның атынан бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыкка кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясына карсы үгіт жүргізіп, кеңестік билікпен ымыраға келді. 1918 ж. 21 сәуірде В.И. Ленин мен И.В. Сталинге кеңестік билікті колдайтындығы жөнінде жеделхат жолдады. 1919 ж. наурызда Омбыда А.В. Колчак үстемдігі орнаған кезде абактыға жабылып, сонда каза тапты.

ТӨРЕҚҰЛОВ Нәзір (1892, Қоқан – 3.11. 1937, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, алғашқы казак елшілерінің бірі, дипломат. Қоқандағы жәдидтік мектепте және екіжылдық орыс-түзем мектебінде бастауыш білім алған. 1913 ж. сондағы коммерция училищесін бітіріп, Мәскеудегі коммерция институтына окуға түскен. 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша майданның кара жұмысына алынған жерлестеріне көмек көрсету макса-

тымен окуын тастап. Батыс майданға барған. Минскіде Земство одағына нұскаушы болып жұмыска кіріп, тыл жұмысына алынғандарға тілмаштық қызмет көрсетіп, олардың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларға белсене атсалысты. Сонда жүріп казак жастарының «Еркін дала» атты астыртын ұйымын құруға жетекшілік етті. 1917 ж. Акпан төңкерісінен кейін Орынборға оралып, «Еркін дала» ұйымының алғашқы құрылтайын ұйымдастырады. 1918 жылғы 16 сәуірден Орынборда «Казак мұны» газетін шығаруды колға алды. Сол жылы жазда Коканға оралып, жұмысшы, дикан және солдат депутаттары кенесіне кызметке тұрып, онын органы болып табылатын «Халык газетасын» және Түркістан Коммунистік партиясының органы «Инкилоб» (Революция) журналын шығаруға атсалысты. 1919 ж. Ферғана облысы ревкомынын және Түркістан орталык аткару комитетінің төрағасы болды. 1920 – 1922 ж. Түркістан Коммунистік партиясы орталык комитетінің төрағасы, Түркістан орталык аткару комитетінің мүшесі және төрағасы, бүкілресейлік орталык аткару комитетінін және Ресей кенестік федеративтік социалистік республикасы халык комиссарлар кенесінің, Ресей кенестік (большевиктер) партиясы орталык комитетінің Түркістан бюросынын, Түркістан майданы революциялык әскери кенесінің мүшесі. Т. осындай лауазымды кызметтерде жүріп, дін мәселесіне көп көніл бөлді. Түркістан орталык аткару комитетінің төрағасы ретінде барлык мекемелерде демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру туралы және Құрбан айттың үш күнін демалыс күндері деп жариялау туралы каулыларға кол койды. 1921 ж. «Қызыл байрак» журналында «Ислам және коммунизм» атты макала жариялап, онда исламнын коғамдағы аткарып отырған рөліне он баға берді. 1922 – 1928 жж. Мәскеуде КСРО орталык аткару комитеті жанындағы Орталык баспа баскармасынын төрағасы кызметін аткарды. Бұл кызметке кіріскеннен кейін В.И. Ленинніц кабылдауында болып, автономия алған халыктардын тілін мемлекеттік тілге айналдыру мәселесін көтерді. Түркітілдес халыктардын ортак әліпбиін жасау жөніндегі комиссияға төрағалык етіп, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жактады. Орталык баспа баскармасынын төрағасы ретінде казак тілінде «Темірказык» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев секілді казак зиялыларын тартты. 1928 – 1932 жж. Хиджазда бас консул болды. 1932 – 1936 жж. КСРО-нын Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі болып кызмет етті. 1932 ж. маусымда Сауд Арабиясы королінің мұрагері Фейсал әл-Саудтын КСРО-ға ресми сапарын ұйымдастырды. Т. елші болған жылдары араб тілін жетік меңгеріп, бірнеше мәрте кіші және үлкен кажылык рәсімін орындады. 1936 ж. КСРО Ұлттар кенесінің жанындағы Орталык тіл және жазу ғылыми-зертханалык институтына кызметке орналасты. 1937 ж. шілдеде «халык жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. 1958 ж. 28 кантарда КСРО Жоғарғы со-

тының шешімімен ақталды. Бүгінде Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында Т. есімімен аталатын көшелер бар. Оның есімі Шымкенттегі, Түркістандағы және Шолаққорғандағы орта мектептерге берілген. Түркістан қаласында Т. мұражайы жұмыс істейді.

Қайраткер ғалым ретінде отандық тіл білімі саласына үлкен үлес қосты. Оның «Жат сөздер», «Ұлт мәселесі және мектеп», «Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліпби» сынды еңбектері мен өзге де мақалаларында еміле, әліпби, терминология жүйесі ғылыми негізде талданып отырады. Сондай-ақ, қаламгердің әдебиет туралы пікірлері де ерекше. Ол С.Сейфуллиннің «Асау тұлпар», «Бақыт жолына» атты шығармаларына, өзбек қаламгері А. Қадыридің еңбектеріне сын жазды. Өзбектің «Инкилоб» атты журналына жазған ислам діні, жәдитшілдік, Түркістан тарихы туралы мақалалары ғылыми нақтылығымен құнды. Қайраткер 1937 ж. 15 шілдеде ұсталып, 3 қарашада атылды.

Т. Ж-пен жақсы қарым-қатынаста болған. Ж-ты Ташкентке шақыртып алдырған. Мәскеуге әдебиет-көркемөнер институтына түсуге жолдама берген. Т. ақынды орталық баспаға жұмысқа алады. Алайда, Т. Қазақстаннан жіберілген нұсқау-тапсырмаға сәйкес, 1924 жылғы 24 қарашада Мәскеуде Күншығыс халықтарының коммунистік университетінде оқитын қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымын жинап, өзі «қазақтың Пушкині» деп танып әдебиет институтына жолдама берген, кәсіби баспа маманы ретінде қызметке

Төреқұлов Нәзір

алған Мағжан шығармашылығын талқылатты, негізгі баяндаманы өзі жасады. Ол: «Біз айтамыз, Мағжан Кеңес топырағында отыратын адам емес. Мәселен, «Жолдастарға» деген... өлеңінде бізді кекетіп, қәмунес партиясын қоңыз қылып көрсетіп, «оларда түпкілікті идея, жол жоқ. Олар қарын тойғызуға жүр» дегенге келтірген...».

Т. «Жерлестік» ұйымының жиналысында жасаған баяндамасында Мағжан өлеңдерін қатты сынағанымен, Мағжанды жек көрмеген. Оның ақындығын мойындаған, оған көмектесуге тырысқан. Шындығында, Т. Мағжан өлеңдерін партия органдарының тапсыруымен сынаса керек. Мұны «Жұлдыз» журналының 1996 ж. №10 санында жарияланған «Нәзір Төреқұлұлы. Өмірбаяндық суреттеме» атты көлемді материалында жазушы Жолтай Әлмешұлы да растайды. Ол былай деп жазады: «...Шын мәнінде, Нәзір Мағжанды аса қадірлеген. Поэзиясына бас ұрған. Ақын ретінде мойындаған. Тіпті, мүмкіндігіне орай қасында ұстауға, қамқор қолын ұсынуға бейім болған. Олардың достығын нығыздай түсетін бір мысал бар. Нәзір Төреқұлұлы 1925 ж. оқытушылар-

дың Бүкілодақтық бірінші басқосуында «Ұлт мәселесі және мектеп» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама орыс тілінде оқылды. Еңбек кейінірек жеке жинақ болып басылды. Ал оны қазақ тіліне тәржімалаған Мағжан еді».

«ТӨРТ ӘҢГІМЕ» – Всеволод Ивановтың кітабы. Мәскеудегі Кеңес одағындағы елдердің «Кіндік» баспасынан 1927 ж. 5000 дана таралыммен шықты. Араб тіліне аударған – Мағжан Жұмабаев.

ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ – Кеңес өкіметінің өз қарсыластарын құдалау, жазалау үшін құрған арнаулы органы. Оған поляк революционері Ф.Э. Дзержинский басшылық етті. Бүкілресейлік Төтенше комиссия іс жүзінде полицияның ішкі және сырткы барлау ісін жүргізу міндетін атқарды. Қарулы күштерді бақылауда ұстау үшін оның құрамында Төтенше комиссия бөлімшелері ашылды. Комиссия арнайы іріктеліп, қарамағына алынған 40 батальонға сүйене отырып, елде қызыл террорды жүзеге асырды. «Үстем тап» өкілдерін қамайтын «Еңбек мектебі» деп аталатын концлагерьлер ұйымдастырды. Оның 1920 жылдың 17 қаңтарына дейін ату жазасын қолдану құқы болды. 1922 жылғы 6 ақпанда бүкілресейлік орталық атқару комитеті бүкілресейлік Төтенше комиссияны таратып, оның орнына Ішкі Істер Халкомының жанынан Мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) құруға шешім қабылдады. Көптеген Алаш арыстары сияқты Ж-та төтенше комиссияның тепкісін көп көрді.

«ТУҒАН ЖЕР» – Ж-тың өлеңі. Алғаш «Қазақ» газетінде (1913, 9 наурыз, № 5), кейіннен Қазан,Ташкент, Анкара жинақтарында басылған.

«Адам басы – Алла добы» деген рас,
Қалай куса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас...». Ақын өзінің тағдырын ерте-ақ осылай болжаған.

«ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ» – Ж-тың өлеңі. Алғаш рет «Шолпан» жинағында басылды. Өлеңнің аты айтып тұрғандай, атақонысы туралы. Туған жердің тағдыры туралы толғаныс. «Итиіп қарашекпен келіп қонса, Басыңнан құсың ұшып кетер сенің», дейді ақын. Бұл өлең «Шолпанда», Ташкенттегі, Анкарадағы жинақта және 1989 ж. кітаптарда басылған. Өзгеріс жоқ, бір ғана тіркес: «Қайран көл», «Айдын көл» болып өзгертілген. «Шолпанда» екінші шумақтың үшінші жолы «Көз салып ернеуіне, мұңға батып» болса, автор мұны 1923 ж. Ташкент нұсқасында «Көз салып жалтырыңа, мұңға батып» деп өзгерткен. Ташкент басылымында алтыншы шумақтың үшінші жолы «Назданып, жүйрік мініп, тарлан жуып» делінген. Басқа нұсқаларында бұл жол «Назданып, жүйрік мініп,

Мағжан «Туған жер – Сасыккөл» деп жырлайтын айдын

тарлан шүйіп». 2002 ж. жинақта өлеңдегі «қайран көл» («Шолпан» жинағында), «көксілдер» (1989, 1995 жж. басылымдарында) деген сөздер 1923 жылғы нұсқа бойынша тиісінше «айдын көл», «көкселдір» болып өзгертілген.

«ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ» – жинақ. Авторы – М.Қозыбаев. Құрастырған – І.Қозыбаев. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы бойынша әзірленген. А., «ҚазАқпарат» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көлемі – 540 бет. Таралымы – 2000 дана. Кітап «Ой толғау», «Арыстары қазақтың», «Замана перзенттері», «Дүние-дүрмек өткінші» атты төрт тараудан тұрады. Автордың мақалалар мен баяндамаларының жинағы тарихи тұлғалар тағдырлары арқылы Отанымыздың сан қырлы тарихын аша түседі. Бұл кітапта оқырман ежелгі кезеңдерден бастап бүгінге дейінгі отандық даңқты тұлғалармен танысады. Жинақта Ж-тың сан қырлы шығармашылық қызметі де жанжақты ашылып көрсетілген.

ТҰРАН – Түркістан өлкесінің көне атауы. Ежелгі дәуірден жеткен мәліметтер бұл өңірде тур деп аталатын көшпелі тайпа мекен еткенін айғақтайды. «Авестада», Фердоусидің «Шахнамасында» Иран мен Тұран елінің өзара қарым-қатынасы жайлы көптеген мәліметтер бар. Тұранда түркі халықтарының арғы тегінен сыр шертетін «Алып Ер Тоңға» атты дастан дүниеге келген. VI ғасырдан бастап Тұран сөзі – түріктер мекендейтін жер, елдің атауы. Ж-тың халқын сүюі туған ұлты, туысқан жұртын бірге бауыр тартумен сабақтас құбылыс болғанына «Тұранның бір бауында», «Ескі Түркістан», «Еділде», «Алатау» атты, т.б. жырлары дәлел бола алады. Ол – бүлікке шақырған, ел бірлігіне қас көңіл емес, шығыс, қазақ тарихына тән биік белестерді еске алу, бұқараны рухани азаттыққа үндеу рухымен кіндіктес ниет жемісі.

Тұрғараев Бекет

«ТҰРАННЫҢ БІР БАУЫНДА» – Ж-тың өлеңі. «Ақжол» газетінде (1923, №318) жарияланған. 1923 ж. Ж. лирикасының «мені» сәл-пәл өзгере бастайды. «Сырдағы алашқа», «Тұранның бір бауында», «Алатау» өлеңдерінде ақын бұрынғы романтизміне беріліп, сыртқы дүниенің, қоғамдық құрылыстың өз идеал, мұраттарына сәйкессіздігін еске алып, бұл қырсықты от қойып өртеуге, ерлік қимылға шақырса, 1923 ж. жарық көрген бұл өлеңінде мүлде басқаша сыр шертеді. Ақын бұл жолы психологиялық символизмнен ауысып, көркем бейненің құрылымына әлеуметтік сарындар енгізуге талаптанады.

ТҰРҒАРАЕВ Бекет (5.6.1947, Оңтүстік Қазақстан обл., Қазығұрт

Тұрғынбеков Серік

ауд. Шарапхана а.) – заңгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген заңгері, заң ғылымдарының докторы. Облыстық соттың мүшесі (Шымкент қ.), Шымкент қаласындағы Дзержинский аудандық халық сотының, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Республиканың Бас прокуратурасының Құқықтық ақпараттар орталығының бастығы (Алматы қ.), Астана қаласындағы ҚР Әділет министрлігінің қызметті ұйымдастыру департаментінің директоры, Қазақстан Судьялар одағының төрағасы, ҚР-ның Жоғарғы соты кеңесінің мүшесі болған. 1999 жылғы қараша айынан зейнет демалысына шыққанға дейін Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болды. Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Қазығұрт ауданының құрметті азаматы. Т-тың есімі республика жұртшылығына руханият жанашыры ретінде танымал. Ол Солтүстік Қазақстан облысында қызмет істеген жылдары Мағжанның әке-шешесі жерленген жерлерді тауып, бастарына құлпытас орнатуға, ақын ұлықтауға бағытталған басқа да шараларға ұйытқы болды.

ТҰРҒЫНБЕКОВ Серік (1.3.1946, бұрынғы Торғай обл., Жангелдин ауд. Тосын құмында, Төлеген қыстауы) – ақын. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 1964 ж. орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын Торғай ауылындағы Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакциясында бастады. 1967 – 1973 жж. Қазақ радиосында аға редактор, 1973 – 1978 жж. республикалық «Лениншіл жас» газетінің Торғай, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, 1978 ж. Халық шығармашылығы үйінде фольклор бөлімінің жетекшісі, 1980 ж. Қазақ телевизиясының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор, 1981 – 1985 жж. Қазақ КСР Баспа, полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болып істеді. Бұдан соң «Ақиқат» журналында, Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жастар театрында түрлі қызметтер атқарды. Астанадағы С.Сейфуллин мұражайының директоры болды.

Т. – бірнеше жыр жинақтарының авторы. Сонымен бірге аударамен де айналысады. Оның аударасымен А.Твардовскийдің лирикалық өлеңдері «Перзент сыры» деген атпен («Жалын», 1984), «Бауырлас жырлар» сериясы бойынша П.Богдановтың «Москва үшін шайқас» поэмасы («Жазушы», 1985) оқырмандар қолына тиді. Т-тің Мағжан Жұмабаевтың туғанына 100 жылдығына орай, «Мағжан – мұңды ой ақыны» деген

мақаласы («Ақиқат» журналы (1993, №8.) жарияланған. Ақын 2017 ж. Қызылжарда өткен «Мағжан көктемі» фестивалінде жазба ақындар сайысында бас жүлдені еншілеген.

ТҰРЛЫБАЕВ Айдархан (1877, Ақмола обл., Көкшетау уезі, Мезгіл бол. – 1937, Омбы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1897 ж. Омбы гимназиясын бітіріп, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түскен. Университеттегі оқуын аяқталғаннан кейін 1902 – 1917 жж. Омбыда адвокат болып қызмет етті. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ комитетіне төрағалық етті. Оның жетекшілігімен 1917 жылдың 25 сәуірі мен 7 мамыры аралығында Ақмола облыстық қазақ съезі өткізілді. Осы съезде ол Ақмола облыстық қазақ комитетінің төрағасы болып сайланады. Ол бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне қатысты. Екінші жалпықазақ съезінде Т. зор белсенділік танытты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Омбыдағы заң орындарында қызмет етті. Кеңес өкіметі Т-ты тұтқынға алып, алашордашыл ретінде соттап, 1930 ж. Міржақып Дулатовпен, Мырзағазы Есполовпен бірге қиыр солтүстікке жер аударады. 1935 ж. одан босап келіп, Омбы қаласында кооператорлар одағында заңгер-консультант болып істеді. 1937 ж. қайта тұтқындалып, сол жылғы 8 желтоксанда атылған. 1957 ж. ақталды. Т. Омбыда М.Жұмабаевпен бірге «Алаш» партиясының жұмысына белсене қатысқан.

Тұрманжанов Өтебай

ТҰРМАНЖАНОВ Өтебай (15.12.1905, Оңтүстік Қазақстан обл., Ордабасы ауд. Жалғызағаш а. – 1978, Алматы қ.) – балалар жазушысы, фольклоршысы. Мәскеудегі Шығыс жастарының коммунистік университетін бітірген (1927), Ташкенттегі Орта Азия университетінің оқытушысы, даярлық курсының және қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1927 – 1930), Өзбекстан Жазушылар одағы жанындағы қазақ секциясының басшысы (1929), ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) профессоры, Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналында редактордың орынбасары, редактор (1935 – 1937), «Жазушы» баспасында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Тұңғыш жинағы «Таң өлеңдері» (1925) Мәскеуден шықты. «Қошан кедей» (1937), «Таң сыры» (1929), т. б. 40-тан аса кітаптың авторы. Таңдамалылары 1959, 1964, 1975 ж. жарық көрді. Л.Н. Толстойдың балаларға арналған шығармаларын аударды. «Қазақтың мақал-мәтелдері», «Асыл сөздер» атты жинақтарды құрастырды.

Тұрсынбаев Жоламан

Т. – Мәскеуде Мағжанның дәрісін тыңдаған шәкірттерінің бірі. Ж. сол кездің өзінде Т-ты «Сырлы өлеңнің сырын ұққан сирек жас талап» деп бағалаған. Ж-тың тағы бір шәкірті Бейсенбай Кенжебаев Ж-тың кітабын талқылаған «Жерлестіктің» жиналысында баяндаманы Өтебай Тұрманжанов жасады деп көрсеткен. Алайда, ол «Еңбекші қазақ» газетінде (1925, 14 қаңтар) жарияланған есепке сәйкес келмейді. Біріншіден, жас ақын Өтебай Тұрманжанов Мағжанды пір тұтқан. Оның кейін репрессияға ұшырауы да Мағжан поэзиясын жанындай жақсы көргеніне байланысты. Және партияның орталық комитеті ондай жауапты баяндаманы сыннан өтпеген жас жігітке қалай сеніп тапсырмақ? «Еңбекші қазақ» – жай газет емес, партиялық орган. Партия бақылауымен ұйымдастырылып отырған мұндай материалда баяндамашының тегін шатастырып алуы, тіпті, мүмкін емес.

ТҰРСЫНБАЕВ Жоламан (1947, Солтүстік Қазақстан обл., қазіргі Есіл ауд. Оседлое а.) – композитор. 1965 ж. Петропавл педагогика училищесін, 1967 ж. Алматыдағы Абай атындағы Опера және балет театрының жанындағы екіжылдық вокалдық-хор студиясын, кейін Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын бітірген. 1976 – 1978 жж. консерватория жанындағы аспирантурада оқыған. Еңбек жолын республикалық радиода музыкалық хабарлар таратудың аға редакторы болып бастаған (1972 – 1976), 1979 – 1984 жж. – «Өнер» баспасы бас редакторының орынбасары, 1984 – 1987 жж. – Қазақ теледидарының музыкалық бағдарламаларының бас редакторы, 1989 – 1995 жж. ҚР Мәдениет министрлігі репертуарлық-редакциялық алқасының музыка жөніндегі бас сыншысы қызметтерін атқарған. 1996 жылдан шығармашылық жұмыстармен айналысады. Бүкілодактық және республикалық әндер конкурсының лауреаты. Т. альтқа, оркестрге, электрорганға арналған концерт жазған (1975). Хорға, жеке дауыста орындайтын әншілерге, оркестрге арналған «Континенттер жауап беріңдер!», «Жайлауда» (1978), «Шоқан жайлы әңгіме» (1982), «Абай көктемі» (1995), «Жамбылдың халыққа арнауы» (1996) кантаталарын, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне арнап көптеген шығармалар. Сондай-ақ, 100-ден аса әндердің авторы. Театр қойылымдарына, «Сиқырлы қарбыз» мультфильміне музыка жазған. Т. 80-нен аса қазақ халық әндерін дауысқа, фортепьяноға арнап өңдеген. Т. Ж-тың сөзіне «Сарыарқа – сайран жерім-ай» деген ән жазып, бұл ән «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған!» атты I республикалық фестивальде (19.11.2011) Мағжан өлеңдеріне жазылған жаңа әндер аталымыда бас бәйгеге лайық деп та-

нылды.

«ТҮН ЕДІ» – Ж-тың өлеңі. Жиен қарындасы Жамалға арналған. Жамал – Мағжанның жездесі Тастеміров Жакиянның (Мағжанның апасы Ғалиянның күйеуі) қызы. Жамалды туыстары Мұса Мәубиев деген кісінің Зәкария деген баласына бермекші болып, уағдаласып қойған екен. Оған күйеуге шыккысы келмеген Жамал нағашысы Мағжанға келіп, осы өлеңді жаздырып алады. Жамал бұл кезде Қызылжар қаласындағы «Ақтас» бастауыш казак мектебінде окып жүр еді. Мектепте өткен бір сауык кешінде ол осы өлеңді мәнерлеп окып шығады. Өлең 1992 жылғы жинактан басқа ақын жинактарының бәріне де енген. Өлең 1926 ж. Семейдің губерниялык баспасынан 7400 дана таралыммен басылып шыккан Ахмет Байтұрсыновтың «Сауат ашкыш (Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген казакша әліпби) окулығына да енгізілді.

«ТҮРКІСОЙ» – түркі халыктарының өнері мен мәдениетін дамытуға ыкпал жасайтын халыкаралык ұйым. 1993 жылдың 12 шілдесінде Алматыда Әзірбайжан, Казакстан, Кырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан мемлекеттерінің Мәдениет министрлерінің кездесуіндегі өзара келісімшарт негізінде құрылды. Кейіннен бұл келісімшартка Татарстан, Башкұртстан және Солтүстік Кипр Түрік мемлекеттері косылды. Түркітектес халыктардың жеті мемлекеті муше болған халыкаралык «ТҮРКІСОЙ» ұйымының орталығы Түркия Республикасының астанасы – Анкара каласында орналаскан. Түркі халыктары өнері мен мәдениетін дамытуға ыкпал жасайтын ынтымактастыктың ресми тілі – түрік тілі. «ТҮРКІСОЙ» саясаттан тыс халыкаралык ұйым ретінде ынтымактастыктың барлык мүшелеріне мемлекеттерінің саяси багдар өзгешелігіне карамастан, мәдени байланыс саласында тең құкыкты камтамасыз етеді. «ТҮРКІСОЙ» өзінің кызметі, максаты мен міндеті, жұмыс істеу принциптері жағынан ЮНЕСКО құрылымына жакын. Негізгі максаты: түркітілдес мемлекеттердің және халыктар мен кауымдардың мәдениет пен өнер саласындағы мәдениетін дамыту, түркі әлемінің мәдени құндылыктарын тану, зерттеу, сактау және толыктыру, оларды әлемдік кеңістікте насихаттау, тарихи, саяси және географиялык жағдай салдарынан әлсіреген байланысты дамыту, ортак мәдени кеңістік калыптастыру; түркі әлемінің ортак мәдени құндылыктарын, тарихи, мәдени және архитектуралык ескерткіштерін аныктау және жүйелеу, оларды сактау шараларын карастыру, түркі халыктарының ұлттык мәдениеттерінің дамуына ыкпал ету, олардың тума, табиғи ерекшеліктерін сактау, түбі бір түркі тілдерін жакындастыру, тұтас тілдік орта калыптастыру, ортак әліпби жасау, латын графикасына көшу мәселелерін колға алу, гуманитарлык салада әлемдік интеграциялык процестерді ескере отырып, түркі тілдері мен мәдениетінің куат-күшін жасөспірімдерге тәрбие беру ісін де көрсету, түркітілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнері жөнінде халыкаралык акпарат

орталығын құру, т.б. «ТҮРКІСОЙ» халықаралық ұйымы құрылғаннан бері көптеген ғылыми-мәдени, т.б. шаралар өткізілді. 2018 жылдың 18 ақпанында «ТҮРКІСОЙ»-дың ұйымдастыруымен Түркияның Кастамону қаласында «Мағжан Жұмабаев жылының» салтанатты ашылуы өтті. Шараға «ТҮРКІСОЙ» халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркияның Мәдениет және туризм министрінің орынбасары Хусейін Яйман, Кастамону өнірінің губернаторы Яшар Карадениз, Кастамону қаласының басшысы Тахсин Бабаш және Түркия қалаларындағы губернаторлар мен әкімдер, Түркі елдерінің өкілдері мен Мағжан Жұмабаев туған Солтүстік Қазақстан облысының мәдениет қызметкерлері және қазақстандық ақын-жазушылар қатысты. Мағжан Жұмабаевты еске алып, түркітілдес елдер арасында кеңінен насихаттауға арналған іс-шара 19 ақпан күні Анкара қаласында жалғасты.

М. Сүлеймен.

«ТҮРКІСТАН» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең алғаш 1923 жылғы жинақта жарық көрген. Ақын Ташкентке келгеннен кейін жазылса керек. Ол кезде Ташкент – Түркістан республикасының астанасы. Оған қазіргі Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстаннын Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстары қараған. Бұл өлеңнің 1989 жылғы жинақта екі шумағы алынып қалған. Біріншісі:

«Тұраннан Сарыарканы бөлек деме,
Түркістан алты алашка болған кебе.
Тұраннын топырағын құшып жатыр,
Кешегі ердің ері көкжал Кене», – деген шумақ та, екіншісі:

«Қырағы Тянь-Шань менен Памир,
Алтай,
Күтеді көптен сені карай-карай.
Кене мен Абылайдың жолын кумай».

Өлең мазмұн, идеясы жағынан «Өткен күнмен» сарындас, айырмашылығы алдыңғы өленде тек Қазақ хандығындағы жағдай сөз болса, «Түркістанда» мәселе кеңейтіліп, түркі-казак деңгейіне көтеріледі. 25 шумактан тұратын көлемді өлеңнің 19 шумағы казактын, түркілердің даңкты, айбынды Тұран тарихына арналған. Қазак хандарынын тарихын «Ертедегі ертегі хан Афрасиябтан (Алып Ер Тоңғадан)» бастап, ол санатка берідегі Аксак Темірді, тіпті, кеше ғана казакка катынастығы жөнінен кызу пікірталас туғызған Шынғысханды да косып кояды. Біздінше казак хандары тарихын, әл-Фараби, Әбу Әли Ибн-Сина, Ұлыкбек сиякты ұлы ғұламалары бар түркі мәдениеті тарихын әріден бастауының себебі, казак жерінің бір бөлігі кірген билігінің басында біраз казак зиялылары болған Түркістан республикасын ұлыктап, одан түркі халыктарының басын біріктірген өткен Ұлы Тұран үлгісіндегі болашак Үлкен Түркістанды көргісі келген сиякты.

Шығарманын сонғы алты шумағында ұлы Тұранның бөлшектеніп, кейін «Көп түрік енші алысып тарасканда, Казакта карашаңырак калып», сол шаңырак иесі казактын құрған хандығы туралы айтылады. Ж-тың казактын төл атымен аталған алғашкы хандығынын көсемдерін атамай «Ка-

зактың каска жолды Қасым ханын» атауының себебі, осы хан тұсында казак мемлекеті айналасына танылып, сол өнірдегі куатты елдер катарына косылды. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Қасым хан: «Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мыңмыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес», – деп жазған болатын. «Өткен күндегідей» мұнда да казак хандары ішіндегі әділдіктің үлгісі ретінде тағы да «Әділ хан аз болады Назардайын» деп Хакназарды атайды. Қазак хандығын нығайтуда ерекше еңбегімен танылғандар катарында бұл өлеңде де «Алашка Есім ханның жолы дайын» деп «Есім ханның ескі жолын» еске алады. Қазак хандығының келесі бір көтерілген биігі – бұл Тәуке хан тұсы. Акын бұл әз-ханның кезіндегі елде «Жеті Жарғы» негізінде «Билер кеңесі» институты ыкпалымен халық пен билік арасында түсініспік, тәртіп орнауын, соғыссыз өткен жиырма шакты жыл «Тәукедей ханның данышпандығының аркасы деп түсіндіреді. Акын Қазак хандығының соңғы абыройлы биігі Абылай ханды бұл өлеңінде де айналып өте алмайды. Ж. оны «Алаштың арыстаны Абылай ер» деп бағалайды. Бұл ұлы ханның казак мемлекеттігінің ең ауыр кезеңдегі терістіктен Ресей империясы, шығыстан Цин империясының кысымына, осы екеуінің каруландырып колдауымен сол кездегі куатты мемлекеттердің бірі Жоңғар хандығының жорыктарына төтеп берген айбатын көруі еді.

«ТҮРКІСТАН» – ән. Сөзі – М. Жұмабаевтікі, әнін жазған Оңтүстік Қазакстан облысындағы Түркістан қаласының тумасы, сазгер Сауран Елеуов.

«ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТҮРІКШІЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚШЫЛЫҚ» – Ж-тың 1954 ж. Ыстамбұлда шыккан кітапшасының екінші бөлімі. Мұнда жалпы Түркістан аймағы әдебиетіне кыскаша шолу жасалған. Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай еңбектері атап өтіледі. Кітапшада Ж-тың атакты «Түркістан», «Күнбатыс», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Аксак темір сөзі», Жауға түскен жанға», «Тұткын» өлеңдері басылған.

ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ. Өз елінде көзтүрткі болған Ж. кадірін білетін «каратаяктары» бар Түркістан республикасына барып паналайды. Онда казак ағарту институтында сабак берді және тек 1922 ж. ғана 622 кітап шығарған Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаев сиякты ғұламалар жетекшілік еткен Түркістан республикасы оқу ағарту комиссариатының жанындағы Қазак ғылым кеңесінің жұмысына белсене араласты. Оған: «Түркістан республикасы оқу ағарту комиссариатының жанындағы Қазак мемлекеттік кеңесі осы куәлік аркылы Қазак ғылыми комиссиясының кызметкері М.Б.Жұмабаев жолдас мекемелермен, баспалармен және жеке адамдармен этнография, педагогика және баска да Түркістанның жергілікті халыктарына, соның ішінде казактануға катысты мәдени-ағар-

ту кызметтерімен келісім жүргізуге өкілдік береді. Оған. Жұмабаевка жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша мағлұматтар жинау жүктеледі және мемлекеттік ғылыми кеңеспен арадағы келісімшартқа байланысты тұрақты түрде есеп беріп тұруға міндетті» деген (М.Құлжабайұлы. Ташкент: Мұстафа мен Мағжанның ғұмырына қатысты құжаттар не дейді?». «Қазақ әдебиеті». 1999, 5 ақпан) куәлік кепілдік береді.

«ТҮРІК МӘДЕНИЕТІ» – Түркияда айына бір рет шығып тұрған басылым. Осы журналдың 1988 жылғы 307 санында (695-700 бб.) Ж-тың өмірі мен шығармашылығы хақында материалдар берілген.

«ТҮС» – Ж-тың өлені. Абақтыда отырғанда жазған. «Қор болды ғой қалың қайрат, есіл күш, Абақтыда қолдан келер кандай іс?» – деп күйінеді ақын.

ТЫНЫСТАНОВ Қасым – қырғыз ақыны. Қырғыз лирикасын зерттеуші ғалым Осмон Ибраимов дәлелдеп бергендей, жырмасыншы жылдары қырғыз ақындары Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсыновтың поэзиясымен жақсы таныс болған, қазақ ақындарына түр жағынан еліктеп жазған. 1910 – 1920 жж. тырнақалды өлендерін қазақ баспасөзінде (негізінен «Өріс» газетінде) жариялап тұрған Т. поэзиясынан мұны айқын көруге болады. Ж. секілді, басқа да бір алуан қазақ ақындарындай, Т. өз жұртын, қырғыз елін Қызыл ту түбіне жиналып, алға басуға үндеген.

ТЫНЫШБАЕВ Мұхаметжан (12.5.1879, бұрынғы Жетісу обл., Лепсі уезі, Маканшы-Садыр бол. (қазіргі Қабанбай ауд.) – 1937) – қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері. Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, казактан шыккан тұнғыш темір жол қатынастарының инженері. 1889 – 1900 жж. Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. Верный гимназиясын алтын медальмен тамамдады. Жыл сайын сыныптан сыныпқа І-ші дәрежелі марапатпен көшіп, үздік үлгерім, өнегелі тәртібімен ұстаздарының ықыласына бөленеді. Гимназияны бітіргенде педагогикалық кеңестің шешімімен ол ғылымда, әсіресе, математикада үздік жетістікке жеткені үшін алтын медальмен марапатталады. Жиырма жасар Мұхаметжанның Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасады. 1900 – 1906 жж. Санкт-Петербургтегі І Александр атындағы жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтта оқып, мұнда да ол ерен қабілетімен ұстаздарын таңғалдырып, институтты үздік бағамен бітіреді. Институттың соңғы курсында жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономияны жақтаушылардың съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұңын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды. Онда қазақтарды басқарудың басты принциптерінің қазақтардың мүддесімен сай келмейтіндігін ғылыми тұрғыдан негіздеуге күш салады және басқарудың әскери жүйесі-

нен азаматтық жүйеге көшуді талап етеді. Жас саясатшының бұл талабының атақты «Қарқаралы петициясы» талабымен үндесіп жатуы – халқым деген қазақ азаматтарының әр жерде жүріп, бір мақсатқа қызмет еткенін айқын көрсетеді. Т. 1905 жылдың аяғында Оралда өткен Қазақстанның бес облысының делегаттар съезінің жұмысына қатысады. Осы съезде болашақ «Алаш» партиясының сұлбасын құруға ниет жасалған болатын. Институт қабырғасында оқып жүрген кезде-ақ ол туған халқының мұнын мұңдап, жоғын жоқтап баспасөзде уытты мақалалар жариялайды және әртүрлі жиындарда сөз сөйлейді. Осындай бір жиында 1905 жылдың 19 қарашасында өткен автономияны жақтаушылар одағының I съезінде ол былай өткір сөйлепті: Қазақтардың жер мәселесі – сөзсіз аса маңызды… Үкіметтің нені көздеп отырғаны түсінікті: біріншіден, … қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, қазақтарды … қаукарсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, …ежелгі атаконысынан айыру… кандай канқұйлы, зымиян мақсат?! Жалпы, Т. 1905 – 1907 жж. Ресей империясының қоғамдық саяси өміріне белсене араласа бастайды. 1907 ж. Ресей II-ші Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Қазақ депутаттарының дума трибунасынан Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіледі, әсіресе, Бақытжан Қаратаевтың жасаған баяндамасы үлкен шу тудырады. Мұның аяғы 1907 жылдың 3 маусымындағы заң бойынша «еркіндікшіл» дума таратылып, қазақтардың Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлау құқығынан айрылуымен тынады. Т. ЖОО бітірген соң Орта Азия өңірі мен Жетісу темір жол құрылысында инженер болып қызмет істейді. 1916 жылғы көтеріліс туралы Түркістан генерал-губернаторына берген түсініктеме нұсқасында оны кеңінен толған, отаршылдық зорлық-зомбылық қимыл-әрекеттеріне қысқаша шолу жасауы тобықтай түйіндеп айтылған зор ғылыми еңбек болып табылады. Ақпан төңкерісіне дейін Т. өзінің мамандығы бойынша Орта Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет етеді. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен өзге қазақ зиялылары сияқты ол да үлкен үміт күткен еді. Сондықтан да ол бұл кезде бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады. 1917 жылдың қазан айында Том қаласында өткен жалпысібірлік съезге өзге алаш қайраткерлерімен бірге қатысып, Сібір кеңесінің құрамына енгізіледі. Сол жылғы желтоқсанда өткен жалпықа-

Тынышбаев Мұхаметжан

зактык съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланып, кейін Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары ретінде көптеген заң актілеріне кол кояды.

Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төнірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге Т. та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласады. 1911 – 1918 жж. темір жолдың Урсатьев-Әндіжан бөлімшесінде бастық, бас инженер болып кызмет аткарды. Одан кейін Жетісу темір жол бөлімшесінің Арыс-Әулиеата құрылысын басқарды. 1917 жылғы шілдеде өткен жалпыказақтық съезде Жетісу облысынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыкка ұсынылады. 1917 жылдың желтоксан айында жарияланған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш автономиясы аумағындағы уакытша жер пайдалану туралы ереженің» жобасын кабылдауға катысады. 1918 ж. бүкілтүркістандық IV мұсылмандар съезіне катысып, онда жарияланған Түркістан («Қокан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады. 1919 ж. Бүкілодактык аткару комитеті бұрынғы алашордалыктарға кешірім жариялағаннан кейін ол Түркістан өлкесінің Семей халык ағарту комиссариатында жауапты кызметтер аткарды. Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі күшпен талкандағаннан кейін Т. Алашорда кайраткерлерімен бірге сол кезде бірінен соң бірі құрылып жаткан көптеген әртүрлі үкіметтермен (Уакытша Сібір үкіметі, Уфа директориясы, Колчак үкіметтері сиякты) келіссөздер жүргізіп, хат-хабар жазысады, азамат соғысы жылдарында кызылдарға карсы күреседі. Бірак одан күткендей нәтиже болмайтынын көргеннен соң, 1920 жылдан бастап Кенес өкіметінің жағына шығып, «буржуазиялык маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылык мекемелерінде еңбек етеді. 1924 ж. бастап казіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-де окытушы болды. 1925 – 1926 жж. жаңа астана Қызылорда каласын көріктендіру жүйесінің бас инженері болып тұрғанда, каланы сумен камтамасыз ету жүйесін және көптеген жаңа объектілер салу туралы ұсыныс жасайды. 1926 жылдан бастап Т.Рысқұловтың колдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға катысады. 1926 жылы Түркісіб темір жолын салуға катысты. Бірде Т-тың колына А.П.Чулошниковтың казак халкы тарихына катысты еңбегі түседі. Осы кітаптағы ұлттың намысына тиетін пікірлерге карсы сын жазып, академик В.В.Бартольдке жібереді. Ғалым бұған катты риза болып, казак халкының тарихын зерттеп, жазуға кенес береді, ең болмаса болашак зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып калдыруға акыл косады. Осы жолда Т-ның 1926 – 1927 жж. жазған еңбектері: «Материалы по истории киргиз-казахского народа», «Киргиз-казахи в XVII-XVIII веках», «Актабан шұбырынды» және тағы басқалар. Сталиндік зобаланда ол 1930 жылғы 3 тамызда тұткындалып, бес жылға сотталып Воронежге жер аударылады. 1933 – 1937 жж. айдауда жүріп

Москва-Донбас темір жол құрылысында жұмыс істейді. Онда ауырып оралғанымен, 1937 жылдың караша айында қайта тұтқындалады да, 1937 ж. Ташкент түрмесінде «Халық жауы» деген желеумен атылады.

«ТІЛЕГІМ» – Ж-тың өлеңі. «Жырыммен жұртымды оятам. Несіне жас төгейін?!» деп толғанады ақын бұл өлеңінде. «Шолпан» және Ташкент, Анкара, Алматы жинақтарына енген. Айырмашылық – тақырыбында. «Шолпанда «Тілегім» «Қазақ қызы аузынан» деп алынса, Ташкент жинағында «Тілегім» («Қыздың зары») деп өзгертілген.

ТІЛЕУЛИН Жұмағали (1890, бұрынғы Ақмола обл., Көкшетау уезі, Айыртау бол. Жаманшұбар а. – 17.2.1938, Алматы қ.) – Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бірі, дәрігер. 1913 ж. Омбы әскери-медицина училищесін бітірген. 1913 – 1917 жж. Петропавл уезіндегі ауруханада фельдшер. 1917 ж. Омбы қаласында «Алаш» партиясының (Ақмола облысы бойынша) бөлімшесін құрушылардың бірі болды. Осы жылы Орынбор қаласында өткен 2-жалпыказақ съезінде Алашорда ұлттық үкіметіне мүше болып, бүкілресейлік құрылтай жиналысына делегат болып сайланды. 1918 жылғы 12 ақпанда қамауға алынды, төрт айдан кейін босап шығып, Петропавл қаласындағы уездік земство басқармасында, 1919 – 1921 жж. Көкшетау уезіндегі денсаулық сақтау бөлімінде жұмыс істеді. 1922 ж. Петропавлдағы қазақ мектептерінде мұғалімдер даярлайтын үшжылдық курсты басқарып, 1923 – 1927 жж. директоры болды. Т-ге А. Байтұрсыновтың тапсыруымен мектеп оқулықтарын жазу жүктелді. Оның «Гигиена» (Орынбор, 1924), «Жұқпалы аурулар» (Мәскеу, 1926), «Қотыр» және «Жұқпалы наукастар, оларға қарсы қолданылатын шаралар» (екеуі де Мәскеуден, 1926), «Денсаулық» (Орынбор, 1926) атты кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ, бірқатар денсаулық сақтау мәселелеріне арналған кітаптарды аударды: «Көз ауруы – трахома», «Мерез» (екеуі де Мәскеуден, 1924), «Қолдағы хайуандардан адамға жұғатын аурулар» (Мәскеу, 1927). 1927 – 1930 жж. Ақмола губерния және Петропавл аумақтық денсаулық сақтау округінде меңгеруші болып қызмет істеді. 1930 жылғы 5 маусымда «1918 – 1920 жж. Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрес және өкіметке қарсы ұлтшыл үгіт-насихат жүргізді, шетелдік ортамен байланыста болды» деген айыппен тұтқынға алынып, екі жыл тергеуде отырғаннан кейін 1932 жылдың 30 сәуірінде бес жыл мерзімге Воронеж облысына жер аударылды. 1932 ж. Қырғызстандағы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында ауруханаға дәрігер болып жұмыска орналасты. 1938 ж. Қырғызстанның Новотроицк ауылында аурухана меңгерушісі болып қызмет атқарып жүргенде қайта тұтқындалып, ОГПУ «үштігінің» шешімімен ату жазасына кесілді.

Т. 1958 ж. Түркістан әскери округі әскери трибуналының шешімімен ақталды.

1922 ж. 3 қазанда Ақмола губерниясының халықтық білім беру отырысында «Педагогикалық курсты педагогикалық техникум деп өзгерту»

Тілепбергенов Жиенғали

туралы қаулы қабылданды. Қазақ педагогикалық техникумының бірінші директоры болып Жұмағали Тілеулин, ал орыс педагогикалық техникумының директоры Ф.А. Стрижов тағайындалды. Мектеп бөлімінде екіжылдық оқыту жүзеге асырылды. Алғашқы түлектер 1925 ж. бітіріп шықты. Бұл республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды.

1908 ж. Қызылжарға мұғалім болып Міржақып Дулатов келгенде, алдынан шығып, бірінші танысқан кісі Т. еді. Мектепте алғаш назарын аударып, ақындығымен көзге түскен шәкірті – Мағжан Жұмабаев. Бұл таныстық үшеуі үшін де әрі бақ, әрі сор болды. Қызылжардағы таныстық достыққа, одан ортақ дүниетанымға, тағдырға ұласып барып, ұлты үшін күрескен үш қайраткер де қуғын-сүргінге ұшырады.

Қ. Мұқанов.

ТІЛЕПБЕРГЕНОВ Жиенғали (1895, Ақтөбе обл., Темір ауд. – 1933) – қоғам қайраткері, журналист. Өз ауылындағы бастауыш мектептен кейін Орынборда оқып, 1915 ж. Уфадағы «Ғалия» медресесіне ауысады. Оны 1918 ж. тамамдайды. Медреседегі қазақ балалары 1915 – 1918 жж. шығарған «Садақ» атты қолжазба журналдың Б. Майлиннен кейінгі редакторы болды. Қонжар, Қандыағашта мұғалім (1918 – 1920), Темірде оқу бөлімінің инспекторы, меңгерушісі (1920 – 1925), Ақтөбедегі «Кедей» газеті (1925) редакторының орынбасары, Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінің редакторы (1927 – 1928), Қызылордадағы ағарту институтының оқу-тәрбие жұмысын басқарушы (1929), «Сыр бойы» газеті редакторының орынбасары, Алматыдағы қазақ мемлекеттік баспасының (1931), Темірдегі «Социалистік майдан» газетінің редакторы (1932 – 1933) болды. 1930 ж. «Таңбалылар» атты повесін жазды. «Перизат – Рамазан», «Тілші» пьесалары қазақтың ұлттық театрының сахнасында қойылды. Әңгімелері мен фельетондар жинағы 1969 ж. «Ізбасар» деген атпен жеке кітап болып басылды. 1927-1929 жж. Петропавлдағы қазақ педтехникумында сабақ берген кезде оның директоры Уфадағы «Ғалия» медресесінің түлегі Бейімбет Майлинмен, Сәйфи Құдашпен бірге оқыған Т. еді. Сондықтан Мағжан мен Жиенғалидың ой бөлісетін ортақ әңгімелері болғаны сөзсіз.

ТІЛЕШОВ Ербол (1965, Алматы қ.) – әдебиеттанушы ғалым. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетін (1992) бітірген, филология ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы тілдерді дамыту басқармасы «Руханият» орталығының директоры қызметтерін атқарды. Т. – М.Жұмабаев шығармашылығына, Алаш әдебиетіне қатысты мақалалардың авторы, «Алаш қайраткерлері» библиографиялық көрсеткіші

және «Алаш және Әуезов» жинағының құрастырушысы. 1996 –1999 жж. ҚР Ұлттық ғылым академиясының дарынды жас ғалымдарға берілетін арнаулы стипендиясына ие болды. Бүгінде Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының» директоры. Т. Түркияның Анкара қаласында Ж-тың туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми конференцияда «Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық эволюциясы» деген тақырыпта баяндама жасады.

«ТІЛШІ» – газет. Жетісу облыстық төңкеріс комитеті мен облыстық ортақшыл партия комитетінің органы ретінде аптасына бір рет Алматыда шығып тұрған. 1-саны 1922 жылғы 18 тамызда жарық көрді. алғашқы редакторы – С. Оспанов. соңғы редакторы О. Беков болды. Газет Жетісу облысында кеңес өкіметі жүзеге асырған шаруашылық. мәдени. оқу-ағарту шаралары мен Компартия саясатын кеңінен насихаттады. дінге. әдет-ғұрыпқа қарсы күрес жүргізді. Әдебиетке де үлкен орын берілді. Газеттің 1924 жылғы 3 желтоқсан күнгі санында Ж-тың Мәскеуден жолданған «Сәлем хат» деген өлеңі басылды. Басылым 1924 жылғы 24 маусымда жабылды. барлығы 443 нөмірі жарық көрді.

ТІНӘЛИНА Зағипа – Ж-тың шәкірті. Ол ақынға ғашық болған. Бұл туралы Ғаділша Қаһарманов «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде (1992. 6 қазан) жазған болатын. 1927 – 1928 жж. Қызылжардағы мұғалімдік техникумда оқыған Т. өзінің естелігінде ақынға кереметтей ғашық болғанын жазады: «Ол менің сезімімді айтпасам да сезетін.

Сұлу қыз анадайда сыландайды.
Теңімен ойнап-күліп бұрандайды.
Азамат бәрі ғашық. бәрі құмар.
Аһ ұрып. оны көрмей тұра алмайды». – деген жолдарды маған арнағанына шүбәм жоқ. Бірде ол кісінің шақыртуымен бірге оқитын құрбым Рауза екеуіміз ағайдың үйіне бардық. Зылиха Раузаға туыс болып келетін. Зылиха тәтей жылы ұшырай қарсы алғанмен. Мағжан бұрылып та қараған жоқ. «Мағжанға сенің дауысын қатты ұнап қалыпты. соны тыңдағысы келеді» деген соң. өзім техникумдағы кештерде жиі айтып жүрген бірнеше әнді шыркап бердім. Мағжанның бізбен бірауыз сөзге келмеуінің сырын кейін түсіндім. Рауза екеуімізді алашордашыл М. Жұмабаевтың үйіне бардыңдар деп комсомол комитетінің бюро мәжілісінде талқылап. қатаң ескертті. Көп ұзамай Мағжан ұсталып кетті».

Оқуын бітіргеннен кейін комсомол органдарында қызмет істеген Т. 1933 ж. Алматыға ауысады. Осында қазақ баспасы төрағасының орынбасары болып істейтін Абат Әлібаев деген азаматқа тұрмысқа шығады. Арада төрт жыл өткеннен кейін ол Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің қабылдау бөлмесінде Мағжанмен кездесіп қалады. «Бұлай күтпеген жерден бетпе-бет жеке кездесуіміз мені қатты састырды. не болғанымды өзім де сезбей қалдым. Ол сыр берген жоқ. танымайтын адамдай отыра берді». – деп өзегін өртеген өкінішін көп жылдан кейін

ғана сыртқа шығарған Т. кешікпей өзі де «Халық жауының әйелі» атанып, «Алжирге» қамалады. Ол колониядан 1941 ж. ғана босап шығады.

«ТІРШІЛІКТІҢ КӨРКІ – ЕРІК» – Ж-тың өлеңі. «Шолпан» жинағында және 1989 жылғы кітабында басылған.

«ТІРІ БОЛ» – Ж-тың өлеңі. «Ақжолдың» 1923 жылғы 318-ші санында жарияланған. 1989 ж. басылымға енген.

«ТІРІЛДІМ» – Ж-тың өлеңі. 1920 ж. жазылған. Гүлсім Камаловаға арналған өлеңдерінің бірі. Төрт жинақта (1922, 1923, 1989, 1993) да бар. Айрылысқан махаббаттың мәжнүндікке ұласуы шарт емес. Гүлсіммен бірге өткізген соңғы түн күтпеген жұбаныш әкелді. Мағжан өзін бейне сүлеме аурудан тұрғандай сезінді. «Тірілдім» деген өлеңі сол мезетте жазылған.

«УАҚ ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІ» – ұйым. Халықты тарихи-әлеуметтік өзгерістердің зиянды әсерлерінен қорғап, жаңа жағдайға бейімдеу мақсатында құрылған. Семей қаласында 1918 ж. жұмыс істей бастады. Серіктіктің мақсаты мен жұмысы 1918 ж. «Абай» журналының 10-санында баяндалған. Мақалада Ресейде көп жылдар бойы сыннан өткен ел басқару жүйесі талданып, соның жақсы жақтарын қазақ жерінде қолдану жолдары жазылған.

УӘЛИХАНОВ Шоқан (шын есімі Мұхаммед Ханафия) (1835 – 1865) – қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Шоқанның өз атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Арғы атасы – Қазақ ордасының ұлық ханы Абылай. Шоқан – оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы қыс кезінде Обаған бойындағы Күнтимес ордасында, жазда Есілдің оң саласы Ақканбұрлық алабындағы ата жайлауда өткен. Әжесі Айғаным тұратын Сырымбеттегі хан ордасында да балдәурен күндерін өткізген. «Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, Күнтимес ордасындағы әкесі ашқан ауыл мектебінде хат таныған Шоқан сол мектепте орта ғасырлық қыпшақ-шағатай тілін меңгереді, парсыша, арабша тіл сындырады. Шоқанның жақын туыстарының естеліктеріне қарағанда, ол бала кезінен білімге бейім әрі құмар болған. Шоқан тарихи аңыз-әңгімелерге ерте бастан-ақ қызыққан. Ол жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, ақындардың өлең-жырларын зор ықыласпен тыңдап өсті. Оған тәрбие беруде сұлтан әулетінен шыққан әжесі Айғанымның ықпалы күшті болды. Ол жас Шоқанға ежелгі қазақ аңыздарын, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөз-

дерін жиі айтып отыратын. Шоқан 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, мұсылман діні ілімімен танысты. Шоқан ауылдық бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды. Шоқанның әкесі – Шыңғыс Уәлиханов білімді адам болған. Ол 1834 ж. Омбыда Сібірдің казак әскери училищесін бітіріп, орыс армиясында жоғары әскери шен – полковник атағын алды және Қазақстанды басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызметтер атқарды: Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болды. Россияның алдында сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. Шоқаннын нағашылары Баянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті болатын. Шорманов Мұса орыс армиясының полковнигі, белгілі қазақ биі, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны еді. Ж. Ш.Уәлихановтың еңбектерімен таныс болған. «Батыр Баян» поэмасын жазғанда ғалымның еңбектерінде келтірілген деректерді пайдаланған. Ж. Омбыда оқығанда, Ш.Уәлихановтың досы Григорий Потанин қорынан стипендия алып тұрды. Қойлыбай туралы Ш.Уәлиханов зерттеулерін негізге ала отырып, Ж. «Қойлыбайдың қобызы» атты дастан жазды.

УФА – Ресейдегі қала, Башқұртстан республикасының астанасы. 1574 ж. Қазанның атаманы Михаил Нагой басқаратын казактардың күшімен салынған. Уфа қаласы Ақеділ өзенінің жағасында, Уфа мен Дем өзендері

Уәлиханов Шоқан

құйылатын жерінде, Оңтүстік Орал тауларынан батысқа қарай 100 шақырым қашықтықта орналасқан. Қала қоңыржай климат белдеуінің орманды дала аумағында орналасқан. Жазы жылы, қыс суық және ұзақ. Көлемі – 753,7 шаршы шақырым. Ірі көлік торабы, маңызды ғылыми және өнеркәсіп орталығы. Жұртының жарымы – орыстар (50,5%), қалғандары – татарлар мен башқұрттар. Соңғы жылдары татарлар мен башқұрттардың саны едәуір көбейгені байқалады. Мұның негізгі себебі – татарлар мен башқұрттардың ауыл аумағынан астанасына келуі. Ж. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған.

Ү

«ҰЛАН» – Ж-тың өлеңі.1922 жылдан бергі ақын жинақтарының бәріне енген.

«ҰЛБОСЫН» – Ж-тың өлеңі. «Еңбекші қазақ» (1925, 9 қараша №399). Ақын үшін ауыл қызының жасқаншақ, төменшік мінезінің өзгеруін

суреттеуге бір ғана реалистік деталь, амандасканда «шүкір» деудің орнына, асықпай «үш-ш-ш»-ті аузынан әзер деп шығаратын ұяндығын жеткізуі жетіп жатыр еді. Әзілдесе, ақын қарындастың сол ұяң мінезін мысқылдай отырып, соған күрт өзгерген мінезін қарсы қояды. Мұндайда қыздың өзгерген тұлғасына қайран қалғанын жасырмайды. Жаңағы қарындастың «шүкірді» сенімді айтпақ түгіл, енді папкесіне «теңдік» ұранын толтырып, Орынбор, Мәскеулетіп, баяндама жасап жүргеніне таңыркап сүйсінеді. Ауыл қызы бостандық тізгінін өз қолына алған. Ақын бұл мінезіне бәрекелді дегендей қол соғады. «Ұлбосын» өлеңі осындай. Әйел босанды деген хабар жетсе, қазекең: «ат ұстар» ма, «қырық жеті» ме? деп сұрайтыны мәлім. Ұлбосынның әкесі де қызы туғаннан «пұл болады» деп мұртын ширатып жүрген. Бір күні санын бір-ақ соғып қалды. Ақын қыз әкесінің, міне, осы күйін әжуа етеді. Ұлбосын пұлға айналмайды. Бір жігітпен қол ұстасып, қашып кетеді. Ақын осы оқиғаны жинақы жеткізіп, жеңіл әзілмен көңілді суреттейді.

«ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ» – Ж-тың өмірі мен шығармашылығы туралы кітап. Құрастырған Ф.Қ.Бектұрбекова (А., Орталық ғылыми кітапхана, 2001). «Ұлы тұлғалар» ғылыми библиографиялық серия ұсынған отырған ғылыми-библиографиялық жинақта Ж-тың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы деректер, ақын ғұмырының негізгі кезеңдері берілді. Ж-тың көзі тірісінде жарық көрген біркатар еңбектері, ақын туралы зерттеулер ұсынылды. Ғылыми-биографиялық серияның «Көмекші көрсеткіштер» бөлімінде Ж-тың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан, әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

«ҰРАНЫМ – АЛАШ» – 3 томдық зерттеу еңбек. Авторы – Т.Жұртбай. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша (Аст., «Елшежіре» 2008, 2011 – 2012 жж.) жарық көрген. Көлемі тиісінше 472 бет, 464 бет, 648 бет. Таралымы – әркайсысы 2000 дана. Бұл зерттеу еңбек Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің үстінен 1927 – 1932 және 1937 – 1938 жж. жүргізілген тергеу ісінің негізінде жазылған. Автор 1988 – 1991 және 1997 жж. Мемлекеттік қауіпсіздік (қазіргі Ұлттық қауіпсіздік) комитетінің мұрағатындағы «Мемлекеттік аса құпия құжаттармен» танысып шығуға мүмкіндік алған. Алаш ардагерлерінің тағдырына қатысты жырма жылға жуық жинақтаған тарихи құжаттарын тергеу деректерімен жан-жақты салыстыра отырып, тың пайымдаулар ұсынған. Еңбектің «Жегі» атты 1-томында Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, З.Уәлиди, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, М.Есполов, Ғ.Болғамбаев, Ғ.Бірімжанов қатарлы 41 Алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеу ісі қарастырылған.

«Тез» атты 2-томда М.Тынышбаев, Х. және Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, А.Байтасов, М.Тұрғанбаев, Ә.Байділдин, И.Қашкынбаев, М.Мұрзин сынды 30 тұлға туралы бұрын-соңды белгісіз не кате пайымдалып келген тарихи оқиғалар тергеу деректерімен, сондай-ақ, тінту кезінде тәркіленген хаттармен, құжаттармен салыстырыла отырып дәйектелген. 3-том «Талқы» деп аталады. Онда жазушы-ғалым М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық тағдыры талданған. Автор Алаш зиялыларының қызметін, қазақ қоғамын ілгері дамытудағы еңбегін жалпықоғамдық мәні бар, ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде бағалаған.

С. Арғынғазин.

«ҮШ ЖҮЗ» ПАРТИЯСЫ – Қазақстанда 1917 жылдың қазан-қараша айларында дүниеге келген ұлттық-саяси ұйым. Өзінің әлеуметтік тегі жағынан ұсақ буржуазияшыл демократтар болып табылатын партия мүшелері кейде өздерін «қазақтың социалистік партиясы» деп те атады. Партияның құрылуына сол кездегі елдегі жағдай ықпал етті. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін патша өкіметі құлаған соң, Мемлекеттік Думаның уақытша комитеті мен Санкт-Петербург кеңесі атқару комитеті бүкілресейлік құрылтай жиналысын (Учредительное собрание) өткізуге келісті. Мемлекет басқарудың жаңа тұрпатын айқындайтын бұл жиналыска тек саяси партиялардың өкілдерінен сайланған делегаттар қатысатындықтан, қазақ оқығандары тез арада саяси партия құруды қолға алды. Сөйтіп, дәл осы құрылтай қарсаңында «Алаш» және «Үш жүз» партиялары дүниеге келді. «Үш жүз» партиясының алғашқы төрағасы М.Әйтпенов, орынбасары К.Төгісов, хатшысы Ы.Көбеков болды. Партия орталығы Омбы қаласында орналасты. Орталық «Үш жүз» деп аталатын газет шығарды, оған Төгісов редакторлық етті. «Үш жүз» әуел баста «Алашпен» бірлесе әрекет жасау мүмкіндігі туралы мәлімдегенімен, ол райынан тез қайтты да, көп кешікпей іргесін аулақ салып, большевиктер мен солшыл эсерлерге жақындай түсті. Қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң, Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты, оның басты сынаушысына айналды. «Үш жүз» партиясына тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелді: «... саяси дүрмек ағымында әлеуметтік саяси айқындамасы толық қалыптасып үлгермеген, бірақ ықпалды саяси күшке айналу ниеті саяси ұйым құруға алып келген түрлі әлсіз элементтердің жиынтық көрінісі», – деген баға береді. «Алаш» пен «Үш жүздің» арасындағы алауыздықты сәтімен пайдаланған большевиктер Омбыдағы «Революционная мысль» газеті арқылы 17 қарашада «қазақ кедейлерін соңына ерткен» «Үш жүз»

партиясын құрылуымен құттықтап, «Үш жүз» партиясын қолдаушылардың хаттарын жариялап отырды. «Алаш» партиясымен күресті басты максатына айналдырған «Үш жүз» партиясы да біртіндеп большевиктерге карай ойысты. Бұл жөнінде «Алаш» партиясы: «...Көлбай Төгісов пен Ермұхамет Токбаев орыс большевиктерін қолдаған қылмысты әрекеттерін тоқтатпаса, «Алаш» партиясының жауы деп танып, оларды казак халкының арасынан аластататындықтарын» мәлімдеді. Большевиктердің ұсынысымен Омбы губерниялық кеңесі атқару комитетінің құрамына сайланған, кейін баска да қызметтер атқарған Төгісов «Алаш» партиясын куып, таратуға бар күшін салды. «Үш жүз» партиясы 1917 ж. екіге бөлінді. Партияның сол қанатын Төгісов баскарды. Көп ұзамай Төгісовті 1918 жылғы сәуірде эсерлер құрған Батыс Сібір үкіметі тұтқынға алды. Төгісов өзінің тұтқынға алынуын «Алаш» партиясынан көрсе де, кейін кешірім сұрап, тұтқыннан босап шығуға жәрдемдесулерін сұрады. Бірак олар «барша казак-қырғыз халкына тигізген зиянына байланысты кешірім бере алмайтындыктарын, оның кылмысты ісін «Алаш» партиясының сотында тексеруге калдыратындыктары туралы» шешім шығарды. Төгісов 1919 ж. Омбы каласын басып алған Колчак өкіметінің колынан каза тапты. «Үш жүз» партиясы 1918 ж. жазында саяси сахнадан кетті. Осылайша, Қазакстанда КПСС диктатурасы калыптасканға дейінгі совет билігі орнықпаған өліара шакта көшпелі казактың құлағына тосын терминдерді карша боратып, «батысшыл либерал», «жәдидшіл», «ымырашыл социалист» болып тартысқан екі казак партиясы да «ак пен кызыл» соғысының құрбаны болды. Ж. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен абактыда отырып шыкты. Қаңтардың аяғында камалған Мағжан мамырдың аяғында бір-ак босатылды. Түрменің темір есігі ашылған күні каладан кеткенше асыкты.



«Ф... ҒА» – Ж-тың өлеңі. Мағжанның окудың соңына түсіп, үй көрмей кеткеніне әкесі Бекен карсы еді. Уфаға барғанына да, Омбыға кеткеніне де ренжіп, өз касында ұстауға күш салады. Бірак акын көнбейді. Сондай сезімді акын осы өлеңде де андатып: «Туғаны жок, тұрағы жок жолаушы – Желге айналған мен екенім білгейсің», – дейді. Өлең акынның көзі тірісінде шыккан, екі жинакка да енген. 1995 жылғы басылымның (1-том) жиырма бірінші жолындағы «жас жүректі» деген тіркес 1923 жылғы жинак бойынша «жас жүрегі» болып, соңғы шумактың екінші жолындағы «таныстарды» деген «таныстарың» деп өзгертіліпті. Тұтас бір өлең болғандыктан, жұлдызшалар алынып тасталған.

«ФЕВРАЛЬДАН ОКТЯБРЬГЕ БЕТ АЛУ» – В.Ленин кітабының

2-бөлімі. 1927 ж. 6000 дана таралыммен Мәскеуде Кеңес одағындағы елдердің «Кіндік» баспасынан шыккан. Аударған Мағжан Жұмабаев.

ФЕРХАТ Тамир – түрік акыны. Тәуелсіздік таңында Ж. шығармашылығы туралы Түркияда ең алғаш ғылыми еңбек жазып, 1993 ж. акынның өлеңдерін түрік тіліне аударған ғалым. Ол жиырма бес жылдан астам уакыт бойы туыскан түрік елінде Ж. шығармаларын насихаттаумен айналысып келеді. Еуразия Жазушылар одағы ұйымдастырған «Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы» атты танымдык дәріс-конференцияның негізгі баяндамашысы Ғази университетінің доценті Ферхат Тамир болды. Жиынды Мағжан акынның бүкіл түркі халыктары поэзиясына косқан үлесі туралы кіріспе сөзімен ашкан Еуразия жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероғлы акын өлеңдерінің туыстас халыктардың тарихындағы ерекше кызметін атап өтті. Негізгі баяндаманы жасаған Ферхат Тамир түрік окырманына Мағжанның өмірі мен шығармашылығы туралы кызыкты деректер ұсынып, бірнеше өлеңіне ғылыми талдаулар жасады. «Алаш» партиясының кайраткерлері мен Мағжанның рухани байланысын таразылай келіп, «Жүз жыл бұрынғы казак поэзиясында Мағжандай куатты, ұлтшыл, лирик акын болған жок», – деді ол. Жиын соңында «ТҮРКІСОЙ» халыкаралык ұйымындағы ҚР МСМ өкілі Аскар Тұрғанбаев кұттыктау сөз сөйлеп, акын Әли Акбаш түрікшеге өзі аударған Мағжан өлеңдерін окыды.

ФЕТ Афанасий Афанасьевич – орыс лирик-акыны, аудармашы. 1838 ж. Мәскеу университетінің алдымен заң факультетінде, кейінірек тарих-филология факультетінде окиды. 1840 ж. «Лирический пантеон» өлеңдер жинағы жарык көреді. 1842 ж. «Москвитянин» және «Отечественные записки» журналдарында еңбектері жариялана бастады. 1856 ж. Ф-тің Тургеневтің редакторлығымен үшінші жинағы басылып шығады. Ф. өзінің сүйіктісіне арнап «Талисман» поэмасын жазады. Ф. 1822 – 1883 жж. Гётенің «Фауст» шығармасының екі бөлімін де, 1886 ж. Катулла өлеңдерін аударады. Феттің «Шепот, робкое дыханье» деп басталатын атакты өлеңін Ж. еркін тәржіма принципімен аударған. Аударманың «Біраз Фетше» деп аталуы сондыктан болуы керек. Түпнұскамен салыстырганда өлең көлемі жағынан екі есе ұлғайған. Яғни, Ф. шығармасы он екі жол, үш шумактан тұрса, Мағжанда – 24 жол. Оның есесіне жол сайынғы буын саны кеміген. Казак акыны Ф. өлеңінің композициясын өзгерткен, ілкі және соңғы шумактар араластыра аударылған.

«Жүрек мас,
Көзде жас...
Екі жас – Ыстык, кан.
Жан ессіз,
От сүйіс...
Күбір,
Сыбыр,
Тұман – Таң, тан».

Сөйтіп, бұл жолдарға «Шепот, робкое дыханье» деген алғашкы шумак пен «И лобзания, и слезы, (И заря, заря...)» деген соңғы шумак сөздері

бір-бірімен қосылып кеткен. Ақын ақынды іштей түсінген. Үзік-үзік, дем арасында айтылар, айтылмас, қыска ұғынысқан, нүктесі анық қойылмаса да, басқа бар тілдің бәрінен түсінікті ғашықтық тілін Мағжан осындай кесінді жолдармен береді де, өлең әуезін оқушы жүрегімен тікелей жалғастырады. Жан сезімнің дірілін шолақ қайырылатын жолдар арқылы да жеткізеді.

Ф. өлеңінің тағы да бір шарты – мұнда баяндауыш жоқ. Екі ғашықтың оңаша түнде кездескендегі көңілдерінің алай-түлей мас күйін кіл бастауыш, толықтауыш секілді сөйлем мүшелерімен жеткізіп, баяндауыш сияқты мүшесін әдейі қолданбауы. Негізінен Ж-та сүйтеді. Негізінен дейтініміз, аудармада «сайраған», «жайнаған» секілді екі-үш есімше кездеседі. Бірақ олар баяндауыштан гөрі заттану процесін көрсететін сөйлем мүшелеріне жақын.

ФЕТИСОВ Иван – Петербургтің зиялы қауым өкілі. Мағжан айдауда жүргенде Ф-тің ақылымен медфельшерлік мамандықты игереді. Медициналық техникумның бағдарламасына сәйкес, қажетті кітаптарды Ф-тің үйінен (Васильев аралы, 20 орам, №15 үй, 10 пәтер) Зылиха Жұмабаева жеткізіп тұрады.

ФИРАС Әбу (932 – 967) – араб ақыны, әрі батыры. Екі рет тұтқында болған. Қамауда жатып ел-жұртын сағыну хақында элегиялар тудырған. Сол элегиялардың бірі Ж-тың назарына іліккен. Өлеңде тұтқын қасіреттен қан жұтқан анасын еске алады, өзінің әділет үшін таксірет тартып жатқанын айта келе, оны сол үшін мақтаныш ет деп жігерлендіреді. Қазақшаланған араб ақынының Отаны, үй-іші, анасына деген махаббатының күші бізге де анық сезіледі. Ж. өз аудармасында («Әбу Фирастан») бізге былай жеткізеді:

«Жау жеңді, берік қамады,
Кісендемін – тұтқынмын!
Тамшылап қаным ағады,
Сарғайтасың, өтпей күн!
Еш дыбыс жоқ, қара түн.
Жұлдыздар әлсіз сәулесін
Шашып тұр... естіп талған үн,
Таныдым шешем дауысын».

Ф. түрмеде отырған жылдары аяулы анасы ұлын күтіп қатты күйзеледі. Ақынның анасы Аленноға әмір Сайф ад-Даулаға барып, ұлын төлемін беріп босатып алуын өтінеді. Бірақ айтқан сөздері жерде қалып, ана налып қайтады. Сонда Ф. анасына өлеңмен хат жазады. Сезімге толы өлең. Ж-ты қатты тебіренткені көрініп тұр. Араб шайыры қазақ тілінде жатық, жылы сөйлейді:

«Көптен енді қан жұтып,
Шақырасың, карт анам.
Тұтқын боп, қолдан ерік кетіп,
Бара алмай тұр жан балаң!
Сабыр қыл, анам, сарғайма,
Дамылсыз зарлап күні-түн.
Қуан, қыл шүкір Құдайға,
Иманым үшін тұтқынмын».

Белгілі ғалым, профессор Ө. Күмісбаев, қазақ ақыны Ф-ты жанымен, жүрегімен түсініп аударған дей келе, өз ойын былай түйіндейді: «Әбу Фирас – X ғасырдың, ал Мағжан Жұмабаев – XX ғасыр перзенті. Біреуі араб, біреуі қазақ, екеуін тербеткен тағдыр толқындары ұқсас, ащысы, тәттісі ұқсас, өмірі, көңілі

ұқсас, ақылы, нақылы ұқсас, түрмелері, түндіктері ұқсас, аналары, даналары, ұқсас, зары да, жары да ұқсас қос мұнлық, қос лирик, қос эпиктің дүние поэзиясының тарихында тіккен тулары биікте тұруға тиіс».

ФОЛЬКЛОР. Ж. фольклорды игеруде соны жол, жаңа бағыт ашты, қайта жырлау, назира, сарындау емес, түп-түгел тосын, биік асқақ көркемдік жүйелер жасады. Ең бастысы, ақын ықшамдық, сұлулық, философиялық талаптарды, бейнелілік, суреттілік шарттарын бірінші қатарға шығарды. «Қойлыбайдың қобызында» фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажап шебер бейнеленеді.

«ХОР СИПАТТЫ ҚАРЫНДАС» – Ж-тың өлеңі. 1922 жылғы басылымда тақырыпсыз берілген. 1923 жылғы басылымда тақырып қойылған. 1989, 1993 жж. жинақтарға да солай енген.

ХРУЩЁВ Никита Сергеевич (5.4.1894, Курск губернаторлығы, Калиновка с. – 11.9.1971, Мәскеу қ.) – саяси қайраткер, Кеңес Одағының Батыры (1964), үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1954, 1957, 1961). 1908 ж. Донбастың шахталары мен зауыттарында жұмыс істеген. 1918 – 1920 жж. Азамат соғысына қатысты, кейіннен Донбасс пен Киевте шаруашылық және партия қызметтерінде болды. 1929 – 1931 жж. Мәскеуде Өнеркәсіп академиясында оқыды. 1931 ж. Мәскеуде партия қызметінде болып, 1935 – 1938 жж. БК(б)П Мәскеу облысы және қалалық комитеттерінің 1-хатшысы, 1938 жылдың қаңтарынан 1947 жылдың наурызына дейін Украина К(б)П ОК-нің 1-хатшысы қызметтерін атқарды. Жергілікті партия ұйымының басшысы ретінде Мәскеу мен Украинада жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргінді ұйымдастырушылардың бірі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бірсыпыра майдан әскери кеңестерінің мүшесі ретінде әскери басшылыққа партиялық қадағалауды күшейтушілердің бірі ретінде генерал-лейтенант (1943) атағын алды. 1944 – 1947 жж. УКСР ХКК-нің (1946 ж. Мин. кеңесі) төрағасы, ал 1947 ж. желтоқсанынан қайтадан Украина К(б)П ОК-нің 1-хатшысы, 1949 жылдың желтоқсанынан БК(б)П ОК-нің хатшысы және БК(б)П Мәскеу комитетінің 1-хатшысы болды. 1953 ж. наурыздан КОКП ОК-нің хатшысы, қыркүйектен 1-хатшысы, сонымен бірге 1958 – 1964 жж. КСРО Министр кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Х. билікке келісімен ішкі және сыртқы саясатта «жылымық» басталды, партиялық-мемлекеттік жүйені өзгертуге талпыныс жасалды. Сөйтіп, партиялық және мемлекеттік аппараттың айрықша құқықтарына шектеу қойылып, біршама ашық қоғам орнады. Х. КОКП-ның 20-съезінде (1956) Сталиннің жеке басына табынудың зардаптары жөнінде баяндама жасады. Осыдан

сон іле-шала саяси қуғын-сүргін құрбандары актала бастады. Қудалауға ұшыраған халықтардың саяси және әлеуметтік құқықтары қалпына келтірілді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлінді. 1954 ж. алғашқы атом электр станциялары салынды, 1957 ж. Жердің жасанды серігі ұшырылды. 1961 ж. тұңғыш кеңестік ғарышкер орбитаға ұшып шықты. Бірақ елде демократияның дамытылуы шектеліп, социализм толық және түпкілікті орнады деген үстірт қорытынды (21-съезд, 1959) шығарылды, ал КОКП-ның 22-съезінде (1961) елде кемелденген социализм орнады деген қорытынды жасалды. Елде тоталитарлық режім сақталды, басқаша ойлаушылық тұншықтырылды, интеллигенцияға қарсы қуғын-сүргін, жұмысшылар демонстрацияларын күшпен басу (Новочеркасск, 1962, т.б.), басқа елдердің ішкі ісіне араласу (1956 ж. Венгрияға әскер кіргізу), т.б. келеңсіздіктерге жол берілді. Батыспен арадағы әскери қақтығыстар (Берлин, 1961, Кариб дағдарысы, 1962, т.б.), «Американы қуып жету және басып озу» сияқты саяси жалаң ұрандар. 1980 жылға дейін коммунизм орнату уәдесі, осылардың барлығы оның саясатының тиянақсыздығын көрсетті. Сонымен қатар шаруашылықты өркендетуде көптеген кемшіліктер жіберілді. Саяси қайраткерлерге, әскери басшыларға сенімсіздік көрсетілді. 1957 ж. армия мен халықтың алдындағы беделінен қауіптеніп, қорғаныс министрі Г.К. Жуковты орнынан алды. Тыл игеру барысында Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы Ж.Шаяхметов қызметінен негізсіз босатылып, орнына П.К. Пономаренко қойылды. 1956 ж. Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіруші аудандары Өзбекстанға берілді. 1958 жылғы тамызда кеңестік жүйеге қарсы Теміртау жұмысшыларының көтерілісі болды. Осылардың барлығы халықтың және партия қайраткерлерінің наразылығын туғызды. 1964 ж. өткен қазан пленумында Хрущев орнынан алынып, 1-хатшылыққа Л.И. Брежнев сайланды. Хрущев естелігі алғаш рет 1981 ж. Нью-Йоркте жарық көрді. ...1959 жылдың 15 маусымында және сол жылдың 7 тамызында М.Жұмабаевтың жары Зылиха Н.С. Хрущевтің атына бірінің артынан бірі екі хат жолдайды. Бұл хаттар тиісті нұсқауымен Қазақ КСР прокуратурасына түседі де, одан Түркістан Әскери округіне жіберіледі.



«ЦЕНТРОСИБИРЬ» – 1921 ж. сәуір айында Омбы қаласында құрылған Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі. Ж. осы бірлестіктің жарғысын «Жұмыскер – қара халықтың ұйым дүкендерінің ережесі» деген тақырыппен қазақшалап, «Кедей сөзінің» 5, 11, 22 сәуірдегі сандарына бастырды.

Шаймерденов Ербол

ШАЙМЕРДЕНОВ Ербол (12.5.1954, Солтүстік Қазақстан обл., Жамбыл ауд. Жаңажол а. –13.12.2012, Астана к.) – ақын, мемлекет және қоғам қайраткері. ҚазМҰУ-дің журналистика факультетін және Ақмола аграрлық университетін бітірген. «Солтүстік Қазақстан», «Жас Алаш» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде қызмет істеген. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің директоры қызметін атқарған. Ш. саналы ғұмырын еліміздің мәдениеті мен баспасөзінің, тіл саласының өркен жаюына арнады. Ол мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде 1992 ж. қабылданған мемлекеттік рәміздерді әзірлеу, ұлттық геральдиканы қалыптастыру ісіне үлес қосты, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы бірнеше еңбектер жазды. Жалпы алғанда, Ш. – 20-ға жуық кітаптың авторы. Олардың қатарында «Көңіл суреті» (1995 ж.), «Жүректегі жазулар» (2004 ж.) атты жыр жинақтары, «Тыңда тоғысқан тағдырлар» (1989 ж.), «Қазақ елінің рәміздері» (1993 ж.), «Елтану әліппесі» (1998 ж.), «Әз Астана» (1999 ж.), «Қазақстан Республикасының рәміздері» (2001 ж.), «Ақыл-ой антологиясы» (2004 ж.), «Қазақ афоризмдері» (2008 ж.), «Даналық дидары» (2002 ж.), «Мәңгілік мұрат» (2003 ж.), «Ақиқат айнасы» (2004 ж.), «Елтаным» (2005 ж.) және басқа туындылары бар. Еңбектері бірқатар шет тілдеріне тәржімаланды. Ш. «Арман қала – Астана», «Төгеді жаңбыр», «Асыл жар», «Көлсай», т.б. әндердің сөзін жазды. Білікті аудармашы ретінде әлемдік философиялық ой-пікірлерді қазақ тіліне тәржімалады. Әлемдік афористика классиктерінің, А.Камю, Ф.Ницше, Х.Ортега-и-Гассет, К.Ясперс, М.Хайдеггер сияқты философ қаламгерлердің бірқатар шығармаларын аударып, жариялады. Қазақ авторларының туындыларын орыс тіліне аударумен де шұғылданды.

Ш. – еліміздің алғашқы баспасөз қызметін құруға еңбек сіңірген танымал журналист. 1989 – 1991 жж. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің баспасөз орталығының жетекшісі қызметін, 1991 – 1996 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз хатшысы міндеттерін атқарды. Еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстанда» ұзақ жылдар қажырлы еңбек етті. Соңғы уақытта ол Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының бірінші орын-

Шаймерденов Сафуан

басары, «Нұр Отан» ХДП Төрағасы бірінші орынбасарының кеңесшісі болып қызмет етті. Ш-тің сіңірген еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаға ие болды. 2006 ж. оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. М.Дулатов атындағы сыйлықтың иегері атанды.

ШАЙМЕРДЕНОВ Сафуан

(15.4.1922, Солтүстік Қазақстан обл., Преснов ауд. (қазіргі Жамбыл ауд.), Амангелді а. – 2007, Алматы қ.) – жазушы. Орта мектепті бітірген соң біршама уақыт өз ауылының орталау мектебінде мұғалім, Армия қатарында болды. 1942 – 1943 жж. Преснов аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1942 – 1945 жж. «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде тілші, әдеби қызметкер. 1950 ж. ҚазМУ-дің филология факультетін үздік бітірді. Содан кейін республикалық жастар газетінің Қарағанды облысы бойынша тілшісі, 1952 ж. «Әдебиет және искусство» журналының бөлім бастығы, Қазақстан Жазушылар одағы проза секциясының меңгерушісі, 1955 ж. «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, 1958 – 1960 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1970 – 1975 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық алқасының басшысы болған. «Болашаққа жол» атты алғашқы романы 1953 ж. жарық көрді. Бұл туынды кейін «Инеш» деген атпен орыс тіліне аударылды. «Өмір нұры» атты повестер цикліне тақырыбы, идеясы жағынан өзекті бір желі, бір нысанаға бағындырылған алты повесть – «Мезгіл», «Қарғаш», «Өмір нұры», «Ит ашуы», «Мәжнүн тал» кірген. Олар шетел тілдеріне әлденеше рет аударылған. «Қайдасың, Зарина?», «Қыр гүлі», «Әнім сен едің», «Марғау», «Төрт бойдақ, бір қыз», «Өкіл әке», «Түйе көтерген», «Аруана дүние» пьесалары көптеген қазақ театрларының сахнасында қойылып келеді. Үнді жазушысы Р.Тагордың «Күйреу», «Гәуірмақан» романдары мен «Алтын сағым» деген атпен жарық көрген әңгімелер жинағын, Л.Толстойдың «Альберт» повесін, беларусь драматургі А.Макаеноктың «Трибуналын», француз композиторы Эрве мен драматург А.Миляждың «Түлкі бикеш» комедиясын аударған. «Жыл құсы» повесі 1974 ж. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағының жұмысшы тақырыбына арналған конкурсында жүлделі орынға ие болды. Ш. «Ағалардың алақаны», «Әдеби толқындар» атты кітаптары үшін 1988 ж. республиканың Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығын алды. 1992 ж. Қазақстан Республикасының Халық жазушысы құрметті атағына ие болды. Қызылжар (Петропавл) қаласының құрметті азаматы. 1987 жылдың ақпан айында Жазушылар одағының төрағасы Олжас Сүлейменовтің кабинетінде өткен Қауіпсіздік

комитеті төрағасының орынбасары С.Қ. Әбдірахманов бастаған жеті полковникпен кездесуде генерал: «Мағжанның шығармаларын жариялауға біз емес, рұқсат бермеген сіздерсіздер. Сол кездегі екінші хатшы карсы болып, Мағжанды сшкашанда актауға болмайды деп кол койған», – деп әлгі корытындыны окып бергенде Ш.: «Не дейді?!. Әкау, ол да сондай ма еді?!» – деп еш кымсынбастан жылап жіберіпті.

ШАЛАБАЕВА Әмина (1916, Солтүстік Қазакстан обл., Булаев (казіргі Мағжан Жұмабаев) ауд. Акмола а. – 1994, Алматы к.) – акын. Бастауыш мектепті бітіргесін 1932 – 1934 жж. Омбы каласына карайтын Шарбакты ауданындағы Қызылағаш ауылында жаңадан ұйымдаскан бірлестікте тәбілші болған. 1934 – 1938 жж. Алтай өлкелік «Қызыл ту» газетінде (Новосібір каласында шығып тұрған) корректор боп істеген. 1940 – 1944 жж. Алматы педагогика училищесінде окыған. Осы кезеңде казак радиосында дикторлык кызмет аткарған. 1948 ж. Алматы мемлекеттік Қыздар педагогикалык институтын бітірген. А.С.Пушкин атындағы республикалык кітапханада, 1949 – 1956 жж. «Казак елі» («Жаңа өмір») журналында, 1956 – 1973 жж. «Жазушы» баспасында кызмет істеген. Алғашкы бір топ өлеңі жас акындардың «Жас канат» жинағында жарияланған. Тұңғыш жинағы «Менің карлығашым» 1962 ж. шыккан.

ШАРИПОВ Сабыр (Давлетшин Мұхаммедсабыр Шарифұлы) (1882, Татарстан республикасы, Агрыз ауд. Гарзет а. – 1942) – жазушы, коғам кайраткері. Павлодар ауыл шаруашылығы мектеп-интернатын бітірген (1903), Акмола мен Атбасардағы ауылшаруашылык машиналары коймасының кызметшісі, 1907 жылға дейін Атбасар уезі Сарысу болысының іс жүргізушісі, бұдан кейін Акмола, Көкшетау уездерінде ағаш шебері, кенсе хатшысы, аудармашы болған. Акпан төнкерісін Көкшетауда карсы алған. Сібір, Түркістан, Көкшетау, Петропавлда Кеңес өкіметін орнату ісіне араласкан. 1918 ж. Көкшетау Совдепінің, 1919 ж. Атбасар ревкомының төрағасы, 1921 – 1924 жж. Акмола губерниялык аткару комитеті төрағасының орынбасары, Мәскеудегі «Эмбауылынефть» тресі меңгерушісінің орынбасары болған. 1932 – 1934 жж. – Кеңес-Иран акционерлік мұнай коғамының директоры. 1936 ж. мамырына дейін КСРО Сырткы сауда наркомының Оңтүстік Қазакстандағы өкілі болған. 1935 – 1937 жж. – Қазакстан Компартиясы ОК-нің партия тарихы институтының аға ғылыми кызметкері, 1938 – 1941 жж. Ембі мұнай кәсіпшілігінде басшылык кызметтер аткарған. 1922 ж. Ш. Мағжан Жұмабаев пен Жұмағали Тілеулиннің Қызылжарда өткен казак зиялыларының кеңесінде аштарға көмектесу туралы сөйлеген сөздерін «ауырсынып», өзінің «естімегеніне» өкініп: «Көпшілігі мәселені талкылауға дәрменсіз казак интеллигенциясы мен жаңадан тартылған коммунистерді катыстырып Казак кеңесін өткізудің кандай кажеттігі бар? Казак кеңесін шакыруды кім шығарганын білмеймін, алайда, өткен жылы Орынборда бұл идеяны

ұсынған «Бөкейханов бабай» дегенді естігенмін», – деп Губкомға арыз жазады. Осы арыздың сыртына қарындашпен: «Бұл фракцияда емес, кенес те емес, тек орыс тілін білмейтін кызметкерлердің жиналысы ғана. Оларды үйірмеге ертіп келген Шәріпов емес кой. Мен мұны үнемі жиналыс деп атаймын... Жиналыстың максаты партияда жок көпшілікті тарту ма? Жұмабаевты да. Уәкілдің келуіне байланысты дайындалған» деп («Алашорда козғалысы», 3 том, 1-кітап, 105-106 бет) бұрыштама соғылыпты. 1922 ж. «Мир труда» газетінің 9-тамыздағы санында Акмола губерниялык аткару комитетінің төрағасы Ш-тын «Қазак болыстарындағы Кенес сайлауы карсанында» деген макаласы «Рибас» деген жасырын атпен басылып шыкты. Онда М.Жұмабаев, Ж.Тілеулин, Қуанышев... Алашорда мүшелері, жаулар деген айып тағылды.

ШАФИҒИ Максұт (21.3.1934, Шығыс Түркістан, Тарбағатай аймағы, Толы ауд.) – көне колжазбалар маманы, ауыз әдебиетін жинаушы және зерттеуші. Пекиннің халыкаралык катынастар университетін бітірген (1961). 1961-1964 жж. Шыңжаң-ұйғыр автономиялык республикасы орталык партия комитетінің нұскаушысы болып кызмет аткарган. 1964 ж. Қазакстанға коныс аударып, 1974 жылға дейін Қазак ауыл шаруашылығы институтында лаборант кызметінде болған. 1974 жылдан бастап Әдебиет және өнер институтының ғылыми кызметкері болып еңбек етеді.

Казакстандағы колжазбатану ісіне көп еңбек сінірген. Оның тікелей еңбегі нәтижесінде және көмегімен Казакстан Респбуликасының Ұлттык кітапханасы, Орталык ғылыми кітапхана корларындағы және Әдебиет және өнер институтының колжазба және мәтінтану бөліміндегі араб әрпімен жазылған көптеген көне колжазбалар ажыратылып окылып, казіргі жазу үлгісіне түсірілді. «Қазак халык әдебиеті» көптомдығының ертегілер мен дастандарға және Абылай хан туралы тарихи жырларға арналған томдарын, алты кітаптан тұратын «Казак колжазбаларының ғылыми сипаттамасын» құрастырушылардың бірі. Кожа Ахмет Яассауидің «Диуани хикмет» кітабының казак тіліндегі алғашкы ғылыми аудармасын жасап, түсініктерін жазуға, баспаға әзірлеуге катысты. Казак ауыз әдебиеті мәселелеріне арналған жүзден астам ғылыми макалалардың авторы. Ол – казак мектептеріне арналған алғашкы «Араб тілі» окулығы авторларының бірі.

Ш. Алаш кайраткерлері акталғаннан кейін олардың артына калдырған мол мұрасын зерттеу максатымен филология ғылымдарының доктары, акын Сәрсенбі Дәуітов екеуі Мәскеудегі архивтерді 20 күн бойы актарып, елге мол мағлұмат алып келді. XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында жарык көрген мерзімді басылымдарды іздеп, газет-журналдарда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және тағы баскалардың жазған макалалары мен өлеңдерін араб карпінен кириллицаға аударды.

Е. Амантай.

ШАШКОВА Любовь Константиновна (1951, Белоруссия, Гомель обл., Парический ауд., Василевка дерев.) – ақын. 1981 ж. Қазақ мемлекеттік университетін сырттай оқып бітірген. Сол жылы «Жігер» фестивалінің лауреаты атанып, Алматы қаласында Қазақ радиосының әдеби-көркем редакциясында жұмыс істеуін бастаған. 1987-1991 жылдары «Жазушы» баспасындағы аударма, орыс редакцияларының редакторы болған. Содан кейін журналисткаға қайтып оралған. Екі жарым жыл «Вечерняя Алма-Ата» газетінде, он жыл «Казахстанская правда» газетінің мәдениет бөлімінде жұмыс істеді. 2003 жылдан бері «Простор» журналы поэзия, сын және әдебиеттану бөлімінің редакторы, келісімшарт бойынша «Мегаполис» газетінде қызмет істейді. Өлеңдерінің алғашқы үлкен топтамасы 1978 жылы «Жалын» баспасында шыққан «Магнит» әдеби бірлестігінің «Жар души своей» ұжымдық жинағында басылған. Тұңғыш «Пора подсолнухов» кітабы 1984 ж. «Жалын» баспасында жарық көрді. Одан кейін «Ты есть я» («Жазушы» баспасы, 1988 ж.) , «Диалоги с надеждой» («Жазушы» баспасы, 1991 ж.), «Из трех книг» («Елорда» баспасы, 2000 ж.) кітаптары, «Хранители огня» очерктер мен эсселер жинағы («Сага» баспасы, 2006 ж.), «Луг золотой» өлеңдер кітабы («Жазушы» баспасы, 2006 ж.) шыққан. 1990 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Өлеңдері «Простор», «Нива», «Томские Афины» журналдарында, «Современные русское зарубежье» антологиясының 1-томында (Мәскеу,

Шашкова Любовь

«Серебрянные нити», 2005 ж.) жарияланған.

ШӘРІПОВ Әди (19.12.1912, қазіргі Шығыс Қазақстан обл., Жарма ауд. Мариновка а. – 4.11.1993, Алматы қ.) – жазушы, филология ғылымдарының докторы (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі (1957). 1938 ж. ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген; 1938 – 1940 жж. Алматы облысы мектептерінде мұғалім болды; 1944 – 1958 жж. соғыстан соң Қазақ КСР-і Оқу министрінің орынбасары; 1958 – 1963 жж. Оқу министрі; 1963 – 1966 жж. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және Сыртқы істер министрі; 1966 – 1971 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы және КСРО Жазушылар одағының хатшысы; 1971 – 1979 жж. Қазақстан ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер; 1979–1993 жж. институт директоры қызметтерін атқарған. 5-6-шақырылған Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің және 7-шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, партизан отрядын басқарған. Партизандардың ерлік күресін өз шығармаларына

аркау етті.

ШЕСТЕРИКОВ Владимир Георгиевич (10.5.1939, Солтүстік Қазақстан обл., Булаево (қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы) ауд. «Чистов» кеңшары) – ақын. 1962 ж. Петропавл педагогикалық институтының тарих, әдебиет және тіл факультетін бітірген. 1962 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленинское знамя» (қазіргі «Северный Қазақстан») газеті редакциясында әуелі әдеби қызметкер, содан кейін әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болып істеген. КСРО медальдарымен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Ш. М.Жұмабаев ақталғаннан кейін «Свеча в ураганной ночи» деген кітап құрастырып, оқырмандарға ұсынды. Жинаққа өзі аударған «Өмір», «Түс», «Туған жер» өлеңдері еді. Сол сияқты «Звезда Прииртышья» журналында (1993, 28 тамыз) Ж-тың «Бұлбұл», «Туған жер», «Гүлсім» деп аталатын өлеңдерін, «Ленинское знамя» (қазіргі «Северный Казахстан» газетінде) (1993, 11 мамыр) «Оны қазақ Пушкині деп атаған» деген мақаласын жариялады.

А. Яремчук.

«ШОЙЫН ЖОЛ» – Ж-тың өлеңі. («Ақжол», 1924, №410) Одан кейін «Азат» газетінде ғана (1990) басылды. «Шойын жол» өлеңінде ақын ұлттың озық дәстүрлерін сақтап қалу проблемасын алға тартты. Ол темір жол атаулыға қарсы емес-ті. Тек ол басып өткен жерден ата-баба мирасы аяқасты етілмесін деп ескертті.

«Кемпір, шал, бала, азамат,
Станция біткенді аралап,
Көзін сүзіп жүр ме екен?
Сұр кетіп карттың жүзінен,
Сары қымыз көзінен
Бір-бір ұшып жүр ме екен?
«Қымызды жасық су ғой...» деп
Ендігі жас жеткіншек
«Ашы су» ішіп жүр ме екен? ...».

Бұл өлең біраздан кейін катты сынға ұшырады. Мәскеуде Николай Бухарин, Қазақстанда каратаяк белсенділер өлең авторына дүрсе коя берді. 1928 ж. ВЛКСМ-нің Бүкілодактык VIII съезінде Н.Бухарин Мағжан өлені жөнінде: «Джумабаев темір жол далаға сифилис пен жезөкшелікті тасиды депті, ал осы жол көшпенділер арасында кең тараған сифилисті емдейтін медициналық ем-дом әкелмеуші ме еді?» – деп көлгірсіді. «Шойын жолдын» мәтінінде ауру, індет хақында бірде-бір сөз кезіктірмейсің. Өйткені, ондай сөз жок. Өлеңнің негізгі пафосы ұлттық дәстүрді сақтау мәселесіне тіреледі. Даланың төсінде айкыш-ұйкыш салынып жатқан темір жол елдің ұйып отырған тұрмысына іріткі салмас па екен? деген айтылады ойлайды. Ата-баба дәстүріне берік болуға шақырады.

ШОҚАЙ Мұстафа (25.12.1889, қазіргі Қызылорда обл., Шиелі ауд. Сұлутөбе а. – 27.12 1941, Берлин к.) – Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттығы жолындағы күрес жетекшілерінің бірі, публицист. Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде бастауыш білім алған ол 1902 ж. Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 ж. үздік бітіріп шығады. Болашак қайраткер 1910 ж. Санкт-Петербург

университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1917 ж. бітірді. Студент шағынан қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман студент жастарының қозғалысына қатысты. Балқан соғысына байланысты 1912 ж. Санкт-Петербургтегі қазақ, татар, өзбек, башқұрт және әзірбайжан студент жастары арасында Түркияны қолдау қозғалысы өріс алған кезде оның арасында Ш. да болды. Ол 1915 ж. түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысына іріткі салу мақсатында орталық билік орындары құрған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында тұрды. Астанадағы түркі-мұсылмандық студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу тастады. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды. Ш. 1916 ж. Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды.

Ш. 1917 жылдың көктемінде Түркістан өлкесіне оралды. Жолда майданның қара жұмысына алынған қазақ жастары мен жалпы түркістандық жастардың елге қайтуларына қол ұшын берді. 1917 жылдың 16-21 сәуірі аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін

Шоқай Мұстафа

қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысты. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 жылғы 28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша халық кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болды. Түркістан мұхтариаты Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына Ш. сайланды. Ол, сондай-ақ, 1917 жылғы желтоксанда 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. 1918 ж. бас кезінде өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады. Ш. 1919 жылдың көктемінде Маңғыстау арқылы Баку-

ге, одан Тбилисиге келді, онда 1921 жылдың 25 акпанына дейін болып, осетиндік белгілі кайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде жұмыс істеді. 1920 ж. Тбилисиде украиндыктармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға койып, оның редакторы кызметін аткарды. Сонымен бірге ол «Шафак» («Таңсәрі») газетіне бас редактор болды. Тбилиси каласы Кенес өкіметінің колына өткен соң Ш. зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға ауысты. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген киыншылыктарды жене отырып, ол кең аукымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді.

Ш. 1919 жылдың соңында Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халкының азаттык соғысына арнаған «Алыстағы бауырыма» деген өлеңін жазды. Акынның бұл өлеңін «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялаған Ш. оны түрікшілдік күресі үшін ең кымбат және ең пайдалы өлең деп бағалады.

«ШОЛПАН» – М.Жұмабаевтың тұңғыш кітабы. 1912 ж. Казан каласында басылып шыккан. Казан университетінің профессоры, жасырын цензор, жандарм тыншысы, нәсілі хакас, түрі казакка ұксас, өзі казакша шамалы болса да білетін Н.Катанов осы жинактағы бірнеше өлеңді жолма-жол орысшаға аударып, Петербургке, Ішкі істер министрлігінің баспасөз басқармасына жібереді. Осыдан кейін үкіметке карсы насихат жасады деген айыппен Ж-тың соңынан жандармдык бакылау койылады. Шын мәнінде, Кенес тұсында акынның куғын көруінің бастауы осында жатыр. Патшалык орыс үкіметінің мұрагері Кенестік орыс өкіметі, казак коммунистері Ж-ка орыска карсы деген айып такты. Ол орыска да, неміске де ...ешкімге карсы болған емес, тек казактың жоғын жоктады, сол үшін айыпты болды. Акын 159 өлені енген 1923 ж. басылым нұскасында «Шолпан» жинағындағы көптеген жырларын кайта карап, өз колымен өңдеп, түзетті. Алайда, сірә, баспахана тарапынан ба екен, мысалы, «Мені де, өлім, әлдиле» секілді тұтас шығарманы әр шумактың соңы сайын кыска сызык белгісін немесе кайсыбір тұстарға жұлдызша кою аркылы бөлек-бөлек дүние ретінде шашыратып жіберген. Мұндай мүлт-мүкістен 1995 ж. нұска да ада емес.

«ШОЛПАН» – Түркістан АКСР-і ОАК-нің білім, әдебиет, шаруашылык, саяси журналы. Тұңғыш саны 1922 жылдың казанында жарыкка шыкты. Оның «Оку бөлімі», «Түркістандағы халык ағарту ісі» деген бөлімдерінде оку-ағарту, бала тәрбиесі мәселелері, алғашкы кенестік еңбек мектебінің мазмұны, оку бағдарламасы, сабак жүргізу әдістемесі, орыс мектептерінің окыту тәжірибелері таныстырылып, бұл жөніндегі маңызды пікір-ұсыныстар жарияланды. Журналда көптеген ғылыми маңызды макалалар жарык көрді. Бірак онын жеке макалаларында буржуазиялык-ұлтшылдык кате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты жур-

нал 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды. Ж. шығармаларының ең бір інжу-маржандары – «Қоркыт» «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 сандарында, «Батыр Баян» 1923 жылғы 4-5-6-7-8 сандарында жарияланды.

«ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» – М.Жұмабаевтың прозалық шығармасы. 1923 ж. Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналының 4-8 сандарында басылды.

«ШОЛПЫ» – Ж-тың өлеңі. Шолпының сыңғыры, ойнаткан күйі сан ақын жырлаған бұлбұл әуезінен несі кем? Бұлбұл сайраса, өмірге асық. Соған шат. Ал шолпы сылдыры құмарлық сезім пердесін аша ма калай? Күннің жібек сәулесінен токылған осы жыр астарында кандай сыр бүккен? Сұлулыкка табыну ма? Әлде жер басып жүргеніне тәубе еткізетін өмір күйі ме? Осы өлеңде соның бәрі өрнектелген.

Ж. орыс символистерінің осынау тәсілін өз жаңалығымен жетілдірді. Сырт әсермен, коңыраулы үнге тікелей еліктеумен шектелмей, дыбыска әдемі әр беруге, сазды үннен поэзиялык мағына тауып еселеуге тырысты. «Шолпы» тәрізді таңғажайып інжу-маржандарын дүниеге әкеліп, поэзиямызға баға жеткісіз олжа салды.

ШОНАЙҰЛЫ Құрманәлі (1824 – 1910) – Мағжанның атасы Жұмабаймен бірге туған Шонайдың үлкен ұлы. Құрманәлі еншісіне әке дәулетінен өзіне тиесілі казынасын алып, мал өсірумен бірге сауда-саттыкпен де айналыскан. Жасы ұлғайғанда ол інісі Жұмабаймен бірге Мекке-меди-наға барып, «кажы» атанып кайткан.

Қ. Мұқанов.

ШОРМАНОВ Асфандияр – Баянауылдағы атакты Шормановтар тұкымынан. Әкесінің аты – Әмір. 1916 ж. Омбы каласындағы ауылшаруашылык институтын бітірген. Ж-тың «N-..ға» деген өлеңіндегі «граф» – осы Асфандияр Шорманов. Мағжанмен жаксы таныс болған.

ШУХОВ Иван Петрович (31.7. 1906, Солтүстік Қазакстан обл., Преснов (казіргі Жамбыл) ауд. Пресновка а. – 30.4.1977, Алматы к.) – жазушы. Омбы жұмысшы факультетін бітірген (1926), Мәскеудегі Әдебиет институтында окыған (1927). 1928 – 1934 жж. «Рабочий путь» (Омбы), «Красная Башкирия» (Уфа), «Волжская коммуна» (Самара), «Советская Сибирь» (Новосибирск), «Сельскохозяйственный работник» (Мәскеу) газеттерінде әдеби кызметкер, 1934 – 1937 жж. – Солтүстік Казакстан облысындағы Пресновка ауданы «Ударник» газетінің редакторы, 1963 – 1974 жж. «Литературный Казахстан» альманахының (казіргі «Простор») бас редакторы болды. Шығармалары 1926 жылдан жарнялана бастады. «Өшпенділік» романында (1931) әлеуметтік, саяси-экономикалык, адамгершілік мәселелері көтеріліп, орыс халкы мен казак халкының жаңа заман орнату жолындағы еңбегі, халыктар достығы, ескінің тозып, жаңаның озуы шынайы баяндалады. «Қасірет белдеуі» романы (1931) казак, орыс халыктарының Казан төңкерісінен кейінгі өмірін суреттеуге арналған. Ш. шығармаларына А.М. Горький жоғары баға

Шухов Иван

берген, жазушының қазақтар өмірін тым қатал әрі нанымды етіп суреттегеніне баса назар аударған (Горький. Шығармалар жинағы, 1967, 30-т., 223-б.). Солтүстік Қазақстандағы ұжымдастыру тақырыбы «Отан» романында (1936) жалғасын тапқан. «Майдандағы армия» романында (1-бөл., 1940) көтерілген тарихи оқиғалар Бірінші дүниежүзілік соғыспен, Қазан төңкерісі, Азамат соғысымен байланысты. Ш-тың әр кезеңдерде «Алтын алқап» кітабы (1957), «Американың күндері мен түндері» (1960), «Югославия күнделігі» (1963), т.б. очерктер жинағы, «Туған ел және жат жер» деген прозалық топтамасы (1968), «Қара шеңбер» әңгімелер жинағы (1932), «Қазақстан желі өтінде» очерктер жинағы (1931), «Көмескі ой» пьесасы (1933), т.б. жарық көрген. Ш. С.Мұқановтың «Ботагөз», «Өмір мектебі» романдарын, М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, Ғ.Мұстафиннің, Ә.Әбішевтің бірқатар шығармаларын орыс тіліне аударды. Ш-тың көптеген туындылары КСРО және шетел тілдерінде басылды. «Өшпенділік» (1935), «Қасірет белдеуі» (1972) романдары қазақ тілінде жарық көрген. Шухов Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының иегері (1977). Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласында Ш-қа мұражай-үй ашылған. Ш. «Простор» журналын басқарған кезде Ж-тың шығармаларын жарияламақ болады. Бірақ бұл әңгіме билікке жетіп, оның аяғы қуғын-сүргінге, қорқытып-үркітуге ұласады.

М. Сүлеймен.

«ШЫЛЫМ» – Ж-тың өлеңі. 1992 жылғы жинақтан басқасына кірген.

«ШЫН АЙТ» – Ж-тың өлеңі. 1922, 1923, 1992 және 1993 жж. жинақтарда басылған.

«ШЫН ЕРТЕГІ» – Ж-тың өлеңі. Ақын 1924 ж. Мәскеуде «Жүсіп хан» дастанын жазды. Дастан 1925 ж. «Еңбекші қазақтың» 395-396-сандарында «Шын ертегі» деген атпен басылды, 1928 ж. жеке кітап болып Мәскеуде «Жүсіп хан» деген атпен шықты.

«ШЫН СОРЛЫ» – Ж-тың өлеңі. Бұл өлең алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 9-санында жарық көрген. 1912 жылғы «Шолпан» жинағына да, 1923 жылғы Ташкент жинағына да енген. Жас ақын еңбекші бұқара жағында, ел жайын көп толғайды. «Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі» қазақ арасында кім бар? деген ренішті сауал қоя отырып, әлеуметтік мәселелерге ой жібереді.

«Күн суық, қатты аяз шыдар емес,
Қар борап, соққан желмен
қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар,
Жылы үйде байлар жатар уайым жемес», – деп өмірдің шындық суретін алға тартады. Мағжан осы өлеңінде әйел теңдігі тақырыбын да қозғайды. Қазақ әйелінің халі неге төмен?

Бұған ол өзінше жауап іздейді. Барлық мәселеге сияқты бұған да жалпы ұлттық өреден карайды.

ЫБЫРАЕВ Өмірбай (т.к.ж.б.) – Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының тумасы, Ж-тың шәкірті. Әртүрлі партия, кеңес органдарында және ауыл шаруашылығы саласында басшылық қызметте болған. 1927 ж. Мәскеудегі В. Брюсов басқарған көркем әдебиет институтын бітірген Ж. туған еліне қайтып оралады. Сол жылғы күзден бастап ол Қызылжардағы Ақмола губерниялық кеңес – партия мектебінде және қазақ педтехникумында қазақ және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

Осы мектепте оқыған Ы. өзінің естелігінде М.Жұмабаев туралы былай деп жазған еді: «Сол кезде жігіт ағасы болып қалған шәкірттер Мағжанға қазақ әдебиеті тарихынан әртүрлі сұрақтар беретін. Бірақ Мағжан оқу бағдарламасына сай ғана жауап беретін, өйткені, ол кезде артық сөз айтуға болмайтынын білетін ақын сақтық жасайтын. Ол шәкірттерге кітапты көп оқыңдар, білімдеріңді көтеріңдер, сонда халыққа пайда келтіресіңдер дейтін. Мағжан мектепке әрқашан тап-тұйнақтай және өте таза киініп келетін. Жазда шляпа, қыста жылы бөрік киіп жүретін. Қолында

Ыскақов Дандай

сәнді таяғы болатын. Ол өте көркем жігіт еді». Ы. ұстазының адамдық қасиетін, қайырымдылығын, өнегелілігін ерекше мақтанышпен айтатын.

ЫСҚАҚОВ Дандай (1946 ж., Оңтүстік Қазақстан обл., Отырар ауд. Қоғам а.) – сыншы, ғалым, филология ғылымдарының докторы (1995), профессор (1996). ҚазҰУ-ін (1969), Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (1974) бітірген. 1975 – 1977 жж. – Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, 1977 – 2000 жж. – ҚазҰУ-де оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, 2000 – 2004 жж. Еуразия университетінде профессор қызметтерін атқарған. Қазір С.Демирел атындағы университет ректорының кеңесшісі. Ғалымның Ж. туралы «Мағжанды қапаска қамаған сын» («Жұлдыз», 1993, №3) еңбегі бар. Ы. «Жаңа Сарыарқа» журналында (2004, №4) «М. Жұмабаев – әлемдік деңгейге көтерілген ақын» деген мақаласын жариялады.

ЫСМАИЛОВ Есмағамбет (1911, Ақмола (бұрынғы Көкшетау) обл., Еңбекшілер ауд. – 1970, Алматы қ.) – ғалым, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым ака-

демиясының корреспондент мүшесі болған. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты филология факультетін бітіріп, Ұлт мәдениеті институтында кіші ғылыми қызметкер, 1935 – 1938 жж. «Коммунист» журналының жауапты хатшысы, 1939 ж. бастап Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында, 1944 – 1951 жж. Қазақ мемлекеттік университетінде доцент болды. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Әдебиетпен 1930 жылдан бастап айналысады. 1933 – 1935 жж. оның үш өлеңдер жинағы басылып шықты. Осы кезеннен бастап Ы. әдеби сын мақалаларымен қатар қазақ әдебиетінің тарихы жөнінде біркатар еңбектер жазды: «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы», «Қазақ совет әдебиеті», «Әдебиет теориясы мәселелері», «Абайдың ақындығы туралы», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», т.б. Абайдың, Жамбылдың толық шығармаларының біркатар академиялық басылуын құрастыруға қатысып, олардың редакциясын басқарды.

Ж. туралы 1964 ж. «М.Жұмабаев – Абай мен қазіргі қазақ совет поэзиясының арасындағы поэтикалық көпір» деп жазған. 1964 ж. ол башқұрт жазушысы Сәйфи Құдашты Мағжан Жұмабаев деген қазақ ақынының шығармашылық мұрасымен таныстырады. Бұл жөнінде С. Қ-тын: «Профессор Мағжан шығармаларының қайта басылып шығуына бөгет болып отырған өзі білетін екі себепті атады. Бірінші – Мағжанның жеке басына жау болғандар енді не қыларын білмей отыр. Ол бір кезде ақынды «әшкерелеп» бақты, ал енді қазір, артық айтқан сол сөздерін адалниетпен қайтып алуы керек пе, әлде бұрынғысынша «турашылдыққа» салынып ақынды әлі теріс бағалаудан таймау керек пе? Кейбіреулер осы екінші жолды күйттеп, өзінің жеке басының бақ-беделін қазақ әдебиетінің мәртебесінен жоғары қойып отыр», – деп жазды.

ІЛИЯСОВ Зәкәрия – әдебиетші. І. М.Жұмабаев шығармаларының кириллицаға түсірілген толық нұсқасын сақтап келген. Нұсқаның иесі сотталып кетем деп қорықпай, Мағжан өлеңдерін талай жыл тірнектеп жинап, машинкаға бастырып, тіпті түптеткен де. Өткен ғасырдың 80-ші жж. Қазақстан Компартиясының орталық комитеті құрған комиссия жұмысында негізінен осы Зәкәрия нұсқасы пайдаланылған.

ІСІМАҚОВА Айгүл (24.3.1958, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы (1998), профессор (1999). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (2013). ҚазМҚПУ-ін (1980) бітірген. Қазақстан ҒА-ның

ІСІМАҚОВА

Ісімақова Айгүл

М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында зертханашы (1980), Мәскеу қаласындағы Дүниежүзі әдебиеті институтында ізденуші-тәлімгер (1981), аспирант (1982 – 1985), Әдебиет және өнер институтында ғылыми (1985 – 1994), аға ғылыми қызметкер (1994 – 2000), бөлім меңгерушісі (2001 – 2011) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан осы институттың Абайтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері. Әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты – әлем әдебиеті, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетіндегі жанр, стиль, дискурс мәселелері. І-ның «Казахская художественная проза: Поэтика, жанр, стиль», «Возвращение Плеяды. Экзистенциальная, проблематика в творчестве А.Байтурсынова, Ш.Кудайбердиева, Ж.Аймауытова. М.Жумабаева, М.Дулатова и М.Ауэзова» (2002), «Алаш әдебиеттануы», «Асыл сөздің теориясы» (2009), «Тәуелсіздік және Алаш ғылымы», «Алаш ғылымы және тәуелсіздік», «Жазған сөз жаным ашып Алашыма...», «Қазақ әдебиеттануы» (2015), «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016), «Алаш әдебиеттануы» (2017), т.б. еңбектері жарық көрген. Қазақ, орыс, шетел ақпарат құралдарында жарық көрген әдебиет теориясы, қазақ және әлем әдебиеті, қазіргі әдеби сын мәселелері жөніндегі 1000-нан астам ғылыми мақаланың авторы.

М.Б. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ШЕЖІРЕ

1893 ж.

Маусымның 25-і. Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев дүниеге келді. Сасыккөл жағасында туған.

1905 ж.

Ауыл молдасынан сауатын ашкан Мағжан 1905 – 1910 жж. Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен Мұхаметжан Бегішевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе М.Бегішевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды. Қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдауси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи секілді Шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді.

1908 ж.

Қызылжарда Алаш қайраткері Міржақып Дулатовпен кездесіп, танысады.

1910 ж.

Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Дарынды жас ақын «Ғалия» медресесінде 1910 – 1913 жылдары білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С. Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады. Болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады.

1911ж.

«Айкап» журналының 1911 жылғы 2-ші санында Мағжанның «Жатыр» деген өлені жарияланды. Бұл – Мағжанның баспа бетін көрген тұңғыш шығармасы.

1912 ж.

Қазан қаласында Ғ.Ибрагимовтің көмегімен Кәрімовтер баспасынан М.Жұмабаевтың «Шолпан» деп аталатын тұңғыш жыр жинағы басылып шықты. «Садақ» журналын шығаруға қатысады. Оған өзінің өлеңдерін жариялайды.

1913 ж.

Наурыздың 9-ы. «Қазақ» газетінің 5-санында Мағжанның «Туған жер» деген өлені жарық көрді.

Наурыздың 22-сі. «Қазақ» газетінің 7-санында ақынның «Орал тауы» деген өлені басылды.

М.Жұмабаев Омбы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. 1913 – 1916 жж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» колжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялады.

1916 ж.

Омбы мұғалімдер семинариясы-

ның оқушылары ұйымдастырған «Балапан» қолжазба журналының жарық көруіне байланысты Мағжан «Балапан канат кақты» деген карасөзбен жазылған өлеңін жариялады.

1917 ж.

Маусым. Мағжан Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп шығады. Омбыда Акмола облысы казақтарының съезіне катысып, бірінші бүкілказақ съезіне делегат болып сайланды. 1917 ж. Акпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Акмола облыстық казак съезін ұйымдастырушылардың катарында болады.

Қазанның 21-і. М.Жұмабаев Омбыда Акмола облыстық казак комитетінің кенесінде баяндама жасады.

Қарашаның 14-і. «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы атынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына партия тізімімен Қазакстан губернияларынан сайланған делегаттардың тізімі басылды. Мағжан Жұмабаев Акмола облысынан делегат болып сайланды.

Желтоқсан. М. Жұмабаев бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайланып, Мәскеуге жүріп кетті. Алашорда үкіметінің құрамына сайланды, оқу-ағарту комиссиясының құрамына енді.

Желтоқсанның 5-13-і. Орынборда Жалпы казак-кырғыз съезі болып, М. Жұмабаев оқу комиссиясының құрамына сайланды. Желтоксан айында Омбыда «Алаш» партиясының комитеті ашылды. Мағжан Жұмабаев комитет мүшесі болып сайланды.

1918 ж.

Акпан. Омбы Кенес атқару комитетінің каулысымен Мағжан Жұмабаев «Алаш» партиясының мүшесі ретінде тұткынға алынды.

Наурыздың 10-ы. Крестьян, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Батыс Сібір және Омбы облыстық атқару комитетінің хабаршысында Социалистік казак партиясы – «Үш жүздің» орталық комитетінің казак буржуазиялық «Алаш» партиясының мүшелері А.Сейітов, М.Жұмабаев, Е.Итбаев, Е.Мұкышев, А.Тұрлыбаев және басқалары революцияға карсы деп танылған карары басылды.

1918 ж.

Наурыз-мамыр. М.Жұмабаев Омбы түрмесінде отырды.

Мамыр. 1918 жылдың мамыр айының басында Омбыда Қазак жастарының бүкілелдік бірінші съезі болды. Съезде Казакстанның әр киырындағы жастар ұйымдарының басын косатын «Жас азамат» ұйымы құрылып, оның орталық комитетінің басқармасы сайланды, «Жас азамат» газетін шығару ұйғарылды. Съезге Мағжан Жұмабаев та катысты.

Қазан. Петропавлдағы «Үш жүз» газетінің баспаханасынан шыккан

«Жас азамат» газетінің бірінші санында Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға» деген өлеңі басылды. Өлеңнің басына автор төмендегідей аннотация берді: «...Жастар! Алда жүрген, алаш жолына аянбай кызмет кылган адал жүрек ағалардан үлгі-өнеге алыңдар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай енсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді – түн, жакынынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген толық саяси құқыктарын іздеп алуға ержетіп, есі кірген елді ойлаңдар...».

1919 ж.

Қыркүйек-казан. М. Жұмабаев кыркүйек-казан айларында Омбыдан Қызылжар уезінде халық санағын өткізуге Сибревком өкілі болып келді.

1919 жылдан бастап Акмола губернялык «Бостандык туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Акжол» газетінде кызмет істей жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады.

Ерекше атап өтетін бір жайт – осы жылдары М.Жұмабаевтың түрік халкының шетел баскыншыларына карсы азаттык козғалысына үн косуы. Түрік такырыбы казак халкының ұлт-азаттык такырыбына ұласып, акынды отаршылдыкка карсы күреске алып келді.

Желтоксан. Омбыда Сибревкомнын «Азат Сібір» газетінің жанынан «Кедей сөзі» газетін ұйымдастыруға белсене катысты. Басылым кейін «Бостандык туы» аталды. Акын 1922 жылғы мамырдың басына дейін бір жыл осы газетте жұмыс істеді.

Граждан деген ұлы дүниеге келді. Әйелі Зейнеп Тастеміркызы кайтыс болды. «Сибирская кооперация» ұйымының мүшесі әрі кызметкері ретінде кооперация жарғысын, кооперация туралы орыс тілінде басылған үгіт-насихаттык әдебиеттерді казакшалап, бастырып таратты.

Мағжанның түрікшілдік сезімі 1919 – 1923 жж. Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халкының азаттык соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде айрыкша байкалады. Акынның бұл тамаша шығармасын Мұстафа Шокай «Яш Түркістан» журналында (1930, № 1) жариялай отырып, оны түрікшілдік күресі үшін ең кымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады.

1920 ж.

М.Жұмабаевтың «Автономия кімдікі?!» деген макаласы жарык көрді.

Қаңтардың 10-ы. Сібір ревкомы жанынан оқу бөлімі құрылды. Мағжан Жұмабаев аз ұлттар бөлімінің казак бөлімшесіне жұмыска кабылданды.

1921 ж.

Акпанның 3-і. БК(б)П Сібір бюросы мұсылман секциясымен бірігіп, 2000 дана газет шығаруға рұксат берді. Баспахана Омбы губернялык аткару комитетіне карайтындыктан, апталык «Кедей сөзі» газеті айына бір рет кана шығады. Мағжан газеттің редак-

ция алкасына кірді.

Ақпанның 21-і. Қазақ автономиялы республикасының Сибревком жанындағы өкілдігінде мәжіліс болды. Мәжілісте өкілдік жанынан Қазақ республикасы туралы жұртшылықты кеңінен құлақтандыру, қазақша газет, листовкалар шығару максатында 9 адамнан әдеби алка құрылды. Мағжан Жұмабаев осы алқаға мүше болып сайланды.

Сәуір. Омбы каласында «Центросибирь» деген атпен Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі құрылды. Мағжан Жұмабаев осы бірлестіктің жарғысын «Жұмыскер – кара халықтың ұйым дүкендерінің ережесі» деген такырыппен казакшалап, «Кедей сөзінің» 5, 11, 22-сәуірдегі сандарына бастырды.

Сәуірдің 12-сі. «Бостандық туы» газетінде Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ окығандарына хаты» басылды. «...елге камкор окығандар билік төріне шығу керек... Окыған адамдарда дүниеге белгілі көзкарас болады, нык бекіген максаты болады, айнымайтын бір идея меншіктейді... Қазақ төнкерісінің нәтижелерін казактың мойнына камытша кигізе салуға болмайды...» – деп жазды ол.

Мамырдың 1-і. М.Жұмабаев «Бірінші май мейрамы» деген мақала жазып, «Бостандық туы» газетінің 4-санына бастырды.

Мамырдың 5-і. Акмола губревкомының төрағасы Ә.Әйтиев Омбыға жеделхат соғып: «...Мағжан Жұмабаевты баспа жабдықтарымен Петропавлға шакыртып алды. «Бостандық туы» газетінің 4-санында Мағжанның «Жазылашак оқу құралдары һәм мектебіміз» деген макаласы басылды. 1921 – 1926 жж. Мағжан республика көлемінде мектептердің жұмысын жолға коюға атсалысады.

1922 ж.

Мамырдың 5-і. Мағжан Жұмабаев аштыкпен күрес жөніндегі Акмола губерниялык (Петропавл) төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Маусымның 9-ы. Помгол төрағасының орынбасары М.Жұмабаев губерниялык әскери комиссар Приморскийге хат жазып, жетім калған казактың 100 баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын камкорлыкка алуды сұрайды.

Маусымның 11-і. Акмола губерниялык «Мир труда» газетінде Мағжанның «Сарыаркадағы аштық» деген макаласы (орыс тілінде) жарык көрді.

Шілденің 1-і. Мағжан Көкшетау уезіне іссапарға аттанып кетеді.

Шілденің 14-і. Мағжан Көкшетау уездік аткару комитетінің мәжілісін өткізіп, аштарға көмек көрсету шараларын ұйымдастырады.

Тамыздың 9-ы. «Мир труда» газетінің 9-тамыздағы санында Акмола губерниялык аткару комитетінің төрағасы Сабыр Шәріповтің «Қазақ болыстарындағы Кеңес сайлауы карсаңында» деген макаласы «Рибас» деген бүркеншік атпен басылып шыкты. Онда М.Жұмабаевка Алашорда

мүшесі, жау деген айып тағылды.

Тамыздың 20-сы. Мағжан Көкшетаудан оралып, іссапар қорытындысы бойынша есеп-баяндама дайындап, губаткомға тапсырады.

Қыркүйек. Мағжан Жұмабаев Қызылжардан Ташкентке Челябинск қаласы арқылы жүріп кетті. Орынборда Мағжанның «Педагогика» деген ғылыми-әдістемелік еңбегі жеке кітап болып басылып шықты. Қазан қаласында Бернияз Күлеевтің дайындауымен Мағжанның өлеңдер жинағы жарық көрді.

Ташкентке келіп, онда казак-қырғыз студенттеріне сабақ берді әрі казак-қырғыз білім комиссиясының мүшесі ретінде қыруар іс бітіреді.

1922 ж. Мағжан Бекенұлы казак поэзиясының алтын қорына қосылған «Батыр Баян» поэмасын жазып, Ташкентте шығып тұрған «Сана» журналында жариялады.

1923 ж.

Мағжан Ташкентте «Сана» журналын ұйымдастыруға белсене катысып, журналдың 1-санына «Акан сері» зерттеу макаласын ұсынды. Журналдың 2,3-сандарында «Акан сері сөздері» деген такырыппен жалғастырды.

Қаңтардың 22-сі. «Акжол» газетінде Бернияз Күлеевтің казасына байланысты «Бернияз Күлеев» деген макала жазып, бастырды. Түркістан республикасының квотасымен Мағжан Мәскеуге окуға кетеді.

Ж.Аймауытов Ташкентте студенттер алдында «Мағжанның акындығы туралы» баяндама жасады. Ташкенттегі «Шолпан» журналының 4-8 сандарында «Шолпанның күнәсі» деген ұзак әңгімесі басылды. «Шолпан» журналының 4-8-сандарында Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы басылды. «Шолпан» журналының 2-3-сандарында Мағжанның «Коркыт» поэмасы жарияланды. Ташкент каласында «Қойлыбайдың кобызы» поэмасын жазып, өлеңдер жинағына енгізді.

Қаламгердің алғашкы таңдамалы шығармалар жинағы 1923 ж. Ташкентте басылып шығады.

1923 – 1927 жж. М.Жұмабаев Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында окиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Европа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет кайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достык карым-катынаста болады.

Мәскеуде әдеби-коркем институтта оқи жүріп, сондағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабак береді.

1924 ж.

Мәскеуде «Жүсіп хан» дастанын жазды. Дастан 1925 жылы «Еңбекші казактың» 395-396-сандарында «Шын ертегі» деген атпен басылды, 1928 ж. жеке кітап болып Мәскеуде «Жүсіп хан» деген атпен шыкты.

Маусымның 16-сы. Жүсіпбек Аймауытов пен Молдағали Жолдыбаев Мағжанға Орынбордан хат жазды: «...Сен – акынсын. Күніміз

де, көз алдымызда ұстайтын казак әдебиетінің «көгіне өрмелеп шығып, Күн болатын» үміткер акын сенсің... Сары уайымшыл болса да, бүгінде Байронды төнкеріс акыны деп санап отыр. Төнкерісшіл болмаған акынның өркені өспейді. Өркеніннің өсуіне тілектес болгандыктан да, дос-жаранның сөз айтып, көңілдегі мүддемізді шығарып отырмыз...».

Қарашаның 24-і. Нәзір Төрекұлов Мәскеуде Күншығыс халыктарының Коммунистік университетінде окитын казак жастарының «Жерлестік» ұйымын жинап, Мағжан шығармашылығын талкылатты, негізгі баяндаманы өзі жасады. Түркістанның баспасөз таратушы мекемесі этнограф-ғалым Әбубәкір Дибаев жинаған казак әдебиетінің үлгілерін «Тарту» деген атпен кітап етіп шығарды. Осы жинакка М.Жұмабаев «Әбубәкір аксакал Дибаев» деген такырыппен алғысөз жазды.

Желтоксанның 3-і. Алматы облыстык «Тілші» газетінде Мағжанның Мәскеуден жолданған «Сәлем хат» деген өлеңі басылды.

«Сәлем сөзім алыстағы еліме,
Алыстағы ак селеулі беліме.
Айдан да анык сендерді іздеп
кайтуым.
Күнім бітіп, кіргенімше көріме...
Кайтуым хак, белді будым
тас кылып,
«Кет!» деме, елім, енді мені
баска ұрып.
Дейтін болсан: «Кой жырынды,
жырауым!»
Кобызымды киратармын
таска ұрып.
Сөзім осы алыстағы еліме,
Алыстағы ак селеулі беліме,
Жатсың демей, өзімсің деп
баурына ал,
Колың беріп, мендей
саяк серіне...».

Желтоксанның 19-ы. «Еңбекші казак» газетінде Мағжанның осы өленіне жауап ретінде С.Мұкановтың «Сәлемге сәлем» деген ұзак өлені басылды.

1925 ж.

Наурыздың 21-і. Петропавлға, губерниялык Лито баскармасына құпия хат келді. Онда: «М.Жұмабаевтың 1923 ж. Ташкентте шыккан өлеңдер жинағын каттап, жинап алу, ерекше нұскауға дейін таратпау» кажеттігі айтылған.

Қаңтардың 24-і. «Еңбекші казак» газетінде «Мағжан кітабы туралы» деген такырыппен акын шығармашылығының Мәскеудегі казак жастары ортасында талкыланғаны туралы макала басылды.

Наурыздың 2-сі. Ресей Коммунистік партиясы орталык комитетінің секретариаты «Казак баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралары туралы» арнайы каулы кабылдады. Қаулыда сол кездегі мерзімді казак баспасөзіндегі ұлтшылдык көріністері атап көрсетіліп, «Ұлтшылдармен, алашордашылармен күрес шаралары» белгіленді. Кешікпей Шығыс баспа орталығында жұмыс істейтін Мағжан Жұмабаев кызметінен босатылды.

1926ж.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі жарық көрді. Кітапқа өлең сөздің теориясын түсіндіруге мысал ретінде Мағжанның 14 өлеңі кейбірі толық, кейбірі үзінді күйінде берілді. Ахмет Байтұрсыновтың «Сауат ашқыш (Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби)» оқулығы Семейдің губерниялық баспасынан 7400 дана болып басылып шықты. Оқулыққа Мағжанның «Түн еді» деген өлеңі енгізілді.

1927 ж.

Қаңтардың 15-16-сы. «Еңбекші қазақ» газетінде Смағұл Сәдуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» деген мақаласы жарық көрді. Ол: «Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын...», – деп жазды. Қыркүйек айында Смағұл Сәдуақасов Мәскеудегі «Огонек» баспасына дайындаған «Молодой Казахстан» деген жинаққа алғысөз жазды. «... Ал М.Жұмабаевка келсек, ол бір кезде қазақ жастарының ең сүйікті ақыны болды. Мағжан қазақ тіліне Лениннің бірнеше том шығармаларын аударған. Коммунист ақындардың ішінен ең атақтылары Сәкен, Мұқанов және көп үміт күттіретін талантты Жансүгіров. Өлеңінің формасы жөнінен Сәкен Жұмабаевтан әлдекайда әлсіз...»

Тамыздың 19-ы. М. Жұмабаевтың «Токсанның тобы» деген өлеңі «Еңбекші қазақта» басылды.

«...Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай жүзді жоқтадым,
Токсанға енді токтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап...».

«Лениншіл жас» журналында Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» деген баяндамасының мәтіні басылды. «...Мағжанның ақындығын сынауға білімімізі, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз: толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін тарылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек». «...Күшті ақын. ...нәзік сезімнің, тәтті киялдың ақыны, ол – кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны». Қызылорда қаласындағы ҚазССР-дің мемлекеттік баспасынан А.Байтұрсынов пен Т.Шонанұлының «Оқу құралы» хрестоматиясы (көлемі 26 баспа табақ, 5000 дана) басылып шықты. Оқулыққа Мағжан Жұмабаевтың «Жазғы түнде», «Орман патшасы» (Шиллер-Жуковскийден), «Дін үйреткенге», «Орамал», «Толқын», «Жазғытұрым» деген өлеңдері енгізілді.

Москвадан Қызылжарға қайтып келген Мағжан әуелі Бурабайдағы орман шаруашылығы техникумында орыс тілі мен әдебиетінен ұстаздық етеді.

1929 ж.

Маусымның 18-і. Ахмет Байтұрсынов түрмеде тергеушіге берген

жауабында былай дейді: «...Жұмабаев пен Бөкейханов 1924 ж. күзде Мәскеуде маған... жаткан жеріме келді ме, әлде өлкетанушылар съезінің мәжілісінде кездестік пе, әйтеуір, бір жүздескеніміз анық. Мұхтар Әуезов: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. ...Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жаркырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара кордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезінгендей боламын...». «Мағжан – культурасы зор ақын. ...бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалатын сөз – Мағжанның сөзі».

Шілденің 6-сы. Мағжан саяси сенімсіз адам ретінде күдікпен ұсталып, тұтқынға алынды. «Алқа» ұйымын ұйымдастырды деген айып тағылды.

1930 ж.

Сәуірдің 4-і. ОГПУ-дің ерекше қаулысы бойынша Мағжан Жұмабаев ату жазасына кесілді.

Мамырдың 30-ы. Ату жазасы онжылдық бас еркінен айыру шарасымен алмастырылды.

1931 ж.

Айдауда жүргенде «Ботамды кордім түсімде» деген өлең шығарады.

1934 ж.

Екатерина Пешкованың өтініші бойынша КСРО Орталық атқару комитеті Төралқасының 1934 жылғы 14 мамырдағы қаулысына сәйкес, М.Жұмабаевтың жазасын өтеу мерзімі жеті жылға дейін қысқартылды.

1936 ж.

Маусымның 2-сі. Мағжан Жұмабаев түрмеден босап, Қызылжарға келді. Айдаудан келген Мағжан алдымен жаздыгүнгі облыстық мұғалімдер курсында орыс әдебиетінен дәріс оқиды. Содан кейін Қызылжардағы №5 А.С. Пушкин атындағы орталау мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Бұл оның ең соңғы педагогтік қызметі еді.

Қазанның 27-сі. С.Мұқанов Мағжанның Петропавлдан жолдаған хатына жауап жазды: «Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым ғой: егер де өзініз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етемін десеңіз, жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз, жазуыңызды бетке қақпаймыз. Совет платформасында отырып жазған сөзінізді басамыз. Мұнда келем десеңіз, Сізді бетке қағатын ешкім жоқ...».

Қыркүйектің 27-сі. М.Жұмабаев Петропавлдан Алматыға, Қазақстан Жазушылар одағына (төрағасы С.Мұқанов) хат жазады: «Өзімнің кінәма лайық жазамды өтедім. Еңбектің қара казанында қайнап, адасулар мен арам ойлардан мәңгілікке арылдым. Мен бұрынғы ойларымнан арылып, бай мен ұлтшылдардың

жолынан бас тарттым және жаңа жолға, еңбекшілер жолына бет бұрдым. Мен қалған өмірімді берік ниетім мен үмітімді дәлелдеу үшін социалистік құрылыста еңбек етуге бел будым. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жоқ. Еңбекші табы әдебиетінің жетекшісі – Жазушылар одағы баяндамасынан менің өткен кезеңдегі адасушылығымды қатал сынға ала отырып, сыртқа теппей, өзіне тартып, Жазушылар одағына мүшелікке қабылдап, жетекшілік етуін, көмек беруін сұраймын».

Мағжан Жұмабаев.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі №19 үй.

1937 ж.

Наурыздың 18-і. Мағжан Қызылжардан Алматыға жүріп кетті.

Наурыз-желтоқсан. Алматыда музейде, мектепте, колхоздағы дәрігерлік пунктте жұмыс істеді. Баспадан кітап алып, аударып, қаламақы таппақ болды. «Жамбылға» деген ұзақ өлеңін жазады. «Қаламыма» (Л.И.Мирзоянға арналған) өлеңі жарық көрді.

Желтоқсанның 30-ы. Мағжан Жұмабаев тұтқындалды. Бұл жолы оған сонау Қиыр Шығыстағы Жапонияның шпионы деген жалған жала жабылды.

1938 ж.

Мағжан Жұмабаев атылды.

1964 ж.

Сыншы, профессор Есмағамбет Ысмайылов башқұрт жазушысы Сайфи Құдашты Мағжан Жұмабаев деген қазақ ақынының шығармашылық мұрасымен таныстырады.

1968 ж.

Қараша. Алматыда, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жиналыс болып, оған қатысушылар республиканың тиісті орындарына М.Жұмабаевтың екі томдық шығармалар жинағын бастырып шығару туралы ұсыныс жасамақ болады.

1969 ж.

Башқұрт жазушысы Сайфи Құдаш Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа, Қазақстан Жазушылар одағының басқармасына «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы» хат жазды.

1988 ж.

Желтоқсанның 28-і. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бюросы М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру туралы қаулы қабылдады. Тиісті орындарға бұл қайраткерлердің еңбектерін басып шығару туралы нұсқау берілді.

1989 ж.

Алматыда, «Жазушы» баспасында «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөз-

дер» деген кітап басылды. Көлемі – 448 бет. Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. Алғы сөзін Әбділда Тәжібаев жазды.

1993 ж.

Акын Хамза Абдуллин мен Қайыржан Хасенов «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» деген кітап құрастырып бастырды.

Тамыз. Петропавлдағы гуманитарлық колледжге ұстаздар мен студенттердің және қоғамдық ұйымдардың ұсынысымен Мағжан Жұмабаевтың есімі берілді. Акын 1920 жылы осы білім ордасында сабақ берген.

Тамыздың 13-і. Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойы туған жері – Солтүстік Қазақстан облысында кең көлемде аталып өтті. Республикалық акындар айтысы ұйымдастырылды. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің алдындағы аланға акынның есімі беріліп, ескерткіші орнатылды. Ескерткіштің авторы белгілі мүсінші М.Ө.Әйнеков.

Акынның туған ауылы Сарытомарда мемориалдық мұражайы ашылды.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының желісімен «Батыр Баян» көркем фильмі түсірілді. Режиссері Сламбек Тәуекел. Сценарийін белгілі жазушы Смағұл Елубай жазған. Фильмде Қазақ хандығының 200 жыл бойғы жоңғарларға карсы соғысы және махаббат окиғасы суреттеледі.

2000 ж.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаев ауданына Мағжан Жұмабаевтың есімі берілді. Акынның туған ауылы осы ауданға карайды. Аудан Ресей федерациясының Омбы және Түмен облыстарымен, Солтүстік Қазақстан облысының Акжар және Қызылжар, Тайынша аудандарымен шекараласады. Жер аумағы 7.6 мың шаршы километр.

2002 ж.

«Жазушы» баспасынан Мағжан Жұмабаев шығармалары үш томдығының бірінші кітабы жарық көрді. Кітапқа акынның өлеңдері мен дастандары, әңгімелері енген. Олар Мағжанның көзі тірісінде жарық көрген жинактары мен кейінгі жылдары шыккан басылымдары негізінде салыстырылып, өзгеріске ұшырағандары, қысқарып қалған тұстары қалпына келтірілді. Алғы сөзін жазып, жалпы редакциясын баскарған профессор, филология ғылымдарының докторы Шериаздан Елеукенов.

2003 жыл.

Мағжан Жұмабаев шығармалары үш томдығының екінші және үшінші томдары жарық көрді. Екінші томына өлеңдері мен дастандарынан бөлек поэзиялық аударма туындылары, үшінші кітапқа Мағжан Жұмабаевтың аудармалары мен «Педагогика» атты ғылыми еңбегі, макалалары енген.

26-28 маусым. Петропавлда және Мағжан Жұмабаев ауданында акынның туғанына 110 жыл то-

луына орай салтанатты шаралар өтті. Аймақтық ақындар айтысы мен мүшайра, аламан бәйге ұйымдастырылды. «Мағжан жұлдызы» атты театрландырылған қойылым көрсетілді. Петропавлдағы Первомайская көшесіндегі Мағжан Жұмабаев жас кезінде тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды.

2007 ж.

Қантар. «Мағжан» әдеби-көркем қоғамдық-саяси журналы жарыққа шыға бастады. Басылым еліміздің түкпір-түкпіріне тарайды. Үш айда бір шығатын журналдың бас редакторы журналист, жазушы Жарасбай Сүлеймен ов.

2008 ж.

Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойы қарсаңында Николай Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театрының әртістері «Мағжанның соты» спектаклін сахналады. Қойылымға Алаштың ардакты ұлы, ақын, аудармашы Мағжан Жұмабаевтың қиын тағдыры арқау болған.

Маусымның 19-ы. Сәбит Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ сазды-драма театры Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы желісімен қойған «Батыр Баян» спектаклінің премьерасы өтті. Пьеса авторы – белгілі ақын, драматург Баянғали Әлімжанов.

Маусымның 20-сы. Мағжан Жұмабаевтың ата-аналары Бекен мен Гүлсімнің ескерусіз қалған зираттарына құлпытас орнатылды. Әкесінің зираты Петропавлдағы орталық саябақтың ішінде, ал анасы Мағжан Жұмабаев ауданының Байшілік ауылында жерленген.

Маусымның 21-і. Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдық мерейтойына орай ақынның туған ауылы – Сарытомарда дүбірлі той өтті. Киіз үйлер тігіліп, бәйге, күрес ұйымдастырылды.

Маусымның 25-і. Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданында «Мағжан жұлдызы» атты аудандық газет жарыққа шыға бастады. Бұған дейін ауданда қазақ тілінде жарық көретін жеке мерзімдік басылым болмаған. Қазақша мақалалар аудандық «Вести» газетінде басылып келген. Газеттің бірінші саны 1000 данамен жарық көрді.

Петропавлда Мағжан Жұмабаевтың халық жүрегінен мәңгілік орын алған шығармалары екі кітап болып басылып шықты. Біріншісі «Туған жер» деген атаумен жарық көріп, ішіне ақынның өлендері топтастырылды. Ал екінші кітапқа «Батыр Баян» поэмасы енді.

2011 ж.

Петропавл қаласында ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын насихаттау мақсатында «Бір ауыз сөзім сағап, қазақ елі!» атты бірінші республикалық фестиваль өтті. Кейін ол «Мағжан көктемі» аталды.

2012 ж.

Тамыздың 30-ы. Петропавл қаласындағы темір жол вокзалының алдындағы алаңға Мағжан Жұмабаевтың енселі ескерткіші орнатылды. Ескерткіштің биіктігі 5 метр 30 сантиметр. Авторы белгілі мүсінші Қазбек Сатыбалдин.

2013 ж.

Маусымның 26-сы. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Мағжан» деректі кинотуындысы көрерменге жол тартты. Петропавлдағы «Қазақстан» кинотеатрында көрсетілген фильмді Алматыдағы «Тұран-фильм» киностудиясы түсірген. Сценарий авторы әрі режиссері Марат Қоныров.

2013 ж.

Татарстанның Қазан қаласында Мағжан Жұмабаевтың «Жан сөзі» өлеңдер жинағы татар тілінде басылып шықты. Өлеңдерді татар тіліне Нури Арсланов, Мөдәррис Әгләм, Флера Тарханова, Рәдиф Гаташ сында белгілі ақындар аударған. Таралымы – 1000 дана.

2017 ж.

Қазанның 13-і. Түркістанда Мағжан Жұмабаевтың ескерткіші ашылды. Ескерткіш ақынның атымен аталатын №15 мектеп-гимназияның алдында бой көтерді. Ескерткішті жасауға «Оңтүстік Жарық» коммуналдық мекемесінің президенті Нәби Айтжанов демеушілік етті, ал мүсіннің авторы Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, профессор Азат Баярлин.

2018 ж.

Ақпанның 16-20-і. 2018 жыл – түркі әлемінде «Мағжан Жұмабаев жылы» деп жарияланып, «ТҮРКІСОЙ» халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен Түркияның Кастамону және Анкара қалаларында салтанатты шаралар өтті. Түркия астанасындағы Мағжан Жұмабаевтың ескерткіші жаңартылды.

Мамырдың 11-і. Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында Мағжан Жұмабаевтың өзбек тіліне аударылған өлеңдерінің жинағы шықты. Кітап Халықаралық Түркі академиясы өткізген ғылыми конференцияда таныстырылды. Ақынның шығармаларын өзбек жазушысы Мұзафар Ахмад аударған.

М.Б. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР МЕН МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР

Қазақ тілінде

Абдрахманова С. **«Азаматшыл ақын арыны».** «Орталық Қазақстан». 31 желтоқсан 2008.

Абдуллин Х. **«Мағжан – жыр жұлдызы».** «Қазақ әдебиеті». 26 наурыз 1993.

Абдуллин Х. **«Сұм өмір абақты ғой саналыға...».** «Қазақ әдебиеті». 13 тамыз 1993, №33.

Абикеева М. **«Қазақ ағартушыларының ой-пікірлерінен».** «Қазақстан мектебі». 2010. №10.

Айқап: энциклопедия. (құраст. Ү. Сұбханбердина). – А. «Қазақ энциклопедиясы», 1995.

Аймауытов Ж. **«Мағжанның ақындығы туралы».** «Лениншіл жас». 1923, №5.

Акниязова Н. **«Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы».** «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». 2010. №9.

Актаев С. **«Мағжан мен Хамза: «Қос қыран, кос құрбан».** «Ақиқат». 2009. №4

Алаш ақиықтары: мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – А. «Алаш», 2006.

«Алаш косемсозі: 10 томдық. «Шолпан» журналы». – А. «Өнер». 2010.

«Алаш қозғалысы». Құжаттар мен материалдар жинағы. – А., «Алаш». 2004.

«Алаш-таным». Ғылыми мақалалар жинағы. – Семей, 2012.

«Алаштану мәселелері». Сериялық ғылыми жинақ. – Семей. 2010.

«Алаштың тілдік мұрасы: электронды қолжазба». – А. «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы. 2009.

Алкебаева Д. **«Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім...».** «Ана тілі». 17 казан 2013.

Алкенқызы С. **Мағжанның «Түркістаны»: Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс.** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2010. №3.

Алпысбаев Қ. **«Қазақ адебиеті».** – Күйтің. ҚХР. 2002.

Амангелді Ә. **«Мағжанды жазып, жазықты болып едік».** «Жас Алаш». 20 қыркүйек 2011.

Ахмет К. **«Сәбит Мұқанов – Алаш әдебиетін зерттеуші».** – А., 2009.

Ахметов Қ. **«Мағжанның махаббаты немесе ақынның жарияланбаған жырлары туралы бір дерек».** «Егемен Қазақстан». 31 казан 2001.

Әбдешев Б. **«Ұлттық тәрбие бастауы».** «Ақиқат». 2007. №4.

Әбдікалық К. **«Өліміне айғақ жоқ...».** «Қазақ әдебиеті». 15-21 наурыз 2013.

Әбдіманұлы Ө. **«Мағжан дастандарындағы азаттшыл сарын».** «Жалын». 2005. №8.

Әбілова Ж. **«Мағжан өлендерінде колданылатын эпифораның ерекшеліктері».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2009. №12.

Әлиева Б. **«Армысың, азаттығым, қыран канат».** «Алтын тамыр». 2010. №1.

Әуезов М. **«Ұлттық поэзия падишасы».** – А., 2001.

Бағыбаева М. **«Жұмабаев және ұлт тәрбиесі».** «Бала тәрбиесі». 2004. №6.

Бағыбаева М. **«Жұмабаев және ұлттық тәлім-тәрбие».** «Ұлағат». 2004. №5.

Базарбаев М. **«Көрікті ойдан – көркемсөз».** Зерттеулер мен мақалалар. – А., 1994.

Базарбаев М. **«Замана тудырған әдебиет».** – А., 2005.

Базарова Г.Т. **«М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы».** «Әдебиет Қазақстан мектебінде». 2010. №6.

Байменова Б.С. **«Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы».** – Астана. 2002.

Байтұрсынов А. **«Шығармалары».** – А., «Жазушы». 1989.

Бейіскұл Т. **«Бас асаулық».** «Жұлдыз». 2006. №2.

Бейсенова М. **«Түркі дүниесі: Мағжан және Фейзуллах-бей».** «Ұлағат». 2008. №2.

Бердібай Р. **«Жыр аркауы – Түркістан».** «Қазақ». 26 қыркүйек – 3 қазан 2008.

Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар (құраст. Д. Әшімханов). – А., «Жалын». 1992.

Бітібаева Қ. **«Мағжан Жұмабаев».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1993. №8.

Бокаева А. **М.Жұмабаев поэзиясындағы образ эволюциясы және симметрия проблемасы.** – А., 2009.

Бораш Б. **«М.Жұмабаев поэзиясындағы хандар бейнесі: рухани қазына».** «Ақиқат». 2010. №9.

Борбасова А. **«Мағжан рухымен тілдесу».** «Қазақстан мектебі». 2010. №10.

Бөкейханов Ә. **Шығармалары** (құраст. М.Қойгелдиев) – А., «Қазақстан». 1994.

Бөкейхан Ә. **Таңдамалы-Избранное** (құраст. С.А.Жүсіп) – А., «Қазақ энциклопедиясы». 1995.

Бөкейхан Ә. **Шығармалар жинағы. 15 том** (құраст. С.Аккұлы). А., «Алаш орда». 2017.

Бөрібаева Қ. **«Көкірегі толған жыр маржан».** «Арқалық хабары». 9 қазан 2009.

Бүйенбай З. **«Мағжан ақынның манифесі».** «Қазақ әдебиеті». 11 наурыз 2011. №10.

Дарыбаева Н. **«Мағжанның «Түркістан» өлеңі: Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2010. №6.

Дәрімбетов Б. **«Жүрегі таза, ойы азат.** – А., «Жалын». 1989. №2.

Дәрімбетов Б. **«Мағжан және Алаш қозғалысы».** «Қазақ тарихы». 1999. № 6.

Дәулетхан Ә. **«Мағжан және қазақ поэзиясы».** «Жұлдыз». 1994. №5-6.

Досжанов Д. **«Абақты».** – А., 1992.

Досжанов Д. **«Мағжан Жұмабаев немесе ажалына асыққан адам».** «Жалын». 1991. №5.

Доспанбетов Ұ. **«Әдебиет тарихының бір жақ қабырғасындай». Жұлдыз.** 2009. №5.

Дөкенова Н. **«Батыр Баян» поэмасын оқыту».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1997. №1-2.

Дөкенова Н. **«Мағжан Жұмабаев шығармашылығын мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері».** – А., 2006.

Дөкенова Н. **Мағжанның дүниетанымдық көзқарасы.** «Қазақ тілі

мен әдебиеті». 1996. №5-6.
Дулатов М. **Шығармалары.** – А., «Жазушы». 1991.
Елеукенов Ш. **«Мағжанның мақсаты ел бүтіндігін, бірлігін сақтау болатын».** «Жұлдыздар отбасы: Аныз адам». 2012. №1(37).
Елеукенов Ш. **«Мағжан».** – А., 1995.
Елеукенов Ш. **«Абай және Мағжан».** –А., «Жұлдыз». 1993. №2.
Елеукенов Ш. **«Жана жолдан».** Әдеби портреттер, зерттеулер. – А., 1989.
Елеукенов Ш. **«Мағжан Жұмабаев»,** – А., 1990.
Елеукенов Ш. **«Мағжан мен Мұхтар».** «Жұлдыз». 1997. №10.
Елеукенов Ш. **«Мағжан шығармаларындағы психологизм».** «Жұлдыз». 1994, №10-12.
Елеукенов Ш. **«Мағжан: өмірі мен шығармагерлігі».** – А., 1995.
Елеукенов Ш. **«Мағжан».** «Қазақ». 2006. №6 (271).
Елеукенов Ш. **«Мағжан. Өмірі мен шығармашылығы».** Оқу құралы. – Астана. 2008.
Елеукенов Ш. **«Мағжанның ақырғы сотталуы».** «Жұлдыз». 1991. №8.
Елеукина Р. **«Ақын жырлаған ару»** (Г.Камалова жайлы). «Солтүстік Қазақстан». 6 наурыз 1998.
Ерболаткызы Н. **«Мұхтар және Мағжан шығармаларын оқытудағы байланыс».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1997. №5-6.
Ергөбек Қ. **«Түркістанда Мағжанға ескерткіш керек».** «Түркістан». 24 наурыз 2011.
Ергөбек Қ. **«Арыстар мен ағыстар. Шеберлік шеберханасы».** – Астана. 2004.
Ергөбек Қ. **«Жазушы шеберханасында»** (Сәбит Мұқанов). – А., 2002.
Ерман Ж. **«Мағжанның Түркиясы».** «Қазақ әдебиеті». 9 шілде 1993.
Ермекова Ж.Б. **«Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы»:** филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – А., 2010.
Есали А. **«Кінәратсыз күнә».** «Егемен Қазақстан». 2006. №7.
Есілханқызы Б. **«Мағжанның «Сағындым» өлеңі: Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2010. №7.
Еспенбетов А. **«Жырласаң ед шомылып көз жасыңа...».** «Жұлдыз». 1993. №8.
Жандыбаев Ғ. **«Ақын жазса әңгіме».** «Қазақ әдебиеті». 28 маусым – 4 шілде 2013.
Жанұзакова Қ. **«Ақын көңілінің көкжиегі».** «Жалын». 2010. №10.
Жетпісбайқызы К. **«Мағжан поэмаларындағы батырлар бейнесін оқыту».** «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». 2009. №12.
Жолдасова Т. **«Мағжан лирикасындағы ақынның өз бейнесі».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2009. №3.
Жұмабаев М. **«Адассам елім деп адастым».** Өлеңдер. «Я солнцем огненным рожден». Стихи (қазақша. орысша). – А., 2011.
Жұмабаев М. **«Батыр Баян»** (Құраст.: К.Оспанов). – Петропавл. 2008.
Жұмабаев М. **«Батыр Баян».** Өлеңдер. поэмалар. – Астана. 1998.

Жұмабаев М. **«Ертегі».** Үш томдық шығармалар жинағы. – А., 2003.
Жұмабаев М. **«Жан сөзі».** Өлеңдер мен дастандар. – А., 2005.
Жұмабаев М. **«Қазақтың көңіл күйі, өлең».** «Үзік» жинағы. – Орал, 1912.
Жұмабаев М. **«Педагогика. Баланы тәрбия қылу жолдары».** – А., 1992.
Жұмабаев М. **«Педагогика».** – Үрімжі. Шыңжаң халық баспасы, 2000.
Жұмабаев М. **«Сарыарқаны сағындым».** Шығармалары. – Петропавл, 1993.
Жұмабаев М. **«Туған жер».** Өлеңдер. – Петропавл, 2008.
Жұмабаев М. **«Шолпан».** Өлеңдер жинағы. – Казан, 1912.
Жұмабаев М. **«Батыр Баян».** Өлеңдер. Поэмалар. (Құраст. Ерік Аскаров). – Астана, 1998.
Жұмабаев М. **Көптомдық шығармалар жинағы:** Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – А., 2003.
Жұмабаев М. **Өлеңдер, дастандар, әңгіме.** – А., 2009.
Жұмабаев М. **Өлеңдері.** – Қызылорда, 1922.
Жұмабаев М. **Өлеңдері.** – Ташкент, 1923.
Жұмабаев М. **Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер** (Құраст.: Ж.Сүлейменов). – Петропавл, 2006.
Жұмабаев М. **«Өнер-білім қайтсе табылар».** «Ақиқат». 2009, №10.
Жұмабаев М. **«Педагогика».** – А. 1990.
Жұмабаев М. **«Сарыарқаны сағындым». Шығармалары.** (Құраст. Мүтәллап Қанғожин). – Петропавл. 1993.
Жұмабаев М. **«Сүй, жан сәулем»:** Өлеңдер мен поэмалар. – А. 2002.
Жұмабаев М. **Таңдамалы.** – А., 1992.
Жұмабаев М. **«Туған жер».** Өлеңдер мен дастандар жинағы. (Құраст. К.Оспанов). – Петропавл. 2008.
Жұмабаев М. **Шығармалары.** 3 томдық. – А., «Білім». 1995.
Жұмабаев М. **Шығармалар жинағы.** – А., «Өлке». 2013.
Жұмабаев М. **Шығармалары:** Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – А., 1989.
Жұмабаева Р. **«Ақынның жақын туыстары».** «Қазақ әдебиеті», 13 тамыз 1993.
Жұмабек С. **«Мағжан музасы – мәңгі махаббат мұхиты».** – Астана, 2001.
Жұмат Ж. **«Ұлттың азалы ғасыры».** «Егемен Қазақстан», 29 мамыр 2012.
Жұртбай Т. **«Жапон тыншысы» деген жала қайдан шықты?»,** «Қазақ әдебиеті», 2009, №22-23.
Жұртбай Т. **«Мағжанның рухы өлген жоқ».** «Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам». 2012, №1(37).
Жүнісов С. **«Мағжанның поэмалары».** «Қазақ әдебиеті», 13 сәуір 1990.
«Жыр маржаны». Он томдық қазақ поэзиясының антологиясы (құраст.: Мереке Құлкенов, Гүлсім Мұқышева). – А., 2014.
«Жыр жұлдызы». Жинақ (Қазақ және орыс тілдерінде (құраст.: Қ.Мұқанов, Ғ.Қәдірәліұлы, С.Жұмабаев). – Петропавл, 2002.
Игілік С. **«Мен өлмеймін, менікі де өлмейді...»** «Жұлдыз». 2008, №8.
Ізтілеуова С. **«Мағжан үні».** «Ақиқат». 2003, №9.

Кабденова Н. **«М. Жұмабаев – ақын, ағартушы».** «XXI ғасыр мектебі». 2009, №4.

Кәкен А. **«Сәкен Сейфуллин».** – Астана: «Фолиант», 2009.

Каметова Р. **«М.Жұмабаев және А.Блок символизмі».** «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». 2016, №2.

Каримкулова А. **«Мағжан Жұмабаев. «Мен жастарға сенемін».** «Қазақ және әлем әдебиеті». 2011, №2-3.

Кәкішев Т. **«Дәуір дидары».** – А., 1985.

Кәкішев Т. **«Ескірмейді естелік».** – А.,1994.

Кәкішев Т. **Қазақ әдебиеті сынының тарихы.** – А., 1994.

Кәкішев Т. **«Сайыс».** Эссе. – А., 2001.

Кәкішев Т. **Сәбит өткелдері.** – А., 2000.

Кәкішев Т. **«Сәкен Сейфуллин (Ғұмырнамалық хикая)».** – А., 1976.

Кәкішев Т. **«Сәкен Сейфуллин».** – М., «Молодая гвардия», 1972.

Кәкішұлы Т. **«Мағжан-Сәкен»: ғылыми эссе.** – А. 1999.

Кәкішұлы Т. **«Матасқан тағдырлар».** «Парасат». 2000, №2.

Кәрімжанова Р. **«Мағжан және Қасым (Тыныстанов) шығармашылығы: жас ғалым зердесі».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2009, №6.

Кемелбаева А. **«Мағжанның прозасы».** «Қазақ әдебиеті», 2003, №1-2 (2788).

Кеменгер Қ. **«Мағжан Жұмабайұлының «Жас Мағжанға» өленінің жазылу тарихы».** «Шәкәрім». 2015, №4.

Кеменгер Қ. **«Омбыда оқыған қазақтар».** (Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер мен мақалалар). – Астана, 2007.

Кеменгерұлы Қ. **Таңдамалы** (құраст. Д.Қамзабекұлы) – Алматы: «Қазақстан», 1996.

Кеншілікұлы А. **«Мағжан және өмір».** «Абай». 2011, №1.

Көкшеұлы С. **«Мағжан мұражайы: мәдени мұра».** «Ақикат». 2009, №1.

Күмісбаев Ө. **«Әбу Фирас және Мағжан Жұмабаев».** «Түркістан», 16 ақпан 2012.

Күмісбаев Ө. **«Мағжан – қазақтың Пушкині».** «Жұлдыздар отбасы: Аныз адам». 2012, №1(37).

Күмісбаев Ө. **«Мағжан және әлем әдебиеті».** «Қазақ әдебиеті», 1993, №33.

Күмісбаев Ө. **«Мағжан Жұмабаев және араб поэзиясы».** «Қазақ әдебиеті», 2008, №14.

Қаби Н. **«Мағжанның жұмбақ өлімі».** «Қазақүні». 11 ақпан 2014.

Қабышұлы Ғ. **«Маганның жары».** «Қазақ». 15 шілде 2011.

Қажыбаев Т. **«Мағжан ақынның соңғы сөзі».** «Әдебиет айдыны». 16 қазан 2008.

«Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы». Көптомдық: Ұлы Түркістан (М.Қ. Қойгелдиев). – Астана, 2008.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. (Бас редакторы Ә. Нысанбаев). – А., 2002.

Қазмағамбетова З. **«Мағжанның бір қыры».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1995, №5.

Қайырбеков Ғ. **«Мағжан туралы ой».** «Қазақ әдебиеті», 1993, №33.

Қамбарова Б. **«Мен жастарға сенемін!»** «Бала тәрбиесі». 2012,

№10.
Қамзабекұлы Д. **Руханият.** Алматы: «Білім». 1997.
Қамзабекұлы Д. **«Алқа» – Алаш жазушыларының ұйымы.** «Жұлдыз». 1998. №2.
Қамзабекұлы Д. **«Алаш және әдебиет».** – Астана: «Фолиант». 2002.
Қамзабекұлы Д. **«Мағжанның өлені Омбыдан табылды».** «Жұлдыздар отбасы: Аныз адам». 2012. №1(37).
Қамзабекұлы Д. **«Халел, Брюсов, Мағжан».** «Парасат». 1995. №10.
Қамзабекұлы Д. **«Алаш арқауы».** Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 2017
Қанарбаева Б. **«Актандақта жанған ақын».** «Ел». 31 мамыр 2011.
Қанарбаева Б. **«Ақын мұражайын ойласақ».** «Ақиқат». 1992. №12.
Қанарбаева Б. **«Жырымен жұртын оятқан».** Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы хақында. – А.. «Ана тілі». 1998.
Қанарбаева Б. **«Мағжан символист».** – А.. 2007.
Қанарбаева Б. **«Мағжан Жұмабаевтың поэзиясындағы фольклорлық дәстүр».** – А.. 1994.
Қарамендина М. **«Алты Алашты Тұран әлемі».** «Алаш». 2009. №4.
Қаһарманұлы Ғ. **«Ұлы өмірбаянда ұсақ-түйек болмайды».** «Ана тілі». 1992. №24.
Қаһарманұлы Ғ. **«Мағжан поэзиясы жайлы».** «Жұлдыз». 1993. №6.
Қаһарманұлы Ғ. **«Мағжан».** «Жұлдыз». 1999. №8.
Қаһарманұлы Ғ. **«Мағжанның махаббаты».** «Қазақ әдебиеті». 4 қаңтар 1991.
Қаһарманұлы Ғ. **«Жәжеке».** Естеліктер мен деректер. – А.. 2005.
Кирабаев С. **«Әдебиет дамуының бұралаң жолы».** «Жұлдыз». 1991. №7.
Кирабаев С. **Шығармалар.** I-том. Сәкен Сейфуллин. Монография. – А.. 1991.
Койгелдиев М. **«Алаш қозғалысы».** 2 томдық монография. – А.. 2008.
Койгелдиев М. **«Алқа, табалдырық. Әдебиет табалдырығы».** «Қазақ әдебиеті». 28 мамыр 2010.
Қойшыбаев Б. **«Репрессия құрбандары туралы ақиқат пен аныз немесе Мағжан мұрдесін Магаданнан іздеу жөн бе?».** «Түркістан». 2 ақпан 2012.
Қоянбаева К. **«Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы педагогикалық идеяларын жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдалану».** – Қарағанды. 2006.
Құдаш С. **«Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы»** – Зауал. Мақалалар. естеліктер. – А.. 1991.
Мағжан әлемі. Әдеби зерттеулер (құраст. Ж. Сүлейменов). – А.. «Асыл кітап». 2009.
Мағжан. Өлеңдері. прозасы және әдеби зерттеулер (құраст. Ж. Сүлейменов). – Петропавл. 2006.
«Мағжанның жұмбақ өлімі». «Қазақ үні». 11 ақпан 2014.
Майтанов Б. **«Тарихи тақырыпқа ақындық көзқарас».** «Жұлдыз». 1991. №12.
Мауданов А. **«Батыр Баян Ноянды неге өлтірді?».** «Қостанай таңы». 14 ақпан 2006.
Махметова А. **«Мағжан Жұмабаевтың поэзиясындағы фразелогизмдер: дәстүр мен жаңашыл-**

дық». – А., 2006.
Мәшһүр-Жүсіпов Қ. **«Мағжанның шеберлігі».** «Жұлдыз». 1991, №11.
Мендеке Ә. **«Мағжанға тағзым».** «Жас Алаш», 16 тамыз 2011.
Мұкаев У. **«Арыстар жайлы және бір дерек»** (М.Дулатов, М.Жұмабаев туралы). «Жұлдыз». 1998, №2.
Мұкаев У. **«Мағжанның келіні Бибізайып».** «Жұлдыз», 2000, №1.
Мұканов Қ. **«Ақын ізі. След поэта».** – Петропавл, 2009.
Мұканов Қ. **«Өлке тұлғалары».** – Петропавл, 2008.
Мұканов Қ. **«Ұлы ағартушы».** «Жана Сарыарка». 2008, №4.
Мұканов С. **«Есею жылдары».** – А., 1964.
Мұканов С. **«Өмір мектебі».** 2-ші кітап. – А., 1993.
Мұканов С. **«Өсу жолдарымыз».** Таңдамалы шығармалар. – А., 1978.
Мұканов С. **«XX ғасырлағы Қазақ әдебиеті: ұлтшылдық, байшылдық дәуірі».** – А., 1938.
Мұсағитов М. **«Қойлыбай бақсы».** «Жұлдыз». 1995, №2.
«Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» (құраст.: Х. Абдуллин, К. Қасенов). – А., 1993.
Мүтәлиева Р. **«Мағжан Жұмабаев»: оқу құралы.** «ЭКО» ҒӨФ, 2002.
Мүтиев З. **«М.Жұмабаевтың қазақ лирикасын зерттеудегі ізденісі».** «Жұлдыз». 2010, №1.
Мырзахметұлы М. **«Түркі халықтарын рухани біріктірудің кілті – ортақ жазуда».** «Жұлдыздар отбасы: Аныз адам». 2012, №1(37).
Негимов С. **«Таным мен пайым».** – А., 2009.
Нұғыманова А. **«Елі сүйген, елін сүйген Мағжан ақын».** «Мектептегі мерекелер». 2010, №1.
Нұрғали Р. **«Әуезов және Алаш».** – А., 1997.
Нұрпейісов К. **«Алаш һәм Алашорда».** – А., 1995.
Озғанбаев Ө. **«Дәуір белестері».** – А., 1996.
Омарбеков Т. **«Голощекин тұсындағы алаш қайраткерлерінің тағдыры».** «Ақиқат». 1995, №12.
Омарова Ш. **«Мағжан Жұмабаев шығармалары».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1994, №9-10.
Оразалы Ш. **«Шежіре – асыл мұра».** – Астана, 2010.
Оразбек М. **Ақындық тұлға табиғаты** (Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт): зерттеу. – Астана, 2002.
Оспанұлы С. **«Жүргізіп ібіліс әмірін».** М.Жұмабаевтың «Туған жерім – Сасыккөл» өлеңі туралы. «Жұлдыз». 2010, №6.
Оспанұлы С. **«Міржақып пен Мағжан».** «Қостанай таңы». 17 ақпан 2006.
Пірәлиева Г. **«Мағжан Жұмабаев – әдебиеттанушы».** «Ақиқат». 2006, №7.
«Поэзия және тағдыр». Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жайында. Поэзия и судьба. О творчестве Магжана Жумабаева. – Петропавл, 1993.
Рахметова Ж. **«Сәкен мен Мағжан шығармаларындағы үндестік пен ерекшелік»:** Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс. «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2010, №3.
Сабирова Ж. **«М.Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары».** «Ұлағат». 2002, №2.
Салықбаев Б. **«Мағжанды пір тұтқан».** «Ақ Ертіс». 2009, №1.

Салыков К. **«Мағжанға тағзым».** Өлендер. Төрттағандар. Поэмалар. – Астана. 2008.

Салыков К. **«Өлең құрылымына әкелген жаңалықтары зерттелмей жатыр».** «Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам». 2012. №1(37).

Самрат Ж. **«Ақ сұлыны жеп аман қалған».** «Егемен Қазақстан». 27 мамыр 2009.

Сәдуақас Т.Қ. **«Ел мен жер».** – А., 2003.

Сәдуақасұлы С. **Үш томдық шығармалар жинағы** (құраст. Д.Қамзабекұлы). Астана: Нұра-Астана. 2013.

Сейфуллин С. **«Тар жол, тайғақ кешу»:** роман-эссе. – А., 2013.

Сенкібаев С. **«Мағжан Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында».** «Ұлт тағылымы». 2002. №2.

«Солтүстік Қазақстан облысы». Энциклопедия. – А., 2004.

Сұлтанғалиева Г. **«Мен Мағжанмен мақтанам».** «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар». 2008. №7.

Сүлейменов Ж. **«Мағжан: «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар...».** «Дала мен қала». 16 қазан 2008.

Сүлейменов Ж. **«Мағжанның Сасыкөлі».** «Қазақ әдебиеті». 2008. №25(3081).

Сүлейменов Ж. **«Сөнбейтін шырақ».** – Петропавл, 2008.

Сүтжан С. **«Алаш және түркі руханияты».** – А., 2008.

Сыдыкова Ж. **«Мағжан лирикасы – өзгеше әлем».** «Қазақстан мектебі». 2003. №6.

Тайшыбай З. **«Мағжан ақынның іздері».** «Жұлдыз». 2003. №4.

Тайшыбай З. **«Мағжанның жазығы жаңа ғасыр көкжиегінен жарқ етіп көрінуі еді».** «Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам». 2012. №1(37).

Тайшыбай З. **«Мағжанның Қызылжары».** – Астана, 2008.

Тарази Ә. **«Мағжан бір әнгімесімен-ақ прозаға жаңа жол салған».** «Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам». 2012, №1(37).

Тәжібаев Ә. **Бес томдық шығармалар жинағы.** – А. Жазушы, 1981.

Тілешов Е. **«Есте қалған ескі жыр еді».** «Алтын тамыр». 2010, №1.

Тойкен С. **«Осы бетімізбен кете берсек, тамтығымыз да қалмайды».** «Жас Алаш». 31 мамыр 2011.

Төлепберген Б. **«Мәңгі жас – Алаш идеясы»**: публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – А., 2008.

Тұрғынбекұлы С. **«Мағжан – мұнды ой ақыны».** «Ақиқат». 1993. №8.

Умарова Г.С., Шарабасов С.Ғ. **«Қазақ әдебиетінің тарихы»**: оқулық. – Астана. 2007.

Хасенұлы М. **«Ұлттық рухани өркендеу – ақын поэзиясының алтын қазығы».** «Орталық Қазақстан». 14 маусым 2003.

Хусайнова Ж. **«Мағжан Жұмабаев».** «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2009. №9.

Шалдарбекова А.Б. **«М. Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи таным мәселелері».** – А., 2008.

Шаңғытбаев Қ. **«Қазақ жырының жарық жұлдызы».** «Ақ Орда». 1993, №1.

Ыскаков Д. **«Мағжанды қапаска қамаған сын».** «Жұлдыз». 1993. №3.

Ыскақұлы Д. **«Мағжанның әдеби-танымдық эстетикасы».** «Жаңа Сарыарқа». 2004. №4.

Абатурова Р. **«Костер в ночи»**: К 100-летию М.Жумабаева. «Советы Казахстана». 1993. 19 авг.

Абдуллин Х. **«Если народ разбужу я стихами...»**: Жизнь и творчество М.Жумабаева. «Северный Казахстан». 2008. 18 янв. С.8.

Абдуллин Х. **«Магжан»**. «Музы Приишимья». 1989. август-сентябрь.

Абдуллин Х. **«Свеча в ураганной ночи»**: О творчестве каз. поэта М. Жумабаева. «Нива». 1991. №1.

Абильмажинова А. **«Донести до зрителя Магжана»**: Постановка пьесы М.Жумабаева «Батыр Баян» каз. муз. драм. театром им. С. Муканова. «Северный Казахстан». 2008. 27 июня. С.8.

Акшолаков Т. **«Поэт-пророк: Магжан Жумабаев»**. «Казахская и мировая литература». 2005. №6.

Альшанова Б. **«Самодостаточность Магжана Жумабаева»**. «Саясат-Policy». 2007. №2.

Альшанова Б. **«Социально-этические взгляды Магжана Жумабаева»**: Автореферат. – А., 2009.

Альшанова Б. **«Философия любви в творчестве М.Жумабаева»**. «Мысль». 2004. №12.

Афонин Г. **«Сага о Грехе»**: Съемки фильма «Грех Шолпан» по одноименному рассказу М. Жумабаева. «Новое поколение». 2005. 8 апреля.

Ахметов С. Ахметова Г. **«По следам Магжана Жумабаева» (к 100-летию поэта)**. «Нива». 1993.

Бакетова А. **«Праздник Магжана – яркое свидетельство народной любви»**. «Проспект СК». 2008. 27 июня.

Бактыбаева А. **«Эпиграммы М.Жумабаева»**. «Евразия». 2005. №1.

Бейсембаев М. **«Магжан и Зулейха»**. «Новое поколение». 2007. 2 ноября.

Бенюх М. **«Допущен к переводным испытаниям»** Об учебе поэта в Омской учит. семинарии в 1914 г. «Ленинское знамя». 1993. 24 июня.

Бенюх М. **«Любезным быть народу»**: О деятельности М. Жумабаева на ниве народного просвещения. «Ленинское знамя». 1993. 12 авг.

Бенюх М. **«Поле жизни»**: К 100-летию со дня рождения М.Жумабаева. Неизвестные факты из биографии поэта. «Ленинское знамя». 1993. 10 авг.

Елеукенов Ш. **«Об одной парадигме поэта-символиста»**. «Мысль». 2000. №4.

Ермуканов М. **«Окрыленный стихами»**. «Трибуна». 1993. 14 авг.

Ермуканов М. **«Своя истина»**. «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Ермуканов М. **«Торжества на земле, воспетой Магжаном»**. «Северный Казахстан». 2008. 25 июня.

Жаксылыков А. **«Многоголосие в структуре рассказа М.Жумабаева»** «Грехопадение Шолпан». «Евразия». 2003. №4.

Жалмухамед Т. **«Поэты уходят, а стихи остаются»**. «Юридическая газета». 2006. 31 мая.

Жетписбаева Б. **«Любовная лирика»** М.Жумабаева. «Евразия». 2004. №1.

Жетписбаева Б. **«Образные миры Магжана Жумабаева»**. А., 2008.

Жетписбаева Б. **«Я изнемог от темных дум...» К 110-летию со дня рождения М. Жумабаева.** «Книго-

люб». 2003. №12.

Жумабаев М. **«Грехопадение Шолпан».** Рассказ. пер. Е.Хасеновой. – Астана. 2003.

Жумабаев М. **«Исповедь»** (пер. с каз. А.Кодара. сост. К.Мусырман). – Петропавловск. 2011.

Жумабаев М. **«Пророк»** (Стихи и поэмы в пер. на рус. сост. Б. Канапьянов). – А.. 2002.

Жумабаев М. **«Свет красив – Сен сұлу».** Поэзия о любви. – А.. 2009.

Жумабаев М. **«Свеча в ураганной ночи».** (ред.-сост., автор вступ. ст. и предисл. к разделам В. Шестериков). – Петропавловск. 1993.

Жумабаев М. **«Я солнцем огненным рожден»: Стихи.** «Нива». 2003. №6.

Жумабаев М. **«Абаю»: Стихи** (пер. Л. Халифа). «Ленинское знамя». 1993. 24 июня.

Жумабаев М. **«Ахан-Сере»: Повесть.** «Простор». 2003. №3.

Жумабаев М. **«Бернияз»; Жизнь: Стихи** (пер.с каз. А.Парщикова). «Ленинская смена». 1990. 15 февраля; «Ленинское знамя». 1989. 12 апр.

Жумабаев М. **«Весной»; «Зимняя дорога»; «Красное знамя»: Стихи.** «Казахстанская правда». 1989. 5 окт.

Жумабаев М. **«Восток»; «Казахский язык»; «Слово хромого Тимура»; «Темная ураганная ночь»; «Люблю»; «Погоняй свою лошадку, Сарсембай»: Стихи** (пер. с каз. А. Кодарова) «Алем»: Лит.-худож. и обществ.-полит. альманах. – А. 1991.

Жумабаев М. **«Грех Шолпан» (из Магжановской прозы).** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Жумабаев М. **«Грех Шолпан»: Повесть** (пер. с каз. Р. Кошеновой). «Учитель Казахстана. 1991. 29 августа; «Простор». 1992. №11-12.

Жумабаев М. **«Грехопадение Шолпан»: Рассказ** (пер. Е. Хасенов). «Ай».- 1995.-№4; «Евразия». 2002. №2.

Жумабаев М. **«Жизнь»; «Сон»; «Родная земля»: Стихи** (пер. с каз. В.Шестерикова). «Звезда Приртышья». 1993. 28 авг.

Жумабаев М. **«Жизнь»; «Ураганная ночь»; «Бабочка»; «Бернияз»: Стихи** (пер. с каз. А. Парщикова). «Дружба народов». 1988. №12.

Жумабаев М. **«Зимняя дорога»; «Красный флаг»; «Весной»: Стихи.** «Горизонт». 1989. 14 янв.

Жумабаев М. **«Зимняя дорога»; «Мое желание»; «Гульсум»; «Ветер»; «Ах, березы».** «Литературное Прииртышье: Альманах». – Петропавловск. 1996.

Жумабаев М. **Избранное** (сост. С. Мансурова). – М.. 2006.

Жумабаев М. **Избранное. Стихи.** (сост. С. Мансурова). – М.. 2005.

Жумабаев М. **«Люблю»; «Зимняя дорога»; «Весной»: Стихи** (пер. с каз. А. Жовтиса). «Друг читателя». 1991. 11 июля.

Жумабаев М. **«Люблю»; «Ночь»; «Слово хромого Тимура»: Стихи.** «Простор». 1989. №9.

Жумабаев М. **«Мое желание»; «Все гуще лес...»; «Надпись на детском надгробье»: Стихи.** (пер с каз. Л. Степановой). «Ленинское знамя». 1993. 12 авг.

М.Жумабаев. **«Однажды»; «Палач»; «Свобода»; «Мотылек»;**

«Все гуще лес...»; «Жизнь»: Стихи (пер. с каз. Л. Степановой). «Простор». 1994, №6.

Жумабаев М. **«Птенец взмахнул крылом»; «Ораза»; «Волна»; «Мотылек»: Стихи.** «Новое поколение». 1994, 29 июля.

Жумабаев М. **«Стихи, проза и литературные исследования»** (сост. Ж. Сулейменов). – Петропавловск, 2006.

Жумабаев М. **Стихи.** – А., 1993.

Жумабаев М. **Стихи. Буклет.** (К 100 летию поэта. пер. на рус. сост. Бакбергенов). – А., 1993.

Жумабаев М. **«Так темна ураганная ночь»: Стихи.** «Дружба народов». 1988, № 12.

Жумабаев М. **«Такие простые истины»: Отрывки из учеб. «Педагогика».** (пер. с каз. Р.Кошеновой). «Учитель Казахстана». 1993, 23 дек.

Жумабаев М. **«Темная буревая ночь»; «Луч»; «Сон»; «Всюду...»: Стихи** (пер. с каз. А.Казанцева). «Простор». 1991, № 4.

М.Жумабаев. **«Тенгри»; «Я спешу»; «Казахский язык»; «Ты – прекрасна»: Стихи** (пер с каз. А. Ширяева). «Простор». 1993, № 6.

Жумабаев М. **«Я солнцем огненным рожден». Стихи.** Роллан Сейсенбаев. Международный клуб Абая. – Жидебай, 2011.

Жумабаева З. **«Поэт весны, добра и дружбы».** «Ленинское знамя». 1989, 1 мая.

Жумабаева Р. **«Магжан в Москве».** «Казахская и мировая литература». 2004, №6.

Жумабаева Р. **«Новое о Магжане»: Воспоминания.** «Простор». 2002, № 12.

Иванов В. **«Я был буквально очарован».** (Воспоминания ученого педагога о встречах с писателями, в том числе с Магжаном Жумабаевым). «Ленинское знамя». 12.08.1993.

Исламова Д. **«Памяти боль на все времена»: премьера спектакля «Суд Магжана» в обл. русском драм. театре СКО.** «Республика. kz». 2008, 10 июня.

Кадыров А. **«Новое о Магжане».** «Простор». 2002, №12.

Канапьянов Б. **«Великий поэт мировой культуры».** «Нива». 2003, №6.

Канапьянов Б. **«В памяти грядущих поколений».** «Central Asia Monitor". 2006, 7 апреля.

Канапьянов Б. **«Великий поэт мировой культуры»: к 115-летию М. Жумабаева.** «Провинция». 2008, №2.

Кангожин М. **«Слово мое не боится оков».** «Северный Казахстан». 2008, 20 июня.

Кангожин М. **«Глубокие корни».** «Северный Казахстан». 2006, 7 июля.

Кангожин М. **«Я живу на улице Магжана».** «Республика.kz». 2008, 17 июня.

Кангожин М. **«Чарующие звуки из сердца».** «Северный Казахстан». 2008, 4 января.

Канкенова И. **«Слово Магжана: Акция «Одна страна – одна книга». Сборник стихов «Жан сөзі».** «Казахстанская правда». 2009, 31 марта.

Кахарманов Г. **«Батыр Баян»: О фильме «Казахфильма» «Батыр Баян» по одноимен. поэме М. Жумабаева».** «Ленинское знамя».

1992. 4 авг.

Кахарманов Г. **«Потомки славного рода»: Родословная Магжана.** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Кужко Р. **«Чтобы пели соловьи»: Премьера спектакля «Суд Магжана» в Астане.** «Караван». 2008. №24.

Кусайынулы К. **«История в понимании М.Жумабаева: О жизни и творчестве М. Жумабаева».** «Простор». 2005. №11.

«Летящее пламя: Жизнь и лира Магжана Жумабаева» (ред.-сост. В. Шестериков). – Петропавловск. 2003.

Мансурова С. **«Величие и трагедия Магжана».** «Мағжан». 2008. №8.

Мануйлов А. **«Верная спутница жизни».** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Матвеева И. **«Поэт не назначается обществом...» 115 лет со дня рожд. великого акына М.Жумабаева.** «Республика. kz». 2008. 17 июня.

Махмудов Х. **«Возвращение поэта: Жумабаев М.»** «Простор». 1989. №4.

Мелехин М. **«Хранить до особого распоряжения»: Жумабаев М.** «Северный Казахстан». 2003. 25 июня.

Мелехин М. **«Магжан Жумабаев в Петропавловске»: страницы биографии.** «Панорама недели». 2003. 28 марта.

Мелёхин М. **«Магжан. Неизвестная страница биографии. Трагедия и прозрение».** – Петропавловск. 2002.

Мелехин М. **«Свидетельствуют архивы»: биографические сведения о Магжане Жумабаеве.** «Республика. kz». 2008. 17 июня.

Мелехин М. **«Собрать по крупицам... жизнь»: 115 летие М.Жумабаева.** «Северный Казахстан». 2008. 17 марта.

Мелехина Л. **«Зулейха».** «Проспект СК». 2008. 20 июня.

Мерцалов В. **«Возвращение Магжана»: 115-летие М.Жумабаева.** «Казахстанская правда». 2008. 26 июня.

«Мир Магжана». «Страна и мир». 2009. 28 сент.

Муканов К. **«Болдинская осень Магжана».** «Северный Казахстан». 2008. 14 марта.

Муканов К. **«Есть душа, что свечу в ураган найдет»: Жумабаев М.** «Северный Казахстан». 1998. 24 июня.

Муканов К. **«Волшебным ключом открывая мир».** «Северный Казахстан». 2004. 25 июня.

Муканов К. **«Магжан в Ташкенте».** «Панорама недели». 2003. 5 сентября.

Муканов К. **«По мандату долга».** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Муканов С. **«Осмыслить себя и время»: Родословная М.Жумабаева.** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Муканов К. **«Не умрет мое, не умру и я»: Жумабаев М.** «Ленинское знамя». 1993. 29 апр.

Муканов К. **«Магжан в Петропавловске».** «Нива» 2003. №8.

Муканова Г. **«Жумабаев. Аналитик социума».** «Проспект СК». 2008. 20 июня.

Муканова Г. **«Завещаю жить».** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Муканова Г. **«И целый мир заворожить»** (сборник стихов Магжана. составитель – С. Мансурова). «Северный Казахстан». 2006. 17 марта.

Муканова Г. **«Миржакип и Магжан».** «Магжан». 2008. № 2.

Муканова Г. **«Феномен Магжана».** «Северный Казахстан». 2008. 1 февраля.

Назарова О. **«Поэт у колыбели мира: Воплощение педагогических идей Магжана Жумабаева в его поэтическом наследии».** «Нива». 2005. №10.

«Не изменившая ему ни на миг». «Проспект СК». 2008. 20 июня.

«Недопетая песня Магжана»: Жумабаев М. «Добрый вечер».- 2003. 30 мая.

Омар А. **«Наследие Магжана: Одна страна – одна книга».** «Республика. kz». 2009. 17 марта.

Орлова Н.А. **«Образы в поэзии Магжана Жумабаева».** «Литература в казахстанской школе». 2009. №6.

Посвящается Магжану: первый республиканский фестиваль искусств «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған». «Северный Казахстан». 2011. 8 ноября.

Сагиндыков Б. **«Горсть с родины Магжана».** «Северный Казахстан». 2009. 27 июля.

Салыков К. **«Магжан Жумабаев на языке Пушкина».** «Северный Казахстан». 2003. 6 февраля.

«Святое имя»: 115 лет Магжану Жумабаеву. «Мегаполис». 2008. №29.

Сугирбаева М. **«Судьба Поэта».** «Страна и мир». 2008. 30 мая.

Сулейменов О. **«Неизвестное из жизни великого поэта»: Участие М. Жумабаева в помощи населению во время голода 1921-1922 гг.** «Казахстанская правда». 2012. 1 июня.

«Трагедия и прозрение» – сборник архивных материалов и воспоминаний жертв голода и политических репрессий. – Петропавловск. 2002.

Чернышова Е. **«Предан солнцу душой»: 115 летие М.Жумабаева.** «Экспресс К». 2008. 25 июня.

Шашкова Л. **«Исповедь Магжана: Ауэзхан Кодар представил новые книги».** «Казахстанская правда».- 2011. 11 окт.

Шашкова Л. **«Слово Магжана»: Пропаганда творческого наследия Магжана Жумабаева.** «Казахстанская правда». 2010. 14 сентября.

Шестериков В. **«Его называли казахским Пушкиным».** «Ленинское знамя». 1989 25 марта.

Шестериков В. **«И целый мир заворожить»: Жумабаев М.** «Ленинское знамя». 1993. 24 июня.

Шестериков В. **«И чудится мне образ Анны Керн».** «Северный Казахстан». 2008. 20 июня.

Шестериков В. **«Летящее пламя»: Жумабаев М.** «Нива». 2003. №10.

Шестериков В. **«Отвага слова и поступка»: Жумабаев М.** «Ленинское знамя». 1993. 26 авг.

Шимырбаева Г. **«Судьба поэта»: 115-летие со дня рождения М. Жумабаева.** «Казахстанская правда». 2008. 31 мая.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

АЙМАУЫТОВ Ж.
АҚБАЙ Н.
АҚСАҚАЛОВ Қ.
АҚҚҰЛҰЛЫ С.
АМАНГЕЛДІ Ә.
АМАНТАЙ Е.
АМАНЖОЛ Қ.
АРҒЫНҒАЗИН С.
ӘБДІЛДИН Ж.
ӘБСАТТАРҰЛЫ Ф.
ӘБУОВ Қ.
ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ М.
ӘКІМЖАНОВ З.
ӘКІМ Т.
ӘЛІМ Қ.
БАЛҒАШОҚОВА М.
ЕЛЕУКЕНОВ Ш.
ЕСЕНГЕЛДІ Ж.
ЖАНЫСОВА Л.
ЖҰМАБАЕВ С.
ЗІКІРИН Т.
КӘКІШҰЛЫ Т.
КӘПҰЛЫ Д.
КЕМЕҢГЕР Қ.
КӨКБАС Ж.
КӨШЕНОВА Р.
ҚАДЫРОВ Ж.
ҚАЙЫРБЕКОВ Ә.
ҚАЛИ Қ.
ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Д.
ҚИРАБАЕВ С.
ҚОЙГЕЛДІ М.
ҚОРАБАЙ С.
ҚҰСАЙЫНОВ З.
МҰҚАТОВ Н.
МҰҚАНОВА Г.
МҰҚАНОВ Қ.
НЕГИМОВ С.
НҰРҒАЛИ Р.
ОҚАШЕВА Н.
ОСПАНОВ К.
РСАЕВ Т.
САЛЫҚОВ К.
САМЫРАТ Ж.
СЕҢКІБАЕВ С.
СҮЛЕЙМЕН М.
СҮЛЕЙМЕНОВ Ж.
СЫДЫҚОВ Е.
СЫЗДЫҚОВ К.
ТАЙШЫБАЙ З.
ТАЛАСПАЕВА Ж.
ТӘНІБАЕВА З.
ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ О.
ТРУСОВ В.
ХАМИДУЛЛИН Қ.
ХАСЕНОВ С.
ШАРАПАТҰЛЫ Ш.
ЫСҚАҚОВА А.
ІСМАҚОВА А.
ЯРЕМЧУК А.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....7
Аймауытұлы Ж. Мағжанның ақындығы туралы.....11
Энциклопедияның алфавиттік бөлімі.....35
М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы шежіре.....459
М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы негізгі
әдебиеттер мен мерзімді баспасөз бетінде жарияланған материалдар.....471
Энциклопедия авторлары.....484

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
энциклопедия

Жауапты редакторы *Е. Амантай*
Көркемдеуші редакторы *Е. Бейсембин*
Техникалық редакторы *Е. Бейсембин*
Корректоры *Г. Мұқатай*
Компьютерде беттеген *Е. Бейсембин*
Компьютерде тергендер *З. Тәнібаева, З. Күлкина, А. Мүсәріпова*
Түрлі түсті фотосуреттерді түсірген *Т. Тәнібаев*

Басуға 28.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$.
Таралымы 1000 дана

«Асыл кітап» Баспа үйінің
баспаханасында басылып шықты.
Мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы 143-үй
Телефоны +7 (727) 394-41-67, +7 707 178 12 94
электронды пошта: asylkitap@mail. ru